

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне
30 жыл толуына арналған
«ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:
ТІЛ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік
онлайн-конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ

Жалпы редакциясын басқарған:

ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы,
профессор **Б. Жолдасбекова**

Ғылыми редакциясын басқарған:

филология ғылымдарының докторы, профессор **А. Салқынбай**

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **А. Ісімақова**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Г. Смағұлова**

Жауапты шығарушылар:

О. Жұбай, Т. Рамазанов

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толуына арналған «Ұлы дала құндылықтары: тіл және тәуелсіздік» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 282 б.

ISBN 978-601-7504-59-5

Жинаққа Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30 жыл толуына арналған «Ұлы дала құндылықтары: тіл және тәуелсіздік» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференцияның материалдары еніп отыр. Кітап қазақ тіл білімінің тарихы, жазу, орфография, қазақ тілінің теориялық мәселелері, алаштану, ұлттық таным, ұлттық код, қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелерін зерделеп жүрген мамандарға, филология, тарих, педагогика факультеттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналған.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2021

© Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ҰҒПО, 2021

ISBN 978-601-7504-59-5

1

ТӘУЕЛСІЗДІК, ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ, ҰЛТТЫҚ КОД

Сағындықұлы Б.

филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

Құнанбай А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушысы

ТІЛ ТАРИХЫНЫҢ АРХЕТИПТІК ҚҰРЫЛЫМЫН РЕКОНСТРУКЦИЯЛАУ БАҒЫТТАРЫ МЕН СӨЗ ТӨРКІНІН АШУДАҒЫ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Тілші ғалымдар тілді жан-жақты танып-білу үшін, оның сан алуан заңдылықтарын ашып-айқындау үшін сыннан өткен *сипаттама әдісі, тарихи-салыстырмалы әдіс, салғастырмалы әдіс, тарихи әдіс, құрылымдық әдіс, статистикалық әдіс, компонентті талдау әдісі, математикалық әдіс* сияқты сандаған амал-тәсілді іске қосады. Мұның үстіне соңғы жылдары бұлардан сипаты өзгеше, тың әрі жаңа идеяларға негізделген *лингвосиллабологиялық әдістер мен тәсілдер* пайда болды. Бұрыннан келе жатқан және жаңадан ашылған әдістер мен тәсілдерді ұтымды пайдаланғанда тіл ғылымы теңдесі жоқ жетістерге жететіні анық. *Лингвистикалық әдіс* – тіл білімінде қолданылатын зерттеулер. Кейбір еңбектерде лингвистикалық әдістерді бір сөзбен *филологиялық* немесе *гуманитарлық әдіс* деп те атаушылық бар. Қазіргі таңда тіл білімінде лингвистикалық әдістердің көпшілікке танылған, зерттеу объектісі айқындалған бірнеше түрлері бар. Олар: *сипаттама, салыстырмалы-тарихи, тарихи-салыстырмалы, құрылымдық, математикалық, математика-логикалық әдістер*.

Тіл білімінде дүние жүзіндегі тілдерді екі түрлі тұрғыдан: 1) тілдік материалдың (*түбірлер мен аффикстердің және сөздер*) бірлігі, яғни шығу тегінің бірлігі тұрғысынан, 2) шығу тегіне байланыстырылмай, құрылысы мен типінің, ең алдымен, грамматикалық құрылысының ыңғайластығы, ұқсастығы тұрғысынан топтастырылады. Топтастырудың бірінші түрі *тілдердің генеалогиялық классификациясы* делініп, екінші түрі *тілдердің типологиялық классификациясы* деп аталады. Тіл тарихында белгілі бір дыбыстық өзгерістерді, ерекшеліктерді анықтауда әр түрлі методологиялық әдіс-тәсілдер, қажетті амалдар қолданылады. Ғылыми танымдық ізденістер кезінде кереғар пікірлер де көптеп кездеседі.

Соңғы жылдары тіл бірліктерін танымдық тұрғыдан зерделеу мәселесін арқау еткен тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың қалыптаса бастауы ішкі мазмұн мен мағынаны ерекше назарға алуда. Нақты айтқанда, бұл сабақтастық гомогенді түбірлер мен түбір-негіздердің тұлғасын олардың ішкі мазмұнымен, яғни *архетұлға* мен *архесеманын* лингвогенездік негізін сипаттайтын онтологиялық қалпы мен бейнесімен біртұтастықта көрінеді. Осының негізінде қалпына келтірілетін лексикалық бірліктер тек табиғи-генеалогиялық сабақтастықты ғана көрсетіп қоймай, жалпытүркілік рухтың биіктігін, жалпытүркілік тілдік сананың беріктігін де дәлелдейді. Түркілік ұлттың мәдени болмысын, тарихи-әлеуметтік сипатын танытуға қызмет ететін жалпытүркілік танымды жаңғыртып, түркі жұрты арасындағы рухани үйлесімділік пен тарихи тұтастықты сақтаудың негізі ретінде танылады.

Ал кез келген тілдің лексикалық жүйесінің даму жолын, этимологиялық негіздерін анықтап, жаңғырту, ең алдымен, түбір құрлысын айқындап алуға сүйенеді. Бұл проблема бойынша алтаистика мен түркітануда *моносиллабтық* және *дисиллабтық* екі бағыт

қалыптасқаны белгілі. Осы орайда қазіргі түркі тілдерінің деректері негізінде морфемалық, компоненттік, семантикалық, модельдеу жүйесі, т.б. әдістер арқылы дисиллабтар мен полисиллабтардың құрамындағы алғашқы буынды бастапқы тұлға ретінде қарауға теориялық негіз бар. Соның ішінде ежелгі түбірлер мен қосымшаларды байырғы қалпына келтіруді мақсат еткен профессор Б.Сағындықұлының зерттеулері [1] реконструкцияланатын деректердің сандық көлемі мен сапасын былай қойғанда, зерттеу әдіс-тәсілдерімен де ерекшеленеді (мысалы, компоненттік әдіс барысында қолданылған математикалық әдіс). Соның нәтижесінде түркі тілдері дамуының тарихында жалғамалылыққа дейін флексиялық құрылым дәуірін бастан кешкенін дәлелдейді [2]. Әрине, ішкі флексия қалдықтарының бірбуынды түбірлер көлемінде қазіргі тілде де кейбір көріністері бар екенін көптеген ғалымдар байқаған. Мысалы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, т.б.

Профессор Б.Сағындықұлы қазақ тілі аясы мен түркі тілдері континуумындағы нақты тілдік салыстырулар мен талдаулар негізінде флексиялық құрылымның басты ерекшелігі түбірлердің *бір ғана дауысты мен бір ғана дауыссыздан* жасалған *силлабофонемалардан* тұратынын дәйектеуге тырысады. Атап айтқанда: «Бірнеше силлабофонема өзара омонимдес болғандықтан, силлабофонеманың құрамындағы дауысты да, дауыссыз да қытай тіліндегідей әртүрлі сапада айтылған. Белгілі бір дауысты дыбыстың дауыссыз дыбыстың алдында, яки соңында келуі, түсіріліп айтылуы тағы басқа комбинациялық өзгерістері ұғым, түсінікті жеткізуде шешуші роль атқарған. Қай дыбысқа қаншалықты акцент берілуін ішкі флексия реттеп отырған. Жеке-дара дауыссыз дыбыстар заттардың, нәрселердің, қимыл-қозғалыстың, күйдің, сын-сапа, қасиеттердің атауы болған. Ал дауысты дыбыстар әр түрлі семантикалық өзгерістерді, реңктерді жеткізген» [2, 157-б.], деген тұжырымға келеді. Ғалымның монографиялық зерттеуінің жалғасы ретіндегі ғылыми мақаласында автор силлабофонемаларды *түбіртек* деп атауды ұсынады да кез келген сөзде қанша дауыссыз дыбыс болса, сонша түбіртек болатынын атап көрсетеді.

Сонымен, үнемі даму үстінде болатын тілдік жүйенің өзгермелі, икемді табиғатына сәйкес оның тіл тұтынушының рухани-функционалдық арқауын құрайтын моносиллабтық құрылымының даму бағыты оның құрамындағы фонокорреляттардың өзара сәйкестік түзу мүмкіндігімен, таралым аясымен, фонеморфологиялық, фоносемантикалық, идеофондық, идеосегменттік қырларымен сипатталады. Олай болса, зерттеуші келтірген мысалдардай *i/a at<ad-as-ac<az* * az-* aj<ag<ay* сияқты гомогенді моносиллабтар тізбегінде топтасуы мүмкін. Яғни, профессор Б.Сағындықұлы «жылқы», «есім» мәнін беретін *at* моносиллабын да *it/at* етістіктерімен сабақтастыра қарастырып, *at* етістігінің қозғалысқа, қозғалыстың ырықсыздығына, қозғалыстың барынша жылдам, шалт өтуіне; қозғалыс нәтижесі ажырауға, бөлінуге әкелуіне, т.б. семаларын көрсетуі *at/it* етістіктерінің жалпы мазмұнына негізделеді. Қазақ тіліндегі *as on or < өрле, өрбі, өнім, өрші, өркенде* сияқты моносиллабтардың ортақ мазмұны мен тұрпатындағы ұқсастықтарын кездейсоқ құбылыс деуге келмейді. Осы арада ортақ мазмұнды арқалап тұрған **o** дауыстысы екені аңғарылады. «Даму», «жетілу», «көбею», «пайда болу» идеясы *ur* (*үрпек, ру, ұрғашы*) сақталған. Профессор Б.Сағындықұлы *or- * ur* тұлғаларын *гомогенді моносиллабтар* ретінде қарастырады. Себебі **ur* тұлғасының жалпы мазмұны *хйг* (*үрім-бұтақ, үрпі*), **au/uy< ouul, um* (*Ұмай*), **ul* (*ұлы, ұлғаю*), **ul* (*үлкен*) жалғасады.

Қорыта айтқанда, түбір құрылымының архетипі тек бір типте ғана қалыптасқан деп қарауға болмайды. Сондықтан түркі тілдері лексикалық қорының негізін қалайтын бірбуынды түбірлер мен түбір-негіздердің белгілі бір дәрежеде тұрақтылығын өзгертуге де бейімділігін зерттелуші тілдердің *моносиллабтар құрамындағы фонокорреляттар* айқындайды, өзгермелі, икемді сапаға ие болады, ықшамдайды. Осы заңдылықты ашу, реконструкция жасауда, автордың өзі монографиясының кіріспесінде көрсеткендей, «дәстүрлі сүрлеуге ұқсамайтын жаңаша бағыт ұстанады».

Соның нәтижесінде жасалған талдаудың негізгі тұжырымдарын былай деп көрсетуге болады:

1. үнемдеу заңы;

2. флексиялық құрылым дәуірін басынан өткізген ішкі флексия қалдықтары. Содан кейін полисемантикалық құрылым (түбір тіл) дәуірі келген;

3. ең ежелгі дауысты фонемалар – / ч / аффрикаттары/, *h, *p, *n. Қалған фонемалардың барлығы – осы архетиптерден бөлініп шығып, қалыптасқан бір кездегі аллофондар.

4. дыбыстарды (түсіп қалған) бұрынғы қалпына келтірудің өзінше амал-тәсілдері ұсынылған; дауыссыз дыбыстардың сәйкестігі; мәтіндегі сәйкестіктер;

5. лексикадағы (құрылымдағы) өзгерту тетіктерін айқындайтын басты заңдылықтары: протезалық, эпентезалық дыбыстар; үнемдеу заңы; сингармониялық варианттар, параллельдер.

Тіл білімінде әбден сыналған тарихи-салыстырмалы әдіс біздің жұмысымызға көп кемегін тигізді. Зерттеу объектісі ретінде байырғы түбірлер мен қосымшалар – көне түркі жазба ескерткіштері, қазіргі түркі тілдері, диалектілері мен говорлары материалдарымен салғастырылды. Осының нәтижесінде олардың фонетикалық, семантикалық, грамматикалық айырмашылықтары анықталды. Бірақ көне формаларды бұрынғы қалпына келтіруде тарихи-салыстырмалы әдіс едәуір дәрменсіздік көрсетеді. Лексикалық мағыналардың біртіндеп кеңеюі яки тарылу жолдарын айқындауда компонентті талдау әдісінің, фонетикалық, морфологиялық элементтердің ең ескі типін іздестіріп табуда математикалық әдістің берері мол. Мысалға компонентті талдау әдісі бойынша, белгілі бір лексеманың мағыналық мазмұны бірнеше ұсақ семаларға бөлінеді де, сол лексемадан пайда болған екінші бір туынды сөздің семаларымен салғастырылады. Сонда түбірдің даму барысында қай семаның қай семаны ауыстырғаны белгілі болады. Сонымен бірге салыстырылып отырған екі сөзге ортақ жалпы семалар өз келбетімен айқын көрінеді. Бұл әдістің *архетиптерді табуға* көмектесе алатыны өз алдына, *семантикалық жағынан вариантталған* сөздерді топтастыруға мүмкіндік береді.

Математикалық әдіс-тәсілдердің де лингвистикада қолдануға келетін реттері бар. Мысалға орта мектеп көлеміндегі элементар теңдеу теориясын алалық. Бұл теория бойынша белгілі сандар арқылы белгісіз сандарды табуға болады. $x+3=5$ теңдеуі берілді делік. Есеп былай шешіледі: 1/ $x=5-3$; 2/ $x=2$.

Екі белгісіз болған жағдайда теңдеу былай құрылады:

$$\begin{cases} x + y = 5 \\ 2x + y = 7 \end{cases}$$

Шешуі: 1/ $y=5-x$; 2/ $2x+5-x=7$; 3/ $2x+5-x=7$; 4/ $x+5=7$; 5/ $x=7-5$; 6/ $x=2$; 7/ $2/ +y=5$; 8/ $y=5-2$; 9/ $y=3$. Есептің дұрыс шыққан-шықпағанын білу үшін табылған сандарды өз орнына қойып көреміз 1/ $2/ +3=7$; 2/ $4+3=7$; 3/ $7=7$;

Тағы бір мысал. «Екі санның қосындысы 12-ге, ал олардың айырмасы 2-ге тең. Осы сандарды табындар. Бірінші санды x әрпімен, ал екінші санды y әрпімен белгілейік. Есептің шарты бойынша сандардың қосындысы 12-ге тең, яғни $x+y=12$. Ал сандардың айырмасы 2-ге тең болғандықтан $x-y=2$. Құрылған теңдеулер жүйесін былай жазуға болады:

$$\begin{cases} x + y = 12 \\ x - y = 2 \end{cases}$$

Екі теңдеуді бір-біріне қосу арқылы x -тің 7-ге, y -тің 5-ке тең екендігін білеміз. Үш, төрт, одан да көп белгісіздерді табу осы тәріздес тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Бұл әдістерді енді тіл білімінде пайдаланып көрелік.

Белгілі: 1. *тоғұл – страд. от тоғ=: тоғулса оғул /если родится сын/* [3, 571-б.]; 2. *төл* – малдың жаңа туған құлыны, бұзауы, ботасы, қозысы, лағын; 3. *қары ~ кәрі, ажым ~ әжім* сияқты сингармониялық варианттар түркі тілдерінде жарыса қолданылады. Жуан дауыстылармен айтылатын сыңары көне де жіңішке дауыстылармен айтылатын сыңары жаңа, кейін пайда болған. Аса ежелгі дәуірде түркі тілдерінде жіңішке дауыстымен айтылатын бір

де бір вариант болмаған; 4. сөз ортасында, сөз соңында **ғ**, **г** дауыссыздары жиі түсіріліп айтылады.

Белгісіз: 1. қазақ тіліндегі «төл» сөзі бұрын қалай дыбысталған? Түркі тілдерінде ілгері заманда жіңішке дауыстылар болмағандықтан, **ө**-нің жуан сыңары **о** қолданылуы мүмкін. Алайда архетипті *тол-* /бір нәрсенің іші деңгейіне, кенересіне жете шүпілдеу/ түрінде қалпына келтірсек, мағынасы үйлеспейді. Мүмкін белгісіз дыбыс **о**-мен төркіндес **ұ**, **ү** дыбыстары шығар. Тілімізде *тул* тұлғасы жоқ; *тұл* – «отасқан ері өлген не айрылысып кеткен, баласы жоқ жесір /эйел/». Бұл да емес. Өзге түркі тілдерінде басқадай жуан варианты кездеспейді. Ең соңғы мүмкіндікке дейін іздестірілік. Бәлкім, сөз аралығында **ғ** дыбысы түсірілмей айтылатын варианты бар болар? Бар: *тоғул*. Және жіңішке айтылатын төл вариантымен семантикасы жағынан сәйкес. Бірақ *тоғул* = архетип емес. Өйткені **о** дыбысы – белгілі бір дәрежеде **у** дыбысының аллофоны. Қазақ тілінде *ту-* – «ана құрсағынан шығу, дүниеге келу». Демек, іздестіріп отырған дыбыстың көне формасы қазақ тілінде сақталыпты. Сонымен «*туғул*-етістігінен, біріншіден, жіңішкеру арқылы, екіншіден, сөздің ортанғы позициясындағы **ғ** дыбысының түсіріліп айтылуы арқылы, үшіншіден, конверсиялануы нәтижесінде *төл* зат есімі жасалған.

Қалпына келтірілген > *туғул* формасынан фонетикалық, семантикалық даму жолымен «төлден» басқа да сөздер туындауы мүмкін екендігін ескере отырып, зерттеуді одан әрі жалғастырамыз /*ребенок был закутан в пеленки*/ [3, 363-б.]; 2. БН «ребенок, мальчик»: *бу оғул не тер /Ято говорит этот ребенок/* [3, 364-б.]; көне түркі жазба ескерткіштерінде *оғул* түбірі қыз балаға да, ұл балаға да жұмсала береді: *бегилик ұры оғлың құл болты, силик қыз оғлың күң болты* [4, 295-б.]; *Үбек ұл балаң құл болды, пәк қыз балаң күң болды*/. 3. *оғул* адамның баласына ғана емес, жан-жануарлардың төлдеріне де, құстардың балапандарына да /*котенок*/, *арслан оғлы* /львеночка/, *бөр* и *оғлы* /волчонок/; 4. *ұл* – «еркек бала, ер бала»; 5. *ұлан* – «жас өспірім, жеткіншек, өрен»; 6. үнемдеу заңының ықпалымен сөз басында, сөз аяғында буындар, дыбыстар түсіп қалады.

Белгісіз: 1. қызға да, ұлға да, жануарлардың баласына да, тіпті құстардың балапандарына дейін бір ұғымның пайдаланылуында қандай сыр бар? Жоғарыда келтірілген фактілерге қарағанда, *оғул* аса жалпы мағына беретін сияқты. Бірақ оның алғашқы ұғымы, түсінігі әлдеқандай себептермен ұмытылған. Үнемдеу заңының әсерінен басқы дыбыстары түсіп қалды ма екен? 2. дыбыс түсіріліп айтылған жағдайда ол қандай дыбыс болуы мүмкін?

***р, *н, *с, *т** ең ескі фонемалардың қатарына жатады. Сонор ***р, н** дыбыстары сөз басында жұмсалмайды. Олай болса, **с** пен **т**-ның біреуі болар... *Тоғул*. Бұл сөз туылған барлық жанды мақұлқаттардың жалпы атауы бола алады. Бала да, жануарлар төлі де, балапан да т.б. туылады. Демек, *оғул* /*ұл*/ зат есімі *тоғул* етістігінен пайда болған. Бұдан мынадай қорытынды шығады: белгілілер арқылы белгісізді математикада ғана емес, тіл білімінде де табуға болады екен.

Тоғул~оғуле = фонетикалық варианттарының бір заманда жарыса жұмсалғаны – ақиқат факт. Фонетикалық, семантикалық өзгерістер бұл тұлғаларды екіге ажыратқан. Бір-бірінен қашықтағаны соншалық тіпті адам танымастай дәрежеге жеткен. «Туғуле архетипі қолданылу барысында есім жасайтын көне **-ан** жұрнағын жамап алған. Бұл сөз оғыз тілдерінде былай Дамыған: *жтуғулан --- тоғулан --> оғлан*. Қыпшақ тілдерінде: «*туғулан --> уғулан --> ұлан --> ұл*. Қысқасы, «*туғуле -- тоғуд- аз оғул жы төл*.

Белгілі: 1. **д, ж** ұяңдарының қатаң варианттары – **т, ш**. 2. **тш/ч**/ аффрикаты **т** және **ш** дыбыстарының қосындысынан, **дж** аффрикаты **д** және **ж** дыбыстарының қосындысынан тұрады. 3. осы негізде **дж** аффрикатының қатаң сыңары **тш/ч**/ болып есептеледі. Белгісіз: 1. **дз** қатаңының қатаң сыңары түркі тілдерінде көздеспейді. Сонда оның қатаң варианты болмағаны ма?

Егер **д** ұяңының қатаң сыңары **т**, сондай-ақ **ш** ұяңының қатаң сыңар **с** екендігі рас болса, **дз** аффрикатының қатаң варианты **тс/ц**/ аффрикаты екендігі – шүбәсі жоқ, ақиқат. Ілгері заманда **тс/ц**/ түркі тілдерінде өмір сүргенімен, кейінгі кезеңдерде сан алуан ішкі, сыртқы факторлардың себеп-салдарынан тілден шығып қалған.

Тілдің пайда болуына, дамуына, өзгеруіне, жаңаруына, қалыптасуына, қайта қалыптасуына сыртқы фактор мен ішкі фактордың қатты ықпал ететіндігін зерттеушілер әлдеқашан-ақ анықтаған еді. Тілдердің мың-мыңдап көбеюіне де, олардың сөздік құрамына қисапсыз атаулардың қосылуына да осы екі фактордың әсері барынша шексіз болғандығы сөзсіз.

Жер бетіндегі адамзат баласы бір замандарда бір-ақ тілде сөйлеген. Бұл – олардың жабайы кезеңі еді. Бірте-бірте кәсіптің түрлері, егін шаруашылығы, мал шаруашылығы, өнеркәсіп, мәдениет, техника, өркениет тағы басқалары пайда болды. Жабайылардың жұтаң тілі байыды. Рулардың, тайпалардың пайда болуына байланысты белгілі бір заттың, нәрсенің уәжі де көбейіп, олар әр түрлі атала бастады. Бұлардың үстіне тілдің ішкі даму заңдылықтарының есебінен қаншама сөздер адам танымастай өзгеріске түсті. Соған қарамастан жабайылардың базалық лексикасының сарқыншақтары әлем тілдерінде қазірге дейін сақталып қалып отыр.

Жабайылардың сөздік құрамында қандай-қандай сөздер болғандығын тілшілер шамалап болжамдай алады. Мысалы, *күннің* силлабологиялық атауы сол кездің өзінде-ақ өмір сүргендігіне күмән келтіре алмаймыз және оның бір дауысты, бір дауыссыздан ғана тұрғандығы хақ. Қазақтың *күн* атауы мен орыстың *солнце* атауын салыстырсақ, жобаға соқпайды, бітім-пішіні мүлде бөлек тұлғада екендігі бірден байқалады. Ағылшынның *сан* атауы мен арабың *шамсун* атауын қатар қойсақ, алғашқы екі дыбысының тектес екендігін аңғарылады: **са – ша**. Мұны орыс тілімен салыстырсақ (солн+це), соңғы буыны фонологиялық тұрғыдан үйлеседі. Көне санскрит тілінде күн құдайының атауы – *Ша+м+аш*. Алғашқы **ша** немесе соңғы **аш** архесиллабының күн ұғымын бергендігі анық аңғарылып тұр. Қазақ тілінде «күн» сөзінің ежелгі формасы мен семантикасы «қашан» есімдігінде сақталып қалған. Мұндағы «қа» бөлшегі ілгері замандарға *қай* деген сұрау мағынасын берсе, «шан» бөлшегі *күн* деген лексикалық мағынада жұмсалған. Бір кездегі толық мағыналы *сөз тіркесі* өзінің әдепкі мағынасын жоғалта келе сұрау есімдігіне айналып кеткен. Бірақ мезгіл мағынасын білдіретін семасы сақталып қалған. Сонда қазақ тілінде де «күн» мағынасын берген **ша** формасы болғандығы анықталады. Көне түркі жазба ескерткіштерінде күн атауы – *күн+ач*. Бұл сөздің алғашқы бөлшегі «күйіп тұрған» деген мағына берсе, екінші бөлшегі (ач) «күн» деген мағынаны берген. Ішкі флекция заңдылығы бойынша **а** дыбысының **ч** аффрикатының бірде алдында, бірде соңында тұрғаны болмаса, түркі тілдерінің де әлем тілдерімен лексикасы жағынан сабақтас екендігіне бұл мысал да кепіл бола алады. Идея бойынша, «ай» атауы да әлем тілдерінде бір формада ұшырасуға тиіс тілдік факт. Өкінішке орай, бұл атау әр тілде әр түрлі формада кездеседі. Мысалы, хамит-семит тілдерінде «қамар», славян тілдерінде «луна», түркі тіліндерінде – «ай». Уәжі (мотиві) әр түрлі болуы форманың да әр түрлі болуына әкелген. Сірә, айдың құбылып тұрған құбылыс қатарына жататындығы уәждің оңай өзгеруіне де әсер етсе керек. Керісінше, *күн* –тұрақты құбылыс. Осы себепті қазірге дейін алғашқы уәжін, формасын, семантикасын жоғалтпаған [5, 203-б.].

*Sun / сан/
Шам
КүнАЧ
солнЦЕ*

Берікбай Сағындықұлы өзінің дәрістерінде *ай* сөзінің этимологиясын келтіреді. Араб тілінде «қамар», орыс тілінде «луна», қазақ тілінде «ай».

«Қамар» сөзі араб тілінде «ай» сөзін білдіреді. «Қамар» сөзін түбіртектерге бөлетін болсақ, *қам+ар*, сонымен қатар дыбыстық сәйкестіктер бойынша **қ~к**, **а~е** варианттары шығады. Логикаға сүйене отырып, «**кем**» сөзі шығатынын көреміз. «ар» түбіртегі «бір заттың тұрғандығын білдіреді». Яғни, мынадай формула шығады: *қам~кем*. Бұл жерде «қамар» сөзінің уәжі кеміген бір заттың тұрғандығын білдіреді. Аспандағы кеміген айды білдіріп тұрғанын түсінуге болады. Орыс тіліндегі «луна» сөзінің этимологиясы да қызық. «Луна»

сөзінің алдына «то»- түбіртегін қоссақ, «толуна» сөзі шығады. Бұдан қазақ тіліндегі «толғанай» сөзі шығады. Яғни, «луна» сөзі аспандағы айдың толған кезі бойынша аталып тұр. Академик Н.Я.Март «Яфет теориясы» [6], В. М. Иллич-Свитыч «Нострат теориясы» [7] арқылы әлем тілдерінің туыстастығын дәлелдеуге тырысқан. Пайдаланған әдістері мен тәсілдерінің сәтсіздігіне байланысты олар күткен нәтижеге қол жеткізе алмады.

Түпкі тілді анықтау үшін түптүркі тілінің категориялық бегілерін анықтап алған жөн, яғни бағзы заман тілінің фонетикалық, фонетика-фонологиялық, морфемалық, морфонологиялық құрамы және жорамал тілдің лексикалық және синтаксистік белгілерін қайта *қалпына келтіру (реконструкциялау)* арқылы жалпы тілдік деңгейде құрылымдық иерархия мен жүйелік дәрежелерін анықтау қажет. *Түпқазық (түптүркі) түбірін реконструкция* жасау үшін қазақ тілі материалдарына қоса 81 тілдің (кейбірі диалекті деп те саналады, даулы мәселе), 100-ден астам өлі түркі алтай тілдерінің тілдерін салыстыру қажет, компоненттік әдіс барысында математика-логикалық арқылы этимологиялық талдау жасау керек. Сонымен бірге 2-3 ғасырлық түркологияда (кең мағынада алтаистикада) сан буын түркітанушылардың қажырлы еңбегімен түзілген этимологиялық және тарихи-салыстырмалы сөздіктердегі бір буынды түбірлерді де айқындап, этимондардың семасын ажыратып, жоғарыда сөз болған, түркі тілдерінің бір түбірлі/ бір буынды сөздерінің қорына (банк) енгізу қажет.

Түптүркілік архетипті қайт келтіру жолындағы атақты түркологтар (Э. Севортян, А. М. Щербак, т.б.) ұсынған бағыттардың бүгінге қолдауын таппай отырғаны белгілі. Ал бұл тығырықтан шығудың бір-ақ жолы бар – ол түпқазақ түбірін қалпына келтірудің *жаңа әдістемесін, тұтас бағытын* ойлап табу. Бұған дейінгі көрнекті түркітанушылар бұл мәселені бір жақты шешіп келсе, яғни бірі тек фонетика-фонологиялық жағынан, енді бірі морфонологиялық бағытта зерттесе, ендігі жерде және *архетипті фоно-морфо-семантикалық жағынан реконструкциялау* туралы болып отыр [8, 371-б.].

Қазіргі қазақ тілі – барша түркологтардың бір ауызды пікірінше, «өте жаңа тіл». Ал бірақ олар көбінше «жаңалықтың» өзі «көнелік» екенін ескере бермейді. Біз диплом жұмысымыз арқылы үлкен бір жаңа бағытты яки «жаңадан «көнеге» қарай бөлшектеуді, осы тұста, әсіресе, бұған дейін көп айтыла бермеген мағыналық (семантика) дәрежедегі «көнеліктерді» сөз етуге үлкен орын бермекпіз. Олай болса, қазіргі тіл ғылымы үшін тарихи-салыстырмалы зерттеулердің беретінінен бергені көп болар, бұл бағыттағы зерттеулердің бүгінгі күні талаптарына қатысты өзектілігі, әсіресе қазақ тіл білімі үшін қажеттілігі қаншалықты деген сауалдарға жауап іздегенде, мынадай жайттарға тоқталып кеткен орынды. Ең алдымен тарихи-салыстырмалы бағыттағы зерттеулер бүгінгі күні әлемдік тіл ғылымында *моногенез және ностра тілдері теориялары* аясында қайта жаңғырып, өзектілігі артып отырғанын айту керек [9].

Моногенез теориясы бойынша әлем тілдерінің барлық макротоптарының ататілдері *жалпыадамзатқа ортақ бір ататілден* тараған деген болжам ұсынады. Қазақ тілі білімінде бұндай көзқарасты профессор Б. Сағындықұлының гипотезасымен байланыстырсақ болады. Соңғы жылдары бұл ұстанымның қарсыластарынан гөрі жақтастарының пікірлері дәлелді шығып отыр. Мұны ностра тілдері сияқты үлкен тілдің макротоптардың ататілдері адамзатқа ортақ ататілдерін табу әрекеттерінің, негізінен, болжалды болса да жемісті нәтижелері қуаттайды. Мәселен, ностра тілдері теориясы бойынша (латын тілінен *noster, nostra – біздікі* дегенді білдіреді) *үндіеуропа, картвель, семит-хамит, орал, алтай (түркі, моңғол, тұңғыс-манчжур, корей, дравид* тілдік макротоптардың бір ататілден тарағаны көрсетіліп, осындай басқа да топтардың ортақ ататілдері айналып келгенде жалпыадамзаттық ататілден бастау алады деген болжам айтылады.

Ностра тілдері бойынша аталған *тілдік топтардың салыстырмалы сөздігін* құрастыру алғаш қадамын жасаған ғалым В. М. Иллич-Свитычтың еңбектері бүгінде жалғасын тауып келеді [9, 341-б.]. Қазіргі кезде лингвистикалық компаративистика тарихи білімдер жүйесінің бір бөлігін құрап, көне және ежелгі заман тарихының жазуы болмаған және жазуға дейінгі кезеңдерді зерттеуде этногенез, этникалық байланыстар туралы ақпараттар алатын, сондай-ақ реконструкцияланатын тілдік жүйелердің кезіндегі тұтынушыларының өмір сүру ортасы мен

мәдени ерекшеліктері туралы сенімді дереккөздердің біріне айналып отыр. Бұнымен қатар тарихи-салыстырмалы тіл білімінің бір тармағы ретіндегі ностра тіл білімі Жер лингвогенезінің картинасын, әлем тілдерінің ортақ топтастыруын жасауда зор мүмкінді беретін ғылым саласына айналып отыр. Сөз түбір формасында бұрын негізінен оның фонетикалық және морфологиялық келбеті басты белгі болып келсе, енді мағына да, яғни түрлі деңгейдегі семалар да сөз (түбір), түбіртек тарихына жарығын түсіреді. «Мағына өзгергіш, ол сөз дамуының арғы дәуіріне куә бола алмайды» деген қағиданың ескіргендігін қазақ тілі материалдарының өзі жоққа шығара алады.

Жалпыадамзаттық ататілдің өзін қайта құрау үшін **3000 сөз** жеткілікті деп көрсетеді профессор Б. Сағындықұлы. Бір түбірлі түптүбір, түбіртектердің корпусын жасап біткен кезде семантика ең алдыңғы қатарға шықпағанмен, архетипті қалыптастыруда фонетикалық және морфологиялық өзгеріс, құбылыстардан кем рөл атқармайды.

Бүгінгі тарихи морфология жетістіктері туралы түркітанудың көптеген даулы мәселелерін шешуде. Ал тарихи фонетика туралы бұлай деп айта алмас едік. Тарихи фонетика жекелеген кейбір заңдылықтарға, сұрақтарға жауап бергенімен, түпқазық түбірін реконструкциялауда мағыналық өзгерістерді еске алмаса, ойдағыдай нәтижеге қол жеткізбейді. Мәселен, «ақыл», «ой», «ойлау» мағынасында түптүркі тілінде **аң* синкретті тұлғасы пайдаланылғаны даусыз. Бірақ түркологтар осы мағынада оның **es*, **uq* формалары болғанын айтады. Және бір қызығы осы 3 форма да қазіргі қазақ тілінде ұшырасады. Сонда бұлардың архетипі қайсы? Әлде олар әр түрлі сөз (морфема) ма? Міне, өкінішке орай осындай күрделі сұрақтарға тарихи фонетиканың қазіргі даму дәрежесі жетпей отыр.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. -166 б.
2. Сағындықұлы Б. Түркі тілдері лексикасының дамуының фонологиялық заңдылықтары: фил. ғыл. докт. ... дисс.: 10.02.06. – Алматы, 1994. – 329 б.
3. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 с.
4. Айдаров Г. О языке памятники в честь Тоньюкука VIII века и его отношении к некоторым современным тюркским языкам: дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1959.
5. Сағындықұлы Б. Түбіртек – тілдік бөлшек //Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. Екінші халықаралық түркология конгресі. – I б. – Түркістан: Тұран, 2006. -199-205-б.
6. Марр Н. О происхождении языка // Марр Н. Основные вопросы языкознания. Избранные работы. – Т. 2. – М.-Л., 1936. – С. 182.
7. Иллич-Свитыч В. М. Опыт сравнение ностратических языков. Сравнительный словарь. – Т.2. (1-3). – М: Наука, 1976. – 370 с.
8. Манкеева Ж. Түбір құрылымы және сөзжасамдық жүйе //Ұлттық тілдің ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. -371-383-б.
9. Trombetti A. 1926/1928 – Origin easiatica delle lingue e popolazioni americane //Atti del XXII Congresso internazionale degli Americanisti, Roma, Settembre 1926; Rome, t. 2, 1928. – P. 227-231.
10. Dolgopolsky A.B. A Nostratic dictionary. – Cambridge: at the Universitypress. (to appear) URL: <http://www.dspace.cam.ac.uk/handle/1810/196512>.

Манкеева Ж.
филология ғылымдарының докторы, профессор

ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҒЫНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

Ұлы Далада қалыптасқан халықтың мәдени құндылықтарын сипаттаған тілдік таңбасы арқылы ұлттың тұтас әлемдегі өз орны, тұрмыс-тіршілігіне сай іс-әрекеті, тұрмыс күйі, қарым-қатынасы танылады. Себебі әр халықтың ұлт тарихынан да ұзақ тіл тарихы оңайлықпен өзгермейтін, ұлтты ұйытып, төл мәдениетін өз бойына сақтайды және ұрпақтарға жалғастырады. Қазіргі таңдағы ұлтты таныту мен тану үрдісін Ұлы дала өркениетін дамытуды көздеген еліміздегі «рухани жаңғыру» бағдарына сай жүргізіліп жатқан маңызды шаралардың тиімді дәйегі де, құнарлы көзі де – тілдік қазына. Мысалы, Ұлы Даланың ақиқат дүниесі

істепті ұлт санасында тілдік бейне ретінде объективтендіріліп, вербалданған жүйенің бірі – ономастикалық кеңістік. Ғасырлар қойнауында қалған әр замандағы қазақ қоғамының ұжымдық тәжірибесі, танымы, сол қоғамдағы әлеуметтік факторлардың ықпалы рухани және материалдық мәдениетте, топонимиялық жүйеде тіл арқылы таңбаланып, заман бейнесінің ізін қалдырады. Демек, тіл өзінің кумулятивтік (мұрагерлік) қызметіне орай этностың бүкіл рухани, мәдени байлығының куәгері іспетті.

Ұлт болмысының тіл арқылы дәйектелген құндылықтар жүйесінің рухани-танымдық, әлеуметтік, қолданыстық сипатына сай жіктелген жүйесін айқындап тану да тіл арқылы жүзеге асады. Мысалы, ұлттық төл мәдениеттің материалдық және рухани сипаты астасқан, мифтік, сакралды таным мен эстетикалық талғам тоғысқан құндылық жүйесінің бірі – зергерлік өнер. Ұлы Дала өркениетінің айшықты да көркем көрінісі ретіндегі зергерлік өнерге қатысты қалыптасқан тілдік бейненің құндылықтық мәні оның шығу тегі, тұрмыста атқарған қызметі, тұтынудың этнографиялық уәждері, т.б. арқылы айқындалып, оларға қатысты фразеологиялық, паремиологиялық жүйдегі және этнографизмдердегі архаикалық көріністерінің мазмұны этнолингвистикалық, лингво-мәдени негізде ашылады [1]. Мысалы, **бет моншақ** – *сәукеленің екі жағына, маңдайына салбырата қадап қоятын бірнеше қатар төгілмелі моншақ*. Ол арқау болған **бет моншағы үзілу** тіркесі «ұялу» деген ұғымды білдіруі танымдық құндылықпен астасады. **Алтын сандық** – байлықтың, **күміс жүзік** – тазалықтың, **мәймөңке** – кәсіби (тігіншінің) құралдың, **мысқал** – өлшемнің т.б. ұғымдарымен байланыстылығы зергерлік өнер лексикасын ұлт мәдениетінің құндылықтық мазмұнымен сабақтастырып, олардың сакралды (қорғаушылық), этнотанымдық, символдық, эстетикалық (сәндік), әлеуметтік қызметін де көрсетеді. Осы сияқты халықтың ұлттық эстетикалық талғамы, өмір сүру салты, әлеуметтік қатынастарының өзіндік ерекшеліктері айқын көрініс тауып, сақталған ұлттық құндылықтарының бірі – ұлттық киім атаулары. Киім атауларының құндылықтық мәні рухани да, материалдық та тұрғыдан этномәдени қызметінің тоғысуынан көрінеді. Олар әлеуметтік (жасқа, жынысқа, маусымға, әл-ауқатына қатысты ерекшеліктер), этнографиялық (салт-дәстүрлерге, рәсімдерге, т.б. қатысты), этникалық (рулық, жүздік, аймақтық т.б. ерекшеліктерге қатысты), географиялық және климаттық жағдайларға қатысты этномәдени жүйе құрайды. Мысалы, *қамқа тон, сәукеле, ішік, қамзол, қарқара, кимешек, кебенек, саптама, күндік, найман тымақ, албан бөрік, шекпен шапан* т.б. Олардың фразеологиялық, паремиологиялық құрылымдарға өзек болуы мазмұнында этнотаным айшықталған құндылықтық мәнінде: **кебенек киген келеді, шеге шапан** т.б.

Ұлы Дала мәдениетінің өзегін құрайтын ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы ұлттық тәрбиесі мен тілі арқылы сақтап, күні бүгінгі күнге дейін дәріптеліп келе жатқан құндылықтарының мазмұнының «кілтін» ашатын ғаламның тілдік бейнесі. Соның нәтижесінде тіл құдіреті арқылы ұлттың рухани тарихы мен таным-тәжірибесін бойында сақтаған қазынасы бүгінгі ұрпаққа жетті. Оның өзегі – кешегі өткен ата-бабаларымыздың ерлік мұрат-мүддесін рухтандырған қуатты құрал ретіндегі тілі, қазақ сөзі. Соған сәйкес Ұлы Даланың әр замандағы ұлттың идесы – *Жерұйық, Атамекен, ұлт азамттық күрес, Алаш* т.б. ұғымдар мен өзектелген ұлттық құндылықтардың тілдік қазынада сақталып қана қоймай, қазіргі заманда танылуы қазіргі Тәуелсіз замандағы тіл иесі санасын жаңғыртып, Ұлы Дала, мәңгі ел сынды ұғымдардың өзектелуіне ұластырады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің сөздігі. – Алматы, 1991; Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы, 1993

ҰЛТТЫҚ ТАРИХ ЖӘНЕ АНА ТІЛІ: ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ МЕН КОДЫ

Қазақстан азаматтарының бәрі бірдей тарихшы болуы міндетті емес. Бірақ елі мен жерінің, халқы мен тұлғаларының тағдыр-тарихынан кем дегенде мектеп бағдарламасы деңгейінде хабардар болуы – әркімнің перзенттік парызы. Бұл туралы қанша жерден айтылғанымен, іс-жүзінде отан тарихынан жаппай сауаттылыққа әлі күнге дейін жеткен жоқпыз. Жыл сайын мыңдаған кітаптар мен мақалалар, БАҚ материалдары жарияланып, ауқымды бұқаралық науқандар жүріп жатқандағы ахуал осындай. Кеше ғана мектеп бітірген, бүгінгі студент жастар арасында арғы бабаларымыз Орхон жазуын түзгендер екенін, Алтын Орда әлемдік империя биігіне көтерілгенін, қазақ хандығын ұлттық мемлекет ретінде танымайтындар қаптап жүр.

Неге осылай? Өзінің асылын, бастау бұлағын танымаған жан бөтеннің жылтырағына алданып, жетегінде кететінін жат дінді қабылдаған, өзге тіл мен ділдің сойылын соққан, қазақтікі атаулыдан іргесін аулақ салған ұл-қыздарды көретініміз ешбір құпия емес.

Ұлттық жатсыну, түптеп келгенде, ұлттық қауіпсіздікке төнген қатер. Мұны Қытаймен байланыстыра Күлтегін де, Ресеймен байланыстыра көмекей әулие Бұқарекен де ескерткен. Демек, төл тарихыңды білу – бар болу мен жоқ болудың тағдырын шешетін факторлардың маңдайалдысы. Тарихты білу мен игерудегі дағдарыстың басты себебі оны зерттеу мен насихаттауда деп білемін. Қазақ жоғалған малын іздегенде, ен-таңбасына, түр-түсіне басымдық бермейді ме? «Таңбасы жоқ, ені жоқ бурылтайдың» деген өлең жолдары бар ғой. Жоңғармен соғысқан 18 ғасыр батырларының емес, 8 ғасыр батыры Күлтегін мінген аттардың түр-түсі тасқа жазылып, бүгінге жеткен жоқ па?!

Біздің тарихымызда да басқалардікінен өзгешеленіп тратын айрықша, өзіне ғана тән нышаны, белгісі болуы керек. Ұлттық тарихтың коды дегеніміз – осы. Мәселен, көне дәуір жәдігерлерін зерттейтін археологтарымыз солардағы суреттерден, бейнелерден, көріністерден, таңбалардан, сызықтардан, ноқаттардан этникалық, эстетикалық, саяси, экономикалық, жаһандық ақпараттар алумен, пайым-тұжырыммен Ұлы даладағы эволюция мен сілкіністі, сабақтастық пен жаңашылдықты оқырманға жалаң патриотизммен емес, біліктілікпен баяндай алса жас та, кәрі де зердесінде мәңгілік сақтар еді. Этнологтар мен деректанушылар, медиевистер мен мәдениеттанушылар, мәтінтанушылар мен қолжазбашылар, тұлғатанушылар мен демографтар ізденісі туралы да осыны айтқымыз келеді. Ғылыми дерек пен ақиқат іздеушісімен, жоқтаушысымен, иесімен табысқанда мәңгілік құндылыққа айналады.

Тарихтың коды бір немесе бірнеше этносқа тән болуы заңды құбылыс. Айталық, «Алпамыс», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырлары – түркі халықтарына ортақ қазына. Мұндағы жер-су атаулары, салт-дәстүрлер, терминдер мен ұғымдар, оқиғалардың географиялық аумағы тарихи-мәдени ескерткіш кімге жақын, кімнен алыс екенін аңғартады. Сақтарға, ғұндарға, байырғы түркілерге қатысты ауызша, жазбаша, материалдық мұралардан да тегі бір халықтарға ортақ тарих қозғалысы мен заңдылықтарды байқаймыз.

Ендеше, тарихи кодтың генезисі мен эволюциясында екі дәуір бар дей аламыз. Бірінші дәуір адамдар қауымы пайда болғаннан ұлт ретінде қалыптасқанға дейінгі аралықты алып жатыр. Бұл – құбылмалы дәуір. Бүгін бар қауым ертең жұтылып, жоғалып, басқалармен мидай араласып кетіп жатты. Ізі бар да өзі жоқ. Сынақ пен бәсекеге төтеп бергендер тарихи кодын дүниеге әкелді, яғни адамдар қауымынан әлдеқайда кейін қалыптасты. Ұлы даланың тарихи коды қола ғасырында орныққан тәрізді. Өйткені қымыз, домбыра, аң стилі сол заманның еншісінде. Екінші дәуір тұрақты адамдар қауымы өзін өзі ұлт ретінде танығаннан, басқалардан рухани, өмір салты, құндылықтары т.б. мәнді белгілері жағынан өзгеше екенін білгеннен басталады. Екінші дәуірде тарихи кодқа айрықша реңк берген фактор – ұлттық мемлекеттің

пайда болуы. Хронологиялық тұрғыдан бұл дәуір біріншіден әлдеқайда қысқа, ал мазмұны мен ерекшеліктері бойынша мейлінше бай.

Қай дәуірдегі ұлттық тарих кодын зерделегенде қазақтың: «Өзін өзі мақтаған – өлімнің азақ алды» керемет нақылын естен шығаруға болмайды. Өзінді зор, өзгені қор санау – нәсілшілдікке, менмендікке, адасуға, сүрінуге ұрындыратын қадам. Ар жағында төбелес, қақтығыс, соғыс тұр. «Өзінде бармен бетке ұрып, артылам деме өзгеден» деген Абай сөзі тарихты да, кодты да зерттеудің методологиялық ұстанымын құрайды.

Тарих өзгерістерге толы. Кеше маңызды саналған мақсат пен міндет бүгінде күн тәртібінен түсіп қалуы таныс құбылыс. Демек, төл тарихымыздағы өзгерістер табиғатын ашу – тарихи кодты анықтаудың басты шарты деген пайым-тұжырым ойға оралуда. Шындығында ой жеткенге қол жеткізу үшін ғылым күші аздық етеді. Ғылым адамының азаттығы, шығармашылық еркіндігі керек. Бұған кеңестік тоталитарлық қыспақ пен қуғын-сүргін көзімізді әбден жеткізді. Кеңестер одағындағы түркі халықтары, әсіресе, қазақтар социализм құрудың жалған теориясы мен фашизммен пара пар теориясы зардабынан миллиондап қырылды, жартыкеш бұрмаланған тарихын қанағат тұтты, тарихи кодынан алыстады, танудан қалды, менікі деп айта алмады.

Тарих кодының бойына ұлттың идеологиясы мен идеясы, рухы мен болмысы, қасиеті мен киесі шоғырланған. Ол тарихи зерттеулер мен карталардың, оқулықтар мен оқу құралдарының, анықтамалықтар мен энциклопедиялардың, статистика мен мәліметтердің өзегін құрауы керек. Мұнсыз қоғамдық тарихи жады, сана, көзқарас, таным ешкімге, ешқашан опа бермейді. Жарығы мен жылуы жоқ, алыстан жылтырайтын жұлдыз дерсіз, сондай алдамшы жұлдыздың бірі «Есекқырған» атанғаны бәрімізді ойландырсын.

Мемлекеттік және ұлттық тәуелсіздіктің қадір-қасиетін толық ұғыну үшін әлем тарихы мен адамзат тәжірибесін үздік игеру жеткіліксіз. Оны бодандықпен жаншылғандар, отарлық қанау мен қорлауды өз басынан өткергендер санасымен, жүрегімен, әрбір клеткасымен сезінеді, ұмытпауды ұрпағына аманаттайды. Тұмар ханым, Зарина, Шырақ жайлы сақ заманынан жеткен аңыздар, Күлтегін тасындағы елін, жерін, қағанын іздеген жазулар, Абылай мен Кенесары хандардан қалған мәңгілік ұлағат, кеңестік Қазақстандағы қуғын-сүргіннің соңғы құрбаны Қ.Рысқұлбековтің өлімді қасқая қарсы алуы тәуелсіздікті бәрінен қымбат санағандықтан өмірге келді. Бәрі салыстырумен танылады деген қағида бар. Менің құрдастарым мен ағаларым тәуелсіздіктің 30 жылын оның алдындағы 60-70 жыл үрдістерімен, зердеден өше қоймаған көргендерімен салыстыруға толық хақылы. Сонда қапысыз ұққанымыз: мемлекет пен оның әрбір азаматы жат қолына жалтақтамай, өзі қабылдаған заң аясында еркін де емен-жарқын өмір сүре алса, тәуелсіздік дегеніміз – осы.

Тәуелсіздік – еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін мейірі қанбайтын мәңгі құндылық. Ол қай саладағы болмасын қажеттілік пен мүмкіндікті ұлттық және мемлекеттік мүдде биігінен, бәсекелік ізденіспен дәлме-дәл анықтауға, сұранысқа сай шешім мен іс-шараны қабылдауға, жалған ұраншылдықтан ада құлшынысқа жетелейді. Тәуелсіздігіміздің 30 жылы ішінде қол жеткен табыстарымыз әлемге аян. Кешегі Мәскеудің билігі жүріп тұрса, бұлардың оннан бірі ақиқатқа айналмас еді. Ал солардың бастау-бұлағын, тобықтай түйінін айтар болсақ, олар, біріншіден, отарлық және тоталитарлық дәуірлерден қордаланып қалған қарыз бен парызды қайтарғанымен, екіншіден, азаттықтың арқасында туған баға жетпес мүмкіндікті нақты нәтижеге айналдыра алғанымыз. Айғақ-дәлел ретінде елорданың Алматыдан Нұр-Сұлтанға көшуін, ядролық қарудан ерікті түрде бас тартуды, Азиялық кеңестің дүниеге келуін, қандастарымыздың тарихи Отанына оралуын, президенттік билік институты мен парламентаризмнің қалыптасуын, мемлекеттік шекарамыздың халықаралық талаптар деңгейінде бекемделуін, «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» стратегияларын бөле-жара айтуымыз керек. Бұлар Қазақстан жолы мен жаңашыл жасампаздықтың басы ғана. Алда асқаралы міндеттер тұр.

Иә, «қарыз бен парызды қайтару» сөз тіркесін бекер қолданып отырған жоқпыз. Тәуелсіздік өткен күндерді, уақытты қайтара алмайды. Бірақ солардың ақиқатына жетуге, жақсы мен жаманды айыруға жол ашатыны сөзсіз. Бейнелеп айтар болсақ, қазақ тарихында

бүктемеде қалған ақтандақтар саны бір тоғыз десек, үйірімен үш тоғыз кеңестік тотализм еншісінде. Ұлы даладағы ашаршылықтар, қуғын-сүргін, соғыс шығындары, демографиялық, экологиялық апаттар, ұлттық-тілдік драмалар, әйгілі тұлғаларымыздың қасіретті тағдыры әзірше әділ бағасын алып болған жоқ. Зорлық-зомбылыққа біздің халық жер бетінен жоғалып кетпеуі үшін қарсылықпен, ұрпағының болашағы үшін жасампаздықпен жауап берді. Олай болса, тәуелсіздікпен қилы-қилы байланыста өрілген, беймәлім қырлары ашылу үстіндегі сарқылмас қазынамыз – ұлттық тарихымыз. Бұлар бірінсіз-бірі өмір сүре алмайды деген сөз емес бұл. Мемлекетіміз немесе тәуелсіздігіміз болмаған ғасырларда да тарих дөңгелегі айнала берді, тарих қозғалысы тоқтаған жоқ. Отандық тарих ғылымы өткеннің баянын сақтауда талай қиыншылықтарды жеңе отырып, азды-көпті табыстарға жетіп жатты. Ресейге бодандықты қабылдаған XVIII ғасырда қазақтың ауызша тарихы толыққаны рас. Ағартушылыққа аяқ басқан Еуропада тарих ғылымы қоғамдық еңбек бөлінісінің беделді саласына айналды. XIX ғасырда Шоқан, Абай, Ыбырайдың тарихи шығармалары жазылды. XX ғасырда ұлттық тарих ғылымы кеңестік нұсқада қалыптасты. Тәуелсіздікке дейін жазылған монографияларда, энциклопедияларда, тіптен оқулықтарда төл тарихымыз төрт аяғынан тең тұрды дей алмаймыз. Әсірелеу де, адасу да, бұрмалау да бар. Ең ауыры – «Қазақстан тарихы» атауымен топтастырылған сол интеллектуалды әлем ұлттық тарихты түзуші қазақ халқымен, бірен-сараң шығармалары болмаса, қауыша бермеді. Себеп біреу: революцияға дейінгі кезеңде ұлт пен ұлттық тарихты тұтастықта және бірлікте жазуға бағышталған мемлекеттік саясат та, практика да болған емес, кеңестік дәуірде тарихқа материалистік көзқарас ұлықталып, қазақ қазақтың жартылай өтірік, жартылай шын тарихын оқуға, зерттеуге, насихаттауға мәжбүрленді. Халық төл тарихын бірде таныса, бірде танымаған ортада ұлттық код жойылмағанмен әлсірейді екен. Ал ұлттық тарихтың коды мүлде күн тәртібіне қойылмайтынының тірі куәсіміз.

Демек, тәуелсіздігі жоқ елде тарих әділ, кемел, дұрыс жазылмайтыны, тәуелсіздік барда ғана тарихи ақиқат салтанат құратыны дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Біздіңше, мәселенің мәнісі мынада: бірі – тарих дегеніміз аса күрделі нысан (объект) екені, екіншісі – оқиғаларға, өзгерістерге толы сол нысанды тануға, кәдеге жаратуға, зерттеуге, сөйтіп интеллектуалды әлеуетті тасушылар (субъект) әлем екені. Екі өлшеммен жүйелегенде де тарихтың өзін, тарихты түзушінің коды барын мойындауымыз керек. Әрбір халықтың өмір салтында, тілінде, әлеуметтік қатынастарында, саяси қатысуында өзгелерден ерекшелік тұратын мәнді белгісі – коды болатыны айдан анық. Ендеше ұлттың тарихында да бірілік пен бірегейлігін паш етуші коды бар. Біз бұл жерде код терминінің тарихтың объектісі мен субъектісін жазбай тануға шылбыр ұстататын ақпараттарды және нышандарды топтастыру ниетімен қолданып отырмыз. Мәселен, қазақ тілі, домбыра, Елім-ай, Сарыарқа, қошақан, Жеті жарғы, жеті қазына, нағашы-жиен, немере-шөбере, бойжеткен, қалың мал деген сөздер құлағымызға жеткеннен қазақ ортасына енгенімізді бірден ұғамыз. Кейбір ұғым-түсініктер жекелеген өңірлерге тән. Оларды қалың қауым білмесе де, мамандар бірден байқайды.

Сонымен, айтайын дегенім: Қазақстан тарихының қай дәуіріне болмасын мазмұнын, ерекшелігін ашатын, тірек болатын, код функциясын атқаратын ұғым-түсініктер жүйесін қалыптастыруымыз қажет. Кешегі коммунистік билік бұл міндетті мүлтіксіз атқарды. Феодализм, капитализм, қанаушы, тап күресі, революция, жаңа экономикалық саясат, социалистік құрылыс, ұжымдастыру, тың игеру, коммунизм, КОКП деген тірек сөздер естілген сәтте қандай ғасырлар, оқиғалар, тұлғалар, тапқанымыз бен жоғалтқанымыз ауызға алынатынын біле қаламыз. Бұған мектеп оқулығы ғана емес, кеңестік БАҚ, ономастика, әдебиет пен өнер – бәрі жұмылдырылды.

Ал бізде ше? 30 жыл ішінде ұлттық тарих кодын қалыптастыру ісінде не бітірдік? Қазақ тарихшылары ішінен бұл мәселеге ең жақын келген ғалым – Манаш Қозыбаев. Ұлттық код пен тарихи кодтың атын атамаса да, түсін түстей алғаны 2001 жылы жарияланған «Жұлдызым менің» кітабынан тайға таңба басқандай көрініп тұр. Онда былай делінген:

«Тарих – Отаныңның, ата-бабаңның ғасырлық арман жолы;

Тарих – Отанынның басына күн түскендегі ойран жолы, оны қорғау жолы;

Тарих – Отанынның, халқының қалыптастырған ата-салты;

Тарих – халқының ғасырлар бойы қалыптастырған этностық аумағы;

Тарих – әрқайсысымыздың ата-бабамыздың бұл күні табиғатқа қосылған сүйегі мен аспанда ұшып, бізді әруақ болып құшып рухы».

Келер жылдың басында қасиетті ғылым – тарихпен қоштасып, мәңгілік сапарына аттанып кете барды. Ұлттық тарих кодына апаратын ізденіс жалғаспай қалды. Тарих баяны, отандық ғылым мен білім жүйесі әлі үдеден шыға алмағаны құпия емес. Тарихи жадымыз бен санамызда, тарихи танымымыз бен көзқарасымызда олқылық пен жүйесіздік тұнып тұр. Күлтегін мен Тоныкөк замандарындағы «тілді, хабаршы, құпия сөз иелері» қандай мемлекеттік қызмет атқарғанын қалың көпшілік білмейтінін былай қойғанда, XVI ғасырдағы Мамаш, Таһир, Тоғым хандардың атын естімегендер, Қобыланды батырды Қабанбай мен Бөгенбай батырлардың қарулас серігіндей қабылдайтындар жетіп артылады. Әлеуметтік сауалнамалар Д.Қонаевты, М.Әуезовті т.б. тұлғаларды танымайтын жас ұрпақ пайда болғанын көрсетті. Бұл тарихи жадымыздың жұтаңдығы. Жады қандай болса, сана да сондай. Айталық, осы жасқа келгенше ақсақ Темір есімді бірде-бір қазақ баласын қалада да, ауылда да көрген емеспін. Ал Тамерландар қаптап жүр. Парсышадан тәржімалағанда мағынасы ақсақ Темір екенін ұрпағына азан шақырып есім берген ата-анасы білмеген ғой. Жады мен санадағы олқылықтар әлі талай «қызыққа» кенелтеді. Ұлттық және тарихи коды дұрыс адам ана тілінен, халқының салт-дәстүрінен, бабалар мұрасынан жери ме? Әрине, жоқ.

Бұдан шығатын қорытынды: тарихи жады мен сана кемелденбей, толық танымға, яғни ақиқатты бекемдейтін, іргелі ғылыми нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. XX ғасыр басында осынау миссияны орындауға қабілет-қарымы молынан жететін күш – Алаш қозғалысы тарих сахнасына көтерілген еді. Алаш ұлттық қана құбылыс емес, жаһандық серпіліс екенін тани білгендердің маңдайалдысы бар болғаны 26 жастағы Әлімхан Ермеков еді. Орынборда II бүкілқазақтық съез аяқталысымен ол «Жасасын, Алаш, жасасын!» мақаласын жазып, онда былай деді: «...Желтоқсанның 12-і күні, түс ауа, сағат 3-те дүниеге «Алаш» автономиясы келіп, азан шақырылып, ат қойылды. Алты алаштың баласының басына Ақ Орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қырғыз-қазақ жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт отанды болды. Автономия – бізге өмірлік мақсат еді. Іштегі дертті айта алмай, күрмеліп жүрген қызыл тіл бұл күнде дүниежүзін жаңғыртып, Алаш ұранын шақырып отыр».

Бірақ ұлттық азаттықтың қас жауы большевиктік билік Алашты аяусыз тұншықтырды. Мәскеудің құйтырқы саясаты ұлттық кодымызды әлсіретті, тарихымыздың коды бас көтере алмаған күйде қалды. Екі құндылықтың арасындағы алшақтық пен үйлесімсіздік тарихи жады мен санаға кері әсерін тигізді. Зардабы әлі күнге дейін сезілуде. Мұны 1465-1847 жылдар аралығындағы қазақ хандарының саны мен ұлттық тарихтағы орны жайлы пайым-тұжырымдардан байқауға болады. Профессор Ж.Артықбаевтың жазуынша олар 48 болса, Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті ғалымдары 78 хан жөнінде мәлімет жариялады. Профессор М.Қожа: «Қазақ хандығының тарихын оны басқарған, мемлекет болуына ұйытқы болған билік тобын танымай, оның құрамын, құрылымын зерттемей білу мүмкін емес», деп дәйектесе, профессор С.Өтениязов бұған мүлде кереғар ұстанымды алға тартады: «...Землей наших предков управлял не хан, а институт биев, то есть родоначальники – самые авторитетные в народе люди, представляющие 41 казахский род. Госустройство, будем так говорить, в «Казахском ханстве» зависело от родоначальников и полностью ими же исполнялось. То есть фактическим руководителем здесь был институт биев».

Қысқасы, хандық билік институты ұлттық тарихымыздың және өткенге көзқарасымыздың коды түгілі маңызды буынына айналмай тұрғанда Орта ғасырлар мен Жаңа замандағы (V-XX ғасыр басы) тұлғаларымызды, белестер мен құндылықтарымызды егжей-тегжейлі кімге ұғындыра аламыз?!

Біз үшін ХХ ғасырдың басты оқиғасы – тәуелсіздіктің жариялануы. Ұлы күнге үміт оты сөнуге шақ қалғанда жеттік. Оны жақындатқандар, қазақ қоғамын оятқандар – желтоқсаншыл жастар. Сын сағатында тәуекелмен легитимді бекемдегендер – аға ұрпақ өкілдері. Бірақ ұзақ жылдар бойы коммунистік мазмұнда суғарылған білім мен тәрбие, идеология мен насихат ізі қоғамдық санадан өшпей тұр. Қазақстанның кез келген елді мекеніне барсаңыз, кеңестік заманнан қалған атаулар, мұралар лек-легімен алдыңыздан шығады. Коммунизм кетті. Коммунистік идеологияның жаны әлі сірі. Себебі тарихи санамыз бен танымымыз толық жаңғырмаған күйде қалуда. Оның сорақы көрінісі мектеп оқулықтарындағы өрескел қателіктер. Бұл туралы БАҚ беттерінде айтылудай айтылды. Қоғам алдындағы әлеуметтік-кәсіби жауапкершілігін сезінбейтін біраз тарихшылар әріптесінің жазғанын көшіріп алуға дейін барғанын ақтау еш мүмкін емес. Ресейлік ғалым Қазақстанда жарияланған бір еңбекте ортағасырлық түркілер огнеметпен аспаннан оқ жаудырғанын әжуалап жазыпты. Ұлттық тарихтың коды қалыптаспады деген сөз осыдан шығады. Тап қазір ұлттық код мәселесін шешуге ешқандай бөгесін жоқ. Саяси қысым, идеологиялық өктемдік, «измдердің» шеңберінен шықпау шарты, үлкен ағаның қас-қабағына жалтақтау келмеске кеткен. Тарихшы ғалымдардың сайрайтын да жайнайтын күні туды. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған осындай сәтте ұлттық тарих кодын түзуге адастырмайтын жол – оның методологиялық негіздерін жүйелеу. Методология ғылымның басты миссиясы жаңалық ашуды, ақиқатты айтуды қамтамасыз ететін танымның биік сатысы. Ұлттық код пен төл тарихымыздың коды арудың арқасындағы қос бұрымдай жараса өрілгенде, тәуелсіздіктің жасампаз әлеуеті арта түсетіні – күмән-күдіксіз ақиқат.

Адамдар қауымының есеюімен тілі, тілдің жетілуімен адамдар қауымы кемелденді. Бұлар бірінен бірін ажыратуға жатпайтын тұтас жаратылыс. Тіршілік иесінің ақылымен немесе қолымен дүниеге келген жаңа нәтиже, өнім, жаңалық сол сәтінде тілден атау, есім, сан, сын, өзгеріс, қимыл, өлшем түрінде көрініс тапты. Сөздік қордың ұлғаюы адамның жадын жасартты, санасына серпін берді, танымын тереңдетті. Оның барша болмыс-бітімі – отбасылық және туыстық қарым-қатынасы, қуанышы мен реніші, кәсібі мен мамандығы, еңбек бөлінісі мен өнімділігі, өмір мен өлім, Отаны мен әлем жайлы дүниетанымы – бәрі тілімен өрнектелген.

Тілде халыққа тән мінез, діл, өмір салты – бәрі тұр. Тарих сілемі де бар. Ресей ғалымы С.Г.Тер-Минасова жеке тұлға мен ұлттық мінез-құлықты қалыптастырудағы лексика мен грамматиканың ролін ағылшын, орыс тілдері дерегінде зерделей келіп, «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» кітабында мынадай пайымға тоқтапты: «Ағылшын тілінен қонақжайлылық туралы не жағымды, не жағымсыз мәнді иеленетін тілдік бірліктерді мүлде кездестірмедік. Ал орыс тіліндегі «Незванный гость хуже татарина» мәтелі о баста татарлардың Русь жерін басып кіруіне байланысты қалыптасқан. Сол уақыттан бері жүз жыл өтсе де, орыс және татар халықтары бір мемлекетте өмір сүріп келе жатса да, өткен тарихи оқиғалардың белгісі ретінде тілде сақталып қалған».

Тіл өсу немесе өшу үстінде болатынын ұғыну үшін сол тілде қанша сөз бар екеніне назар аударсақ жетіп жатыр. Мәселен, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай шығармаларында 9 мың сөз қолданылған екен. Ал арада жарты ғасыр өткенде «Абай жолы» эпопеясында М.Ауезов 16 мың қазақ сөзін пайдаланыпты. М.Мақатаев тілінде 13 мыңнан астам сөз барын тілші-ғалымдар дәйектей алды. Кеңестік жылдары қазақ тіліндегі сөздер 10 том көлемінде жинақталса, тәуелсіздік тұсында ол 15 том болып жарияланды. Мамандардың есептеуінше, әдеби қазақ тілінде 130 мыңнан астам сөз бар.

Түрлі себептермен әлемде екі апта сайын бір тіл жойылуда. 400-ден астам тілге жойылу қаупі төніп тұр, жеті мың тілді әлем халықтарының 0,2 %-ы ғана 3,5 мың тілде сөйлейді. Демек, тіл мен сөзді сақтау түркі халықтарының өмірін ұзарту үшін күрес болып табылады. Әлем таныған қайраткер О. Сүлейменовтің сөзімен айтсақ, «егер біз сөзді оқуды үйренсек, жер, өзен, тау, арал аттарынан тілдердің материк және мұхит бойынша қозғалу бағдарын анықтауға болады. Сондықтан этимологияның ролі артады. ... Сөздіктер кез келген этносқа – үлкеніне де және кішісіне де – өзінің шыққан кезінен бастап өткені жайында толығырақ білуге көмектеседі.

Ауызекі сөз өзінің мазмұны және құрылымында жарықшақтар мен асыл бұйымдардың мұражайлық жинағына қарағанда, көбірек тарихи шындықты сақтайды». Осыдан-ақ отандық және түркілік ортақ тарихи зерттеулерді жүргізуге түрлі мамандық иелері тартылуы керектігін және пәнаралық методологиялық байланыс қажеттілігін пайымдауға негіз бар.

Тап бүгінге келсек, түркі тілінде сөйлейтін ірі этностар әзірбайжандар, қазақтар, өзбектер, татарлар, ұйғырлар, түріктер, қырғыздар, түркмендер болып табылады. Жойылуға таяу қалғандары – тофалар (1 мыңға жуық адам), долгандар (7,5 мың), шорлар (10 мың). Түрлі геосаяси, халықаралық, тарихи бетбұрыстар түркі жазуын ығыстырғанмен таңбалануына бөгесін бола алмады. Бүгінде түркі халықтары үш түрлі әліпбиді қолдануда: 1. Түркілік тәуелсіз мемлекеттер, Қырғызстаннан басқасы, латын әліпбиіне көшкен. Қазақстан латыншаға көшуді 2025 жылы аяқтайды. 2. Ресейдегі түркілік этностар кириллица жазуын қолданады. 3. Қытайдағы түркілер (қазақ, ұйғыр) араб жазуын қолдануда. Жазудағы әралуандық түркі халықтарының жақындасуына бөгесін туғызуда.

Түркілік кеңістіктегі әр ғасырда қыпшақ, шағатай тілдері, еуропалық империялар аумағында испан, француз тілдері үстемдік құрса, бүгінде ағылшын тілі оқ бойы алға шықты. Демек, халықтың төл тілі ғана тарихына тұғыр бола алады деуге негіз жоқ. Қай тіл пәрменді жұмыс істеуімен адамдардың қасиетін, тіршілігін, ізденісін толық немесе ішінара қанағаттандырса, танымын, ой-өрісін, жандүниесін байыта алса, сол тіл тарихтың шығыршығын айналдыратын тұғыры болады. Тіл – тарихтың тірі тұғыры деуіміздің бір сыры осында.

Бірақ әлемдік тілдің екі тізгін, бір шылбырынан ұстауға жанталасумен туған тілді қауқарсыз, елеусіз қалдырсақ, орны толмас өкінішке ұрынамыз. Әзірге түркі халықтарының бірде-бір тілі БҰҰ-ның алты тілімен – ағылшын, орыс,қытай, испан, араб және француз тілдерімен бәсекелесе алмайды. «Әлсіз» тілге мемлекеттік қолдау қажет, «мықты» тіл өзі-ақ өркендей береді. Тілінен айырылған халық – жоғалған халық. Тарихынан ажыраған, тарихын түзуден қалған халық.

Түйіп айтқанда, адамның адамдық белгісі мен жасампаздық қарымының коды – тіл. Қазақ әлемі мен түркі дүниесінде жаңа тіл пайда болатын заман енді келмейді. Түркі халықтарының жақындасуы, мемлекеттерінің интеграциясы ортақ тіл табуға итермелейтініне куә болармыз, сірә. Ол да түркілік тарихтың тұғырын бекемдеуге септеседі. Мемлекеттік мәртебесі бар тіл міндетіне сай қолданылмаса, яғни басты-басты функцияларын толық әрі дәлме-дәл атқара алмаса, сол тілдің тасушысы болып табылатын халықтың тарихы табиғи-ырғақты үдерістермен түзілмейді, зерттелуі мен насихатталуы да ақиқаттан аулақ кетеді. Тұғыры қандай болса, тарихы сондай. Ақаулы іргетасқа тұрғызылған тарих шежіресінің осалдығы түбінде әшкереленеді.

Ісімақова А.

филология ғылымдарының докторы, профессор
М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
бас ғылыми қызметкері

ТҮРКОЛОГИЯ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ РЕФОРМАТОРЫ: ҚАЗІРГІ ДИСКУРС

«Ұлт ұстазы» деп замандастары атаған Ахмет Байтұрсынұлы – осыдан жүз жыл бұрын қазақ тіліндегі әліппеден бастап тілді таныту, оқыту, үйрету ғылымның негізін айқындап, тілтану мен әдебиеттануды ғылым ретінде жоқтан бар етіп қалыптастырып берген бірегей ғалым. Алашорда үкіметінің негізін қалаушы саясаткер, ғалым А.Байтұрсынұлы – ХХ ғасырдың басында сол заманның білікті түркітанушылары мойындаған тілтанулық ғылыми еңбектердің авторы ғана емес, оларды іс жүзінде бастауыш мектеп пен әлеуметтік өмірге еңгізген тұлға.

Алаш ғалымы А. Байтұрсынұлы «бастауыш мектеп тұлғаны қалыптастыруда басты міндет атқарады» деп санаған. Сондықтан «Мектеп керектері» деген мақаласында: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы... Ең әуелі мектепке керегі білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болу. Құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Үшінші, мектепке керегі, белгіленген программа» [1, 438-б.]. Ғалым мектепте ана тіліндегі білім беруді «ұлт идеологиясының басы» деп санап, бар күшін мектептегі білім беру ісін ұлттық құндылықтар негізінде болуын басты ғылыми ұстаным еткен. Қазақ халқының рухани көсемі бола білген ғалым – нақты тілтану мен әдебиеттанудың басында тұрған реформатор. Осы екі ғылым саласының «Ана тілі» деген сөзден басталатын пән сөздерін де қалыптастырып бергенін біз тек Тәуелсіздік кезде ғана білдік.

Бабалар тарихынан қол үзбеу үшін Ұлы даланың сан ғасырлық араб таңбаларымен келе жатқан жазуына реформа жасап, оны қазіргі қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне бағындырып, жаңа төте жазу емлесін еңгізген де – А.Байтұрсынұлы. Бұл емлені шет елдегі қазақтар күні бүгін іс жүзінде қолданып келеді.

Нағыз ғылыми еңбек өз ұлтына, еліне адал қызмет ету қажеттілігінен тууы абзал екенін ғалым іргелі зерттеулерімен бізге аманат етіп кетті. Осы ретте «Тіл – құралының» жөні ерекше. Бұл басылымда отарлаудан көзі ашылмаған жұртына сонау совет кезінде қазақ тілін үйрету мен оқытудың басты негіздері анықталған. Бұл туралы 1989 жылы академик Рабиға Сыздық: «А.Байтұрсынұлы қазақша әліппе жасап, араб таңбалары негізінде ұлттық әліппеге реформа жасап, филологиялық пән сөздеріні қалыптастырып, ғылымның негізгі салалары: дыбыс жүйесі – фонетика, сөз жүйесін – морфология, сөйлем жүйесін – грамматика тұңғыш рет негізін салып берді. Ғалымның бұл іргелі зерттеулері бірнеше монографияға арқау болып, заманындағы ғалымдардың лайықты бағасын ие болып, күні бүгін қазақ тіліндегі филология ғылымының басты негізгі ұстанымдары болып саналады» [1, 18-б.], – деп жазған болатын.

А. Байтұрсынұлының лингвистикалық зерттеулерінде қазіргі тілтану мен әдебиет теориясының негізі қаланып, біз пайдаланып келе жатқан терминдердің авторлығы да анықталды. Ғалым тек ғылыми зерттеулермен шектелмей, олардың күнделікті сұранысты өтейтін оқулықтар арқылы нақты білім беру саласына дер кезінде еңгізуі шынайы ғылыми іскерліктің үлгісі болып қала бермек. Ғылыми зерттеу тек атақ үшін емес, халыққа қызмет ету, нақты білім беру үшін жасалғаны осы ретте айқындалаған.

Ғалымның «Оқу құралы» [2] «Бисмилляхи рахмани рахим» сөздерімен ашылады. А. Байтұрсынұлының қазақша әліппе жасауы, араб таңбалары негізінде ұлттық әліппеге реформа жасап, қазақ тіл білімінің терминдерін алғашқы болып қалыптастыруы, оның негізгі салаларын: дыбыс жүйесін (фонетика), сөз жүйесін (морфология), сөйлем жүйесін (грамматика) тереңдей зерттеп, бірнеше оқулыққа арқау еткен еңбектері күні бүгін маңызын жойған емес. Бұлар:

- Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба. Бірінші кітап. – Орынбор, 1912. – 40 б.

- Оқу құралы. Қазақстан басқа түркі, фарсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген. Алифбаға жалғас Екінші кітап. – Орынбор, 1913. – 52 б.

- Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба. Бірінші жылдық кітап. Екінші басылуы. – Орынбор, 1914. – 96 б.

- Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Орынбор, 1914. – 53 б.

- Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Орынбор, 1915. – 120 б.

- Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба. Бірінші жылдық кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1916. – 98 б.

- Тіл-құрал. (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1918. – 32 б.

- Баяншы. Қазақ мұғалімдері үшін – Қазан, 1920. 15 б.

- Тіл-құрал (қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. – Ташкент, 1920. – 96 б.

- Тіл-құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. Екінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 128 б.
- Тіл-құрал. Дыбыс жүйесі һәм түрлері. Бірінші тіл танытқыш кітап. Үшінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 46 б.
- Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі һәм түрлері. Үшінші тіл танытқыш кітап. Бірінші басылуы. – Орынбор, 1923. – 68 б.
- Сауат ашқыш. Дыбыс әдіс жолымен тәртіптелген қазақша әліп-би. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап. – Орынбор, 1924. 114 б.
- Әліп-би. Жаңа құрал. Қызылорда. 1926. – 39 б.
- Оқу құралы. III-IV жылдарда оқылатын кітап. Екінші басылуы. Қызылорда. 1927. – 412 б. (Т. Шонановпен бірге).
- Әліппе астары («Оқу құралы» деген қазақша әліп-би бойынша үйретушілер үшін шығарылған баяншы). – Орынбор, 1924. – 26 б.
- Әдебиет танытқыш 1-басылуы Қызылорда – Ташкент, 1926. – 285 б., т.с.с.

«Халық жауы» саналған Жайық Бектұровтың Әлімхан Ермековтен алған мәліметі бойынша Ахаң Мәскеуге Ә.Бөкейханға «Әдебиет танытқыштың» нұсқалығымен бірге тағы бір кітап жіберген, екінші данасы Бадрисафада қалған. Бұл кітаптың тағдыры күні бүгін белгісіз: кезінде М. Әуезов «1923 жылы шықты» деген «Мәдениет тарихы» атты монографиясы әлі табылған жоқ. Бірақ «бұл зерттеулер басқа біреулердің атымен жарияланып, халық мұрасына айналды» деген де болжам бар.

Орынборда 1914 жылы шыққан «Тіл – құралының» тараулары: *Сөз мүшелері, Қазақ сөзіндегі дыбыстар Һәм олардың харіфтері. Жазу қағидалары. Атауыш сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, шылау сөздер, үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз)*. Қорытуда келесі тұжырым берілген: «Сөйтіп, сөздер *тұлғасына қарай* беске бөлінеді: *түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар*. Сөздер *мағынасына қарай* тоғыз тапқа бөлінеді: *зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, демеу, жалғаулық, одағай*». Бұл пән сөздері қазақ тіл білімінің негізгі ұстанымдары болып келеді.

А.Байтұрсынұлының араб таңбаларын қазақ тілінің фонетикасына сай қолданған жүйелі графикасы 1924 жылы ресми қабылданған. Өзге түрік халықтары өзбек, татар т.б. оны тұңғыш үлгі ретінде қабылдады. Осы ретте Р.Сыздықтың сөзіне жүгінсек: «А.Байтұрсынов ұсынған «жаңа емле» 1913 жылдан бастап мұсылман медреселерінде де, қазақ орыс мектептерінде де қолданыла бастаған». «Ана тілімізге лайықталып реформаланған араб таңбаларын латынша ауыстырудың тиімділігі жоқ» деген А.Байтұрсынұлы бастаған алаш ғалымдары «ұлтшыл», «пантюркист», «панисламист», «кеңеске қарсы» деген айыпқа ұшырады. Бұл туралы Р.Сыздық: «А.Байтұрсыновтың еңбек жолын ағартушылықпен бастауының үлкен мәні бар. Өткен ғасырдың соңы мен үстіміздегі ғасырдың бас кезінде қазақ интеллигенциясы қалыптаса бастағаны мәлім. Петербург, Омбы, Қазан, Орынбор, Троицк, т.б. қалаларда оқып, мұсылманша немесе орысша білім алған қазақ жастары шыға бастады. Олар дәулетті де, шағын да, кедей ортадан да шыққандар болғанымен, едәуір білім алғандарының көбі әкімшілік, сот орындарында қызмет етіп, бас пайдасын, өз мүддесін көздейтін болды. Ахмет Байтұрсынұвтың өз тілімен айтқанда, «байға мал, оқығанға шен мақсат боп, жұрттың қамын ойлайтын адам аз боп» тұрғанда оқу-білімнен кенде қараңғы қазақ қауымының сауатын ашып, білім беру жолын қадағалғандардың бірі, бірі ғана емес, бірегейі – Ахмет Байтұрсынов еді. Ағартушылық ісі сол кездегі қазақтың әлеуметтік тіршілігінде ең қажет, ең игілікті әрекет болатын [1, 9-б.].

А.Байтұрсынұлының негізгі тілтанулық ұстанымы «Тіл – құрал» атты еңбегінде былай делінген: «Қазақ тілі – түрік тілінің бір тарауы. Дүниедағы жұрттың тілі негізінде үшке бөлінеді: *түбіршік тіл, жалғаламы тіл, қопармалы тіл*. *Түбіршік* тіл түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалады, мәселен, қытай һәм жапон тілдері. *Жалғамалы* тіл сөздің аяғына жалғау қосылып өзгерілетін тіл, мәселен, түрік, фин тілдері. *Қопармалы* тіл сөз түбірімен қопарылып өзгерілетін тіл, мәселен, орыс тілі, араб тілі. Біздің қазақ тілі түркі тілдің бір тарауы болғандықтан, жалғалмалы. Қазақ сөзінің түбірі өзгерілмей, аяғына жалғау қосылып

өзгеріледі. Жалғау екі түрлі: бірі *сөздің тұлғасын* өзгертсе де, *ішкі мағынасын* өзгертпейді; екіншісі сөздің тұлғасын да, мағынасын да өзгертеді. Сондықтан бастапқысы *тысқарғы*, соңғысы *ішкергі жалғау* деп аталады [1, 143-б.].

«Қазақтың нағыз өз тіліндегі дыбыс – 24. Бұлар 3 түрлі болғандықтан, 3-ке бөлінеді. 5 дыбыс ашық айтылатын болғандықтан, *ашық дыбыс*, яки *дауысты дыбыс* деп аталады. 17 дыбыс тұйық айтылатын болғандықтан, яғни дауыстап айтуға көнбейтін болғандықтан, *тұйық дыбыс* яки *дауыссыз дыбыс* деп аталады. 2 дыбыс дауысты дыбыстардай нағыз ашық айтылмайтын болғандықтан, *орта дыбыс* яки *жарты дауысты дыбыс* деп аталады. 24 дыбысқа араб харіфтерінен үйлескендерін өзгертпей, үйлеспегендерін өзгертіп, харіфтер арналды». Бұл төте жазудың негізгі қисыны: араб таңбалары қазақ тілінің айтылу заңдылығына бағындырылған.

«Сөйлем мен сөз» тарауында: «Бір сөйлемнің ішінде бірнеше сөз болады; мәселен: «Аш бала тоқ баладай ойнамайды» деген сөйлемде бес сөз бар. Алайық «Тоқ бала аш болам деп ойламайды» деген сөйлемде алты сөз бар». Сөз бен буындар; буын мен дыбыс; қазақ тіліндегі дыбыстар; олардың таңбалары. Жарты дауысты дыбыстар: **р, л, у, й**. Қатаң дыбыстар: **б, п, т, с, ш, қ, к**. Ұяң дыбыстар: **м, н, ң**. Ымыралы дыбыстар: **з, ж**. Ымырасыз дыбыстар: **д, ғ, г**. Сөз тұлғалары: түбір сөз; туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар. Сөз жазуының ережелері, жұрнақтар. Атауыш сөздер: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік. Шылау сөздер: үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөз, тасымал. «Тіл – құралда» (1915) осы пән сөздердің әрқайсысы нақтыланып, іс жүзінде анықталған.

«Тіл – құралда» (Қызылорда, 1925): Сөйлем жүйесі; сөйлем мүшелері: *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш*; бұратана сөздер: *қыстырма, қаратпа*. Сөйлем түрлері: *болымды сөйлем, толымды сөйлем, толымсыз сөйлем, жалаң сөйлем, жайылма сөйлем*. Айтылуына айрылатын түрдері: *сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, тілекті сөйлем: бұйрықты түрдегісі, өтініш түрдегісі, үгіт түрдегісі, жай тілек түрдегісі*. Жай сөйлем; құрылуына айрылатын түрлері: *іргелес сөйлемдер, құрмалас сөйлемдер, сыйысулы құрмалас, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, басыңқы сөйлем, бағыңқы сөйлем, бастауыш бағыңқы сөйлем, анықтауыш бағыңқы сөйлем, анықтауыш бағыңқы сөйлем, толықтауыш бағыңқы сөйлем, мезгіл пысықтауышының бағыңқысы, мекен пысықтауышының бағыңқысы, сын пысықтауышының бағыңқысы, себеп пысықтауышының бағыңқысы, мақсат пысықтауышының бағыңқысы, шартты бағыңқысы, ереуіл бағыңқысы*. Қыстырынды сөйлем. Келтірінді сөйлем. Орамды немесе өрнекті сөйлем. Жазу қосымша белгілері мен тыныс белгілерінің жалпы ережесі: Кіші сызықша «-» (*тіркестіру белгісі*); үлкен сызықша « – » (*жұмақтану белгісі*); ақымақты үйрету – өлгенді тірілту [1, 311-б.]. Ноқат, нүкте «.» (*ұлы тыныс*). Үтірлі ноқат (*нүкте*) «;» (*орта тыныс.*) Теріс үтір «,» (*кіші тыныс*); Қос ноқат (Қос нүкте «:») (*бәшелеу белгісі*), Сұрау белгісі, леп белгісі, көп ноқат, қабат үтір. Жақша. «()» (*қамау үлгісі*). Кітаптың «Сөйлем түрлерін айыруға керек сөйлем мысалдары» тараушасында А.Байтұрсынұлы былай деген: «Сөйлем түрлерін айыруға керек сөйлем мысалдары деп өлеңмен айтылған сөйлемді» өлеңсіз түрге айналдыру; Сөйлем түрлерін айырту. Сөйлемдердің керек болған түрлерін оқушыларға тапқызу» деп берген көлемді мәтінде совет кезінде айтуға тыйым салынған үзінділер берілген [1, 312-320-б.]: «Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар, құлағын біреу салмас, біреу салар» деп басталған ұзақ мәтін келесі сөздермен тәмамдалған: *Жанға көңіл қалып тұр, Жан бұл күйге салып тұр. Тәнге көңіл қалып тұр, Тән шыдамай, арып тұр... Қараңғылық бұққанда, Қызарып күн шыққанда, Күн отынан туғанмын. Жүрегімді, жанымды, Иманымды, арымды, Жалынменен жуғанмын. Жүрегім де, жаным да от, Иманым да, арым да от. Жарқырап от боп туғаннан (берік), Белімді бекем бұғаннан (бері) Қараңғылық дұшпаным. Жауыздықты жамылған, Қарынға құл боп табынған, Қорсылдаған доңыздай, Көкті көрмей, көр болған, Сүйгені сасық жер болған соқыр. Сасық қоңыздай күн батысқа жүрейін. Дұғада бол, алтын Алтай, қарт Анам! Алып Ата құды жолын Ер балаң. Ақ шашыңды, көкірегіңді иіскеуге Тәңірі жазса, сәулетпенен тез барам. Азамат, анау қазақ*

«қаным» десең, *Ұжмақтың суын апар «жаным» десең. Болмаса, Ібіліс бол да у алып бар «Тоқтатам, тұншықтырып зарын» десең* [1, 320-б.].

«Баяншыда» (1920) қазақ тіліндегі дыбыстар һәм олардың жазу белгілері мен дыбыспен жаттығу реті былай келтірілген: «Оқу үйренудегі басты мақсат – керек сөзді жаза білу, жазылған сөзді оқи білу. Сөз – дыбыстың мағыналы болып тізілгені. Сөз айту – дыбысты ауызбен тізу. Сөз жазу – дыбыстардың белгісін қағаз бетіне тізу. Оқуға келген балалар сөйлей білсе де, дыбыстарды тізіп сөз шығара білмейді. Себебі олар сөздің дыбыстан тізілетінін білмейді. Оқуға балалар дыбыс үйренеміз деп келмейді, оқу, жазу үйренеміз деп келеді. Бірақ дыбысты білмей, дыбыстың қалай тізілетінін білмей, оқу, жазу үйрену қиын. Сондықтан осы күнде оқуы тәртіпті жұрттар балаларға хәріп көрсетпей тұрып, әуелі дыбыспен жаттықтырады. Дыбыспен жаттықтыруға көп уақыт кетпейді, онан келетін пайда көп: дыбыстарды тізіп үйренсе, хәріптерді тізу қиын болмайды. Сөздің ішінде қанша һәм қандай дыбыстар бар екенін айыруды білсе, хәріптерді қою қиын болмайды» [1, 330-б.].

«Тіл жұмсар» атты еңбектің (Қызылорда 1928) дәйектемесінде: «Бұл «Тіл жұмсар» деп ат қойып отырған кітап ана тілін жоғарыда айтылған жаңа жолмен үйретуге ыңғайланып шығарылған. Мұндағы білім «Тіл – құралдағы» білім, бірақ сол білімді мұнда үйрету жолы басқа. Тіл құрал қазақ тілі қандай құрал екендігін тұтас түрінде таныту үшін түрлі бөлшектерін, тетіктерін ұсағын ұсағынша, ірісін ірісінше жүйелі тұрған орнында алып көрсетіп танытады. Тіл жұмсар сол үлкен құралдың бөлшектерін, тетіктерін балаға шағындап бөлек бөлек ойыншық сияқты құрал жасап, соларды танытып, соларды жұмсату арқылы барып үлкен құралды танытады [1, 336-б.].

Әріп белгілері. Сөйлемдер. Сөйлем белгілері. Сөздер. Сөз белгілері. Буын. Буыншы әріптер. Бітеу буын. Буыншы әріптер. Қосарлық. Тастарлық. Тасымалдау. Нөмір тараушаларда нақты кәсіби аналитикалық талдау мен мысалдар келтірілген.

«Қай әдіс жақсы?» атты мақаласында (Жаңа мектеп, 1928 №3-4). А.Байтұрсынұлы: «ағылшын, америка, француз жазу жүйелерінің жазу жүйесі біздің жазу жүйемізде қатысы алыс», – деген. Бұлар «қытай таңбалы жүйелі жазбаға жақын» деп санаған. Ғалым осы ретте: «Он сөзінен бір сөзінде де болса сәйкестік бар, **бізге жақын жүйелі жазу орыстікі**. Онан да гөрі бізге жақын жүйелі жазу италияндікі (оның да сөзінің жазылуы мен айтылуы арасында сәйкестік көп деп айтылады). Сүйтіп, жоғарыда айтылған сөзден мынадай нәрсе байқалады: «Әуелі жазу екі негізді екендігі: 1. таңбаша жүйе; 2. әріп негізді. Екінші, әріп негізді жазулардың емле жүйелері түрлі-түрлі болатындығы. Үшінші, емле жүйелеріне қарай әріп негізді жазулардың таңба негізді жазуға жақыны да, алысы да бар екендігі. Осы күнгі қолданып отырған емлелердің бәрі төрт жүйеге бөлінеді: 1. таңбаша жүйе, 2. дағдыша (тарихша) 3. туысша жүйе, 4. дыбысша жүйе. *Таңбаша емле* – негізді жазумен тәртіптес, негіздес емле, мәселен қытайдікі. *Дағдыша емле* – баяғыдан бері жазып келе жатқан қалыпты қолданып отырған емле, мәселен, ағылшынша. *Туысша емле* – сөздің тек басына қарамай, басқа түбірлес, туыстас сөздердің де айтылуына қарайтын емле, мәселен, орысша. *Дыбысша емле* – сөз дыбыстарының естілуінше жазу жолын қолданатын емле, мәселен, италиянша, немісше, қазақша. Бұл айтылған емле жүйелерінің бәрі де әріп негізді жазулардың емле жүйелері. Бұлардың біреулері таңба жүйелі жазуға жақын болатыны көрініп тұр. Сөздің айтылуы мен жазылуының арасындағы сәйкестік күшейген сайын емле тәртібі таңба негізінен алыстай бермекші... Қытай сияқты таңба салмағанмен «ит «деп жазып, шошқа деп оқыған сияқты «мой» деп жазып «мува» деп оқитын емле тәртібі бар. Ағылшын, американдық, француз сынды жұрттарға дыбысты әдісті қолдану қолайлы ма? Олар түгілі «борода» деп жазып «барада» деп оқитын емле тәртібі бар орыс сияқты жұрттарға да дыбысты әдісті қолдану қолайсыз болатын орындары көрініп тұр. «Сақал» деп жазып, «сақал» деп оқитын, «тырма» деп жазып, «тырма» деп оқитын дыбысша емлесі бар **қазақ, қырғыз сияқты жұрттарға дыбысты әдісті қолдану тиістігіне дау болмасқа керек** еді, үйткені басқа дыбысша емлесі бар жұрттар дыбысты әдісті қолданып отыр. Мәселен, италиян жұрты» [1, 361-б.].

Келесі пән сөздерін тура осылай нақты анықтап беру үшін де ғылыми түйсік ерекше болу керек қой. Жалқылау (айырыңқы) әдіс. «Жалқылау әдіс жалпылау әдіске қарсы жөндегі әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы іріден ұсақтату. Жалқылаулы-жалпылау әдіс: Шағын сөзді деген түрі. Жазу оқу деген түрі. Дыбысты әдіс. Әңгімелесу. Оқуға даярлайтын істер. Әріптермен таныстыру. Дыбыстарды жіктеу туралы: *дауыстылар, дауыссыздар, толық дауыстылар, шала дауыстылар, аңғал түрлісі, қымқыру түрлісі, ауыз шығыстылары, мұрын шығыстылары, босаң жолдылары, қысаң жолдысы, босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі, қысаң жолдылары, босаң жолдылары, ашықтары, тұйықтары* тсс. Дыбыстар: *дауыстылары: толықтары, шамалары, аңғалы, босаңы, қамқырын, қысаңы, босаңы. Дауыссыздары: қысаңдар, босаңдары, ашық, тұйық, тұйықтаулары. Өткелділер. Өткелсіздер»* [1, 378-б.]. Осыншама қисынды пән сөздерін тар заманда қуғын сүргін заманда жүріп тауып берген ғалымның еңбектерінің ғылыми құндылығы ерекше.

А.Байтұрсынұлы өзі айтқандай, тіл ғылымы да – өз заңдылықтары мен пән сөздеріне негізделген ғылым саласы. Тұңғыш тілтанулық парадигмаларды өзі қалыптастырған ғалымның бұл ұстанымдары совет кезінен бері күні бүгін аты аталмай қолданыста келеді. Ұлттың «Әліпбиі – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы» деген А.Байтұрсынұлының ұстанымы қазіргі шетелдік лингвистерді қайран қалдырған теңеу екенін де біле жүрейік.

Қазақ әліппесін *Ар* сөзімен ашқан А.Байтұрсынұлының осыншама ғибратты ғылыми негізді теориялық тілтанулық зерттеулері бүгінгі жалпы түркология мен қазақ тіл білімі ғылымының да басты ұстанымдары болып қала бермек.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. – 438 б.
2. Оқу құралы (қазақша әліп-би). – Жетінші басылуы. – Орынбор, 1925. – 72 б.

Смағұлова Г.

филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН КЕҢІСТІГІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін «Тіл туралы» заң қабылданғаннан бері қаншама толықтырулар, өзгертулер болды, тіпті жаңа заң қайта қабылдануы да мүмкін. Себебі қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, бұл – заман мен қоғам талабы. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін «Тіл туралы» заң қабылданғаннан бері қаншама толықтырулар, өзгертулер болды, тіпті жаңа заң қайта қабылдануы да мүмкін. Себебі қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан, бұл – заман мен қоғам талабы. Ал қазақ тілінің қолданыс аясы ұлт тіліне қатысты қоғамдағы барлық проблемалардың ең өзекті тұсы екендігі даусыз.

Мемлекеттік тіл туралы әңгіме болғанда мына үш түрлі ерекшелікке назар аудару керек:

1. Мемлекеттік тіл – белгілі бір мемлекетте сәйкестіліктің, біртұтастықтың рәмізі, белгісі ретінде қабылданатын тіл.

2. Мемлекеттік тіл – белгілі бір мемлекеттің аумағында таралған, айрықша саяси-құқықтық заң дәрежесіндегі мәртебесі бар тіл.

3. Мемлекеттік тіл – нақты бір ел тұрғындарының ұлттық құрамына қарамастан мекемелер мен ұйымдарда, сот ісінде, құқық қорғау органдарында, білім беру мен денсаулық сақтауда, ісқағаздарын жүргізуде қолданылатын міндетті тіл [1].

Өткен тарихқа үңілсек, ұлттың тіл тіл саясаты мемлекеттік жүйеге түсу кезеңінен-ақ қалыптасқан заңдылық екені анық. Қазақ тілі қашан да өз халқы мен мемлекетіне, өз еліне, өз ұрпағына көп салада қызмет еткен тіл болғаны, оның бүгінгі таңдағы түркі тілдерінің ішіндегі ең бай, ең құнарлы, әрі көркемдігін толық сақтағандығына қарсы болатын пікір жоқ.

Бүгінгі тіл саясатында болашаққа барлау жасай отырып, қазіргі қоғам өмірінің коммуникациялық актісіндегі мемлекеттік тілдің жұмсалыу ерекшелігіне жүйелі де принциптік түрде қолдау көрсетілмесе қоғамның даму ерешелігіне сәйкес қазақ тілінің ары қарай дамуы күмән туғызады... Сондықтан, қазіргі жағдайда халықпен тікелей араласатын алдымен **жергілікті атқарушы органдардың жұмысы туралы айту керек.**

Жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлерінің қазақ тілінде іс- жүргізуі бірден нәтижелі бола қоймады. Олардың қазақ тілінде ісжүргізу мүмкіндіктерін арттыру бағытында және көмек ретінде мемлекеттік тапсырыспен жыл сайын әртүрлі салалар бойынша орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздіктердің, орысша-қазақша тілдескіштердің, ресми ісқағаздары үлгілерінің жинақтары шығарылып, электронды нұсқасымен бірге кітап және диск түрінде таратылып отырады. Түйіндеп айтқанда, қазіргі таңда: кеден ісінде, денсаулық сақтау мекемелерінде, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет, қаржы саласында, елді жұмыспен қамту және әлеуметтік жағынан қорғау, архитектура және құрылыс, қоршаған ортаны қорғау, логистика салаларында, коммуналдық шаруашылық пен энергетика саласында, сот ісі мен адвокатура және құқық, жер қатынастары, тұрғын үй шарушылығы т.б. салалары бойынша ісқағаздарының үлгілері дайындалып, жинақтар ретінде сала қызметкерлеріне үлгі-әдістемелік құрал ретінде шығарылған.

Жинақтарда қолданыстағы ісқағаздарының үлгілері қазақ және орыс тілдерінде берілген. Сәулет және құрылыс, білім беру және педагогика, ауыл шаруашылығы, төтенше жағдайлар, жер қатынастары және тағы басқа көптеген сала бойынша орысша-қазақша тілдескіштер де жарық көрді. Осы шығарылған салалық сөздіктер тіл үйренуді жеңілдетіп, мемлекеттік тілде дайындалатын ісқағаздардың бір үлгіде болуын, мәтіндердегі бірізділіктің сақталуына септігін тигізеді. Сала қызметкерлеріне арналған бұдан басқа түрлі екі тілде анықтамалық терминологиялық сөздіктер де жарық көрді. Аталған сөздіктерде тиісті салада жиі қолданылатын атаулардың, терминдердің, сөз тіркестерінің қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқалары әліпби ойынша ғылыми түсініктермен берілген.

Дегенмен де аталған салаларда қазақ тілінің қолданыс аясы біршама қалыптасқан, мемлекеттік тілдің коммуникациялық функциялары айқындалып, іс жүзінде нәтижелі жетістіктер бар екендігі белгілі. Мәселен, терминологиялық зерттеу еңбектері мен сөздіктер, ресми ісқағаздар жүргізуге үлгіленген түрлі көмекші құралдар, оқулықтар т.б. толып жатқан игілікті іс шараларды айтуға болады.

Тілдің қолданыстық қызметінің негізі – оның жойылып кетпеу қаупіне, өмір сүру ұзақтығына тікелей әсер етеді. Адамның ана тілінде сөйлеуі мен тілді игеру қабілеті жас кезінен басталатындықтан тілдік саясатты осы кезеңмен байланыстыра қалыптастырған орынды. Дүниені тану, қоршаған орта туралы алғаш рет туған тілінде ақпарат беретін, балабақшалар мен мектептерде білім беретін, жоғары оқу орындары арқылы ана тілде тілдік сана мен тілдік ортаны өз дәрежесінде қалыптастыратыны түсінікті жайт.

Осыған орай, Қазақстан Республикасындағы қазақ тіліндегі мектептер мен балабақшалардың санының артуы қазақ тілінің қоғамдық белсенділігін арттырып, ел аумағында тілдік ортаның қалыптасуына өз әсерін тигізуі әр жылдардағы деректерге негізделген статистикалық көрсеткіштер дәлел .

Қоғам өмірінің барлық саласында толыққанды қызмет атқару мәртебесіне ие мемлекеттік тілдің бір қыры салалық мамандарға арналған терминологиялық лексиканы қалыптастыру мен дамыту болып табылады. Мәселен, қазіргі кездері **халықаралық қызметтегі мемлекеттік тіл қолданысы** жақсы нәтижелер беріп келеді. Дәстүрлі халықаралық терминдерді бұрын өзгеріссіз қолданатын. Соңғы кезде сыртқы қатынастар саласында бірқатар терминдер қайта қаралып, нақтыланды, шет мемлекеттердің атауы, халықаралық ұйымдардың, тіпті астаналары мен ірі қалаларының дұрыс жазылуына дейін (бұрын орыс тіліндегі нұсқасы алынатын) назар аударылды. Ал үш тілді (қазақша-орысша-ағылшынша және орысша-қазақша-ағылшынша), (французша-орысша-қазақша), (немісше-орысша-қазақша) дипломатиялық сөздіктердің жарыққа шығуы халықаралық қызметте қазақ тілінің қолданылу аясын

кеңейтуге, шетелдік дипломаттардың күнделікті жұмыстарына пайдалануға үнемі көмегі бар қажет сөздік болды. [2]. Қазақ тілінің халықаралық қатынастардағы орны мен рөлі дипломатия саласында мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру арқылы сапалық деңгейі өсті. Барлық мемлекеттік органдарда осыған ұқсас министрлік қызметкерлері (қаржы, экономика және бюджеттік жоспарлау, ауылшаруашылығы т.б.) тіл біліктілігін көтеруге бағытталған көмекші құралдармен, әр түрлі сөздіктермен, оқу әдістемелік кешенмен және электрондық әдебиет нұқаларымен қамтамасыз етілген.

Мемлекеттік қызмет саласындағы қазақ тілінің ахуалы сырттай қарағанда жақсы болып көрінеді. Себебі мекеме басшылары қазақ тілінде ісқағаздарын жүргізудің пайызы жоғары екендігін тілге тиек етеді. Алайда мемлекеттік органдар қызметшілері көбінесе орыс тілділер екені бесенеден белгілі. Түрлі жиындарында оқылатын баяндамалар орысша дайындалып, орысша оқытындары әлі күнге дейін жалғасып келе жатыр. Қай жерде болмасын терминология саласы ұдайы пікір талас тудырып отыратыны рас. Осы орайда бұл проблеманы жеңілдетудің бір тетігі жоғары оқу орындары студенттерінің өз мамандықтарына сәйкес «Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқытудың да маңызы жоғары екендігі белгілі. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның ғылымда, өндірісте, елдің халықаралық байланыстарында қолдану аясының кеңі түсуі тіл үйренушілердің болашақ мамандығымен байланысты екендігін көрсетеді. Тілді кәсіби дәрежеде меңгеру талабы бірінші кезекте болуы тиіс.

«Кәсіби қазақ тілін» оқыту бүгінгі күн талабындағы ғаламдану үрдісінде бәсекелестікке түсе алатын, мемлекетіміздің мақсаты мен мүддесіне қызмет ететін білікті маман даярлауда өзектілігі дау тудырмайды. Салалық терминдерді оқытып үйретудің негізі «Кәсіби қазақ тілін» оқытудан басталады. Мемлекеттік тілді оқыту барысында мамандыққа қатысты «Кәсіби қазақ тілі» қазір түйткілді мәселерді бастан кешіріп отыр. Бұл пәннің мақсаты мамандыққа кіріспе емес, қазақ тілін кәсіби деңгейде жетік меңгеру талаптарына негізделген.

Бұл пәнді аяқтаған тіл үйренуші:

- мемлекеттік тілде таратылатын мол ақпараттар толқынынан өзіне, өз мамандығына қажеттісін таңдап алып, оны коммуникативті-функционалдық бағытта қолдана білуі керек;
- мемлекеттік тілде өзіндік көзқарасын таныта білу, оны дәлелдеп, қорғай білуі;
- өзінің алған білімі мен білік-дағдыларын, қазақ тіліндегі сөздік қорын, терминологияны үнемі дамытып отыруы;
- мемлекеттік тілде өз мамандығы аясында шешен сөйлеуге дағдылануы; кез келген жағдайда өз бетінше шешім қабылдай білуі;
- проблеманы танып, оны шешудің жолдарын айқындау, оны мемлекеттік тілде көркем жеткізе білуі керек және т.б.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның қоғамның барлық саласында қолдану аясының кеңі түсуі тіл үйренушілердің болашақ мамандығымен байланысты екендігі баршамызға дау туғызбаса керек. Осыдан бәсекеге қабілетті, мемлекетіміздің мақсаты мен мүддесіне қызмет ететін білікті маман даярлауда бұл пәннің өзекті екендігі айқындалады. Ал математика, физика, химия, информатика, география, биология, тарих, медицина, психология, салаларына байланысты жазылған «Кәсіби қазақ тілі» оқулықтары қолданыста әлі аз. Қай қоғамды алсаңыз да, мемлекеттік тілі бар ұлт – ұлт, мемлекеттік тілі бар ұрпақ – болашағы бар халық. Бұл тұжырымды ешкім ешқашан өзгерте алмайды. Жылдар бойы адамзат тарихынан келе жатқан «тіл үшін күрестің» бар екендігі тілдің жай ғана қарым-қатынас құралы еместігін аңғартады. Бірақ, ең басты мәселе – ұлттың асыл қазынасы туған тілін сақтап қалу үдерісінде ұлт бірлігі, ел тұтастығы қашанда басты орында тұратындығы.

Қазақстандағы түрлі диаспоралардың өзара мәдениарлық қатысымының маңызы зор. Бұл ретте барлығына қажетті «өркениетке қадам басқан адамзат өзінің қажетті игіліктері үшін бір-бірінен мәдениарлық қарым-қатынасты дамыту үшін өзге мәдениет пен тілді үйрену қажеттілігі туралы тұжырым жасаған америкалық антрополог зерттеуші Э.Холл «мәдениеттің қарым-қатынас үдерісімен бірігуі» деген аксиомалық қағидасымен назар аудартады. [3].

Қазіргі таңда мемлекеттік тіліміздің өз мәртебесіне сай қолданылу ерекшеліктеріне байланысты қоғамда көптеген қарама-қайшы пікірлердің орын алып отырғаны баршамызға аян. Осы мәселеге байланысты түрлі дау-дамайлардың да туындап, әлі күнге өз шешіміне келмегені де жасырын емес.

Бұл ретте бүгінде Қазақстандағы тілдік саясат пен тілдік жоспарлаудың даму жағдайы **қазақ-орыс қостілділігіне** бағыт алып, Қазақстан республикасының Конституциясы мен Тіл туралы заңында қазақ тіліне – мемлекеттік тіл, орыс тіліне – ұлттаралық қарым-қатынас тілі мәртебесі бекітілгендігі.

Осыған орай

- білім беру мен ғылым салаларындағы қазақ-орыс қостілділігі
- өзге ұлт өкілдерінің ауызша формадағы қазақ-орыс қостілділігі
- түрлі ресми іс шаралар мен жиналыстарда, басқосуларда қазақ-орыс қостілділігінің белсенді қолданылуы
- жазбаша формадағы ісқағаздар мен түрлі қаржылық, экономикалық есеп-қисаптар, келісімшарттар және т.б. қазақ-орыс қостілділігі сияқты **негізінен қазақ-орыс қостілділігінде жүзеге асырылуы бүгінгі Қазақстан Республикасы тілдік саясатының шынайы тілдік ахуалын көрсетеді.**

Енді елімізде жүргізіліп отырған тіл саясатының кейінгі жылдардағы ахуалына көз жүгіртсек, уақыт талабы мен дүниежүзілік өркениеттің сұранысына сәйкес көптілділіктің (үш тұғырлы тіл) де коммуникативтік сипаты белсенділікке ие болып келеді. Бұған себеп: қазіргі жаһандану үдерісіндегі уақыт, кеңістік, контекст сынды этномәдени бірліктің талабы бойынша коммуникативтік өлшем айқын болуы тиіс. Коммуникативтік өлшем көпкомпонентті өлшемдер ішінде Г.Хофстеде «уақытқа қатынас және ұжымға деген қарым-қатынас» деген өлшемді бөліп көрсетеді. [4]. Шын мәнінде, ұжым тіл иесі, оған әлеуметтік және этникалық мәртебе берілген. Ал қандай қоғам болса да заман, уақыт талабын ескереді. Мәселен, қазір «үшінші мәдениет адамы» деген түсінік бар. Ғаламтор желісінде бұл түсінік иммигранттардың екінші ұрпақтарының мәдениетіне қатысты ұғым. Бұл Қазақстандағы өзге тілді, демек көптілді өзара мәдениеттер қатысымының астарында түсіндіріледі. Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін де, кейін де көшіп келіп қоныстанғандардың дені қазақ тілін меңгермеген. Ал олардың Қазақстанда өсіп келе жатқан ұрпақтары үшінші мәдениет өкіліне жатады. Бұлардың басқалармен мәдениаралық қатысымды оңтайлы жасауы интермәдени кеңістікте үшінші мәдени өкілін қалыптастырады. Айтып отырған үшінші мәдениет өкілі деген проблема әлі толық зерттелмеген. Бұл ретте үлгі ретінде дамыған елдердегі әлемдік тәжірибені зерделей отырып, көптілділіктің қоғамдағы даму бағыттары және оның қызметін сондай-ақ, бір-біріне тигізетін тиімді немесе кері әсерінің нақты көріністерін саралап, ұдай жүргізілетін статистикалық мәліметтер мен зерттеулер аясында қадағалап, талданса құп болар еді. Сондай-ақ, болашақта социологиялық және әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу орталықтарын құрып, көптілділіктің нәтижесінің талданғаны жөн.

Мемлекет аумағындағы тілдік жағдаят пен тілдік ахуалдың нақты көрінісі түрлі кезеңдік мерзімге сәйкес қарастырылып тұруы тиіс, нәтижесіне сәйкес Үкімет тарапынан тиімді заңнамалық өзгерістердің енгізілуі де дұрыс болар еді. Қазақстанда өмір сүретін этникалық қауымдастықтардың, мәселен, славян тектес халықтардың дені, басым көпшілігі қос тілді емес, бір тілді – славян тектестер болып отыр. Қостілді – жергілікті қазақ ұлты десек, ал ұйғыр, неміс, өзбек, татар, башқұрт, дүнген, кәріс, шешен, қырғыз, күрд және басқа да аз санды ұлт өкілдері көптілді. Бұлар орыс тілмен қоса, қазақ тілін тәп-тәуір меңгергендер санатына жатады.

Енді Қазақстанда тұратын кіші этникалық топтардың тілдерінен бөлек, тіл саясаты тұрғысынан көптілділікке ие осы үш тілдің: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің ресми мәртебесі мен қоғамдық қызметіне назар аударайық. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Ата заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі. Орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие. Біздің заңнамаға сәйкес, оның

қолданылуын шектеуге болмайды. Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс» – деп атап көрсетті [5].

Қазақ тілі – қазақтар үшін ата-баба тарихымен бірге мәңгі жасап келді. Қазақ тілі ұлт тілі болғандықтан өзінің ішкі лингвотникалық болмыс-бітімімен, тілдік жүйедегі заңдылықтарымен ерекшеленіп, ғасырлар бойы атадан балаға (жас, жыныс, сенім, кәсіп, әлеуметтік жағдай айырмасына карамай) мирас ретінде берілген. Сондай-ақ, қарым-қатынас құралы қызметін атқарып келе жатқан қазақ халқының өз ана тілі. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының Конституциялық мәртебесі бойынша, Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілі.

Мемлекеттік тіл: белгілі бір мемлекет аумағында кең таралған, республика тұрғындарының ұлттық ерекшеліктеріне қарамастан, мекемелер мен ұйымдарда, сот ісінде, құқық қорғау органдары мен қарулы күштерде, медицина мен білім беру жүйесінде, баспасөзде, өнер мен мәдениет салаларында, ісқағаздарын жүргізуде қоғам өмірінде айрықша саяси-құқықтық мәртебеге ие, сәйкестіліктің, біртұтастықтың нышаны ретінде қолданатын негізгі тіл.

Орыс тілі – титулды ұлт қазақтардың тарихи тілі емес, бірақ ресми мәртебесі бар мемлекеттік тілмен тең дәрежеде қолданылатын ресми тіл және Қазақстандағы статистикалық мәлімет бойынша ең көп диаспора орыс халқының ана тілі, сондай-ақ басқа ұлт өкілдерімен өзара қарым-қатынас тілі. Әрине, ресми деген атағы бар орыс тілінің өміршеңдігі мен қоғамдық қажеттілігі Қазақстанда аса белсенді болып тұрған жоқ па?!

Орыс тілі қазақ тілімен қатар елімізде білім беру (қазақ бөлімдерінің саны күрт көбейіп келеді) мен денсаулық сақтауда, банк пен экономика жүйесіндегі кіріс-шығыс, есеп-қисап тілі, мемлекеттік және жеке компаниялардағы түрлі ісқағаздар тілі, жаратылыстану салалары бойынша басымдыққа ие ғылым тілі, БАҚ, Мәдениет, ғаламтор мен электронды құралдарда белсенді тіл болып тұрғаны – өмір шындығы.

Бүгінгі Қазақстандағы тіл саясатында ағылшын тілі жаһандану кезіндегі өркениет талаптарына жауап беретін жаңа ақпарат таратушы инженерлік-компьютерлік технологиялар тілі, бизнес мен экономика тілі, халықаралық қатынастар мен іскерлер тілі, белгілі бір әлеуметтік топтар үшін (жастар) жоғары еңбекақы мен тұрақты жұмыс орнын сақтап тұруға мүмкіндігі бар заманауи тіл болып тұр. Болашаққа үлкен бетбұрыс ретінде Қазақстандағы тіл саясаты қоғамдық-саяси, экономикалық, өркениеттік, электронды-ақпараттық, жаһандық сұраныстар мен қажеттіліктерге сәйкес «қазақ-орыс-ағылшын» көптілділігін қалыптастыруды қолға алды.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсатында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі толыққанды қызметін қамтамасыз ете отырып, латын графикалы әліпби негізінде қазақ тілін жаңғыртуға, тіл мәдениетін одан әрі арттыруға және тілдік капиталды дамытуға бағытталған үйлесімді тіл саясатын жүргізу деп көрсеткен. Бағдарлама бойынша мемлекеттік тілдің этносаралық қатынас тілі ретіндегі рөлін күшейту; білім беру саласындағы қазақ тілінің функцияларын кеңейту және оны қолдану мәдениетін арттыру; мемлекеттік және мемлекеттік емес сектор ұйымдарында қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру; ақпараттандыру және коммуникация саласындағы қазақ тілінің қолданылуын жетілдіру; мәдениет, халыққа қызмет көрсету, БАҚ және бизнес саласында мемлекеттік тілдің қолданылуын реттеу, әлеуметтік беделін арттыру; халықаралық коммуникацияда қазақ тілінің қолданылуын кеңейту [5] т.б.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Ал мұндай шетін мәселеге назар аудармаған БАҚ – бұқаралық ақпарат құралдары жоқ. Осылардың ішінде интернет ресурстарында ғана мемлекеттік тілге арналған жарияланымдарға үн қатқан қалың бұқара ашық пікірлерінің өзі талдауды қажет ететін бір салаға айналып отыр. Көпшілік қолданатын ғаламторда да тіл туралы мәселе қозғалып жатқаны қуантарлық жәйт. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі туралы интернет сайттарында өз пікірін жарияламаған қазақстандық кемде кем. Азаматтық көзқарасы енді қалыптасып келе жатқан мектеп оқушысынан бастап озық ойлы қоғам қайраткерлері де өз

тұжырымын, ішкі ойын қалдырғанын көресіз. «Мемлекеттік тіл» туралы заң жобасының баптарына қатысты интернет желісіндегі талқылауларға да назар аудару керек. Себебі кейбір интернет желілерінде мемлекеттік тіл мәселесі «ура-патриоттық» жалған тек сөз жүзінде ғана талқыланып жатқан сынай бар. Қазіргі жағдайда кез келген ортада тілге құрмет алдымен қазақтардың өзі қарапайым үй-ішілік, тұрмыстық жағдайдан бастап, әр жердегі іс-әрекетінде қазақша сөйлеп жүрсе құба-құп болар еді. Ғаламтор желісіндегі тіл жанашырларының ащы болса да, оңды пікірлеріне құлақ асу керек.

Қазақ тілінің қолданыс аясына қарай жүргізілген сауалнама нәтижелерін де айта кетсек. (* Осы мақала авторының мемлекеттік грант аясында жүргізген «Қазақ тілінің даму тенденциясы» жоба материалдарынан алынып отыр.) Сауалнаманы халық арасында кез келген әлеуметтік топқа жүргізілетін нағыз демократиялық бақылау деуге болады. Бұл ретте мемлекеттік тілдің қолданыс аясын білу үшін ғылыми зерттеу мақсатындағы сауалнамаға тек орыс тілділер таңдалды. Сауалнама 1000 адамға жүргізілді. Жүргізілген сауалнаманың нәтижелерін көрсек.

Мемлекеттік тілді дұрыс білмегендіктен туатын қиындықтарға сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі *тек қана ісқағаздар жүргізу ісінде* ғана тап болатынын айтты. Ал қазіргі жағдайдағы ісқағаздар ісін жүргізу бойынша оқулықтардың, оқыту-әдістемелік құралдардың, әдебиеттің жеткіліктілігіне қарамастан, сауалнама қатысушылары әлі де *оқыту-әдістемелік құралдардың* аздығынан деп есептейді. Бірақ көптеген адамдар қазақ тілін үйрететін оқулықтар негізінде өз бетімен-ақ тілді меңгеріп алған жағдайлар да жеткілікті екені рас. Сонымен қатар сауалнамаға қатысушылар Отан алдындағы азаматтық борыш, патриоттық емес, тек *Қазақстанда өмір сүру ниеті, не болмаса мансапқа қол жеткізу ниеті* ғана мемлекеттік тілді үйренудегі негізгі стимул болып отырғанын байқатты.

Жоғарыда талданған мәселелерді қорыта келгенде, қазақ тілінің қоғамдық қызметі қоғамдық өмірдің аса маңызды мынадай салаларында жүзеге аса бермекші: кез келген басқару органдары, ақпарат, білім беру мен тәрбие ісі, ғылым мен техника салаларында; Қазақстан ғылымының дамуы сатысында: қоғамдық ғылымдар, жаратылыстану мен нақты ғылымдар, техникалық және қолданбалы ғылым, экономика салаларында, ғылымның жалпыға ортақ салаларында және БАҚ, іс жүргізу саласында; мемлекетке тиісті: қоғамдық-саяси, мәдени мекемелер мен ұйымдарда; түрлі министрліктерге қатысты ұйымдар: дене тәрбиесі, спорт, туризм, денсаулық сақтау мен емдеу мекемелерінде; қоғамдық тамақтандыру орындарында; халыққа қызмет ететін өнер мекемелерінде (театр, кино); халықаралық дипломатиялық қарым-қатынаста; коммерциялық емес акционерлік қоғамдағы шаруашылық жүргізу және ұйымдастыруда; мемлекет аумағындағы өндіріс және өнеркәсіп орындарында; Қазақстан Республикасында өтетін республикалық, халықаралық құрылтай, конференция, мәжіліс, жиындар т.б. Санамалап көрсетілген бұл баптарда үлкен жауапкершілік жүктейтін міндеттер көрсетілген.

Қазақстанның әр азаматы мемлекеттік тіл саясатын жоспарлы түрде асыру бағытында ұлтының, келер ұрпағының болашағы үшін сын кезеңде жүргенін есте ұстағаны абзал. Мұндай биік мақсаттардың ең басында тұрған мәселе – әр қазақстандықтың қазақ тіліне деген жауапкершілігін барынша жан-жақты сезінуі. Мемлекеттік тіл қарым-қатынас тілі болумен қатар, Қазақстан мемлекетін әрі қарай дамытушы әрі сақтаушы фактор ретінде ұғынылуы тиіс. Қазіргі кезде қазақ тілінің бай сөздік қоры, тілдің поэтикалық қуаты, оның жан-жақты қолданыс мүмкіндіктері тілді тұтынушының кез келген сұранысын толық қанағаттандырады.

Ақпараттық-технологиялық ғасырда қазақ тілінің өрісі кеңейіп, басқа да тілдердей нығайып, орныға түсуі үшін қазақ тілін әр маман кәсіби дәрежеде меңгеруі керек. Тәуелсіз Қазақстан кеңістігіндегі мемлекеттік тілдің қолданыс аясын одан әрі жан-жақты кеңейтуге, тереңдетуге әрбір қазақстандық азамат мүдделі болуға тиіс. Елбасының «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» дегені мемлекеттік тіл иелерінің қай кезде болса да жадында жаңғырып тұруы керек!

Пайдаланылған еңбектер:

1. Тіл білімі сөздігі. Словарь по языкознанию. – Алматы: Ғылым, 1998. – 540 б.
2. Hall E. The Silent Language. – Garden City, N.Y.: Anchor Press / Doubleday, 1959. – 240 p.
3. Сөздіктер: Заң терминдерінің қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздігі. Құраст.: Н.Дулатбеков және т.б. – Алматы, Жеті жарғы, 1995. – 144 б.; Заң терминдерінің сөздігі. – Словарь терминов законодательства. Құраст.: Оразалинов С., Айымбетов М., Бодаубай Б., Ақыпбекұлы Ө. – Алматы, Жеті жарғы, 2004. – 656 б. 3. Қазақша-орысша-ағылшынша және орысша-қазақша-ағылшынша дипломатиялық сөздік.. – Астана 2010.; Бакитов А., Жуманова Р. Французша-орысша-қазақша, қазақша- орысша- французша дипломатиялық терминдер сөздігі. – Алматы: «Фирма Орнак», 2013. – 380 б.; Шалгинбаева Р. Немісше-орысша-қазақша, қазақша-орысша-немісше дипломатиялық терминдер сөздігі. – Алматы: «Фирма Орнак», 2013. – 396 бет.
4. Hofstede G. Cultures and Organizations: Software of the Mind. – N.Y.: McGraw-Hill, 1997. – 279 p.
5. Тоқаев Қ. Қазақстан халқына жолдауы // [https:// www. primeminister. kz](https://www.primeminister.kz) › address
6. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // <https://egemen.kz> › last-news

Салқынбай А.

филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

ҰЛТТЫҚ КОДТАҒЫ ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Кеңістік – барлық нәрсенің, ал уақыт – бүкіл оқиғаның өлшемі. Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады» делінеді [1]. Кез келген халықтың табиғатты, жалпы әлемді танып-білудегі танымы – адамзаттық танымның дамушы арналары ретінде бағалануы тиіс. Осы орайда, қазақ халқы қалыптастырған тотемдік ұғымдар да адамзат ойының дамуының бір көрінісі ретінде таныла алады. Кез келген халықтың табиғатты, жалпы әлемді танып-білудегі танымы – адамзаттық танымның дамушы арналары ретінде бағалануы тиіс. Осы орайда қазақ халқы қалыптастырған тотемдік ұғымдар да адамзат ойының дамуының бір көрінісі ретінде танылады.

«Тотем» сөзі оджибве тайпасының тілінде «ототеман» тұлғасында «оның тегі» деген мағынада жұмсалған. Бұл атауды термин ретінде алғаш рет ХҮІІІ ғасырда Дж. Лонг қолданған. Тотемнің мәні «адам баласы мен әртүрлі заттар, құбылыстар, өсімдіктер, жануарлардың шығу тегіндегі тектестік, бірлік» деп танылған. Ғалымдар тотемнің шығуын «шаруашылықтың қарапайым, түсініктің балаң кезеңінде пайда болған» деген қорытынды шығарады. Заттар мен құбылыстарды, жан-жануарлар мен өсімдікті, құстарды киелі санау, оны дәстүр ретінде кейінгі ұрпаққа мирас ету дүние жүзі халықтарының бәрінде дерлік кездеседі. Америка, Азия, Аустралия, Еуропа, Африкада мекендейтін халықтардың бәрінің тотемдік ұғымдары бар. Бұл танымдар дүние жүзі ғалымдарының назарын көптен-ақ өзіне аударған. Э. Тэйлор, З. Фрейд, А. Ланг, П.Хайтун, С. Толстов, Н.А. Алексеев, А. Рассоний, Д.К. Зеленин, С.Г. Нестеров, Г.Н.Потанин; қазақ ғалымдары – Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, О. Сүлейменов, Ә.Ахметов, А. Сейдімбек т.б. зерттеушілер осы мәселе бойынша ғылыми еңбектер жазған.

Қазақ халқының тотемдік нанымдары туралы айтылған пікірлер әр түрлі. Зерттеушілер қазақ тотемі ретінде күн, ай, өгіз, қасқыр, аққу, қарға, ағаш т.б. заттар мен жануарларды атайды. С. Ақатаев бұған қоса, ауыз әдебиетінде кездесетін үй жануарларының пірлері ретінде саналатын Шопан ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Қамбар ата, Шекшек ата да тотемдік түсінікпен байланысты деп қарастырады [2, 61-б.].

Қазақ халқының төл тотемін айқындау үшін, біз тілге, тілдік бірліктерге иек артамыз. Халық өзі киелі деп қабылдаған, қастерлеген ұғымдарды сөз арқылы мүсіндеп, таңбалап қалдырған. Тіл – адам танымның, ойының материалдық көрінісі десек, көшпелі ғұмыр кешіп, табиғаттың төл баласындай болған халық – бүкіл танымдық дәстүрі мен түсінігін, білімі мен білігін қасиетті сөз өнерінің қауызына сыйғызған. Ал халықтың тотемі болған зат не құбылыс

атауы қастерлі ұғым ретінде халық ауыз әдебиеті мұраларында, көне түркі жазба мұрағаттарында, тұрақты сөз тіркестері құрамында, мақал-мәтелдерде сақталып қалуы тиіс. Қабылданған тотемдік ұғым киелі саналып, сөзде оның қасиетін айқындайтын түсініктер болуы қажет. Қазақ елі – сөз өнеріне іждаһатпен қарап, сөз мәнісін ұғынған жұрт. Ендеше, тотемдік түсініктің тілде өрнектелуі, сақталуы заңды құбылыс деп танимыз.

Түркі тотемі (оның ішінде қазақ тотемі де) бөрі деп тану дәстүрі бар екені аян. Бұлай түсінудің терең сыры – тарихтың терең қатпарларында қалыптасқан мифтік аңыздар мен ертегілерде жатыр. Айталық, Ашина әулетінің пірі ретіндегі Көк бөрі бейнесі түркі халықтарының байрақтарында желбірегені, Қазақстан өңірінен табылған ескерткіш – балбал тастардан, халық ауыз әдебиеті нұсқаларында сақталған аңыз-әңгімелерден де белгілі. Бірнеше аңыздар академик Әлкей Марғұлан еңбектерінде берілген, онда: «Түрік қағанатын бірінші рет басқарған ғұн ұрпағы шене (бөрі) – ақылды, кемеңгер, ойшыл кісі болған»,– деп жазады автор [3, 8-б].

Көк бөрі – жалпы түркі, монғол жұртына ортақ тотем. Демек, көк бөрінің киелілік қасиеті ең көне заманда-ақ пайда болған түсінік. Ал қазақ халқының танымдық санасында «бөрі» бейнесі үнемі саналылық пен парасаттылықтың, ержүректілік пен батырлықтың символы ретінде таныла бермейтіні тағы да ақиқат. Қасқырды малдың жауы, жыртқыш деп білуі – күн көрісі ретіндегі тіршілігінің мәні болып табылатын төрт түлік малының басты жауы болғандығы. Қысы-жазы мал баққан даладағы қазақ баласы үшін, қасқыр оның бірінші жауы. Сондықтан да, оның атын атаса, өзі келіп бүлік шығарады деген түсінікпен, «қара құлақ», «ұлыма», «серек құлақ», «ит құс», «қасқыр» сияқты эвфемизмдермен атаған. Бөрінің тотем ретіндегі киелі түсінігі қазақ танымына тән болмауы да ықтимал. Ал Сүйінбай ақын жырлаған «Бөрі басы – ұраным, Бөрілі менің байрағым» деген толғауындағыдай, «бөрі» қазақ рулары мен тайпаларының ұраны мен таңбасында, байрағында болмағаны тарихи шежірелер мен тастарға қашалған таңбалардан белгілі. Демек, монғол халқына тән бұл тотемдік түсінік монғол үстемдігі тұсында немесе тарих сахнасында одан да бұрын болған. Найман мемлекеті кезеңіндегі екі халықтың тығыз байланыста ілік-шатыс болуынан ауысқан түсінік те болуы ықтимал. Рулық қауымның киелі бабасы саналуға тиіс тотемдік жануардың сол ру мүшелеріне жанашырлық, аналық сезімі баяндалатын қазақша аңыз, ертегілердің кездеспеуі – сөз кестелерінде бейнеленбеуі де көп жайтты аңғартса керек. Айталық, қырғыз халқының тотемі деп есептелетін Бұғы ана келбеті, оның мейірімділігі мен аналық жылуы, кеңдігі мен парасатты бейнесі қырғыз әдебиетінде ғажайып сезіммен жырланады.

Қазақ халқының тотемі қарға болған деген соны ойды А.Сейдімбеков «Ана тілі» газетінің бетінде жариялаған еді. «Қарға – Тәңірінің елшісі» атты бұл мақалада автор қарғаның тотем ретіндегі қасиетін дәлелдеуге талаптанды. Ел танымында қарға киелі саналды ма, жоқ па деген мәселеден бұрын, біз автор осыған дәлел ретінде келтіретін *қарғам-ау, қарғатай, қарғаш, қарға тамырлы қазақ* сөздерінің ішкі мағынасы мен дыбысталу тұлғасындағы өзгерістерді анықталық.

Танымал этнолог-ғалым А.Сейдімбеков «Қарғам-ау, сен қалайсың мен дегенде» деген халық әніндегі «қарғам-ау» сөзін «қарға» мағынасында түсінген. Біздіңше, бұл екі атаудың арасында ешқандай мағыналық байланыс жоқ. Екі сөз – дыбысталуы жағынан ұқсас болып көрінгенімен, екі түрлі ұғымды анықтайтын омонимдес тұлғалар. Өлең жолындағы «қарғам-ау» сөзінің мәні Абайдың «көзімнің қарасы, көңілімнің санасы» өлеңінде айтылатын көздің қарашығымен бірдей мағынада, түбірлес, сабақтас. Мұндағы «қара» сөзінің негізгі мағынасы Махмұт Қашқаридың «Дивани-лұғат-ит түрк» атты еңбегінде «қарағ», «қара», «қарақас» түрінде келіп, «көздің қарашығы» (зрачок) деп түсіндірілген [4, 382-б.].

«Қарағ» сөзіне тәуелдік жалғауы (-ым, -ім) жалғанғанда, *қарағым* болады да, «екінші буындағы «а» дыбысына екпін түспегендіктен көмескіленеді, кейде түсіріліп те айтыла береді. Бұл – тілдік заңдылық. Яғни, «қарағым, қарғам» деген сөздер – бір түбір, бір ұғымды білдіретін атаулар. Сондықтан, қарағым, қарғам сөздері қаратпа сөз ретінде қатар қолданылып жұмсала

береді. «Қарғам, қарғатайым, қарғашым» деген сөздерді қолданғанда, кәдімгі қарғаға ұқсату, соның «сұлулығына» балау емес, көздің қарашығындай сақтауды, мәпелеуді, сүйюді меңзейді.

Құс атауының мағынасын білдіретін «қарға» сөзінің төркіні, біздің ойымызша, қарғаның «қарқ-қарқ» деп дыбыстауының негізінде пайда болған. Еліктеуіш сөзге «а» сөз тудырушы тұлғаның жалғануы арқылы «қарға» тұлғасы қалыптасқан, ал сөздің мәні – қарқылдайтын құстың атын білдіру – оның дыбыстауына негізделіп (мотивацияланып) жасалған деп пайымдаймыз. Демек, «қарғажан», «қарғашым» сөздері мен «қарға» сөздері тек сыртқы дыбысталуы ортақ, мағынасы әртүрлі болатын омонимдес атаулар. Мұндай сөздердің семантикалық қырлары туралы А. Салқынбай, Н. Егізбаева, Ш. Рамазанова мақаласында жақсы талданған [5, 135-155-б.].

Асылы, қазақ топырағында өсіп, дамып, қалыптасқан ұлттық танымда сұлулық пен сүйкімділікті, сүйген жарды қара қарғаға теңеу дәстүрі кездеспеген. Керісінше, қарғаның сүйкімсіздеу бейнесі мен сипаты қазақ өлеңдерінде өте жақсы сомдалған. Мысалы, Қазтуған жырауда:

Белгілі биік көк сеңгір
Басынан қарға ұшырмас, –

деп, биіктік пен біліктілік атты ұлы ұғымдардың қарға сияқты құстар үшін алынбайтын қамал екенін, мұндай өлшемдердің қарғадан жоғары тұратынын көрсете жырласа [6, 28-б.], асқақ та адуынды Ақтамберді жырау:

Білімді туған жақсыға
Залал қылмас мың қарға, –

деу арқылы қарғаның пешенесіне жақсылық пен сұлулық, ақылдылық пен парасаттылық жазылмағанын паш етпей ме? [6, 66-б.].

А. Сейдімбеков «қарға тамырлы қазақ» деген тұрақты сөз тіркесінің төркінін де қарғамен байланысты деп тұжырым жасайды. «Қарға тамырлы қазақ» тұрақты тіркесінің негізгі мағынасы І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» былайша анықталады: «ілік-шатысты, туысқандық қарым-қатынасты білдіру» [7, 330-б.]. «Сұрай-сұрай қарын бөле шығарсың» демей ме қазақ тағылымы; осы ұғыммен шамалас, жақын, мағыналары ортақ. Аталған тұрақты тіркестің құрамындағы «қарға» сөзінің мағынасы көне де терең, тұлғасының өзіндік даму, қалыптасу жолы да ерекше. Бұл «қарғаның» мағынасы да құс мағынасын көрсетпейді. Көне түркі тілінде «қарға-қар» сөзінің мағынасы – «смешивать, примешивать» болып қолданған.

Махмут Қашқаридың «Дивани луғат-ит түрк» еңбегінде «қарғақ», «қарғақ тармағы» сөздері өсімдік атауы [5, 467-б.]. Көрсетілген деректерден «қарға» сөзінің көне түбірі «қар» – «араласу, қосылу», ал «қарғақ» «терең тамырлы, араласқан, ұзын тамырлы өсімдік» мағынасында жұмсалғанын аңғарамыз. «Қарға тамырлы» тіркесінің негізінде әуелгі мағынасында «қарғақ тамырлы» ұғымы мен түсінігі жатыр да, ұғымның астарлы, ауыспалы мағынасы арқылы негізделіп, «қарға тамырлы қазақ» тұрақты тіркесі келіп шыққан. Тұлғалық көрінісінің «қарғақ-қарға» болып, «қ» дыбысының түсірілуінің де өзіндік ішкі тілдік заңдылығы бар. Екпін түспейтін соңғы «қ» дауыссызы элизияға ұшырайды. «Өсімдік тамырындай бір тамырдан нәр алып, араласқан, тұтасқан, туысқан, түбі бір, тегі ортақ» деген мағына арқылы абстракциялана келіп, пайда болған туынды мағыналы тіркес деп есептеуге болар еді.

«Қарға» бейнесінің қазақ топырағында ешқандай тотемдік ұғымды білдірмегендігін халық ауыз әдебиеті үлгілері де дәлелдеп бере алады. «Қыз Жібек» жырында Төлеген Бекежанға:

Замандас едің, жан аға!
Қарға-құзғын жемесін,
асыра кеткін жүзімді, –

дер еді.

Бір түбірден өрбіген тектес, түбірлес, туыс сөздер сыртқы дыбыстық тұлғалары өзгеріске түскенімен, ішкі мағыналарындағы жақындық алыстамайды, ортақ «арқау жіп» үзілмейді. Қалыптасып туындаған жаңа атау мағынасының құрамында әуелгі сөздің бір мағыналық қыры сақталып қалады. Біздерге сол арқауды дұрыс тауып, сөз мағынасын айқындауда сөз тамырының тереңдігін дұрыс бағамдау парыз. Тіл-жүйелі де зерделі заңдылықтарға бағынатын ғылым. Сөз жүйесі – мағынаға, мағына астарына тәуелді.

Аңызда төтем ретінде халық танымында терең із қалдырған, әлемдік мифологияда дүниенің қозғаушы күшінің бірі ретінде бағаланатын жануардың бірі – өгіз. Өгіз (бұқа) бейнесі әлемдік фольклордағы дүниенің шығу тегі жөніндегі аңыздарда мол кездеседі. Аспандағы күннің жердегі бір бейнесі ретінде қабылданған өгіз-бұқа әлемдегі адамзат танымында – Тәңірдің елшісі.

Түркі халқы дүниетанымында өгіз киелі саналған. Тамғалы шатқалынан түсірілген суреттердегі өгіз бейнесі – бұл жануардың тотемдік түсінік ретінде танылғанын дәлелдей түседі. Бұл туралы ғалым С. Ақатаев «Күн және көлеңке» атты зерттеуінде былай деп жазады: «Тотем адамдарға қамқоршы болады-мыс. Өте ерте заманда жер бетінде су болмапты. Екі адам өгіз бағады екен. Өгіз әбден шөлдеген соң су ішейін десе, таппайды. Жануар өкіріп, жерді бұрқыратып қаза бастайды. Қазған жерден су шығады» [2, 69-б.]. Халық арасында мұндай аңыздар әлденешеу. Барлық аңыздардағы негізгі сарын – бұқаның киелі, қасиетті сипаты. *Бұқа – бық* сөздері мен *корова – ірі қара (сиыр)* сөздері бір таңбадан тараған тұлғалар. Орыс тіліндегі *кор-о-ва* сөзінің төркіні «кор», «қар-а» сөзімен байланысты. Айтылымда оның «карово» болып айтылуының да өзіндік ішкі ерекшелігі бар екені анық.

Қазақтың адамзаттық танымға қосқан үлесінің бірі – аққудың адалдық, мөлдір сұлулық, пәктік қасиетін тотемдік деңгейінде табына бағалап, мөлшерлеуі. Аққу – халықтың киелі де құдыретті саналған қасиетті құсы. «Аққуды атуға болмайды» деп қанды қолдарға талап қояды халық даналығы. «Аққу құстың төресі, жалғыз жатып оттамас, Хас жақсының белгісі, қара сөзді жақтамас», – дейді қазақ мақалы.

Асан Қайғының Жәнібек ханға қаратып айтқан толғауда:

*Құладың құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүнін түледі,
Аққу құстың төресі
Ен жайлап көлде жүреді, –*

деп құладың мен аққудың бейнелері арқылы ханды аққуға, жауларын құладыңға теңеген [6, 24-б.].

Аққудың сыңарынсыз жалғыз жатып оттай алмайтыны, иісі қазақ баласының жеке отырып ас іше алмайтын қонақжайлық, мейірімділік қасиетімен де астасып жатыр. Аққу – тек әдемілік пен сұлулық символы ғана емес, ол – заты киелі құс. «Аққуды өлтірсең, оның киесі атады, сен жамандыққа кезігесің», – деп тәрбиелейді халық аңыздары.

Қазақ әдебиетінде сомдалған аққу бейнесінің ғажайып мүсіні бар десек, қателеспейміз. Сөзбен салынған бұл ғажайып бейненің өзегінде өзгеше бір тылсым сыр бар. Ол тылсым сыр халық танымының тереңдігінде. Қазақ танымындағы мөлдір сезім, сұлу сыр, келісті көркемдік, кіршіксіз пәктік – аққу бейнесі арқылы қалыптасқан ұғымда, тілде айқын көрініс табады. Ұғымдағы ұлы да нәзік ойлар аққу бейнесі арқылы өзінің сөздегі сымбатында сәулеленгендей.

Ақан сері, Біржан сал, Сәкен мен Ілияс, Қасым мен Мұқағали поэзиясының шыңы – Аққудың аяулы мүсінін сөз арқылы сыландатқанда танылған-ды.

*Аққу құс айдын көлге шомылғандай,
Лашын құс өз бойынан қорынғандай, –*

деп ақын Ілияс тебіренсе,

*Ал қара көк айдынында аққу жүзген Аралым,
Айдыныңа айнуыңда айбаттана қарадым, –*

деп Қасым таңдай қағады.

Аққу мойын, аққу сезім, аққу-ару, аққудай әппақ, аққудай шырайлы, аққудай саңқылдаған т.б. сияқты теңеулер мен тұрақты тіркестердің тілімізде жиі жұмсалуды да жоғарыдағы пікірді айғақтай түсері кәміл.

Аққуды аялаған, оның сұлулығына тәнті болған, тағзым еткен халықтың қара қобыз сұлбасын да аққу бейнелі етіп жасауында әлі айтылмаған сыр бар. Қазақ халқының көне дәуірдегі қара қобыздың тұлғасы, пішіні аққудың бейнесіне ұқсас болғанын Әлкей Марғұлан алғаш танып, айтып кеткен екен. [3, 217-б.]. Ғалым Болат Сарыбаев та Алтай қазақтарының арасында кездестірген қара қобыздың мойны ұзын, құйрығы – сопақ, ұзынша келген, аққудың құйрығына ұқсап тұрады екен деп жазған болатын. Қобызды аққудың сипатына ұқсата жасаудың өзіндік тарихи-дәстүрлік жолы мен жүйесі бар. «Біріншіден, халықтың сұлулықты сүйетін ой-санасы бойынша, құстың даусы – жаратылыстағы құлаққа әдемі естілетін ең сұлу үннің бірі. Екіншіден, аққу – қазақтардың ерекше қадірлейтін, киелі құсы» [3, 218-б.].

Қорыта айтқанда, қазақ дүниетанымында далаға тән асқақтық пен кеңдік бар. Дала заңында бөріден асқан күшті жоқ, аққудан асқан әдемілік пен адалдық тәңірісі кем де кем. Техника мен технологияның үлкен жылдамдықпен қарқынды дамуы мен ақпарат алу жолының шапшаңдығы – жеке тұлғаны өмірге тез бейімделіп, тез жетілуіне, «заманына сай адамы» болуға итермелейді. Мол ақпаратты алып, игеріп қазіргі уақытта жылдам-ақ «білімді», «білікті» болуға жол ашық. Планетадағы бүкіл жаңалықты «көзді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызып отырған» бүгінгі технология жетістіктері арқылы білім алу қиындық келтірмейтіні анық. Қазіргі ғылымның даму деңгейі қоғам дамуын тез өзгертіп, жетілдіріп, оның сан түрлі бағытта өзгере дамуына қол жеткізе алады.

Қазіргі ғылыми технократия мен қоғамда бүгінгі таңда орнығып отырған «бүгін және қазір» прагматикасын талдаған көптеген гуманитар-зерттеушілер жеке тұлғаның дамуында өмірдің мәнін түсінуден гөрі, жеңіл-желпі күйбең тірлікке салынудың артқанын, рухани құндылықтардың алмаса бастағанын орынды ескертуде. Қазіргі қоғамның белсенді үдерісінде гуманитарлық ғылымның беделінің түсуі, бағаланбауы анық байқалуда. Бұл үдеріс тек біздің елімізде ғана емес, әлемдік кеңістікте етек алып отырғаны рас. Тіпті жапондық кей зерттеушілер әлеуметтік білімді оқытудан бас тартуға шақырғаны да мәлім. «Экзистенциалды философияның» күні бітті деп жорамалдаушы батыстық ғалымдар өмірдің мәнін айқындауға арналған ғылым саласының орнына, неокзистенциалдық теорияны ұсынып жүруінде де мән бар. Технократизм культінің орнығуы, тұтынушыға айналған қоғамның «бүгін және қазір» прагматизміне бой ұруы – рухани әлсіздіктің белең алуын алға тартты. Мұны күнделікті адамдардың бойынан айқын байқап жүргеніміз рас.

Қазіргі XX ғасыр мен XXI ғасыр тоғысы мен XXI ғасырдың басында пайда болған неокзистенциалистік теорияға ғалымдар үлкен сеніммен қарауда. Олардың арасында философтар ғана емес, сонымен бірге натурализм мен психоанализ теориялары ұсынған тұжырымдарға қарсы көптеген психологтардың болуы да қуантады. Қазіргі таңда бұл теория батыста белсенді зерттелуде. Экзистенциалды тәсіл философияда, педагогикада, этнографияда, мәдениеттану мен тіпті медицинада кеңінен қолданылады. Экзистенциалдық

аксиологияны құру, «құндылықтар» арқылы субъектіге әсер ету дәрежесін зерттейтін арнайы құрылған қағида қазірде ғылыми бағыт ретінде қалыптасып келеді. Ақпараттық қоғам жағдайында үлкен дүниетанымдық маңызға ие. Құндылықтар жүйесін бағалау мен бағамдау адам баласының күнделікті тіршілігінен бастап, үлкен жаһандық мәселелерді шешуге дейінгі аралықтағы барлық әрекеттер үшін маңызды болмақ.

Пайдаланған еңбектер:

1. <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanynh-zheti-qury>
2. Ақатаев С. Құн мен көлеңке. – Алматы, 1990. – 61-б.
3. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. – Алматы, 1985. – 8-б.
4. Қашқари М. Дивани-лұғат ит түрк. Түрк сөздігі. А. Егеубаев аудармасы. – Алматы, 1997. – 1-том. – 382-б.
5. Salkynbay A.B. Yegizbaeva N., Ramazanova Sh. Functional- semantic paradigms of voice category in the kazakh language. // *Opcion* 35 (89). 2019. С. 135-155
6. Бес ғасыр жырлайды. – Алматы, 1989. – 28-б.
7. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1988. – 330-б.

Тымболова А.

филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ТІЛ МЕН ДІЛ

Жаһандану үрдісіне жұтылып бара жатқан бүгінгідей кезеңде өзінді өзін тану, ұлтқа тән қасиетті құндылықтарды құрметтеу, қазақы танымды заманауи жетістіктермен жаңарту ауадай қажет болып отыр. Осы орайда «Қазақ қоғамы өзінің дербес даму үлгісін жасауы қажет» деген мәселе көтерілгелі қашан?! Ол үшін тарихи сананы жаңғыртып, ұлттық сананы кемелдендіріп, ата-бабаларымыздың көп ғасырлық мұраларын цифрлық өркениет жағдайында ұлт әжетіне жарату қажет.

Ұлттық бірегейлікті құрайтын генетикалық, мәдени, тілдік бірегейліктің негізінде ұлттың басты өмір сүру факторы айқындалады. Осылардың ішіндегі ең маңыздысы – *тілдік бірегейлік*. Ұлт ретінде бар болудың бір ғана жолы да осы тілінді жоғалтпауға әкеп саяды. Демек, ұлттық кодтың тамыры – ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте жатыр. Ұлттық кодты дамыту – рухани мәдениетімізді жаңғыртудың басты тетігі. Қазақтың бойындағы кодталған мінезін өнер-білімді үйренуге деген ынтасынан, табиғатпен тілдескен далаға деген сүйіспеншілігінен, дүниетанымдық пәлсапасының кеңдігінен, «мың өліп, мың тірілсе» де, өмірге деген құштарлығынан көруге болады.

Ұлттың әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамытуымыз керек. «Рухани жаңғырудың» мән-маңызы да нақ осында. Онда «өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шет тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеалына айналуға тиіс» деген мақсат қойылды. Осы орайда мәңгілік ел болып қалу жолындағы мәдени-рухани, ұлттық тәлім-тәрбие және білім саласындағы ізденістерді тағы бір саралауымыз қажет.

«*Мәңгілік ел*» ұғымы – ұлтымыздың ұлы бағдарын айқындайтын, келешегімізге түп қазық болатын идея. Осыған орай «Мәңгілік Қазақстан» жобасы – ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Бұл стратегияны мүлтіксіз орындауымыз қажет. «Мәңгілік ел» идеясы халықтың түп санасында қоздап, қайнауы жетіп, жанып-жанданып, бүгінгі еліміздің етек жинаған тұсында жарқ етіп жарыққа шықты. Ұланғайыр қазақ жерін аманаттап қалдырған ата-бабаларымыздың аңсаған ұлттық арманы – ұрпақ жалғастырып, «қазақ» деген ел ретінде мәңгілік жасау еді. «Кеудеңде шыбын жаның болса егер, жоғалтпа жер бетінен қазақ атын» (Қожаберген жырау), – деп күрескен ұлы тұлғалардың ұлы арманы да – осы еді. «Мәңгілік ел» ұғымы – ұлтымыздың ұлы бағдарын айқындайтын, келешегімізге түп қазық болатын идея. Бұл

ұғымды енді мәдени-саяси-дискурсқа айналдырып, тұғырдан түсірмеуді ғана ойлауымыз керек. Ендігі жерде мәңгілік ел болудың мұраты мен мақсатын бағамдап, өркениетке ілескен көшімізді мәңгілік ету жолында күресуіміз қажет. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы – Қазақ елінің жаңа дәуірінің кемел келбеті, ресми идеологиясы, халықтың ғасырлар бойы армандаған тілі, діні біртұтас ел болсақ деген мақсат-мүддесінен туындаған түйін-тұжырым болды. Демек, мәңгілік елдің онымен қатар жасап, бірге дамитын мәңгілік тілі, ел болмағының өлшемі – санасы һәм рухы болуы тиіс.

Жоғымызды түгендеп, барымызды бағалай келе, дүние жүзіндегі елдердің дамуына көз жіберсек, тарих тегершігінде эмпирикалық ілімдердің бастауы әуелгіде шығыстан тараған еді. Яғни батыс шығыстан үйренген еді, бүгінде шығыс батыстан даму үлгілерін алуда. Сондықтан бүгінде Батыс Еуропа елдері өздерінің түп тамыры Орталық Азиямен байланысты екендігін мойындаған сыңайлы.

Кезінде түркі әлемі үлкен мәдениетке ие болған. Этникалық құрылымының, тілінің біртектілігі жағынан да түркілердің бірігудегі болашағы зор. Қазір түркі әлемі қайта түлеп, тарихты таразылап, бір кездегі түркілік өркениетті жандандыруға әрекеттенуде. Осы түбі бір, тілі бір түркі жұртының ұлттық санасы, ұлттық рухы күшті болып, бір тудың астына біріксе, жаһандану аранына жұтылмаудың жолы сол болмақ. Еліміздегі болып жатқан қандай өзгерістер болмасын, білім беру саласын айналып өте алмайды. Дамыған елдер жетістікке, әрине, алдымен осы терең де бірегей білім беру жүйесінің арқасында қол жеткізеді. Яғни ұлттық білім беру жүйесін заманауи талаптармен толықтыру, жаңғырту ісіндегі бірегей өзгерістерді насихаттауда білім саласындағы мамандарға зор жауапкершілік жүктелері сөзсіз. Сондықтан қазіргі таңда білім беру жүйесінде *адами капитал* сапасын жақсарту басты басымдықтардың бірі болып отыр. *Адами капитал* – жаңғыру негізі. Ұлттың әлеуетін арттыру үшін елімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қолға алынды. Бүгінде ұлттың өзінің тарихының тереңінен бастау алатын рухани кодын жаңғыртуда орасан істер атқарылып жатыр.

Осыған орай қазіргі қоғамда «адам капиталы» термині ерекше орын алады. XVII ғасырда ұлы ағылшын экономисі А.Смит негізгі капиталдың құрамына «барлық тұрғынның немесе қоғам мүшелерінің пайдалы қасиеттері мен қабілеттері» кіретінін атап көрсеткеніндей, негізгі капиталдың құрамына құрамдас бөлік ретінде адам капиталы да кіреді [1, 109-б.]. Демек, адам капиталына «адамдар мен қоғамның сан алуан қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолданылатын білім, білік, қабілеттердің жиынтығы» деп анықтама беруімізге болады. Қазақ халқының бойындағы тектілік, қан тазалығы, интеллектуалдық әлеуеті жоғары ұрпақтың қалыптасуына әсер етеді екен. Бұл тұста сапалы, бәсекеге қабілетті, рухы жоғары адами капиталымыз негізгі рөл ойнайды. Бұл орайда ең алдымен ата-бабамыздың тарихи тегіне үңілеміз. Текті түркілердің ілім-білім тарихының басында тұрған Әл-Фараби, Әл-Хорезми, Әл-Бируни, Махмұт Қашқари, Мұхамед Бабыр, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Ясауи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Хафиз, Бақи Түркістани, Қыдырғали Жалайыри сынды тарихи тұлғаларымыздың еңбектері бүгінгі ұрпаққа жетті. Тұлғатаным тұрғысынан осындай ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын түзуіміздің де тарихы тереңде жатыр.

Бүгінде «XXI ғасыр түркі мәдениетінің ғасыры болады, түркі жұртының дәуірі басталды!» деген пікірлер барша түркі халықтарын дүр сілкіндірді. Түркітанушы ғалым Дархан Қыдырәлінің: «Түркі мәдениетінсіз, түркілік санасыз, түркі тарихынсыз Еуразия кеңістігін елестету мүмкін емес» деген сөздері түркі жұртының әлем алдындағы беделін көрсетеді. Ұлттық болмысымызды сақтап, ұлттық санамызды жаңғыртамыз десек, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, түп-тамырымызды білуге ұмтылуымыз керек. Осы орайда әлем халықтарының бейресми, қосымша атаулары, мысалы, Англия – «Тұманды Альбион», Жапония – «Күншығыс елі», Қытай – «Аспан асты елі», Куба – «Бостандық аралы», Голландия – «Қызғалдақтар елі», Корея – «Таңғы шық елі», Гренландия «Жасыл жер», Исландия «Мұзды ел» екендігі белгілі. Біздің елімізге де уақыт мүддесі тұрғысынан осындай атаулы бренд ұғымының қажеттігі туған кезде Алтайдан Қара теңізге дейін созылып жатқан көл-көсір кең далаға «Ұлы Дала елі» деген

атау берілді. «Ұлы Дала» ұғымы бүгін пайда болған жоқ. Баяғыдан бар ұғым. Тек Дешті қыпшақ ұлысының дегдар ұрпағы уақыты келгенде ұлы ұғымды өзіне қайтарды деп білеміз.

Түркі халықтарының этноерекшелігін айқындайтын «жеті» санын негізге ала отырып, рухани жаңғыру аясында жазылған Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» [2] атты мақаласында ұлт санасында кеңістік пен уақыт аралығында салтанат құрып келе жатқан құндылықтар терең талданды. Біз осы мақаламызда ұлы дала ұғымына қатысты интерпретацияланған құндылықтарды тарихи танымдық тұрғыдан талдап, лингвомәдени деректер арқылы когнитивтік табиғатын ашуға тырыстық.

Атқа міну мәдениеті. Мысалы, дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартқан атқа міну, оған отыру үшін ыңғайлы киім кию мәдениеті Ұлы дала көшпенділерінен таралған. Осыған орай зерттеушілер қазақ даласында б.д.д. 4 мыңыншы жылдары жылқы қолға үйретілген деп жүр. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болғандығы қазақтың желдей ескен рухын айғақтайды. Атақты Жібек жолы сүрлеуін де жылқы салғандығын бүгінгі жас ұрпақ біліп жүруі тиіс. Түркі тектес халықтардың ішінде қазақ халқы жылқы түлігін «Ат – ер қанаты» деп ерекше қадір тұтады. Қазақ өзін «жылқы тектес халықпыз» дейді. Бүгінгі киім үлгісінің базалық компоненттері сол кезеңнен тамыр тартады. Салт атты жауынгердің ықшам жүруі үшін алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлген де – біздің бабаларымыз. Сөйтіп, кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болған.

Ат – адамзат баласын үңгірден алып шықты (Н.Жүсіп). Ат адамзатты өркениетке жеткізді. Ең жүйрік деген автокөліктің өзі ат күшімен есептеледі. Қазақтың батырлар жырындағы Тайбурыл, Бозайғыр, Шалқұйрық, Керкұла, т.б. тұлпарлар қазақ баласының қиялын өсіріп, мықтылыққа, ептілікке, еркіндікке тәрбиелеп, арманы мен мұратын биіктетті. Жылқы малы шамамен 33 жасқа дейін жасайды. Орта жасы 15-16 жыл. Жылқыны күзейді. Он айда төлдейді. Жылқыда өт болмайды, сондықтан еті өте дәмді болады. Жылқы малы – қанша тастақта шапса да, тұяғы кетпейтін, қыста тебініп өзі жайылатын жануар. Қазақстанда кезінде арнайы жылқы өсіретін зауыттар мен шаруашылықтарда жылқының 17 тұқымы өсірілген. *Қазақы жылқы, мұғаджар жылқысы, адай жылқысы, көшім жылқысы және т. б. түрлері бар.*

Ұлы даладағы ежелгі *металлургия* ісіне келсек, қазақ даласында металлургия қола дәуірінен бастап дамыды. Ежелгі металлургия орталықтары Орталық және Шығыс Қазақстанда болды. Орталық Қазақстандағы мыстың орасан үлкен кен орындары – Жезқазған маңында, қалайы – Атасу мен Ұлытауда болса, Шығыс Қазақстандағы мыс пен қалайының бай кен орындары Қалба мен Нарын жоталарында кездеседі. Металлургияның дамуы мыс пен полиметалл, алтын мен күміс кен орындарын игеру кезінде кендерден металдарды балқытып алу шеберлігіне байланысты алынған. Ұсталардың қолынан шыққан асқан шеберлікпен жасалған қару-жарақ, ат әбзелдері және әшекей бұйымдарға қатысты пайда болған қаншама атаулар, олардың сипаттамаларына қатысты тілдік бірліктер сөздік қорымызды байыта түсті.

Аң стилі. Біздің ата-бабаларымыз өздерін табиғаттың ажырамас бөлшегі санаған. Қазақ даласының төсіндегі тасқа салынған суреттер соның дәлелі. Бұл ретте, өмірдің ең басты аспектілерін таңбалап кеткен аң стилі бабаларымыздың айрықша жоғары өндірістік тәжірибесі болғанын көрсетеді. Бұл – ең бірінші өздерінен кейінгі ұрпақ үшін жасалған әдіс. Тасқа салынған таутеке, бұғы, киік, жылқы, бұқалардың кескіндерінен арғы аталарымыздың қалай өмір сүргендігін, немен айналысқандығын біле аламыз. Қолдарына найза ұстап, белдеріне қылыш асынған, желбіретте ту ұстаған салт аттылар сол кездегі жауынгерлердің бейнесінен хабар береді. Оюлап кескіндеуді, металмен жұмыс істеудің техникасын, соның ішінде, мыс пен қоладан балқымалар жасаудың, құймалар құюдың, жайма алтын дайындаудың күрделі әдістерін жақсы меңгергендіктен, мұндай тіршілік тынысы ұлы даланы мекендеген халықтардың дүниетанымы мен құндылықтарын қалыптастырды деуге болады.

Дала өркениетінің зор қуаты мен эстетикасын әйгілейтін, бай мифологиясын паш ететін *Алтын адам* – Қазақстанның азаттық символына айналды. Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартады. Барыс,

бұлан, таутеке, арқар, ат, тағы басқа түрлі құс бейнелеріндегі «хайуанат нақышында» жасалған жауынгердің киімі төрт мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Қазақ жерінен осындай сүбелі ескерткіштің табылуы көне дәуірдегі материалдық мәдениет, өнер, мифология, т.б. салалардан мол дерек беріп, сол кездегі сақтарда мемлекеттік өркениет ертеден қалыптасқанын дәлелдейді.

Түркі әлемінің бесігі. «Біздің Отанымыз – Ұлы Дала... алтын бесігіміз – Алтай» деп, – Мурад Аджи айтқандай, күллі түркі әлемінің бесігі саналатын Алтай тауының Қазақтардың және Еуразияның басқа да халықтарының тарихында алатын орны ерекше. Өйткені дәл осы Алтайда Көк түріктер мемлекеті құрылған. Ал осы көк түріктер мемлекетін құрған Ер түріктің анасы – Алтайдан болған. Содан бері міне қанша ғасыр ауысса да көк түріктер туы жығылған жоқ. Сондықтан Алтай – көне түріктің алтын бесігі, туған жері.

Түріктердің тотемі – көкбөрі болған. Қазақта көк сөзі тұңғыш пен тереңдікті, тазалықты, ал бөрі сөзі батылдықты, ерлік пен өрлікті білдіреді. Сондықтан көк бөрінің ұрпағы кешегі көшпенділер, бүгінгі көшелі жұртқа айналған қазақ «мың өлсе де», азу тісін ақситып «мың тірілді». Қолжаулық болуға көнбеді. «Бөрі басы» – ұраным, бөрілі менің байрағым! Бөрілі байрақ көтерсе, қозып кетер қайдағым» (Сүйінбай), – деп намысын қолдан бермеді. *Көкжал* деген сөздің өзі жалы күдірейген арыстанға емес, қасқырға қаратып айтылады. Бүкіл аң-құстың ішінде итке ұқсайтыны да – қасқыр. Ит – адамның адал досы. Ит ауладан аспаса, бөрі азуын айға білеп, арзу-арманын тек айға айтты. Сұсты дейтін арыстанның айбары да қолға үйреткенде айдалада қалып, айтқаныңды істейді. Ал қасқыр ондай сайқымазаққа көнбейді. Өйткені онда сес бар. Сес бар жерде адамдар есін жияды. Сесін жоғалтқан елдің есік-тесігінен еріккеннің бөрі сығалайды. Міне, даламыздың ұлылығын айқындайтын символдар осылар.

Ұлы Жібек жолы. Ұлы Жібек жолы Шығыс пен Батысты байланыстырып, қалалардың, жаңа мемлекеттердің пайда болуына айтарлықтай ықпал еткен теңдесі жоқ тарихи сауда керуені болып табылады. Түрік империяларының аумағын қамтыған, тарихы біздің заманымызға дейін 138 жылдан бастау алатын Жібек жолын өркениеттер арасындағы мәдени экономикалық көпір деп айтуға болады. Жібек жолы бойында тұрған Отырар, Тараз, Сайрам, Түркістан, Суяб, Баласағұн және тағы да басқа қалалар өркендеп сауда орталығы ғана емес, сонымен қатар мәдени және ғылым ошақтарына айналды. Орталық Азия, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өткен атақты Ұлы Жібек жолы сауды маршруты XIV ғасырға дейін пайдаланылған. Сонымен, түркілер үстемдік құрған кезеңде Ұлы Жібек жолы өзінің гүлдену шегіне жетіп, адамзат мәдениеті мен экономикасын дамытуға септігін тигізді. «Ұлы Жібек жолы бойында жаңа туризм кластерін құрып, дамыту қажет. Бұл, бір жағынан, моноқалаларды дамыту бағдарламасын іске асыруға мол мүмкіндік берер еді» [3] деген идеяны ұсынып жүрген академик О.Сәбденнің жобалары іске асса, экономикамызды, мемлекетіміз бен қоғамымызды нығайтуды көздеп, халықтың болашаққа сеніммен қарап, алаңсыз өмір сүруіне толық негіз болар еді.

Елбасының кезекті жолдауында да [4] халықаралық ынтымақтастық аясында ұлттық экономикалық мүдделерді қорғау үшін ең алдымен, ЕАЭО, ШЫҰ ішінде Жібек жолы Экономикалық белдеуімен ұштасатын жұмыстарын қолға алу қажет делінген. Еліміздің осындай ұлы мақсатты көздеген жолында Еуразия елдерінің мәдени және экономикалық күре тамырын қайта жандандыру үшін Жаңа Жібек жолын қалыптастыру Орталық Азия елдері үшін ерекше маңызға ие екендігі даусыз. Сондықтан еуроаймақтағы сырт мемлекеттермен жан-жақты байланыстар орнату мақсатында Жаңа Жібек жолын құру халықтардың жарасымды өмір сүруін көздейді. Бұл олардың тарихи, табиғи, діни ортақтығын нығайтатын байланыс болмақ.

Қызғалдақ. Алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» Қазақстан екендігі, осы ұлы даладан бұр жарып, жер жүзіне таралғандығы ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Бүгіндегі әлем нарығындағы алма – біздегі алманың генетикалық бір түрі. Олар Қазақстан аумағы арқылы Ұлы Жібек жолы бойымен бүкіл әлемге таралған. Алматы шаһарының атауы осы жемістің терең тарихының символына орай аталған. Қызғалдақ ХҮІ ғасырдың ортасында Түрік еліндегі

неміс елшісі арқылы Германияға жеткен. Түрік көшпенділері арқылы Азияның басқа бөліктеріне тарап, парсы, түрік мемлекеттері патшаларының сүйікті гүліне айналды. Осы кезден бастап, Еуропа байлары үшін қызғалдақ ерекше орын алды. Ал голландиялық бай саудагерлер үшін қызғалдақ – байлықтың белгісі болып саналған. Қазіргі таңда әлемде қызғалдақтың үш мыңнан астам түрі бар. Оның ішінде кең жайылған 150 түрі кездеседі. Ал 75-ке жуығы жабайы түрде өседі.

Қызғалдақ – наурыз-мамыр айларында гүл ашатын өте әсем өсімдік. Негізінен қызғалдақтың Отаны – Орталық Азия. Қазақстан даласында қызғалдақтың 35 түрі кездеседі. Оның 11 түрі эндемикалық болып табылады. *Альберт қызғалдағы, Грейг қызғалдағы, Кауфман қызғалдағы, Шренк қызғалдағы* тәрізді қызғалдақтың өте сирек кездесетін 13 түрі қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. «Наурыздың символы» болып саналатын қызғалдақ республикамыздың оңтүстік-шығыс таулы аймағы мен шөлейтті даласында көптеп кездеседі. Осы себепті де Қазақстан – қызғалдақтың отаны болып саналады. Оған дәлел тағы бір дерек – археологиялық қазбалардан табылған алтын бұйымдардағы қызғалдақ бейнелері біздің дәуірімізге дейінгі II-III ғасырға жататындығын ғалымдар анықтады.

Ақсу-Жабағылы мемлекеттік табиғи қорығы, Талас Алатауы мен Шу-Іле таулы аумақтарында өсетін грейг қызғалдағын біздің отандық мамандар бауыр ауруларына қарсы дәрі-дәрмек ретінде пайдалануға болатынын айтып жүр. «Грейгтің артықшылығы – ол 55 пайыз крахмал мен қанттан тұрады. Ал ондай сұйықтық ағзаға аса пайдалы», – дейді олар.

Қорыта келгенде, дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз, – деп ұлы Абай айтқандай, *ұлы даланы* мәңгілік етудің жолы ақыл мен ілім-білімде. Өйткені «білімсіз ел – біліксіз ел, ғылымсыз ел – жұлынсыз ел» боларын тарих талай рет дәлелдеген. Сондықтан ұлт тірегі – жастарымыздың білімді, ұлттық құндылықтар мен заманауи игіліктерді игерген, елжанды, мемлекетшіл тұлға ретінде қалыптасуына ұлттық идеологияны бойларына дұрыс сіңіру, ұлттық тарихымызға терең үңілу қажет екендіктерін үнемі ескертіп отыру қажет.

Қазір дүние күн сайын құбылуда. Адамзат жаңа жаһандық болмысқа бет бұрды. Қазір әлемде төртінші өнеркәсіптік революция басталды. Бұл төртінші өнеркәсіптік революция елде автоматтандыруды, роботтандыруды, жасанды интеллект, ауқымды мәліметтер алмасу, тағы басқа міндеттерді шешуді талап етеді. Алайда «түп-тегіңді білмей, өркениет көшіне ілесеміз» деу – таза адасушылық. Қысқасы, бүгінде қазақ мәдениетінің әлем мәдениетінен алатын орнын ойып көрсететін кез келді. Қазақстан – күллі түркі халықтарының қасиетті «Қара шаңырағы». Елбасының «Еуразияның ең бір бай да бірегей мәдениеті – қазақ мәдениеті» дегені – таза шындық. Көшпенділер өркениетінің озық мәдениетін көрсететін, қазақ мәдениетінің де тарихтан өз бағасын алатын уақыты жетті деп ойлаймыз.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов (книги I-III). Пер. с англ, вводная статья и комментарии Е. М. Майбурда. -М.: Наука, 1993. – 572 с.
2. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік // Айқын. – 2017, 31 қаңтар. – №14 (3086).
3. Абай және Қазақстанның болашағы. – Алматы, 2016. – 362 б.
4. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры // https://el.kz/news/vdohnovenie/kizgaldak_zhaiinda_kizikti_dereker/

Әбділәшімұлы Д.
тарих ғылымдарының докторы,
Орталық ұлттар университетінің профессоры
Қытай Халық Республикасы, Пекин қаласы

АҚБАЛЫҚ ХАНЫМ ТУРАЛЫ ЖАЗЫЛҒАН ҒАББАС СҰЛТАННЫҢ ХАТЫ

Қазақ хандығы тарихында Абылай хан және оның ұрпақтарының саяси сахнада алатын орны айырықша. Абылай қайтыс болғаннан кейін үлкен ұлы Уәли сұлтан әкесінің орнына хан болып сайланады. Тарихи зерттеулерге жүгінсек, о баста Уәли хан билігінің солқылдақ тұстары болғандығы тілге тиек етіледі [1, 13-б], алайда әке жолымен 40 жылдай тақта отырып, билік жүргізген Уәли хан 1821 жылы 83 жасында қайтыс болады. Мәйіті қазіргі Ақмола облысы Зеренді ауданында жерленген делінеді (2017 жылы осы Зеренді ауданында Уәли хан мазары тұрғызылған). Уәли ханның кіндігінен 14 ұл тарағаны айтылады, ішінде 5 ұлының аты-жөні «Шынжаң туралы қысқаша шолудың» ішіндегі «Қазақ хандарының шежіресі» бөлімінде анық қатталған. Олар: Ғаббас, Қамза, Ғұбайдолла, Бегәлі және Сарыбай [2]. Бұдан біз үлкен әйелінен тараған 5 баласы ға хатқа түсіп, кіші әйелі Айғаным ханымнан туған балалары жазылмағанын байқаймыз. Үлкен ұлы Ғаббас сұлтан әкесінен бұрын қайтыс болғандықтан [3, 227-228-б], Уәли хан дүниеден озған соң орнына 3-ұлы Ғұбайдолла таққа отырады. Бегәлі сұлтан Ғұбайдолланың тетелес інісі, Уәли хан балаларының ішіндегі беделді сұлтандардың бірі, мақаламызға арқау болған хат иесі Ғаббас осы Бегәлі сұлтанның баласы. Жоғарыдағы қытай дерегінде Ғаббастың әкесі Бегәлі сұлтан Уәли ханның 4-ұлы есебінде хатталған. Онда Бегәлі сұлтан туралы былай делінеді: «Бегәлі (博格里 Bo ge li) қазақ гуні Уәлидің 4-ұлы, Цзяцин жылнамасының 8 жылы (1803) патшамызға амандаса барып, лағыл моншақ, қос көзді ұтағат қадап қайтқан, Уақ-Арғын елін билейді» [2]. Осында айтылып отырған мазмұндар Бегәлі сұлтанның Цин хан сарайына дидарласа барғандағы уақиғаны меңзейді. Осы рет Бегәлі әкесі Уәлидің жарлығымен қасына Тайшұқ батыр, Қанғай, Мұсылман, Құттықадам, Жанболат және Боқандарды ертіп патшаға амандасып қайтуға жолға шығады. Бұл жолғы елшілік сапардың басты мақсаты Уәли ханның өзінен кейінгі хан тағына үлкен ұлы Ғаббасты отырғызу үшін алдын-ала Цин патшалығының мақұлдығын алу жөнінде жазған хатын алып барып патшаға табыстау еді. Мұндай мәліметтер Цзяцин жылнамасының 5 жылы 4 айдың 28 күні (1800 жылы 20 маусым) Іле генералы Баунинның мәлімдемесімен бірге патшаға жолданған Уәли ханның хатында жазылған. Бұл хат қазір Пекиндегі Қытай бірінші тарихи мұрағатында сақтаулы [3, 79-80-б]. Бұл арада ескере кететін бір жәйт, «Шынжаң туралы қысқаша шолуда» Бегәлі сұлтанның патшаға жолыққан уақытын «1803 жылы» деп жазса, осы жолғы қазақша хатты қосып жолдаған Іле генералы мәлімдемесінің уақыты «1800 жылы» болып хатталған, екеуінің уақыт көрсеткіші бірдей емес.

Жоғарыдағы тарихи деректерден байқағанымыздай, Бегәлі сұлтан Уәли ханның Ғаббас сұлтан туралы жазған хатын табыстап, Цин патшасы тарапынан шен тас пен тарту-таралғылар алып қайтқан. Ол Көкшетау округіне қарасты Уақ-Арғын елін билеген. Өзі қайтыс болғаннан кейін орнына баласы Ғаббас сұлтан билік жүргізген. Біз талқылап отырған хат дәл осы Ғаббас сұлтан Уақ елінің билеушісі болып тұрған кезінде яғни 1832 жылы 2 сәуірде ескі қазақ жазба тілімен жазылып, Омбы облысының хакіміне жолданған. Хат қазір Ресей архив қорында сақтаулы. Бұл хатты АҚШ-тық зерттеуші Виргиния Мартин Ресей архивтеріне жүргізген ғылыми зерттеу барысында алғаш байқаған. Мақаламызда Виргиния Мартин ханымның рұқсатымен хаттың түпнұсқа мәтінін транскрипциялап, тұңғыш рет жариялап отырмыз, осы орайда Виргиния Мартин ханымға шексіз алғыс айтамыз.

Қазақ хандығы тұсында жазылған қазақ билеушілерінің хаттарын сөз еткенде, алдымен оның ескі қазақ жазба тілімен хатталғанын дәріптеген жөн. Ескі қазақ жазба тілі арап-парсы әліпбиі негізінде барлыққа келген, қазақ хандығы тұсында, онан кейін де қазақ халқының саяси-

әлеуметтік өмірінде өз маңыздылығын жоймаған. Бастапқы кезінде Орталық Еуразия түркі халықтарына ортақ жазба әдеби тіл шеңберінде қалыптасып дамығанымен, кейін келе қазақ халқының өз алдына саяси дербестік алып, хандық мемлекет құруына орай, мемлекеттік тіл аясында қалыптасып көркейді [4, 8-9-б]. Онымен көптеген тарихи жәдігерлер (Қадырғали Қосым ұлының «Жылнамалар жинағы», Әбілғазы баһадүр ханның «Түрік шежіресі», Өтеміс хажының «Шыңғыснамасы» т.б.) мен хат-қағаздар (қазақ билеушілерінің көрші елдерге жазған хаттары мен батыр-билердің өзара жазысқан хаттары) хатталып бүгінге жеткен. Мұның ішінде мұрағат құжаттары ескі қазақ жазба тілін зерттеуде аса құнды жазба тілдік материал болып есептеледі. Біз талдап отырған Ғаббас сұлтанның хаты міне осындай мұрағат құжаттарының бірі. Төменде хаттың көшірмесі, транскрипциясы және қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы жеке-жеке беріліп, қатысты зерттеулер жасалады.

Хаттың түпнұсқасы

көшірмесі:

(1) (زیادہند در لحو اول افضل ای اومبونی ک ا حکم نہ ۲) (بیک کی کوکچہ طاؤا کو روکی نی نک او اؤی لی نی نک سر سلطان عباس مرحوم سرتطان) (۳) (بیک کی علی ای عدی ری عی پیر اقباض لی نی یوش لب نی نک حبار دق لی له موش لب و) (۴) (بیز نی نک او ک ای آن امز اقبالیق حان و بی نی ک قلوون دم بر قز لقی نی دایچہ مز) (۵) (بار ای دی ای مدی لقی ای نی دایچہ مز نی او اؤی لی نی نک لی چی نک سی یی د حوج نی نک کوغ لی نه) (۶) (دی یوش لب بو ردمبز اول ان امزدان ی راقی رده طور امز ای مدی من) (۷) (مذکور ای شنای شت و بوسری د حوج نی نک کشی بلودی اول غقی لی) (۸) (بیز احتون نی نی م ان بول عصا ل پیون هم اوزی یلی شوی نی اؤ) (۹) (یراق و لپیون دی مدی مرکز اول سزی یغای شوت مدی اول آن امز) (۱۱) (ن نک ری اراق ایچی بیغ قلی بیض لو بیغی نی اول حان و بی نی نک) (۱۱) (ولون ده ناک امز دارق اال عان کوب مال بار ای دی لی هم چاچوب) (۱۲) (طرادور ای مدی مگور مل یی کخ اف ق قلب طرادو) (۱۳) (ای مدی مان لیبی ضلی نی دالوت ونه من نک یوش لب نی دایچہ مز نی حوج دا ق ای طار ع ای) (۱۴) (ای دور کز ان نک اوچون کم حوج ده دان سرت قز آ دور حوج عقی نی راطوعون) (۱۵) (هچری ولی وقای دی م اول کوب سرتطان ننگلی چی نه حان ننگلی نی نه) (۶) (لول م عان ای نی یوش لب و کون دکوروب طرامز ای مدی پیر اقباض لی اول حوج ع) (۱۷) (جز لی یی بیزن یراضی قل ع ای دون کز ممدکور آن امز عه ای مان قلی نی) (۸) (لیری بیوض عان اوقالی نی نک کقون ای نی کان دور هم اولق و لی عه جزا) (۱۹) (بولیب هی دی ای مدی بیزن نک اول ان امز اقبالیق حان و بیغی بی دلیل حوالی حان ای علی) (۲۱) (ن نک قق اچون دج اقی نی طریس ای کان مردایم توزوک طرار عدی) (۲۱) (ای مدی بیزن نک عرض من نک جول ک کوکچه طلی ل عه ابوش و لیبه) (۲۲) (ای دی دی بی از حوج ی سرتطان عباس مرحوم بیغی کی علی و اعلی مهربلپتوم) (۲۳) (۸۳۲) (ای چی لرقده لری لول دوزی نی نک آن چی یی وم نه [مهربلپی کی علی بیغی عباس سرتطان مری

Транскрипциясы:

(1) Ziyāda boland darajalu ol afzālī Ombunīñ oblast ħakiminā: (2) Bizki Kökçetaw okruginiñ Uwaq eliniñ sultān ‘Abbas marħūm sultān (3) Bek‘alī oğlindin ya‘nī siz afzālīnī ošbunīñ ilān ħabardār qīlamiz: Ošbu (4) künlärdä bizniñ ögäy anamız Aqbaliq ħānumniñ qolunda bir qiz qarındaçimiz (5) bar edi. Emdi ol qiz qarındaçimizni Uwaq eliniñ içindägi Saydĥojanīñ oğlīna (6) beripti. Ošbu künlärdä biz ol anamızdan yīraq yerdä ħuramiz. Emdi men (7) mazkūr işni eštüp Saydĥojanīñ balasīna kiši yibärdim, «ol ‘aqil (8) -siz ħātunni yaman yolğa şalmasun ham özi bu işdin awlaq (9) yīraq bolsun» dedim, har kez ol sözimni eštümdi. Ol anamız (10) -niñ özlari araq içip, ‘aqli buzulupti yenä ol ħānumniñ (11) qolunda atamızdan qalğan köp mällar bar edi, ani ham čačup (12) ħuradur. Emdi mazkūr işlar māni bek ħāfa qilip ħuradurlar. (13) Emdi män siz afzālindan ötünämin: Mazkūr qarındaçimizni ĥojadan qaytarğay (14) edüñiz, aniñ üçün kim ĥojadan sultānlar qiz aladur, ĥojağa qiz bera ħuğun (15) hič bir yol yoq edi. Ham ol köp sultānlariniñ içindä Ablay ħānniñ naslinda (16) bolmağan işlarni ošbu kündä körüp ħuramiz. Emdi siz afzālī ol ĥojağa (17) jazā berip, bizni rāzi qilğay edüñiz. Ham mazkūr anamızğa yaman ‘aqilni (18) berip buzğan Uwaq eliniñ Qonay degändür, ham ol Qonayğa da jazā (19) bolsa edi. Emdi bizniñ ol anamız Aqbaliq ħānumni ‘Ubaydollāh Walī ħān oğli (20) -niñ qačunda jaqin ħursa ekän, hardāyim tüzük ħururğa dayuw. (21) Emdi bizniñ ‘arzimizniñ jawābi Kökçetaw diwānga tabuš bolsa (22) edi dep yazğuçi sultān ‘Abbas marħūm Bek‘alī oğli muhrimdi bastum. (23) 1832 nci yilinda afirel yulduziniñ 2 nci yawminda.

[muhr] Bek‘alī bin ‘Abbas Sultān Muhrī

Қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы:

Айырықша жоғары дәрежелі абзал жан Омбы облысының хакіміне, біз, Көкшетау округі Уақ елінің сұлтаны Ғаббас марқұм сұлтан Бекәлі ұлынан яғни сіз, абзал жанды осымен хабардар қыламыз. Осы күндерде біздің өгей анамыз Ақбалық ханымның қолында бір қыз

қарындасымыз бар еді, сол қыз қарындасымызды Уақ елінің ішіндегі Сейтқожаның ұлына беріпті.

Осы күндерде біз ол анамыздан жырақ жерде тұрамыз. Мен жоғарыдағы істі естіп, Сейтқожа баласына кісі жіберіп, «ол ақылсыз қатынды жаман жолға салмасын һәм өзі бұл істен аулақ, жырақ болсын» дедім. Ол әркез сөзімді естімеді. Ол анамыздың өзі арақ ішіп, ақылынан адасыпты және ол ханымның қолында атамыздан қалған көп мал бар еді, оны һәм шашуда.

Бұл жағдай мені бек қапа қылуда. Енді мен сіз абзал жаннан өтінемін: Сол қарындасымызды қожадан қайтарғай едіңіз, себебі сұлтандар қожадан қыз алатын, қожаға қыз беруге ешбір жол жоқ еді. Һәм ол көп сұлтандар ішінен Абылай ханның нәсілінде болмаған істерді осы күнде көріп жүрміз. Енді сіз абзал жан ол қожаға жаза беріп, бізді разы қылғай едіңіз. Һәм ол анамызға жаман ақылын беріп бұзған – Уақ елінен Қонай деген адам. Ол Қонайға да жаза болса жақсы еді. Енді ол анамыз Ақбалық ханым әрдайым түзу жолда жүру үшін Ғұбайдолла Уәли хан ұлының қасына жақын тұрса екен. Біздің арызымыздың жауабы Көкшетау дуанына табысталса игі еді деп жазушы сұлтан Ғаббас марқұм Бекәлі ұлы мөрімді бастым. 1832 жылы ақпан айының 2 жұлдызы.

[мөр] Бекәлі бін Аббас сұлтан мөрі

Жоғарыдағы хат мазмұнынан байқағанымыздай, Ғаббас сұлтан өгей анасы Ақбалық туралы сөз қозғап, оның қолында болған қарындасын ұзатылған жерінен қайтарып алуды, сондай-ақ жолдан тайған Ақбалық ханымды Ғұбайдолла Уәли хан ұлының жанына көшіріп алуды сұрайды. Аталмыш хат XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ қоғамының бет-бейнесін енді бір қырынан ашып береді. Ғаббас сұлтан Ақбалық ханымды өгей анамыз дегеніне қарағанда, Ақбалық ханым Бегәлі сұлтанның жесірі деп жорамалдауға болады. Ғаббас сұлтан оның арақ ішіп, дұрыс жолдан тайғанын жазғанынан, сол тұстағы қазақ қоғамында, әсіресе халықтың тұрмыс мәдениетінде кейбір келеңсіз жәйттердің белең алғанын жанамалай түсінуге болады. Соның салдарынан күйеуінен қалған мал-мүлікті орынсыз шашқан, бұл да Ғаббас сұлтанның хатында анық жазылған. Осындай жағдайдың жүз беруіне себепкер болған адам ретінде Қонай дегеннің есімі ауызға алынады. Әрине Ақбалық туралы да, Қонай туралы да хатта мандымды ештеңе хатталмағандықтан, олардың тегін тектеп, нақты деректермен дәлелдеп көрсетуге қазірше дәрменсізбіз. Ғаббас сұлтанды жоғарыдағыдай істер қатты қапаландырған, содан да болар ол Омбы облысы хакімінен құдалары Сейтқожаны да, Ақбалықты жолдан тайдырған Қонайды да жазалап беруін сұраған. Ғаббас сұлтанның бұл мақсаты орындалды ма, жоқ па? Бұл жағы беймәлім. Оның «Абылай ханның ұрпақтарында болмаған істерді осы күнде көріп жүрміз» деп ашынып жазуы да сол тұстағы қоғамдық ашшы шындықты тікелей бейнелеп берсе керек. Жоғарыдағы хат мазмұнынан міне осындай қазақ қоғамының тарихи жағдайын жанамалай ұғына аламыз.

Хат ескі қазақ жазба тілімен түсінікті жазылған, сөйлем құрылымы айқын, жалпы халықтық лексикалық қоры басым, тіпті синоним сөздер де кездесіп қалады, қазақ хандығы дәуіріндегі жазба тілдің бет-бейнесін айшықтап көрсететін маңызды жазба дереккөздердің бірі. Хатта жалпы 231 сөз пайдаланылған, мұндағы төл сөздеріміздің қатары 172 сөз (бір бөлім қайталанған сөздерді қосып есептегенде), хаттың жалпы лексикасының 74.5% ұстайды. Арап-парсы сөздері 55 сөз (қайталанған сөздер мен кісі есімдерін қосып есептегенде), жалпы лексиканың 23.8% ға жуығын иелейді. Орыс сөздері жиыны 4 сөз, 1.7% ғана ұстайды. Бүгінгі таңда қолданыстан қалған бірнеше сөзді қоспағанда, арап-парсы тілінен ауысқан өзге сөздер дерліктей қазіргі қазақ тілінің лексикалық қорында белсенді қолданылып жүрген сөздер.

Түсіндірмелер:

1) *Ombunij oblast ħakimi* (حکمی او بمبئی ناک او): бұл лауазым атауы орысшаға *омбу Господину Начальнику Областа и кавалеру* болып толықтырылып тәржімаланған.

2) *Kökçeṭaw okruginiñ Uwaq eliniñ sultān ‘Abbas marḥūm sultān Bek‘alī oḡli* (كوكچه طاؤاوكړوگي او اوقاىلىلىنىننك سولطان عباس مر حوم سولطانيكى قو اوعلى): түпнұсқада өстіп анық жазылғанымен, хаттың орысшасында қысқартып *Султана Ғаббаса Бегалина* түрінде ғана аударған. Қай дуан, қай болыстың сұлтаны екені анық аударылмаған.

3) *ögü anamiz Aqbaliq hānum* (لوکای آنامز آقبالیق حانوم): бұл тіркесте анықтауыш болып жұмсалған «*ögü*» сөзі қазіргі қазақ тілінде «өгей» болып жазылады. Аталмыш сөз парсы тіліндегі «لوگه ای» (*owgei*) сөзінен тілімізге ауысып қана қоймай, бүгінде төл сөздердің қатарына еніп, белсенді жұмсалуда.

Сөз төркінің мәнінен қарағанда, Ғаббастың анасы қайтыс болғаннан соң әкесі Бегәлі сұлтан Ақбылық ханымға үйленгені меңзеліп отыр. Орысша аудармасында бұл кісі есімі *Акъ Балыкъ* болып жазылған.

4) *qiz qarındaçimiz* (قىزىن داچىمىز): бұл тіркес қазіргі тіліміздегі «*қарындас*» мәнін жүктейді. Қазіргі қазақ тілінде туыстық қатынасты айтқанда, ер адам өзімен бірге туысқан жасы кіші қыз баланы «*қарындас*», әйел адам өзімен бірге туысқан жасы кіші қыз баланы «*сіңлі*» дейді. «*Қыз қарындас*» тіркесі бүгінгі тілімізде қолданылмайды. Хатта қазақ билеушілерінің неке салтына қайшы келгендіктен, Ғаббас сұлтан қарындасын ұзатылған жерінен қайтарып беруді өтінеді.

5) *Uwaq eliniñ içindägi Saydhojaniñ oğliña* (اواقاىلىنىن كلىچىنى سىد حوجە غلىنى): орысшаға *уваковской волости Сейтъ Хожина сына* тұлғасында аударылған. Ғаббас сұлтанның қарындасы осы Сейтқожаның ұлына ұзатылған, бұлар Көкшетау округіне қарасты Уақ елінің адамы. Шын мәнінде, хатта айтылғандай бұл кісі Уақ ішіндегі қожалар болып келеді.

6) *araq içip, 'aqli buzulupti* (آراقاچىغىلىق بولوبتى): бұл арада Ақбалық ханым меңзеліп отыр. Ғаббас сұлтан өгей анасының мұндай жолға түскенін Қонайдан көреді әрі оны жазалап беруді Омбы хакімінен өтінеді. «*Ақылы бұзылыпты*» тіркесі ескі қазақ жазба тілінде сирек те болса қолданылғанымен, қазіргі әдеби тілімізде басыңқы сыңары өзге сөзбен ауысқан. Яғни «*ақылынан адасу*», «*жолдан тайу*» т. б. түрлерінде қолданылады.

7) *yaman 'aqilni berip bužgan* (قىمانقلىنى بىرىپ بۇزغان): бұл тіркесте «*жаман*» сөзі «*ақыл*» сөзінің анықтауышы ретінде қолданылып, «*азғыру*», «*жолдан тайдыру*» мағыналарын береді. Мұндай тіркес ескі жазбаларда кезіккенімен, қазіргі тілімізде қолданылмайды.

Сонымен, жоғарыдағыдай ескі қазақ жазба тілінде жазылған Ғаббас сұлтанның бір парша хатына ғылыми талдау жүргізу арқылы хат тілінің жеңіл, оңай түсінуге болатындығын, грамматикалық жақтан қазіргі қазақ тілімен сабақтасып жататындығын аңғаруға болады. Лексикалық қоры жағынан алып қарағанда, қолданылған сөздердің басым бөлегі төл сөздер екендігін, арап-парсы сөздері кездескенімен, олардың дерліктей тілдік қорымызда белсенді қолданылып келе жатқанын білуге болады. Тіпті бірнеше орыс сөзі де ұшырап қалады. Онда көбінесе қоғамдық қарым-қатынас, тұрмыс, ел-жұрт атаулары, кісі есімдері, жер-су атаулары кездесіп отырады. Мұндай лексикалық қор өз кезегінде қазақ жазба тілінің бейнелеу қуатын көрсетіп береді. Сонымен қатар Уәли хан әулеттерінің қоғамдық жағдайынан аз да болса хабар береді. Яғни хатты оқу арқылы Ғаббастың әкесі Бегәлі сұлтанның әлдеқашан қайтыс болғанын, жесірінің жолдан тайып, бар малын шашқанын, тіпті Ақбалық ханымды мұндай жолға түсірген адамның есімі аталады. Міне бұлар қазақ хандығы тарихын қайта сараптап зерттеуде аса құнды дереккөз болмақ.

Қорытып айтқанда, аталмыш хат Қазақ хандығы мен Ресей патшалығы арасындағы қым-қуыт қарым-қатынастың жай-жапсарын жан-жақты түсінуімізге септігін тигізіп қалмастан, біздің тарихи деректану, ескі қазақ жазба тілі сынды қазақтану саласындағы соны тақырыптарды індетте зерттеуімізге аса қажетті дереккөз болып саналады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Әбділәшімұлы Д., Жин Нода. Уәли хан хаттарының тілдік сипаты // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. – 2018. – №4 (172). – 12-20-б.
2. 松筠纂修: 《钦定新疆识略》(2), 中国边境丛书(第1辑:11), 台北: 文海出版社, 1965. (Сун Юнь құраст. Шинжиан туралы қысқаша шолу. Тайбей: Вэньхай баспасы, 1965).
3. Әбділәшімұлы Д. Қытай бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар. – Пекин: Ұлттар баспасы, 2016. – 278-б.
4. Әбділәшімұлы Д. Ескі қазақ жазба тілі. – Пекин: Ұлттар баспасы, 2015. – 230-б.

Әбдуәлиұы Б.
филология ғылымдарының докторы,
Л.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры

РУХАНИ ЖАҒЫРУ ЖӘНЕ ДІНИ ТАНЫМ САБАҚТАСТЫҒЫ

Көне түркі жазба ескерткіштері бүгінгі түркі халықтарының ортақ мұралары бола отырып, халықтарды ұйыстырушы қызмет атқарады. Мәтіндердегі тілдік деректерге талдаулар жасағанда көне түркі мен қазіргі танымдағы ортақ құндылықтар туралы ақпараттарға куә боламыз. Солардың қатарында тәңірілік дін мен ислам арасындағы ортақ белгілер тұр. Бұл орайда екеуіне ортақ «дара билеуші» және «білім» ұғымдары өзіне назар аударады. Осы екі ұғым ислам дәуірінде түркілердің жаңа дінді қабылдауына өзіндік ықпал етті. Шексіз билік иесі – Тәңірі мен Алла туралы таным мен сенім өзара сәйкес еді. Көне түркі жазба мұраларының тіліне сүйене отырып, *Тәңірі* ұғымына сипаттама жасағанда оның біршама белгілері Алламен сәйкес келетіні байқалады. Солардың ең біріншісі – Жаратушының бірлігі. Тәңірінің сипаты туралы қазіргі зерттеулерде, яғни энциклопедиялық еңбектерде Оның кітабы жоқ, осы дүние Тәңірінің кітабы. Тәңірі бірегей, әрине, ол философиялық мағынадағы бір не көп емес, бірақ біртұтастық екенін айтады [1]. Бұл сипат Алланың бірлігімен, құдіреттілігімен сәйкес келеді. Жаратушы Иенің жалғыздығы туралы кейбір түркітанушылардың зерттеулерінде де айтылып жүр. Түркітанушы Қаржаубай Сартқожаұлы «Білге қаған» бітіктасындағы мәтіннің алғашқы сөздерін «Теңігі teg. Теңігі žaratmys türük bilg[e қаған sabım» [2, 93-б.] түрінде транскрипциясын жасап, «Тәңірі бір. Тәңірі жаратқан түрік Білге қаған сөзім», – деп аударады [2, 101-б.]. «Тәңірі тек» деген сөзді көне түркі тіліндегі «Тек I 1. Тек, ғана» [3, 550-б.] дейтін даралаушы мағынадағы шылаумен байланыстыратын секілді. Бұл орайда ол сонымен қатар қазіргі кезде белгілі бір нәрсенің өзін ғана білдіретін күшейткіш шылау қызметінде жұмсалып жүрген «тек» тұлғасын негізге алып отырғаны да байқалады. «Тек» сөзі ақпараттық мазмұны «шығу тегі, бастау көзі, нүктесі» деген мағынаға ұласады. Бұл қолданыста да Тәңірінің бірлігі, жалғыздығы туралы ақпараттар бар. Исламдық ұғымға салсақ, «әуелі» деген мағына шығады. Ал мұсылман халықтары дүниенің бастауы да, ақыры да – Жалғыз Алла деп біледі, Әуел – Алланың 99 көркем есімдерінің бірі. Жаратушының бірлігі туралы Әл-Фараби өз еңбегінде былай деп жазады: «Сөйтіп, Бірінші Тұлға өзінің болмысымен біте қайнасқан, сондықтан Оның тіршілігіне ешқандай басқа болмыстың мүлде қатысы жоқ және түрі жағынан Оның болмысына ұқсайтын болмыс та жоқ. Демек, Ол бірегей! Сонымен қатар ол өзінің тегі жағынан жалғыз. Бұл жағынан алып қарағанда да: Ол – бірегей!» [4, 227-б.]. М.Қашқари еңбегінде де Тәңірінің жалғыздығы, Оны ештеңемен салыстыруға болмайтындығы, теңдесі жоқ, өзімен өзі ғана тең екенігі туралы айтылады [5, 68-б.]. Алланың бірлігі мен теңдессіздігі «Бқылас» сүресіндегі «Ол Алла біреу-ақ... Әрі Оған ешкім тең емес»¹ дейтін аяттармен тығыз байланысты. Екі дін арасында өзіндік ерекшеліктердің болуына қарамастан, ілгерідегі мысалдар исламдағы мұсылмандыққа қойылатын негізгі шарттардың бірі – Алланы, яғни Жаратушы Иені бір деп танудың негізгі белгілері тәңірілік дінге де ортақ екенін дәлелдейді.

Көне түркілік танымда Тәңірінің қолдауына ие болуға ұмтылып, қаһарына ұшыраудан қорыққан. Түркі халқы біріккенде Тәңірі жарылқап, ыдырағанда, қағанынан жерігенде қаһарланған. Тәңірінің бірлігі қандай болса, халықтың да тұтастығы солай болуы тиіс. Көкте басқарушы – Тәңірі, жерде қаған – осы бірлік пен биліктің иесі. Түркілік танымның осы ерекшелігі Тоныкөк (Түй-ұққұк) ескерткішінің тілінде айқын көрінеді. Түркілік сенімде де, исламдық сенімде де Тәңірі мен Алланың елшілері немесе жерге өкіл жіберулері бар. Адамдарға оларды құрметтеуді парыз етеді. Осы парыз орындалмағанда олар Жаратушы Құдіреттің қаһарына ұшырайды: «Тәңірі былай деген-ді: Қаған бердім. Қағандығыңды жойып, [басқаға] бағындың. Бағынғандығың үшін Тәңірі сені өлімші етті. Түрік халқы қырылды,

¹ Аяттардың аудармасы Халифа Алтайдың «Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі» еңбегінен алынды.

алқынды, жоқ болды» [2, 123-б.]. Мәтіннен бірінші – Тәңірінің сөзі, яғни сөйлейтіні, екінші – Тәңірінің жарылқауын бағаламай, жаза басу, үшінші – Тәңірінің жолынан жаңылып, жазаға ұшырауы секілді үш түрлі ақпаратты көреміз. Тәңірінің сөзі секілді «Құран» аяттарында да Алланың сөйлейтіндігі туралы айтылады. Оның періштелермен, Ібіліспен және Адам атамен сөйлесулері – соның дәлелі. «Ағраф» сүресінің 143-аятында айтылатын Мұса мен Раббының арасындағы байланыстан да Алланың сөйлейтіндігін білуге болады. Қысқаша мәлімет келтіре кетсек, «Мұса (ғ.с.) белгілі уәдемінде келіп, Раббы оған сөйлегенде...» делінеді, мұнда нақты сөйлегені туралы айтылып отыр. Сонымен қатар **Әл-Мужиб есімінің мағынасы** «Жауап беруші. Оған дұға етіп жалбарынған құлдарына жауап береді» деп түсіндіріледі. Екіншіден, Тәңірінің берген қағандарын тыңдамағандықтан, елдің азуы және өлімші болуы секілді жағдайлар исламдағы пайғамбарлардың өмірімен сәйкес келеді. Алланың елшілерін тыңдамағандықтан, талай қауымдар жер бетінен жойылып кетті. Үшіншіден, Тәңірінің қаһары секілді Алланың да жазасы туралы «Құран» аяттарында ескерту жасалады және Алланың көркем есімдерінің бірі – Қаһар². Жаратушы Иенің заңдарынан жаңылмау, егер жолдан тайып, адасар болса, жазаға ұшырау жағдайы тәңірлік дін мен ислам арасындағы сәйкестіктің бір көрінісі болып табылады.

Тәңірілік дін мен исламның арасындағы байланыстың келесі көрінісі – мәңгілік өмір хақында. Тәңірі мәңгілік және адам рухы мәңгілік. Өлмек үшін жаралған адамның жалған дүниедегі дәмі таусылғанда мәңгілік әлемге аттанады. Ислам дінінде де Алла мәңгілік, әуелі мен ақыры жоқ. «Әл-Хай – Тірі. Ол мәңгі өмір сүреді, мәңгі болды және мәңгі болады. Оның тірі болуының басы да, соңы да жоқ». Алланың болмысы шексіз, сонымен қатар адамдардың о дүниедегі мекені тозақ пен жұмақтың уақыты да өлшеусіз. Көне түркілік ұғымдағы аруақ пен исламдағы аруақтардың өлімнен кейінгі өмірі уақыт өлшемі жағынан бір-біріне ұқсас, мәңгілікке жалғасып жатыр. Ұлы Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп ойнап-күлмес» деген өлең жолдарында адам өмірінің шексіздігі туралы айтады. Табиғат өмірінің шегі бары, адам рухы тәннен шығып, ғайыпқа сіңеді, яғни мәңгілік мекеніне қайтады. Сондықтан қазақ халқы мына дүниені «жалған», өлімді «қайтыс болды» деп атайды.

Түркілік ұғымда жер мен көктің Иесі – Тәңірінің мекені туралы ой да назардан тыс қалмаған. Қазіргі зерттеулерде «Тәңірі дініне сай ғұрыптар болған. Бірақ түркілер Тәңірге арнап ғибадатханалар салмаған. Олар үшін Тәңірі барлық жерде. Оны көруге, танып білуге, мекенін айқындауға, сипаттауға болмайтыны» айтылады [5, 70-б.]. Демек, адам қайда жүрсе де, Тәңірі онымен бірге немесе жүрегінде. Ислам дінінде Алланың мекені туралы нақты айтылмайды. Бұл мәселе әлі де терең зерттеулерді талап ететіні рас, алайда Алланың көркем есімдерінің ішінен бұған сәйкес жауап табуға болатын секілді. «Әл-Қайюм – Бәрінің үстінде тұрушы. Әрбір заттың үстінен қарайласып, оған Қамқоршы болып тұрады». «Бәрінің үстінде тұрушы» ұғымынан Оның барлық жерде барлығын, Ол болмайтын жердің жоқтығын түсінеміз. Бұл Алланың басқа сипаттарынан да көрінеді: «Әс-Сәмиғ – Әр нәрсені есітуші. Әр естілетін дыбыс ғайып айтылса да Оның есітуінен тыс қалмайды. Ол құпияның бәрін біледі. Оның ести алмайтын нәрсесі жоқ», яғни бұл есімнің мағынасынан да Оның барлық жерде болатынын түсінеміз. Көп жағдайда Алланың адаммен бірге, оның жүрегінде болатыны туралы айтылады. «Құранда»: «(Мұхаммед с.ғ.с), құлдарым, Мен туралы сенен сұраса: Мен оларға өте жақынмын, тілек тілеушінің дұғасына жауап беремін...», – делінген (Бақара сүресі 186-аят).

Тәңірлік дін мен исламның өзара сәйкес тұстарының бірі – құрбан шалу. Құрбан шалу – дүние-мүлік арқылы өтелетін құлшылықтың бір түрі. «Түркілер тағдырды жазатын жердің де, көктің де иесі «Көк тәңірі» деп білген. Құрбандықтарын «Көк тәңіріне» атап шалып, ел басына күн туған алмағайып заманда Көк тәңірге: «Қуат бере гөр!» деп сиынған» [6, 57-б.]. Тәңірінен тілек тілеу тақыршылық болып, күн жаумаған кезде тасаттық беру арқылы жүзеге асса, ислам дінінде мал-мүлік арқылы өтелетін құлшылықтың бірнеше түрі бар. «Бұларға зекет, садақа,

² Алланың көркем есімдерінің сипаты мен түсінігі туралы мәліметтер мына дереккөзден алынды: http://muslim.kz/kz/page/allanyn_korkem_esimderi

кәффәрат және құрбан шалу секілді құлшылықтар» жатады [7]. Құранда зекет беру жөнінде көптеген аяттар бар. Құрбандық шалу туралы да айтылады: «Сондай-ақ өздеріне берілген малдардан белгілі күндерде Алланың атын алсын (Құрбан шалсын)», – делінген (Хаж сүресі 28- аят).

Қағандар халықтың азбауын, құт дарып, береке бірлікте болуын қамтамасыз етеді. Сондықтан олардың білім-білігіне аса үлкен мән беріледі. *Bilge Tuñuquq, Tūrük Bilge qaγan, Qutluγ k̄il Bilge qaγan, El Etm̄iř Bilge qaγan* секілді есімдер – соның бір көрінісі. Көне түркі бітік жазбаларында ел болу ісі тікелей Тәңірінің қалауымен таққа отырған қағандардың біліктілігіне байланысты екені жиі айтылады. Сонымен қатар көне түркі халқы, ілгеріде атап өткеніміздей, осы дүниені Тәңірінің кітабы ретінде қабылдады. Табиғат сырларын терең тануға ұмтылып, жер мен суды кие тұтып, құрметпен қарады. Түркілердің дүниетанымдық кеңістігі өте ауқымды еді, оларды аспантану әлемі, жер-су тану әлемі, жануартану әлемі т.б. бағыттар бойынша топтастыруға болады. «Құран» сүрелері мен Пайғамбар с.ғ.с. хадистерінде сонымен қатар Алладан ғылым сұрау, ғылымның қадірі, ғылым иесінің қадірі, білім іздеу, білімді мен білімсіздің айырмашылығы секілді мағынадағы аяттар өте көп кездеседі. Ең маңыздысы – «Құран» түскенде алғашқы аяттар ғылым іздеуге арналған еді, яғни «Ғалак» сүресі: «Оқы, өзіңді жаратқан Алланың атымен оқы...», – деп басталды. Бұл аятта тек адамның қолымен жазылған кітапты оқу ғана емес, Алланың сырларына үңілу туралы да айтылып тұрған секілді. Осы аяттағы «оқу» мен Тәңірілік сенімдегі «білге» өзара өте жақын ұғымдар. Екі дін арасындағы өзара ортақ осындай ұқсастықтарды салыстыра қарағанда түркі халықтары дін ауыстырған жоқ, Ислам дәуірі басталғанда діни сенімнің жаңа кезеңіне өтті деп бағалауға болады. Ислам діні мұсылман түркі халықтарына ғасырлар бойы таралды және алғашқы кезеңінде болмаса, осы уақыт аралығында ешқандай діни қақтығыстар болған жоқ. Ұзақ ғасырлар Тәңірі мен ислам діндерінің өзара байланысының тереңдеуіне, бір-біріне сіңісуіне ықпал етті. Қазақ халқының қолданысындағы көптеген мақал-мәтел мен хадистер арасындағы сабақтастық та – жаңа дін арқылы келген ұғым-түсініктердің қоғамдық санадан орын алып, тұрақтауының көрінісі. Қазіргі ғылымда мақал мен хадисті салыстыра зерттеу ізденістері басталып кеткен. Солардың бірі – «Дана халқымызда: «Ұят кімде болса, иман сонда», «Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде», «Ұят иманда» деген мақалдар бар. Қазақ тіліндегі «иман» сөзі мен ұғымы ислам діні арқылы, яғни «Құран», хадистер аясында келген. ... хадистегі және қазақ мақалындағы негізгі айтылмақшы болған ой – ұят, ар ождан. Осы тұрғыдан алғанда мазмұндық ұқсастық бар», – деген жолдардан көрінеді [8].

Тәңірі мен адам арасынағы қатынастың кейбір көріністері бүгінгі күнге тілдік деректер арқылы жетіп отыр. Халықтың өмір тәжірибесінен жинақталып тілінде тұрақталған бірліктер – тұрақты тіркестер. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің құрамында сақталған *Тәңірі* мен *Алла* сөздерінің мағыналық табиғатынан екі түрлі ерекшеліктерді байқаймыз. Бірі – көне түркілік дәуірдегі *Құдіреттің есімі*, екіншісі – кейінгі дәуірлерде пайда болған *Алланың синонимі*. Мысалы, «Тәңірге не жаздым!?» деген тұрақты тіркестегі «жазу» – көнерген сөз. Көне түркі тілінде «Jaz- III 1. Қателесу, мүлт кету. 2. Күнә жасау» [3, 250]. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз негізінен «қателесу» немесе «кінәлі, күнәлі болу» мағынасында «жазды, жазық, жаза басу» секілді етістіктердің құрамында сақталған. «Жаз» тұлғасы жеке тұрып қолданылмайды. *Көз жазды (адасып қалды), жазықты болды (кінәлі іс істеді), аяғын жаза басты (қателесті)* секілді тұрақты тіркестер сол көне дәуірлерден жеткен тілдік деректер болып табылады. Бұл «Тәңірге жазу» тұрақты тіркесінің құрамындағы «Тәңірі» сөзі «сол көненің бүгінге жеткен элементтері» деген болжам жасауға мүмкіндік береді. Сол секілді «Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірісі бар» деген фразеологизмнің шығу тегінде көне түркі халықтарындағы бөріні киелі, қасиетті деп тану ұғымы жатыр. Аталған фразеологизмдер құрамындағы *Тәңірі* сөзі көне *Тәңірілік* ұғымның негізінде шығып, қалыптасқан, яғни Құдіретті күш иесінің есімі.

Тәңірлік дін мен ислам арасындағы тығыз байланыс, бірін бірі терістемей, өзара сіңісіп кетуіне ықпал етті. Соның бірі – *Тәңірі* мен *Алла* сөздерінің бірінің орнына бірі синоним ретінде қолданысқа түсуі. Мысалы, Бұқар жыраудың тілек туралы өлеңіндегі «Бірінші тілек

тілеңіз бір *Аллаға жазбасқа»* деген жолдарындағы *Алла Тәңірінің* синонимі ретінде қолданылып тұр. Сол секілді «Ат берген «Хабібім» деп Тәңірі сүйіп. Барайын Пайғамбарға мұңымды айтып»³ [9] деген жолдарда да *Тәңірі* «Алла» сөзінің орнына қолданылып отыр. Сол секілді айтылу ырғағы мен ұйқасының сәйкес келуіне байланысты қолданысқа түскен мынандай тұрақты тіркестер бар: «Құнанын Құдайындай, тайын Тәңірісіндей көреді», бір нәрсені үлкен етіп көрсету мақсатында *Құдай* мен *Тәңірі* сөздері қатар қолданылып тұр. «Тас – таразы, Тәңірі – қазы құрылатын күн» – адамдардың күнәсі мен сауабы таразыға тартылатын ахирет күні. Контекст ислами сенімге байланысты болғанмен, *Алла* емес, *Тәңірі* сөзі алынып отыр. Қоғамдық сана терістемеген ұғым атауларының өзара тығыз байланыста, бірінің орнына бірінің қолданылуы – тілдің дамуы барысында болып тұратын заңдылық. Ислам дінінің қазақ арасына кең таралуымен бірге *Тәңірі*, *Құдай*, *Алла* атаулары сөздік қорда синоним ретінде орнықты. Сол дәуірлерден жеткен ортақ наным сенімнің кейбір элементтері *Тәңірберген* – *Алдаберген* (*Аллаберген*) – *Құдайберген* секілді бір мағыналы кісі есімдерінде де сақталған. Түркі халықтарына ортақ *Тәңірі* мен *Алла* теонимдері діни емес мағынада да тілден қолданыс тапқан.

Діни сенім қоғам санасындағы ұлы құндылық, оның жолында халық басын бәйгеге тігуден тартынбайды, бар күшін жұмсап оны қорғайды. Қазіргі ғылымда тәңірлік дінінің шығу тарихының б.ж.с. дейінгі мыңжылдықтарды қамтитыны туралы айтылып жүр. Наным-сенім сипатында соншама уақыт бойы түркілік санаға сіңіскен ұғым-түсініктердің, ешқандай қарсылықсыз жаңадан келген дінге орын беруі жайдан жай болмаса керек. Мұнда түрлі факторлардың жатқаны – шындық, солардың бірі – ілгерде сөз болған өзара сәйкестік негіздері. Сондықтан мұсылман түркі халықтары жаңа дін қабылдаған жоқ, екі діннің басты принциптеріндегі ұқсастықтарды ескере отырып, ислам кезеңіне өтті. Ауысу себептеріне осылай деп баға берген орынды болады.

Тәңірлік діннен исламға өту кезеңі түркі халықтарының ортақ тарихы дәуірлеріне сәйкес келеді, сондықтан жекелеген халықтардың ислам дініне өтуі мен оны таратуға қосқан үлесі де бұл орайда назардан тыс қалмауы тиіс. Ислам дінінің ғылыми тұрғыдан зерттеліп, ішкі сырларының ашылуында түркі ғалымдарының да есімдері жиі аталады. Әбу Насыр әл-Фараби, Махмұт Қашқары, Ахмет Йүгнеки, Қожа Ахмет Ясауи т.б. көптеген ғалымдардың исламның түркілік танымға сәйкестенуіне қосқан үлестері зор.

Пайдаланылған еңбектер:

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Тәңірі>
2. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. 2-кітап (түпнұсқа, оқылымы, аудармасы, түсініктемесі). – Алматы: Абзал-Ай, 2012. – 328 б.
3. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 с.
4. Әл-Фараби Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 448 б.
5. Есім Ғ., Смағұлов Е. Зайырлылық және дінтану негіздері. – Алматы: Білім, 2016. – 270 б.
6. Кенжетәев Д. және т.б. Зайырлылық және дінтану негіздері. – Астана: Арман-ІІВ, 2016. – 272 б.
7. <https://ummet.kz/bes-pariz/363-kazhylyk/1649-2019-07-22-09-16-09.html>
8. Мансұров Б. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі Пайғамбар хадистерінің әсері // <https://kazislam.kz/eislam-204/>
9. Бабалар сөзі. Жүз томдық. – 10-том. – Діни дастандар. – Астана: Фолиант, 2004. – 344 бет.

³ Үзінді «Қақпанға түскен киіктің хикаясы» дастанынан алынды.

Жұбай О.

филология ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессор м.а.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДЫБЫС ТІРКЕСТЕРІ ЖӘНЕ КІРМЕ СӨЗДЕРДІ ИГЕРУДЕГІ ҰСТАНЫМДАР

Тілдегі дыбыстардың қатар келуінде, тіркесімінде – дистрибуциясында өзіндік заңдылық бар. Мәселен, орыс тілінде сөздің соңындағы ұяң дауыссыздар (**б, в, г, д**) айтылуда қатаңданып кетеді. Алайда орыс тілінде фонологиялық ұстаным басшылыққа алынатындықтан, бұл ерекшелік жазуда ескерілмейді. Сөз қатаң дыбысталып тұрса да, одан кейін дауыстыдан басталатын қосымшаларды жалғап тексеру арқылы (проверочное слово) ол жерде ұяң фонема тұрғанын анықтайды: *педагог* сөзінің дыбысталуы – *педагок* [*n'идагок*] болғанымен, жазылуы – *педагог* (*педагог+и*), *филолог* сөзінің дыбысталуы – *филолык* [*ф'илолак*] болғанымен, жазылуы – *филолог* (*филолог+и*), т.с.с. Бұл ерекшелік орыс тіліне тән болғанымен, қазақ тілінде сөздің соңында **б, в, г, ғ** сияқты ұяң дауыссыздар келе алмайтындықтан, кірме сөздерде де сол заңдылық сақталып, мұндай сөздердің соңы қатаң дыбысқа бітуі керек. Ондай сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғау арқылы түбірде қандай дауыссыз бар екенін анықтау қазақ тілінің табиғатына сәйкес келмейді. Қазақ тілінде үндестік заңына сәйкес сөздің соңындағы қатаң дауыссыздар дауысты дыбыстан басталатын қосымшаның ықпалымен ұяңданады: *доп* – *добы*, *күрек* – *күрегі*, *аяқ* – *аяғы*, т.с.с. Яғни әр тілдің өзіндік ерекшелігі, заңдылығы бар. Бір тілге тән заңдылықты басқа тілге тели беруге болмайды. Әр тілдегі дыбыстар бейберекет орналаса бермейді, олардың келу реті, тәртібі болады. Әр тіл сөзді дыбыстық ерекшелігіне бейімдейді. Мәселен, грек тілінен енген *leon* сөзі орыс тілінде лев ретінде алынып, сөздің соңындағы **в** фонемасы **ф** қатаң дауыссызына айналып дыбысталса (*лев*, сол сияқты *зов*, *шов*, т.б.), беларус тілінде сөздің соңындағы **в** фонемасы **ў** үнді дыбысына айналған екен: *леў* [1, 25-б.]. Ал түркі тілдерінде сөздің соңы ұяң дауыссыздарға (**б, в, г, д**) бітпейді. Хақас, чуваш тілдерінде ұяң дауыссыздар сөздің басында да келмейді [2].

Сөз басындағы, сөз ішіндегі, сөздің соңындағы дыбыстардың орналасуында, дыбыстардың тіркесімінде өзіндік заңдылық бар. Ағылшын тілінде сөздің басында екі дауыссыз, үш дауыссыз келе береді: *stranger, spring, scratch, screen, street, strong, scream*, т.с.с. Орыс тілінде тіпті төрт дауыссыз да келе береді: *встреча, востранный, вздрогнуть, вздремнуть, встретить*, т.т. Ал түркі тілдерінде сөздің басында дауыссыздар қатар келе алмайды. А.Н. Кононов та өзбек тілінде екі дауыссыз анлаут позицияда келе алмайтыны туралы айтады [3, 47-с.]. Осыған байланысты ХХ ғасырдың басында жат тілден енген атауларды (терминдерді) қазақ тіліне бейімдеуде осы ерекшелік басшылыққа алынып, екі дауыссыздың арасына дәнекер **ы, і** дыбыстары түскен: *клуб* – *құлып*, *трест* – *тірес*, *драма* – *дырам*, *грамм* – *гырам*, т.т.

Ағылшын тілінде сөздің соңында бірнеше дауыссыз (5, 6 дауыссыз да) дыбыс қатар келе алады: *scratch, catch, watch, fetch, cough, French, parents, church*, т.т. Ал қазақ тілінде сөздің соңында келетін дауыссыздар бір тұлғада (үнді-қатаң) ғана келе алады: *қарт, женит, кент, жалт-жұлт, сарт, қант, керт, ұрт, мұрт, төрт, құрт*, т.с.с. Дауыссыздар сөз соңында басқаша тіркесе алмайды. Қазақ тіліне араб, парсы тілдерінен енген сөздердің құрамында екі дауыссыз қатар келсе, соңғы дыбысы түсіп қалған: *дост* – *дос* (*достым*); немесе арасына дәнекер **ы, і** дыбыстары қосылған: *халқ* – *халық*, *ғлм* – *ғылым*, *ғалм* – *ғалым*, *асм* – *есім*, т.б. Яғни әр тілдегі дыбыстардың тіркесімінде өзіндік заңдылық болады. Соған сәйкес әр тілдегі дыбыстардың дистрибуциясында жүйе, норма болады. Қазақ тіліне ертеректе араб, парсы, орыс тілінен енген сөздер қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне бейімделген: *самовар* – *самауыр* (*самаурын*), *кровать* – *кереует*, *русский* – *орыс*, *англичанин* – *ағылшын*, *Москва* – *Мәскеу*, *пуховый* – *бөкебай*, т.с.с.

ХХ ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары шеттен енген сөздерді қабылдауда үш ұстаным басшылыққа алған: а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей

қазақ сөзі алынған; оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзі алынған; түркі сөзі де тура келмесе, шет сөзді қазақ тілінің заңына үйлестіріп алған [4]. Н.Төрекұлов, М.Қайыпназарұлы сияқты қайраткерлердің «Жат сөздерді өзге жұрт тілдерінде айтылуынша, ешбір бұзбастан, айнытпастан алу керек. Кәзір Қырым, Әзербайжан сықылды өзге ұлт республікелері де солай алып жүр. Біз неге сүйтпейміз?» деген ұстанымдарына [5] Ә.Бөкейхан, Х.Досмұхамедұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Қ.Кемеңгерұлы сынды ғалымдар үзілді-кесілді қарсы шығады. Х.Досмұхамедұлы: «Жат сөздерді қолданғанда, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады... Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатаस्कандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді», – десе [6], А.Байтұрсынұлы «Сәбитке жауап» деген мақаласында: «Жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алуға біздің де қақымыз бар», – дейді [7].

1924 жылы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезінде Елдес Омаров баяндама жасап, шеттен еніп жатқан терминдер (жат сөздер) қазақтың өз сөзіндей тілімізге сіңіп кетуі үшін қазақ тілінің өзіндік заңдылықтарына сәйкестендірілуі керектігін ескертіп, 9 заңдылықты көрсетеді:

1. Қазақ тілінде үндестік заңы бар. Қазақ тілінде үндестік заңына келмейтін сөздер де жоқ емес. Соны айтып үндестік заңына қарсы болып жүрген азаматтарымыз да бар. Үндестік заңына келмейтін сөздердің бәрі – де қазақтың өз сөзі емес, қазақ тіліне кіріп кеткен жат сөздер. Үндестік заңына келмейтін қазақша сөз түрі жалғыз-ақ «нікі» («дікі», «тікі»)-мен жалғанып айтылатын сөздер. Қазақ тілінде үндестік заңы бар екеніне осы «нікі»-ден басқа қарсы дәлел жоқ. Дұрысында, ешбір тілде де тастай қатқан тұрлаулы заң болмайды: бір заңның күшімен екінші заңға бағынбай кететін сөз түрлері болмай қалмайды. Ондай заңға келмейтін бірен-саран сөз түрлерінен ол заңды жоққа шығару я ол заң жоғалуға бет алған деп жору қата. Қазақ тілінде үндестік заңы бар екені рас болса: қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірыңғай жіңішкертіп я бәрін де жуандатып алу керек.

2. Қазақ тілінде жұмсақ «ә» сөздің бас буынынан басқа буындарда болмайды, әсіресе сөздің соңғы буындарында жұмсақ «ә» болмайды. Бұл: үндестік заңының салдарымен болған, қазақ тілінің айрықша бір қасиеті. Қазақ тілінде «Мәриә», «Кәмйілә» сықылды соңғы буындарында жұмсақ «ә» келетін сөздер де жоқ емес. Бірақ ол сөздер арабша оқыған молдалардың зорлап кіргізген сөздері, мұндай сөздің ерсі жері – бұларға жалғау қосып өзгерткенде бұлар қазақ тілінің сөз жүйесінше өзгере алмайды «Кәмйілә»-ның өзі жұмсақ болғанмен, мәселен, барыс жалғауы, қазақша сөз жүйесінше «Кәмиләге» болмайды, «Кәмйлаға» болады. Қазақ тілінің мұндай сөздің бас буынынан басқа жеріне жұмсақ «ә»-ні сыйдырмайтын қасиеті болған соң бас буыннан басқа буындарында жұмсақ «ә»-сі бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, «ә»-ні өзгертіп я «е», я жуан «а» қылып алу керек («адабийат» – «әдебийет»).

3. Қазақша сөздерде «о», «ұ» дыбыстары бас буындарда ғана болады. Басқа буындарында «о», «ұ» дыбысы бар, «бейнетқор», «қамқор» сықылды сөздер оның аяғында «қор» деген жат жұрнақ болғаннан ғана болып тұр. Тіліміздің ымырасынша «о», «ұ» дыбыстары бас буыннан басқа жерде тұра алмайтын болған соң: бас буыннан басқа буындарда «о», «ұ»-сы бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде «о», «ұ»-ларды басқа бір дауысты дыбысқа айналдырып алу керек (*покр*ов – *боқырау*).

4. Қазақша сөздің аяғы «ғ», «г», «д» болып тынбайды, «қ», «к», «т» болады. Ондай сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жұрнақ жалғаулар (жіктеулер) қосылып «қ», «к»-лер («т» емес) екі дауысты дыбыстың арасына түссе (олардың алдындағы дыбыстары да дауысты болса, «ғ», «г» болып өзгереді. «Ғ», «Г», «Д» дыбыстарымен тынған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларын «қ», «к», «т» қылып алу керек. Бұл дыбыстардың алдындағы дыбыстары дауысты дыбыс болғанда, артынан жаңа дауысты дыбыс жалғанса: «қ», «к»-лер «ғ», «г» болып өзгертін болып, «т» өзгермей, сол күйінде қалатын болуы керек. Ондай сөздің аяғындағы «қ», «к»-лердің алдындағы дыбыс дауысты болмаса, ол сөздерге дауысты

дыбыспен басталатын жалғау, жұрнақтар жалғанғанда да «к», «к»-лер өзгермейтін болуы керек. Я болмаса сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларды мүлде жоғалтып жіберу керек (*Оренбург – Орынбор*).

5. Қазақ тілінің үздіксіздік заңы бар. Қазақша сөздің ішіндегі дауысты дыбыстан айырылып (онан кейінгі буынға) шыға алмайды («қарағай», «қар-ағай» болып үзіліп буындала алмайды); «мәс`ле» сықылды үзіліп буындалатын сөздер қазақ тілінде болмайды. Және бір сөздің ішінде арасына дауыссыз я жарты дауысты дыбыс салмай, екі дауысты дыбыс қатарынан келмейді. Үздіксіздік заңына келмейтін жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, өзгертіп үздіксіз қылып алу керек (*мәс`ле – мәселе, мү`мін – момын*).

6. Қазақша сөздің екпіні соңғы буынында болады. Сондықтан екпіні соңғы буыннан басқа буындарында болған жат сөздерді қазақшаландыруында тілін соңғы буынға келтіріп алу керек (*Самара – Самар, пуховый – бөкебай*).

7. Қазақша сөзде бір дыбыс қосарланып келмейді. Сондықтан дыбысы қосарланған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қатарынан екі қама айтылатын дыбыстың біреуін я мүлде жоғалтып жіберу керек те я болмаса орнына басқа бір дыбыс кіргізіп алу керек (*Макка – Мекке, Алла – Алда*).

8. Қазақ тілінде өзінде жоқ дыбыстардан тізілген сөздер болмаса керек. Тілінде жат дыбыстары бар жат сөздерді пән сөз қылып алғанда оның жат дыбыстарын шығарып тастап, орнына қазақша дыбыс кіргізіп алу керек. Жат дыбыстардың әрқайсысына алдын ала қазақ дыбысын арнап көрсетуге болмайды; ретіне қарай, мәселен, ерсі «у», «п», «б» болып өзгеруі мүмкін; «х» дыбысы қазақша кейде «к», кейде «қ» болып өзгеріп, кейде мүлде жоғалып кетуі мүмкін.

9. Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгертін болуға тиіс. Жат сөздерді жат жұрнағымен алуға болмайды; жұрнағымен кірген сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керек [8, 91-94-б.].

«Шет сөздердің імләсі жайында» атты мақаласында Телжан Шонанов та қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесімін негізге ала отырып, шеттен енетін сөздерді тіліміздің заңдылықтарына сәйкес бейімдеу керек екенін айтады:

1. Жат сөздер халық айтуына жеңіл, құлағына жағымды, түсінігіне үйлесімді, қат тануына оңтайлы болуы үшін, жат тіл імләсін тіліміздің заңына үйлестіруіміз керек. Осы күні бір жат сөз әр түрлі құбылып жазылады. Мысалы: *кәмійсерійет, камійсерет, кәмөнес*, т.т. Мұнан қалың бұқараның қат тануына, шет сөздерді түсінуіне зиян көп, тіліміз заңына келмеген соң қалық тілі күрмеліп айта алмайды, сондықтан шет сөздер белгілі ережемен жазылсын.

2. Шет сөздер дұрыс жазылу үшін: аяғы қалай жазылуына, 2) түбірінің қазақ тіліне үйлеспейтін дыбыстарын қалай өзгертіп, қысқартуына жол көрсетілсін.

Шет сөзді жазуда заңға сүйенбегендіктен, орыстың «кооперация» деген сөзінің аяғын «се», «тсе», «са», «тса», «тсйе» қылып құбылтып жүрміз. Мұндай мысал көп. Шет сөздің тұқылындағы дыбыс заңына сүйенбегендіктен, орыстың «коммунист» деген сөзінің тұқылын «кәмен», «кәмөн», «камун», «көмен» қып құбылтып жүрміз. Жат сөз қазаққа қол байырғы болу үшін керек жерінде барлық дыбысын өзгертуіміз керек. Өйткені әр тілдің дыбыстарының айтылатын, шығатын жолдары бар. Сол жолмен жүрмеген дыбысты адам айта алмайды. Орысша сөйлеген қазақ он жыл оқыса да, орыс тілінің дыбысын дұрыс айта алмайтыны осыдан. Мәселен, қазақ тілінде төменгі ерінді тіске тіреп айтатын (**в, ф**) дыбыстары жоқ (см. проф. Богородицкий «Введение в тюрко-татарское языкознание». Часть 1. Стр. 23. Таблица классификации звуков).

3. Шет сөзді дыбыс негізіне сүйеніп (фонетический принцип) жана тілін меңзеу (морфологическая аналогия) заңымен қарастырып жазалық. Әр тілде бір дыбыс көршілеріне әсер етеді: қатайтады, жұмсартады. Мұны еліктіру (ассимиляция) заңы дейміз. Орыс тілінде тартыншақ еліктіру (регрессивная ассимиляция) болса, (*пробка – пропка, береги – збереги*) біздің тілімізде итіншек еліктіру (прогрессивная ассимиляция) бар (*ұрған – ұтқан, азға – асқа...*). Итіншек еліктіру бар тілімізде тартыншақ еліктіру заңымен шет сөз жазып шатасып

жүрміз (*әліпбе*, дұрысы – *әліппе*). Онан соң тілімізде еліктіруге қарсы іру заңы бар. Ол заң мынау: бір ыңғай айтуға қиын дыбыстар тіркес келсе, оңайлау үшін іріп, әр жолдан шығуға тырысады. Мысал: *атшы* басқа түрік тіліне қарағанда *атчы* болар еді. Итіншек еліктіру мен іріту дауыссыз дыбыста болса, дауыстарымызда үндестік (сингармонизм) заңы бар. Шет сөзді жазғанда бұл заңды қолданбасақ, қазақтың тілі келмейді. Қазаққа: *ат айланар* деп айтқыза алмайсың. Пішін меңзеуіміз мынау: шет сөз сын есім болса (*социалистический*) біз де соның *социал* деген түбіріне бір жалғау жапсырғымыз келеді. *Тас үй, қазақ малы* дегенде сын есімде жалғау бар ма, міне, шет сөзге қазақ тілінде жалғау беріле ме, жоқ па, берілсе қазақ тілі қандай жалғау береді, мұны ретке салу керек.

4. Шет сөзді дыбыс негізіне тіліміздің заңына сүйеніп жазу үшін тілімізге қалық арқылы кірген араб, парсы жана ескіден кірген орыс сөздері дерек болсын. Бұл күнгі газет-жорналдар қалықтың шет тілге тілі қалай келуімен санаспаған. Сондықтан бұлар өзгертіп алған сөздер імлә жасауға дерек бола алмайды. Тілдің неге келмеуі әр тілде әр түрлі дыбыс жолы (артикуляционная база) болуынан. Қалық өзінің дыбыс жолына үйлестіріп, тілін келтіріп шет сөз алады. Тілі келмейтін газеттегі шет сөзден халыққа зияннан басқа пайда жоқ: қат танып, тілін ұстартуға бөгет [9].

Алайда қазақ тілінің шынайы болмысын сақтауға тырысқан алаш зиялыларының тұжырымдарының тұжырымдары саясаттың ықпалымен, Орталық комитеттің тоқпағымен бұрмаланып, еуроцентризмге бой ұра бастайды. Қазақстанға латын графикасы күшпен таңылған соң бұрынғы ұстанымдардың бәрі қайта қаралып, өзгертіледі. «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 18 ақпанындағы санында Қазақстан Орталық жаңа әліпби комитетінің емле мәселесі туралы тіл білімпаздарына, оқушыларға, барлық жазушыларға ашық хаты жарияланады. Онда 1929 жылдың 20 наурызында Қазақстан оқу комиссиариаты шақыратын білімпаздар съезіне дейін емле мәселелері талқылануы керектігін ескерте келіп, жан-жақты емлеге енген өзгерістерге оқушылардың пікірлерін сұрайды. Осыған байланысты басылым беттерінде ұсыныстар жасаған көптеген мақала жарық көреді: А. Байтұрсынұлы «Емле туралы», І. Қайменұлы «Емлені түзету туралы», А. Мамытұлы «Емле, пән атаулары туралы», Ә. Марғұланұлы «Жазу мәселесі», Ж.Аймауытұлы «Әліпби емлесіне түсінік», «*uv, bv, iv, uv*», «Әдеби тіл мен емле», «Емле жайындағы пікірлер» (Ақдәулетұлы Әбділда, Мұқанұлы Сәбит, Есенғали Манабайұлдарының пікірлері), т.б. Жаңа түркі әліпбиінің орталық комитеті мен Халық ағарту комиссариатының ғылыми-әдістемелік кеңесінің шақыртуымен ұйымдастырылған конференция сол кездегі еліміздің астанасы – Қызылорда қаласында 1929 жылдың 2-4 маусым аралығында өтеді. Қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалаған ғалым, сол кезде Қазақ педагогикалық институтының профессоры болған Ахмет Байтұрсынұлы конференцияға қатыспақ болып, Алматыдан арнайы келгенімен, пойыздан түскен бойда тұтқындалып, Мәскеудің Бутырка түрмесіне жіберіледі. Осыдан-ақ конференцияның мақсаты айқын байқалады. Конференцияға К.К.Юдахин, Н.Э.Шимдт, Е.Д.Поливанов, И.Тоқтыбаев, Т.Шонанов, Ә.Сыздықов, Ж.Тілепбергенов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы, І.Қабылов, Қ.Жұбанов, О.Жандосов, Н.Э.Вундцетель, Ә.Байділдин, т.с.с. қатысқан. Жиынды басқару К.К.Юдахин, Ә.Байділдин, І.Қабыловтарға жүктеледі. Хатшылары ретінде Қ.Жұбанов, И.Тоқтыбаев, Н.Э.Вундцетель сайланады.

Конференцияда алғашқы сөз Халық ағарту комиссариатының ғылыми-әдістемелік кеңесінің ғылыми қызметкері – Телжан Шонанұлына беріледі. Баяндамашы қазақ жазуына фонетикалық ұстаным басшылыққа алынатынын, қажет болған жерінде морфологиялық ұстаным да басшылыққа алынатынын айтады. Зерттеуші қазақ тілінде сөз **б, г, ғ, д** дыбыстарына бітпейтінін ескерте келіп, қазақ сөздеріне қолданылатын емле (орфография) шет тілден енген сөздер үшін де сақталуы керектігін, жат сөздерге бөлек емле түзудің қажеті жоқтығын айтады. Бұл ретте ғалым А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы сынды алаш зиялыларының ұстанымдарын негізге алғаны байқалады. Алайда қайраткер сөзінің соңында солқылдақтық көрсетіп: «Затем, применяя нормы нашего языка к правописанию иностранных слов, безусловно, мы рекомендуем, чтобы не перегибать палку, чтобы без особой

необходимости не искажать начертание и произношение иностранных слов», – дейді [10]. Алайда қазақ тілінің шынайы болмысын сақтауға тырысқан Ғылыми-әдістемелік кеңесінің ғылыми қызметкері – Т.Шонановтың осы сөзін негізге алып, К.К.Юдахин шет елдіктердің аты-жөнін қазақ тілінде өзгертпестен, түпнұсқа күйінде жазу керектігін айтады. Конференцияға төрағалық етуге сайланғанмен, К.К.Юдахин Ленинградтан келгенін желеу ете отырып, өзіне жүктелген міндетке көңілі толмайтынын жеткізеді. Х.Досмұхамедұлы сынды алаш қайраткерлерінің ұстанымдарын сынға ала отырып, К.К.Юдахин тезистерге көп өзгеріс енгізеді. Қазақ тілінің заңдылықтарын түсінбегендіктен, зерттеушінің ұстаным-тұжырымы тілдегі жүйеге қайшы болды.

Конференция барысында айтылған ұсыныстар мен өзгеріс-толықтыруларды тезиске енгізу үшін 7 адамнан тұратын комиссия құрылады. Комиссияға Ә.Байділдин, К.К.Юдахин, Е.Омаров, Н.Э.Вундцетель, Қ.Жұбанов, И.Тоқтыбаев, Н.Э.Шимдт сайланады. Е.Омаров Ә.Байділдиннің орнына І.Қабыловты ұсынады. Алайда І.Қабылов бас тартуына байланысты комиссия бұрынғы құрамымен жұмысына кіріседі. Қ.Кемеңгерұлы комиссия құрамына сайланбайды. Қ.Жұбанов ол кезде Ленинградтағы ЛЖВИЯ ассистенті, конференцияда хатшылық қызмет атқарады. Комиссия құрамында қазақ тілінің білгірлері, мамандар болмауының салдарынан конференцияда қазақ тіліндегі норма өрескел бұзылады.

5. Конференцияда К.К.Юдахин бастаған бір топ қайраткер қазақ тілінің заңдылықтарын белшеден басып, өрескел бұзады. Қазақ тілінің заңдылықтары бұрмаланып, емле, терминология мәселелеріне байланысты қайта-қайта таласады. Оған Елдес Омарұлының мына сөздері дәйек бола алады: «Относительно 2-й части тезисов я возражаю против орфографии иностранных терминов целиком. Считаю, что эти тезисы не разработаны и не ясно обоснованы. Прежде всего эта часть отличается от предыдущей части своей необоснованностью. Тут не указываются ни моменты морфологии казъязыка, ни фонетические свойства его, на которых базируются эти тезисы, а затем предложения ее являются огульными, административного характера, например, пункты о звуках, которых нет в казакском языке, или следующие два пункта о звуке «а» с ударениями и без ударения в конце, тоже о географических названиях. Все пункты, которые имеются в этих тезисах, именно огульны, без всякого основания, ни с чем не связаны; ни с фонетическими законами, ни с морфологическим. ...Законы сочетания согласных то же самое не учтены. Например, тезисы не дают никаких указаний о том, как писать термины, имеющие в конце два согласных, без гласной по середине, как «метр» и «литр» и проч. Вот по всем этим соображениям я возражаю против тезисов вообще. Считаю эти тезисы не разработанными и предлагаю отказаться от них, потому что преподносить их, как научно разработанные, нельзя» [10].

Алайда қазақ тілінің шынайы болмысын сақтауға тырысқан Е.Омаров қазақ тілінің фонетикасы мен емле заңдылықтарының білгірі, 1924 жылы Қазақ білімпаздарының сійезінде емле, термин мәселелері туралы баяндама жасаған Елдес Омарұлы ой-тұжырымын қазақ тілінің заңдылықтарына сүйене отырып негіздегенмен, конференцияға қатысушылар көпшілік дауыспен шешіп отырған. Сондықтан Елдес Омарұлы мен Қошке Кемеңгерұлы қарсылық білдіріп, шығып кетуге мәжбүр болады. Конференцияның хаттамасында: «Товарищи Омаров и Кемеңгеров, не получив одобрения своему мнению в комиссии по некоторым вопросам, т. Омаров заявил, что в таком случае он не будет участвовать в комиссии и демонстративно ушел. Вместе с ним вышел и тов. Кемеңгеров», – деп келтірілген [10]. Комиссияның құрамында Қ.Кемеңгерұлы болмағандықтан, оның қарсылығы ескерілмейді. Қазақ тілінің заңдылықтары әбден бұрмаланған тұста Елдес Омарұлы ғана қарсы болып отырады. Ғалым бірнеше рет тезистердің толық оқылуын талап етеді: «Я просил бы сначала зачитать тезисы и потом предоставить слово «за» и «против» и потом приступить к поштатейному обсуждению»; «Я бы просил зачесть все тезисы целиком, а потом рассматривать по пунктам и после голосовать каждый пункт в отдельности, тогда можно было бы судить о неувязке или увязке с основными моментами языка» [10]. Алайда қаулысы алдын ала дайындалып қойған конференцияға

қатысушылар ғалымның бұл ұсынысына құлақ аспайды. Ғылыми-орфографиялық конференцияда жаңа қазақ орфографиясы қабылданады. Бұл ережеде сол кезге дейін қалыптанып қалған қазақ тілінің жүйесі бұзылып, әркім түрліше жазуға жол беріледі. 1935 жылы Мемлекеттік терминкомның бюллетенінде Құдайберген Жұбанов 1929 жылғы конференцияның қате тұжырымдар қабылдағанының кесірінен «коммунист» сөзінің өзі 16 түрлі жазылып жүргенін жазады.

Бүгінгі таңда тәуелсіздік алғанымызға 30 жылдан асты. Қазақ тілінің шынайы болмысын сақтап, тіл тазалығы үшін күрескен алаш арыстарының еңбектерін негізге ала отырып, қазақ тіліндегі дыбыстардың дистрибуциясын ескере отырып, шеттен енген терминдерді қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес бейімдейтін уақыт жетті. И.Сталиннің ұстанымдарынан бас тартып, тіліміздің жүйесін сақтап қалу қажет. Ол үшін Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Қошқе Кемеңгерұлы, т.с.с. алаш арыстары негіздеген ғылыми тұжырымдарды, ұстанымдарды басшылыққа алуымыз қажет. «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 27 наурыздағы санында жарық көрген «Емле туралы» атты мақаласында А.Байтұрсынұлы сөз басына ереже жасауға болмайтынын, ондай емле қолайлы, оңай емле болмайтынын ескерткен болатын [11]. Сондықтан шеттілдік термин сөздерді қазақ тіліне бейімдеген кезде А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың еңбектерінің негізінде қазақ тіліндегі нормаларды нақтылап алып, сол принциптерге бағындыру қажет. XX ғасырдың басында сөздердің өн бойында сингармонизм заңдылықтары сақталып, *комиссариат – кемесерет, тема – теме, курсант – күрсент, губерния – гүбірне, конференция – кәнперенсе, лекция – лексіе* түрінде жазылған. Қазақ тіліне кірген жат сөздерді де мүмкіндігінше сол заңға келтіріп жазу керек, сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін бірыңғай жіңішке не жуан түрінде алу керек.

Қазақ тілінде дыбыстардың тіркесуінде заңдылық бар:

- Екі дауысты дыбыс қатар келмейді.

- Сөз басында екі дауыссыз қатар келмейді.

- Сөз соңында үнді мен қатаң дыбыстардың тіркесі ғана (*қарт, ант, салт, сарт, шарт, қаңқ, саңқ, кент, серт* және т.с.с.) келеді. Мұндай дыбыстық тіркестерді Қ.Кемеңгерұлы «дауыссыз дифтонг» деп атаған [11]. Басқа дыбыс тіркесі (қатаң мен қатаң, үнді мен үнді, қатаң мен үнді, ұяң мен ұяң, т.с.с.) қазақ тіліне жат. Сондықтан шеттілден енген сөздердегі жат қолданыстарды қазақ тілінің заңдылығына бейімдеу керек. Яғни *съезд, подъезд, разъезд*, т.с.с. сөздердегі *д* әрпін түсіріп жазу керек. Қазіргі кезде *поезд* сөзі *пойыз* түрінде жазылып жүр (XX ғасырдың басында да солай жазылған). Сол сияқты **сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк, вт, фт** дыбыстарына *біткен есім сөздердің соңғы әріптері түсіріліп жазылуы керек: турист емес, турис, фантаст емес, фантас, грамм емес, грам, т.с.с.* А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде термин сөздердің тұлғасын қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес дұрыс жазуда қосымша жалғап тексеру әдісі қолданылған. Ол әдісті қазіргі кезде де пайдалануға болады. **сс, лл, тт, пп, ст, кст, сть, зд, кк, вт, фт** дыбыстарына *біткен есім сөздерге қосымша жалғанғанда да соңғы әріптері түсіп қалады: кросс – кросқа, кросы, класс – класқа, кластар, класы, металл – металды, металы, грамм – грамға, грамдық, грамы, киловатт – киловатта, грипп – грипі, съезд – съезге, съезі, ведомость – ведомосқа, фармацевт – фармацевке, шрифт – шрифпен; сондай-ақ трест – треске, тресі; турист – туриске, турисі; утопист – утопiske, утописі; фантаст – фантасқа, фантасы; фонетист – фонетиске, фонетисі; форпост – форпосқа, форпосы; футурист – футуриске, футурисі; чекист – чекиске, чекисі; экономист – экономиске, экономисі; юрист – юриске, юрисі, т.с.с.*

- Екі қатаң дауыссызға біткен (**ск, ст, кс, кт, пт, фт**) сөздердің соңына **ы, і** дәнекер дыбыстарын қосып жазу керек. Себебі ол сөздерге қосымша **ы, і** дәнекер дыбыстары (әріптері) арқылы жалғанады: *объект+і+ге, объект+і+сі, киоск+і+ге, киоск+і+сі, киоск+і+лер, Омск+і+ден, Омск+і+ге, лифт+і+мен, факт+і+сі, факт+і+лер, рецепт+і+нің, рецепт+ті+ге, манускрипт+і+ге, моллюскіге, пактіні, тактіні, трактіге, фактісі, перфектіні, интеллектіге, инстинктіні, рецептіге, эвкалиптінің, т.с.с.*

• Үнді және қатаң дауыссыздар тіркесіне (**нк, лк, мп, лт, лыт, нс, рс, рт, рш, нт, рм, фр**, т.б.) біткен сөздерге қосымша **ы, і** дәнекерінсіз, буын үндестігі бойынша жалғанады: *финанс+қа, финанс+ы, аванс+ы (авансысы емес), цемент+ке, цемент+ті, фермент+тік, цифр+ға, цифр+ы (цифрысы емес); хлороформ+ға, хлороформ+нан, хлороформ+ы, фунт+қа, фунт+ы, формант+тар, формант+ы, банк+ке, автопарк+тен, пульт+ке, т.с.с.* Себебі сөз соңындағы үнді мен қатаң дыбыстардың тіркесі қазақ тіліне жат емес.

• Қазақ тілінде сөз **б, г, ғ, д** дыбыстарына бітпейді. Сондықтан шеттен енген, осы дыбыстарға біткен сөздер қазақ тілінің заңдылығына бағындыру керек. Ол туралы Қазақ білімпаздарының I съезінде Елдес Омаров та айтқан болатын [8]. Қазақ тілінің жиілік сөздігіне сүйенер болсақ, шет тілден енген мұндай сөздер өте көп [12].

Соған сәйкес

- **аб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*араб, архесиллаб, мазһаб, маситаб, штаб, хиджаб*);
- **об** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*гардероб, гидрофоб, микроб*);
- **уб** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*автоклуб, аэроклуб, бизнес-клуб, интернет-клуб, клуб, куб, мотоклуб, спорт-клуб, фитнесклуб*);

- **аг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*аншлаг, архипелаг, бактериофаг, детритофаг, рейхстаг, рычаг*);

- **орг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*комсорг*);

- **ург** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*драматург, жазушы-драматург, кардиохирург, кинодраматург, металлург, нейрохирург, хирург*);

- **фаг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*ксилофаг, макрофаг, олигофаг, сапрофаг, саркофаг, энтомофаг*);

- **яг** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*варяг*);

- **ог** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*ағартушы-педагог, акушер-гинеколог, аналог, антрополог, археолог, астролог, бактериолог, барлаушы-геолог, биолог, бульдог, геолог, герцог, гидролог, гинеколог, гляциолог, косметолог, маркетинг, метеоролог, минеролог, мифолог, т.с.с.*);

- **ад** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*бал-маскарад, жад, жиһад, лимонад, мармелад, рафинад, шоколад, т.с.с.*);

- **айд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*слайд*);

- **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*авангард, гепард, электркард*);

- **ед** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*швед*);

- **ейд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*рейд*);

- **ейддыбыс** тіркесіміне біткен сөздер (*нуклеопроteid, протеид, хромопротеид*);

- **фуд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*фаст-фуд*);

- **юд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*фотоэтиюд*);

- **ярд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*бильярд*);

- **ард** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*стюард*);

- **яд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*наряд*);

- **ряд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*авиаотряд, отряд, разряд, снаряд*);

- **ид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*альдегид, антимонид, геноцид, гербицид, гибрид, диоксид, оксид, пластид, полигибрид, силицид, суицид, т.с.с.*);

- **од** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*анод, бутерброд, взвод, диод, йод, катод, метод, электрод, эпизод, т.с.с.*);

- **оид** дыбыс тіркесіміне біткен сөздер (*астероид, гаплоид, дифтонгоид, коллоид, органоид, т.с.с.*);

- **орд** дыбыс тіркесіміне біткен сөздердегі (*аккорд, билборд, рекорд, сканворд, скейтборд, сноуборд*)

б, г, д дыбыстарының орнына **п, к, т** әріптерін жазу керек. Себебі бұл сөздер ұяң дауыссыздарға біткенмен, оларға қосымша ұяң дыбыстан бастап жалғана алмайды, қатаң

дыбыстан басталады: *арабқа, архесиллабты, мазһабта, маситабпен, штабтан, хиджабты*, т.с.с. Сөз тұлғасын қосымша жалғау арқылы тексеру әдісі – А.Байтұрсынұлы бастаған ғалымдардың негізгі ұстанымдарының бірі.

Дауысты	Жарты дауысты		Ұяң	Қатаң
	Ымырасыз	Ымыралы		
а о ұ е ы	ң м н	р у й л	б д з ж ғ г	п т с ш қ к
л (лар, лы, лық)	д	л	д	т
д (дым, дың, ды; да, дағы)	д			
д (дан)	н	д	д	т
н (ның)	н			
н (ны, нікі)	д			
м (мын, мен)	м			
м (мыз, ма)	б	м	б	п

Бұл әдіс осы уақытқа дейін көп еленбегенмен, орфографиялық сөздіктерде, анықтағыштарда ұяң дыбыстарға біткен сөздерге жалғанатын қосымшалардың қатаң дыбыспен басталатыны туралы айтылған [13]. Күнделікті қолданысымызда да қатаң дыбыстан ғана бастаймыз. Соңғы ұяң дыбыстарды қазақ қатаң түрде ғана дыбыстай алады. Араб тілінен енген *kitan* сөзі **б** әрпіне біткен. Алайда қазақ тілінде ол сөздің соңында қатаң дыбыс (**п**) таңбаланып жүр. Одан қазақ тілінің заңдылығы бұзылып тұрған жоқ. Қажым Басымұлы еңбектерінде *араб* сөзі *арап* түрінде таңбаланған. Қазір *араб* түрінде жазылып жүр. Бұл – қазақ тілінің заңдылықтарына қайшы. Сол себепті тіліміздің заңдылықтарына сәйкес **б, г, д** дыбыстарына біткен сөздерде сөздің соңына **п, к, т** әріптерін жазу керек. Осыған байланысты **енд** (*бренд, дивиденд, стенд, тренд, фотостенд*), **онд** (*алюкобонд, генофонд, евробонд*), **унд** (*карборунд*) дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздерді де **нт** түрінде жазу керек.

Шет тілден енген, **енг, инг, онг** дыбыс тіркесімдеріне біткен сөздердің соңындағы **нг** дыбысының орнына қазақ тіліндегі **ң** дыбысын таңбалауға болады: *автопаркинг, агрохолдинг, аутбридинг, аутсорсинг, банкинг, бизнес-рейтинг, бизнес-тренинг, боулинг, брифинг, викинг, демпинг, допинг, импритинг, инбридинг, инжиниринг, карлинг, картинг, кастинг, кикбоксинг, кинг, клиринг, консалтинг, контроллинг, лизинг, маркетинг, митинг, мониторинг, пейджинг, порцинг, рейтинг, роуминг, ринг, семинар-тренинг, серфинг, скрининг, смокинг, спарринг, стайлинг, стерлинг, тренинг, фандрайзинг, франчайзинг, холдинг, хостинг, лозунг, бумеранг, ранг, фланг, сленг, гонг, дифтонг, полидифтонг*, т.с.с. Себебі түпнұсқада **нг** дыбыс тіркесі емес, **ң** дыбысы. Ол транскрипциядан да анық көрінеді: *сленг – slæŋ, дифтонг – 'dɪf.θvŋ, паркинг – 'pa:.kɪŋ, холдинг – 'hɔvl.dɪŋ, банкинг – 'bæŋ.kɪŋ, рейтинг – 'rei.tɪŋ, тренинг – 'treɪnɪŋ, боулинг – 'bəv.lɪŋ, брифинг – 'bri:.fɪŋ, маркетинг – 'mɑ:kɪtɪŋ, бумеранг – 'bu:mərcæŋ, викинг – 'vaɪkɪŋ, спарринг – 'spɑ:rɪŋ, фланг – flæŋk, ранг – ræŋ*, т.с.с. Қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де **ң** дыбысы сөз басында келмейді. Орыс тілінде **ң** дыбысы болмағандықтан, ағылшын тіліндегі **ŋ** дыбысы **нг** тіркесімен берілген. Бұл сөздерді делдал тілдегі өзгеріске түскен қалпында емес, түпнұсқадағы қалпына жақын етіп алуға болады.

• Қазақ тілінде үнді мен қатаң тіркескенмен, керісінше, қатаң мен үнді қатар келе алмайды. Сондықтан шеттен енген сөздердегі **тр**-ға біткен сөздерде **т** мен **р** арасына **ы**, **і** дыбыстарын кіргізу керек: *тыйатыр, метір, сыйпыр*, т.б.

• Шет тілден енген сөздердің бастапқы буындары езулік, соңғы буыны еріндік болып келген сөздерде (екпін түспесе) еріндікті бастапқы буындарға ауыстырып не мүлде жойып, езулікке айналдырып жазу керек: *автор – аптыр, директор – деректір, корректор – кәректір*, т.б.

• Шеттен енген сөздердің соңындағы **а** дыбысы түсіріліп жазылуы керек: *газета – гәзет, цифра – сыйпыр, гитара – гитар, фабрика – пәбірік, морфема – мәрфем, фонема – фәнем, минута – мійніт, секунда – секінт*, т.б.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде термин (пән сөзі) мәселесі турасында баяндама Е.Омаров: «Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды; жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де ішінде жат дыбыс бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді; сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, қат танитұн бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатұн болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды», – деген еді [8]. Ғалымның көрегендікпен айтқан сөзінің ақиқатқа айналғанына куә боп отырмыз. Бүгінгі таңда шет сөздерді түпнұсқа қалпында (орыс тіліндегі қалпында) қабылдай салудың салдарынан қазақ тілінің жүйесі әбден бұзылды. Әлі күнге дейін 1920-30-жылдардағы Орталық партия комитетінің талабымен енген өзгерістерден арыла алмай келеміз. Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ғалымдардың ақталғанына ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, ұстанымдарын әлі де толық басшылыққа алмай келеміз. Осыған байланысты ЮНЕСКО көлемінде аталып өткелі отырған ғалымның мерейтойын жалаң ұрандармен емес, нақты іспен атап өтуіміз қажет. Шет сөздерді қазақ тіліне бейімдеуде сөз басына ереже шығармай, Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омарұлы, Қошке Кеменгерұлы сынды ғалымдарымыз ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, дәйектеп берген ұстанымдарды басшылыққа алуымыз керек.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Аракин В.Д. Типология. Языков и проблема методического прогнозирования. – М.: Высшая школа, 1989. – 157 с.
2. Баскаков Н.А. Грамматика хакасского языка. – М., 1975. – С. 34; 37; 49.
3. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – М.- Л., 1960.
4. Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ. – 12.08.1926.
5. Қайыпназарұлы М. Қазақ тілін өркендетуге басшылық күшейтілсін // 1920-30 жылдардағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Қарағанды, 1994. -166-172 б.
6. Досмұхамедұлы Х. Тандамалы. – Алматы: Ана тілі, 1998. -148б.
7. Байтұрсынұлы А. Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ. – 26.01.1928.
8. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Орынбор, 1925. – 144 б.
9. Шонанов Т. Шет сөздердің імләсі жайында // Еңбекші қазақ. 25-26.03.1929.
10. Стенографический отчет научно-орфографической конференции, созванной 2-4 июля 1929г. Научно-методическим Советом НКП и ЦКНТА. – Алматы, 1930. – 58 с.
11. Байтұрсынұлы А. Емле туралы // Еңбекші қазақ. – 27.03.1929.
12. Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2016. – 1472 б.
13. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана, 2000. – 480 б.

Рамазанова Ш.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

Айсұлтанова К.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

Саякова Б.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БАСЫМДЫҚ БЕРІЛУІ КЕРЕК

Үш тілді оқыту мәселесі туралы әркім әртүрлі пікір айтып, өз ойларын ашық білдіріп жүр. Жақтайтындардың да қарасы қалың, сын тезіне алатындар да аз емес. Жаңа, тың бастамаға жұрттың тосырқай қарайтыны да – заңдылық. Себебі кеңес кезеңінде қасиетті ана тіліміз мемлекеттік тұғырдан ысырылып, от басы, ошақ қасында қалғаны жасырын емес. Содан әлі күнге дейін еңсесін тіктей алмай келеді. Бұл жағынан алғанда, сын айтушылардың алаң көңілін түсінуге болады. Дегенмен өмір бір орнында қайрандап тұрмайды ғой! Үнемі дамып, өзгеріп, жаңарып отырмақ.

Иә, заман өзгерді. Тәуелсіз елміз. Қазақ тілі заң жүзінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. Осы бағытта қызу жұмыстар жүргізіліп жатыр. Десе де күрделенген мәселе бір күнде шешіле салмайды ғой! Уақыт керек. Біртіндеп оң өзгерістер де байқалады. Нәтиже де, көрсеткіштер де бар. Қазақ тілінің шынайы өз тұғырына қонар күні де алыс емес. Сондықтан алаңдаушылыққа негіз жоқ. Бәрі де кезегімен өз орнына келеді деп ойлаймыз. Сондықтан да үш тілді оқытуға үрке қараудың керегі жоқ. Әрине, мүмкін бастауыш сыныптарда тек ана тілінде оқытылғаны да жөн шығар. Бірақ бірте-бірте үш тілге көшіру өскелең ұрпаққа да пайдалы болмақ. Себебі тіл білгеннің пайдасы шаш етекпен. Адамның алдынан жаңа көкжиектер ашылады. Көзқарасы қалыптасады, таным-түсінігі артады. Үш тілде ақпарат алғанның артықшылығын дәлелдеудің қажеті де жоқ. Үштілділік – бәсекеге қабілетті елдер қатарына апарар басты баспалдақтардың бірі. «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны іске асыруды Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ең алдымен балабақшадан басталуы тиіс екенін қадап айтқан болатын: «Бұл – заман талабы. Осы орайда тәрбиеші мен мұғалімдер бәсекеге қабілетті тұлғаны даярлауды зор міндет деп тануда. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі», – деп салиқалы үндеуінде атап көрсетті [1]. Бұл үдерістен біз де тыс қалмауымыз керек. Үштілділіктің маңызын түсіне білген жанның болашақтағы өмір белесінен, білім кеңістігінде алары да, берері де мол. Әр жеткіншек үш тілді жете меңгерсе, жаман ба?! Үш тілді қатар меңгерген адамның білім-білігі, таным-түсінігі, көзқарасы, көңіл көкжиегі кеңірек болатыны бәсенеден белгілі. Елбасы айтқандай, «қазіргі қазақстандық үшін үш тілді меңгеру – бұл өз игілігінің кепілі». Бұл шынында да бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеудегі таптырмас темір қазық, үлгі-өнеге. Сондықтан бұл игі бастамаға түсінісушілікпен қарауымыз керек. Әрине, «үш тұғырлы тіл» бағдарламасындағы басты басымдық қазақ тіліне берілуі керек деп ойлаймыз.

Менің ойымша, ең бірінші кезекте осы аталған үш тілдің негізгісі – қазақ тілін оқып-үйрену, оның құпия-сырына үңіліп, жан-жақты талдау жасап, тілдің қазақ қоғамындағы рөлі мен мән-маңызына тоқталу және оның ауызекі тілде һәм көркем шығармаларда қолдану мәселесіне баса көңіл аударып, жете түсінік беру керек сияқты. Осы орайда қазақ тілінің міндетін сөз етудің маңызы өте зор. Ана тіліне кез келген уақытта басымдық беруге тиісті. Осыған орай қазақ тілімен қатар орыс тілі қолға алынып жатыр.

Тіл – ұлттық болмыс-бітімнің бастау бұлағы, қайнар көзі. Ұлттың болашағы ана тілінде. Тіл – халықпен бірге жасайды, дамиды, әр ұлттың тілі – оның жарқын болашаққа бастар тіректігі. Жақында ғана Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мерзімді басылымдар басшыларына берген сұхбатында: «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де тілінде», – деп орынды атап өткен болатын. Шынында да, ана тіліміз – ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес асыл қазына. Елбасымыз Н.Назарбаев өз үндеуінде «ұлттық тіл – қазақ ұлтының рухани мәдени байлығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші қасиетті құрал», – деп атап көрсеткен болатын. Ұлттық тілдің қоғамдағы орнын бұдан артық қалай тәпсірлеуге болады.

Ана тіліміз туралы қалам тартпаған, оның болашағына алаңдамаған ұлт перзенттері некен-саяқ. Сондай алып тұлғалардың бірі де бірегейі – аса көрнекті әдебиет зерттеушісі, түркітанушы, айтулы қоғам және қалам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы. Сонау қиын-қыстау кезеңнің өзінде «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауымыз керек» [2], – деп толғанған ұлы жүректі ғалымның тіл туралы және оның тазалығы жөнінде айтқандары – бүгінгі ұрпаққа таптырмас үлгі-өнеге. Өсиет әрі аманат.

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салған, әдебиет теориясын және қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын алғаш жазған ғалым Ахмет Байтұрсынұлы сөз өнері туралы, оның ішінде шығарманың тілі туралы да жаңаша түсініктер қалыптастырып, салмақты да салиқалы ойлар айтқан. Қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу бағытында зерделі зерттеушінің «Оқу құралы» мен «Тіл – құралдарының» орны айрықша. Ғалымның ғылыми көзқарастарына негізделген толымды туындысы – Ташкентте 1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» кітабы. Бұл – білгір қалам қайраткерінің эстетикалық-философиялық танымын, әдебиетшілік көзқарасын, сыншылық келбетін толық танытатын жүйелі зерттеу. Аталмыш еңбекте сөз өнері, шығарманың тілі, тіл тазалығы мен дұрыстығы, анықтығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі туралы ойлары тоғысқан. Аталмыш еңбегінде «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан», – деп атап өткеніндей, «Әдебиет танытқыштың» алғашқы бөлімі «Сөз өнері» деп аталады. Ең алдымен тілдің міндеті жөнінде сөз саралап, өз ойын былайша кестелейді: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл хал-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын» екенін тілге тиек ете келе, ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге үлкен шеберлік керектігін баса ескертеді [3, 17-б.]. Оның қиындығын мысалдар келтіре отырып, ғылыми тұрғыда түсіндіреді. Ғалымның айтуынша, орыстың ұлы ақыны А. Пушкин кейбір өлеңдерін он үш мәрте түзеп, қайта өңдеген екен. Ал сұңғыла суреткер Л. Толстой көркем шығармаларын баспаға беріп қойғаннан кейін де қайта қарап, қайта түзетеді екен. Бұл – ойындағы, қиялындағы, көңіліндегі нәрсені тілмен айтып жеткізу өте қиын екенін көрсетеді.

Қазақ жазушыларының арасында тілге аса мән беріп, шығармасын қайта-қайта қарап, өңдеп-түзейтін қаламгерлер аз болмаған. Әсіресе олардың арасында айтулы сөз зергері Ғабит Мүсіреповтың есімі стилист жазушы ретінде ерекше аталады. Жазушы шығармаларынан олақ-салақ сөз-сөйлемдерді шырақ алып іздесеңіз де, таппайсыз. Әр сөзді сыңғырлатып апарып, өз орнына қоя білу де – біліктілік, кез-келген қаламгердің қолынан келе бермейтін шетін шаруа. Шығарманың тілі көркем болып, автор айтар ойын айқын жеткізе білуі керек. Бұл жағынан да аса көрнекті суреткер Ғабит Мүсіреповтен үйренеріміз көп. Тілге аса тиянақты қарайтын тағы бір қаламгер – Әбдіжәміл Нұрпейісов. Аталмыш қалам қайраткері де көркем тілдің құпиясырын жетік меңгерумен бірге, оның дәлдігі мен тазалығына ерекше мән береді. Өзінің айтуынша, «Қан мен тер» романын өмір бойы түзетіп, қайта қарағанның үстінен қайта қарап,

үнемі өңдеп-жөндеп келеді. Бұл кейінгі қалам ұстаған жас буынға таптырмас үлгі, жарқын өнеге. Әрине, тілге салдыр-салақ қарап, оның көркем бояуын, сөздің үйлесімі мен үндестігін қашырып жіберетін қаламгерлер де жоқ емес. Жоғарыда айтып өткеніміздей, әр сөзді өз орнымен пайдаланып, сауатты сөйлем құрау да сауаттылықпен қатар үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сөйлем дұрыс құрылмаса, ой көмескіленіп, түсінуге ауыр болады. Осы орайда «Қазақ тілі» энциклопедиясындағы мына бір тұжырыммен толықтай келісеміз: «Мысалы, ойды білдірудің ең кіші тілдік бөлшегі сөйлем болса, ол белгілі тәртіппен орналасқан, белгілі тұлғалар арқылы грамматикалық байланысқа түскен, мағыналары сәйкес сөздерден, ал сөздер дәл сол сияқты морфемалар мен дыбыстардан тұрады, сөйтіп сөйлем жүйелі құрылым құрайды да, ерекше коммуникативтік қызмет атқарады. Сол арқылы қате құрылған сөйлемді, орынсыз қолданылған жеке сөзді, сәйкессіз тіркестерді, кейбір дыбыстық ауытқуларды тауып, анықтай аламыз. Сонымен бірге Әдеби тіл арқылы белгілі бір оқиғаны оқушыға жеткізіп қана қоймай, сезіміне әсер етуге де болады, яғни оқушысын бірде күлдіріп, рахаттандырып, көңіліне нұр сеуіп, өсіреді, бірде жылатып, көңілін күйдіріп, қайғыртады. Бұл – Әдеби тілдің экспрессивтік-эстетикалық қызметі болып табылады» [4, 509-б.].

Әдебиеттану ғылымының атасы аталмыш еңбегінде «Сөз өнерінің ғылымы» мен «Тіл қисыны» туралы да тұшымды ойлар айтып, салмақты пікір білдірген. Шығарма тілін екі түрге бөліп қарастырады. Біріншісі – ақын тілі, екіншісі – әншейін тіл [5, 200-б.]. Осы екі түрдің де өз орындарын айқындап, ара-жігін ажыратып береді. Ал асыл сөздің асыл болатын шарттарын, заңдарын танытатын ғылым – тіл қисынының мақсаты – сөзден шеберлер не жасағанын, не жасауға болатынын көрсететінін атап көрсетіп, сөздің шығарма жазудағы орнын айқындап, «әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, әсіресе сөздің түзілуінен, сондықтан тіліндегі сөзден құрастырып қисынын келтіріп, жақсылап бір нәрсе шығару үшін сөз өнерінің ғылымын жақсы білу керек» екенін нақты мысалдармен ғылыми тұрғыда дәлелдеп-дәйектеп береді. Ал «Сөз талғау» бөлімінде сөздің дұрыстығы, тілдің тазалығы мен анықтығы, дәлдігі, көрнектілігі және тіл мен сөздің әуезділігі туралы ойларды саралап, қысқа да нұсқа нақты мысалдар арқылы мейлінше ашып түсіндіреді. Осындағы ғалым айтқан ғылыми тұжырымдар мен оқшау ойлар әлі де өз маңызын жоймай келеді. Мәселен, тіл тазалығына қатысты – ана тілімізді басқа тілдермен шұбарламау, өзге тілден енген сөздерге абай болып, мән-мағынасына қарай орайластырып қолдану бүгінде күн тәртібінен түспей келе жатқан ең өзекті мәселенің бірі.

Қазіргі заман жазушыларының тілі тіптен көркемдіктен арылып, бірте-бірте телеграфтық стилге көшіп барады. Тіпті тілге аса мән берудің қажеті жоқ, шығарманың идеясына, ойына, астарына, мазмұнына баса көңіл бөлінсе жеткілікті деген де түсінік-пайымдар қалыптасып келеді. Біздіңше, бұл мүлде дұрыс емес, көркем әдебиеттің ең басты құралы – тіл. Тілді жетік білмейтін қаламгер ешуақытта сапалы туынды жаза алмайды, тілі жұтаң шығарма ешуақытта көркем болмайды. Өйткені шығарманың көркемдік құнын арттырып тұратын оның тілі. Тілі көркем болмаса, шығарманың өзі де көркем бола алмайды. Осыны ұлы ойшыл ғалым Ахмет Байтұрсынұлы өзінің «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде ғылыми тұжырымдар мен көркем шығармаларды қатар тізбелей отырып, келістіре кескіндеп кеткен.

Әрине, «Бояушы бояушы дегенге сақалын бояйды» дегендей, көркем шығарманың тілі көркем болуы керек дегеніміз – бояуды келсін-келмесін, қалай болса солай баттастырып жаға беру деген сөз емес. Әр нәрсенің өз орны, шек-шекарасы болатыны секілді, тілді орнымен қолданудың да өз ережелері мен заңдылықтары бар. Әр сөз қаланған кірпіш сияқты өз орнында тұруы керек. Сөйлемнің мәні мен мағынасына көлеңке түсірмей, керісінше, ойдың нақтылығы мен анықтығын арттырып тұрса, нұр үстіне нұр болар еді. Шығарма тіліне сол кездің өзінде ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы қойып кеткен талап пен жауапкершілікті бүгінгі қаламгерлер ескерсе екен деген тілегіміз бар. Сонда көркем тілге байланысты бүгінгі қасаң түсініктерден арылып, тілдің көркемдігі мен тазалығына, дәлдігі мен әуезділігіне, анықтығы мен көрнекілігіне баса көңіл бөлген болар едік.

Үш тілді еркін меңгерген жастың болашағы жарқын болатыны айтпаса да түсінікті шығар. Қазір әлем ағылшын тілінде сөйлейді. Ендеше, ағылшын тілін білген адамға әлемнің есігі айқара ашылады. Десек те басты бағытты қазақ тіліне бөлу керек. Өзге тілдерге қарағанда ана тілімізге басымдық берілуі қажет. Әр қазақ ана тілін білуге, жете оқып-үйренуге, оның тылсым табиғатына бойлауға, құдіретін бойына сіңіруге міндетті.

«Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз... Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз», – деп Елбасымыз Н.Назарбаев атап айтқандай, Қазақстанның болашағы қазақ тілінде. Қазақ тілі 2025 жылға қарай өзінің мемлекеттік тұғырына көтеріліп, еліміздің барлық саласында үстемдік етіп, күнделікті қарым-қатынас тіліне айналары сөзсіз. Тілдің қолданыс аясы, көкжиегі кеңейді деген – осы. Қазақ халқы барда, қазақ тілі де мәңгі жасай бермек!

Пайдаланылған еңбектер:

1. Назарбаев Н. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. – Астана, 2007
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992
3. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. -Ташкент, 1926. – 17-б.
4. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 509-б.
5. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – IV т. – Алматы: Алаш, 2006. – 200-б.

Иманқұлова С.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ВИРТУАЛДЫ КЕҢІСТІГІН ҚҰРУ ИДЕЯСЫ

Қазіргі қоғамда қазақ тілін барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту – тіл маманының ғана емес, қоғамның да жедел шешуге тиіс міндеттерінің өзектісі. Себебі қоғамдағы барлық саланың ішіндегі ең маңыздысы тіл екенін ғалымдар әлдеқашан дәлелдеген. Мемлекетті құрушы ұлт болатыны сияқты, оның мемлекеттік тілі де – сол ұлттың басын біріктіруші негізгі құрал, ұлттық құндылықтарымызды айқындайтын басты белгі болып табылады. Сонымен қатар қазақ тілі – білім, ғылымның қуатты құралы. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың халыққа жолдауында: «Мен қоғамда «Қазақ елінің ұлттық идеясы қандай болуы керек?» деген сауал жиі талқыға түсетінін көріп жүрмін. Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік ел идеясы» [1], – деп айтылғандай, ұлттық танымды айқындайтын, ұлттық болмысты бейнелейтін жаңа идеяларға, соның ішінде тілді меңгертудің оңтайлы тәсілдерін айқындауға көмектесетін, шынайы мотивациялық механизмдерге жол ашатын ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу – қазіргі тіл мамандарының маңызды міндеттерінің бірі.

Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылуға ұмтылыс жасау үшін заманауи ақпарат ғасырының «мүмкіндіктер көзін» пайдалана білудің бірден бір жолы – географиялық шегараны болдырмайтын, дүниенің төрт бұрышынан да қазақ тілін үйренуге жол ашатын, кез келген адам үшін тәулік бойы қолжетімді **қазақ тілінің виртуалды мектебін құру**. Қазіргі ақпараттар қарқыны аса жылдам дамыған ғасырда ерекше басымдыққа ие болып отырған интернет-сайттар арқылы тілді оқып-үйренудің шексіз мүмкіндігін көрсету – мемлекеттік тілдің қарыштап дамуына зор үлес қосатынына сенім мол. Сондықтан бұл идеяны – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде үйретудің сапасын жақсарту үшін жаңғыру серпілісін жасайтын ауқымды жұмыстардың маңыздысы деп санаймыз.

Идеяның негізгі мақсаты – виртуалды сайт арқылы мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгертудің жаңа тетіктерін айқындай отырып, Қазақстан Республикасының азаматтары мен Қазақстан аумағынан тыс жерде мекен етіп жатқан қазақ диаспорасының ана тілінен қол үзіп қалмай, тарихи тамырынан нәр алуына дәнекер болу және қазақ тіліне қызығушылық танытатын шетелдіктердің тіл үйренуге деген сұраныстарын қанағаттандыру. Тіл мамандарын

виртуалды сайт арқылы бір арнаға жұмылдыра отырып, тілді меңгертудің заманауи технологияларын сарапқа салатын, бағыт-бағдар беретін алаңға айналдыру. Сондай-ақ қазақ тілінің 2025 жылға қарай қоғам өмірінің барлық саласында қолданылуы үшін мемлекеттік тілді меңгерген кәсіби маман имиджін қалыптастыру, озық технологиялар арқылы қоғамдық санада мемлекеттік тілді, қазақ тілін білушілердің артықшылықтарын мықтап орнықтыру міндеттері іске асырылады, қашықтықтан тілді меңгертудің шексіз мүмкіндігін жүзеге асыру көзделеді. Сөйтіп, Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілін оқып-үйренуге кеңінен жол ашылады.

Соңғы он жыл ішінде қазақ тілін дамытуға арналған бағдарламалар, мультимедиалық кешендер, оқулықтар мен оқу құралдары, телебағдарламалар да шығып жатыр. Бірақ сол құралдардың барлығы 17 млн-ға жуық тұрғыны бар халқымыз үшін аздық етеді, жалпы халыққа қолжетімді емес. Сондай-ақ тілдің барлық мәселесі аталған сайттарда шешімін тауып жатыр деп айта алмаймыз. Басқа тілдермен (әрине, ол елімізде белсенді қоланысқа ие – ағылшын мен орыс тілі) салыстырғанда, қазақ тілі үшін бұл материалдар «шөлге тамған тамшыдай». Мысалы, көршіміз Ресейде орыс тілін дамытуға арналған көптеген сайттар бар. Ол сайттарды қолдана отырып, сол арқылы орыс тілін дамытуға үлес қосып жатқанымызды да білмей қаламыз. Ал ағылшын тілін дамытуға әлемнің көптеген елдері атсалысып жатыр десек, артық айтқандық емес. Ағылшын тіліндегі тек тілді меңгертуге арналған сайттардың көптігінен көз сүрінеді. Денгейлеп, саралап оқытуға арналған жеке, сөйлеу әрекетінің: тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым бөліктеріне арналған жеке, онлайн-сөздіктерге арналған жеке сайттары бар [2].

Ал қазақ тілін дамытуға, қолданыс аясын кеңейтуге арналған интернет-ресурстар олармен салыстыруға тұрмайды. Міне, осындай оққылықтардың орнын толтыру, мемлекеттік тілді меңгерген азаматтардың үлес салмағын, тіл мамандарының сапасын арттыруға жағдай жасау үшін төмендегідей міндеттерге жету көзделеді:

1. Филологиялық зерттеулердің ғылыми-инновациялық орталығын құру. Онда тілдік зерттеулердің екі бағыты да қатар жүреді: а) тілді басқа ғылым салаларымен (психология, мәдениеттану, элеуметтану, когнитология, логика, философия, елтану, тарих) байланысты зерттеу; ә) тілдің құрылымдық жүйесін тереңірек және ұлттық тілдің табиғатын толық ашып көрсету мақсатында өз заңдылықтары тұрғысынан қарастыру. Тілді құрылымдық және математикалық талдау әдісі, дескриптивті және генеративті лингвистика, тілді сипаттаудың «мағынадан тұлғаға» әдісі, талдаудың дистрибутивті және компонентті әдісі, функционалды грамматика, прагматикалық әдіс және т.б.әдістемелері арқылы жан-жақты талдай отырып зерттеу.

2. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қолданудың дәстүрлі әдіс-тәсілдері мен озық технологиялармен сабақтастыра отырып жүргізу басты нысанға алынады. Қазақ тілін меңгертудің сара жолын қалыптастырып кеткен ұлт зиялыларының: Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатов, Телжан Шонанұлы, Елдес Омарұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Қошке Кеменгерұлы, Мұхтар Әуезов, Ғ. Мүсіреповтің және т.б. өміршең дәстүрлерін ғылыми ізденіске айналдыра отырып, тілдің элеуметтік мәнін, ұлт өркендеуіндегі орнын әлемдік тәжірибемен сабақтастыру қолға алынады.

3. Қазақ тілін меңгерту ортасын анықтап алу:

- қазақ тілін ана тілінде меңгерту;
- қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту;
- қазақ тілін шетелдік диаспораға үйрету тетіктері.

Қазіргі тіл үйрету практикасында тілдік орта маңызды рөл атқарады. Бірінші кезекте *кімге?/неге?/не үшін?* деген сұрақтардың басын ашып алу қажеттілігі туындайды. Қазақ тілін ана тілінде меңгерту, мемлекеттік тіл ретінде оқыту, шет тілі ретінде үйретудің өзара ерекшеліктері, мақсат-міндеттері болады.

4. Қазақ тілін оқытатын мамандар арасында сауалнама жүргізіп, сұраныстарына жауап беретін іс-шараларды анықтап алу. Тілді зерттеп жүрген теоретик болсын, оқытып жүрген

практик болсын, сол «қазанда қайнап жүрген» мамандар арасында сауалнама жүргізіп, нәтижесіне қарап бағдар жасау.

5. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгертуге қажетті деңгейлік лексикалық минимумын анықтап алу. Осы уақыт ішінде қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың бір ғана лексикалық минимумы жарық көрді. Ол – «Қазтест» жобасы бойынша профессор З. Күзекованың жетекшілігімен дайындалған тілді меңгерудің деңгейлік тақырыптық лексикалық минимумы. Виртуалды сайт ашылып жатса, аталған лексикалық минимумдар сайтқа салынып, жаңарып отырады.

6. Тілді меңгерудің сапасын жақсарту, түрлі әдіс-тәсілдерді саралау үшін мастер-класс, онлайн семинар, вебинарлар өткізу, яғни тәжірибе алмасу алаңына айналдыру.

Сонымен, бұл идея (ұсыныс деуге де болады) негізінде филолог-мамандар мен тілді меңгерушілерге ортақ веб-сайт ашылады. Түрлі өнім түрлері: электронды ғылыми еңбектер, бейнематериалдар, электронды оқу құралдары, сөздіктер, мәтіндер мұрағаты, шетелдік іс-тәжірибелер, мақалалар жинағы, тілді оқытудың озық технологиялары, тәжірибе алмасу бөлімі және т.б. контенттер орналастырылады.

Елбасы айтқандай: «ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр» [1]. Ол үшін осындай идеяны жүзеге асыруға қолдау көрсетіліп қаржы бөлінсе, тіл мамандары жұмылып жұмыс істеуге дайын. Аталған ұсыныс «Мәңгілік Ел – Мәңгілік тіл» идеясын жүзеге асыруға үлкен септігін тигізеді деген сенімдеміз.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. – Астана, 2014.
2. Кожаева Н. Классификация интернет-ресурсов для преподавания английского языка // <http://nsportal.ru/obshcheobrazovatel'naya-tematika>

Әлімтаева Л.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы

Төлеу Ж.

Д. Қонаев атындағы орта мектептің мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «СӘН» ҰҒЫМЫ

Кез келген тілдегі белгілі бір ұғымды сол халықтың тілі мен мәдениеті және мәдениет пен этнос байланысынан тыс қарастыру мүмкін емес. Осы орайда қазақ тіліндегі «сән» ұғымының этномәдени және лингвомәдени ерекшеліктерін анықтауда алдымен ұлттың таным-түсінігі, әлемді қабылдау көрінісіне зер салған жөн. Ұлттық таным – мәдениет арқылы қалыптасады. Ал, ғасырлар бойы мәдениет арқылы қалыптасқан ұлттық танымның көрсеткіші халықтың тілі арқылы көрініс табады.

«Сән» ұғымы қазақы танымда қандай мағына береді? «Сән» дегеніміз не?

СӘН зат. 1. Әдемі, жарасымды, өң беріп, жайнатып жіберетін көрік, ұнасым, келісім, жарасым. Сәлімдердің оқитын класына кіргенде Ақық әжей кең, жарық бөлменің ішкі сәніне сүйсіне қарады (Н.Ғабдуллин, Сар. жапырақ). Сапырған сарыжайлауда сары қымыз, Сауға сән, ауыруға дәрі қымыз. Салтанат сауық құрып сайрандайық, Сөнгенше бұл өмірден жарығымыз (Қара өлең). Алтын кемер – белге сән, асыл жиһаз – елге сән (Мақал) 2. Қоғамдық ортада белгілі бір кезеңдегі әдеміліктің көрінісі ретінде қалыптасқан дағды мен талғамның жиынтығы. Түсі Абайға ұқсаған, сәнмен киінген ақсұр сұлу келіншек жастықтар әкеп қойды (М.Әуезов, Абай жолы). Ауыл бозбалаларының жаздыгүні қисық жаға көйлектің сыртынан шашақты сарғыш жібек белбеу буынып жүруі сән болатын ол кезде (Б.Соқбақпаев, Балалық.). Бұл етікті өте жұмсақ былғарыдан әшекейлеп тігілетіндіктен шығыс әйелдері сәнге киетін

(С.Бегалин, Шоқан асу.). Торықпа, құрдасым-ау, жасың жетпей, Қорықпа бір жігітке ғасыр көптей. Ақ шашты серіге *сән* мода дейді. Мойыма жүректегі асыр кетпей (Қ.Салықов, Жезкиік). 3. *Әдемілік, көркемдік, сәулеттілік*. Бозбалалық – Қыз қарадық, Қалжың, әзіл сөйлестік. Ат жараттық, *сән* тараттық. Әуейлік, күйлестік (Абай, Тол. жин.). 4. өнер. <франц. mode> *Киімге, үй жасауына және т.б. қатысты белгілі бір ортада, белгілі бір уақыт кезеңінде қайсібір талғамның үстем болуы. Сән* киім кию, үй жасауы стилімен ғана шектелмей, өмірдің өнер, әдебиет, техникалық өндіріс секілді көптеген салаларын қамтып, ауқымы анағұрлым кеңейтетін жағдайлар жиі болады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). *Сән* тұлғаның белгілі бір топқа ену әдісі, осы арқылы ол әсіресе, жастар топтың қарекетіне жедел ортақтасады (Қаз. тілі термин. Педагогика.). 5. ауыс. *Биік, мән, зор мағына, ерекше қадір-қасиет*. «Жиһан деген, не нәрсе? – Алақанның ауданы!» Бір ауданға көп Тәңірі болудың тіпті жоқ *сәні* (М.Жұмабаев, Шығ.). Істес болдың жасыңнан Жоқпенен де, барменен де, Ояз болып, би болып, Топты жардың *сәнмен* де (Бақтыбай ақын, Жел қобыз). 6. ауыс. *Жай таптырар көңіл хошы, рахат*. Сарыағашта – сары күз, Кемпіршуақ – *сәніміз*. Көп сарғайтпай кездесті Сары тоқаш – сары қыз (Қ.Салықов, Жезкиік). Бір бидай – әнім, Жоқ сенсіз *сәнім* (Халық әндері). 7. ауыс. *жағымсыз. Сиқы, тұрқы*. Алды-алдына кетеді, Қосылмайды *сәндері*, Құлағынан өтеді Құр айғай салған әндері (Абай, Тол. жин.) [1, 85-б.].

Этнос мәдениетіндегі «сән» ұғымының қалыптасу және даму сипатын біз қазақ халқының әдеби мұрасымен берілген тілдік деректерге этномәдени және лингвомәдени лингвистикалық зерттеулер мен талдаулар жасау арқылы біле аламыз. Осыған сай халық этнографиясына қатысты сөз байлығы тілімізде ұшан теңіз. Оларды этнолингвистика – тіл мен этнография нысаны ретінде толық меңгеру, этнолингвистика мәселесі ретінде зерттеуге арналған іргелі еңбектер жарық көрді. Олардың қатарында Ә.Қайдар, М.Копыленко, Е.Жанпейісов, Р.Иманәлиева, Б.Уызбаева, С.Сәтенова, Ж.Манкеевалардың т.б. ғалымдардың еңбектерін атай аламыз. Елтану (С.Исабеков және т.б.), лингвомәдениеттану (Г.Смағұлова), этнолингвистика (М.Копыленко, А.Қайдаров), социоллингвистика (Б.Хасанов), этнопсихоллингвистика (Т.Аяпова), этнопсихосемантика сынды пәнаралық зерттеулер де дамыды.

Сән – адамзат дамуымен қалыптасқан өнер туындысы. Ол тұрмыстық мәдени өмірдің түрлі кезеңдерінде пайда болған стиліне бағынышты бола тұра, этномәдени сипатта өзгеріске ұшырап отырады. Бұл өзгерістер олардың даму ерекшелігін көрсетеді. Әр халықтың ұғымындағы «сән» сол халықтың діліне, қоршаған ортаны қабылдау мен әлемді танып-білу ерекшеліктеріне сай түрліше болады. Бір халық танымында «сән» киім кию мәдениеті мен жеке талғамның үстемдік етуін білдірсе, қазақы танымға сай «сән» ұғымы абстракттілі ұғымдарды сипаттауда да қолданылады. Мәселен, «жердің *сәні* – егін, ердің *сәні* – білім»; «отбасының *сәні* – сыйластық, достық *сәні* – қимастық» т.б. халық ауыз әдеби үлгісінде таралған мақал-мәтелдің молынан ұшырасуы айтылған ойымызға дәлел болады.

Ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналатын концепт – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан ұрпаққа мәдени код ретінде берілетін ықшам да терең мағыналы шындық болмыс пен ұлттық мәдени құндылықтары туралы сан ғасырлық білім жиынтығын құрайтын құрылым. Адам өзінің көріп-білгенін, естігенін тілдік бірліктер арқылы түйіндейді, яғни концептерге бөледі. Ол концептер адам миында белгілі бір логикалық жүйелілікпен орналасып, қажет жерінде тіл арқылы көрініс табады.

Дүниетаным, ойлау қабілеті салғастырылушы тіл иелерінде ортақ болғанымен, мәдениеті, өмір сүру жағдайы, табиғи орталығындағы айырмашылыққа қатысты бейнелеу, суреттеу, әсірелеу нысандары мен эмоционалдық жағынан алғанда әр халықтың өзіндік ұлттық ерекшелігі бар. Кез келген тілдегі фразеологизмдердің басым көпшілігі ұлттық негізді арқау ете отырып пайда болады. Мысалы, қазақ тіліндегі қыздың жиған жүгіндей деген фразеологиялық теңеудің өзге тілде баламасын табу өте қиын. Бұл – қазақ халқының көшпелі тұрмыс-тіршілігі, өмір салтымен байланысты әсемдікті танытудың көрінісі.

«Сән» ұғымына қатысты қазақ тіліндегі этнофразеологизмдер:

- дәулетіне сәулеті сай (*байлық*);

- шен алып, шекпен кию (*мансан*);
- көйлегі көк, тамағы тоқ (*таршылық көрмеу*);
- бір киер, ине-жіптен жаңа шыққан, судай [су] жаңа, өңі түзу, шыттай [мұздай] киіну, іліп алар (*жаңа киім*);

• қырық жамау, өңі түскен (*ескі киім, сәннен қалған*) [2, 46-б.].

Бұдан өзге де этнофразеологизмдер қатары төмендегінше жалғасын табады:

Гауһар тас *Асыл тас*. Кебісінің өкшесі Мақшардың *гауһар тасындай* («Қыз Жібек»).

Етек-жеңі шолақ *Қолы қысқа*. Мен келмеймін дедім бе? *Етек-жеңім шолақ* болды. Киюге тоным жоқ-ақ болды (Шешендік сөздер).

Қоңырау тақты *Сән-салтанат туралы айтылып тұр*. Масаты кілем жамылған, Алтыннан *қоңырау тағылған*, Дабысы жерді жарады (Жамбыл).

Сән құрды [түзеді] *Салтанат қылды*. Кетеді екен жас Бекей Құсбегілік *сән құрып* (С.Бегалин).

Сәні болмады [кетті] *Қызығы, жайы, қасиеті болмады; берекесі қалмады*. Көк алалы көп жылқы, Оның да *сәні болмайды*, Шамырқанған тал түсте Шалқып жатқан көлден соң (Базар жырау). Бұқар деген кәріңіз Соғыссаң *кетер сәніңіз*, Бізден бұрын өтіпті Әзіретті Әліңіз (Бұқар жырау).

Сәніне келе алмады *Қалпына орала алмады; тұрмысы, өмірі орныға алмады*. Керуенім кетті мәріге, Мәриден кетті әріге, Қамқорым менің кеткен соң, Артында қалған қос жетім *Келе алмай жүр сәніне* (А.Азаматқызы).

Үр жаңа Су жаңа, ине-жіптен жаңа шыққан деген мағынада айтылады.

Шынжырлы шен, шұбар тон *Асыл бұйым, қымбат киім деген мағынада айтылады*. Қабыр қазды, ақтарды, Алынды тең, түйіншек. Алтын, асыл, күміс көп, Алды тауып тыққанды, *Шынжырлы шен, шұбар тон* (І.Жансүгіров).

Академик Ә.Қайдар: «Кез келген этностың (*бүгінгі ұлыстың, халықтың не ұлттың*) тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр. Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірде қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы ғана бізге жетуі мүмкін» деп пайымдаған [3, 35-б.]. Демек, мақал-мәтел – қазақ тілі сөз қорының ғасырлар бойы қалыптасқан тұрақты да құрамды бөлігі ғана емес, сонымен қатар ұлттық дүниетанымымыз бен діліміздің тілдегі ең бір жарқын көрінісі.

Қазақ – ақын, шешен халық. Өте бай сөздік қорын, аса икемді жасампаз көркем тілін өмірдің барлық саласында орны-орнымен жүйелі пайдалана білген. «Сән» ұғымы – қазақ халқында тек *сыртқы келбет пен киім кию* өнеріндегі салтанатты ғана емес, *ақыл-ой сәні, жер, ынтымақ, ер мен әйел, табиғат* т.б. *сәні* неде екендігін тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні арқылы жеткізе білген: *Жердің сәні* – егін, *Ердің сәні* – білім; Ел жасымен *көрікті*, Тау тасымен *көрікті*, Аяқ асымен *көрікті*; *Адам көркі* – шүберек, *Ағаш көркі* – жапырақ; *Сөздің көркі* – мақал, *Ердің көркі* – сақал. Сақалы жоқ көселер – қасабалы тоқал; Гүл өссе – *жердің көркі*, Қыз өссе – *елдің көркі*; *Отбасының сәні* – сыйластық, *Достық сәні* – қимастық; Алқызыл гүл – *жердің сәулеті*, Асыл жар – *ердің дәулеті*; Батыр – *елдің сәулеті*, Балқұрақ – *көлдің сәулеті*; Сыпайы сұлулықтан *әсемдік* жарасымды; Қыз еркем – *кестесімен көркем*, Ұл еркем – *өнерімен көркем*; Ағаштан *ағаш сәнін* алады, Адамнан адам тәлім алады; *Ботаның көркі* – көз, *Адамның көркі* – сөз; Дәулетіне *сәулеті* сай, *Сәулетіне* дәулеті сай; Ата дәулеті балаға *сәулет* болмайды, *Ауыл көркі* – тал, *Дала көркі* – мал; *Өлкенің көркі* мал болар, *Өзеннің көркі* тал болар; *Нар сәулеті* – ашамай; *Жердің сәні* – егін, *ердің сәні* – білім; *Көлдің көркі* – құрақ, *Таудың көркі* – бұлақ [4] т.б.

Тілімізде жиі кездесетін киімге қатысты мақал-мәтел қазақы ырым-тыйыммен де астасып жатады. Осы күнде ауызекі тілде жиі кездесетін «сұлуынан жылуы» деген мақалдың астары

«*жеңіл-желпі сәнді киінгеннен қабаттап жылы киінген жөн*» секілді ұғымдарды меңзей келіп, ұлт танымындағы киімге қоятын бірінші талап деннің саулығына қызмет ету екендігін аңғартады. Қазақ тазалыққа өте үлкен зер салып талап қоятынын басқа да киімге деген тиымнан көрінеді. *Кір киім киюге болмайды*. Киімді әрқашан таза және ұқыпты ұстаған жөн. Таза тиянақты киінгенді қалайтын қазақтың мақал-мәтелдерінде көрініс тапқан:

*Етігі жаман төрге шыға алмас,
Жеңі жаман ас іше алмас.
Дос аяғыңа қарайды,
Дұшпан басыңа қарайды [5, 213-б.]*

деген мәтел адамның бас киімі адамның беделін, байлығын білдіретінін айғақтайды. Киім эстетикасы қазіргі заман талабына сай болуды қажет етіп отырады. Қоғамның дамуына байланысты киімнің сәні де өзгеріп отырған. Адамның әр уақытта сәнге сәйкес киіне білуі оның эстетикалық талғамына байланысты. *Тозбаған киімді тастауға болмайды*. Қазақ халқында тозбаған киімді тастау – жаман ырым. Егер оны адам кигісі келмесе, біреуге сыйлау керек. Мұнда халықтың ұқыптылығы, үнемділігі, киім ісмерінің еңбегін бағалағаны білінеді.

Қазақы киімнің ерекшелігі, оның жеңін бір қарыс ұзын етіп тіккен, ал қысқы киімдерінің етегі кең болып келген. Көшпенді ғұмыр кешкен ата-бабаларымыз төрт түлік мал өсірген халық үшін әрі баспана, әрі төсек болды. Ұзын жең ат үстіндегі адамның толып жатқан қажеттіліктеріне қызмет атқарған. Өте ұзын немесе қысқа киім кию адам жұмыс істеген кезде қолайсыздық тудырған. Бұл – халық тіршілігін терең түсінген халық даналығынан туған, өмір тәжірибесінің нәтижесі. Жарасымды киіну ең алдымен адамның үстіне киген киімінің бойына, түсіне, жас ерекшелігіне, пішіміне үйлесімді болуы керек.

*Адамның киіміне қарап қарсы ал,
Ақылына қарап шығарып сал.*

Өзі сыпайының тоны да сыпайы, –

деп, адамның киіміне қарап оның талғампаздығын, қызметін, ой-парасатын, ұқыптылығын байқауға болады.

*Адам көркі – шүберек,
Ағаш көркі – жапырақ, –*

деп, ағаш көрікті жапырақ, адам әдемі, сәнді, жарасымды киінгенді қалайтынын көрсетеді. Әсіресе, қыз баланы өте әсем, ажарлы киіндіруге тырысатын.

*Алтын кемер – белге сән,
Ақылды жігіт – елге сән.
Алтын балдақ – қол сәні,
Әшекей кесте – тон сәні.*

Әйел көркі – шүберек.

Асыл шапанды асылмен астарла.

*Кісі киімді көркемдесе,
Киім кісіні көркемдейді.*

Келер ұрпақтың ақылды, арлы, жігерлі болғанын тілеген ата-бабаларымыз киім қасиеттерімен салыстырып айтқан:

*Жақсы қыз – жағадағы құндыз,
Жақсы жігіт – көктегі жұлдыз.*

Тегі жаман тойда «тонымды бер» дер.

Жетіскен жеті шапан киеді.

*Адам болар баланың
Етек жеңі кең келер.*

*Тоғыз қабат торқадан
Тоқтышақтың терісі артық.*

Киім кию мәдениеті арқылы эстетикалық талғамды дамытып, ол жастардың тәрбиесіне зор ықпал еткен. Әр адамның отбасылық жағдайы киімінен көрінетін, отбасы болу үшін киім арқылы міндет, парыздарды да арқалауы керектігін көрсеткен. Қыз бала басына орамал салуға тыйым салынатын. Тек тұрмысқа шыққан соң орамал тағатын. Өнерпаздар, сал-серілер, ақындар да әрдайым ерекше сәнді киініп жүрген.

Мақал-мәтелден «сән» (*көрік*) ұғымының тілде түрлі ұғымдармен қоса сипатталуы халқымыздың дүниетанымдық даналығының аса жоғары екенін көрсетеді. Табиғатқа қатысты *жердің, таудың, тастың, ағаштың, гүлдің, даланың, өлкенің, өзеннің, көлдің* т.б. *көркі* мен *сәні* неде екендігін нақыл, тұспал сөздермен қысқа да нұсқа жеткізе білген. Ал, *ер мен қыздың (әйелдің), отбасының, достықтың, батырдың, адамның, ауылдың* т.б. ұғымдардың сәні неде болатындығын түйін сөзбен келтірген.

Сәнге қатысты тілімізде кездесетін жаңылтпаштарға *Дән – дәулет, Дәулет – дән. Сән – сәулет, Сәулет – сән; Сәмбі тал – иіліп тұрар сәнді тал* т.б. [6] кездеседі.

«Сән» ұғымына қатысты қазақ тіліндегі фразеологизмдер:

- *Дәулетіне сәулеті сай* (байлық);
- *Шен алып, шекпен кию* (мансап);
- *Көйлегі көк, тамағы тоқ* (таршылық көрмеу);
- *Бір киер, ине-жіптен жаңа шыққан, судай [су] жаңа, өңі түзу, шыттай [мұздай] киіну, іліп алар* (жаңа киім);
- *Қырық жамау, өңі түскен* (ескі киім, сәннен қалған) т.б. [2].

Сондай-ақ батырлар жырында тақырып бір (*ерлік*), идея бір (*жаугершілік*), уақыт кеңістігі (*қай кезеңнің оқиғасы*) әртүрлі болғанмен, ол да бір (*өткендегі*), сюжет пен мотив ұқсас болғандықтан, бұлардағы адамдардың, әсіресе басты кейіпкерлердің, олардың үстіндегі киімдері мен ұстаған қару-жарақтардың, астындағы аттарының сипаттамасы көркем түрде беріледі, яғни бейнелі тұрақты тіркес – фразеологизмдер болып қалыптасады: *бадана көзді кіреуке* (сауыт), *қозы жауырын қу жебе* (садақ), *аюдайын айбатты, арыстандай қайратты, қоспақ нардай күрілдеп* (батыр), *отыз батпан ақ алмас, алты аришын ақ болат, төрт қырлаған көк сүңгі* (қару) т.т. [7, 120-б.].

Жұмбақтар – ұлттың астарлы ойлау дүниетанымын танытады. Әрбір жұмбақтың астарында лингвомәдени дүниетаным ретінде ғана айқындап түсіндіруге болатын шешімдер жатады. Жұмбақ жанры дүние жүзі халықтары әдебиетінің көпшілігінде бар. Бұл жанрға Аристотель: «Жұмбақ – жақсы жымдасқан метафора», – деп анықтама берген. Жұмбақ әдебиеттің ежелгі үлгілерінде, ауыз әдебиетінде жиі кездесетіндіктен оны ғылымда «фольклорлық жанр», «халықтық поэзияның шағын түрі» деп санау орын алған. Алайда қазіргі

заман әдебиеті өкілдерінің, әсіресе, балалар әдебиеті авторларының шығармаларында жұмбақтар топтамасы жиі кездеседі. Сондықтан оны тек фольклорлық жанр аясында шектеуге болмайды.

Қазақ этносының тұрмыс-салтында тұтынған бұйымдары мен қоғамдық қарым-қатынас кезінде бір кезде сәнге айналған заттар мен ұғымдардың тілдің паремиологиялық қоры мен ауыз әдебиеті үлгілерінің бір жанры жұмбақтарда кейбір тілдік бірліктер, дереккөз ретінде сақталып қалған және олар ауыздан ауызға күні бүгінге дейін жеткен. Мысалы:

Өрнектеп, сәндеп,
Тістерін бүгетін,
Шолпысын жөндеп,
Кім көйлек тігетін? (Тігінші)
Тоғыз белбеу,
Қос жібек,
Екі мұрын, бір шүмек (Домбыра)

Үстіне ақ камзолын киіп алып,
Жүреді қанаттарын жиып алып (Сауысқан) [8].

Мысалдардағы жұмбақтардың құрылымындағы сөздік құрамында «шолпы», «белбеу», «жібек», «камзол» сөздері бір кездері қазақы тұрмыста қолөнер бұйымдарының ішінде зергерлік, тігіншілік өнерде сәнге айналған бұйымдар болса, қазірде тек сол кезден сақталған ауыз әдебиет мұраларында кездеседі.

Тұрақты теңеулер – бір затпен екінші бір затты салыстыру, ұқсату, балау, теңеу арқылы анықтау, сипаттау, бағалау, өлшеу арқылы қалыптасқан тұрақты тіркестер. Көбінесе адам іс-әрекетін, сын-бейнесін (*арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты*) т.б. қасиеттерін сипаттайды. Мысалы:

Сәулетіңнің сағымы
Бұтағына шынардың
Күнді әкеп іліп қойғандай, –

деген теңеулердің жалғасын тұтас бір сөйлем етіп ұсынғаны, соңғы екі жол – сол әрбір жақсыға теңеп, ұқсатып отырған әйел сұлулығы мен сәні (*сымбатының сағымы*) екенін мойындайтын сөздер:

Сәндісің, жаным, сәндісің!
Сән салмақ сені азапқа [7, 72].

Фольклор – халықтың дәстүрлі мәдениеті, қоғамның арман-аңсары (*идеал*) тудырған, сол қоғамның мәдени және әлеуметтік тәлкегімен үндесе көрініс тапқан, дәстүрді тұғыр еткен топтар мен жеке адамдардың ұжымдық шығармашылығы. Фольклордың үлгілері мен бағалы нұсқалары ұрпақтан ұрпаққа ауызша, еліктеп үйрену арқылы және басқа да тәсілдермен ауысып отырады; фольклордың да санатына тіл, әдебиет, музыка, би, ойындар, әфсаналар, әдет-ғұрыптар, салт-жоралар, қолөнер кәсібі, архитектура және басқа өнер түрлері жатады. Қазақ этнографиялық фольклор мұраларының мол қазынасын ауыздан ауызға жеткен батырлар жыры құрайды. Олардың қатарына «Алпамыс батыр», «Қобыланды», «Қарасай», «Ер Тарғын», «Жалаңтөс Баһадүр», «Ер Сайын», «Ер Көкше», «Сыпатай», «Наурызбай», «Құла мерген» т.б. жырлармен қоса лиро-эпостық сарындағы «Қозы Көрпеш пен Баян сұлу», «Еңлік-Кебек» т.б. жырлар жалғасын табады.

Көнеден келе жатқан осы жырлардың тілдік бірліктеріне, атап айтқанда «сән» ұғымына қатысты деректерге лингвистикалық талдау жасай отырып мысал келтіре кетсек, «Қобыланды батыр» жыры:

*Айдап келді бесінде.
Қобыланды батыр келген соң,
Иесін көзі көрген соң
Байлар мінер дөненді,
Жарлы мінер көбенді.
Байдың қызы жамылар
Масатыдан беренді.
Әкеліп қосты жылқыға
Қазаннан алған көп елді... [7, 73-б.].*

«Сән» ұғымы төрт түлікпен айналысқан көшпенді халықта малға, киімге, тұрмыс-салт бұйымдарына, сөз өнеріне қатысты атау мен ұғым сөздерде, тілдік бірліктерде этнос танымында көрініс тауып, ауызша таралған әдебиет арқылы тілдік деректер ұрпақтан ұрпаққа жеткен. Мәселен, жыр жолындағы «дөнен» және «көбен» сөздері малға қатысты айтылған. Сол кездегі бай мен жарлының мініс көлігін жырға қосқан.

Дөнен Төрт жасар мал. Дөнен атан – төрт жастағы қос өркешті еркек түйе. *Дөнен бәйге* – дөнен жарысы. *Дөнен қымыз* – ашығанына төрт күн болған қымыз. *Дөнен шығар* – үштен асып төрт жасқа толмаған.

Көбен/көбең 1. *Ептеп оңалған ет алған.* 2. ауыс. *Борпылдақ, босаң, жетілмеген.* Көбең бие – қомданып, тойына бастаған бие [8, 403-б.].

Анықтамалардан «дөнenniң» төрт жасар жарап тұрған жылқыға қатысты айтылып тұрса, «көбеңнің» күзектен шығып енді қомдана бастаған, мініске аса жарамсыз бие екендігін аңғарамыз. Демек, байлар мінген көлік сол кездің сәні мен салтанатын бейнелейді.

Келесі жыр жолында «байдың қызы жамылар, масатыдан беренді» делінген. Осы жолдағы «масаты» және «берен» сөздеріне анықтама бере кетсек:

Масаты 1. *Жұмсақ, түкті жібек мата, барқыт.* *Масаты кілем* – жұмсақ, түкті кілем. 2. Күдеріге ұқсас тегіс, тығыз былғары.

Берен I *Қымбат, асыл мата*; II 1. Нағыз шың болат. 2. Болаттан жасалған батырлар киетін сауыт; III 1. Ұңғысы ұзын шиті мылтық. 2. Пышақ сияқты қару, қанжар. 3. Өжет, өткір [8, 127].

Жоғарыда келтірілген дәйектен «масаты берен» сөз тіркесі «аса бағалы, қымбат жұмсақ түкті жібек матадан тігілген киім» екені мәлім болады. Яғни, сол уақытқа сай қыздар мен әйелдерге арналған ерекше сәнді, әрі көзге түсерлік жарқыраған қымбат маталы киімнен хабардар етеді.

Қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық өмірдің ілгерілеуіне, адамның ой-санасының өсуіне, өзін қоршаған табиғаттың сырына терең болмауына байланысты ауыз әдебиеті де мазмұны, формасы жағынан байып, дамып отырған. Қазақ халқының ауыз әдебиетінің сонау көне дәуірден келе жатқан рухани мұра екені «Құламерген», «Ер Төстік» ертегілерінен айқын танылады. Әлеуметтік жікке бөлінген қоғамдық өмірдегі қайшылықтар, байлар мен соған тәуелділер, кедей-кепшіктер арасындағы күрес, тартыс ауыз әдебиетінің мұнан былайғы даму өрісінде кең қамтылған.

Мәдениеттің қалыптасуы мен өркениеттің дамуына орай адамзат баласындағы рухани және материалдық дүниелердің сол заманға сай көркемдігі, жаңашылдығы мен салтанаты сән арқылы көрініс табады. Әр ұлттың танымында «сән» деп нені таниды және түрлі ұғымдардағы сәннің ассоциациялық көрінісі қандай? – деген сұрақтардың жауабы ретінде сол этностың ғасырлар бойғы мәдени мұралары мен діни-танымдық, тұрмыстық т.б. түсініктері бойынша қалыптасқан аялық білімдер мен заманауи ұғым түсініктерінің жемісі тіл арқылы көрініс тауып, қазірде коммуникативтік қолданысқа енген, кейбірі көмескіленіп тілдің пассив қабатына енген.

Қазақ халқы ертеден көшпелі тұрмыс салтымен өмір сүрген этнос болған. Халықтың өмір сүру дағдысы, тұрмыс-тіршілігі олардың танымы мен дәстүріне ықпал тигізбей қоймады. Қазақтар «сән» ретінде тек киім көркі немесе тұрмыстық бұйымдардың әдемілігін ғана санаған жоқ, көбінесе табиғат көркемдігі (*тау, өзен, бұлақ, жер т.б.*) мен халыққа қатысты (*мінез-құлық, ауызбіршілік, туысқандық, ағайындық, достық, адамгершілік т.б.*), әйел мен ерге (*қыз, әйел, ер жігіт, батыр т.б.*), жануарларға (*төрт түлік: жылқы, қой, сиыр, түйе*), өмірге (*жас ерекшелікке қатысты: жастық, кәрілік т.б.*) қатысты көркемдік пен сымбаттылықты сөз етіп, олардың *сәні* неде екендігін халықтың ауыз әдебиет үлгілерінің бірі фольклор мұраларында сақталып күні бүгінге жеткен. Мысалы:

*Жақын жерден шөп жесе,
Жердің сәнін кетірет,
Ағайынның аразы
Елдің сәнін кетірет,
Абысынның аразы
Ауыл сәнін кетірет* (Бұқар жырау)

*Алпыс жас – бұл бір өткен өмір сәні,
Алпыста бойда қуат тұрмас бәрі.
Қызығына жігіттікке көрген бір түс,
Қайта атпас жігіттіктің алтын таңы...
...Кәрілік жарасады сәніменен,
Оның сәні келеді малыменен.
Жолдасы арқа жылытар, аяқ сипар,
Жұмсақ төсек, тәтті тамақ барыменен* (Ш.Құлекеұлы)

*Желіде құлын жусаса,
Кермеде тұлпар бусанса,
Сәні келер ұйқының,
Жылқы қолдан тайған соң
Қызығы кетер күлкінің* (Ақтамберді жырау)

*...Бедеудің жаны кетіп, жалы қалды,
Батырдың ары кетіп, малы қалды,
Өзі беріп ұлыңды, өзі алды,
Халықтың нәрі кетіп, сәні қалды.
Бұл пенде бір Аллаға не қылады?* (Төле би)

*Е, Тайкелтір, шырағым!
Бейбіт елде сән болар,
Бүлінген елде дау болар.
Даудың түбі жау болар,
Жаудың түбі шаң болар,
Шаңдатып жау айқасса,
Айта жүрер күн болар...* [9, 19-б.] т.б.

Сән концептісінің ауқымының кеңдігін, беретін мағынасының күрделілігін «сән» концептісінің аясын (*кодын*) аша түсетін синонимдік қатарлардың көптігінен де аңғаруымызға болады. Сондай синонимдік қатарлардың бірі – *көрік* сөзі.

Көрік I *Ұста дүкеніндегі көмірді үрлеп темірді қыздыру үшін теріден жасалған үрлеуіш.*
II *Ажар, өң, келбет. Көркі енді [кірді]* – ажарланды, құлпырды [8, 418-б.]. Мысалы: Бай

баласының шибарқыт шапаны көптен көрмеген жас жігіттің *көркін* аша түскен сияқты (Р.Райымқұлов).

Сондай-ақ тілдік қолданыстағы *көркін ашу*, *көркін келтіру*, *көркіне көрік қосу*, *көркі кіру*, *көркі келу*, *көркі ашылу* т.б. сөз тіркестері *сәнін ашу*, *сәнін келтіру*, *сәніне сән қосу*, *сәні кіру*, *сәні келу* т.б. тіркестерімен қатар қолданылады. Алайда *сәнін келтіру* және *көркін келтіру* тіркестерін қатар алып салыстырсақ, кей сөйлем арасында бір-бірінің мағынасын дәл бере алмайды. Мәселен, «*үстіне киген киімі сәнін келдірді*» десек, «*сән*» сөзі «*салтанатын арттырды*» немесе «*киімі сәнді ете түсті*» деген мағынаға жуық, ал «*киген киімі көркін кіргізді (келтірді)*» дегенде «*көрік*» сөзі «*ажарландырды*», «*нұрландырды*» т.б. ұғымдарды береді. Демек, мағынасы жуық семалардан құралған «сән» ұғымының *гипонимі* ретінде жұмсалады.

Тілдің лексика жүйесінде әрі лексика-семантикалық өрісі құрылымына басты парадигмалық байланыс болып, тек-түр негізінде логикалық қатынаста болатын гипер-гипонимиялық байланыс саналады. «Өзара байланысқан лексикалық бірліктер гипонимияның негізінде тақырыптық және лексика-семантикалық топтарға, кластар мен кіші кластарға семантикалық өрістерге және семантикалық аймақтарға белгілі бір жүйемен топтасады» [10, 17-б.].

Гипероним – түрлік ұғымды білдіретін сөз не сөз тіркесіне қарағанда *тектік* ұғымды білдіретін, жалпылық мағынаға ие сөз немесе сөз тіркесі. Мысалы: жазушы – *романист*, қылқан жапырақты ағаш – *қарағай*, *шырша* т.б. Сол секілді зерттеу тақырыбымызға қатысты сәнді зергерлік бұйымдар – *бес сақина*, *шашбау*, *теңгелік*, *қос алқа*, *танакөз моншақ* т.б.

Гипоним тектік ұғымды білдіретін сөз не сөз тіркесіне (*гиперонимге*) қарағанда түрлік ұғымды білдіретін сөз немесе сөз тіркесі. Мәселен, ағаштың *сабағы*, *жапырағы*, *тамыры*, *гүлі*, *бұршігі*, *діңі* т.б. бөлшек атаулары ретінде түрлік ұғымды білдіреді. Түсініктемеге сай *сән* ұғымына *көркі*, *ажары*, *әрі*, *сымбаты*, *салтанаты*, *әсемдігі* т.б. сөздер түрлік семаларға бөлініп, ортақ *сән* ұғымын беруге қатысады. Мысалы:

*Гүл шешек орман өсіп желкілдеген,
Биік тау, асқар төбе жердің көркі,
Ағайын бір уақыт жақсы болса,
Сонымен табылады елдің көркі* (Ш.Құлекеұлы)

*Мал дүниенің жарығы,
Жаратып шырай көркіңе
Қызықпаңыз бес күнге,
Бұл дүние қылмас әркімге
Ағаш көркі – жапырақ,
Адам көркі – шүберек,
Ақиретте жалған жоқ,
Таразысы басқа бір бөлек,
Өлімге де мал керек* (Ш.Қанайұлы)

М.Оразов лексика-семантикалық топтардың құрамындағы лексикалық бірліктердің арасындағы семантикалық байланыстарды қарастырған «Қазақ тілінің семантикасы» деген еңбегінде *гипер-гипонимияға* арнайы тоқталмаса да, осы байланыстар туралы өз ойын білдіреді. Тілдік мағынаны анықтайтын парадигмалық байланыстардың бір түрі ұштас мағыналы сөздер аралығында болады. Бұл – синонимдік, антонимдік байланыстарға қарағанда кең таралған көп сөздің ара қатынасын анықтайтын семантикалық құбылыс... Ұштас мағыналы сөздер синонимдермен, антонимдермен бірге бір лексика-семантикалық, сондай-ақ тематикалық топтардың мүшелері арасында ғана өмір сүреді. Мысалы қызыл, сары, көк, жасыл, қара, қоңыр т.б. сөздер өзара синоним де, антоним де емес. Олардың басын қосып мағыналарын байланыстырып тұрған заттың түсін білдіретін *сема* ғана [10, 37-б.]. Демек,

«сән» семасына жоғарыда аталған мысалдардан бөлек қазіргі кезеңде жиі айтылатын «сән үйі», «мода», «подиум», «сән салоны», «сәндік топтама», «сән үлгілері», «сәндік жиһаздар», «сәнді дизайн» т.б. тематикалық топтар кіріп, гипер-гипонимиялық қатынасқа түсетін лексемалар қатарын түзеді. Бұл қатынас негізінде бір ұғым түрлі деңгейлер арқылы айқындалғандықтан, гипер-гипонимиялық қатынасқа түсетін лексемалар әр түрлі иерархиялық деңгейлерде орналасып, бірнеше сатыларды түзеді. Бұл қатынас түрі кез келген тілдің лексика жүйесін ұйымдастыратын, әр тілде өзіндік сипатымен ерекшеленетін универсалды семантикалық байланыс болып саналады.

Тілдің лексика жүйесіндегі негізгі лексика-семантикалық байланыстың келесі бір түрі – антонимия. *Антонимия* – тілдің лексика жүйесінде лексикалық бірліктердің мағыналардың қарама-қарсылығы негізінде туындайтын лексика-семантикалық байланыс түрі. *Сән* ұғымының тілдік қолданыста антонимиялық тікелей қатынасы *сәнді-сәнсіз* қарама-қарсылыққа құрылады. Алайда қазақ тілінің лексикалық жүйесіндегі жұмсалымдылығы жоғары болып келетін семантикалық қатынастардың қарама-қарсылығы *сәні бар – сәні жоқ, сәні болар – сәні болмас, көркі – көркі кірмес* т.б. болып келеді. Бұл антонимияның *контрарлық қарама-қарсылығына* сай келеді. Мысалы:

*Асқар таудың сәні жоқ:
Төрт түліктің қонысы,
Басылмайтын сонысы,
Көк майса белі болмаса.
Өзен судың сәні жоқ:
Өрлеп құлай қонатын,
Жағасы малға толатын,
Аймақты елі болмаса.
Қопалы жердің сәні жоқ:
Тұңғиық мөлдір үйірім,
Көз болжамас қиырын,
Айдын көлі болмаса.
Ақ ауылдың сәні жоқ:
Топталып жылқы үйездеп,
Ноқталы құлын күйездеп,
Тартқан желі болмаса.
Шешендіктің сәні жоқ:
Сөзіне сүттей ел ұйып,
Қолтығына ел сыйып,
Басына бақыт қонбаса... (Д.Бабатайұлы)*

Мысалдардан асқар таудың *сәні* – көк майса белде, өзен судың *сәні* – аймақты елде, қопалы жердің *сәні* – айдын көлде, ақ ауылдың *сәні* – тартқан желіде, шешендіктің *сәні* – сөзіне сүттей ұйыған ел мен басына қонған бақта, сұлулықтың *сәні* – шаруаға икемді қызда, би мен бектің *сәні* – елін қорғау мен тура жолды нұсқау, батырлықтың *сәні* – егескен жауды жеңу екендігін білдіреді. Аталған талаптардың орындалмауы *сән* ұғымына қарама-қарсы *сәнсіз, сәні жоқ* ұғымдарды білдіретін лексемалық қарама-қарсылық тудырады.

«Әрбір ұлттың санасында адамның *аксиологиялық моделі қалыптасқан*. Басқаша айтқанда, халықтың түсінігінде, ұлттың тілдік санасында адам қандай болу керек, халық нені көксейді, нені керемет құрметтейді, нені шынайы нәрсе деп біледі, сырт келбеті мен оның ішкі дүниесі қандай болуы тиіс, жақсы, жаман қасиеттері, адамгершілік мақсаттары, нені мансұқ етуі керек т.б жайлы ұлттық образ бар», – дейді ғалым Б.Момынова. Осы ұлттық образ жасауға «сән» ұғымымен қалыптасқан түрлі атаулар, сәннің дамуымен қалыптасқан қаншама ұғым қаншалықты дәрежеде зерттелінді дейтін мәселе өзекті. Қазақ өміріндегі «сән» ұғымы – толық

зерттеліп, салттық ұғымдармен, дәстүрмен жалғастырылғанда ғана қол жеткізуге болатын қызық та күрделі мәселе.

Қоғамдағы «сән» уақыт кезеңімен қандай бағытқа бет бұрғанымен де, әр халық қоғамдық өмірінде сол сәнге ықпал ететін этникалық сипатын сақтап қалады. Айталық, қазақы мәдениетте орын алған «киіз үй» және оның жасау-жабдықтары, қазақ ұлттық киім үлгілері, қазақы әшекей бұйымдар т.б. дәуірдің өзіндік табымен түбегейлікті жойылып кетпей, заманға сай жаңа «сән» үлгісімен жаңғырып отырған. Мәселен, «киіз үй» стиліндегі мейрамханалар, қазақы ою-өрнекпен әшекейленген заманауи интерьерлер, қазақы үлгідегі сәнді әшекей бұйымдар мен қазақы этностильдегі киім үлгілері қазірде сұранысқа ие әрі тұтынушы тұлғаның зор талғампаздығынан хабар береді.

Қорытындылай келгенде, қазіргі заманауи сәндік бұйымдардың барлығын да біздің ата-бабалармыз пайдаланған, олар бүгінде заманауи үлгілері арқылы жаңа сипат, оң алып дамыған.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Құраст. А.Фазылжанова, Н.Оңғарбаева, Қ.Ғабитханұлы және т.б. – Алматы, 2011. – 13 т. – С-Т. – 752 б.
2. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: Елтаным, 2010. – 252 б.
3. Қайдаров Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т. 3: Табиғат. – Алматы, 2013. – 608 б.
4. Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы (8675 мақал-мәтел) / Құраст. Ж.Кейкін. – Алматы: Аруна баспасы, 2016. – 632 б.
5. Тұрманжанов Ө. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 213 б.
6. Жаңылтпаштар. Құраст. Әбуова М., Сатанов Р. – Алматы: Өнер, 2015. – 72 б.
7. Сыздық Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 242 б.
8. Жұмбақтар. Құраст. Әбуова М., Сатаев Р. – Алматы: Өнер, 2016. – 96 б.
9. Төрелдіұлы Т. Шешендік сөздер: Бейбіт елде сән болар. – Шымкент: Алтын алқа, 2010. – 64 б.
10. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы, 1991. – 148 б.

Ерхожина Ш.

педагогика ғылымдарының кандидаты,
С. Демирел университетінің қауымд. профессоры

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУ ТОҒЫСЫНДАҒЫ ИДЕЯЛАР

Заман ағымы еліміздегі ғылым мен білім берудің әлеуетін көтеруді, әлемдік бәсекелестікке қабілеттілікті талап етеді. Қазақстанда орта білім беруді тұрақтандыру оның озық стандарттарын құру мәселесі әлі күнге дейін толассыз талқылану үстінде. Жоғары оқу орындарындағы білім сапасын арттыру мәселесі де өзекті. Сапалы, жан-жақты дамыған, кәсіби маман даярлау үшін де инновация қажет. Оқу орындарында даярланған мамандар еліміздің алдында тұрған ауқымды міндеттерді, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыратын, дамытатын, бүгінгі бастамаларды заманауи біліммен ұштастыратын озық ойлы, білікті мамандар болуы қажет. Еліміздегі білім берудің сапасы тым төмен деген сөз емес, керісінше кейбір елдерден ілгері тұратын ғылымымыз бар. Мәселен, жаратылыс бағыты бойынша халықаралық TIMSS бағдарламасы негізінде ондыққа ену – үлкен жетістік. Ғылымды әрі қарай дамыту мәселесі – өте өзекті мәселе. Білім берудің негізгі өзегі – ғылым. Дамыған елдің дамыған ғылымы болса, білім берудің де негізі терең болары сөзсіз. Сондықтан қазіргі таңда ғылым мен білім беруді ұштастыра дамытуда жаңашыл технологиялар мен идеялардың қажеттілігі айқын. Тың әдістемелерді тәжірибеге ендіру үшін әлемдік озық үлгілерді үйрену, әлемдік тәжірибелі білім ошақтарымен тәжірибе алмасудың маңыздылығы басым.

Қазіргі кезде білім алушылардың шәкіртақысын көбейту, жатақхана санын арттыру, оларға жағдай туғызу, академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы деңгейлес оқу

орындарымен алмастыра оқыту сияқты үрдістерді білім берудің оңтайлы үдерістері деп айтуға болады. Бұл үйлестірулердің арқасында студенттердің білім алуға ынтасы артып, өз мамандығына деген мотивацияны ала алады. Ұлы ойшыл Әл-Фараби мектептің жүрегіне балаған мұғалімнің ахуалы қандай болуы керек? Білімді беретін де, құндылықтарды тәрбие арқылы ұрпақтың бойына сіңіретін де – мұғалім. Мұғалімнің ерен еңбегі ескеріліп, бүгінгі күні мәртебесі биікке көтерілуде. Педагогтің креативті, шығармашыл, кәсіби, жаңа форматты маман болуы – заман талабы. Кез келген педагогтің ақпараттық коммуникациялық технологияны (АКТ) меңгеріп, цифрландырылған үрдістің талаптарына жауап беруі өте маңызды. Z ұрпақтың қызығушылығы мен қажетін ғылым мен білімнен тауып бере алу үшін ұстаздардың инновациялық технология жетістіктерін әуелі өз бойына сіңіріп, өз тәжірибесіне ендіруі педагогтің ізденімпаздығы мен іскерлігі тұрғысынан көрінеді.

Қазақстандағы қандай оқу орны болсын, мамандықтың қандай саласы болсын, білім алушыларға құндылықтарға негізделген білім берілсе, ұрпақтың тұлғалық дамуы құнды болады деп ойлаймын. Сондықтан тек педагогикалық бағытта ғана емес, техникалық бағыттағы мамандарды даярлауда да «Құндылық негіздері» секілді курстарды енгізу олардың мамандықты игеруіне еш кедергі келтірмейді. Мұндай білім, білік ел ұрпағының адами құндылықтардан алыстамай, тілді, салт-дәстүрді қастерлеуі, өз елінің патриоты болуына ықпалын тигізеді. Сонымен қатар жастарды ғылымға бағыттау, олардың жаңалықтарын жариялау, өндіріске ендіру, «Болашақ» бағдарламасы арқылы білім алған жастардың контентін мемлекетімізге пайдалануды жолға қою қажет. Біз осы үдерістерді әлі де болса толық жүйелей алмай отырғанымыз – шындық. Аталған үдерістердің басым пайызы мемлекеттік іс болғанымен, оның тамыры білім алған орталарында жатқаны белгілі. Қандай мамандық иесі болмасын педагогтың алдынан өтері хақ. Сондықтан педагогтың білім берумен қатар тәрбиелік өнегесі де мол болуы шарт. Оның өзіндік жүйеленген методикасы басым рөл атқарады. Жаңа әлемде мемлекеттің экономикалық жетістіктері білім беру жүйесімен, азаматтардың білімділігімен, мамандардың бәсекеге қабілеттілігімен анықталады. Бүгінде көптеген дамыған елдер секілді біздің еліміз де өзінің ұлттық білім беру жүйесін реформалауда, оның мазмұны мен бағыты білім бағдарламаларында айқындала түсуде. Білім беруді жалпы ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторына айналдыру білім беру жүйесінен тиімділікті, өзгерістерге ашықтықты және оларға нәтижемен жауап беру қабілетін талап етеді. «Президент бірқатар Жолдауларында техникалық білім беруді дамыту туралы жиі сөз қозғап келеді. Өйткені, мемлекеттің индустриалды-инновациялық дамуы, экономикалық өркендеуі үшін ең алдымен осындай мамандық иелерінің маңызы артады. Стратегиядағы инженерлік білім беру мәселесі де осы мақсаттан туындаған деп есептейміз. Кәсіби-техникалық және жоғары білім ең бірінші кезекте ұлттық экономиканың мамандарға деген қазіргі және келешектегі сұранысын барынша өтеуге бағдар ұстауы керек. Бұл жұмыспен қамту мәселесін шешуге де едәуір септігін тигізеді» [1]. Әрине, жолдауда инженерлік білім беруге басымдық беру сөз болып отыр. Аталған мамандарға сұраныстың өзінен-өзі, яғни заманауи үдерістердің туындатқан қажеттілігі екені айқын. Осы орайда қазіргі заманда тағы бір қажеттіліктің бар екендігін еске салғым келеді.

Біз қызмет ететін Сүлейман Демирел университетінде бірнеше мамандық даярланады. Оның ішінде филолог мамандарды даярлайтын кафедрада ұстаздық ету – мен үшін мақтаныш. Тіл мамандары қай кезде де, қай жерге де қажет -ақ. Дегенмен, жоғарыда айтылғандай, ескерілетін мәселелер бар. Оның бірі – педагог мамандығына ұлдардың аз келуі. Ер азаматтардың ұрпақ тәрбиесіне педагогикалық тұрғыдан араласуы, алдыңғы толқын ұстаздар Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, т.б. ізін жалғастыру болар еді. Ол кездегі мұғалімнің деңгейі мен мәртебесі қандай болса, қазір де білімді ер азаматтардан зиялы қауымның орнын басатын білімдар, ойшыл тұлғалардың шықпасына кім кепіл?! Қазіргі ұрпаққа ер азаматтардың тәрбиесі өте қажет. Тек ұстаздың мәртебесі, оларды құрмет тұту биіктеп, қоғамдық көзқарас жоғарыласа, ер жігіттердің мұғалім болуға ынтасы да артар еді деген ойдамын.

Білім берудің жүйесін әлі де болса жаңғыртып қайта құрылымдау арқылы үлкен нәтижелерге қол жеткізуге болады. Ол үшін әлемнің озық үлгілерінен жинақтау, ел менталитетін ескеру, стандарттарды тәжірибелі педагог мамандар мен ғалымдар алқасымен үйлестірудің іске асырылуы – маңызды іс. Ұлттық білім беру жүйесі әлем бойынша жаһандану үрдісін кешуде. Сондықтан білім беру жүйесінің алдында дұрыс бағытты таңдау мәселесі тұр.

Қазіргі таңда ғылым мен білімнің, ғылыми-техникалық қарышты дамудың жетістіктерін игеру, халқымыздың интеллектуалдық ұлт болып өсуінің, бәсекеге қабілетті дамыған елдер қатарына енудің, жедел индустриалды-инновациялық дамудың қажеттіліктері күнде айтылуда. «Ғылым кез келген елде келешектің кілті саналады. Себебі мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік ахуалы, тұрақты әрі қауіпсіз дамуы ұлттық ғылымның әлеуетіне тікелей байланысты. Тәуелсіздік жылдары Елбасымыз Н.Назарбаевтың қолдауымен еліміздегі алдыңғы қатарлы ғылыми мектептер, тармақталған ғылыми ұйымдар желісі сақталып қалды, прогрессивті Ғылым туралы заң қабылданды, қазақстандық ғалымдар біршама табыстарға қол жеткізді. Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі адамзаттың жағдайы ғалымдардың қолында екенін айта келе, отандық ғылымның әлеуетін арттыруды тапсырды» [2]. Президент міндеттеген мәселелер жаңа шешімдер негізінде қолға алынғанын айтқан министр «бұл жаңа серпілістің ел экономикасына да барынша тиімділік әсері болады» деген ойда. Отандық ғылымның жетістіктерін қолдау мен білім беру саласының жүйесін жаңалап отыру ғана жетістікке жеткізеді. Білім мен ғылымды барынша дамытуды қолға алған жауапты орын 2020-2025 жылдарды қамтитын жаңа бағдарламаны әзірлеп отыр. Оның ішінде ғылымды жыл сайын гранттық конкурстар негізінде қаржыландыру, ғылым мен бизнестің тығыз байланысын коммерцияландыру жобалары, бәсекеге қабілетті ғылыми кадрларды докторантура арқылы дайындау т.б. түйінді мәселелерді шешу қарастырылған. Әрине, жетістік аз уақытта көріне салатын оңай шаруа емес. Қазіргі таңда ғылыми бағытты дамыту үлесінде жастарға басымдық таныту айқын мақсатта. Кез келген қаржыландырылатын жобаның талабына үңілсек, оған жастардың тартылуы ескертіледі. Сонда орта жас пен одан жоғары толқын ғалымдары жаңалық аша алмайды, ғылымды дамыта алмайды деген емеурін бе? Ғылымға жағдай жасалса, қаржы мақсатты жобаға жеткілікті бөлінсе, қазіргі ең өзекті деген жобалар дұрыс екшелсе, жоба сарапшылары әділетті іс атқарса, оны орындаудағы процедуралар жағдайлы уақытқа шақталған болса, неге ғылым дамымасқа? Дегенмен отандық ғылымды дамыту мақсатында жүргізіліп жатқан істер оң нәтижесін береді деген сенім әр қазақстандықтың көкейінде.

Еліміздегі жалпы орта білім жағдайына қайта соғар болсақ, білім парадигмасының айтарлықтай нәтижелі еместігін әлемдік пандемияның, жаппай қашықтан оқыту үдерісінің әсері деп бағамдап, бұл үдеріске дайындығымыздың жеткіліксіздігін іштей мойындап қана отырмыз. «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен аладының» кебін кидік деуге болады. Жаңартылған білім бағдарламасын тәжірибеге ендіріп, жаппай іске қосқан сәтте індеттің қабаттасуы қашықтан оқуға ұласуы осы ойымызды нақтылай түседі. Бұдан шығатын қорытынды – жаңа құрылымдардың қажеттігі. Мектеп бағдарламасындағы пәндер санын азайтуды, тек ұрпақтың тұлғалық дамуына қажетті деген пәндерді екшелеп алып оқытуды ұсынған болар едім. Бұл жердегі мәселе – мұғалімнің жүктемесінің азайып кететіндігі тұрғысынан емес, білім алатын ұрпақтың қажеттілігі тұрғысынан келуі маңызды. Ұрпақтың денсаулығы мен оқу танымдық қабілетін сақтап, күш түсірмей, қажетті деген санаулы ғылым негізделсе жеткілікті және білім де сапалы болар еді. Яғни білімнің жеңілдетілуінің тетігі бағдарламада. Қазіргі білім беру үрдісіміз эксперимент болғандай. Бұл – сынау емес. Әрине, жүйені оңтайлы күйге түсіру үшін білім беру жүйелерінің үнемі өзгеруі мен жаңаруы, онсыз олардың дамуы мен қоршаған өмірдің өзгермелі жағдайларына бейімделуі мүмкін емес. Білім беру – бір орында тұра беретін жүйе емес, заман ағымына бейімделуі өзінен өзі жаңаруды, жаңа талаптар мен мақсаттарды алға тартады. Ғылымды дамыту мен білім беру заңдылықтарын инновацияға негіздей жүзеге асыру үнемі ізденісті қажет етеді. Үдерістердің тиімділігін айқындап, тәжірибеде, өндірісте игеру, қолдану мамандардың кәсібилігін көрсетеді. Білім берудің

шынайы мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру мүмкіндігі – білім беру парадигмасының дұрыс дамуы мен жүйеленуі. Ғылымға үнемі жаңашылдық керек болса, білім беру жүйесі де үнемі жетілдіріліп отыруымен құнды болады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Қазақстандағы білім жүйесінің даму деңгейі // <https://strategy2050.kz/> 2018.
2. Аймағамбетов А. Отандық ғылымда жаңа серпіліс болады // Egemen.kz. 2020, 4 мамыр

Әлімтаева Л.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы

Қадыржанова Ж.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 1-курс магистранты

ЭКСПЛИЦИТТИ, ИМПЛИЦИТТИ МӘННІҢ КОММУНИКАТИВТІ ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Тіл білімінде антропоэектілік ұстанымына сай тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде бағаламай, белгілі бір халықтың рухани, ұлттық кодын жеткізуші құрал ретінде қарастыру қалыптасқан. Бұл орайда адам және тіл, адресант пен адресат, тіл мен таным сынды ұғымдардың мәні зор.

Модалдылық категориясын халықтың ментальді ерекшеліктерімен байланыстыра, сөйлеудегі айқын, жасырын қалпын қарағанда танымдық қыры ашыла түседі. Қазақ халқының салт-санасы, дүниетанымындағы тәрбиенің, үлгі-өнегенің бір құралы – тыю. Ата-ана баласын жамандықтан жиренуге, жақсылықтан үйренуге шақырып, әр орынсыз ісін сөздің құдіретімен тыя білген. Тыю – қазақ халқының өнеге мектебіндегі шебер құралдардың бірі. Тыйым табумен де тығыз байланысты. Түркі халықтарындағы табу мен эвфемизмдердің этнолингвистикалық табиғатын қарастырған Ә.Ахметовтың еңбегінде: «тыйым атаулының бүкіл әлемге таралып кеткен ортақ ғылыми атауы – табу», – деп, түркі халықтары сөздің өткір қасиетіне сенетінін тілге тиек етіп, ауру атауларына, қазаға, тотемдік наным, жан-жануарға, аңшылыққа байланысты тыйымдарға талдау жасайды [1, 7-б.]. Түркі тілдерінде осындай тыйым әсерінен «ауру, науқас» секілді сөздердің қолдану жиілігі төмендеп, тіпті қолданыстан шығып қалғаны айтылады. Сол секілді қазаға байланысты атауларды алып қарасақ та, халықтың дүниетанымын байқай аламыз. Мәселен, орыс тілінде өлді дегеннің орнына «скончатся», «угаснуть» секілді сөздерді қолданса, ағылшын тілінде «died» дегеннің орнына қолданылатын жүз елуден астам сөздер мен сөз тіркестері бар екен. Қазақ халқында да «өлді» деп айтуды жөн көрмегенін сонау Күлтегін ескерткіштерінен анық көрінеді: «Көрер көзім, көрместей, білер білігім білместей болды. Білігімнен адастым» [1, 132-б.]. Зер салып қарасақ, табудың күллі әлем халықтарына ортақ құбылыс екенін аңғармау мүмкін емес. Мұның бір себебін магиялық күшпен, мифологиялық мотивпен, тотемизммен, жалпы адамзаттың алғашқы даму тарихындағы дүниені тану-қабылдау-түйсіну сатыларымен байланыстыруға болады. Сонымен қатар, табудың әр халықтың ұлттық ерекшелігін, болмысын танытатын бірліктердің қатарында екенін есте сақтау қажет. Адам баласы ойына алғанын сөзбен әрқашан айта бермейді. Қазақ халқы да сөздің құдіретімен кім-кімге болмасын тоқтау сала білген, тыя білген, тиісінше кейде астарлап, жасырын айту арқылы да тыйған. Осы заңдылықтың сөйлеудегі көмес қалпы халықтың өз рухани құндылықтарынан бастау алып, ұлттық кодпен жалғасатыны, мінез, қасиет ерекшеліктерінен өрілетіні жасырын емес. Модалдылықтың өзге өрістері де халықтың болмыс ерекшелігінен бастау алады. Оны О.Жұбаеваның мына пікірінен айқын көруге болады: «Қазақ тілінің этнограмматикалық ерекшелігі ойдың кесімді/ кесімсіз берілуі сияқты коммуникативті құрылым арқылы беріледі. Мұндай ұлттық этнограмматикалық ерекшеліктер

«мүмкін», «шығар», «қайдам» сияқты тілдік қолданыстардың жиі кездесуінен көрінеді. Бұл – ұлтымыздың барды жоққа шығармайтын, сәті келген істі жазмыштың ісі деп білетін мойынұсынғыштық, «сабыр түбі сары алтын» деп білетін ұстамдылық, біреудің көңіліне тимеу, жұмсартып сөйлеу, кешірімшілдік сияқты ұлттық мінезінің (болмысының) тілдік көрінісі болып табылады» [2, 153-б.].

Жұмсалымда грамматика аясында тыйым мәні (прохибитив) С.Құлмановтың еңбектерінде бұйрықтық модалдылығының бір мағынасы ретінде көрсетілген. Ғалым тыйым салу мағынасын «тыйым салу сөйленімдерінде іс-әрекетті орындамауға қатысты бұйрығы білдіріледі», – деп түсіндіреді. «Бала, оқы» және «Бала, оқыма» деген мысалдардағы екінші сөйлемді тыйым салу мәніндегі бұйрықты сөйлем деп таниды [3, 26-б.]. Е.Кондзеляның пікіріне сүйене отырып, бұйрықтық мағынаның тура, жанама, жасырын деген үш түрін келтіреді. Бұл топтаудың ішіндегі жасырын бұйрықты сөйленімдерді кейбір жағдаяттардың жиі қайталануынан орын алатын сөйлеу стереотиптерімен байланыстырады. Мысалы, кезекте тұрғанда «менің ақшам ұсақ. Асығыс едім» деген сөйлемдерден айтушының асығыс екендігін, сол прагматикадан туындаған бұйрықты-тілек мәні «сізден бұрын мен өтіп кетейін» деген ойға сай келеді. «Модальділік негізі концепті, морфологиялық жолмен берілетін рай концептінің шындықпен сәйкес келмеу мәні мен ерік сипаты тоғысып, іс-әрекетке түрткі болу, қозғау салу мәнін түзеді. Ол мәнмәтін арқылы нақтыланып отырады. Іске қозғау салу, түрткі болу мәні сөйлем-сөйлесімдегі өтініш, тілек, рұқсат, тыйым салу т.с.с. түрінде көрінуі мүмкін» [2, 168-б.]. Б.Жақыпбеков «Бұйрықты сөйлемдер және олардың көркем әдебиетте қолданысы» атты диссертациясында бұйрықты сөйлемдердің төмендегідей мағыналық реңктерін көрсетеді: 1) таза бұйрық мағынасындағы сөйлемдер; 2) ақыл, ұсыныс мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер; 3) шақыру, ұран мағынасындағы сөйлемдер; 4) өтініш мағынасындағы бұйрықты сөйлемдер; 5) алғыс, қарғыс мәніндегі бұйрықты сөйлемдер [4, 23-б.]. О.Төлегенов бұйрықты сөйлемдердің құрылымдық-мағыналық 8 ерекшелігін көрсетеді. Олар – тіке бұйрық білдіру; тоқтау салу, тежеу; ұсыныс жасау, тапсырма беру; жалпы ескерту, сақтандыру; тілек, өтініш білдіру, жалыну; келісім білдіру; іске шақыру, үндеу. Л.С.Дүйсембекова «Қазақ тіліндегі бұйрық райдың парадигмасы мен мағыналық құрылымы» атты кандидаттық диссертациясында бұйрық райдың 28 түрлі мағыналық реңкін, 5 тобын атап көрсеткен. Соның бірі – ескерту тобына жататын тыйым салу мәні (Ескерту тобы – ескерту, сақтандыру, тыйым салу) [5, 111-б.]. Д.Әлкебаева «Қазақ тілінің прагмастилистикасы» атты еңбегінде сөйлеу актілерінің түрлі әлеуметтік қатынастарға байланысты жіктелетінін айтады. «Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю» дейтін халқымыздың тілінде сақталған көптеген тыйым үлгісі бар. Мәселен, «тізенді құшақтама», тізені құшақтау – жалғыз қалудың, «үлкеннің жолын кеспе», үлкеннің жолын кесу – әдепсіздіктің белгісі саналған. Тыю өрісін тек бұл қырынан емес, тұтас жүйе ретінде әртүрлі тілдік бірліктер арқылы берілу тұрғысынан да қарастыруға болады.

Модалдылық категориясының тыю өрісі лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер арқылы тілде репрезентацияланады.

Тыю өрісінің лексика-грамматикалық жолмен көрінеу, көмес түрде берілуі. Шылаулар, оның ішінде демеуліктер арқылы тыйым мәні беріледі. Бұл қатарда ғана (қана), тек, -ақ секілді шектеу (тежеу) мәнді демеуліктер бар. Бұл демеуліктер өзі тіркескен сөзге шек қою, тежеу мағыналарын үстейді, сөйлеу актілерінде бұл тыю мәнінде де көрініс табады. *Түгіл, тұрсын, тұрмақ, құрлым* секілді болымсыздық қарсы мәнді, салыстыру мағынасындағы демеуліктер; *қой/ғой* секілді нақтылау мәнді демеуліктер де мәнмәтінге қарай тыю мәнін беруде көрінеу түрде де, көмес түрде де қолданылады: *Айызың қанар әлі-ақ, жұбатшы мынаны! – Баланы ағамның алдына әкеп тастай салды. Әдеш баламен болып кетті* (Т.Н., Шығ.) деген сөйлемде «кейін де мауқыларыңды басарсыңдар, тұра тұрсаң қайтеді» деген сұраулы тыйым мәні көмес түрде берілген. Кейіпкердің (күйеуі мен әйелінің арасындағы жағдаят) дәл осы нұсқада сөйлеуі қонағын жақтыртпау прагматикасынан туған. *Сыртқа шыққан соң мен екеуіне де өктем сөйлеп, өзімнің басымдығымды білдірдім. – Тек сүйісуші болмаңдар және көп тұрмаңдар. Мен өзім бақылап тұрам, – дедім* (С.М., Шығ.); *Маған кірме*

дегенім қайда? Таңертең ғана көрістік емес пе? (Ж.Қ., Шығ.) деген сөйлемдерде көрінеу мәнде берілген. *Уа, жетті, жетті ғой, Құнанбай! Араша, араша! – деп айғайлап жығылды* (М.Ә., Шығ.) деген сөйлемде тыйым мәні көмес түрде берілген. Бұл сөйленімде әлеуметтік мәртебесіне сай Құнанбайдың ықпалды екенін ескере отырып, тыю мәнін бұйрық рай арқылы берілмеген.

Одағайлар арқылы сөйлеуші жалпы ойға көзқарасын, сезімін білдіретіні белгілі. Сөйлеу барысында тыю мәнін беруде императивтік одағайлары, ішінара көңіл-күй одағайлары жиі көрініс табады. Императивтік ишара одағайлары адамға, жан-жануарға қатысты жекіру, тыйым салу, бұйыру мәндерінде жұмсалады. Нысанына қарай одағайдың бұл түрі де екіге бөлінеді: адамға қатысты айтылатын одағайлар және малға, үй хайуандарына қарата айтылатын одағайлар. Тыю мәнінде жұмсалатын одағайларға мыналарды жатқызуға болады: *Айда! Тәйт! Сап-сап! Кәне! Жә! Тек! Мәлік келгір! Жамандатқыр! Тәйірі! Әй! Тәк! Ойбай!* Императив одағайлар тыю мәнін көрінеу түрде жеткізеді. А.Байтұрсынұлы одағай сөздердің қатарында тыйым мәні болатынын ескертіп: «Тыйу, қайыру, тоқтату үшін айтылатын ... сөздер һәм шығатын дыбыстар – бәрі одағай болады», – дейді. Ғалым одағайды ілездік, еліктеу, шақырыс деген түрлерге топтайды. Сөйлеу актісінде А.Байтұрсынұлы атаған шақырыс одағайларының ішінде адамға қаратыла жекіру мағынасында қолданылатын *Тек! Тәйт! Қой!* секілді одағайлардың табиғатында тыйым мәні байқалады деуге негіз бар [6, 200-б.]. *Болды, бара ғой. – Түу, әже-ай, осыған бола жұмысымнан бөліп. Маған ешкімнің көзі де, тілі де тимейді. –Тәйт әрі! Күпір сөйлеме!* (С.М., Шығ.) деген сөйлемде «күпірлік қылмау, артық сөйлемеу» сияқты тыйым мәнімен қатар халықтың танымы да көрінеді. *Әлден соң Назира әпкем қайтып оралды. Көзі бағжаңдап ентігін баса алмайды. – Бүбітай жынданыпты, – деді. – Тек әрі, не дейді?! – деді әжем мен апам қосарлана тіксініп* (С.М., Шығ.); *Жә, тантымашы... – Әкесінің онсыз да қатал жүзі түтігіп кетті. – Аузыңа құдайдың екі елі қақпағы жоқау сенің* (С.А., Бөтеннің тойы); *Тә, кәпір! Онда саған не бар, парауыз қағып кетсе қайтесің? – Дәл осы кезде қойды иіріп болып, үйге әкесі де ене беріп еді. Шешесі енді соған бұрылды* (С.А., Бөтеннің тойы) деген мысалдар да тыйым мәні айқын берілген.

Үстеулер, сын-қимыл үстеуі: *Тез! ақырын!*; мекен үстеуі: *жоғары, алға, артқа*; мөлшер үстеуі: *соншама, осыншама, мұншалық, сондайлық*; мезгіл үстеуі: *ендігәрі, ешқашан* т.б. *Агажан-ай, ақырын басыңызшы, клавиатурадан түтін шығарып жібердіңіз ғой* (Ж.Қ. Шығ.) деген сөйлемде «жайлап жасаңыз» деген прагматика көмес түрде өтініш мағынасымен астастырылған. Кейіпкер тіке айтпай, бұлай сөйлеуі арқылы қыз балаға тән иба-ізетін сақтаған: *Не болды-ей?! Не болды сонша оқыранып?! – дедім алақаныммен сауырынан шапаттап* (Ж.Қ. Шығ.); *Ешқайда кетіп қалғамын жоқ, ертеңді-кеш ақ дастарханыңнан ас ішіп жүрмін ғой, – деді қоңырайып. – Неге сонша қапаланасың?* (Ж.Қ. Шығ.). Үстеулерден жасалған тыйым мәнінде өтініш, тілек мәндері үстемелене беріледі.

Тыю өрісінің морфологиялық тәсіл арқылы көмес, көрінеу түрде берілуі: Ашық рай, қалау рай формалары арқылы: *Мен кінәлі екенмін ғой. Еркек болып өзің ұстамадың ба? Болмаса қуып жетпедің бе? Тұрдың ғой... – Болды.* (Д.Ж. «Бокетто»). *Мама су ішем, – деп еді анасы: – Отыршы... – деп қызының сан етін үзіп алардай шымшып алған сәтінде, қызынан қыңқ еткен дыбыс шықты да, соңы үнсіз ығырсуға ұласып кетті* (Д.Ж. «Бокетто»).

Н.Оралбаева бұйрық райдың аналитикалық форманттарының қатарына **-ушы болма, -а көр, -а көрме** секілді түрлерін жатқызады. Ғалым *-а көр/-а көрме* аналитикалық форманттарында тілек мәні басым екенін айтады. Алайда болымсыз формадағы **-а көр** форманты тыю мәнінде де жұмсала алады. Мысалы: *Бұл сөзді айта көрме.* Мысал сөйлемнің астарында сол сөзді айтуына тыйым салу мәні бар. **-ып, -іп** және **-а, -е, -й** көсемше тұлғалы *ойла, байқа, аспа* етістіктері мен *сөйле* етістігінің тіркесі. С.Құлманов дәл осы форма арқылы бұйрықтық мағынасының тыйым салу реңкі берілетінін айтып, мынадай мысалдар келтіреді: *Әй, оттамашы... – Ей, оттамаң қалай? Байқап сөйле, бала, үйіңді таппай қаласың* (Д.Исабеков); *Өй, Тәкежан, аспай сөйле. Аяғыңды аңдап бас* (М.Әуезов). **-й бер** формантының болымсыз **-й берме** формасы да тыю мәнін бере алады: *Қой, болды, Хадиша. Зарлай берме*

(Д.Исабеков); *Балам, өткеннің елесін тірілту – өліктің көрін қазғанмен бірдей. Есіңе ала берме, жақсылыққа бастамайды* (М.Мағауин).

Тыю өрісінің синтаксистік тәсіл арқылы көмес, көрінеу түрде берілуі. Тіркес, тұтас сөйлем арқылы берілген тыйымдарды төмендегідей лексика-семантикалық топтарға бөліп көрсетуге болады: *балаға байланысты; әйел адамға қатысты: адамға, мінез-қасиетке, әдеп пен ибаға байланысты; ас-ауқатқа байланысты; үй-жайға байланысты; мал-мүлікке, жан-жануарға, жәндіктерге байланысты; гарыш атауларына байланысты; туыстық қатынасқа және адамның жай-күйіне байланысты; қазаға қатысты тыйымдар.* Мақал-мәтелдер арқылы берілуі: «Көпке топырақ шашпа» деген мақал арқылы «бәріне бірдей жала жаппа» деген тыйым мәнін үстелген. «Су ішкен құдығыңа түкірме!», «Білмесең үндеме, білгенді күндеме!», «Ұлық болсаң – кішік бол», «Аққуды атпа, досыңды сатпа», «Қайғыға болаттай берік, Жездей төзімді бол», «Қайғыңды әзілге жеңдір! Зілді сөзге жеңдір!», «Ойға терең бол, Өсекке керең бол», «Күлме досқа, келер басқа» сынды мақалдардың бәрінде түпкі мән – жаман әдет, теріс қылықтан тыю, тәрбиелеу. «Балаға байқап сөйлесең, ақылыңа көнер, Байқамай шайқап сөйлесең, көрсетер бір «өнер», «Келінім, саған айтам, Қызым, сен тыңда», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Наданмен дос болғанша, Кітаппен дос бол», «Жолдасың жаман болса, Алыс жүріп түн қатпа. Қатының жаман болса, Кісі алдында тіл қатпа», «Күңіренген ене болмасын, Безірейген келін болмасын», «Құлағыңыз суық сөз естімесін, Көзіңіз жаманшылық көрмесін» секілді мақал-мәтелдерде баланы, келінді, қызды, жалпы ұрпақты тыю көмес түрде берілген. Мысалы, *Мәскеуге келген сайын сонда оқитын баласы Мұрат екеумізді шақыртып алатын еді; бір сапарында «Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда!» демекші, ұлына құлаққағыс қылғаны ма, маған қарап: – Әй Сарбала! (Мені солай атайтын). Сен жазуға талаптанып жүрсің ғой. Ал, нағыз қаламгер адам үш нәрседен қашық болуы қажет. Карта ойнама! Оған салынсаң құмарпаздыққа ұшырап, алтын уақыттан ұтыласың. Бір-біріңе ырың-жырың қарыз болып тәжікелесіп жүріп, достарыңнан ажырайсың. Одан соң қазіргі кезде темекі тартуға құмар жастар көп. Ол денсаулыққа өте зиянды нәрсе, – деді»* деген жазушы Құлтөлеу Мұқаштың М.Әуезов туралы естелігінде мақалдың астарындағы тыйым мәні айқын көрініп тұр. Мұндай ерекшеліктерді халқымыздың болмыс ерекшелігімен біте қайнасқан әрі байырғы замандардан бері тілімізде де орныққан сөйлеушінің прагматикасымен тығыз байланысты деп тұжырымдауға болады.

Бұйрықты, реплика ретіндегі лепті сөйлемдер арқылы: *Ал жүрейік, шешей. – Қайдағы шешей! Өзің орта жасқа келген жігітсің* (Қ.М.); *Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр... Сәлем бер! – деді* (М.Әуезов, Шығ.)

Сұраулы сөйлемдер арқылы: *Баладан қорыққанына Жұмабай ұялды да, ыза болды. – Әй, балам-ау, мына жер – жау жатағы. Бұл ұрының ойнағына кеп алып, жаман ырым бастағаның не қылғаның? – деді* (М.Әуезов, Шығ.); *Жарықтығым, ендігәрі Абайды бұндай жерге бастай көрме! Тіпті, басың жас, үлкеннің ондай бәлесінен өзің де аулақ жүр. Өзімен кетсін! Көріп-біліп нетесің? – деді* (М.Ә., Шығ.); *Былтыр қыстың күні бір суықта «Көйлек пен қант, шай алып қойдым. Барып әжеңнің жайын біліп қайт» дегенде, көкемнің «Әй, сол кемпір үшін бәйек боламыз да жүреміз бе? Осы үйде екі қолын суға малып отырса, кім қой дер еді» деген сөзі үшін апам түнімен жылады* (Т.Н., Шығ.); *Жанашырлық жақсының арты еді. Ардан кеткен екенсің, түге. Қуарған неме, оның несін қақсап отырсың бала-шағаның көзіңше? – деп, Жұмағұлды зекіп, тыйып қойды* (М.Ә., Шығ.)

Мүшеленбейтін сөйлемдер, оның ішінде вокативті сөйлемдер: *Қашаннан бері Серкебаев бола қалдың? Оның сыры да белгілі. Шайбай басқа жауап айта алмай: – Әй, Махмұт! Әй, Махмұт! – деп, өзіне тән ширақ қимылмен лап етіп, Сұлтанмахмұтты алдынан орап құшақтай алып еді* (Д.Ә.). Ж.Ибраимова вокатив сөйлемдердің табиғатында белгілі бір кісінің ойындағысын айтуға тыйым салу, сөйлеушіні тоқтату мәндері барын айтады. Мүшеленбейтін сөйлемдер бастауыш, баяндауыш болып жіктелмейтінін ескерсек, вокатив сөйлемдерге тыйым мәнін сыйғыза білу коммуникативті мақсаттан, оның ішінде тілдің үнем табиғатынан туындаған деп түйіндеуге болады. Мәнмәтін құрамында: *Ақырын, ұят болады! Қазақ болмай*

кету – оңай, сенің үйге қондырмағаныңа оның ештеңесі де құрамайды, айналып келгенде, өзің ұятқа қаласың. «Үйінен қуып шықты», – деп, жұртқа ертең әдейі жаяды. Үндеме, «таспен атқанды аспен ат (Б.Нұржекеұлы, «Бір өкініш, бір үміт»). Отбасылық қатынасқа негізделген күйеуі мен әйелінің арасындағы тыйым мәні көрінеу түрде берілген. Кейіпкер сөзінде гетерогенділіктің белгісі, пікірді экспрессивті жеткізуге ұмтылыс бар. Кейіпкер тек бір ауыз сөзбен тыйып қана қоймай, қазақтың қонақжай халық екенін еске сала отырып, танымдық аспектіде берген. Сонымен қатар мәтін деңгейінде бір-біріне байланысты сөйлемдер, «ақырын» сын-қимыл үстеуі арқылы, «үндеме» болымсыз етістігі арқылы, әйелінің оғаш қылығына деген наразылығы, тыюы берілген. *Құрбаққағыр-ай, мына екеуі қайтеді? Әй, сен-ақ араларына от тастап өлтіретін болдың-ау! – Бәтжан барып Кәмешті иығынан бір нұқып қалды* (Б. Нұржекеұлы «Бір өкініш, бір үміт»). Мысалда тыю мәні көмес түрде берілген, тұтас сөйленім арқылы ананың қызын бетбақтықтан ренішті тыюы, жекуі көрсетілген. *Сенде тәуба жоқ! – Өз көзін алақанымен қатты-қатты сүйкеп, Бәтжан күйеуіне алара қарады. – Мың жерден жыласаң да жасасаған иенің жазуы болады. Жоқ жалғызды жоқтап жылай бергенше, бір жалғыздың амандығын ойлап тәуба десеңші, байғұс* (Б. Нұржекеұлы «Бір өкініш, бір үміт»). Бұл мысалда да тыю мәні көмес түрде берілген. Кемпірінің шалының көңілі босағанына тоқтау айтып, оның астарында «жаман ырым шақырма», – деп босқа жылаудан тыюы көрініс тапқан. «Жоқ жалғызды жоқтап жылай бергенше, бір жалғыздың амандығын ойлап, тәуба десеңші, байғұс» деген сөйлемді логикалық түрде параллель түрде құрастыру арқылы экспрессивті реңкті көрсеткен. Бұл сөйлемнің табиғатында шешендік сөздерге тән мотив байқалады. Келесі мысалда да тыю мәні көмес түрде байқалады: *Қызықсың, тәте, мен Зейнел түгіл айдаладағы елдің баласына да жақсы бол деп тәрбиелеуге тиіспін, мен мұғаліммін. Сөйте тұрып өз ініме жамандық ойлайды дегенге шынымен-ақ нанасың ба? Кейбір жән-жосықты менің әлі білмеуім мүмкін. Шәзия да білмейді, сен енді бізден үлкенсің ғой, кішкене үлкендігіңді жасасаңшы* (Б. Нұржекеұлы «Бір өкініш, бір үміт»). «Үлкен тұрып кіші сөйлегеннен без» дейтін халық даналығында үлкенге сөз қайтару, асыра астам сөйлеу – әдепсіздіктің белгісі. Әпкесін бос ұрыстан тыйған інінің ізеті тұтас мәнмәтін арқылы беріліп тұр. Әрі бұл сөйлеу актісінен полемикалық қатынас байқалады. Р.Әмір «Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері» атты еңбегінде сөйлеуші пікірін айтар алдында екінші жақтың оған кері қайтаратын жауабын ескеретінін, пікірі де осыған сәйкес құрылатынын айтады. Яғни полемикалық сипат тікелей сөйлемнің құрылымына әсер етеді. Кейіпкер әпкесінің қатты мінезінен сескеніп, тікелей айтпай, көмес түрде айтуы арқылы үйдегі ұрыстың алдын алып тұр. *Жұмақта не ішіп, жесеңдер де б рұқсат. Тек бидай дәнін жемендер, – деп ескертті. Адам ата бидайды жемеуге уәде етті* («Адам ата мен Хауа ана» қиссасы).

Адамзат баласын әсте жаман әдеттен, әрекеттен тыю Адам ата мен Хауа ана кезінен басталған секілді. Сөйлемде Жебірейіл періштенің Адам ата мен Хауа ананы жаман істен сақтандырып, тыйғаны көрінеу түрде берілген. *Қой, шырағым, сен әлі жассың. Бір қыз үшін басыңды бәйгеге тікпе. Тілімді алсаң, рұқсат бере алмаймын, – деді Естеміс* («Қобыланды батыр» жыры). Сөйлемдерде әкенің баласын тыюы көмес түрде берілген. Бұл қаратпа, қыстырма сөздер арқылы, сөйлем арқылы көрініс тапқан. Бұның да түп бастауы қазақы тәрбие, ұлттық болмысқа тікелей байланысты. Ер жігіттің жауапты қадамының алдында үлкендер бата берген, орынсыз қылығына тоқтау айтқан. Жырдағы бұл үзінді арқылы жас баласын тыйған әкенің тәрбиесін көре аламыз. Қазақ – сөзге тоқтаған халық. Бай мұралы ауыз әдебиетіміздің ішінде естірту, көңіл айту өлеңдерінің астарында да тыю мәні бар. Халқымызда өлген адамның артынан жоқтау бар да қатты жылау құпталмайтын істердің қатарына жатады. Өйткені қайтыс болған адамның рухы тынышталмайды деп ұғынған халқымыз естірту, көңіл айту өлеңдеріне осы мағынаны сіңіре білген:

...Құлағанға ұқсайды,
Қазақтың қамал қорғаны,
Қайғырмаңыз ханзадам,

*Айтпасыма болмады,
Батырың өтті Бөгембай.*

*Үміт, сенім, тілек бар,
Қуантып, қуат алдырар.
Жылау деген азап бар,
Қуратып отқа жандырар.
Мен қайғыңды қозғағалы келгенім жоқ,
Қайратыңды қозғағалы келдім (Байдалы би)*

*Ажал уақыты жеткен соң,
Соның да гүлі қурапты.
Қажыны алған бұл өлім,
Сабыр қылсаң керек-ті (Абай)*

Сонымен қатар жоғарыда тоқталған табу, эвфемистік балама атауларды да тыю өрісіне жатқызуға болады. Өйткені аталған бірліктердің бәрінде түпкі ортақ сема – тыйым салу. Түпкі мағынасына, жұмсалымына, жалпы болмысты білдірудегі қызметіне қарай бұл бірліктер де тыю мәнін бере алады.

Сөйленімнің көмес түрде берілуі адресанттың прагматикасына, коммуникативті, оның ішінде лебізді актуалдап айту, ажарландыру, экспрессивті етіп жұмсау, эмоционалды түрде құру, үнемді түрде жеткізу сынды талап-мақсаттардан орын алады. Пікірді эмоционалды етіп жеткізу сыртқы ортадан алған әсерден әрі тыңдаушыға ықпал ету мақсатында болады деп түйсек, оның пікірдің құрылымына әсер ететін өзіндік қызметі барын есте ұстау қажет. Сонымен қатар адресант пен адресат арасындағы қарым-қатынастың айқын және жасырын мәнде берілуі тілдік алғышарттардан бөлек тілден тыс себептерге байланысты орын алады. Бұған айтушы мен тыңдаушының психологиялық жай-күйі, эмоциясы, таным-түсінігі, білімі, жасы мен жынысы, қоғамдағы орны, әлеуметтік мәртебесі, айтушы мен тыңдаушы арасындағы бір-бірін жақтыру-жақтыртпау сынды себептерді жатқызуға болады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. Салыстырмалы этнолингвистикалық пайым. Монография. – Астана: Ғылым, 2015. – 204 б.
2. Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. – Алматы: Қазығұрт, 2014. – 392 б.
3. Құлманов С. Бұйрықтық модалдігінің семантикалық құрылымы // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының хабаршысы. – Филология сериясы. – 2007. – №1 (161). -24-26-б.
4. Жақыпбеков Б. Бұйрықты сөйлемдер және оның көркем әдебиетте қолданылуы. – Астана, 2002. – 28-б.
5. Дуйсембекова Л.С. Функционально-семантический аспект категории повелительного наклонения в казахском языке: автореф. ... канд. филол. наук: 10.02.02. – Алматы, 1993. – 21 с.
6. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 3-том. – 384 б.

Аширова А.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ КҮРЕТАМЫРЫ

Еліміздің әр азаматы осы тоғысып жатқан үш тілді біле тұрып, өзінің Мемлекеттік тілін толық игеруі шарт. Сонда ғана олөз ортасында нағыз лайықты адам деп есептелінеді. Өйткені өз ана тілін меңгерген адамнан ғана патриотизмді, отанына деген сүйіспеншілікті, өзінің

отбасына деген жауапкершілікті күтуге болады. Мемлекеттік тіліміз – ұлтымыздың күрета-мыры болғандықтан, тілімізді сәби дүниеге келгеннен бастап үйретуіміз қажет. Ауыл оқушылары қазақ тілін өз өмір сүрген ортада, туыстар мен достар арасында да мектепке бармай-ақ үйреніп алу мүмкін. Олар ұстаздарға мәселе тудырмайды. Ал орыс тілін пайдаланып жүрген көптеген қала балаларына мемлекеттік тілді үйрену қиынға соғады. Себебі олар «Ана тілін» алғашрет қолына алғанда сөйлемдегі әріптерді бір-біріне қоса алмай, сөз бен сөйлем мәніне жетпей, кітап бетін ашуға құлықсыздық танытады. Бірақ ондай орыс тілді балаға «Обучение грамоте» оқулығын бергенде әріптерді бірден қосып, оқи бастайды. Сондықтан қала оқушыларына қазақша үйрету мәселесін шешу үшін қазақ пен орыс тілінің әліпбиі ұқсас болғандықтан, алдымен орысша оқыту әдісін пайдаланатындар баршылық. Бұл – алғашқы сабақ өткізгендегі оқыту мәселесінің бірінші күні, бірінші пәні ғана. Алдарында қазақша оқып үйренетін басқа да саланың пәндері бар. Сонда да көптеген ата-ана балалардың болашағына алаңдамай, «Сауатын ашатын да, білімді саналарына құятын да – мұғалім», – деп, отбасында бала тілін бұрмалатып, шүлдірлетіп жүргені өкінішті-ақ. Шет тілдерді бір-екі жылда үйреніп кететін жастарға халық мұрасы болып жүрген мемлекеттік тілді үйретудің ұлттық құндылықтарды бойларына сіңірудің әдіс-тәсілдері аз талқыланып жатқан жоқ.

«Кел, балалар, оқылық!» – деп сонау XIX ғасырда ұран салған ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин үйреткен төл тіл қиын деп кім айтады? Сонда көптеген балалардың мемлекеттік тілді екінші орынға қоюына не себеп? Не істеу қажет?» деген сұрақтарға жауап іздеуге еріксізден тырысып бағасың.

Бүгінгі күннің балалары берілген тапсырманы интернет желісінен оқып, ұстаздарды қажет етпейтіндей күйге де түсіп барады. Ал техника тірі сөйлеу қатысына, басқаша айтқанда, ауызша сөйлеу қабілетіне, оқушының сөздік қорын байытуға, олардың ынтасын көтеруге жағдай жасай алмайды. Осы мәселені шешу үшін әрбір ұстаз білімін, шеберлігін екі есе арттырып, сабақтарды екі есе қызық етіп оқытуға талпыну қажет. Бір сабақты интернеттен алған біліммен тексеріп, екіншісін оқулық бойынша, үшіншісін оқу бағдарламасынан ауытқымай одан да мәнді өткізуге болады. Мәселен, тіл мен әдебиет пәнін айтыс, жыр және термемен жалғастырып (тіл жанры), поэзиядағы өлеңдерді жаттатып, прозадағы басты кейіпкерлерді талқылатып, шәкірттер арасында өзара бәсекелестік тудыруға болады. Сөздің тура және ауыспалы мағынасын, сөз құрамдарын, тіл мәдениетін, термин мен тілге байланысты бейнежазбаларды пайдалана отырып, түрлі пікірталасқа көшкен де артық емес. Сол сұрақ-жауаптарға байланысты бағалар қойылып жатса, тіптен де құба-құп. Сынып ішінде оқу бұрышын ұйымдастырып, онда «Өнералды – қызыл тіл» сияқты ойын мен байқауларда жеңіске жеткен балалардың аттарын атап, оқушылардың ой-пікірін, кейде ұстаздардың да әдістемелік-педагогикалық, практикалық, технологиялық ұсыныстарына арналған мақалаларын бастырса, ондай әдіс те тілдің қарым-қатынас құралы екенін дәлелдеп, оқушылардың оқуға деген ынтасын көтеріп, оларды бірлікке тәрбиелеуге әсерін тигізеді. Басқа пәндерге қарағанда осы бір гуманитарлық сала үлкен рөлге ие екені рас. Себебі өзге пәндер де тілмен түсіндіріліп, тілмен үйретіліп жатады.

Мемлекеттік тілді үйретудің тағы бір өзекті де маңызды мәселесі – сол үйретуге тырысқан адамға мемлекеттік тілдің қажеттігін мойындату. Ол үшін оларды оқуға үйрету аздық етеді. Оған тарихи дәлелден гөрі өзі өмір сүріп жатқан қоғамның тіл заңдары, оның іске асқан іс-шаралары, мемлекеттік тілдің болашағы қажет. Оларға мемлекеттік тілді жақсы үйренбеген маман жұмысқа бірден алына қоймайтынын, қызметте де өсу мәселесі қиындай түсетінін, және ол өз мамандығы бойынша оқып, білімін жетілдіруі қиындайтынын дәлелдермен айту абзал. Белгілі тіл танушы Ә. Қайдаров «Қазақ – қандай халық?» деген сауалға берілер дұрыс жауап, сайып келгенде, қазақ халқының кім болғанын емес, сонымен қатар оның бүгінгі таңда кім екенін және оның ертеңгі жарқын болашағын білгісі келетін, біле тұрып, түсінгісі келетін, өркениетті ел ретінде онымен мәдени, экономикалық, достық қарым-қатынаста болғысы келетін дүниежүзілік қауымдастықтарға да қажет», – деп айтқан еді.

Сонда да адамның көкірегінде намыс болмаса, оған мемлекеттік тілді үйрету – қиынның қиыны. Ондай жандардың тіл мәселесін шешу үшін рухын да көтерген дұрыс. Қазақтың маңдайына біткен Абылай хан, Абай, Ыбырай, Әлия сияқты қаншама тарихи тұлғамыз бар. Қазақ теледидарына 64жыл, «Жас алаш» газетіне, қазақ радиосына 101 жыл, «Қазақконцерт» бірлестігіне 62 жыл т.б. да қазақ тілінде сөйлеп тұрған ұжымдарымыз да қаншама?! Бүгінгі таңда әлем мойындаған Қазақстан дүние жүзі бойынша көлемі жағынан тоғызыншы орынды алып, бүкіл Менделеев таблицасының элементтерінің иесі болып отырса да, ана тілін білмеген қазақ өз елінде шетелдік сияқты көрінуі қоғамға да сын болмақ. Мұстафа Шоқай да: «Бала қай тілде білім алатын болса, сол ұлтқа қызмет етеді», – деп бекер айтпаған.

Сонымен қоса балалардың өзіншілдігіне де көңіл бөлген артық етпейді. Сонда ғана олар өзінің тілін қадір тұтып, сонда ғана сөйлеу мәдениетін үйреніп, мәнерлеп сөйлеу қабілетін асырады. Жазу арқылы да өз ойларын бір арнаға тоғыстырып, ізденеді, талаптана түседі. Оқушы мектепте үйренудің төрт кезеңін өтеді:

Тілдесім әрекеті

Сөйлесім – айтылым

Әріп тану

Жазылым. Эссе. Мәтін құрау

Мемлекеттік тілге сеніп, оны қажетсінген адам оқу жүйесін толық игеріп кетуге де шамасы жетеді. Нағыз қазақ болып, өмірге деген құштарлығын арттыра түседі. Далада да, қалада да кездескен әрбір қазақ тілін білген адаммен емін-еркін ой-түйсігімен бөлісуге мүмкіндік алады. Өйткені ұлттық тілден ол өзінің ұлттық болмысын сезеді. Қазақ тілі – қазақтың ана тілі. 1995 жылы әлемдегі 6 мыңнан астам ұлттың ішінен тәуелсіз унитарлы ұлттық мемлекетін құру құқына ие болған 149 ұлттың бірі – қазақ ұлты болған. Ата заңымен мемлекеттік тіл етіп, қазақ тілін қабылдаған болатын.

Қазақ тілі – дүние жүзіндегі алты мыңдай тілдің ішінде көркемдігі, тіл байлығы жағынан ондықтар ішінде тұрған тіл. Тіл – тәуелсіздігіміздің бір бөлшегі. Мемлекеттік тілді үйрету де бүгінгі саясатқа кіреді. Елдің елдігі өзінің мемлекеттік тілімен өлшенеді. Қазақ тіліміз – ұлтымыздың мәртебесі, мақтанышы. Өз елінде бөтен болмау үшін әрі өзін жұрт сыйлау үшін әр қазақстандық ең алдымен мемлекеттік тілді үйренуі парыз. Қазақ ұлты мемлекетті құраушы титулды ұлт болғандықтан, мемлекеттік тіл ұлттардың бірлігінің факторы болмақ.

Президентіміздің жыл сайынғы жолдауында берген тапсырмасы: «2017 жылға қарай халықтың 80 пайызы мемлекеттік тілді меңгеру керек», – дегендіктен, мемлекеттік тілге тек тіл жанашыры болмай, оның қуаты да болып, өзінің тілге деген махаббатын көрсетіп жүрсе, ол да – бір көмек түрі. Бірақ халықтың 80 пайызы тіл меңгеруіне әлі де ерте. «Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға» деген ұлы Абайдың ұлағатты сөздері детек ұстаздар үшін ғана емес, Қазақстанның әрбір азаматына арналған.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті де тіл мәселесімен айналысып келеді. Тіл жөніндегі әр жоба Қазақстанда тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында жүзеге асырылады. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының филиалдары, Білім және ғылым министрлігі де үлкен іс-шаралар өткізуде. «Тәуелсіздік күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгіміз бар: оның біріншісі – елтаңба, екіншісі – әнұран, үшіншісі – көкбайрақ, төртіншісі – қазақ тілі» деген Елбасының сөзі де тіл тағдырын шешуге өз әсерін тигізуде.

Қазақстанның болашағы – қазақ тілі болғандықтан, Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заңы да (1997 жыл) Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау міндеттерін белгілейді. Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды

қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға; Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға; қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті.

Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Қазақстан Республикасы азаматының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды. Ұлттық топтар жинақты тұратын жерлерде іс-шаралар өткізілген кезде олардың тілдері пайдаланылуы мүмкін. Қазақстан Республикасында тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол берілмейді. Қазақстанда мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылуына және оларды үйренуге кедергі келтіретін лауазымды адамдардың іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады... – деп жазылып сол жылдардағы заң бүгінгі таңда да өз шешімін тауып келеді. Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы да сол 1998 жылдағы мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің өрістеуіне ықпал еткен.

Бүгінгі таңда Елбасымыз «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, технология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттеген жөн» дегендей ұсыныстар айтуда. Осындай бағыт-бағдар беретін тапсырыстар кедергісіз орындалу үшін қазіргі нарық заманында да үкімет тарапынан мұғалімдердің жалақысын көбейтіп, кино саласында да өнегелі кино мен мультфильмдерді аударып, оны кинотеатрлар мен теледидардан көрсетіп, орыс мектептерінде оқитын балаларға қазақ тілі курстарын ақысыз өткізіп, қазақ тілінде шыққан қызық кітаптарды да арзанға сатып дегендей көптеген шаралар да іске асып жатса, ол да мемлекеттік тілді үйретуге де, үйренуге де көп ықпалын тигізері хақ. Осындай игі істер арқасында қала орталығындағы кейбір дүкендер, мекемелер, көшелер де тіл тазалығын сақтап, қате жазылған сөздерден құтылар ма еді?! «Басқаларды үйрете жүріп біз өзіміз үйренеміз» деп ұлы ойшыл Сенека босқа айтпаған.

Иә, тәуелсіздігімізді ту еткен еліміз қазақ болып қалу үшін мемлекеттік тілімізді қорғап, аялап келеді. Себебі тек өз тілін толық меңгерген адам ғана өзінің әнұранын 100 пайызға орындап бере алады. Ал енді халық мақал-мәтелдерімен, талай ұлыларымыздың сөздерімен, Елбасымыздың тапсырмаларымен, үкімет заңдары мен қаулыларымен дәріптелген мемлекеттік тілімізді менсінбей, үйренуге талпынбай, ақыр соңында мемлекеттік тіліміздің тарихын музейлерден көрмейік, ағайын. Америкалық ғалым Уолкер Коннор: «Мемлекет халқының басым бөлігі сол ұлтқа тиесілі екенін сезбейінше, ұлт қалыптасты деп айтуға ерте», – деген болатын. Ол үшін «Алтау араз болса, ауыздағы кетеді» деген бабаларымыздың сөзіне мән беріп, тек мемлекеттік қазақ тілі арқылы қазақ болып жүргенімізді әрқашан да мойындауымыз қажет! «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген А.Байтұрсынұлының сөзін ұмытпауымыз керек. Елбасымыздың «Қазақстан – мәңгілік ел» бағдарламасы жас

ұрпаққа байланысты болғандықтан, олардың ана тілі – мемлекеттік тіліміз де мәңгілік бола бергей.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – 2011, 28 қаңтар
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.
3. Тіл туралы заң. – Алматы, 1997. – 151 б.

Өтемісова Г.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушысы

КӨНЕРГЕН АТАЛЫМДАРДЫ ЖАҢҒЫРТУ – ҚАЗАҚ ТЕРМИНҚОРЫН МОЛАЙТУДЫҢ БІР КӨЗІ

Көнерген аталымдарды терең зерттеп, мән-мағынасын ашу – ана тіліміздің өрісін кеңейтіп, сөздік құрамның қазынасын молайтатыны сөзсіз. Тіл тарихына үңіле қарап, тарихи шығармалардағы көнерген аталымдарды келер ұрпаққа жете түсіндіру бүгінгі күннің міндеті болмақ. Болашаққа нық қадам басу үшін үнемі өткенді саралап, қажет еткенді жаңғыртып алған жөн.

Қазақ ұлтының ұлы тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы тарих сабақтастығы жөнінде: «Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның тасы» [1, 13-б.], – деген. Бұл ұлағат сөздің көнерген аталымдарға да қатысы бар. Сөз мағынасының өріске түсуі – қоғамның дамуымен бірге жүріп отыратын құбылыс. Белгілі тарихи кезеңдер мен уақыт сол кеңістікке сай ұғымдық жаңалықтар әкеледі. Жаңадан танылған ұғымдар тілде түрлі тәсілдер арқылы, соның ішінде сөз мағынасының өзгеруі, жаңаруы арқылы іске асады. Сөз мағынасының өзгеруін соңғы кезеңдерде бұрыннан сөздік қорымызда бар аталымдардың қолданыс аясы тарылып, бір кездегі көнерді деген аталымдар жаңа мағынаға ауысып, тілдік айналымға қайта ене бастағанын аңғаруға болады. «Көнерген аталымдар да басқа лексикалық бірліктер сияқты терминделеді».

Қазақ тіл білімінің көсемі, ұлт тіліндегі терминологиялық қордың негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлы: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп, мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, өз тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек» [2], – деп қатаң ескерткен болатын.

Қазіргі ақпараттық-технология дамыған заманда түрлі салаларда тілдік қорымызға жаңа терминдер лек-легімен енуі – заңды құбылыс. Осы тұста қазақ тіл біліміндегі зерттеуші ғалымдар терминжасамда ана тіліміздің ішкі өз мүмкіндігін пайдаланып термин жасаудың бірнеше қағидаттарын ұстанады.

Атап айтсақ:

- * кірме сөзге тілімізден қажетті жаңа балама сөз табу;
- * кірме терминдерді сөзбе-сөз аудару (калькалау);
- * кірме терминдерді қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшелігін ескере отырып қабылдау;
- * дүниежүзінің бірнеше тіліне ортақ, аударуға келмейтін жалпы халықаралық терминдерді аудармай беру;
- * көнерген аталымдарға жаңа терминдік мағына үстеу арқылы термин жасау.

Терминология саласында маманданған ғалым Ш. Құрманбайұлының сөзімен айтсақ: «Жалпы қазақ терминологиясы бұрынғыдай орыс терминологиясының көшірмесі болып қала

беруін қаламайтын болсақ, тіліміздің ішкі мүмкіндігін барынша пайдалану қағидатын басшылыққа ала отырып, барлық лексикалық қабаттарды, оның ішінде көнерген сөздердің (архаизм, историзм) көзін тауып, орнымен іске жарата білу арқылы да төл терминологиямызды байытып, оның ұлттық сипатын арттыра түсуге болады» [3, 114-б.]. Ғалым Ш. Құрманбайұлының ғылыми тұжырымын қолдай отырып, «көнерген аталымдарды жаңғырту – қазақ терминқорын молайтудың бір көзі» деген қорытындыға келдік.

Ел тәуелсіздік алғаннан кейін *байрақ*, *құн*, *қазы*, *кіреуке*, *сарбаз*, *жасақ*, *онбасы*, *жүзбасы*, *мыңбасы* т.б. көнерген аталымдар қайта жаңғырып, терминдік мәнге ие болды. Жаңғырған терминдердің кейбіріне тоқталайық.

Байрақ – ертеде мемлекеттік және әскери санаттарда және жаугершілікте қолданылған культтік атрибут, басқарушылардың лауазымы мен билік дәрежесінің белгісі. Оны ел билеушілері мен қолбасшылары қатысқан салтанатты рәсімдерінде, сондай-ақ шайқас пен әскери жорықтарда арнайы тағайындалған байрақшылар көтеріп жүрген. *Байрақ* «ағаш сапқа орнатылған дәреже, белгі» деген мағынаны білдіреді. Байрақтың басына рәміздік заттар мен билеуші топтың дәрежесін білдірген зат тағылған: ханның дәреже белгісі – мата бау, қабыланның құйрығы болса, әскербасыларынікі ат пен қодас құйрығы болған, ұшар басына айдаһар, бөрі басы, найза кескіні орнатылған. «Әскери ұрыс, шайқас кезінде қолбасшы байрақты көтеру, түсіру арқылы шайқас қимылын, тактикасын өзгертіп, бағытталған арнайы белгі, парольдің міндеттерін де атқарған [4, 5-б.].

XIX ғасырдағы қазақтың ақыны Сүйінбай Аронұлы:

*Бөрілі басы – ұраным,
Бөрілі – менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым, –*

деп, бөрілі байрағын ұран етіп жырлайды [5, 32-б.].

Қазіргі тіл қолданысында *байрақ* термині осындай мағыналық өрісте түсіп, қайта жаңғырып, өз орнын тапқан. «Байрақ» спорттық порталы, «Бөрілі байрақ» facebook парақшасы – осының дәлелі.



Ел тәуелсіздік алғаннан кейін *байрақ* термині жаңғырып, «ҚР Президентінің байрағы» ретінде қолданысқа еніп, тұрақтанды. *Байрақ* аталымы – қазір өз орнына дөп түскен термин, жаңғырған көнерген аталым. Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы – мемлекет басшысының жоғары лауазымдық белгілерінің бірі.

ҚР Президентінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы Президентінің байрағы және оның айырым белгілерінің ресми пайдаланылу тәртібі туралы» жарлығына сәйкес байрақта ресми айырым белгілері мен орналасатын жерлері белгіленді. Байрақтың ортасында қанатты барыстың үстінде оң қолын жоғары көтеріп отырған сақ дәуірінің жас көсемі алтын шеңбердің ішінде бейнеленген.

Ол – көгілдір түсті (мемлекеттік тумен түстес), тікбұрыш нысанындағы ені мен ұзындығы үштен екіге сәйкес келетін кездеме. Ортасында елтаңба бейнеленген. Кездеме үш жағынан алтын шашақпен көмкерілген. Сабына ҚР Президентінің мемлекеттік тілде тегі, есімі мен әкесінің аты және сайланған уақыты өрнектеліп жазылған күміс тақтайша бекітілген. ҚР Президентінің байрағы үнемі Президенттің жанында болады. Қазақстан Президентінің резиденциясында, Мемлекет басшысының сапарларында басқа резиденцияларда, республика Президентінің көліктерінде тұрады, шет елге сапарға шыққанда бірге алып жүреді.

Қазақ тілінің сөздігінде «байрақ», «байрақты» сөздеріне анықтама берілген: *Байрақ – жалау, ту. Байрақты – 1) байрағы бар, байрақ тігілген; 2) Ауыс. таңдаулы, жақсы* [6, 77-б.].

Қазіргі тіл қолданысында «көк байрақ» тіркесі кездеседі. «Көк байрақ» атауында тудың матасының түсі көк болғандықтан, *көк* сын есімі *байрақ* зат есімімен тіркескен. 2008 жылғы тамыз айында шыққан «Сыр бойы» басылымында «*Байрақты бәсекедегі толағай табыс болашақта биік белестерге бастайды*» деген атпен жазылған мақалада зілтемір көтеруден екі дүркін әлем чемпионы Илья Илиннің сөйлеген сөзі:

Құрметті жерлестер! Мен олимпиада тұғырында біздің еліміздің әнұраны шырқалып, Қазақстанның *көк байрағы* көтерілгенде өзімнің Отаныма және халқыма деген айрықша мақтаныш сезімде болдым [7].

Мұндағы *көк байрақ* атауы *мемлекеттік тудың* орнына қолданылып тұр. Әлемдік, халықаралық спорттық олимпиадаларда жеңіс тұғырынан көрінген спортшы елінің мемлекеттік туы жоғары көтеріледі. Сондықтан жоғарыдағы мақалада «көк байрақ» емес, «мемлекеттік ту», «көк ту» деп қолданылуы керек.

»Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» де «байрақ» сөзінің мағынасы берілген: *Байрақ – шағын мөлшерде істелген жалау* [6, 73-б.]. Сөздікте сипатталған байрақтың шағын үлгісі ҚР Президентінің көлігіне тағылады.

Аталған деректердегі аталымға уәж болған негізгі ерекшелігі – *олардың матадан жасалып, ағаш сапқа орнатылуы, биікте тұруы*, яғни ономасиологиялық белгісі уәжі мен аталымның жасалуында ішкі мағыналық үйлесімі мағына мен тұрпаттың қалыптасуына, сөйтіп, аталымның таңбалануына себеп болған.

Ғ. Қалиев, Ә. Болғанбаевтың «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» еңбегінде: «*Сөз мағынасының кеңеюі* деп сөздің тұлғасын өзгертпей-ақ, бұрыннан белгілі мағынасының үстіне жаңа қосымша мағыналарға ие болуын айтамыз. Ал *сөз мағынасының тарылуы* тарихи, қоғамдық, әлеуметтік т.б. жағдайларға байланысты сөздің кейбір мағынасының қолданыстан шығуып қалуын білдіреді», – делінген [10]. Көнерген аталымдарды қайта қолданысқа енгізгенде мағынасының кеңеюі мен тарауы – бірден көзге түсетін құбылыс.

Қазіргі тіл қолданысында бар ұлттық термин «**құн**» – жаңғырған көнерген аталым.

*Кебенек ерді танытпас,
Топқа түсіп сыналмай.
Дауымыз біздің бітпей тұр,
Бір-бірімізден құн алмай
(Нұртуған «Мәулімнияз-Едіге»)*

Құн – кісі өлтіргені үшін айыпкердің не оның руының мал басымен беретін төлемі мәнінде қолданылған. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «құн» сөзінің екі мағынасы түсіндірілген: **Құн I** – тар. ерте кезде кісі өлтірген адам тарапынан төленетін айып мал; төлем; **Құн II** – экон. тауарға сіңген қоғамдық еңбекті көрсететін экономикалық категория; белгілі бір затқа тән баға, нарық [6, 334-б.].

«Егемен Қазақстан» газетінде мынадай мәтін бар: «Тауарлар импортын қосылған **құн** салығынан босату ережелерін бекіту ережесі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық Кодексі) (бұдан әрі – Кодекс) 255-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және тауарлар импортын қосылған **құн** салығына босату тәртібін айқындайды. Бұл үзіндіде «**құн**» көнерген аталымның туынды мағынасымен, яғни белгілі затқа берілген баға мәнінде қолданылып тұр. Парсы тілінде **хун** – **қан** деген сөз [11, 224-б.].

Сұлтан билеген кезде ескі тәртіп үстемдік етті. Кісі қолынан біреу қаза тапса, қанды қанмен жуып өлтірген жақтан да адам өлетін болған. Бірақ кейінгі кезде өлген адамның қанының бағасын төлеуге де мүмкіндік берді. Осыны **құн** дейді. «**Қан бағасы**» деген ұғым. Келтірілген тілдік деректердегі аталымға ортақ белгісі **төлем** немесе **баға** (нарық) негіз, уәж болған.

Қазіргі тіл қолданысында қайта қолданысқа енген «**сауыт**» көнерген аталымы сөз тіркесінің құрамында кездеседі.

*Майданға үш күн ұдайы шықты әскер,
Саны жоқ әскерінің қайысып жер.
Шыққаны патшалықтан жеті жүз мың,
Дулыға, **сауыт** киген бәрі де ер! (Ерімбет).*

Келтірілген мысалдағы **сауыт** – темірден тоқылған оқтан сақтайтын ерте кездегі батырлар киетін киім болып қолданылып тұр (бұл – көнерген жағы). Ал мына мысалда ауыспалы мағынада қолданылған: *Сия салдым сауытқа, Ақыным, Жамбыл, ауытпа, Елің кедей болған соң, Қызыңды саттың зайыпқа* (Жамбылдың айтыстары). Бұл мысалдағы **сауыт** сөзі – белгілі бір затты салып қоятын ыдыстың атауы. «Қазақ тілінің сөздігінде» «сауыт» көне қару-жарақ атауымен қатар оның *ыдыс, құты* екені де атап көрсетілген: **Сауыт I** оқ-найзадан сақтау үшін денеге киетін тор көзді кіреуке; **Сауыт II** ауыс. әртүрлі заттарды салуға арналған кішігірім ыдыс, құты [6, 561-б.].

Қазіргі тіл қолданысында осы негізде *көзілдірік сауыт, дәрі сауыт, темекі сауыт т.б.* терминдері қалыптасты. Бұл термин тілде қазір сирек қолданыла бастаған сөздің мағынасының метафоралануы арқылы жасалған. Сөздің терминденуіне екі ұғымның өзара ұқсастығы негіз болған. Яғни бір затты салып қоюға арналғандығы мен қорғағыштық қызмет атқаруы «сауыт» сөзінің терминденуіне себеп болған.

Биология саласында «кейбір жәндіктер (мысалы, шаян тәрізділер) мен жануарлар денесін қаптайтын қатты жабын, бірсыпыра балықтар, жорғалаушылар (тасбақа, қолтырауын) және сүтқоректілердің денесін қаптап, оларды жауыннан зақымданудан қорғайтын бөлігі» деген мағынада қолданылатын білдіретін **сауыт** термині «*оқтан, найза-сұңгіден сақтау үшін ертеде батырлар киген тор көзді темір кіреуке*» деген мағынаны білдіретін **сауыт** сөзінің терминденуі арқылы жасалған. Бұл мысалдардан лексиканың актив, пассив қабаттарындағы сөздердің құрамы үнемі қалыпты болмайтынын, жылжымалы екенін көреміз. Яғни бір кезде қолданылған белсенді аталым уақыт өте келе мағынасы күңгірттенеді де пассив қабатқа өтеді, кейін сөз қолданысының қажеттілігіне байланысты пассив қабаттағы көнерген аталым қайта жаңғырып, қолданысқа енуі әбден мүмкін. Демек, көнерген аталымдар да (тарихи, ескі, мағынасы күңгірт, пассив сөздер) – тіл байлығының бір көзі. Бұлар үздіксіз дамып, үнемі толығып өзгерумен болады. Мұндай философиялық заңдылықтар мәңгілік құбылыс болып табылады.

Қорыта келе айтарымыз: көнерген сөздердің (архаизм, историзм) көзін тауып, орнымен іске жарата білу арқылы да төл терминологиямызды байытып, оның ұлттық сипатын арттыра түсуге болады. Сондықтан қазақ тіліндегі көнерген аталымдарды терминкор қалыптастырудың көзі ретінде тану керек, жаңғырту керек.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Санат, 1993.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989.
3. Құрманбайұлы Ш. Терминкор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы. Сөздік-Словарь, 2005.
4. Айдаров Г. О языке памятники в честь Тоньюкука VIII века и его отношении к некоторым современным тюркским языкам: дисс. ... канд. филол. наук. Алматы, 1959.
5. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 2008.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008.
7. Байрақты бәсекедегі толағай табыс болашақта биік белестерге бастайды // Сыр бойы. – 2008. – № 176-177.
8. <https://kk.wikipedia.org/wiki>
9. Аронұлы Сүйінбай Бөрі басы – ұраным. Жыр толғау, айтыстар, естеліктер. – Алматы, 2013.
10. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы. Сөздік-Словарь, 2006.
11. Севортян Э. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – М., 1966.

Аитова Н.

филология ғылымдарының кандидаты,
Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл – қазына» ҰҒПО

ТІЛДЕГІ МОДЕЛЬДЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚЫ/ТҮРКІЛІК СӨЗТАНЫМ

Тілдің туындатушылық, жасампаздық рөлі туралы идеялардың дамуы В. фон Гумбольдт еңбектерінен бастау алады. Қандай тіл де, оның ішінде қазақ тілі де иелменінің/ұлттың мәдениеті мен ғалам туралы түсінігін танытатын маңызды артефакт. Тіл қатынас құралы болуы өз алдына, ең алдымен таным құралы ретінде білімді, дәстүрлік, мәдени құндылықтарды тасымалдау мен сақтауға қызмет ететіні белгілі. Демек, тіл мен тілдесім, оның грамматикалық жүйесі – ғаламның тілдік бейнесін қабылдаудың, ұғынудың, танудың, зерделеудің, қолдану мен сақтаудың бірегей де бірден-бір қайнары. Тіл арқылы кез келген білім, ақпарат беріліп, кез кезген мәдени феномен түсіндіріледі. Тілдің жасампаздық мазмұны оның моделденушілік мүмкіндігімен, өзін-өзі ұйымдастырушылық қасиетімен байланыстырылады. Тілдегі модель дегенде жалаң жекелеген құрылымдар емес, тілдесуге мүмкіндік беретін тіл табиғатынан алшақ кетпейтін заңды байланыстардағы тілдесімдік бірліктер түсініледі. Бұл қазақ тілінің грамматикасында қалай көрініс тапқан, мәселе осы болмақ.

«Тілдік модель» термині құрылымдық лингвистиканың пайда болуымен қатысты, ғылыми айналымға ХХ ғасырдың 60-жылдарынан кейін енді, тілді зерттеудің математикалық тәсілдерінің енумен бірге пайда болды. Қазірде бұл ұғым кең таралған, барлық дерлік ғылым салаларында қолданыс тауып үлгерген. Лингвистикалық түсінігіне келсек, «тілдік моделдің» анықтамасы әртүрлі беріліп жүр. Себебі тілдің өзі көпдеңгейлі күрделі жүйе болғандықтан модельдеу де соған сәйкес күрделі, екінші жағынан зерттеудің мақсаты және соған байланысты қолданылуы модель терминнің анықталуына әсер етеді. Семантист-ғалым Ю.Апресян өз еңбегінде «тілдік модель» анықтамаларын топтастыратын жіктеме ұсынған [1, 99-100-б.]. Бір сөзбен айтқанда, тілдік модель – тіл жүйесін, оның қандай да бір кіші жүйесін немесе жекелеген тілдік құбылыстарды сипаттайтын жалпы сызба [2, 183-б.]. Лингвистердің пайымынша, әр тіл – модель.

Біз өз мақсатымызға сай тілдегі модельдерді семантикалық деңгейдегі бірліктердің танымдық мазмұнын түсіндіру үшін қолдандық. Мұндағы негізгі мәселе қазіргі қазақ тілінің ұлттық грамматикасы, оның ішінде қазақ тілінің синтаксистік семантикасы да жаңа арнадағы

қандай да бір ілгерілетуге қатысты реформаға зәру. Неге? Оның *бірінші* себебі грамматикамыздың отарлауға ұшырауы; *екіншіден*, жаппай жаһандану жағдайында тіл ресурсының тарихи тамырларынан ажырауы. Тіпті синхронды, асинхронды модельдердің ұштастырылмауының да өз кедергісі бар. Бұларды есепке алудың қажеттігі немесе қажет еместігін шешу мәселесінің басы ашық тұр; *үшіншіден*, тіл осы уақытқа дейін еуропаөзекті көзқарас тұрғысынан зерделеніп, грамматикалық ізденістердегі әдіснаманың өзге тіл жүйесінің ыңғайынан шықпауы, өзіндік, яки ұлт тілінің мүддесінен өрбіген зерттеу әдісінің жасақталмауы – ұлттық грамматика жасауға тұсау. Сондықтан тілдің ұлттық табиғи қалпын сақтауға және оны өз арнасында дамытуға септігі тигізерлік реформа болуы тиіс. Бұл тұрғыда жалпы заманауи зерттеу әдіс-тәсілдерін мүлдем қолданбау туралы айтып отырғанымыз жоқ, ұлттық тілге қайшы келмейтін әдіс-тәсілдерді жетілдіруді меңзеп отырмыз; *төртіншіден*, ғылым мен білім беру үдерісінің сабақтастық тетіктерінің жеткілікті айқындалмауы; *бесіншіден*, қазақ тіліне деген сұраныстың төмендігі. Бұл ұлттық тілдің қолданыс шеңберінің біртіндеп тарылып, жоюына әкелетіні белгілі. Оптимистік тұрғыдан қоғам тарапынан қазақ тілінің сақталу мүмкіндігі жоғары дейтініміз рас, бірақ, мамандар оны шынайы эмпирикалық, әлеуметтік лингвистикалық зерттеулер нәтижесінде бағамдауы тиіс. Мамандардың міндеті – ата тілдің табиғатының дұрыс танылып, қызметтік тұрғыдан нақты жағдайын екшеп, тамыршыдай қалтқысыз қызмет ету.

Қазір қазақ грамматикасы өзінің ғылыми негізін өзге тілдің қағидатына құруға мәжбүр болғанын бәріміз де іштей біліп, түйсінгенімізбен, ұлттық грамматиканы бір мүдделестердей жасауға қол жеткізе қоймадық. Мәселен, білім беруге арналған және академиялық қазақ тілі оқулықтарында сөйлем мүшелерінің орын тәртібінің тұрақтылығы туралы айтылады. Бастауыш сөздің басында, анықтауыш анықталатын сөздің алдында, толықтауыш толықтыратын сөздің алдында, пысықтауыш пысықтайтын сөздің алдында, баяндауыш сөздің соңында келетіні жазылады.

Лингвистикада анықтауыш шешуші рөл атқармайды, пысықтауыш тек баяндауышқа қатысты, сонда қалған *субъект, объект, предикаттың* сөйлем ішіндегі орнына қатысты тілдер типтерге бөлінеді. Сөздердің орын тәртібі бойынша тілдердің 6 түрлі типтік моделі бар:

- *SVO – Subject Verb Object*
- *SOV – Subject Object Verb*
- *VSO – Object Subject Verb*
- *VOS – Verb Object Subject*
- *OSV – Object Subject Verb*
- *OVS – Object Verb Subject* [3].

Бұл типтердің ішінде біріншісіне (*SVO*) әлем тілдерінің 75%-ы жататыны айтылады. Алайда бұл типке жатқызу сол тіл иелмендерінің тілдесім кезінде көбінесе қай модельді көп қолданатынына қатысты айқындалады. Демек, қатып қалған нәрсе емес. Мәселен, сөздердің орын тәртібі орыс тілінде еркін, араб тілінде баяндауыш пен бастауыштың қайсысы сөйлемде маңыздылығына байланысты *SVO, VSO* тәртібі алмасып отырады, т.с.с. Ең бастысы, бұл модельдер сөйлеу тіліне негізделіп, ауызша тілдесімдік моделдер түрінде көрініс береді.

Қазақ тілінің мәселесіне қайт оралсақ, синтаксистегі сөйлем мүшелерінің орын тәртібін белгілейтін моделдер қазіргі грамматика бойынша былай өрілмек:

Ақты

1. *Жас ақты.*
2. *Көзден жас ақты.*
3. *Қара көзден жас ақты.*
4. *Қара көзден ағыл-тегіл жас ақты.*
5. *Қара көзден ағыл-тегіл жас тыйылмастан ақты.*
6. *Күлімдеп тұратын қара көзден ағыл-тегіл жас тыйылмастан ақты.*
7. *Әдетте күлімдеп тұратын қара көзден ағыл-тегіл жас тыйылмастан ақты.*

Моделі:

1. *SV (Subject Verb)*

2. *OSV (Subject Verb Object)*

3. *AOSV (Attribute Subject Verb Object)*

4. *AOAdVSV (Attribute Object Adverb Verb Subject Verb)*

5. *AOASAdV (Attribute Object Attribute Subject Adverb Verb)*

6. *AAOASAdV (Attribute Attribute Object Attribute Subject Adverb Verb)*

7. *AdAAOASAdV (Adverb Attribute Attribute Object Attribute Subject Adverb Verb)*

Жарайды, – делік. Байлаулы орын тәртібі (әсіресе баяндауышқа қатысты) ресми құжат мәтіндері, ғылыми мәтіндер үшін жарақты болар. Ал көркем ойлауда бұл – тежеуіш. Ауызекі сөйлеуде мүлдем ұстаным сақталмайды. Публицистикалық мәтіндер үшін де ішнара жарамды. Себебі көсемсөздің өзі көркем стиль мен ауызекі стиль аралығындағы түр. 5 стильдің 2-еуі үшін ғана жарамды ережені неге жаппай мәжбүрлі түрде қолданып отырмыз? Сондай-ақ, бұл жазба әдеби тіл ыңғайына қалыптандырылған модельдер. Ал жоғарыдағы типологиялық жіктеу тілдесімдік құрылымға бағыттылған. Қазақ баласын поэтикалық ойлау жүйесінен ажырататын мұндай тәртіп қажет пе? Сөйлемдер жүйесіз жасалмайды. Ал жүйе адам ойына келген сызбаны ұсыну арқылы емес, тілдесімдегі тіл қолданысының табиғатында бар дүниені тіркеу, соның қалыбын/құрылысын сызбаға түсіру арқылы болуы керек. Осы тұрғыдан алғанда, біз тіл болмысына қайшы ережелерді дұрыс ереже ретінде қолданысқа түсіріп келеміз.

Енді қазақ дүниетанымындағы моделдерге назар аударсақ, қазіргі қалып:

Түсті

- *Күз түсті.*
- *Күз ерте түсті.*
- *Биыл күз ерте түсті;*
- *Биыл күз былтырғыдан ерте түсті.*
- *Биыл күз оңтүстікке былтырғыдан ерте түсті.*
- *Биыл күз оңтүстікке былтырғыдан әлдеқайда ерте түсті.*
- *Биылғы жылы күз оңтүстікке былтырғыдан әлдеқайда ерте түсті.*

Ал сөйлеу қалыбында «Ерте түсті күз», «Ерте түсті биыл күз», «Ерте түсті былтырғыдан биыл күз» т.с.с. сөйленім құрылымын қолдана береміз. Қатып қалған ережелер тіл үйретудің икемділігіне де нұқсан келтіретінін байқамаймыз.

Қазіргі қазақ тілінің құрылымдық грамматикасының осал тұстарын ұлттық тілдің өз табиғаты бойынша реттеу оңай болмайтыны оның қисық болмысын қабылдап, санамызға сіңіріп алуымызбен байланысты. Кез келген тілдің грамматикалық сипаты ережесіз-ақ қабылданатын әу бастағы тұрпатына таңулы болады. Ереже дегеннің өзі ойдан тауып таңылған емес, сол тіл иелмендерінің тілдесім табиғатын тіл ғылымы тұрғысынан түсіндіру арқылы қалыптасады, қалыптасуы керек. Сонда синтаксистің өзі тілдесімдік грамматикаға қатысты функционалдық-семантикалық, тіл грамматикасына қатысты құрылымдық-жүйелік мазмұн иеленеді. Осы екі аралықты ажыратып отырып жасалған ережелер тіл қолданысы үшін қызмет етеді де, ажыратылмай, сапыра араластырылып жасалғаны тіл болмысын түсінуге кедергі, жай бір қасаң ғылым үшін бар болады.

Егер «тіл – таңба» дегенге мойын ұсынсақ, тілдік дерек те, тарихи концепт те, тілдесімдік модельдер де ендігі жерде өз табиғатын бір халықтың тілін біртұтас күйде бұрмаламай синхронды түрде қайта зерттеп, сүзіп шықпай ашпайды. Тілдегі шартты механикалық құрылымдар неге соншалықты маңызды? Бұл туралы тіл ғылымы қайта ойлануы керек тәрізді.

А.Джонсон «Тіл туралы трактатында» «Адамзатты жаңылыстыратын толып жатқан қателіктер мен жалған елестерге қарағанда, тіл табиғатын дұрыс түсінбегеніміздің себебінен көп уақытымыз, күш-қуатымыз бен ақыл-ойымыз бостан босқа рәсуа болды, бұл біздің жаратылыстану ғылымының кез келген саласындағы біліміміздің дамуын өлшеусіз деңгейде бәсеңдетті және бәсеңдетуге шамасы келмейтіндерін бұзып бітті», – дейді [2]. Демек, басқа салалардағы күллі қателерімізге қарағанда, тілдің табиғатын қате түсінудің қасіреті зор болады.

Ендеше, тілдің өзінің бірегейлігі арқасында өз бойында сақтап тұрған қасиеттерді дұрыс пайымдап, ұлттық және қазіргі сөйлеу тілін есепке ала отырып, әдеби тілдің мазмұнын шынай модельдеудің қажеттігі күн тәртібінде тұр.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Апресян Ю.Д. Идеи и методы современной структурной лингвистики. – М.: Просвещение, 1966. – 304 с.
2. Кравцова Ю.В. Моделирование в современной лингвистике / Вісник Житомирського державного університету імені Івана Франка. – Вип. 5 (77). Філологічні науки. / [гол.ред. П.Ю. Саух: відп. ред. Н.А.Сейко: відп.секр. Н.П.Бірук]. – 2014. – С.181-189.
3. Модели фиксированного словопорядка // [https:// dic. academic.ru /dic.nsf/ruwiki](https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki)
4. Джонсон А. Тіл туралы трактат. – Нью-Йорк, 1940. – 232 б.

Игілік М.

PhD докторант,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы

Игілікова С.

PhD докторант,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы

МИФТИК ТАНЫМНЫҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының маңдай алды өкілдерінің поэзиясында символдық мазмұн мен пішін қалай көрініс тапқанына зер салып көретін болсақ, бұл кезеңдегі ақындардың поэтикалық тәжірибесінен ұлттық өлең дәстүрін жаңғырту мен жаңалаудың қара өлеңді жаңаша мазмұндау мен өрнектеу, өлшем-ырғақты түрлендірудің сан қилы үлгілерін табамыз. Мәселен, Мағжан поэзиясының символдық өрнектерінің сырына тоқталар болсақ, мұнда *жүрек, көңіл, ой, зар* сияқты эмоционалдық символдар, *жел, толқын* секілді динамикалық символдар, *күн, жұлдыз, ай* тәріздес космогониялық символдар жиі кездеседі. Бұл ақынның болмыс-жаратылысының ерекше жасампаздығын, ойлау жүйесінің айрықша сипатын білдіреді. Мысалы, ақынның мына бір өлеңдегі жеке сөздің символға айналу жолына көз салсақ:

*Жиленді қара орман
Қарағай қайың аралас
Мәңгі мылқау кәрі орман
Көктегі күнмен шамалас...*

деген өлең жолында ағаш, орман туралы алғашқы ақпараттық қана мағынасын қабылдағаннан кейін бірден-ақ бірінші тармақтың әр буын-бунағына жасырынып қалған беймаза да үрейлілеу бір толқын сезіледі: *қара орман*. Бір ескертуге тиіс жағдай, бүкіл контекстегі «қара орман» болып қалыптасқан тіркестің мағынасы әдеттегі қазақ ұғымындағы «қара орман, қара шаңырақ, қалың ел» параллелдеріне онша жанаса бермейді. Бұл жердегі «қара» сөзі өз алдына дербес, қызметке ие боларлықтай астарға ие болған. Яғни, ақын бұл жерде «қара» сөзін өлеңдегі мезгілдік мағынаны білдіру үшін алып отыр. Мағжан поэзиясынан көбінесе көңіл күйдің сан алуан сәттерін: мұңайған, налыған, көңілі шалқып тасыған, қайраттанған, ой тұңғиығына батқан тағы басқа эмоционалды символдарды кездестіреміз.

Профессор Р.Нұрғали «Мағжан поэзиясындағы көкжал толқын, көгала ағыстың бірі – өмір мен өлім, ажал мен тіршілік шайқасы, екеуінің бетпе-бет келуі. *Періште, Тәңір, Құдай, Пайғамбар, көк аспан, жел, ай, жолбарыс, теңіз, өзен, алдаспан, алмас қылыш, тұлпар, жүрек* секілді символ – бернелердің көркемдік орасан зор мәні бар», – дейді.

А.А. Потебня көркем әдебиетті сөзбен салыстыра келіп, бұл тұрғыда құранды символдар сөздің морфемасы ретінде қарастырылуға тиіс, ал оның мағыналық қызметі семантикалық

өзара әсер актісімен анықталады. Түпкі мақсат – ақынның өзіндік сөздік стихиясын табу, оның ішкі байланыстылығын эстетикалық формасын қарастыру. Ғалым символды поэтикалық тілдің семантикалық бірлігі ретінде әдеттегі лексемалар қатарында қарастырады. Символды тілдік бірлік ретінде танытын ғалым «символ сыртқы құрылымы жағынан лексемаға сәйкес келеді. Ал лексема – мағыналар синкретизмі, оған сөз де, фразалық бірлік те еніп кетеді. Символдар лексеманың мағыналық шеңберін кеңейте түседі, дәлірек айтқанда, бұл шеңбердің шегінен асып кетеді» деп символдың шексіздік табиғатын меңзейді. Бұған қоса, «символдың сипатты ерекшелігі – оның мағынасының сол берілген эстетикалық объектінің бүкіл композициясымен негізделіп келуінде» [1, 25-б.], – деп символдың құрылымдық маңызын күшейте түседі.

Аллегория, метафора адам танымының тереңдеуімен байланысты болса, мифтік таным ең алғашқы таным баспалдағы. Миф – ата-бабалардың ежелгі, бастапқы танымындағы ғалам, оның жеке дүниелері, сол ғаламның алғашқы пенделерінің өмірі хақындағы түсініктері. Басқаша айтқанда, миф – алғашқы қауымдық қоғам адамдарының әлем, дүние жөніндегі танымының көрінісі [2, 229-б.]. Белгісіз дүниені түсіндіруге тырысудан одан да белгісіздігі мол дүниені танып-білуге ұмтылу, егер де ол дүние тіпті, танып білуге мүмкіндік бермесе, тәңірге немесе құпия ғаламат күшке сілтеме жасау – мифтің өзіне тән ерекшелігі.

Миф арқылы символға келудің негізін К.Леви-Стросс қалаған. Ол символды логикалық мағынаға ие парадигматикалық қатынастардың жиынтығы ретінде қарастырды. Мифология әмбебап образдар мен идеяларды белгілеу үшін қолданылатын семиотикалық кодтың бірі ретінде танылды. Миф пен символ ара қатынасын Э.Кассирер де қарастырады. Ол мифті адам әрекетінің маңызды символикалық формасы ретінде таниды. Мифтің өзіндік ерекшелігі реалды мен идеалдылыққа, зат пен образға жіктелуін көрсетеді. Ғалымның көрсетуінше, миф затты бейнелемейді, өйткені ол – заттың өзі.

XX ғасырдың 70-80-жылдарында А.Ф.Лосев символ мен мифтің арақатынасы турасында барынша дәлелді пікір білдіреді. «Кез келген мифте символ бар, бірақ кез келген символда миф жоқ. Мифте шексіз түрлілілік шартындағы қоршаған әлемге қатысты әрекеттер мен әрекетсіздіктер моделі жатыр. Бірақ символға келгенде олай айта алмаймыз, өйткені символдық модель міндетті түрде шексіз өмірлік мүмкіндіктерге толы тірі құбылыстарды тудырмайды. Және де символдық модельге уақыт пен кеңістік категориясы жатады» [3, 174-б.]. Ю.М.Лотман, Б.М.Успенский символ мен мифтің арақатынасы туралы айта келе, мифті символды түсінудегі метатіл деп есептейді. Орыс символизмінің көрнекті өкілі А.Белый: «Символдар шексіз-шетсіз алып дүниеге форма береді, адамның ақыл пайымы жетпейтін әлемге аяқ басуға құрал болады. Символ менің санамның ең түкпірінде, санасыз аумақта тұнып жатқан тілсіз, ақылға сыймайтын екінші бір дүниемен байланыстырады», – дей отырып, символ мен мифтің сабақтастығын аңғартады, символдың мифтік табиғатын тануға жол ашады [4, 67-б.].

А.А.Потебняның тіл мен ойлау, сөз бен мифті қамтитын символдық теориясы ерекше құнды. Ғалымның айтуынша, мифтік негіздегі символдар тіл мен ойлаудың тығыз байланысында туады. Осы байланыстағы дамудың барысында, даму жолында сөз өзінің ішкі формасын, ең жақын этимологиялық мағынасын біртіндеп жоғалта бастайды. Тілде көмескілене бастаған сол мағыналар символдар арқылы поэзия тілінде көрініс табады. Яғни, мағына белгілі бір мифтік образдарда өмір сүреді [1, 18-б.]. Жоғарыда айтылғандардан біз төмендегідей қорытынды жасаймыз: символ мен миф ойлаудың синкретикалық түріне (типіне) генетикалық тұрғыда қатысты бола отырып, типологиялық және функционалдық тұрғыдан бір-бірінен ерекшеленеді. Символ мен миф ойлау нәтижесі бола отырып, ойкуменді әр түрлі семантикалық трансформацияда модельдейді. Әлемнің мифтік моделі барынша динамикалық құрылымға ие, символдық модель мейлінше тұрақты. Ол оқиғаның дамуын, өзгеруін көрсетпейді. Мифтің құрылымын предикат ретінде, символ құрылымын предикаттың (номинациясы) атауы ретінде тануға болады: миф хабарлай отырып, елестетеді, символ хабарлай отырып, атайды. Дегенмен, екеуі де «шындықты», «шынайы түсінікті» меңгеруге

жол ашпайды, әрқашан белгісіздік мәні санасыздық деңгейінде қалып қояды. Символ мен миф әлем моделін танытады. Ал миф негізінде қалыптасқан символды онсыз түсіндіру барынша күрделі. Символ өзінен басқа бір дүниеге сілтеу жасаса, белгісіз қалыпта қалса, миф құпия ғаламды түсіндіруге тырысады. Миф белгілі бір уақыт пен кеңістік шекарасында өмір сүрсе, символ уақыт пен кеңістікке тәуелсіз.

Миф негізінде қалыптасқан символдарға назар аударайық. Мәселен, халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша, 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды екен. Сол себепті осы түн – Қыдыр түні деп аталады. Қыдыр – адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын, ақсақал кейпінде көзге көрінетін қиял-ғажайып персонаж. Жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен күн нұрының символы – Қыдыр ата даланы кезіп жүріп, назары жерге түссе, оның тоң кеудесін жібітеді, ал тасқа түссе, тасты ерітіп жібереді екен. Сонда халықтың мифологиялық түсінігі Қыдыр атаны – жақсылықтың, бақыттың символына айналдырған. Қыдыр атаны жер бетінде адамдарға көрінбей жүреді деген сеніммен халқымыз қырықтың бірі Қыдыр деп бейтаныс адамдарға құрмет көрсете білген. Сол сияқты Қыдыр дарыған деп құт қонған, ырысы тасыған адам туралы айтады.

Қыдыр келу – «Қызыр Ілияс пайғамбардың көмегі тию, бақытты болу». Дәулет құсы қонды басыңа, Қыдыр келді қасыңа (Бұхар).

Қыдыр қону – «бақ қону». Тілеуің қабыл болған басыңа, қыдыр қонған, Ұмыттың ба соны, Абылай (Үмбетей).

Көптеген халықтардың мифтік танымындағы бәйтерек – әлем ағашы. Қазақ мифологиясындағы бәйтеректің сипаты туралы С.Қондыбаев мынадай дерек келтіреді: «Ғалам моделінің бір нақтыланып көрсетілген нұсқасы және ғаламның үш дүниесінің кіндік – осі, жалғастырушы.

*Ғазірет ғали тауында
Дарақ деген ағаш бар (Қашаған).*

Біріншіден, бәйтерек – ғаламның орталығы болып табылатын киелі жерде, киелі бұлақ қасында орналасқан. Ол үш дүниені жалғастырушы, төбесі – аспанға, тамыры – жер асты дүниесінде орналасқан. Екіншіден, бәйтеректің екі полюсінде алып қарақұс пен жылан – айдаһар бар, олар дуалистік қарама-қарсылықтың тұлғалануы болып табылады. Үшіншіден, бәйтеректің түбінде белгілі бір мифтік – киелі процесс өтеді. Осы жерге батыр келіп жыланды өлтіріп, қарақұс балапандарын құтқарады, сол еңбегі үшін қарақұс батырды басқа дүниеге өткізеді. Бұл тұрғыда бәйтерек – ғаламдардың есігі болып табылады. Бәйтерек ғаламдық ағаш ретінде басқа мифтік дәстүрлерде де таралған. Бәйтерек сөзінің этимологиясы – бәй – «байырғы, түпкі; алғашқы, бірінші терек – «тіріг» сөздерінен құралып, «өмір беруші», талғашқы өмір» дегенді білдіреді [2, 19-б.]. Бәйтерекке қатысты пікірді фразеолог – ғалым Н.Уәлиұлы еңбегінен де оқимыз: «Дүние жаратылысы жөніндегі мифологиялық бұл модель «шаман ағашы» «өмір ағашы» деп те аталады. Қазақтарда «өмір ағашы» дегенге бәйтерек сөзі сәйкес келеді. Бәйтеректе символикалық мән бар». Ғалым көрсеткен бұл символикалық мән, бәйтеректің «өмірдің» символы екендігіне сілтеу жасайтын тәрізді. Бұл мәселеге байланысты көзқарас кейінгі тарауларда көрсетіледі. Айта кететін жайт: бәйтеректің «өмірдің, өмір сүрудің символына» айналуы мифтік таныммен байланысты деп көрсетуге болады.

Әлемді үш бірліктен тұратын құрылым деп пайымдаған халқымыз осы үш бірліктің тұтастығын сақтауды мақсат тұтқан. «Сақтардың космос жөніндегі символикалық түсінігіне Есіктен табылған сақ патшасының дулығасы нақты мысал бола алады. Ондағы ою-өрнектер тік сызықты үш қабатқа бөлінген. Шеңбер бойындағы қалпақ алтын таулар мен ағаштар тізбегін көмкеріп тұр. Тау баурайында жолбарыстар мен ешкілер жүр. Шырқау биікте – құстар мен қанатты жолбарыстар. Ою-өрнекті дулыға жиегі сақтардың түсінігінше, дүниені жан-жағынан қоршап тұрған әлемдік тау қыраты болып табылады. Дөңгелек жиектің крест іспеттес болып орналасқан нүктесіне әлемнің жан-жағын: шығыс пен батысты, солтүстік пен оңтүстікті

күзетіп тұратын аңдар бейнелері қойылған. Бас киімнің алдыңғы жағына күн белгісі – күллі космостың тұтас бейнесі: төрт қанатты пырақ пен төрт алтын жебе салынған. Бұл күн өз жолымен жүргенде айналып өтетін барша үш дүние мен жалғанның төрт бұрышын түгел бейнелейтін өктемдіктің өзгеше бір белгісі. Алдыңғы жақты сақтар жалғанның шығыс жағы, артқы жақты – батыс жағы деп есептеген. Көсем – дүниенің кіндігі, оның орталығының бейнесіндей болған, ал оның киіміндегі символдардың бәрі – мифологиялық ұғымдар.

Қазақ ғұрпында бас киім көріктілік пен сәнділікті, баршылықты білдіретін қасиетті киім саналған. Соның бірі – ұзатылатын қыздың үйінен киіп шығатын бас киімі – сәукеле. Ұзатылатын қыздың тойында айтылатын «Жар-жарда»:

*Алып келген базардан
Қара насар, жар-жар-ау,
Қара мақпал сәукеле
Шашың басар, жар-жар-ау, –*

делінеді.

Оның негізін ақ киізден биік конус тәріздендіріп жасайды. Сәукеле өзінің керемет сәнділігімен де, аса байлығымен де ерекшеленіп тұрады. Сәукеленің негізгі бөліктері – тәж, төбе, құлақ бау және артқы бау. Сәукеленің төбесі қиықтанып келеді. Оның төбесінде *тәж* деп аталатын жартылай дөңгелек айдары болады. Мандайына тағылған шашақталған өрнектер *шекелік* деп аталады. Ол «барған жерінің ұрпағын көбейтсін, өсіп-өңсін» деген игі тілекпен жасалған. Сәукеле шекелігіне көбінесе жылан басының бейнесін салып, күмістен өрнектейді. Күміс тазалықтың, ал жылан бас бейнесі тіл-көзден сақтау және «жылан дұшпанына сұсты болып көрінуге әсерін тигізеді» деген мағынада жасалады. Яғни, «пәле-жаладан, төтенше келген қауіп-қатерден сақтау» мағынасын білдіреді. Сәукеленің төбесіндегі кішкентай тақия қалыңдықтың балалық шағымен қоштасу белгісі ретінде жасалады. Ал екі самайдан төмен түсіп тұратын құлақ бауларға құрбыларымен қоштасу белгісі ретінде жасалатын әшекейлер тағылады.

Қазақ салт-дәстүрінде жат-жұрттық боп бара жатқан қыз бала өз үйінен ұзатылып аттанарда артына қарамай жүріп кетуі керек. Сәукеленің артқы бойына, яғни желкелігіне тағылған әшекей, қалыңдықтың кейінде қалған туған-туысын, ел- жұртын ұмытпау белгісі ретінде тағылады. Сәукеле – жетілік әлемнің нышанды белгісі. Сәукеленің төбесіне қадалған үкісі – «өмір ағашы – бәйтеректі», ал сәукеленің өзі «жер кіндігі – Көктөбені» бейнелейді.

Ерте кезде қалыңдықтың мінез-құлқын да осы сәукелеге тағылған әшекейге қарап білетін болған. Оған *су моншақ*, *ақ моншақ* сияқты жеңіл әшекейлер тағылса, ашық қыздың, ал бағалы ауыр тастар тағылса, ұстамды, салмақты мінезді қыздың сәукелесі екенін білген. Сәукеленің жоқтығы өз кезегінде кедейліктің, жоқшылықтың нышаны ретінде саналды. Осы жайында С.Е.Толыбеков: «Кедейліктің бірінші белгісі – қалыңдықтың басында конус формалы, әр түрлі бағалы тастармен безендірілген үкі қауырсындарымен әшекейленген барқыттан тігілген – сәукеленің жоқтығы», – дейді [5, 290-б.]. Бұл айтылғандардың айқын мысалын Ә.Кекілбаев шығармасынан келтірейік: «Басына өне бойына асыл тасты аямай төккен мұнара іспетті биік сәукеле киіпті. Оның салпыншақ қызыл мауыты етегі екі иығын жауып тұр. Мойнына әр жер-әр жеріне лағыл мен меруертті алма-кезектестіріп, көз қадаған алтын алқа тағыпты. Сәукеле өзге салтанатты аз болғандай, оның қақ ұшар басына әмірші тәжінің төбесіндей алтын төбелдірік орнатылыпты. Оның қақ ортасында баданадай-баданадай үш лағыл қызыл шоқ боп жанып жатыр. Төбелдіріктің төбесіне үкі қондырылған. Оның ұзын майса қауырсындары ханымның екі құлағына жеткенше екі айырылып төніп тұр». Ал сәукеленің мағыналық сипаты туралы Каракузова Ж: «Семантика сәукеле – единство Мировой горы и Мирового древа (конус убора – Мировая гора, перья филина – Мировое древо). Саукеле на невесте и есть обозначение триединства мира, три части которого ничего не значат сами по себе, лишь вместе они создают нечто новое: мать – вселенную, невесту», – дейді [6, 73-б.].

Қарап отырсақ, қыз ұзату, келін түсіруде қалыңдыққа ерекше көңіл бөлінудің өзіндік терең сыры бар. Өйткені бүгінгі келін – ертеңгі ана – ұрпақ жалғастырушы, тәрбиелеуші. Болашақ өмір тұтқасы келіннің қолында. Соның өзінде бір ғана нәрсе – сәукеле киюдің өзінде ғалам тұтастығын сақтау, бірлігін жымдастыра түсу, тігісін түзеу болашақ анаға жүктеленетіні, сол арқылы бір әулет, әулеттен бір рулы ел, одан ұлт тұтастығы, ынтымағы сақталатыны, мұның өзі ғарыштық әлеммен үйлесуді көрсетеді. Демек, бұл табиғаттың ұлы заңдылық – үйлесім заңдылығын сезіну, соны өз тұрмысында, тірлігінде сақтау. Оған кедергі келтірмеуден туындаған. Яғни, бұл сынды символдар «мәңгілік ақиқатты» айқындау үшін қолданылады және өз болмысына тән құпиялықты, құдіреттілікті сақтай біледі.

Сонымен, қорыта келгенде, символ мен мифтің арақатынасына байланысты төмендегідей сипаттарды көрсетуге болады:

1. Миф – адам танымының алғашқы бастауы. Мифтің бұл сипаты символдың архетиптік табиғатын құрайды.
2. Миф белгісіз дүниені түсіндіруге бағытталса, символ одан алшақтатады.
3. Символ белгілі бір затты, құбылысты бейнелейді, ал мифте мұндай сипат жоқ. Өйткені, ол осы заттың не құбылыстың өзі болып табылады.
4. Әлемнің мифтік моделі барынша динамикалық құрылымға ие.
5. Символдық модель мейлінше тұрақты.
6. Миф уақыт пен кеңістікке тәуелді, ал символ оған тәуелсіз.
7. Миф әлем, дүние жөнінде хабар береді, ал символ оны атайды.

Бұл айырмашылықтар мифтік негіздегі символға қатысты сипаттар. Өйткені символдардың барлығы да дерлік мифтен туындамаған. Ал символ мен мифке ортақ сипат: символ да, миф те – адам танымының жемісі, ойлау нәтижесі. Символ мен миф әлем моделін танытады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Потебня А. О некоторых символах славянской народной поэзии. – Харьков, 1914. – 243 с.
2. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына саяхат. – Алматы, 1997 – 304 б.
3. Лосев А. Философия. Мифология. Культура. – М., 1981. – С.10.
4. Белый А. Символизм как миропонимание. – М., 1994.
5. Тобылбеков Е. Кочевое общество казахов в XVIII и начала XIX вв. – Алматы, 1971.
6. Каракузова Ж., Хасанов В. Космос казахской культуры. – Алматы, 1993. – 77 с.

Хамитова М.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
PhD докторанты

«ТІЛДІК ТҰЛҒА» ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

«Тілдік тұлға» ұғымының күрделілігі оны әр қырынан қарастыруды талап етеді. Сондықтан болар бұл мәселені тек бір ғана ғылым саласының аясында қарастыру мүмкін емес. Яғни тілдік тұлғаның толық сипаттамасын оның тілдік, когнитивтік, коммуникативтік, мәдени ерекшеліктерін болжай отырып құрастырамыз. «Тілдік тұлға» термині алғаш рет ғылыми дискурста 1930 жылы Й.Л.Вайсгербер [1] және В.В.Виноградовтың [2] еңбектерінде бой көрсете бастады, ал қазақ тіл білімі тарихында аталған құбылыс Абайдың шығармаларынан бастау алған. Абайда «тілдік тұлға» тіркесі атау ретінде кездеспесе де, Абай өзінің жиырма бесінші қарасөзінде «Әлдебіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағуасына кіреді» деп жазады да, «дағуа» сөзіне «теңдікке үндеу хақысына ие болады» деген сипаттама береді [3, 51-б]. Абайдың мұндағы айтпағы адам екінші тілді үйрене отырып, мәдениаралық коммуникацияның қатысушысы атанатыны сол кезде-ақ айтылып қойған. Ақын М.Жұмабаев «...адамның толық мағынасымен адам аталуы тіл арқасында» деп, адамның әлеуметтенуіне

тілдің рөлі зор екенін көрсетеді [4]. Р.Сыздық «Тіл – адамды тұлға ретінде тәрбиелейтін күш, ана тілі – адамды белгілі бір ұлттың, халықтың өкілі етіп шығаратын құрал» дегенін, тілдің адамды ұлттық тұлға дәрежесіне көтеретін құдіретті құрал ретінде бағалағанын көреміз [5]. Тілдік тұлға мәселесін орыс тіл білімінде жүйелеген Ю.Н. Караулов оны үш жақты қарастырды: 1. сананың қалыпты және өзгерген күйіндегі тіл, сөзжұмсам және сөйлеу қызметі психологиясын зерттей отырып, яғни психолингвистика тұрғысынан; 2. тілді үйрену процестеріне талдау жүргізетін лингводидактика тұрғысынан; 3. таза филологиялық тұрғыдан, көркем әдебиет тілін зерттей отырып қарастыру. Өйткені «Тілдік тұлға – тілде (мәтіндерде) және тіл арқылы өрнектелетін тұлға, тілдік құралдар арқылы өзінің негізгі белгілері негізінде қайта құрылатын тұлға бар», – деп түйіндеді [6]. Әрбір мәтіннің ар жағында тұлға, яғни оның авторы тұрады. Белгілі бір мақсатты бағдарымен ерекшеленетін тілдік шығармалардың (мәтіндердің) жасалуы мен қабылдауы арқылы шартталған қабілеттердің жиынтығы мен сипаттамасын қарастырды. «Тілдік тұлға» – сөйлеу әрекетіне қабілеттілігі жағынан алынған тілді тұтынушы [7], яғни жеке тұлғаның сөйлеу туындыларын жасауға және қабылдауға мүмкіндік беретін психофизикалық қасиеттерінің кешені болып табылады. Демек, тілдік тұлға оған бастапқыда берілген және одан әрі дамитын белгілі бір типтік сапаның тілдік қабілетінің тұтынушысы болып табылады [8]. «Тілдік тұлға» – тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланатын адамның вербалды мінез-құлық ерекшеліктерінің жиынтығы – коммуникативті тұлға [9].

Отандық тіл біліміндегі пікірлерді зерделей келе, қазақ тіл білімінде тілдік тұлға – ұлттық тілмен қаруланған, өзінің болмыс-бітімін, ұлттық рухани құндылығын, қоғамдық ой биігі мен ұлтжандылығын көркем мәтіндері арқылы танытқан тұлғалар. Бұл бағытта біршама зерттеу еңбектері жазылды. Н.И. Гайнуллинаның «Ұлы Петрдің тілдік тұлғасы» (2001), Ф.Е. Тереквананың Қ. Жұбановтың тілдік тұлғасы (2004), Ф. Қожахметованың «Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты» (2004), А. Жуминованың «О.Сүлейменовтің тілдік тұлғасының тезаурусы» (2004), О. Кучеренконың «Л.Толстойдың тілдік тұлғасы» (2004), Ш. Ниятованың «Махамбеттің тілдік тұлғасы» (2007), Ж. Саткенованың «Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б.Соқпақбаев шығармалары бойынша, 2005)», З. Абдуллинаның «Балалар әдебиеті кейіпкерлерінің тілдік тұлғасы (Б.Соқпақбаев, М.Гумеров, М.Қабанбаевтың шығармалары бойынша, 2008)», Г. Мұратованың «Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі (2009), Ж. Ермекованың «Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы» (2010), А. Кушкимбаеваның «М. Әуезовтің тілдік тұлғасы (дарамалық шығармалары негізінде, 2015)» сияқты ғылыми зерттеу еңбектері бар. Мақала көлеміндегі еңбектер де қаншама?! Солардың бірегейі – филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Манкееваның «Тілдік тұлға. Х.Досмұхамедұлы бұл деңгейге қалай көтерілді?». Ғалым тілдік тұлғаның мазмұнын былайша сипаттайды: 1) құндылықтық (аксиологиялық), дүниетанымдық жүйе, тәрбие мазмұны; 2) тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі; 3) жеке тұлғалық (адамдық, терең жекелік) қасиеттер. Тілдік тұлғаның қалыптасу үрдісі адамның жалпы интеллектуалдық деңгейінен, парасат биігінен бастау алып, оның тұлғалық мінезінің құрылымын, саяси, қоғамдық, психологиялық және т.б. ерекшеліктері түзеді. Екінші бір қажеттіліктің бірі – ұлттық тәрбие арқау болған отбасылық тәрбие үрдістері, тектілік ұғымының ана сүтімен санаға сіңірілуі. Жоғарыда атап өткендей, Ю.Н.Караулов тілдік тұлғаның құрылымы үш деңгейден көрінеді: а) вербалды-семантикалық – күнделікті тілді қалыпты меңгеру, зерттеуші үшін семантикалық деңгей белгілі бір мағыналарды білдірудің формальды құралдарының дәстүрлі сипаттамасы болып табылады; ә) лингво-когнитивтік – бұл деңгей тілдік тұлғаның әлем бейнесіндегі, оның тезаурусындағы мағыналар мен құндылықтар иерархиясын анықтауды, орнатуды білдіреді. Лингво-когнитивтік деңгей тұлғаның зияткерлік қасиетін қамтиды, зерттеушіге тіл арқылы, сөйлеу және түсіну үдерістері арқылы – танымға, санаға, адамның таным үдерістеріне жол ашады; б) прагматикалық – мақсаттарды, уәждерді, қызығушылықтарды, көзқарастарды және пиғылды қамтитын деңгей.

Бұл деңгей тілдік тұлғаны талдауда оның сөйлеу әрекетін бағалаудан дүниедегі сөйлеу әрекетін түсінуге заңды және шартты түрде өтуді қамтамасыз етеді [6].

Ю.Н.Караулов бірінші деңгейді *нәлдік деңгей* деп те атайды. Себебі онда тілдік тұлғаның дәстүрлі тілді меңгеру деңгейі анықталады. Атап айтқанда, тәлім-тәрбие алған отбасы мен ортасы, тегі, білімі және соған сәйкес қалыптасқан өзіндік сөз қолданысы, яғни тілді қолдану ерекшелігі, тіл көрнектілігі (метафора, мақал-мәтелдер, фразеологизмдерді орынды қолдануы) [10]. Біздіңше, осы деңгейді *тілді тұтынушылық деңгей* деуге болатын сияқты. Ж. Манкеева Х.Досмұхамедұлының ерекше тілдік тұлға ретінде қалыптасуына тұлғаның дүниеге келген тарихи шежіре мен көркем сөз астасқан Еділ-Жайық өлкесі, жастайынан Исатай-Махамбеттің ерлік істерін, өткір де көркем сөздерін қариялардан естіп өсуі, түрлі жыршы-жыраулардың жырларын тындап, сусындауы – осының бәрі оның тұлғалық қасиетінің қалыптасуына әсер еткенін көрсетеді. Екінші деңгейде тілдік тұлғаға тән танымдық кеңістікті құрайтын әртүрлі түсініктер мен білімі өзектеліп, тілдік тұлғаның өзіндік ғаламының тілдік бейнесі ашылады, өзіндік тілдік әлемі (тезаурус) қалыптасады. Х.Досмұхамедұлының бұл деңгейге сәйкес тұлғалық шығармашылығының жүзеге асып, тұлға ретінде танылуының бір қыры – публицистикасы мен өзіндік көсемсөз үлгілері [10]. Ғалым ары қарай ғылыми еңбектерін бірнеше бағытқа бөледі: тарих, әдебиет, тіл, медицина, гигиена, биология, табиғаттану. Мұнда тұлғаның тілді қаншалықты білетіні емес, тілмен құрал ретінде не істей алатыны бағаланады. Үшінші, яғни прагматикалық деңгейдің басты өзегі – сөйлеуші (я жазушы) мен тыңдаушының (я оқушының) арақатынасы. Нақты айтқанда, тыңдаушының танымын, көзқарасын, психологиясын айтушының ескеріп, барынша оған ықпал етуді, сөзін ұғындыруды, ойын жеткізуді мақсат етуі. Ж. Манкеева прагматикаға негіз болатын уәж бен мақсатты тілдік тұлға сатысына көтеретін қуатты факторлар ретінде көрсетеді. Жоғарыдағы айтылғандарды пайымдасақ, автордың жазған мәтіндерін, сондай-ақ шығармадағы кейіпкерлердің тілдік тұлғасын талдай отырып, автордың тілдік тұлғасы сипатталатыны белгілі болды.

Ендігі бір зерттеулер тұлғаның тілін саралау арқылы олардың қандай әлеуметтік қауымдастыққа, мамандыққа тиесілі екенін байқататыны туралы. Мәселен, бұл бағытта отандық лингвистикада қазіргі саясаткердің тілдік тұлғасы туралы (Б.Каримова), мемлекеттік қызметшінің тілдік тұлғасы (Б. Хасанұлы), студенттердің тілдік тұлғасы (А. Исақова) т.б зерттеулер бар. Мәтіндер арқылы көрінетін тілдік тұлға феномені – психикалық, әлеуметтік және этикалық, эмоциялық компоненттерден тұратын күрделі құрылым. Тілдік тұлға болмысы оның дискурсы арқылы анықталады. Яғни, екінші тілдік тұлға, көптілді тұлға ұғымдары кездеседі. Бұл өзге тілді меңгерумен байланысты айтылатын ұғымдар. Ю.Н.Карауловтың идеяларын саралай келіп, Г.И.Богин келесі деңгейлерді белгіледі. Сөйлеу қабілеті тілдік тұлғаны талдауға ғана емес, сонымен қатар тілді еркін меңгеруге бағытталған оқу-тәрбие үдерісіне бағдар ретінде қызмет етеді:

1. Дұрыстық деңгейі (сөздік қорын және пікір құруға және тілдің негізгі қарапайым ережелеріне сәйкес мәтіндер шығаруға мүмкіндік беретін тілдің заңдары жеткілікті білу)

2. Интериоризация деңгейі (сөйлеу әрекетінің ішкі жоспары бойынша пікірлерді іске асыру және қабылдау қабілеті)

3. Сөз байлығы деңгейі (көркем тілдік құралдардың сөйлеудегі әртүрлілігі және байлығы)

4. Адекватты таңдау деңгейі (қарым-қатынас пен нақты сөйлеу жағдаяттарында көркем құралдарды сәйкес қолдана білу – мұнда лингвистикалық тұрғыдан стилистика туралы айтылып отыр)

5. Адекватты синтез деңгейі (тұлға тудырған мәтіннің барлығына оның негізінде жатқан мазмұнды және коммуникативті міндеттер жиынтығына сәйкестігі) [11, 100-101-б.]

2021 жылы мамырда А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында өткен «Әлихан Бөкейханның тілдік тұлғасы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференцияда А.Фазылжан «тілдік тұлға – сөз тудыратын және сөзді қабылдайтын адамның қабілеті мен сипатының жиынтығын білдіретін ұғым», – деп, Ю.Н. Карауловтың пікірін қуаттады. Көптілді тұлға – әртүрлі қарым-қатынас жағдайында бірнеше тілде бірдей деңгейде сөз тудыратын және

сөзді қабылдайтын адамның қабілеті мен сипатының жиынтығын білдіретін ұғым. Қазіргі Қазақстан қоғамы алдыңғы қатарлы озық елдерден қалмау мақсатында көптілділік саясатын алға қойды.

Қорыта айтқанда, «тілдік тұлға» ұғымы – мәтінді (ауызша, жазбаша) тудыру және қабылдай алу қабілетімен салғастырылып қаралатын құбылыс. Ол қабілеті құрылымдық-тілдік күрделілік деңгейімен, шындықты бейнелеудің тереңдігі және дәлдігімен, нақты мақсатқа бағытталушылығымен ерекшеленетіні сөзсіз. Қазақ тіл біліміндегі басты назар тілдік тұлға болып қалыптасудың негізгі қағидаларын анықтау (тегі, туып-өскен ортасы, әдеби және тілдік, ұлттық-мәдени ықпал және т.б.) болып табылады. «Тілдік тұлға» ұғымының лингвистикамен тоғысқан ғылым салаларында біраз уақыт айналымда жүрсе де, әлі де оның зерттелетін, зерделенетін қырлары көп.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Вайсгербер Й.Л. Родной язык и формирование духа: Пер. с нем. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 232 с.
2. Виноградов В.В. О художественной прозе. – М.,Л. 1930. – 360 с.
3. Абай Қара сөз. Книга слов. – Алматы, 1993 – 272 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы, 1992.
5. Сыздық Р. Қазақ сөзінің әсемдік құдіретін жоғалтпалық // Мемлекеттік тіл және рухани мәдениет. – Алматы, 2001.
6. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М., 2002.
7. Богин Г.И. Модель языковой личности в её отношении к разновидностям текстов: дисс.... док. филол. наук. – Л., 1984.
8. Голев Н.Д. Опыт лингвоперсоналогического описания производных текстов (к типологии антропотекстов) // Естественная письменная русская речь: исследовательский и образовательный аспекты. – Часть III: Письменная речь в психолингвистическом, лингводидактическом и орфографическом аспектах. – Барнаул, 2004. – С. 58-63.
9. Сухих С.А., Зеленская В.В. Репрезентативная сущность личности в коммуникативном аспекте реализаций. – Краснодар, 1997.
10. Манкеева Ж. Тілдік тұлға. Х.Досмұхамедұлы бұл деңгейге қалай көтерілді?// <http://anatili.kazgazeta.kz/news/14888>
11. Рублик Т. Г. Языковая личность и её структура // Вестник Башкирского университета. – 2007. – № 1. – С. 99-101.

Матжанова І.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
3-курс докторанты

«ҚҰНДЫЛЫҚ» ҰҒЫМЫН ТАНЫП-ТАНЫТУДАҒЫ ҰСТАНЫМДАР

Қазіргі кезде белгілі бір әлеуметтік топтың құндылық бағдары көбінесе әлеуметтік, философиялық тұрғыдан анықталып отыр. Бұл орайда құндылық бағдарды зерттеумен қатар олардың пайда болуына, туындауына не себеп болғанын айқындау да ерекше маңызды. Әсіресе жастардың, студенттердің қызығушылығы, нені құндылық ретінде танитыны бүкіл қоғамды алаңдататыны жасырын емес. «Құндылық» ұғымы түрлі ғылым саласында – философия, әлеуметтану, педагогика, психология, тіл білімі, мәдениеттану, эстетика, т.б. салаларда зерттелді. Құндылықтарды зерттеуде елеулі үлес қосқан ғалымдардың қатарында Б.Г. Ананиев, В.А. Василенко, О.Г. Дробницкий, В.П. Тугаринов, Е.А. Мамчур, В.Б. Миронов, В.И. Кузнецов, В.А. Ядов, т.б. зерттеушілерді атауға болады. Студенттердің таным әрекетіне мотивациялық-құндылық қатынасы В.И. Додонов, Б.Г. Кузнецов, Е.А. Мамчур, В.Б. Миронов және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде сөз болды. Сондай-ақ білім берудегі «құндылық бағдар» мәселесі туралы В.И. Гинецинский, В.Г. Пряникова, З.И. Равкина, В.С. Собкин, т.т. зерттеушілер сөз етті. Білім беру ісінің даму стратегиясының аксиологиялық басымдықтары туралы Б.М. Бим-Бад, МБ. Богуславский, Н.Д. Никандров, З.И. Равкин және т.б.; білім беру

саласын басқарудың құндылық тәсілдері, педагогикалық қызметтің аксиологиялық сипаты туралы В.И. Гинецкий, В.А. Караковский, Б.З. Вульф, В.А. Слостенин, Е.Н. Шиянов, Н.Қ. Щепкина, В.А. Караковский, Г.Б. Корнетов, Г.Б. Корнетова, А.М. Булынин және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде сөз болды. Қазақстанда «құндылық» мәселесін әлеуметтану, философия ғылымдары тарапынан сөз еткен ғалымдардың қатарында Г.Нұрышева, Н.Мұсаева, Б.Садуов, Б.Боқаев, Г.Әбдірәсілова, Қ.Ашекеева, Б.Қалыбекова, Қ.Халықов, Х.Мұстафа, т.с.с. атауға болады.

«Құндылық», «құндылық бағдар» мәселесін зерттеуге қызығушылықтың жыл санап артуының өзіндік себептері бар: оған, бір жағынан, қоғамдағы түрлі өзгерістер дәстүрлі әлеуметтік құндылықтарға ықпал етсе, екінші жағынан, өзгерістер жаңа құндылықтарды тудырды, адамдардың көзқарас-ұстанымы өзгерді. Бұл мәселе ертеде ойшылдардың еңбектерінде де түрлі қырынан сөз болған еді.

Ертедегі философтар табиғи, қоғамдық құбылыстарды сипаттауда «құндылық» атауының орнына «жақсылық», «шындық», «пайда», «сұлулық» сияқты сөздерді қолданды. Ежелгі Шығыс философтары адамның жан дүниесін зерттеуге ерекше көңіл бөлді. Үнді философтары ғаламның қалай пайда болғаны туралы әртүрлі болжамдар айтып, бастау негізін «брахман» деп атады. Оны «жан» ұғымымен теңестіріп, «таза сананың шоғыры» деп есептеді. Үнді философтарының «Упанишад» (қасиетті ілім) деп аталған қағидасы үздіксіз жетіліп, брахманға жақын болу жолдарын нұсқады [1]. Шығыс пен Батыстың философтары құндылықтарды түрліше сипаттағанымен, ортақ тұстары да болды. Сұлулық пен көріксіздік, жақсылық пен жамандық, бақыт пен сор (бақытсыздық) әр уақытта әртүрлі сипатталғанмен, қайсысының құндылық екені әр кезде де бірдей танылды. Сол кездің өзінде философтар *Шын бақыт дегеніміз не? Адам өмірінің мәні неде? Шындық деген не? Нені сүю керек, нені жек көру керек? Сұлулық деген не?* және т.б. сұрақтардың төңірегінде ойланып, түрлі тұжырымдар жасады. Құндылықтардың кереғарлығы туралы ой толғап, әдемі нәрселер адамды қылмысқа итермелеуі мүмкін екені; әдемі сөздер арам ойды, теріс ниетті жасыра алатыны, сырты сұлу болғанмен, іші басқа болуы мүмкін екені жайында сөз етті. Бұл мәселеге қазақ халқы да ерекше мән бергені мақал-мәтелден байқалады: *Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында. Адамның сырты алдамшы. Сырты қара болғанмен іші сара. Сырты жылтырағанның іші қалтырауық. Нәрсенің сыртына қызықпа, асылы ішінде болар. Ағайынның сырты бүтін, іші түтін. Ағайынмен алыстан сыйласқан жақсы. Биік тауды алыстан көріп, түбіне барма, жақсының атын естіп, үйіне барма* [2].

Мақал-мәтелде ұлттық құндылықтар айқын көрсетілген: *Арық атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас, жаман адамға мал бітсе, қасына қоңсы қондырмас, қондырса да ондырмас. Атасы жақсы көргенін айтады, атасы жаман бергенін айтады. Биікке шықсаң көзің ашылады, жақсымен сөйлессең көңілің ашылады. Бітісі жаман қамысты су ішінен өрт шалар, туысы аман жігітті түйе үстінен ит қабар. Бір сынаған жаманды екі қайтып сынама. Өлшеп-пішпей шамаңды құр жаныңды қинама. Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы сөз – жанның тынысы. Жақсы туса – елдің ырысы, жаңбыр жауса – жердің ырысы. Жақсы жатырқамайды, аңқау алдамайды, әңгі тыңдамайды. «Жақсымын» деп мақтанба халық айтпай, «Батырмын» деп мақтанба жеңіп қайтпай. Әркім жолдас болады амандықта, жаман тастап кетеді жамандықта*, т.б. [2].

Сондай-ақ қазақтың мақал-мәтелінде жақсы мен жаманның сипаты қатар беріліп, параллелизм түзген. Сол арқылы жамандықтан аулақ болуға, адамшылыққа жатпайтын істен бойын аулақ ұстауға, жақсы болуға шақырған: *Жақсыда жаттық жоқ, жаманда жақындық жоқ. Жақсы көргенін мақтап жүрер, жаман көргенін даттап жүрер. Жақсыға қылған жақсылық өмірінше тозбайды, жаманға қылған жақсылық бір күнгідей болмайды. Жақсы қырқында толады, жаман қырқында солады. Жақсы қартайса да, ақылынан танбас, жаман ат қартайса да, жүрісінен танбас. Жақсы кісі текшіл, жаман кісі кекшіл. Жақсы суы тәтті көлмен тең, жаман желі қатты шөлмен тең. Жақсыға ерсең, жетерсің мұратқа, жаманға ерсең, қаларсың ұятқа. Жақсы болсаң – озарсың, жаман болсаң – азарсың. Жақсы сынаумен*

жариды, жаман сынаумен қариды. Жақсыға берсең асыңды, жақсы сыйлар басыңды. Жаманға берсең асыңды, итке тастар басыңды. Жақсы өзін қосып сөйлейді, жаман босқа бөсіп сөйлейді. Жақсыны «жаман» десең, аққұдай мойнын созады, жаманды «жаман» десең, аяғынан тозады. Жақсыны сыйласаң, есінен кетпейді, жаманды сыйласаң, есігіңнен кетпейді. Басыңа іс түскенде жақсы көмектесер, жаман күліп кетер, т.б. [2].

Ежелгі грек ойшылы Гераклит бүкіл ғаламды тірі ағза ретінде қарастырған. Ойшыл «Ғаламды ешкім жаратпаған, ол – мәңгі жанатын от» деп есептеді. Гераклит «Бүкіл жаратылыстың өлшемі – адам» деген ойда болды. Адамнан жоғары нысан ретінде Құдайды атады. Құдай қарама-қарсылықтар заңдылығын тудырған әрі өзі де сол заңдылық» деп есептеді [3, 85-160-б.]. Демокрит Гераклиттің ұстанымын жалғастырып, адамды жаратылысты бағалай алатын таным иесі ретінде сипаттады. Алайда ғұлама «Кез келген адам емес, ақылды адам ғана жаратылысты тани алады» деген тұжырымда болды [3, 85-б.]. Адам ғаламды сезу арқылы танитынын ескерте келіп, Демокрит тәрбиенің маңызы туралы айта келіп, балаларды еңбекке баулу, шындықты іздей білуге үйрету керек екенін айтты.

Сократ білім арқылы жақсы мен жаманды айыруға болатынын негізге ала отырып, білімді құндылық ретінде таныды. Ғұламаның тұжырымдауы бойынша, білім – ой, ұғым. Ол анықтап, талдауды қажет етеді. Сол арқылы адам ақиқатқа жетеді. Сол себепті Сократ білімді құндылық деп есептеді. Сократ «әділет», «ерлік», «бақыт», «ізгілік» сияқты этикалық ұғымдарға анықтама берді. Ғұлама білімді, ақылды адам мейірімді болатынын, адам жақсы мен жаманды ажырата алмағандықтан мейірімсіз болады деп есептеді. «Ешкім өз ықтиярымен қателеспейді» деп тұжырымдаған ғұлама: «Сорлы адам білімсіздігінен бақытқа қол жеткізе алмайды» деп тұжырымдайды [3, 85-160-б.]. Шәкірттерін пікірталасқа түсіру арқылы шындыққа көз жеткізуге шақырды.

Аристотель де білімнің маңызды екенін айтып, бейнетсіз өмір сүру үшін білімді болу керек екенін ескертеді. «Адам білімін, ерік-жігерін жетілдіріп, мінезін көркем ету арқылы мейірімді бола алады» деп есептеді ғұлама [4, 280-б.]. Аристотель мейірімді құндылыққа жатқызды. Ойшыл абырой, байлық, билік сияқты ұғымдарды сипаттай келіп, рухани байлықты бәрінен жоғары қояды. Құндылықтарды екіге жіктеді: этикалық – батылдық, адалдық, әділдік, жомарттық, мәрттік, сыпайылық; дианоэтикалық – ақыл-ой кемелдігі (даналық, сабырлық, ғылым мен өнерге бейімділік). Аристотель дианоэтикалық құндылықты этикалық құндылықтан жоғары қойып, олар туа бітті пайда болмайтынын, оқу-тәрбие, тәжірибе арқылы қалыптасатынын айтады [4, 301-302-б.]. Аристотель игілікті өз ішінен жіктейді: құнды (жан, ізгілік), мақтаулы (мақтауға себеп болатын ізгілік), мүмкіндік (күш, билік, сұлулық), басқа игіліктерді тудыратын себептер (дене шынықтыру) [4, 302-б.]. Ғұлама ізгілік пен ізгі адамды шынайы құндылық деп есептеген [4, 280-б.].

«Екінші ұстаз» атанған ғұлама Әл-Фарабидің ұстанымдары Аристотельдің тұжырымдарымен сабақтас. Әл-Фараби алдымен заттардың мәні мен болмыс арасындағы айырмашылықты анықтады. Ол болмысты «міндетті» және «мүмкін» деп екі категорияға бөледі. Шексіз болмыс – Бірінші Тіршілік Иесі. Бірінші Тіршілік иесі өздігінен тіршілік етеді және ешқандай себепті қажет етпейді. Ол – барлық заттардың тіршілік етуіне себепкер. Қандай болмасын кемшіліктен тәуелсіз, ешбір уақыт өлшеміне келмейді. Үнемі қозғалыс күйінде және өзін-өзі жетілдіреді. Әрқашан белсенді, сондықтан іс-әрекетте мәңгі. Ешбір мақсатқа мұқтаж емес. Бірінші Тіршілік Иесін адамзат ақылы анықтай алмайды. Бірінші Тіршілік Иесі – Жалғыз, сондықтан Тәуелсіз. Бірінші Тіршілік Иесі өзін өзі таниды, Өзінен тыс және Өзіне ұқсайтын затты тануға мұқтажы жоқ. Бірінші Тіршілік иесіне ұқсайтын болмыс жоқ, сондықтан салыстыру мүмкін емес. Бірінші Тіршілік Иесі өзіне өзі тиесілі. Бірінші Тіршілік Иесі материалды емес және материямен мүлде байланысы жоқ. Бірінші Тіршілік Иесі – қозғалыс күйіндегі Ақыл [5, 61-65-б.].

Әл-Фарабидің көзқарасы бойынша, кемел қоғам құру үшін ғарыш пен қоғамдық қарым-қатынастар өзара үйлесімділікте болуы шарт. Ол үйлесімділікке жетудің өзекті алғышарты ретінде көрегенді, көсем, ойшыл адамды айтады. Демек, оның субъектісі де, объектісі де –

адам. Сонда кемел қоғам құруға атсалысатын адам қандай қасиеттерімен ерекшелену қажет? Әл-Фараби өз шығармасында ел билеуші адамның он екі қасиетін былай көрсетеді:

- 1) дене мүшелері кемшіліксіз, қабілетті және сау болуы қажет. Ол осы мүшелердің кез келген біріне қатысты әрекет жасағысы келген кезде, оны өте оңай жасауы тиіс;
- 2) ол өзіне айтылған бар нәрсені жақсы түсініп, қабылдау қабілетіне жаратылысынан ие болуы керек. Айтып жатқан кісінің мақсатына немесе айтылып жатқан нәрсенің логикасына сай оны түсінуі керек;
- 3) түсінген, көрген, естіген, қабылдаған нәрсесін есінде сақтау қабілеті болуы керек. Ешбір нәрсені ұмытпауы керек;
- 4) көкірек көзі ояу, өте ақылды болуы керек. Бір нәрсеге байланысты ең кішкентай бір дәлел көрген кезде, осы дәлел меңзейтін бағытта сол нәрсені жетік меңгеруі керек;
- 5) осындағы нәрсені толық жеткізе алатын көркем сөйлеу қабілеті болуы керек;
- 6) үйренуді, ізденуді сүюі керек, оған өзін арнауы керек, үйренудің қиыншылықтарын жеңіп, қиындықтарға сабыр етуі керек. Бұларды шаршататын, қиыншылық туғызатын нәрсе деп қабылдамауы керек;
- 7) дұрыстықты, дұрыс адамдарды сүюі керек, жалғанды және өтірікшілерді жек көруі керек;
- 8) жеу, ішу мен жыныстық ләззатқа ұмтылмайтын, оларды қаламайтын адам болуы керек. Құмардан бойын аулақ салып, ондай нәрселерден туындайтын ләззатты жек көруі керек;
- 9) рухы биік болуы керек, намысты, жомарттықты сүюі керек, рухы жаман және төмен нәрселерден жоғары болуы керек, ең жоғары нәрселерге қарай ұмтылуы керек;
- 10) күміс, алтын және сол секілді дүниелік мұраттар, нәрселер оның назарында маңызы жоқ нәрселер болуы керек;
- 11) әділетті және әділ адамдарды сүюі керек, қысым мен зұлымдықты және осыларды істейтіндерді жек көруі керек, өзі мен басқаларына байланысты ынсап иесі болуы керек, адамдарды ынсапты болуға шақыруы керек, қысым көрген жандарға жаны ашуы керек, жақсы, дұрыс деп тапқан барлық нәрселерге қолдау көрсетуі керек, әділ болуға, әділетті орнатуға шақырылған кезде, оны жүзеге асыруда құлықсыз болып, қыңырлық көрсетпеуі керек, керісінше әділетсіздік пен жамандықты істеуін талап еткенде оған қарсы болуы керек, табанды, ұстамды және жігерлі болуы керек;
- 12) істелуі міндетті деп тапқан нәрсеге байланысты жігерлі, шешімге берік болып, қорқу мен әлсіздік танытпай, батылдықпен оны жүзеге асыруы керек [5, 43-55-б.].

Әл-Фараби ислам интеллектуалды өміріне орасан зор ықпал етті. Аристотель ілімін түсіндіру мен талдау ісінде ислам перипатетизм мектебі толығымен әл-Фараби көзқарас-рының ықпалында болды. Әл-Фарабидің ғылымдарды жіктеу моделі ислам ойшылдары мен ортағасыр еуропалық ғалымы ойына ерекше ықпал етті. Әбу Бәкір ибн әл-Араби (1076-1148) болмыстың иерархиялық сатылы тұжырымдамасын жалпылама әл-Фарабидің эманация теориясынан алған. Роберт Хаммонд, Әл-Фараби философиясы мен Акуинолық Томас идеяларын салыстыру нәтижесінде екіншісінің философиясы мәні жағынан әл-Фараби философия сын қайталайтынын анықтаған. Тіпті әл-Фарабидің кейбір ойлары мен Жаңа дәуір философы Бенедикт Спиноза (1632-1677) көзқарастары араларында сабақтастық бар.**

XVII ғасырдағы философтары ақылға, ойлай білу қабілетіне ерекше мән берді. Б.Спиноза ерік, еркіндік, адамның жігерін құндылық ретінде қарастырса, Б. Паскаль адамның ойлау қабілетін құндылық ретінде атады. Ф. Бэконның еңбектерінде «ізгілік» ұғымы жеке адамға қатысты және қоғамға қатысты сипатталды. Т. Гоббс құндылықты объективті және субъективті деп жіктей отырып, жақсылықты да, жамандықты да шынайы, жалған деп айырды. Д. Локк «құндылық» ұғымын «пайда» ұғымымен байланыстырып, экономикалық тұрғыдан сипаттады. XVIII ғасырда «құндылық» ұғымы әлеуметтік, экономикалық, моральдық, эстетикалық, психологиялық категория ретінде қарастырыла бастады. Әлеуметтанушылар құндылықтарды белгілі бір тарихи кезеңмен байланыстырмай, түрлі әлеуметтік топтарға, ұлттық мәдениет, жеке тұлғаларға қатысты сипаттады. Құндылықтарды субъективті тұрғыдан сипаттай отырып, Д. Боуес, Л. Шюкинг, т.б. ғалымдар *ақиқат, жақсылық, пайда, сұлулық*

сияқты жалпы адамзаттық құндылықтарды да көрсетті. Зерттеушілер субъективті құндылықтар әр адамның талғамына сәйкес әртүрлі болатынын ескерте келіп, шындықпен сәйкес келе бермеуі мүмкін екенін де айтты. Жалпы адамзаттық құндылықтар жеке адамның танымынан әлдеқайда жалпы, айнымалы болатынын ескертті: сыртқы сұлулық болуы мүмкін, жаны сұлу болуы мүмкін, қимыл-қозғалысы сұлу болуы, мінезі көркем (сұлу) болуы мүмкін, т.с.с.

Құндылықтарды тануда әлеуметтанушылар арасында да түрлі ұстаным болды. Құндылықты түрлі қырынан қарағандықтан, түрлі бағыттар пайда болды: Т. Парсонс арман, мұрат тұрғысынан сипаттаса, Г. Беккер қажеттілік тұрғысынан, Р. Пэнта әлеуметтік орта тудыратын ұғым-түсінік ретінде сипаттады. Құндылықты әлеуметтік позиция тұрғысынан сипаттаудың нәтижесінде жеке адамның әлеуметтенуі, әлеуметтік топтарды эмпирикалық тұрғыдан зерттеу, жеке адамның жан дүниесі, уәжділік жүйесі, т.с.с. туралы ұстанымдар мен тұжырымдарға да елеулі өзгеріс әкелді.

Сонымен, құндылықтардың сипаттамасын үш топқа жіктеуге болады. Бірінші топқа әлеуметтік тұрғыдан берілген сипаттамалар жатады. Онда құндылықтар белгілі бір әлеуметтік топқа тән ерекшелігімен айқындалады. «Құндылық» ұғымын әлеуметтік тұрғыдан сипаттауда қоғамдағы көзқарас, жалпыға ортақ ұстаным басшылыққа алынады. Қоғам мүшелері мақұлдап, дұрыс көрген құндылықтар бәріне ортақ болып есептеледі, әрі ол әр адамға тән болады. Екінші топқа психологиялық тұрғыдан берілген анықтамалар жатады. Мұнда жеке адамның өзіндік пікірі негізге алынады. Үшінші топқа құндылықтарды жалпы адамзатқа тән құбылыс ретінде сипаттайтын анықтамалар жатады. Бұл бағыттағы әлеуметтанушылар мен психологтар құндылықты қоғам мен адамды байланыстыра отырып, мәдениетті ортақ ұстаным тұрғысынан сипаттайды. Яғни құндылықтар – бір ғылым саласымен шектелмейтін, көпқырлы категория. Қоғам дамуына байланысты құндылықтар жүйесі де толығып, жетіліп отырады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Бродов ВВ. Индийская философия нового времени. – М.: Политиздат, 1967.
2. Қазақ мақал-мәтелдері. Құрастырған – А.Ментебаева. – Алматы, 2012. – 172 б.
3. Материалы Древней Греции. – М., 1955. – С. 85-160.
4. Аристотель. Сочинения в четырех томах. – Т. 4. – М.: Мысль, 1984. – 830 с.
5. Әл-Фараби және ислам философиясы // Фарабитану. Оқу құралы. – Алматы, 2019. – 61-65-б.

Ахметұлы Ә.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми қызметкері

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ОҚУ ҚҰРАЛЫ» ТУРАЛЫ

Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» атты кітабы – 1912 жылдан 1929 жылға дейін көп рет қайталанып басылған еңбектірінің бірі. Атап айтқанда, қазірге дейін қолымыз жеткен деректерге сүйенсек, «Оқу құралы» ілгерінді-кейінді 15 рет басылым көрген. Бұл арада бір сөздің басын ашып айта кету керек. Біз тек «Оқу құралы» деген атпен ғана жарияланған оқулықты айтып отырмыз. Осы «Оқу құралының» өзі ішінен «бастауыш мектептің бірінші жылдығына арналған оқу құралы», «үлкендерге арналған оқу құралы», «қазақша әліппеге баяншы оқу құралы» қатарлы бірнеше түрден тұрады. Бұдан сырт, «Әліпби – жаңа құрал», «Сауат ашқыш» деген аттармен жазылған оқу құралдары да бар. Олар туралы реті келгенде жазамыз.

Төменде «Оқу құралы» деген атпен он бес рет қайталай басылған оқулықтардың тізімін көрсетейік:

• Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба. – Бірінші кітап. – Орынбор, 1912. – 40 б.

• Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліп-биге баяншы. – Ташкент, 1912. – 14 б.

- Оқу құралы. Қазақстан басқа түркі, фарсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген. – Алифбаға жалғас екінші кітап. – Орынбор, 1913. – 52 б.
- Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба. – Бірінші жылдық кітап. – Екінші басылуы. – Орынбор, 1914. – 96 б.
- Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппе. – Бірінші жылдық кітап. – Екінші басылуы. – Орынбор, 1915. – 96 б.
- Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алифба. – Бірінші жылдық кітап. – Үшінші басылуы. – Орынбор, 1916. 98 б.
- Оқу құралы. Жаңа жолмен тәртіп етілген қазақша әліп-би. – Бірінші кітап. – Үлкендер үшін. – Екінші рет басылуы. – Семей, 1921. – 30 б.
- Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліп-би. – Бірінші кітап. – Орынбор, 1921. – 90 б.
- Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппеге баяншы. – Ташкент, 1921.
- Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша алип-би. – Бірінші жылдық кітап. – Төртінші басылуы. – Ташкент, 1922. – 95 б.
- Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліп-би. – Орынбор, 1922. – 70 б.
- Оқу құралы. Қазақша әліп-би. – Алтыншы басылуы. – Орынбор, 1923. – 72 б.
- Оқу құралы (қазақша әліппе). – Жетінші басылуы. – Орынбор, 1924. – 72 б.
- Оқу құралы. (қазақша әліп-би). – Жетінші басылуы. – Орынбор, 1925. – 72 б.
- Оқу құралы. III-IV жылдарда оқылатын кітап. – Үшінші басылуы (75 суреті бар). – Қызылорда, 1927. – 412 б. (Т. Шонановпен бірге).

Міне, бұлар – «Оқу құралы» деген атпен басылған оқулықтардың тізімі. Осы он бес қайтара басылған «Оқу құралының» әр жылдардағы басылымдарында айтарлықтай айырмашылықтар бар.

1. 1912-1914 жылдар арасында «Оқу құралы» тек бірінші сыныпқа арналған әліппе ретінде таратылып отырды. Бұл жылдары оқулық бірінші, екінші бөлім болып екі бөлек басылды. Бірінші бөліміне «Оқу құралы» (Қазақша алипба)» деп берілсе, екінші бөлімі «Оқу құралы (қазақтан басқа түрік, араб, парсы сөздеріне жазылатын харыптарды үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген, әліппеге жалғас, екінші кітап)» деп беріліп отырған. Яғни осы жылдар арасында бір ғана «Оқу құралының (әліппе)» өзі екі бөлімнен тұратын, шағын екі оқулық есебінде болды.

2. 1914 жылы Орынборда шыққан «Оқу құралында» бұған дейін екі бөлімнен тұратын екі шағын оқулық біріктіріліп, баспадан бір оқулық ретінде шықты. Осы үрдіс 1925 жылға дейін жалғасты. Дегенмен 1922 жылдан бастап араб, парсы тілдерінен кірген дыбыстарды таңбалайтын әріптерді таныстыратын екінші бөлімді автор барынша ықшамдап берді. Яғни бұған дейін екі бөлімнен тұратын оқулық 90 беттен асып жығылса (1921 жылы 90 бет, 1922 жылғы Ташкент басылымы 95 бет), 1922 жылғы Орынборда шыққан «Оқу құралынан» бастап, 1923, 1924, 1925 жылдары түгелдей 72 бет болып шыққан. Бұл реттерде кітап авторы шет тілдерінен енген әріптерді таныстыратын отыз бетті түгелдей қысқартып, тек оқулықтың ең соңында «Қазаққа басқа тілден қатысқан сөздер үшін алынбаған дыбыс таңбалары» деп алты әріпті ғана көрсетіп берген. Ал бұған дейінгі басылымдарда кітап авторы араб, парсыдан енген әріптерді (дыбыстарды) барынша жіңішкелікпен түсіндіріп отырған. Тіпті араб жазуында көп кездесетін қаракат, сүкін, т.б. ерекшеліктеріне дейін көрнектілендіріп көрсеткен. Осыған қарап, 1922 жылдың соңына қарай Ахмет Байтұрсынұлы «Оқу құралдарын (әліпбені)» қазақ балаларына оқытуда «араб, парсы дыбыстарын үйретудің қажеті жоқ» деп тапқанын мөлшерлеуге болады. Дегенмен араб пен парсы әріптерін, тіпті «Құран» аяттарын қазақша әліппеге қосып оқыту Ахметке дейін оқулық жазған Нұғыман Манаев, Мұхамметкерім Дибердиев, Қоңыр Қожа, Мұстахим Малдыбаев, т.б. оқулықтарында да кездеседі.

3. Жоғарыда атап отырғанымыз – тек қана бастауыш мектептің бірінші жылдығына арналған «Әліпбе» орнына қолданылған «Оқу құралы». Яғни атап өткеніміздің бәрі ішіндегі азды-көпті өзгешелеліктеріне қарамастан, бір оқулық саналады.

Оқулықтың аты «Оқу құралы» болғанымен, ішкі мазмұны аталып өткен әліппеге ұқсамайтын мынадай бірнеше «Оқу құралы» да бар.

1) Оқу құралы. Усул сотие жолымен тәртіп етілген қазақша әліппеге баяншы. – Ташкент, 1921 (10 000 дана)

Ұлт ұстазы бұл қолданбалы материалды оқушыға емес, оқытушыға арнайды. Ғалым өзінің он бес жылдық оқыту тәжірибесі мен он жылдық оқулық жазу тәжірибелерін жинақтай келе, оқытушыларға да осындай көмекші құрал керек екенін аңғарып, «Оқу құралына баяншы» деп осы шағын кітапшасын шығарған. Автордың «Баяншы», «Тіл жұмсар» деген атпен жарық көрген басқа да көмекші құралдары бар. Олар да оқытушының оқушыға білім беруінде көмекші құрал ретінде жазылған. Аталған кітаптар жөніндегі түсінікті сол кітаптар туралы арнайы тоқталған беттерден оқи аласыз.

2) «Оқу құралы» деп аталғанмен, ішкі мазмұны жоғарыдағы «Оқу құралдарына» ұқсамайтын оқулық: Оқу құралы. Жаңа жолмен тәртіп етілген қазақша әліп-би. – Бірінші кітап. – Үлкендер үшін. – Екінші рет басылуы. – Семей, 1921. – 30 б. (120 мың дана)

Отыз беттен тұрса да, аса көп таралыммен (120 мың дана) басылған бұл оқулық сол кездегі заманауи зәруліктен туындағаны белгілі. «Үлкендер үшін бірінші кітап» деп аталған оқулықтың да жоғарыда атап өтілген бастауыш мектепке арналған «Оқу құралынан» өзгешелігі көп. Яғни бұл оқулықта үлкендердің сауатын ашуға сәл жеңілдетілгені байқалады. Ахмет Байтұрсынұлының үлкендердің сауатын ашуға арнаған оқу құралы бұл ғана емес, бірнеше рет басылған «Сауат ашқыш» атты оқулығын да айтуға болады. Әсіресе 1926 жылы аса көп таралыммен шыққан бұл кітаптың да іші құнарлы мазмұндармен жинақталған. Бұл тұрғыдан 1926 жылғы «Сауат ашқыш» 1921 жылғы үлкендерге арналған «Оқу құралының» біршама кемелді нұсқасы деуге болады. Себебі тоқсан беттен тұратын көлемді оқулыққа енген мазмұндар да үлкендерге арналған «Оқу құралынан» әлдеқайда кең. «Сауат ашқыш» оқулығы туралы арнайы тақырыпта мәліметтер беріледі.

3) Аталып өткен «Оқу құралдарынан» мүлде бөлек бір оқу құралы 1927 жылы басылып шыққан, Ахмет Байтұрсынұлы мен Телжан Шонанұлы бірлесіп жазған оқулық: Оқу құралы. III-IV жылдарда оқылатын кітап. – Үшінші басылуы (75 суреті бар). – Қызылорда, 1927. – 412 б. (Т. Шонановпен бірге).

1923 жылы жазып бітіріп, сол жылы баспадан шығаруға үлгірмей, 1926-1927 жылдары бірнеше рет баспадан шығарған бұл оқулық үшінші, төртінші жылдықтарға арналған. Көлемі аса үлкен, мазмұны бай оқулықтардың бірі.

Қорыта келгенде, қазірге дейін қолда бар мәліметтер мен материалдарға сүйенсек, «Оқу құралының» бірінші сыныпқа арналған нұсқасы он екі рет басылым көрген. Ал «Үлкендерге арналған оқу құралы» мен «Оқу құралына баяншы» атты көмекші құрал неше рет басылым көргені әрі қарай зерттей түсуді қажет етеді. Ахмет Байтұрсынұлы Телжан Шонанұлымен бірге жазған үшінші-төртінші сыныптарға арнаған көлемді «Оқу құралының» үш ретке дейін басылғаны анық.

Жоғарыда біз қолымыз жеткен материалдарға сүйене отырып, біраз ақпаратты ғылыми қауымға жеткізуге тырыстық. Дегенмен біздің қолымыздағы тізімде бар болғанымен, кейбір оқулықтың өзі табылмай отыр. Қазірге дейін он бес рет қайталай басылды деп отырған «Оқу құралдарымыздың» тоғызына қолымыз жетіп отыр. Осы тоғыз басылымның арасындағы айырмашылықтарды үлкен жақтан көрсеттік. Оқу құралдарының бірінші жылдыққа арналған оқулығы он шақты рет басылып шықса, екінші жылдыққа арналған нұсқасы бір де бір рет кездеспеуі – толғандыратын жағдай. Т.Шонанұлымен бірге үшінші, төртінші сыныптарға арнап оқу құралын жазғанына қарап отырып, «ғалымның екінші сыныпқа да арнаған оқу құралы болуы мүмкін» деген ойға келеміз. Ал «Оқу құралдарының» кейбірінің үшінші, төртінші басылымын қолға алғанымызбен, оған дейінгі басылымдарына көз жеткізу қиынға

соғып отыр. Жыл сайын өмір ағысына, заман талабына сай оқу бағдарламаларын да өзгертіп отырған ғалым А.Байтұрсынұлының басқа кесек еңбектерін былай қойғанда, тек «Оқу құралы» деген атпен басылған оқулықтарының өзін хронологиялық тұрғыда тайға таңба басқандай етіп көрсету мүмкін емес. Себебі біз жіңішкелікпен емес, тек үлкен жақтан қарағанымызда, жоғарыда атап өтілгендей айырмашылықтарға көз жеткіздік. Автор кітаптарының әр жылғы басылымдары туралы айтпас бұрын бір жылдағы бірнеше басылымының арасында да азды-көпті айырмашылық барына көзіміз жетіп отыр. Осыларды ескеріп, аталған оқулықтың ондаған нұсқасын түгелдей салыстырып шығуға тура келеді.

Барменқұлова А.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
кіші ғылыми қызметкері

Тлегенова Г.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
ғылыми қызметкері

МӘТІНДЕР КОРПУСЫНА МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ННОТАЦИЯ ЖАСАУДАҒЫ СТАТИСТИКАЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР АЛУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазіргі кезде ғылымның даму сатысында жаңа инновациялық бағытта зерттеліп, жазылып, жасалып жатқан жұмыстарға ерекше мән беріп отыр. Статистикалық әдіс басқа математикалық әдістерге қарағанда тіл зерттеу ісіне бұрынырақ және тұрақты сипатта енді деуге болады. Бұл әдістің қажеттілігі айқын, ол қазіргі кезде тілшілердің арасында айтарлықтай күмән туғызбайды. Белгілі орыс ғалымы Б.Н.Головин ертеден-ақ сандық сипаттың тіл категориялары мен оның элементтеріне объективті түрде тән болуынан, сонымен бірге сапалық және сандық сипаттарының өзара қатынастылығы тілдің қатынас құралы ретіндегі қызметі мен даму сатысындағы объективтілігінен тілді сандық тұрғыда зерттеу қажеттілігі туындады деп түсіндіреді [1, 191-б]. Зандылықтарды байқау мен оның нәтижелерін математикалық жолмен өңдеу арқылы тілдік жүйені анықтау оны танып білудегі лингвистикалық статистикаға әрі табиғи, әрі ғылыми бетбұрыс болып саналады. Нәтиженің дәлдігіне, тұжырымдардың объективті болуына талпыну – барлық ғылымдар саласына тән жағдай. Ал қоғамда ғылымдар саласына ерекше дәлдікті қажет ететін сала – статистикалық лингвистика деуге болады.

Статистикалық әдістің тіл саласындағы қолдану тарихын сөз еткенде, осы әдісті тұңғыш рет ұсынған орыстың белгілі математик-ғалымы В.Я.Буняковскийдің атын атамай кетуге болмайды. Тілді зерттеуде сандық деректерге жүгінудің қажеттілігін дәлелдеулерінде деректерді көптеп келтіруге болады (И.А.Бодуэн де Куртенэ, А.М.Пешковский, М.Н.Петерсон, Е.Д.Поливанов, В.В.Виноградов және т.б.). Мысалы, белгілі ғалым И.А.Бодуэн де Куртенэ «Тіл білімінде математикалық ойлауды жиі қолданып, сандық деректерді қолдану арқылы оны нақты ғалымдарға барынша жақындату керек» деген ұстанымды басшылыққа алды [2, 57-б]. Мәселен, Ф.П.Головин тіл ғылымына сандық сипаттың тән екендігін, сондықтан тілші-ғалымдардың көпшілігінің тілдік деректерді сипаттағанда сандық ұғымдарға жүгінетіндігін айтады [1, 22-б].

Тілді сандық ұғымдарға жүгініп баяндау қазақ тіл білімін зерттеуші ғалымдарға да тән. Белгілі тілші-статист ғалымдар Қ.Бектаев, С.Мырзабеков т.б. қазақ тілінің статистикасын зерттеген. Осы кезеңдерде қазақ тілінің грамматикалық форматтарын статистикалық жолмен зерттеуге ерекше көңіл бөліне бастаған болатын. Тұңғыш рет қазақ тіл білімінің тарихында бір ғана автордың Абайдың жазба түріндегі шығармалар толық қамтылып, әр сөзі мен сөз тіркестерінің қолдану жиілігіне көңіл бөлінді. Абайдың тіл байлығы, саны мен сапасы жайлы

жайттар тілшілердің арнайы зерттеулеріне айналды. Сөйтіп, орыстың ұлы ақыны Пушкин тілі сөздігі тәріздес – «Абай тілі сөздігі» жасалды [2, 734-б].

Қазақ тіліндегі жалғаулар мен олардың құрылымдық сөз таптары, кірме сөздер, сөз тіркестерінің статистикасы сияқты мәселелермен А.Белботаевтың ғылыми ізденістерінде қарастырылды [3, 18-б]. Әсіресе қазақ тіл білімі бойынша зерттеулерінде сөз таптары негізінде мәтіндерге берілетін сипаттамаларды, олардың байланыстарын анықтауда статистикалық әдістер бұдан бұрын ешбір жерде қолданылмаған болатын. Бұл проблема бойынша теориялық негіздерді Қ.Бектаевтың «Түркі мәтіндерінің статистикасы-информациялық типологиясы» атты монографиясында ұсынылған болатын [4, 183-б]. Мәтіндердегі сөз таптарының сандық мәліметтерін пайдаланып, мүмкіндігіне қарай математикалық статистикаға сүйене отырып, тілдік қолданыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындауға болады. Соның нәтижесінде мәтін мазмұнын ашудың формальді жақтарын айқындау. Статистикалық зерттеу тәжіриелері бойынша олардың қолдану жиілігін анықтау үшін кейбір шараларды алдын ала белгілейтін бағдарламаларды іске қосуымыз керек. Әрине, көбінесе мәтіндердің ішінде мұндай белгі-код енгізу статистикалық ізденістің бағыт-бағдарына байланысты атқарылады. Қазақ тілін статистикалық әдіспен зерттеу тәжірибесінде тіліміздегі сөз таптарын қолдану сипатын ажырату үшін (жиілігін) мәтінге шартты белгілер енгізудің түрлі мүмкіндіктері бар.

Сөйтіп, қолданбалы тіл білімінің бүгінгі таңда «Статистикалық лингвистика» деп айталып жүрген жаңа саланың алғашқы нышандары мен белгілері міне осылардан бастау алады. Осы ғалымдардың пікірлерін негізге ала отырып, қазақ тілін математикалық жолмен өңдеу арқылы анықтау, тілдік жүйелерді танып білу, сөз таптарының мөлшері мен олардың өз ішіндегі ара салмағын, реттік орын-тәртібін, байқау, дәлдік пен объектілікке ұмтылу статистикалық әдіс арқылы компьютерлік технологияны пайдалану, тілдік мәселелердің шешімін тез арада табу. Міне, осындай заңдылықтар бізді бұл тілдік бірліктердің мәтіндер корпусына морфологиялық аннотацияда Статистикалық талдауды жасауға итермелейді. Жалпы тілдің статистикалық мәселелерінің сөз етілуі – бұрыннан бар дәстүр. Дегенмен де бұл құбылыстарды мәтіндер корпусының жемісі деуімізге болады. Лингвостатистикалық талдау жасау үшін тілдік материалдарды компьютердің көмегімен 2000-сөз қолданысты алып, морфологиялық талдау жасаймыз.

Келешекке статистикалық әдістерді пайдалана отырып, тілдік бірліктердің мәтіндегі қолдану жиілігін анықтау, олардың мәтінді қамту пайызын айқындау аса қажетті проблема болып отыр. Әрине, статистикалық мәліметтерді сипаттау алдында мәтіндер корпусындағы мәтіннің көлеміндегі әрбір лингвистикалық бірліктерді статистикалық сенімділік шартын қанағаттандыратынына көз жеткізуіміз керек болады. Бұл шарттың орындалуы зерттеліп отырған лингвистикалық бірліктерді белгілі бір ортақ белгілер арқылы топтастыру немесе мәтін көлемін ұлғайту арқылы шешуді қажет етеді.

Қазақ тілінің қолданбалы саласының, нақтырақ айтқанда, статистикалық лингвистиканың алдына қойған мақсаттарының бірі – сөз табының лексикалық (семантикалық), грамматикалық (морфологиялық және синтаксистік) белгілері арқылы, яғни осы үш белгінің негізінде статистикалық зерттеулер жүргізіп, сөздің мағынасын, морфологиялық формасын мен синтаксистік қызметтерін сандық деректер арқылы танып білу. Статистикалық зерттеудің тәжірибесі арқылы олардың қолдану жиілігін анықтау және бағдарламаларды іске қосу. Мәтіндер корпусындағы мәтіндер әртүрлі болған сайын олардағы сөз таптарының сандық сипаттары да соғұрлым жалпы тілдік негізде айқындала бермек. Мәтіндер корпусында орташа алағанда сөз таптары 75,54-85,91% аралығында. Бұл жерде байқайғанымыз, зат есім мен етістік сөз таптары тіліміздегі негізгі сөз таптары екендігі, екіншіден, екі сөз табының грамматикалық қарама-қатынасқа көп түсетіндігі, сөйтіп сөз формалар мен сөз тудырушы және сөз түрлендіруші грамматикалық формаларда өнімді қолданатындығын көрсетеді. Ал, осындағы мәтіндер корпусындағы сөз таптары бойынша проценттік мөлшерінің молдығын, бірақ әлі де болса реттік орындарының тұрақсыздығын қалай түсіндіруге болады?

1. Зат есім де, етістік қашаннан атауыш сөз таптарының ішіндегі ең үлкен сүбелі сөз таптары. Бұл жайды бұдан бұрынғы зерттеулерде дәлелденіп жүр.

2. Бұл екі сөз табы да формалық жақтан өзгеруде өздеріне тән ерекшеліктері бар. Атап айтқанда, зат есім барлық жалғаулардың барлық түрлерімен өзгере алады, ал ал етістік зат есімге қарағанда түрлену мүмкіндігі мол.

3. Етістіктің сөз формаларының бірінші орында көрінуі – шығармаларда байқалады.

4. Мәтіндер корпусында біз атап көрсеткен сөз таптарынан басқа – шылау, сан есім, еліктеуіш, одағай, модаль сөздер сияқты сөз таптары бар. Олардың реттік орын тәртібі жайлы қазір нақтылы пікір айтуға әлі де ерте сияқты.

Біздіңше мұның екі түрлі себебі бар: бірінші себебі – сөз таптарының әлі де болса мәтіндер корпусында бір қалыпты жүйеде көрінбеуінен, түрленіп жұмсалыуынан да болуы мүмкін, екінші себебі – мәтіннің не жанрлық, не авторлық стиліне байланысты болуы да мүмкін. Жоғарыдағы сөз таптарының көрінісі реттік заңдылық, не тұрақтылық әлі де болса зат есім, етістік, үстеу, есімдік сөз таптарынан күтуге болады. Шамасы, бұл – уақытпен шешілетін тілдің дамуына байланысты құбылыс болса керек. Әбіш Кекілбаевтың шығармасында аса жиі қолданылатын сөз тұлғалардың қатарына есімдіктің түрлерін жатқызуға болады: жіктеу есімдіктері: *мен, сен, ол, оның*; сілтеу есімдіктері: *мынау, осы, анау, бұл*; өздік есімдіктері: *өз, өзі, өзінің*; сұрау есімдігі: *не?* Өйткені кез келген есімдік тілде қолданушының мақсатына қарай есімнің барлық түрлерін, сондай-ақ етістіктен болатын орнына қолданылады. Мұның өзі шығармадағы олардың жиі қолданысын анықтау біздің статистикалық мәліметтеріміздің дұрыстығының дәлелі бола алады. Үстеулердің ішінен де жиі қолданылатындардың қатарына негізінен «*қашан?*» деген сұраққа жауап беретін *енді, қазір, дәл, бүгін* сияқты мезгіл пысықтауыш қызметіндегі үстеулер мен «*қандай?*» деген сұраққа жауап беретін *ең, дәл* деген анықтауыш қызметіндегі үстеулер кіреді. Шығарманың ішкі мазмұнында уақыт факторы маңызды рөл атқарады, сондықтан оның реңктік мәндерінің кейде айқын, кейде бәсең, көрінуі заттың сипатын, қимылдың немесе белгілі бір құбылыстың мөлшері мен көлемін білдіруге жоғарыда келтірілген үстеулердің жазушының құралы ретінде жиі қолданылады. Аса жиі қолданылатын сөзтұлғалардың қатарына сын есімдер де кіреді. Сапалық *үлкен, қатты, қалың, жақсы, қар, жаңа, соң* түбірлерінен жасалған туынды сын есімдер *жаңағы, соңғы*. Тілде бұлардың барлығы сапалы сын есімдер заттар мен құбылыстардың сипатын білдіргендігіне байланысты шығармада жиі қолданылады. Жалпы сын есімдердің өзі қолданылуына қарай жиі кездесіп отырады.

Біз сипаттап отырған аймаққа зат есімдердің ішінен үш түрлі сөзтұлғалар енді. Біріншісіне шығарманың басты кейіпкерлердің есімдері жатады – *Қаржау, Абай, Құнанбай, Ербол*. Осы жерде айта кететін бір жайт кейіпкерлердің *Қаржау* есімі атау тұлғада келумен қатар (*Қаржаудың*) және барыс (*Қаржауға*) тұлғаларында келеді.

Екіншісіне нақты заттардың атауын білдіретін сөздер жатады: *кісі, үй, тас, тау* және абстарктілі зат есімдер. *сөз, құн*. Бұл сөздердің барлығы қазақ тілінің сөздік қорының актив қорына жатады. Тек *құн* сөзі ғана қазір көбіне *өзіндік құн* тіркесінде қолданылады. Осы сөздер шығарманың сөздік құрамын жасауда басты рөл атқарған деуге болады.

Зат есімдердің үшінші түріне *кезде, ішінде* сөздері кіреді. Олар мағынасына қарағанда үстеулерге жақын келгенімен, біз оларды кез және іш түбірлеріне тәуелдік жалғаулары *i-іш + i* мен табыс септігі *-де, -нде* (*кезде, ішінде*) жалғанып тұрғандықтан зат есімге жатқызамыз.

Сан есімдердің ішінен жиі қолданылатын тізімге *бір, екі, жалғыз* сөзтұлғалары енді. «*Бір*» сөзі қазақ тілінде болсын, бастапқы мағынасы толық та, жартылай да сақтай отырып өте жиі жұмсалынады. Мәселен, *бір адам* деген тіркес адамның біреу екендігін және белгісіз біреу екендігін білдіреді. Оның қай мағынада екендігін мәтіннен ажыратуға болады. Бірақ «*бір*» сөзінің осы көп мағынасының ішінен статистикалық санауда негізінен сан есім мағынасы есепке алынды. «*Екі*» сөзінің «*бір*» сөзі сияқты бірнеше мағынасы жоқ, сондықтан ол тілде тек сан есім мағынасында жұмсалады. Оның шығармадағы жиі қолданылуын автордың салыстыру, теңестіру, қарсы қою және тағы басқа қолдану барысындағы шығармашылық тәсілі деп

түсіндіруге болады. Жалғызбастылықты білдіретін *жалғыз* және *жалқы* сөздерінің эмоциялық бояуы қанық. Осындай қолданыстарға лайық сөз болғандықтан оның жиі ұшырауы заңды құбылыс деуге болады. Сонымен, бұл келтірілген мысалдардан алынған статистикалық сипаттамалардың теориялық және қолданбалы тіл білімінде қаншалықты құндылығын көрсетумен қатар, көптеген болжамдар береді. Бұл болжамдардың құнды болуы және оларды статистикалық тәсілдермен зерттеуге болады.

Қорыта келгенде, статистикалық лингвистика саласына қатысты зерттеулер жоғарыда келтірілген қысқаша шолудан байқайтынымыз, мұндағы зерттеу аясының кеңдігі және бұл әдістің әмбебаптық сипаты. Лингвостатистикалық зерттеулерде қажетті таңдама көлемін анықтау үшін моделі таңдалған мәтіндер корпусын статистикалық жағынан сенімді мөлшердегі сөздігін алу қажет болған жағдайда зерттеуге алынған мәтіндер жайында алдын ала мағлұмат алуға, оны бағалауға мүмкіндік беретін қатынасты қателік шамасын анықтау үшін статистика әдісін қолданамыз. Статистикалық әдіс арқылы сөз таптарын, тән ерекшеліктерін ескере отырып, баяндалған жолмен іске асыруға болатындығына сеніміміз мол. Статистикалық зерттеулер қазақ тіл білімі үшін көп күтірмейтін болашақтың ісі болмақ.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Головин Б.Н. Язык и статистика. – М., 1971. – 191 с.
2. Виноградов В.В. Современный русский язык. Введение в грамматическое учение о слове. – М., 1938. – С. 57.
3. Мырзабеков С. Қазақ тілін зерттеуде санды пайдалану // Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. – Алматы, 1975.
4. Бектаев К. Статистико-информационная типология тюрского текста. – Алма-Ата, 1978. – 183 с.

Нұрбеков Т.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ СИПАТ

Бүгінгі қоғамның басты мәселесі – жас ұрпақты жаңа әлемдік дамуға лайықты жан-жақты дамыған парасатты адам ретінде қалыптастыру, ұлттық рухани құндылықтарымыздың мәнін ашу. Әрбір ұлттың өзіндік салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтары бар. Қазақ халқы – жаратылысынан қаны таза, көреген, текті халық. *Ұлттық құндылық* дегеніміз – әр ұлттың өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Әрбір ұлттың қалыптасуында ұлттық құндылықтың алар орны ереше. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық құндылықтардың маңызы зор. Өйткені сан ғасырдан бері тәрбиелік мәнін жоймай, салт-дәстүрмен астасып, рухани құндылықтар мен ізеттіліктің асқан жоғарылығымен ұрпақтан ұрпаққа келе жатқан ұлттық құндылықтар баланың адам болып қалыптасуында зор маңызға ие.

XX ғасырдағы адамзат тарихын репрезентациялау, қайтадан ой сүзгісінен өткізу әсіресе белгілі бір халықтың ғылыми қауымдастығының міндеттерінің біріне айналды. Адамзат дамуының қазіргі кезеңінде, жаһандандудың жаңа сатысы – мемлекеттердің десуверенденуі жағдайында өзін сақтап қалуға ұмтылған елдер үшін, соның ішінде посткеңестік ел болып есептелетін Қазақстан үшін қоғамдық құрылымның барлық саласын модернизациялау өзекті болып отыр. Бұл процестің табысты жүзеге асырылуы әдетте мемлекет басшылығының оны саналы түрде ұғынып, жүйелі жүргізуіне байланысты. «Мәңгілік ел», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» және тағы басқа ресми бағдарламалық құжаттар еліміздің саяси басшылығы – осындай қажеттілікті жақсы түсініп отырғанының нақты дәлелі.

Модернизация, жаңғыру ісі қоғамдық сананың құрамдас бөлігі болып саналатын тарихи сананы дамытумен тікелей байланысты, себебі еліміздің әрбір азаматы өз елінің әлемдік мәдени кеңістігіндегі орнын, ұлтының тарихын, олардың адамзат тарихындағы рөлін танып-білмесе, ешқандай жаңғыру табысты болмайды. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық көркем сөз

байлығының қайнар көзі болып саналатын фольклордың жекелеген ұсақ жанрларын зерттеп-зерделеудің маңызы айрықша екені даусыз. Ұлттық рухани қазынаға балап отырған фольклорлық туындыларда молынан кездесетін халық ертегілер де – біздің зерделеуімізде – халық ауыз әдебиетінің күрделі де тылсым саласы. Тәуелсіз мемлекетімізді мәңгілік елге айналдырудың алғышарттары – туған тарихымыз, ұлттық мәдениетіміз бен ана тіліміз екеніне дау жоқ. «Жолы қатты, дәмі тәтті» тәуелсіздігіміздің басты белгісі саналатын үш тұғырымыз биік болған жағдайда ғана әлем кеңістігінде өзіндік орнымыз бар, келешек үлесіне баянды болашақ сыйлайтын ел болатынымыз хақ.

Қазақ халқы – басқа да түркі халықтары секілді қиын да бай тарихты басынан кешірді. Тоталитарлық жүйе қысымын түрік, эзербайжан, өзбектерге қарағанда халқымыз көп көрді. Ғасырға жуық мойнымызға киілген бодандықтың қамытынан тәуелсіздік тұғырына көтерілген кейін ең алдымен жоғалтқанымызды түгендеп, мәдени мұрамызды зерделеуге ұмтылдық. Жабайы күн кешкен, көшпенді тұрмыста ешқандай мәдени құндылықтары болмаған ел ретінде бұрмаланған халқымыздың шын мәнінде бай да қызықты тарихы, жоғары мәдениеті, қазақтардың ғана емес әлемдік деңгейде танылған ұлы ғұламалары болғаны дәлелденуде. Дегенмен осы кезге дейін қалыптасқан рухани қазынамыз түгелдей дерлік түгенделіп, оның шынайы құндылығы әлі де анықталып біткен жоқ. Көшпенді ғұмыр кешкен қазақ халқының бүгінгі таңдағы әрбір жетістігі мен өрлеуі – өткен тарихи соқпақтар мен рухани қайнарлардың жемісі.

Қазақ халық ертегілері – халықтың рухани-мәдени мұрасы. Фольклор жанрының белсенді жанры ретіндегі ертегілерді зерттеу өткен ғасырлардан басталды. Әсіресе Ю.Д.Апресян, И.В.Черемысина, Б.А.Серебринников, В.Н.Телия, Э.Д.Сулейменова, Н.Н.Аитова, А.Т.Қасымбекова, т.б. еңбектерін ерекше атап көрсеткен жөн. Негізінде халық ертегілерін зерттеуде В.Я.Пропттың «Қиял-ғажайып ертегінің морфологиясы» атты еңбегі түбегейлі өзгеріс алып келді. Осы еңбектен бастау алған ертегілерді жан-жақты талдау бүгінгі таңда ғаламның концептуалдық негізін зерделеуге ұласты.

Қазақ халық ертегілері халқымыздың көркем ойлау ерекшеліктерін, эстетикалық және тарихи танымын аңғартады. Фольклорлық туындыларға тән авторсыздық, көпнұсқалық қасиеттері халық ертегілеріне де қатысты. Сондай-ақ жазба әдебиеттен бұрын қалыптасқандықтан, мәдени құбылыс ретінде ауыздан ауызға жетіп, тараған. Көптеген фольклорлық жанрлар секілді қазақ халық ертегілері де бірде поэзиялық, бірде прозалық түрде жазылып, синкретті сипаты басым болып келеді. Бұл да қазақтың халық ертегілерін фольклорлық туынды ретінде зерттеу қажеттілігін анық аңғарта түседі. Өйткені фольклордың өзі – көп салалы синкретті өнер. Олай болса, фольклорлық жанрларға тән тарихилық, этникалық, эстетикалық қасиеттер халық ертегілерінің өн бойында толып тұр. Халық ертегілерінің мазмұнында өткен тарих шежіресі, халықтық таным, ұлттық құндылық, рухани нәр толып тұр. Ал, олардың әдеби-көркемдік ерекшелігі туралы көптеп айта беруімізге болады.

Ендігі кезекте әлемнің тілдік бейнесі қалай беріліп тұр, соны талдап көрелік. Адамзат тарихының дамуы барысында ертегілердің өн бойында тарихпен тығыз байланысты тілдік бейне тұнып тұр. Қазақ халқы – көшпелілер қатарына жатқанымен, ойлау дәрежесі, ұрпақ тәрбиесі тұрғысында ертеден-ақ өзіндік ұстанымы, ерекшелігі болған. Ертегілер баланың ой-өрісін ұлттық негізде жетілдіріп, дүниетанымын ұлттық тұрғыда дамытуды көздейді.

Қазіргі тілтаным ғылымында объективтік дүниенің айқындалу мәселесі көп жағдайда екі әлемнің іріктеліп сәйкестендірілуі түрінде көрініс табады: ғаламның концептуалдық бейнесі мен ғаламның тілдік бейнесі және оларға қатысты ғаламның мәдени бейнесі де келтіріліп жататыны белгілі. Бұл жіктелімдер тілдің іргелі қасиеттеріне негізделеді: антропоэзектік және жүйелілік. Жалпы, «ғалам бейнесі» термині ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында физика ғылымының аясында пайда болған. Бұл терминді алғаш рет ғылыми қолданысқа енгізген ғалымдар – Г.Герц пен М.Планк табиғаттың нақты заңдылықтарын айқындайтын физикалық ғылыммен қалыптастырылатын «әлем бейнесі» ретіндегі ғаламның физикалық бейнесі деп түсінген [1]. Орыс ғалымы Б.А.Серебринниковтың пікірі бойынша: «Ғалам бейнесі

– үлгі, бейне, бір жағынан қарағанда, адамнан тыс дүниенің интерпретациясы, ал, екінші бір қырынан, ол – сол дүниенің бір бөлігі... Бұл адаммен жасалатын бейне, онда тек ғалам ғана суреттелмейді, сонымен қатар сол бейнені жасаушы адамның өзі де сипатталады» [2]. Ал жас ғалым А.Қасымбекованың пікірінше, «ғалам бейнесі» дегеніміз – ақиқат болмыстың тек көшірмесі емес, ол қоршаған ортаның бейнелі түрде берілуі, ал мұндай жағдайда әдетте нысанның кейбір белгілері берілмей қалып, тек маңызды деп саналатындары ғана таңбалатыны сөзсіз. Ғаламды «көрсетуші және қалыптастырушы»[3].

Өз пайымдауымызша, «әлемнің тілдік бейнесі» дегеніміз – дүниетанымдық тұрғыда жаратылыс жайындағы көзқарастар мен ой-пікірлердің тілдегі көрінісі. Ендеше, фольклордағы ғаламның тілдік бейнесі – ақиқат болмыстың санадағы жүйелі бейнесі. Осыған дейінгі зерттеулер нәтижесінде бүгінгі таңда «концептуалдық», «ғаламның концептуалдық бейнесі», «менталды», «ғаламның тілдік бейнесі», «менталитет», т.б. ұғымдардың мән-мағынасы тереңдеп, маңыздылығы арта түсті. Ал филология ғылымдарының докторы, профессор А.Салқынбайдың пайымдауынша: «Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, адамзат дүниетанымы мен сананы қалыптастырып, дамытуға қызмет ететін күрделі құрылым» [4]. Бұл тұрғыда адам санасының бөлінбес бөлшегі ретінде ертегілер ұлттық сана-сезімімізге тура әсер еткені анық. Яғни, ертегілерде адамдардың арман-тілектері суреттелді: атап айтатын болсақ, мәңгілік өмір, жастық, байлыққа кенелу, өлімді жену, т.б.

Әлемдік дамуда дүниетанымның өзі алғашқыда миф түрінде пайда болған. Мифологиялық түсініктер ғаламды адам санасында суреттеп, оған уақыт өте келе, дін кіре бастады. Миф пен діннен келіп, табиғат туралы түсініктер енгізілді. Осыдан кейін ғылым туындады. Ендеше, ертегілердегі әлемнің тілдік бейнесін зерттеудің бағдарлық-концептуалдық негізі жан-жақтылық сипатқа ие. Тілде адамның концептуалды ғалам бейнесі жасырынып жатады. Әрбір халықтың табиғаты, тұрмыс-тіршілігі, тарихы, құндылықтары өзгеше болып келеді және дәл осы ерекшеліктер ғаламның ұлттық бейнесін құрайды. Ғылыми түсініктер бойынша, әлемнің тілдік бейнесін дайын тілдік формалар арқылы айқындалатын мән-мағыналар құрайды. Осы мән-мағыналар ғаламның тілдік бейнесінің негізі болып, жалпы ғаламның концептуалды бейнесін ұғымдар, бағалау, көріністер, суреттер, бейнелер – концептілер арқылы толықтырып отырады. Қазақ халық ертегілері де кез-келген көркем мәтін немесе туынды секілді, кіріспе, даму, шарықтау мен түйіннен тұрады. Сюжеттік ұқсастықтар да кездеседі. Бұның барлығы да әлемнің ортақ концептілері болатындықтан. Қазақ халық ертегілеріндегі басты кейіпкер батырлық пен ерекше күштің иелері. Осыдан келіп, ертегілердегі әлем бейнесі «уақыт», «кеңістік», «батыр» тілдік бірліктері арқылы беріледі. Ал кейіпкерлер болмысы Тазша бала, Жезтырнақ, жалмауыз кемпір, бай, кедей, шал, кемпір, қыз, т.б. болып келеді. Бұдан басқа, қазақ халық ертегілерінде ғалам бейнесінің жанды кейіпкерлері болып, түрлі іс-әрекеттерді жүзеге асырушы, түрлі қасиеттер, қабілеттер, белгілер мен сапа иелері деп танылады. Халық ертегілерінің тағы бір жанды бейнесін жануарлар әлемі, дию-перілер құрайды.

Қазақ халық ертегілеріне тән өзгеше қасиет – батырлық, ерлікті дәріптейтін аңыздық желілерге толы болып келуі. Мәселен, «Кер құла атты Кендебай» ертегісін алайық: «Ерте, ерте ертеде, ешкі құйрығы келтеде Қаратаудың ойында, Қарасудың бойында Қазанқап деген бір кедей болыпты. Қазанқап құс атып күн көреді екен, әйелі ау тоқып, жамау жамайды екен, осылай өз күндерін өздері көріп, жүре беріпті. Күндерде бір күн Қазанқаптың әйелі жүкті болыпты, ай-күні жақындап, күн өткен сайын әйелдің аяғы ауырлай беріпті. Тоғыз ай, тоғыз күн болғанда, әйел толғатып, босаныпты. Торсық шеке, аппақ ұл тауыпты. Ата-анасы қуанып, төбелері көкке жетіпті, баласына Кендебай деп ат қойыпты. Кендебай ай сайын емес, күн сайын өсіпті, алты күнде күліпті, алпыс күнде жүріпті, алты жылда жігіт болыпты. Сондай күшті болыпты, алысқанын алып ұра беріпті, күрескенін жыға беріпті, шыңырау құдыққа құлаған атандарды жалғыз тартып шығара беріпті. Аң аулап, әкесіне жәрдемдесіпті, бара-бара құлан алыпты, құралайдың көзінен тигізген мерген болыпты, арқар мен киікті құлан мен маралды мая-мая үйіп тастапты. Қарасудың бойындағы қара үйлі кедейлер қарқ болыпты да қалыпты. Күндерде бір күн Кендебай аң аулап жүрсе, Қаратаудың ойында, терең құздың

бойында арыстандай көкжал бөрі бір буаз биені жаңа ғана жарып, жегелі жатыр екен. Кендебай жүгіріп барып, көкжалды құйрығынан ұстап алып, бұлғап-бұлғап лақтырып кеп жіберіпті. Қасқыр арс етіп, аузын қисандатып, өліпті де қалыпты [5].

Бұл жердегі концепті – батырлық, ал оны құраушы стереотиптер – ғаламның бейнесін концептуалдық негізде сипаттап тұр. Бұл жердегі концепт ұғымына адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері бейнеленген және атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі» деген анықтама береміз.

Қорыта айтқанда, әлемнің тілдік бейнесі – әрбір түсініктер мен атаулардың жиынтығы, олар тарихи қалыптасу жолынан өткен. Олай болса, қазақтың халық ертегілеріндегі әлемнің тілдік бейнесі танымдық сипатқа ие. Оларды зерттеп-зерделеу – бір мақаланың шеңберіне сыймайтындықтан, келешектегі келелі ғылыми-зерттеулердің еншісінде.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Серебренников Б.А., Кубрякова Е.С., Постовалова В.И. Роль человеческого фактора в языке. – М.: Наука, 1988. – 212 с.
2. Серебренников Б. О материалистическом подходе к явлениям языка. – М.: Наука, 1983. – 320 с.
3. Қасымбекова А. Ертегілердегі ғаламның концептуалдық бейнесі (қазақ және ағылшын тілдері негізінде). – Алматы, 2003.
4. Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект. – Алматы, 1999. – 47-б.
5. <https://bilim-all.kz>

Барменқұлова А.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
1-курс докторанты

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ БЕРІЛУІ

Бүгінгі таңда тілдің табиғатын адамның мәдени, рухани, әлеуметтік, психологиялық болмысымен, оның қимыл-әрекетімен ұштастыра талдаған. Соңғы кезде қазақ ғалымдары таным мәселесіне ерекше көңіл бөліп, «ұлт пен тіл біртұтас» деген қағидаға сәйкес қазақ тіл білімінде антропоэзектік бағыт қалыптасуда. *Тіл – мәдениет – этнос* мәселесінде этномәдени сананың орны ерекше. Этномәдени сана – белгілі бір қоғам үшін әлеуметтік мәні ерекше болатын білімдер жиынтығы, ол тіл арқылы көрініс тауып, тілде сақталып отырады. Себебі *тіл, мәдениет, этнос* бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Тіл – мәдениеттің құралы, құраушы бөліктерінің бірі болуымен қатар белгілі бір тілдің таңбалар мәдениет таңбасы ретінде де қолданылып, ұлттық мәдениеттің ерекшелігін білдіреді. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы: «Біз қазақ тіліндегі қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді тандап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішінде орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз», – деп жазады [1, 36-б.]. Сол сияқты сөйлеушінің ойын дұрыс жеткізу ғана емес, тыңдаушының оны дұрыс түсініп, дұрыс қабылдауының да коммуникация үшін маңызы ерекше. Яғни коммуникация сәтті болу үшін сөйлеуші әрекетінің субъектілері – сөйлеуші мен тыңдаушы, қабылдаушы атадан балаға беріліп отыратын кодтарды меңгеріп қана қоймай, дұрыс қолдана білу қажет.

Сонымен, әр халық өзінің мәдени, тарихи даму барысында қоршаған ортамен тығыз байланыста әлем туралы білімін жинақтап, сақтайды, вервальды сана, ерекше мәдени код түрінде тіл арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіліп отырады. Мәселен, жастардың үлкендердің сөзін түсіне алмауы этномәдени кодты игере алмау салдарынан туындайды. Осы орайда З.Қ.Ахметжанова былай дейді «Қазақ тілінің концептуалды жүйесін білмегендіктен, жастар қазақ халқының салт-дәстүрін ескіліктің сарқыншағы ретінде қабылдап, теріс бағалайды. Жалпыадамзаттық, әлемдік мәдениеттің бөлшегі болып табылатын ұлттық мәдениеттің терең, философиялық мәнін жас буын өкілдері түсіне алмай жүр», – деп жазады [2, 175-б.].

Тіл – адамдардың қарым-қатынас құралы ғана емес, әр ұлттың ұлттық болмысын, дүниетанымын, ойлау жүйесін сипаттайтын жалпыадамзаттық құндылық. Ақиқат дүниені тану барысында дүниетанымдық білімдер арқылы жалпыадамзаттық сана қалыптасады. Бұл жалпыадамзаттық сана әлемдегі барлық халыққа ортақ болса, адамзаттың бір-бірінен ұлт ретінде ерекшеленуі ұлттық сананы қалыптастырады. Ұлттық мәдениеттің негізгі коды – этникалық тіл болып табылады. Демек, әр этностың өмір сүру сипаты мен ұлттың рухани ерекшеліктері, ойлау ұғымдары мен бағыт-бағдарын сипаттайтын тілдік жүйесі арқылы ана тілде сақталады.

Халқымыздың ғасырлар бойында қалыптасқан дүниетаным, өзі өмір сүріп отырған табиғатпен қарым-қатынасын, өмір сүру тұрған табиғатпен қарым-қатынасын, өмір сүру барысындағы табиғат байлығын игеру тәжірибесін, ұжымдық тағылым-тәрбиесін, жеткізген материалдық әрі рухани байлығын танытатын, қоғамның барлық мүшесі үшін маңызы бар этномәдени тіл бірліктері. Осы арада материалдық мәдениет атаулары да рухани мәдениетпен қатар адамдардың тіршіліктің мұқтаждықтарын өтейтін атап өткен жөн. Сондықтан материалдық мәдениет пен рухани мәдениетті бір-бірімен өзектес, бүтіннің екі жағы деп қарауға болады. Бұл – түптеп келгенде, заттық мәдениеттің дүниеге келуінің негізгі шарты.

Қазіргі кезде этноатаулар – қоғамдық қарым-қатынас кезінде белсенді қолданылмаса да, бұл сөздердің мәдени әрі тарихи көзі. Сондықтан да тілдің тарихи-лексикалық жүйесіндегі ұлттық мәдениеті, мәдениеттің тұрмыстық айнасы ретінде тұрмыстық атауларды құрайды. Тұрмыстық атауларды ұлттың сал-дәстүрімен, әдет-ғұрыпымен контексте қарастырылып, этнолингвистикалық астары анықталады [3]. Тұрмыстық атауларға байланысты этномәдени бірліктерге мысал келтіре кетейік:

Абажа¹ – ыдыс-аяқ, тамақ сақтайтын ағаш кебеженің үлкен түрі. Тақтайдан жасалып, көбінесе киізбен, кейде былғарымен қапталып, қаңылтырмен әшекейлеген абажада ыдыс-аяқ тамақ сақталады.

Адалбақан – киім ілетін көп ашалы, бұтақшалы қада ағаш, киіз үй жиһазының бірі. *Шелек, қайрақ, ұстара, адалбақан, Отбасы ошақ қасы, күлің қалды. Тағы да мен айтпаған мосы қалды, Ыңыршақ пен ашамай қосы қалды* (Шернияз, Шығ.). *Келіншек апарып оюлы адалбақанның қошқар мүйізді көп тармағының ең жоғарғысына ілді* (Ғ.Мұстафин, Дауыл). *Бас жағындағы адалбақанға сәулесі жарық кәрәсін шамы ілінген* (С.Мұқанов, Аққан жұлдыз).

Асадал – Тамақ пен ыдық сақталатын кебеже. *Асадал «ас», «адал» деген сөздерден құралған (адал, таза, ас). Оны түркі халықтарының бәрі пайдаланған (ҚҰЭ). Асадал – үлкен кебеже. Ол буфет тәрізді, ыдыс-аяқ піскен тамақтар тұрады* (С.Қасиманов, Қаз.қолөнер.). *Қант-шай, ұсақ-түйек дәм сақтайтын кебеже, ыдыс-аяқ қоятын асадал, қымыз ашытатын саб, керегеге ілінетін аяққап, теркеш, тағы басқа бұйымтайым да осы оң жақ босағаға жақын орналастыратын* (Ө.Жәнібеков, Жолайырықта).

Дорба – құрғақ тамақ, әртүрлі ұсақ-түйек салуға арналған қапшық, ыдыс. *Мектепке балалар киізден, шүберектен жасаған ала-құла кітап дорбаларын мойындарына асып, іліп алар тәуір* [9].

Бөрдек – қымыз немесе шарап ашытатын торсық (көне түріктің үлкею, бұртию, қампию мағынасын білдіретін «бөр», «бүр» деген сөздеріне «дүк», «дік» жұрнағы жалғану арқылы жасалған).

Жағылан – қайыстан, теріден, былғарыдан істелген әбдіре, сандық. *Қазақстанның Оңтүстік өңірінде чемоданды да кейде жағылан деп атайды (ҚҰЭ). Төрдің алдына жүк жиналған, астында қызыл ала кебеже, оның үстінде тең-тең кілемдер, қызыл жағылан сандық* (С.Талжанов, Ұлдай.). *Жүгінде атлас көрпе, жағылан сандық, Ала тек, қора кілем, жасау, жастық. Текемет қызыл ала жастықтары, Жиганда жайнап қалды қаз-қатар ғып* (С.Керімбеков, Өлеңд.).

Жанторсық – иленбеген теріден жасалатын, сусын құюға арналған ыдыс. *Жанторсыққа қымыз, шұбат, айран, шалап және т.б. сүттен әзірленетін сусындарды құйып сақтаған және тасымалдаған. Жанторсықты түйе, сиыр, жылқының жон, сауыр терісінен тігеді.*

Қымызы таусылған **жанторсыққа** жаңартып саумал қымыз құйылады. Ал қымыз қалдығы келесі құйылған саумалға ашытқы болады (ҚҰЭ).

Саба – жүнін қырып, ысқа салып, жылқы терісінен жасалған, негізінен қымыз ашытатын ыдыс. *Сабаны жасау үшін иленген теріні талдың қабығымен бояйды. Содан соң қажетті сыйымдылық мөлшерінде (шамамен..)* [9].

Сүйретпе – ірі малдың бас терісінен немесе мойын терісінен жұмырлау, әрі тікелеу етіп жасалатын қымыз құюға арналған көн ыдыс; үлкен торсық. *Сүйретпе ірі қараның терісінен де, ешкінің терісі ...*

Саптыаяқ – ағаштан шауып жасаған аяқ, ыдыс. ...

Күбі – айран, іркіт, қымыз пісуге, қаймақтан май түсіруге арналған түбі кеңдеу, ауыз жағы тарлау, піспегі бар ағаштан жасалған ыдыс. *Бір күні басшы тышқан кезіп жүріп, Аузын мықтап бекіткен күбі* [9].

Тайқазан – тайдың еті түгел сыйып кетерліктей үлкен қазан. *Үлкен тайқазанды толтырып Есбике құрт қайнатса, Баян үлкен күбінде іркіт пісіп тұр* (М.Әуезов, Абай жолы).

Тегене – ағаштан оймышталып, әшекейленіп, күмістеліп жасалып, қымыз құюға арналған тұтқалы, үлкен шұңғыл ыдыс; үлкен шара, тұтқасыз, эмальді, алюминий ыдыс. *Жақсыбайдың жалғыз баласы Әділ Милы құдығына бүгін қонып, биесін байлатып бола сала үй тігілгенге қарамай-ақ далаға сырмақ салғызып, бір табақ піскен ет пен бір тегене қымызды ортаға алып, құрбы-құрдасымен маз-майрам болып отыр* (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). *«Мақсат істеген» күмісті қызыл тегенедегі қымызды сабы сүйектеулі бүйрек тәрізді қайыңның безінен шабылған шұбар ожаумен сапырып отырған Елеусіз деген жігіт* (Ж.Аймауытов, Шығ.). [9].

Көнек – ірі қара малдың бас не мойын терісінен жасалған, бие саууға не құдықтан су алуға арналған шүмегі бар ыдыс. **Көнек** иленбеген жас теріні шелек тәріздендіріп тігіп алып, ішіне құм кептеп қатырған бие сауатын тері шелек (көн шелек) (С. Қасиманов, Қаз. колөнері). *Биенің сүтін сауатын ыдысты көнек, құдықтан су тартатын көншелекті қауға; шеберлік аспаптарын салатын сірікөнді талыс т.б. дейді* (С.Мұқанов, Қазақ қауымы). *Қазақтың гұрпында жылқышының құрығынан, желіден аттамайды, бие сауатын көнекті теппейді, жылқыны басқа ұрмайды, ат сойса, жүгенімен соймайды* (Т.Әлішеров, Өнерпаз.). // *Үлкен, ірі. Манағы көнек қызыл ала сиыр ақырын аяңдап келеді* (Т.Ахтанов, Дала сыры). [9].

Бұлқыншақ – сойған жылқының сан терісін шашасына дейін бітеу іреп алып жасалған ыдыс. **Бұлқыншақты** жасау үшін жылқы сойғанда артқы санының терісін шашасына дейін мес қылып бітеу сойып алады (ҚҰЭ).

Зағыма – түбі тайыз үлкен табақ.

Зерен – ағаштан жасалған сәнді шұңғыл ыдыс. *Ақ бұйра шұбат толы ала зерен, Ұсынды өз қолынан мама қатын* (Х.Ерғалиев, Құрманғазы). *Төрде қара мұртты біреу зеренге мұртын малып, шұбат ішіп отыр* (Т.Жармағамбетов, Екі жүрек). *Қанатын қия таранып Қу ілмесе тереңнен. Таттың дәмі білінбес, Бал жемесе зереннен* (Кердері Әбубәкір, Қазағым) [9].

Қапшық – ұсақ заттарды салуға арналған ыдыс, кішірек қап. **Қапшық** қолданылу аясына байланысты ағаштан, металдан, киізден деген сияқты т.б. әртүрлі материалдардан жасалды. **Қапшық** салынатын затына сай басқа атпен атала береді. Мәселен, ақша салуға арналған қапшықтың аты – әмиян, аңшылардың мылтық оқтарын салатын арнайы қапшығының аты – оқшантай. *Ұста, зергерлердің құрал-сайман салатын қапшықтары талыс, баспақ, қобдиша деп үлкен-кішілігіне қарай әртүрлі аталады* [9].

Қанар – зат, бұйым салуға, сақтауға тасымалдауға, пайдаланылатын үлкен қап. **Қанарға** көбінесе астық, жүн, мақта сияқты заттар салынды. **Қанар** төртбұрыш бітімді, аузы мен түбі бірдей болып келеді. **Қанардың** үлкені дағар деп те аталады. Оның түйе қанар деген де атауы бар. **Қанарды** үлкен-кішілігіне қарай қазақ арасында түрліше атау қалыптасқан. Дәстүрлі қазақы ортадағы ежелден орныққан өлшем бірліктері жүйесінде де **қанардың** өзіндік орны бар. Оның заттың мөлшерін білдіретін өлшем бірлігі функциясы да болды. Мысалы, бір қанар, орта қанар, жарты қанар және т.б.. [9].

Қалбыр – қаңылтырдан жасалған ыдыс.

Жүкааяк – жүк астына қоятын төрт аяқты ағаштан жасалған бұйым. *Есікке қарсы төрде кішкене жүкааяқтың үстінде екі ескі сандық, үйдің қалған жерінде бөтен еш нәрсе жоқ* (М.Әуезов, Қараш.). *Сонау адалбақанның, төрдегі кебеже, жүкааяқтың беттеріне ойып салған өрнектер, қондырған сүйектер сонша нәзік, сонша әдемі* (Ғ.Мұстафин, Дауыл.). *Оң жақ қабырғаға тірей қойылған жүкааяқтың үстіне қатар-қатар тақталай жиылған көрпе, қызыл жібек қозы көпшіктер көздің жауын алып тұр* (М.Сүндетов, Ескексіз.) [9].

Міне, бүгінгі күнде бұл атаулар – тіл қазынасының сүбелі саласының бірі. Олар бүгінде халықтың қоғамдық өмірін бейнелеп қана қоймай, ана тілінің сөздік қорын, байлығын көрсетеді. Демек, дүниенің бір үзігі ретінде мәдени ұғымнан ұлттық таным құралымына, символдық мәнге ие, сол заттың мәдени аясының тілдік санада жалғасады.

Қорыта айтқанда, тұрмысқа қажет түрлі дүниелерді адамдардың тіршілік керегіне жарап қана қоймай, терең сырлы бояу, бедер үлгілерімен талай ұрпақты таң қалдырып, сол арқылы рухани мәдениетіміздің қалыптасуына септігін тигізіп, тәрбиелік, танымдық қызметін білдіреді. Осындай ғажап төл мұрамыздың атауларының бай сырларына үңіліп, талдап анықтау, тұрмыстық атауларымыздың қажетімізге айналдыра білу – ұлтымыздың санасын жаңғыртатын ұлттық қазынамыз. Тілдік қазынаны игеру мен зерттеудің заманауи мүмкіндіктері ұлтымыздың ежелден келе жатқан құндылықтармызды таныта білу.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.
2. Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985. – №10
3. Қоңыратбаев Ә., Қоңыратбаев Т. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы, 1991.
4. Қайдаров Ә.Т. Берен // Білім және еңбек. – 1987. – №2
5. Ахметжанова К. Жараған темір кигендер. – Алматы: Дәуір, 1996.
6. Марғұлан Ә. Күміс сандық құпиясы // Қазақ әдебиеті. – 1981, 1 қаңтар.
7. Жилкубаева А. Термины питания в казахском языке. – Алма-Ата, 1991
8. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Электронды нұсқа.

Копеева А.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
№123 мектеп-гимназияның мұғалімі

АРНАЙЫ МАҚСАТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТІЛ МӘСЕЛЕСІ

Терминология мәселелері қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Ж.Аймауытұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Жиенбаев еңбектерінен бастау алса, қазақ ұлттық терминологиясының өзекті мәселелері Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, Ш.Құрманбайұлы зерттеулерінде жаңа сапалық та мазмұндық деңгейде шешімін тапты. Терминологияның ғылыми-теориялық мәселелері орыс тіл білімінде А.А.Реформатский, В.В.Виноградов, Н.А.Баскаков, Д.С.Лотте, В.П.Даниленко, В.М.Лейчик, А.В.Суперанская т.б. ғалымдардың зерттеу нысанына айналды. Терминологияның жекелеген салалық жүйелерін кешенді түрде, жан-жақты зерттеп, салалық терминдердің құрамы мен құрылымын анықтап, оларға дұрыс анықтама берудің қазақ тіл білімі үшін қаншалық маңызды екенін С.Ақаев, Ш.Білалов, К.Аяпбергенова, М.Молдажаров, К.Күркебаев, А.Қоңырова, Ө.Нұржанова, С.Сәрсенова т.б. ғылыми еңбектері айқын дәлелдейді. Терминологиялық сөздіктердің құрылымы мен жүйесін, жалпы терминологиялық сөздікті жасау мәселелерін қарастыратын сала ретіндегі қазақ терминографиясын қалыптастырудың негіздерін зерттеген Е.Әбдірәсіловтің, ғылыми тіл құрылымын анықтауға арналған С.Әлісжановтың, терминологиялық жүйедегі когнитивтік

құрылымға назар аударған С.Исанова, М.Қожаевалардың ғылыми еңбектерін қазақ терминологиясындағы жаңа бағыттағы жақсы нәтиже деп бағалауға болады.

Қазіргі таңда қоғамдық-әлеуметтік мүддеге сәйкес қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде ғылым саласында да толыққанды қызмет етуінің негізін қалыптастыруда, ең алдымен, ғылыми тілдің мәртебесін айқындау аса маңызды. Себебі ғылым саласындағы мәтіндердің тілін «ғылыми тіл мен ғылыми стильдің қайсысына жатқызуға болады?» деген сауал осы күнге дейін біржақты анықталып, өзінің шешімін тапқан емес. Екіншіден, ғылыми тіл бірліктерінің ара-жігін ашып, олардың өзіндік ерекшеліктерін, сөздік түрлеріндегі орындарын анықтау, олардың ғылыми сипаттамаларын жасаудың қажеттілігі де белгілі болып отыр. Бұл мәселелердің ғылыми шешімін табуы терминдер мен номендерге түрлі лексикографиялық еңбектерде дұрыс анықтама беруге негіз болмақ. Үшіншіден, терминологиялық бірліктерді сөздіктердің негізгі типтері мен түрлерінде лексикографиялаудың басты заңдылықтары мен әдіс-тәсілдері қандай болатынын айқындау бүгінгі таңдағы терминология үшін де лексикография үшін де аса маңызды болып отыр.

XX ғасыр ғылымында кеңінен сөз болған жаңа проблемалардың бірі – ғылым тілі. Аталмыш термин философия және лингвистика салаларында қарастырылды. Философтардың көпшілігі оны, бір жағынан, ғылыми білім ретінде, екінші жағынан, сол ғылыми білімді игеруге қажетті ғылыми аппарат ретінде түсінді. Алғашқы, кең мағынадағы философиялық түсінік бойынша *ғылым тілі* – жүйесі мен құрылымы бар жалпы *ғылыми білім* ұғымын қамтиды. Екінші, тар мағынадағы логикалық түсінік бойынша, ғылым тілі – формалды таңбалық жүйелердің жиынтығы. Тар мағынадағы түсінік кең мағынадағы түсініктің құрамына кіреді. Екінші, тар мағынадағы, формалды логикалық тіл бірінші, яғни кең мағынадағы ғылым тілін бейнелеудің, сипаттаудың тәсілі болып табылады.

Тіл білімі ғылымында қарастырылатын лингвистикалық түсінік бойынша, кең мағынадағы ғылым тілі – ғылыми мәтіндердің тілі. Тар мағынадағы ғылым тілі – ғылыми пәннің өзіне тән салалық метатілі. Ғылыми мәтіндерді зерттеушілердің бір тобы оларды *функционалды тіл* ретінде, екінші тобы *функционалдық стиль* ретінде қарастырып келеді. Ғылыми мәтіндерді функционалдық стиль ретінде қабылдайтын ғалымдар оны стилистиканың нысаны ретінде түсінеді. Осы мәселені арнайы қарастырған ғалымдардың бірі С.Әлісжанов «ғылыми тіл – адам қызметіндегі ғылыми аяны қамтамасыз ететін тілдің бір түрі, осы саланы сипаттайтын мәтіндердің жиынтығы. Ғылыми стиль функционалды, бұл термин тілдің ғылыми мәтіндердегі синтезделу заңдылықтарын қарастыру үшін қолданылады. Ғылым тілі ұғымы ғылыми стильдің ядросы мен шеткері аймағын құрайтын таңбалық бірліктердің, қолданыстардың грамматикалық және семантикалық құралдарының тұтас жүйесі. Бұл ұғымдар өзара байланысты, сондықтан контекстік синонимдер ретінде қолданыла береді» деген пікірді ұстанады [1, 38].

Ғылым тілі бойынша XX ғасырдың соңғы ширегінде жүргізілген зерттеулер жаңа нәтижелер әкелді. Ғылым тілінің дербестігі туралы, оның «шағын тілдің» бір түрі болып табылатындығы жөнінде кеңінен сөз бола бастады. Ғылыми қолданысқа алғаш XX ғасырдың 60-жылдары енген «шағын тіл» (*sublanguage*, *подязык*) термині жалпылама қолданымға кірді. Оның *жалпыхалықтық* тілдің функционалдық бір түрі екендігі, әрқилы кәсіби қызмет аясында қолданылатындығы белгілі болды. Жалпыхалықтық тілдің негізгі бөлігін құрайтын әдеби тіл мен жалпылама қолданымға тән емес салалық ғылым тілдерінің арақатынасы айқындала бастады. Шетелдік ғылыми ортада бұл кезде халықтық тілдің ерекше бір түрі ретіндегі *арнайы мақсатта қолданылатын тілдер* (*LSP – language for special purposes*) туралы зерттемелер жасалды [2]. Шынында да, ұғымдардың нақты салаларда қалыптасқан жүйесін ашып көрсету үшін қолданылатын тілдік құралдардың жиынтығын *арнайы мақсатта қолданылатын тіл* деп те, *кәсіби тіл* деп те атауға болады.

Жалпыхалықтық тіл негізгі қатынас құрал ретінде өмірдің барлық саласында қолданылады. Жалпыхалықтық тілді белгілі бір жүйелілікке, нормаға салатын әдеби тіл. Қоғамда қарым-қатынастын түрлері әр түрлі болуына байланысты тіл де бірдей пайдаланылмайды. Сондықтан

тілді жүйелі түрде пайдалану үшін белгілі бір тәртіп болу қажет. Тілдік белгілердің дұрыс қолданылуын зерттейтін ғылым саласы стилистика деп аталады. Адамдар күнделікті қарым-қатынас кезінде стильдердің әр түрін қолданады. Әдеби тілде стильдерді былайша жіктеушілік бар:

1. ресми іс қағаздар тілінің стилі
2. публицистикалық стиль
3. ғылыми-көпшілік әдебиет стилі
4. көркем әдебиет стилі
5. ауызекі сөйлеу тілінің стилі.

Ғылыми-көпшілік әдебиет стилі қоғамда кейіннен пайдаланыла бастады. Бұл стильдің пайда болуы ғылым мен техниканың дамуымен тығыз байланысты. Ғылыми-көпшілік әдебиет стилінде қолданылу үшін салалық кәсіби ғылым тіліндегі терминологиялық бірліктер жалпы халықтық қолданымға түсуі керек. Жалпы халықтық қолданымға түскен кезде олардың тар салалық кәсіби тілдегі мағынасы өзгеріске ұшырайды. Ғылыми тілдің синтаксисі де өзгеріске ұшырайды. Енді терминологиялық бірлік ұлттық әдеби тілдің синтаксистік ережелеріне бағындырылады. Енді бұл терминологиялық бірлік тар салалық ғылым тілінің бірлігі болудан қалады. Бірақ, өзінің бұрынғы мағынасында сол салада қолданыла беретіні де түсінікті. Алайда ендігі жерде бұл екеуінің арасына теңдік белгісін қоюға болмайды.

С.Е.Никитина арнайы мақсатта қолданылатын тіл бойынша жасалатын талдаудың төрт типін атайды: *философиялық, стилистикалық, терминологиялық және статистикалық*. «Философиялық талдау тұрғысынан ол тілдің ғылыми идеяларды бейнелеуге жарамдылығы мәселесін қарастырғанда, кәсіби ойды беруде негізгі қызметті табиғи тілдің атқаратыны белгілі болған. Кәсіби тілдің құрамдас бөлігі ретіндегі жасанды символикалық тілдердің бұған жарамсыздығы, олардың табиғи тілдің орнын баса алмайтындығы, табиғи тілді толық ауыстыра алмайтындығы анықталған. Стилистикалық талдау жасаған кезде ғылыми тілге тән «дәлдік», «объективтілік», «экспрессияның болмауы» тәрізді белгілердің стилистикалық белгілер болып саналмайтындығы, олардың нақты мәтінге жасалған талдаудың нәтижесі болмай, керісінше, жалпы ғылыми ойлауға тән белгілер екендігі анықталған. Терминологиялық талдаудың нәтижелері кәсіби тілге өте қажетті, пайдалы болғанымен, бұл жерде ескерілуге тиісті жағдай: кәсіби тіл ұғымыменен терминология ұғымы бірдей емес, терминология кәсіби тілдің лексикалық деңгейіне кіретін құрамдас бөлік қана. Статистикалық талдау кәсіби тілдің негізгі деңгейлерінің көпшілігін қамтиды, алайда, семантикада қолданылмайды. Кәсіби тілге жасалатын толық кешенді зерттеу талдаудың аталған төрт типін сабақтастыра қолданған кезде ғана мүмкін болмақ» [2].

Қазақ лексикографиясында осы мәселені зерттеген М.Малбақов метатіл ұғымының лексикографияда екі түрлі мағынада қолданылатынын айтады: «Бірінші, жалпы, кең мағынадағы бірінші қатардағы метатіл – белгілі бір ұғымға берілетін сипаттаманың тілі. Лексикографияның тіліне көшіргенде бұл сөздік бірліктерге берілетін сипаттаманың тілі, яғни сөздіктің метатілі болып шығады. Екінші метатіл – тіл білімінің жекелеген салалық терминдерін зерттеуде қолданылатын метатіл. Лексикографияның тіліне көшіргенде бұл лексикографияның жалпы салалық атауларының тілі, яғни лексикографияның метатілі болып шығады [3, 82-83-б.]. Ғылыми метатіл мәселесін зерттеуші Ж.Мұсаева ғылымның кәсіби тілі туралы төмендегідей қорытынды жасайды: «біріншіден, кәсіби ғылым тілінің негізін табиғи тілдің құрайтындығы, ал символикалық таңбалардың қосалқы ғана қызмет атқаратындығы белгілі болады. Екіншіден, кәсіби ғылым тілінің стиль болып саналмайтындығы және онда қолданылатын кәсіби белгілердің стилистикалық белгілер болып саналмайтындығы айқындалады.

Демек, әдеби тіл тұрғысынан жалпылама мәнде айтылатын ғылыми стиль терминін салалық кәсіби ғылым тіліне қатысты қолдану жөн болмайды. Салалық ғылым тілі – стиль емес. Үшіншіден, терминдердің ғылымның арнаулы, кәсіби тілінің, яғни метатілінің құрамдас бөлігі ғана болып табылатындығы, ғылыми тілдің терминдерден ғана құралмайтындығы

белгілі болады. Демек, «салалық метатіл дегенше, салалық терминология деп неге айтпаймыз» деушілік ғылыми тұрғыдан дұрыс болмайды. Төртіншіден, ғылыми метатіл арқылы жасалатын семантикалық талдау нәтижелерінің статистикалық тұрғыдан есептеуге келмейтіндігі белгілі болып отыр [4, 9-10-б.] деген қорытындыға келеді. Бұл туралы ғылым тілін зерттеген Қ.Алтайбекованың еңбегінде де кеңінен сөз болады [5]. Аталған зерттеулер барысында «салалық ғылым тілі – стиль емес» деген тұжырым жасалады.

Жазушы тілі сөздігі – арнаулы мақсатпен кәсіби ғылым тілінде жасалатын жұмыс. Жоғарыда жазушы тілі сөздігінің ғылыми сөздік екендігіне, оның мәтінінің ғылыми мәтін екеніне көз жеткіздік. Сонымен қатар жазушы тілі сөздігінің арнаулы мақсатпен кәсіби ғылым тілінде жасалатын жұмыс екендігіне де иландық. Келесі кезекте «Арнаулы мақсатпен түзіліп отырған осы еңбек ғылымның қай саласының заңдылықтары бойынша жасалып отыр?» деген сұрақ қояр болсақ, оған «лексикографияның, оның ішінде жазушы лексикографиясының заңдылықтары бойынша жасалып отыр» деп жауап береміз. Ж. Мұсаеваның «Қазақ лексикографиясында қолданылатын атаулардың метатілдік табиғаты» атты диссертациялық еңбегінде қазақ лексикографиясының метатілі туралы жан-жақты сөз болады. Еңбектің «Қазақ лексикографиясының метатілдік негіздері» деп аталатын бірінші бөлімінде металингвистика, метатіл атаулары туралы ғылыми тұжырымдар келтіріледі. Ж.Мұсаеваның жазуы бойынша, *металингвистика*, *метатіл* атаулары ғылыми айналымға ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ене бастаған. «Тіл білімі бойынша үлкен энциклопедиялық сөздікте [6, 297-б.] және «Тіл білімі сөздігінде» [7, 219-б.] металингвистикаға «метатілді объект-тілдің сипаттау құралы ретінде зерттейтін лингвистиканың саласы» түрінде түсінік беріледі. Металингвистика терминіне О.Ахманованың сөздігінде: «1. (психолінгвистика, экзолингвистика); 2. «Екінші қатарлы» тілдер (метатілдер) туралы ғылым» деген анықтама келтіріледі [1, 230-б.]. *Металингвистика* және *метатіл* терминдері қазақ тіл білімінде соңғы кезде жарық көрген Ғ.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі» атты еңбегінде де қамтылады [8]. Аталмыш еңбекте металингвистикаға «тілді қолданушы адамдардың санасымен, қоғамдық өмірімен байланысты тілдің ішкі мағыналық ерекшеліктерін зерттейтін тіл білімінің саласы» ретінде түсінік беріледі. Сөздікте терминнің екінші мағынасы да (табиғи адамзат тілін нысан етіп зерттейтін «екінші қатардағы» тіл туралы ғылым) келтірілген. Осы сөздік мақалада *метатіл* терминіне сілтеме жасалады. Метатілге байланысты сөздік мақалада оның адамзаттың табиғи тілін объект («объект-тіл») етіп зерттейтін «екінші қатардағы» тіл, методологиялық тіл екендігі көрсетіледі [8, 213-б.]. Бұл жердегі *екінші қатардағы тіл, методологиялық тіл* деген түсініктемеде аса құнды тұжырым жасалып отырғандығын айту қажет. Бұл біздің зерттеуіміздің тұжырымдарымен үндеседі. Одан әрі автор: «Тіл біліміндегі метатіл көбінесе объект тілдегідей тіл бірліктері негізінде жасалады. Сөйтіп, ол табиғи тілді сипаттай отырып әрі өзі де табиғи тілдің бір бөлігі ретінде көрінеді.

Тіл біліміндегі метатіл – күрделі құбылыс, оның негізінде, бір жағынан, терминаралық жүйелі қатынастар, екінші жағынан, тілді зерттеуде қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен тұратын жалпы ғылыми лексика жатыр» деген тұжырым жасайды. Ғалым, біріншіден, метатілдің терминаралық жүйелі қатынастарға қатысын өте дәл байқаса, екіншіден, метатіл негізінде ғылыми лексиканың жатқандығын да айқын білдіреді. Автор «ғылыми қатынас құралы ретінде терминнің метасөйлеуде нақты байқалатынын, олардың қатынасының лексикографиялық құралдарды жасауда, белгілі бір терминдерді түсіндіруде көрінетінін» жазады. Осы жерде терминнің мазмұны метатіл жүйесіндегі тіл бірлігі ретінде ашылатындығы да сөз болады. Бұдан әрі автор: «Метатілде қабылданған тіл біліміндегі ұғымдар жүйесі методологиялық бағыттарға қатысты болып келеді. Белгілі бір бағыттың философиялық (методологиялық) негіздеріне байланысты бір термин әр түрлі түсіндірілуі мүмкін», – деп, *фонема* терминінің әр түрлі фонологиялық мектептердегі әрқилы түсіндірілуін мысалға келтіреді. Шынында да, метатілдік зерттеулер осындай әрқилылықты өзара салыстыра, зерттей отырып, ғылым саласындағы ғылыми тілдің апаратын бір ізге түсіреді.

Айтылғандарды қорытар болсақ, нақты ғылым саласында кәсіби зерттеу жүргізу үшін сол саланың қалыптасқан ғылыми тілі (метатіл) болуы шарт. Салалық ұғымдарды әр автордың әрқилы атаушылығы, терминдердің тұрақсыздығы ғылымның дамуына өлшеусіз зиян келтіреді. Бұл ғылымның сол саласындағы ғылыми аппарат атауларын, терминдерді жүйелі түрде зерттеудің болмауынан, салалық ғылыми тезаурустың қалыптаспағандығынан болады. Лексикография туралы базалық білімнің қажеттілігі анықтала түседі. Жоғарыда келтірілген деректер мен пікірлерді тұжырымдасақ, ғылыми тіл – кең мағынасында жалпы ғылыми мәтіндердің тілі болса, тар мағынада салалық ғылым тілі. Ғылыми стиль – қалың оқырманға арналып әдеби тілге көшірілген ғылыми-көпшілік әдебиеттің стилі. Нақты ғылым саласының тілінде жазылған мәтінді «ғылыми стильде жазылған» деп санауға болмайды. Себебі мындаған ғылым салалары бар, олардың өз ғылыми тілдері бар. Осылардың бәрі де жалпыхалықтық, ұлттық тілдің құрамына кіреді.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Әлісжанов С. Ғылыми прозаның синтаксисі. – Алматы, 2007.
2. Никитина С.Е. Семантический анализ языка науки. – М., 1987.
3. Малбақов М. Қазақ тілі түсіндірме сөздігінің құрылымдық негіздері. – Алматы, 2003.
4. Мұсаева Ж. Қазақ лексикографиясында қолданылатын атаулардың метатілдік табиғаты. – Алматы, 2006.
5. Алтайбекова Қ. Терминологиялық бірліктердің лексикографиялық сипаты. – Алматы, 2009.
6. Большой энциклопедический словарь. Языкознание. – М., 1990.
7. Тіл білімі сөздігі. – Алматы, 1998.
8. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.

2

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛелЕРІ

Жаңабекова А.

филология ғылымдарының докторы,
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Қожахметова А.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 1-курс докторанты

ҚАРСЫЛЫҚ МОДАЛЬДЫЛЫҒЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Жалпы тілдегі антонимдер немесе қарама-қарсы мәнді білдіретін тілдік бірліктер екеуара қарама-қарсы құбылыстарды біріне бірін салыстыру, өзара шендестіру арқылы поэтикалық пәрмені күшті стилдік бояма мағына тудырады. Осы жағынан келгенде қарама-қарсы мәнділікті білдіретін тілдік бірліктер көбіне көп мақал-мәтелдерде, қарама-қайшы ойды білдіретін поэтикалық образды сөздер мен жыр жолдарында жиі кездеседі. Тілдің лексикалық қабатындағы «антиномия» (грек. anti қарсы, nomos заң) – логикалық түрде дәлелденіп қабылдана тұра бірін бірі жоққа шығаратын екі заңдылықтың қарама-қайшылығы» дегенді білдіреді [1].

А.В.Бондарко функционалды-семантикалық категория мен функционалды-семантикалық өрісті бір ұғымның ішіндегі екі аспектісі ретінде көрсетеді. Мысалы, қарсылық – әрі семантикалық категория, әрі оның құрылымдық бірлігі – функционалды-семантикалық өріс болып қаралады да *семантикалық категория ретінде қарастырылғанда* оның категориялану, яғни мағыналық жиынтық құрауы, мағыналық топтары негізге алынады. Ал *өріс ретінде қарастырылғанда* өрістің таза құрылымдық белгілеріне, яғни сол мағыналарды беру кезіндегі тілдік құралдардың тілдік, жұмсалымдық әлеуетіне талдау жасалып, олардың мағына беру мүмкіндіктері анықталады, осы орайда тілдік құралдардың өріс ядросын құрау немесе перифериясында жату сипаттары ашылады [2].

Тілдегі қарсылық модальдылығы сөйлеушінің прагматикалық мақсатына, сөйлеу жағдаяттарына қарай әртүрлі жолдармен беріледі. Қарсылық мағынаны біз әдетте тілдік жүйеде қарсылықты демеулік шылаулар мен қарсылықты құрмалас (салалас/сабақтас) сөйлемдер тұрғысынан білеміз. Алайда қарым-қатынас кезінде коммуниканттар арасындағы қарсылық білдіру түрлері мен олардың берілу жолдары сан түрлі болып келеді. Қарсылық модальдылығының тілдік жүйеге түспеген қаншама жолдары бар. Олардың бірінде функционалды-семантикалық өрісінде нақты лексикалық, морфологиялық, синтакситік құралдар ретінде атап көрсететін тілдік бірліктерден басқа да оның аясынан шығып кететін контекстік қарсылық білдіру амалдары бары екендігіне көз жеткіздік. Біз төменде жинақталған мысалдарымыз бойынша, қарсылық мағынасының түрлерін көрсетпекпіз. Оларды контекст аясында мысалдар арқылы дәйектейміз.

1) Тура қарсылық. Тура қарсылық – екі коммуниканттың арасындағы қандай да бір ұсынысқа, бұйрыққа, ой-пікірге берілген келіспеушілікті білдіретін нақты қарсылық. Мысалы:

Майбасар осы жайдың бәріне тоқмейілдене түсіп:

– *Бар жақсылықтың басында әйтеуір бір Алишекең... Берген мал адал, адал ғой Алишынбай аулына! – деді де қасында отырған Абайға иіліңкіреп, төне түсіп:*

– *Ұқтың ба? Бәлем, осы жолы бармай құтылшы қайныңа! – деп, Абайды тағы да қолға ала бастады.*

Бірақ Абай дәл осы жолы бұрынғыдай жасыған жоқ...

– *Майеке, тағы бастадың ба, бармаймын тіпті!.. – деп, үлкендерге бұрылды да күліп қойды* (М.Әуезов «Абай жолы»).

М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан берілген бұл сөйленімде Майбасар Абайға қалыңдығы Ділдәнің әкесі – Алшынбайдың аулына ұрын бару керек екенін айтып қолқалағанда Абай өз қарсылығын астарламай, бармайтынын нақты айтып, қарсылығын тура білдіреді. Қарсылық болымсыздық жұрнағы мен күшейту мәні «тіпті» үстеуі арқылы берілген.

Сол сияқты:

– *Теріс жайылма! Теріс көшпе, оңға көш, ақсақал! Мен кінәласқалы, арылғалы келдім!..*

– *«Теріс көшпе» – деймісің? Жоқ, мен көшкелі отырмын. Сенен ажырап, ана жаны ашитын ағайынның ортасына көшкелі отырмын!*

– *Оныға ырзалығым, рұқсатым жоқ! Көшпесін, кетпесін, ұғымасын Торғаймен! – деп сәлем айтты мырза.*

– *Сәлемет болсын! Бірақ енді бақыл болсын, мен көшем!*

– *Неге, не көрінді, ақсақал?! – деп, осы арада Құдайберді сөзге кіріп* (М.Әуезов «Абай жолы»).

Бұл сөйленімде де «Көшпесін» деген Құнанбайдың сәлеміне берілген қарсы жауап – «Жоқ», «мен көшем»; тура, төтесінен жауап берілген. Сондықтан бұл диалогты да тура қарсылыққа жатқызамыз. Тура қарсылық сонымен қатар ұсынылған әрекетті білдіретін сөзді болымсыз формада қайталап жауап ретінде қолдану арқылы беріледі.

2) Жалпы қарсылық. Қарсылықтың бұл түрі жұп немесе топ субъектілердің бір-біріне немесе жалпы болып жатқан іс-әрекеттерге, құбылыстарға қарсы ойы, пікірі. Жалпы қарсылықта субъектілер нақты белгілі бола бермейді әрі уақытқа тәуелсіз болып келеді. Қазақ тілінде ауыспалы осы шақ осы кездері болып жатқан әрекетті білдіреді. Мұны кей ғалымдар *жалпы осы шақ* деп те атаған. Сол сияқты жалпы қарсылық та уақытқа тәуелсіз. Мысалы:

Польша бұқарасы Россия патшасының отаршылық ісіне қандай қарсы болса, мен келіп қосылған шақта қазақ халқы да сондай қарсы еді (І.Есенберлин «Қаһар»). *Бұл топтың пікірі оларға үнемі қарсы келетін* (Ауызекі тіл).

3) Жанама қарсылық – коммуниканттардың белгілі бір әрекетке, ұсынысқа, пікірге қарсылығын нақты білдірмей, уәжді сөз арқылы, яғни басқадай себеппен келіспеу, қарсы болу мағынасын жеткізуі. Мысалы:

– *Шешей, біз арнаулы мемлекеттік жұмыстармен Орынбордан Керекуге келе жатқан студенттер едік. Ең алдымен...*

Әйел оның сөзін бөліп жіберді:

– *Бұл – қонақ түсетін үй емес, – деді үзілді-кесілді.*

Ержан да бөгелген жоқ.

– *Ең алдымен, сіздің үйге кездескенімізге қуанып тұрмыз* (Ғ.Мүсірепов, Шығ.).

Берілген сөйленімде үй иесі әйел үйіне келіп тұрған күтпеген қонақтарға «кетіндер» не «бұл үйге түсуге болмайды», – деп, қарсылығын турасынан айтпайды. «Бұл қонақ түсетін үй емес», – деп, прагматикалық тұрғыдан жауап береді. Сондықтан бұл жердегі сөйленімде берілген қарсылықты мағынаны *жанама қарсылық* деп айтуға болады.

Сондай-ақ:

Шөженің атына Абай қанық, бірақ көргені – осы. Атын ести сала ол бұрыл сақалдан сытыла жөнеліп, топтың алдыңғы қатарына ілесіп, Шөжені жақсылап қарап, сөзін тыңдай бастады.

– *Шөжіке, бізге жүр!.. Біздің үйге келдік, міне, айтып тұрған мына мен, Бақбергенмін, – деді бір қырма сақал жаяу.*

– *Жоқ, бізге барады...*

– *Уа, қойыңдар, мен өзім алыстан ертіп келемін!..*

– *Ой, не дейсіңдер? Шөжікеңнің түскен үйі біздікі!.. Аты біздікінде тұр! – деп тағы біреу үн берді* (М.Әуезов «Абай жолы»).

Берілген мысалда Шөже ақынды үйіне апаруға қолқалаған адамдар арасындағы талас баяндалады. Талас болған жерде қарсылық мағына да болады. Алайда қарсылықты мағынаны білдіретін диалогтардағы сөйленім құрылымдары – тікелей қарсылықты мағынаны білдіретін тілдік құралдар емес, қарсылық мағынасы тіпті тек контекст арқылы байқалады. Әсіресе соңғы сөйлемде Шөженің түскен үйі мен атының сол үйге байлануы алдыңғы сөйлеушілердің сөзіне қарсылық білдіру жолы болып тұр. Яғни бұл жердегі қарсылық мағынасы тура берілсе, сөйлем былай құрылған болар еді:

– *Шөже ақын сендерге бармайды, аты біздің үйде байлаулы, демек, біздің үйге түсті деген сөз. Сондықтан Шөже ақын біздің үйге баруы тиіс немесе барады.*

4) Уәжді қарсылық – коммуниканттың, яғни адресаттың ұсынысына уәж айта отырып, қарсылық білдіруі. Мысалы:

– *Өй, не айтасыңдар, тәйір!.. Тез болыңдар! Өздерің жаңа мешіттегі намазға бармаймысың, әуелі?.. Майбасар, бармаушы ма ең намазға? – деп, Жақып қайта дегбірсізденді.*

Майбасар дәл намаз үшін онша асыға қоятын тәрізденбеді. Мойын бұра беріп күліп, Абайға қарап:

– *Е, жаңағы қалың жиынның ішінен мешіт ішінде орын тиеді деймісің, тәйір! Төріне кетсең, қонақ шыққанша үйге жете алмай қаласың... Онда Ызғұтты: «Қонақтан бұрын келмейсің», – деп, бауыздалып өлсін... – деді (М.Әуезов «Абай жолы»).*

Берілген сөйленімде Майбасар Жақыптың мешітке бару туралы ұсынысын қабылдамай, сол қарсылығын білдіру үшін мешіт ішінде орын болмайтынын, адам көптігінен бір кірген соң шығудың да қиын екенін сылтау етеді.

5) Жұмсақ қарсылық – коммуниканттардың орындалатын әрекетке, ұсынысқа өзіндік пікір білдіре қарсылығын білдіруі. Жұмсақ қарсылықта бұйыру, бас тарту сипатындағы қатаң қарсылық болмайды. Мысалы:

Құнанбай осы жолы Алишынбаймен уәделесіп келіпті. Осы көктемге байласыпты. Рас, өзге құданың бәрінен жолы бөлек Алишынбай. Оның үлкен достығынан басқа өзі – арғынға белгілі Қазыбек, Тіленшінің Алишынбайы. Бұл атыраптағы қазақтың одан үлкен әруағы жоқ. Сондай ауылға бала қайындату, әсіресе ұрын жіберу – осал қам емес. «Мал-дүниенің барлығынан да көп үлес, мол шығын шығару керек» деген сөз.

Бірақ Құнанбайдың бұл байлауын да шешелер ақ тілеумен қабыл алды. Тек Зере ғана:

– *Ел жайлауға шығып, арқа-басы кеңіген соң барған лайық болмаушы ма еді? – деп еді.*

Оған Құнанбай:

– *Оның рас-ау, бірақ Алишынбайдың жазғы жайлауы ары шалқып, ұзап кетеді. Бару-келудің жолы алыстап, мойны қашықтаған соң жүріс ауыр болады... – деді (М.Әуезов «Абай жолы»).*

Берілген сөйленімде Құнанбайдың Абайға айттырылған Ділдәнің әкесі –Алишынбай еліне құда түсу рәсімін атқару туралы шешіміне қарсылығы шешесі – Зеренің «жайлауға көшкеннен кейін барғаны дұрыс болар еді» деген пікірі арқылы көрініс тапқан. Зере Құнанбай шешіміне төтесінен қарсы болып тұрған жоқ, тілдік құралдарда да «бармайсың» деген болымсыз формада тұрған жауап етістік қолданылмаған, яғни Зере қарсылығы тікелей қарсылықты білдіретін тілдік құралдар (болымсыздық жұрнақ немесе *Жоқ* сөзі) арқылы берілмеген.

Сол сияқты:

Тоғайдан өтісімен Ербол барлық жайды тез аңғарды:

– *Бәрекелді, мына қызықты қара! Мынау ауыл алтыбақан теуіп жатыр! – деп, тоқтай қалды да: – Ойбай, жақсы болды! Тура барайық! – деп еді.*

Абай аттың басын іркіп тоқтап қап:

– *Тұра тұр! – деді.*

Онша араласы жоқ ауылға ойын іздеп келгендей, мезгілсіз баруды Абай ыңғайсыз өріп еді.

– *Барсақ та атты тастап жаяу барайық. Кейінірек барайық. Әуелі сіздің ауылға түсейік! – деді (М.Әуезов, Шығ.).*

Абай бұл диалогта досы Ерболдың «алтыбақан теуіп жатқан ауылға тура барайық» деген ұсынысына қарсылығын «бармаймыз», «Жоқ», «баруға болмайды» сияқты тура қарсылық формаларымен беріп тұрған жоқ. Алдымен «тоқтай тұр», – деп, кідіртіп, артынан «атты тастап барайық», «кейінірек барайық», «әуелі сіздің ауылға түсейік», – деп, ішкі қарсылығын төтесінен білдірмей, жұмсартып айтып отыр. Бұл жерде Абайдың досын ренжіткісі келмеуі сияқты прагматикалық мақсат та тұр. Сонымен қатар жалпы жұмсақ қарсылық қазақтың ұлттық менталитетімен де байланысты.

б) Қатаң қарсылық – коммуниканттар арасында бір-бірінің ой-пікіріне, әрекетіне сөйлеуші рөліндегі субъектінің өз қарсылығын ашық және төтесінен эмоциялық тұрғыдан білдіруі. Мұндай модальдылық көбінесе тыйым, кінәлау, бұйрық мәнді болып келеді. Соған сәйкес тыйым сөздер мен бұйрықты сөйлемдер және болымсыз формалы етістіктер қолданылады. Мысалы:

– *Жә, бірің бастап, бірің қостамай! Басалқа, басу айтады десе, о несі? – деді.*

Ұлжанға Айғыздай жекірген жоқ, кінәлай сөйледі. Үй ішінің наразы үнін осылай баспақ. Бірақ онысына Зере болған жоқ.

– *Қорқытпа, келіндерімді!.. О несі? – деп, қатты зекіп қап, ілгері жылжып кеп, екі қолымен жер тіреп отырып, баласының жүзіне аса суық қарады. Абай өз әжесінің мұндай қайратты ашуын көрмеген сияқты. Зере әлі де Құнанбайға қадала қарап, түйіліп отыр. Құнанбай шешесінің ажарын сезді де жуаси түсті. Көзі де шеше көзінен тайқып кетті.*

– *Айында, аптасында бір көреді. Арыз-мұңын саған айтпай кімге айтады? Қатты болсаң, қасыңа бол! Досыңа, қатын-балаңа қатты боп, қайда барасың өзің? «Жер тәңірісі сенсің», – деп, қошеметшің айтсын! Бұл жерде, бұл мекенде сен мойнындағы қарызы мол әкесің, білдің бе? Айтам зой, «жер тәңірісімін», – десең де, аяғың аспаннан салбырап түскен жоқ. Сен де пенденің ұлысың, анадан туғансың. Менмін сені тапқан. Мынау аналар аналық зарын айтады. Кәмшат турасында күйзелтіп, күңірентіп отырсыңдар сендер бізді. Тап енді, емін тап ақырғаниша! Құтқар анау қаршадай жетімегіңді! – деп, қатты бұйрық етіп тоқтады (М.Әуезов, Шығ.).*

Жоғарыда берілген сөйленімде Құнанбайдың әйелдеріне ұрысқан сөзіне анасы – Зеренің қатаң қарсылығы білдіріледі. Қатаң қарсылық модальділігі Зеренің сөздеріндегі бұйрықты, кінәлау мәнді сөйлемдерден (*қорқытпа, келіндерімді, саған айтпай кімге айтады, білдің бе, тап емін*) көрініп тұр. Сонымен қатар қатаң қарсылық мәні автор сөзінде де көрініс тапқан. Мысалы, *зеку, аса суық қарау, қайратты ашу, қатты бұйрық ету* маркерлері қатаң қарсылықты білдіруші құрал қызметін атқарады.

Сондай-ақ:

Сол сәлемін Құнанбайға әкелгенде ол ашу шақырып, кәріне мініп, Қаратай мен Жұмабайды сол түнде қайта жіберіп: «Сөзді қойып, көшсін!» деген бұйрық жолдапты.

Байсал мұны естігенде қатты бұзылып, қарсы қайрат көрсетіп:

– *Жөнімді айтып ем, жібімеді зой. Жерге тигендіктен шықпайды, жетеге тигендіктен шығады жан ашуы. Мені тек жатайын десем де, сүңгілеп тұрғызайын деген зой! Сол жер деген боп, жегідей соңына түсіп, кешегі қадірлі Бөжсейді де жұтып еді. Содан жаным ардақты емес. Айтқанымнан қайтпаймын! Осы қыстаудан қия баспаймын! – депті.*

Бұл жауапты Қаратай тағзы бір от шығып кете ме деп, майдалап жеткізбек екен. Бірақ Құнанбай: «Байсал бұлай сөйлемейді, дегенін дәл жеткіз!» – деп, қадалып отырып апты да Жұмабай түгел айтып берінті (М.Әуезов, Шығ.).

Берілген сөйленімде де екі тарап арасындағы қақтығыс нәтижесіндегі эмоциялық жағдаят берілген. Құнанбайдың көшсін деген бұйрығына Байсал қарсылығын білдіріп, сәлемдеме жеткізуші Қаратайға ашулы мінез көрсетеді. Құнанбай бұйрығын орындамайтыны, яғни қарсылығы Құнанбайды кінәлай сөйлеуі мен айтқанынан қайтпайтынын білдіруінен көрінеді. Қатаң қарсылық Байсал сөзінен де, автор сөзінен де байқалады. Мәселен, автор сөзінде Байсал сөзін майдалап жеткізбек болған Қаратай сөзіне Құнанбайдың «Байсал олай сөйлемейді», – деп, сенбеуінің өзі Құнанбай мен Байсал арасындағы шиеленісті қатынасты білдіреді және соған сәйкес қарсылық модальділігі де ерекше берілген.

7) Бұйрықты қарсылық – коммуниканттар сөзіндегі бұйрық мәнді сөйлемдер арқылы қарсылық модальділігінің берілуі.

Жақын жерде тұрған үлкен мая бар екен. «Созан қарай айда!» – деп бұйырды. Қой маяға жақындай бере, шұбай жүгірді. Дәркембай Құнанбайдың қорығына түсумен қоймай, пішеніне тағы ауыз салғаннан қорқып:

– Қайыр! Қайтар! Пішенін жегізбе! – деп, өз кісілеріне айқайлай бастады.

Абай оған зекіп:

– Тоқта былай! Барсын!.. Жесін! Маяға жабыңдар, жарамсақсымай! – деп ақырды (М.Әуезов, Шығ.).

Сөйленімде қарсылық модальділігі бұйрықты сөйлемдер арқылы берілген. Дәркембайдың қойларды қайыруға берген бұйрығына Абай керісінше, тоқтатып, қойларды маяға жабуға бұйрық береді. Қатаң қарсылық Абай сөзінен де, автор сөзінен (*ақыру, зеку*) де байқалады.

Сол сияқты:

– Әнеу күні ақ шомшыдан алғызған үш қап ұның бар. Тіреліп тұрған бес қап бидайың бар... Үлесесің мынау аш-арық жұртпен! Қарсылассаң, жақсы болмаймыз.

– Е, өзіміз аш қалсын дейсің бе? – деп, Қаражан қырыстана берді.

– Аш қалмақ түгілі, қырылып қал!.. Бересің! Бермей, қырыстанып көр осыдан! Күнде кешке кеп тексеріп тұрамын. Орындамасаң, өзіңнен көр!... Масқара қып тұрып көндіремін, білдің бе?.. Орындайсың, сол! – деп, қадалып қарап, үндемей тұрып қалды (М.Әуезов, Шығ.).

Абайдың Қаражанның бермеймін дегеніне қарамай, айтқанын орындататынын білдіруі бұйрықты сөйлемдер, сонымен қатар шартты мәнді «бермей көр» қолданыстарынан көрінеді.

8) Үзілді-кесілді (категориалды) қарсылық – қандай да бір ұсынысқа не пікірге коммуниканттардың түбегейлі қарсы екенін білдіруі. Мұндай үзілді-кесілді қарсылық модальділігі «үзілді-кесілді қарсы шығу», «қарсы шығу», түбегейлі қарсы болу», «басы бүтін қарсы болу» тіркестері арқылы беріледі. Мысалы:

IV-VII ғасырлардағы күпірлердің бәрі – несториандық, монофиситтік иконды құрметтеп, табынуға үзілді-кесілді қарсы шықты (Орта ғасыр тарихы).

Мұнымен қатар Алтынсарин қазақ балаларына христиан дінін зорлап үйретушілерге де үзілді-кесілді қарсы болды («Айқын»).

Өктем Алтаев:

– «Қыз бен жігіттің айтысы» деген тұжырымға түбегейлі қарсымын. Қыз бен жігіттің арасындағы айтысты әнмен жалғастыра алмайсың. Ал мына әнде тоқтай алмайсың, айтқан сайын айтқың келе береді («Айқын»).

Бірақ оны жалпыға ортақ қағида деп қабылдау дұрыс емес. Мен кәсіби диетолог ретінде саналы түрде ашығу деген пікірге түбегейлі қарсымын. Ол қарсылығымды ғылыми-медициналық тұрғыда толықтай дәлелдей аламын («Айқын»).

Шенеуніктердің басқаруына басы бүтін қарсымын («Айқын»).

Сонымен қатар үзілді-кесілді қарсылық диалогтағы *Жоқ!* сөзі және оның қосарлама қолданысы мен «атама!», «айта көрме!», «атай көрме!» маркерлері арқылы да беріледі. Мысалы:

Бүйте берсем, әлі де ажал табар кісі аз болмас.

– Жоқ-жоқ, өйтуге болмайды! Кешір, анам, антымды қайтып алдым (І.Есенберлин, Көшпенділер).

Тіл-жағың байланғандай, түк айта алмай тұрып қалғансың-ды. Бәкизат мырс етті де, сенің әр саусағы бақандай қолыңды ымдап:

– Бұның дәмін татқанбыз, – деді.

– Жоқ!.. Жоқ, айта көрме, – дедің сен дызалақтап, – Қанша ит... Иттігім болса да, саған.. Жоқ!..

Сен мұны мен Бүркітбайға баруға бел байлаған соң айтып отыр екен деп ойлама. Жоқ, атама. Бұл жүрегімді жайып, бар сырымды ақтарғаным саған бәрін жысырмай жазғаным (Ә.Нұршайықов).

Үзілді-кесілді қарсылыққа сонымен қатар бейвербалды тілдік құрал ретінде қол қимылдары арқылы жүзеге асатын ишараттың тағы бір түрі – **қолды айқастыру** ишаратын жатқызуға болады. Яғни екі қолды кеуде тұсына әкеліп бір-біріне айқастыра көрсету – *жоқ, бармаймын, дұрыс емес, мен емес, сөйлемеймін* т.б секілді үзілді-кесілді қарсылықты білдіретін ишарат.

9) Үгіт қарсылық – коммуниканттардың екінші тарап пікіріне қарсылығын үгіттей отырып білдіруі, екінші тарапты өз сөзіне, ыңғайына көндіру. Мысалы:

– *Мәйеке, тағы бастадың ба, бармаймын тіпті!..* – деп, үлкендерге бұрылды да күліп қойды.

– *Әй, жаман!.. Жаман бола ма деймін шіркін! «Өлі-тірісін берген соң өлі күйеу жата ма?»* – деп, өзің қалайсың? *Иегі ителгінің тамағындай боп үлпілдеп келін отыр анда «Келмей кетсінші бәлем!»* – деп, ол сені сынап отыр осы жолы. *Өзің сүйекке намыс болатын жайды ойламасаң керек мүлдем!* – деп, *Майбасар Абайды шындап айналдыра бастады* (М.Әуезов «Абай жолы»).

Берілген сөйленімде Майбасар мен Абай арасындағы қарсылықты қатынас берілген. Майбасар Абайды қайын жұртына ұрын барып келуге ұсынысы, оған Абайдың келіскісі келмей, қарсылық білдіруі, сонымен қатар Майбасардың Абайдың *бармаймын* дегеніне қоймай, қарсылық білдіріп, өз ыңғайына көндіру үшін үгіттеуі берілген.

10) Қадалыңқы, текетіресті қарсылық – коммуниканттардың белгілі бір ұсыныс, әрекет, пікір туралы өзара ұзақ қарсыласуы, тартысы. Мысалы, төменде жоғарыдағы Майбасар мен Абайдың қайын жұртқа бару-бармауы туралы ұзын-сонар айтыс-тарртысы берілген:

– *Мәйеке, тағы бастадың ба, бармаймын тіпті!..* – деп, үлкендерге бұрылды да күліп қойды....

Майбасар жауап ала алмай, аз отырып, қайтадан қадалып:

– *Ал, айтсаишы!.. Қасыңа жолдас қып, мына отырған барлық атпал жігіттерді ертең. Тек емеуірініңді білдірші!* – деді.

– *Мәйеке, қойыңыз дейім!..*

– *Уа, тіпті де қоймаймын!.. Білдің бе?..*

– *Япыр-ау, осы сізге түсір олжа бар ма? Тым құрыса, жеңге болсаңыз, бір сәрі еді!..*

– *Жеңге болмасам, жеңгеден артық айызым қансын!..*

Абай күліп жіберді де бір ерекше ойнақы тектектік тауып:

– *Осы бір емес, екі емес... шын қоймайсыз ба?* – деп, домбырасын тоқтатып, алдына көлденең салып Майбасарға қадала қарады.

Күлімсіреп қараған үлкен көздерінде аса бір қызулы жалын көрінгендей еді.

– *Ал, қоймадым!..* – деп Майбасар, «қайтер екен» дегендей, ежірейе қарады.

Абай өзі көрген Шөженің қалпына салып, күлімсіреген көзін сығырайтып, басын жоғары көтере беріп, соқтырты жөнелді:

Уа, қой десе, бір қоймайсың

Аз болды ма, Мәйеке,

Осында көрген қызығың?

Кертiп жеп-ақ жүрсiң зой,

Қарқаралы халқының

Жал-жасаясын, шұжығын.

Алған, жеген аздай-ақ

Тағы бiрдi тауыпсың.

Уа, Алышынбайдың қызы кім?

Адақтамақ – сертiң бе,

Осы өңiрдiң елiнiң

Жүйрiгi мен жортағын?

Айтпай-ақ қойсаң нетушi едi,

*Сонда да бар ед ортағың?
Гүж-гүждеп бір қоймайсың,
Бұқасы ма ең қашырап
Сол ауылдың торпағын?
Біле білсең осы сый
Жетер еді, қайнаға,
Орайы болмас қолқаның... –*

деп, сақылдап күліп, Абай Майбасарға қарай жантая кетті (М.Әуезов «Абай жолы»).

Жоғарыдағы сөйленімде екі тарап арасындағы қадалыңқы, текетіреті қарсылық «қоймаймын», «қайтадан қадалу», «тіпті де қоймаймын», «бір қоймайсың», «шын қоймайсыз ба», «орайы болмас қолқаның» сияқты айтыс-тартысты сөздері арқылы жеткізілген. Тіпті Абай Майбасардың текетіресіне арнап өлең де шығарып жібереді.

11) Жасырын қарсылық – сөйленімде субъектілер арасындағы қарсылықтың екінші тарапқа ашық жеткізілмеуі. Мұндайда қарсылық мән қарсы болған субъектінің ішкі қарсылығы түрінде қалады немесе екінші тарап пікіріне қарсылығы сөйленімде жасырын істеледі, яғни екінші тараппен ашық қарсылыққа түспейді. Мысалы:

Енді бүгін мұнда қонбай, Жидебайға қайтсам деп ойлап еді. Әкесіне сол ниетін айтқанда Құнанбай:

– Немене бұ, қуыршақ ойнайтын қыз ба едің сен, шешеңнің қасынан шықпайтын? Менің қасымнан сол қатындардың қасы артық болды ма? Мұнда болсаң, ел көресің, сөз ұғасың, тәлім-тәрбие аласың. Онда не табасың? – деді.

Абайға бұл сөздер оншалық даусыз хақиқат болып танылған жоқ. Ішінен: «Сіз ата болсаңыз, ол – ана. Бала, ата-ананың тағылымын бірдей алып өседі» деп ойлады.

Бірақ әкесіне тура жауап айтқан жоқ (М.Әуезов «Абай жолы»).

Жоғарыда Абайдың Жидебайға қайтқысы келген сөзіне Құнанбайдың қарсылығы айқын беріледі. Құнанбай Абайға *аналарының қасында болатын қыз бе едің?* деуі арқылы Абайдың кетуіне қарсылығы көрінеді. Ал жасырын қарсылық бұл сөйленімде Құнанбайдың бұл сөздеріне Абайдың іштей келіспеушілік ойы арқылы білдірілген: *Абайға бұл сөздер оншалық даусыз хақиқат болып танылған жоқ. Ішінен: «Сіз ата болсаңыз, ол – ана. Бала, ата-ананың тағылымын бірдей алып өседі» деп ойлады.*

Сондай-ақ:

– Ата-бабаң жолы – осы! Барған елің сені кінәламайды. «Әкесі – күйеу, шешесі – қалыңдық болмаған ба?» – деп бізді мінейді. Ки! – деп, дәл аттанар жерде Абайға жаңағы күйеу киімінің бәрін кигізді.

Абай сол күні өзінің өзгеше қалпын бақсы-құшнаштай көрген. Өз ауылдарынан шығысымен, Ұлжанға кеп:

– Япырау, мен күйеу болсам, Бошанға күйеумін, Тобықтыға, Тарақтыға күйеу емес ем зой. Жолдағы елдің бәріне мен күйеу деп, жынды кісіше жар шақыратыным не? Рұқсат етіңіз, барар жерде киейін, әзірше өз киіміммен барам, – деген.

Ұлжан мұны теріс көрсе де, көнген-ді. Сол Абай жаңағы бақсы мен салға ұқсатататын күйеу киімін әлі кимеген. Үкілі тымақ, қызыл шапан қоржында (М.Әуезов, Шығ.).

Бұл сөйленімде Абай қайыншылап, ұрын барғанда киетін күйеу киімін елден шыққанда шешелерінің көзінше қабыл алып, қарсыласпай киеді де ауылдан шыға бере, қоржынға салып алу әрекеті Абайдың күйеу киімін кигісі келмеген қарсылығының жасырын орындалуы болып табылады.

12) Бас тарту қарсылығы – қарсылықтың қандай да бір ұсынысты қабылдамауы арқылы қарсылық білдіруі. Мұндай қарсылық модальділігі көбінесе «бас тарту» тіркесі арқылы беріледі. Мысалы:

Жәнібекпен түбі бірге от жағып, түтін түтете алмайтынын сезген хан, қызын беруден үзілді-кесілді бас тартты (І.Есенберлин, Алмас қылыш).

Әңгімені Ұлтуғанның шайын ішіп отырып жалғастырармыз. Жасболат үйге түсуден үзілді-кесілді бас тартты (Қ.Жұмаділов, Бір қаланың тұрғындары).

Сол сияқты «керек жоқ», «рақмет», «қажет емес», «тима», «өзім» сөздері арқылы да бас тарту қарсылығы білдіріледі. Мысалы:

- *Сізге көмектесейн деп келдім.*
- *Қажет емес* (Ауызекі тіл).

Сондай-ақ төменде ат үстіндегі Оспанға болыспақ болған балалардың ұсынысынан Оспанның бас тартуы «тима», «аулақ» сөздері арқылы маркерленіп тұр. Мысалы:

Жұрттың бәрі амалсыз иіріліп тұра қалып, ақ таймен Оспанның арпалыс майданына қарады. Тәкежан да таңдайын қағып, Оспады боқтай түсіп, сүйсініп тұр. Тайдың мөңкігенінен сескеніп, Оспаға болысайық деген ересек балалар болып еді. Оспан айғайлап, шолақ бұйрық етіп:

- *Тима, Аулақ!* – деді (М.Әуезов «Абай жолы»).

13) Кесімді қарсылық – қандай да бір әрекетке, пікірге сөйлеуші рөліндегі адресаттың өз қарсылығын тоқетер сөз ретінде кесіп айтуы. Мысалы:

– *Уа, Құлыншақ ақсақал, көшпесін деген мырзаның сәлемін айттым. Көшпе деп өзім айтып отырмын. Жеке айттым, арыла айттым. Енді көшпейім деген сертіңді бер, қысқасы! Соныңды естимін де, жүремін!* – дегенде, *Құлыншақ қатуланып, жалт қарап:*

- *Ендеше, менің де сөзім қысқа, Майбасар. Тойдым, болды! Көшемін!* – деп, **бір-ақ кесті.**

Үй іші бұл сөздің тұсында, тегіс ажырайысып, аңтарла қарасып қап еді (М.Әуезов «Абай жолы»).

Кесімді қарсылық жоғарыдағы сөйленімде «болды», «бір-ақ кесті» маркерлері арқылы, сонымен қатар Құлыншақтың кесімді қарсылық жасауға дейінгі қатуланған көңіл-күйі арқылы берілген. Автор сөзіндегі Құлыншақты кесімін айтқандағы сөзіне көпшіліктің аңтарылып қалуы да қарсылықтың реікін күшейте түскен.

14) Сұрақ қарсылық – коммуниканттардың қандай да бір ойға, әрекетке, ұсынысқа қарсылығын сұрақ формасында білдіруі. Мысалы:

Ақыл айтып, мәслихат беруден бұрын тартынып келсе де, қазір Абай ойдағысын айтпақ болды.

- *Арыз бармас үшін, жауығып отырған ағайынның көңілін табу керек қой!*

Құнанбай бұған суық қарады, жақтырмады.

- *Аяғына жығыл деймісің?*

– *Жоқ, Бірақ алғанды қайта орайлап, есесін түгендеу керек. Сонымен көңілін тауып тоқтатпаса, арызды тоқтатар басқа шара жоқ!* (М.Әуезов «Абай жолы»).

Жоғарыдағы сөйленімде Абайдың айтқан сөзіне Құнанбайдың қарсылығы «*Аяғына жығыл деймісің?*» деген сұрақ формасындағы жауабында көрініс тапқан. Яғни, *аяғына жығылмаймын* деген қарсылық астарлы беріліп тұр.

Сол сияқты төмендегі сөйленімде Құнанбай Мырзаханның сұрағына (*Әйтеуір азбай ма екен?*) қарсы сұрақ (*Азып сонша не бопты?*) қою арқылы қарсы жауап береді. Яғни, *азбайды* деген қарсы жауапты сұрақ формасында «азатындай себеп жоқ» деп білдіреді.

Қасындағы Мырзаханға Құнанбайдың жалғыз айтқаны:

- *Майырды Керекуде тосыңдар! Тосып алып, содан әрі бірге тартыңдар!* – деді.

- *Өзі, әйтеуір, азбай ма екен?* – деп, *Мырзахан қадалып еді.*

– *Азбас! Азып сонша не бопты?* – деп, *біраз отыра түсіп, бірақ әлі өзіміз көрсететін қайрат та бар. Дер кезінде айтармын. Беліңді ардайым бекем бугайсың* – деді (М.Әуезов «Абай жолы»).

Ал төмендегі сөйленімде коммуниканттар арасындағы қарсылық модальділігі сұрақ формасында үстін-үстін білдіріледі. Мысалы:

Абай үйге кеп әкесіне ажарлана қарап отырып:

– *Әке, осы шілденің күнінде, ен жайлауда, шөп деген тұнып тұрған шақта, жер қорыған, ағайынға реніш салған не қисынға сыяды?* – деді.

Құнанбай бұған жалт етіп, суық қарады.

– **Немене, Байсалдың дауын айтар тіл, жақ жоқ деп не ең? Қыстауымды қайырмай, қасарысып отырғанын да қостарсың сен!?**

Абай қайтқан жоқ. Үні қатқыл шықты.

– Қыстау – жайлау емес қой.

– Қыстаудан жайлауға көшетін кекесін болмай ма екен?

– Ендеше, түп-түйінді айтады екеміз. Сонда қыстау жайындағы ашудың өзі әділет пе?

– Әділет, сенің ойыңша, біреудің басына күн туса, соның орнын тартып алу ғой?

– Тартып алғыштың басы, шынға келсек, Байсал емес, өзіміз ғой. Байсал алушы емес, алынушы боп келмеп пе еді бұл күнге шейін? Өмір бойы бір-ақ қыстау сұрап емінгені өзіңіз емес пе едіңіз?...Құнанбай

– **Жә, суырылма!.. Менімен жарыса түспек пе ең?** – деді (М.Әуезов, Шығ.).

Сөйленімде Абай мен Құнанбай арасындағы пікірталас қарсылығы көрініс тапқан. Қарсылық модальділігі негізінен сұрақ формасында (кекесін болмай ма екен? әділет пе? – яғни әділет емес, тартып алу ғой? – яғни тартып алу әділет емес, жарыса түспек пе ең? – яғни менімен жарыспа) құрылады.

15) Ақталма (себеп) қарсылық – коммуниканттардың қарсы тарап ұсынысына, пікіріне тура қарсылығын білдірмей, қарсылығының себебін түсіндіріп, ақтала жауап беруі. Мысалы:

Енді бүгін мұнда қонбай, Жидебайға қайтсам деп ойлап еді. Әкесіне сол ниетін айтқанда Құнанбай:

– Немене бұ, қуыршақ ойнайтын қыз ба едің сен, шешеңнің қасынан шықпайтын? Менің қасымнан сол қатындардың қасы артық болды ма? Мұнда болсаң, ел көресің, сөз ұғасың, тәлім-тәрбие аласың. Онда не табасың? – деді...

Бірақ әкесіне тура жауап айтқан жоқ (М.Әуезов «Абай жолы»).

– **Үйде қаршыға бар еді, биыл құс мол екен. Жидебайға барып, азырақ қаршыға салайын деп ем,** – деді.

Құнанбай бұл жеріне дауласқан жоқ, түсінді. Бірақ:

– Тағы бірер күн аял қыл. Ертеңдер сені Байдалыға жіберіп алғалы отырмын. Содан әрі қайтарсың, – деді.

Абай амалсыз көнді (М.Әуезов, Шығ.).

Жоғарыдағы сөйленімде Жидебайға бармайсың деген Құнанбай сөзіне Абайдың Жидебайға құс салуға барғысы келгенін айтуы «Жидебайға барамын» деген ойын білдіреді, яғни Жидебайға бармайсың деген Құнанбай қалауына қарсылығы астарлы беріліп тұр.

16) Айтысты қарсылық – екі тараптың сөз қағыстыра кезек-кезек қарсыласуы. Мысалы:

Тәкежан тырсыып күйіп отыр еді. **Ұрса жөнелді:**

– Ондай сопы болсаң, басыңа сәлде киіп, Дәркембайға арнап құшыр жисаңшы!

– Қажет болса, құшыр да жиям. Халық қырылар болса, амандығым садаға!..

– **Ендеше, бар, әне, ел ақтап кет!..**

– Оған кетуден бұрын әуелі өзімде бар мен сенде барды ортаға шығарып, үлеске салып кетемін.

– Онсыз да салыпсың ғой!.. Бір Дәркембай емес, қыруар елді қаптатыпсың! Сен бір өзің емес, бәрімізді қара жерге отыртайын депсің!.. **Ол, ол ма? Мына шешелеріңді қара жерге отыртайын депсің!..**

– Шешелерімнің қамын сен жемей-ақ қой, **білдің бе?** (М.Әуезов, Шығ.).

Берілген диалогта Тәкежан мен Дәркембайдың бір-бірінің сөзіне қарсы айтылған қақтығысты сөздері айтысу формасында берілген. Айтысу формасындағы қарсылық модальділігі көбінесе осылай ұрыс-керіс әрекеті үстінде туындайды.

17) Күдікті қарсылық – коммуниканттың өз сөзіне немесе қарсы тарап сөзіне күдіктене қарсылығын білдіруі. Мысалы:

Расында, солай ма еді? Жоқ, бекер сөз! Ол кездерде Қытай мен Жоңғар арасы қандай болса, қазақ пен жоңғар, Қытай мен қазақ арасы да сондай еді ғой (І.Есенберлин, Көшпенділер).

Сөйленімде сөйлеуші өткен тарихи жағдайға күдіктене отырып, ол ойына өзінің сенбейтіндігі, яғни олай емес екенін білдіруі берілген.

18) Жария (әлеуметтік) қарсылық (протест) – әлеуметтік мәселелерден көрінеді, ұранды формада келеді. Мысалы:

Сөнбесін күн, солмасын гүл! Хиросима қайталанбасын! «Семей-Невада» қозғалысы тоқтамасын! («Жас алаш»).

– *Талап етеміз, енді жұмысшылар намысын қорлау болмасын* (Ә.Сәрсенбаев).

Бұдан басқа да сөйлеу тілінде осы сияқты күдікті қарсылықты білдіретін мысалдар көптеп кездеседі.

Сонымен, біз жоғарыда қарсылық модальділігінің түрліше берілу құрылымдары (мысалдар) негізінде қарсылықтың түрлерін анықтадық. Алайда тілімізде бұдан басқа да қарсылықтың берілу жолдары түрліше болуы мүмкін.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Бондарко А.В. К проблематике функционально-семантических категории // Вопросы языкознания. – 1967. – №2
2. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.

Әлімтаева Л.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

Тарихова Қ.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 1-курс магистранты

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ЗАТТАНУДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Заттанудың маңызы тіл білімінде ғана емес, әдеби шығармаларда да байқалады. Тіл білімі әдебиетпен тығыз байланысты, егіз ұғым болғандықтан заттанудың тілге тигізген әсері әдебиеттің де беттерінен айқын көрінеді. Көркем әдебиетті талдау барысында тіл үнемі сөз болатыны белгілі. Оны оқырманға әсерлі, бейнелі қылатын да, жағымсыз қылатын да – тіл элементтері. Жылдар жиегі алмасқанымен, көркем әдебиеттің халықпен, халықтың тұрмысымен байланысы автор тілінің көркемдігі арқылы ашылатыны қай кезде де анық.

Қазіргі көркем әдебиетпен қатар көркемдік құндылықтар келді. Жаңа жүйе немесе жаңа тіл пайда болмағанымен, тілімізге жаңадан сөздер не тілдік бірліктер қосылып, тіліміз көркемдік жағынан байып жатқаны мәлім. Сол тұрғыдан заттану тіліміздегі жаңа құбылыстардың бірі ретінде танылып, автор ойын жеткізуде қолданылатын тілдік бірліктің қызметін атқарып келеді. Әдебиеттің басты мақсаты бейнелеу болғандықтан, жаңа атаулар да әдебиеттің көркемдік құралына айналады. Яғни қазіргі өмірді, қазіргі адамды бейнелеу барысында қаламгердің жаңа ұғым-түсініктерді, жаңа қолданыстарды қаншалықты қиюластыра қолдана алуына байланысты. Заттану арқылы қаламгер тілін байытудағы көркемдік қызметі ашыла бастады. Дегенмен бұл тұста заттану құбылысы бұрынғы көркем шығармаларда кездеспеді деген түсінік емес, қазіргі жазушылардың көркемдік сөз шеберлігіне енгізген жаңалықтарын зерттеу жұмысында сөз етпекшіміз. Заттанудың көркем шығарма тілінде атқаратын қызметі жазушылардың стильдік қолданыстары арқылы көрінеді. Себебі автор қолданысы, оның жеткізгісі келген бейнелі құрылымдары стилистиканың зерттеу нысанына жатады. Жазушы қолданған заттанған тұлғалардың барлығы оның образын, авторлық, даралық стилін аша түседі. Стильдік тұрғыда қарастыру бір салада ғана емес, прагматика, коммуникативтік

лингвистика, сөйлеу қызметінің теориясы, психоллингвистика, мәтін лингвистикасы, лингвистикалық поэтика, логика, когнитивтік лингвистика және тағы да басқа бағыттармен байланыстыра зерттеу мәселесі көтеріледі.

Көркем әдебиет стилі – әдеби шығарманың көркемдік формасын құрайтын ерекше стиль түрі. Көркем әдебиет стилі тек коммуникативтік қана емес, эстетикалық функцияны да қоса атқарады, сондықтан оның бойынан зерттеулер барысында әр түрлі ішкі, сыртқы құрылымдық өзгерістер, тіл мен ойлаудың танымдық қағидалары, ойлау процесінен пайымдау, талдау, көркемдеу сияқты әдіс-тәсілдер шығып отырады. Жалпыхалықтық тілден, ауызша әдеби тілден, ауызекі сөйлеу тілінен, ұлттық әдеби тілден негізі қаланған көркем әдебиет стилі өзінің көркемдік, құрылымдық, эстетикалық өрісін беруде өзгеше стильдік мәнер түзе алады. Демек, заттану құбылысын көркем әдебиет стилі тұрғысынан қарастыру арқылы жазушы немесе автор бейнесінен бөлек, артта қалған дәуірлерден алған белгілері мен танымдық, коммуникативтік және тағы да басқа тілдік қызметтерін ашып көрсете аламыз. Жазушы қолданған жаңа әдістер арқылы сол заманның бейнесімен қатар, оқырманның ойын, оқырманға түсінікті және үнемді жеткізудегі ролін көре аламыз.

Тілдік феномен ретіндегі заттанудың стилистикалық мүмкіншіліктері туралы Х.Неталиев, М.Серғалиев, Р.Сыздықова, А.Салқынбай және тағы да басқа ғалымдардың еңбектерінде берілген. Заттанудың стилистикалық тұрғыда басты қызметтерінің бірі – белгілі бір аталымның синонимдері, яғни атаудың әр түрлі қолданыста келуі. Синонимдер атаудың атрибутивтік қасиетін білдірумен қатар сындық мағына заттанып, қосымша экспрессивтік мағына үстейді:

***Қасқырлар** қойларды тамақтап қана кете берген, басқа жерлеріне ауыз да салмаған. «Апырай, бұлары несі?! – деп басы қатты, – **Көк бөрілер** кекшіл келеді деуші еді, бөлтіріктерін алып кеткенге өшіккен зой! Жыртқыш екеш жыртқыштың балаларын іздеп, кектеніп жүргенін қарашы! Құдай сақтасын, әйтеуір жүрістері суыт, кісі шошырлық!».* Елубай ***көкжалдың** бірте-бірте шабысын үдете түскенін байқады: «Жаңа ғана қисалаңдай басып бара жатыр еді, тіпті жақындатар емес қой, өзі! Бойын да тіктеп алған...».* Алпыс екі айлалы тұз тағысы оңайлықпен алдыра қояр деген, – деді өзіне-өзі жекіп, – «ақымақ бас – аяқтың соры» деген осы шығар. Малды иесіз қалдырып, ит-құс қуған немді алған. Теңізге жеткені – жетті, жетпегені желкесі үзіліп, ***қорқаулардың** құлқынына түседі* (Д.Рамазан «Көкжал»).

Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, заттану эллипсиспен тікелей байланысты, сондықтан оны кейде *эллипсистік заттану* деп атайды. Эллипсис – көркем шығармаларда сөйлеудің стилистикалық реңкін ашатын көркемдеуіш құралдың бірі. Көркем шығармада эллипсис көркем мәнерлілік, стилистикалық бояу, жанды образ беру мақсатында қолданылады. Анықтаманы аша түссек, эллипсисің қызметі мынадай стилистикалық функциялармен байланысты: сөйлеу тілінің интонациясы, динамика, бейнелілік. Д.Әлкебаева «Қазақ тілінің прагмастилистикасы» атты еңбегінде экспрессивтілікті арттыратын сөйлемдердің қатарына: *жақсыз, толымсыз, эллипсис қатысқан және парцелляция құбылыстары арқылы жасалған сөйлемдерді* жатқызады [1, 77-б.]. Енді эллипсисің көркем әдебиет тіліндегі қолданысы мен оған заттанудың тигізетін әсерін қарастырсақ. Ғалым Ж.Р.Әмірова эллипсистік заттануды жіктеп көрсеткен [2,156-б.].

Заттану құбылысы көркем мәтін тілінде жиі қолданылады. Суреттеліп отырған көріністегі дүниелердің жай-күйінің өзгерісін көрсетеді. Мысалға Б.Нұржекеұлы «Сағынғаным-ай» әңгімесінде кейіпкерлердің сол мезетте орындап жатқан әрекеттері мен жай-күйін сипаттауда осы құбылыс қолданылған:

*Тау іші – тұнған сурет. Таңданып, тамсанып қана талай тамашаға тоқтай алмай келеміз. **Ересектеулер** алдыға екшеліп, жол бастап барады. Қарқ күліп, **алдағылар** ақтарылып келе жатқан соң, **арттағылар** да дабырлай сөйлеп, дамылсыз жүрістен **демiккендердiң** де дымы ішінде.*

Келтірілген мысалда заттанып тұрған эллипсистер: *ересектеулер, алдағылар, арттағылар, деміккендер*. Мәтінде тауға шығып бара жатқан ауыл адамдарының жай-күйі суреттелген. Автор өз қолданысында сөз үнемділігімен қатар экспрессивтілігін де арттыра түскен. Егер жазушы *ересектеулер – ересек адамдар, алдағылар – алдағы адамдар, арттағылар – арттағы адамдар, деміккендер – деміккен адамдар* деп алатын болса, суреттелу мен мәтіннің берер экспрессивтілік сипаты өзгеше мәнде тұрар еді. Демек, жазушылар заттану құбылысын стилистикалық мақсатта қолданатыны белгілі. Бұл тек Б.Нұржекеұлы шығармашылығында ғана емес, көптеген жазушылардың авторлық стилінде көрініс тапқан:

Жарылған бас, шыққан көз, ат тұяғының астында қалған сардарлар, бетін қан жуган жаралылар көбейіп кетті (Ә.Байбол). *Жол жиегінде өскендіктен, отын кесуге барғандар* оған атын, есегін байлап кетеді (Н.Ораз). *Онсыз да тығырықтан жол таппай амалы құрып отырған дастарқан басындағылар* мынадай келеңсіз әңгіменің құдалар ауылына жетпей тынбайтынын ойлағанда әрқайсысы отырған-отырған орнында қара жерге кіріп кете жаздады (Д.Исабеков). *Қазір бұл жер туристер орталығына айналған. Әсіресе, июнь, июль айларында киноға түсірушілер қаптап кетеді* (Т.Әбдік).

Заттанған эллипсис жанды сөйлесімдегі кейіпкер ойын жеткізуде өзге интонация береді. Аталған қызмет көбіне көркем мәтіндегі диалогтарда көрініс табады. Мысалы:

– *Сен қанша адамды тонадың?*

– *Сен екіншісің. Біріншісі кемпір болатын. Маған оны жолдан өткізіп жіберуін өтінді. Мен қалтасына қолымды салып, барлық пенсиясын ұрлап алдым* (Ә.Байбол).

Бұл репликада заттанған сан есім екіншісің алдындағы оқиғамен байланыстыра суреттеліп тұр. Адамның өзіне қатысты қаратып айтылғандықтан, *екінші адамсың* деген тіркестегі заттық мағынадағы сөз түсіріліп қолданылып тұр.

Сөз эллипсистік қолданыс кезінде мағыналық жағынан үлкен аумақты қамтуы мүмкін. Сол себепті заттанған сын есім ойын ашық жеткізуде негізгі құралдың қызметін атқарады. Қазақ әдеби тілінде айрықша орны бар Абай, Шәкәрім, тағы да басқа жазушылардың шығармаларында бір бойына бірнеше элеуметтік мәнді сыйдырып жеткізген сөздердің қолданысы мол болды. Мысалы:

*Өнер жоқ, ғылым жоқ,
Партия құған көп надан.
Іші айуан сырты адам,
Көңілім қайтты жуаннан,
Бай-бағлан, қарадан.*

Келтірілген мысалдағы *надан, жуан, бай-бағлан, қара* заттанған сөздері тура мағынасында емес, заттану арқылы экспрессивтік, элеуметтік қосымша мән үстеп тұр. Қазіргі көркем шығармаларда да мұндай сөздердің қолданысы орын алады. Мысалы:

– *Көресің ертең, шоқыншық, – деді жұдырығын түйіп* (Т.Әсемқұлов «Тал түс»). *Өңшең жақсы мен жайсаңдар бірге болдық. Мектептің директоры, орталықтан келген глаунай зоотехник, глаунай бухгалтер...*

Алғашқы мысалдағы *шоқыншық* сөзі адресаттың мінезін не болмысын емес, оның шығармада өзге ұлт өкілі екендігін соның ішінде орыс ұлтынан екендігін көрсетіп тұр. *Шоқыншық* деп айтуы орыс ұлтының басым бөлігі шоқынғандығы, сол кездегі қазақтарды да шоқындыру саясатын ұстанғандығын хабар береді. Ал келесі мысалдағы *жақсылар мен жайсаңдар* заттанған сөздері де адамның элеуметтік статусын, атақ-дәрежесін көрсетіп тұр. Аталған сын есімдер адам мінезін сипаттау үшін қолданылса да, элеуметтік тұрғыда басым сипатты қабылдап тұр.

Заттанудың қазіргі көркем шығармалардағы эллипсистік қолданысының келесі бір қызметі – жағымсыз кейіпкерлерді сипаттауда көрініс табуы. Төмендегі мысалдарда көркем шығармада өзге кейіпкердің монологу немесе диалогы арқылы жағымсыз кейіпкерді суреттейді:

– *Ой, оңбаған, ойын қарашы, қандай жаман* (Б.Нұржекеұлы «Сағынғаным-ай»). – *Өңшең, берекесіз, бейбастар, түге!* – *деді ашудан еріндері дірілдеп, жыларман боп тұрып* (Т.Нұрмағанбетов «Қорашылар»). *Өзің біл дегенде осылай ет деп не едім. Әй, бұдан асқан кісәпір, алаяқ жоқ шығар* (Т.Нұрмағанбетов «Шашубай»).

Аталған репликалардан біз адресанттың қарым-қатынасында адресатқа берген сындарын көре аламыз. Бұл сындар заттанып, өзгеше экспрессивтілік үстейді: *оңбаған (адам) – ниеті жаман адам, берекесіз (адам) – өнімсіз, мардымсыз, ісі алға баспайтын адам, бейбас (адам) – тентек, әдепсіз адам, кісәпір (адам) – қалтаны тонайтын ұры адам, алаяқ – айлакер, залым адам*. Демек, жазушы шығармаларында заттану арқылы жағымсыз образдарды ашып көрсетіп тұр.

Көркем шығармаларда заттану экспрессивтілікпен қатар стилистикалық бояу түзеді. Еркелету немесе жағымды мәнді коннотациялар арқылы сөйлемдегі заттанудың рөлі айқын көрінеді. Бұл теория жоғарыда айтылғандарға қарсы, яғни жағымды образдарға қаратыла қолданылады. Көркем шығармалардан мысал келтірсек:

Кеше ол «жар дегенде жалғызым, тіреуім, сүйеуім» деп жүрген баласынан айырылды. Есінен адасты (Ә.Байбол «Құлдар патшалығы»). – *Құлыным-оу! – деп, Әжікен жығыла-сүріне жетіп бас салды. – Бұл қорлықты көрсеткенше, құдай мені неге алмады, жарығым-оу?!* (Б.Нұржекеұлы «Әй, дүние-ай»). – *Төрем, алтыным келді зой менің, – деп Бекет анам сияқты өзінен-өзі сөйлеп жүр* (Д.Исабеков «Бекет»).

Жоғарыда аталған мысалдар халықтың бай тілінің бір көрінісіне айналды. Бұл жердегі дәстүрлі коннотация заттық-логикалық, грамматикалық мағыналарға қосымша жұмсалына-тын экспрессивтік және стилистикалық мағына – стилистикалық коннотациялардың көрінісі. Аталған мысалдардың көбі сындық, атрибутивтік мағынамен тікелей қатысты сын есімдер болып саналады. Десек те есімшенің заттануы де сындық және экспрессивтілік мағына үстейді. Мысалы, Т.Нұрмағанбетовтің «Келін» шығармасындағы бас кейіпкер Тоқтастың өз жары – Нұршатты еркелеткен бейнелік коннотациясын алып қарауға болады:

- *Айналайын-н-н! – деді.*
- *Құдайдың бере салғаны...*
- *Жасағанның ие салғаны...*

Бұл мысалда кіршіксіз адал махаббатың көрінісін заттанған коннотациялармен көрсетіп тұр. Б.Нұржекеұлы әйел тақырыбын, махаббат тақырыбын көп қозғаған жазушылардың қатарынан болғандықтан, экспрессивті бояуы мол сөздердің кездесуі заңды.

Заттанудың автор қолданысындағы тағы бір стилистикалық ерекшелігі – мүсіркеуді, аяушылықты білдіретін коннотациялар. Қазіргі көркем шығармада бұл құбылыс молынан ұшырасады:

Осы байғұстың маған неменеге құштар болып қалғанын бір құдайдың өзі білсін (Т.Әбдік «Парасат майданы»). – *Онда құдай сақтаған екен, жаным. Аптыққан сорлы сыртыңа сүрінген болды. Ауырмағаны – аман қалғаның* (Б.Нұржекеұлы «Әй, дүние-ай»). – *Әй, қу кедей, тарт тіліңді! – Сен бай екенсің зой, – деді Сәтбек әңгімеге килігіп* (Т.Әсемқұлов «Тал түс»).

Заттанудың көркем мәтін тіліндегі стилистикалық қызметін эллипсистен өзге тілдік бірліктермен де ашуға болады.

Қазіргі қазақ прозасының көш басында тұрған сатирик жазушылардың бірі – Тынымбай Нұрмағанбетов. Қазақ әдебиетінде өткір әрі жеңіл тілмен, ауыз әдебиетіне көбірек қалам тартқан, әзіл аралас зілмен жазылған көркем шығармаларымен толықтырған жазушылардың бірі. Жазушы шығармаларындағы басты мәселе – ауыл өмірі болғандықтан, көркемдік, бейнелі сөздері мен көріктеу амалдары да сол тарапты қамтиды. Жазушының тілдік тұлғасына заттанудың әсерін мына бір мысалдармен дәлелдеуімізге болады:

«Несін айтасың, балалары шеттерінен дөкей. Қолыңды жылы суға маласың да отырасың. Би де өзің, хан да өзің», – деген соң, Торғын да оңай көніпті («Ата қоныс»)

Үзіндідегі заттанған сөз – *дөкей*. Бұл сөз Н.Әшімбаева, Қ.Рысберген, Ж.Манкеевалар құрастырған «Қазақ әдеби тілінің он бес томдық» сөздігінің 4-томында *үлкен, зор, кесек*

мағыналарын білдіретін сын есім ретінде сипатталған [3, 98-б.]. Демек, автор қолданысындағы *дөкей* сөзі шығарма кейіпкерінің алып денелі әрі мансабы да шенді болғандығын көрсетеді. «Жігіттер» сөзінің түсіріліп айтылуы арқылы жасалған сөз үнемдеу тәсілі арқылы сөйлемге экспрессивті мән үстеп тұр.

Мынау – Бидайгүл кемпірдің отын қорасының орны. Жұдырықтай болып алып, екі аяқтының пысығы еді («Ата қоныс»).

Мысалдағы заттанған тіркес – *екі аяқтының пысығы*. Зат есімнің тәуелдік жалғау категориясын қабылдау арқылы *адам* сөзі *екі аяқтымен* алмастырылып экспрессивті мән үстеп тұр. Бұл жердегі негізгі мағына – адамдардың арасындағы ең алғыры. Демек, заттанудың кейіпкер тұлғасын ашуда да үлкен маңызы бар.

Төсек тартып бір жеті ғана жатты да дүние салды («Ата қоныс»).

Заттанған *жеті* метонимиясы апта атауын алмастырып тұр. Бұл жерде *жеті* сөзінің қолданысында сандық мағына болғанымен, *жеті* санын ашып тұрған жоқ.

Өйткені ұзынқұлақтан: «Сіздің бауда бәленше деген сиыршы немесе түгенше деген қойшы жайлап отыр екен», деген сөздерді жиі еститін («Ата қоныс»).

Ұзынқұлақ сөзіне «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» мынадай сипаттама берілген: байырғы қазақ қоғамындағы біреуден біреу есту арқылы тарайтын хабар, ақпарат алудың, ақпарат берудің коммуникативтік тәсілі [4, 287-б.].

Бәрінен бұрын Мұқаның ойынан Аймүйіз кетер емес. Қарайғанның бәріне көңіл аударарды («Ата қоныс»).

Үзіндідегі *қарайған* – *қара* сөзімен емес, *қараңдаған* сөзімен байланысты. *Көз алдына көрінген нәрсенің бәрі* мағынасында қолданылып тұр. Бұл жерде зат есім емес, сын есімнің жасалуында танымдық қызмет жүзеге асып тұр.

Бұл дүниенің у-дуын одан әрі тыңдағым келмеді. Не деп тыңдаймын? Неме керек ол у-ду? Бәрібір ол у-дудың ішінде Қайыпбегімнің үні жоқ қой («Ата қоныс»).

Шығармада қолданылған *у-ду* сөзі дыбыс ұғымында емес, өмірдің күйбең түрлігін, күнделікті шуылдаған адамдарды бейнелеп тұр. Кейіпкер бейнесін ашу үшін өмірден түңіліп, жалғыз ұлынан айырылған Шынаркүлдің монологын қолданып тұр. Және сол монологта заттанудың түрлену қасиеті көрініс тапқан.

Көзіне жас алмайтын мұз жүректердің өзін ебіл-дебіл етіп жіберуші еді («Ата қоныс»).

Бұл қолданыстағы *мұз жүрек* тіркесі «еш нәрсеге жаны жібімейтін, тасжүрек адам» мағынасында қолданылып тұр. «Мұз жүректі адамдар» тіркесіндегі сындық мағынадағы сөз заттық мағынаға ауысып тұр.

Жазушының тіл көркемдігін «Сушы» әңгімесінен де байқауымызға болады:

Жаманқұл Мырзабекке қатты риза болып келеді. «Жаманқұлға шалдардың арасында не бар? Ентеллегенттерге қосылсын деді-ау. Айналайын Мырзекем-ай»... Осы Қатышпен екеуін тұздас-дәмдес еткен де Мырзабек еді. Бір ақ жсаулықтының сәті түспей, Жаманқұл жүріңкіреп қалған. Шай ішкен шомбал қарасы шай құйып, перизаты кесені Жаманқұлға қарай ұзатып отырды.

Бірінші мысалдағы «*ентеллегент*» сөзі орыс тілінің «интеллегент» дегенінен алынған. Қазақшаға аударса, білімді немесе саналы, биік мансапты адамдарды суреттеп тұр. Шығарма желісінің маңызы да осында, қарапайым халық пен жоғарыдағы адамдарды ерекшелеп, бөлек суреттейді. Орыс тіліндегі сөзбен метонимиялық құбылысқа түсуі де сол себептен. Сөз, алдымен, дыбыстық өзгеріске түскен, одан соң «*ентеллегент адамдар*» тіркесіндегі екінші сөзді түсіріп қолданған. Ал келесі мысалдағы *ақ жсаулықты* – заттық мағынадағы сөз, басыңқы сөзі түсіп қалу арқылы заттанған. Бұл жерде басты кейіпкерге жар іздеуде әлі қыз кездеспегендігін айтып, *жар* сөзін *ақ жсаулықтымен* алмастырып тұр. Үшінші мысалдағы *шомбал* сөзі Т.Жанұзақ құрастырған «Қазақ есімдерінің анықтамалығы» сөздігінде «зор, ірі, жуан» деген мағынаны білдіреді [5]. Тура мағынасында емес, ауыспалы мәнде қолдану жазушы тілінің көркемдігін аша түседі.

«Қорашылар» әңгімесінде де заттанған тілдік бірліктер көптеп кездеседі:

«Беларусін» дарылдатып осы кезде Сунақбай да жетті. Ораз бен Ертай «біссімлдәні» темекі тартудан бастады. Жақа, сіз де дап-дардай болып, сөйлер сөзіңізді білмейді екенсіз. Біссімлдәні қой союдан бастағаныңыз не? Өй, жаман қара пұшық. Жігіт болдың ба-ей? Ойбай, мына Қалденіңнің әйелі не деген көкайыл еді.

Мысалдағы «Беларус» сөзі кейіпкердің тракторының өндірілген жерін айтып тұр. Бірақ шығармаға экспрессивтілік мән беруде сөз заттанып, шыққан жері номинативтік қасиет алып тұр. Келесі мысалдағы «біссімлдә» – қазақ танымына таныс, араб тілінің сөзі. Араб тілінен аударғанда бір нәрсенің бастауын, алғашқы тарапты білдіреді де барлық «Құран» сүрелерінің алғашқы жолында кездеседі. Автор қолданысында бұл сөз алғашқы ісін, бастауын дегеннің орнына жалпылама синекдоха ретінде қолданылып тұр. «Жаман қара пұшық» қолданысы – контексте кішкене балаға арналған тіркес. Пұшық, негізінен, баланың кішкентай кезінде болатын ауру аты, ал тіркесте жай ғана бала кезіндегі көрінісін метонимияға айналдырып тұр. Соңғы мысалдағы көкайыл сөзі Т.Бодаухан сөздігінде *долы, ашушаң* деген сындық мағына беретінін жазады. Автор қолданысында метонимиялық заттанған тұлға ретінде көрініс тапқан.

Сан қырлы тақырыпқа қалам тартқан жазушылардың бірі – Дулат Исабеков. Жазушы шығармаларындағы заттанудың стилистикалық қолданысы, соның ішінде көркемдеуіш тәсілдерден көрініс табуы жиі ұшырасады. Мысал келтірсек:

Айналайыным, мынаны жей қойшы, ана тасбауыр қанша айтқанмен ересек қой, оған бәрібір, – деп қоятын.

Алғашқы сөз жоғарыда атап кеткендей танымдық тұрғыдан халық санасымен тығыз байланысты болса, келесі сөз шығарма кейіпкерінің бейнесін ашу үшін қолданылған стилистикалық бейнелі сөз ретінде қолданылады. Шығарма кейіпкерінің өз анасына жаны ашымай, сөз қайтаруын тасбауыр сөзі арқылы суреттеп тұр.

Ана содырымның әйелі қандай болар екен... Апам ар жағын айта алмай тоқталып қалды.

Мысалдағы заттанған сөз тұңғыш ұлының бұзақы, сот қар екендігін көрсетіп тұр. Бұл сөз де кейіпкер бейнесін ашуда дәл қолданылған.

– Әуре болма, – деді әкем жай ғана. – Оны қоя тұр. Дудар ояу ма?

Аталған мысалдағы заттанған сөзде негізінен, сындық мағына бар. Шашы бұйра, үрпиген шашты адамдарды *дудар бас* деп атаған. Шығармада әкесі баласын еркелете атап тұр.

«Ай, үнің өшпейтін темір жақ едің, қане, көрсетші сол өнеріңді», – деп қояды әйелдер жағғы екі күн бойы жеңгелерге қырғидай тиіп жүрген ұзын бойлы бұйра бас жігітке қарап.

Үзіндідегі мысалда «темір жақ» сөзі керісінше, үстеме мағынамен қолданылған. Негізінен, *темір* сөзі тыныш, бір қалыпты нәрсені сипаттауда қолданылса, шығармада қарсы мағынасында қызмет атқарып тұр.

Оқу-оқу деп жүріп, өзінің тәк-тәгінен қағажу қалып, еркіндеу ержеткен менің барлық мінезімді әкем сондықтан да жаратпайтын.

Аталған сөздің басты мағынасы *еркін жібермеу, тежеу* мағынасында қолданылған. Бұл жердегі «Тәк» одағайы бір іске өз наразылығын білдірген кезде қолданылады.

Онда сен түк білмейтін шикі екенсің.

Бұл сөз, көбіне, тағам немесе қолданысқа арналған белгілі тауар атауларына қолданылады. Сөздіктердегі мағынасы: «толық өңделіп бітпеген, кемеліне жетпеген» дегенді білдіреді. Жазушы шығармасында кейіпкердің істің байыбына бармай, әр нәрсені бір айта беретін қасиетін ашу мақсатында «шикі» сөзін қолданысқа енгізген.

Ондай әйелге қолың жетпесе, боркемік, жастығыңнан көр!

Сөздің дереккөздердегі негізгі мағынасы «бордай үгітілген, бос, осал» дегенге саяды. Шығармада да эллипсистенген, заттанған сөздер арқылы кейіпкер өз ағасының бос мінезін аталған сөз арқылы ашып, экспрессивтендіріп тұр.

Айтылып өткен мысалдардан бөлек жазушы стилінде қолданылатын стилистикалық бояуы жоғары сөздер өте көп. Өз шығармалары арқылы мейірім мен шапағатты, достық пен махаббатты әр адамның жүрегіне қасиетті қаламы арқылы қайта еге алды. Енді жалпы жазушы қолданысында кездескен заттану құбылысының санына назар аударсақ.

1-кесте. Д.Исабеков шығармаларындағы заттанған сөздердің қолданысы

Автор шығармалары	Қолданыстағы толық заттанған сөздер саны:	Қолданыстағы контекстік заттанған сөздер саны
«Бейтаныстар»	5	67
«Жасырынбақ»	7	41
«Өжет құстар»	5	51
«Бодау»	11	69
«Қарлығаштар»	4	39
«Мәңгілік қағида»	8	55
«Бекет»	7	46

Қай кезеңде болмасын жазушылардың шығармасы сол заманының айнасы іспеттес. Әдебиеттің дамуы тілмен, тілдің дамуы әдебиетпен тікелей байланысты. Қазіргі қазақ прозасы ұлттық мәдениеттің алып тірегі мен қадір-қасиетінің көрінісі іспеттес. Жазушы көкейіндегі, халық тұрмысындағы мәселелердің шығармаларда бейнеленуі қай заманда болмасын маңызды. Осылайша оқырман назарын аудартуда әрі шығармаларды көркемдік тұрғыда байытуда заттану маңызды рөл атқарады. Оның образ қалыптастырудағы, бейнелі, көркем сөз қолданыстарын жеткізудегі маңызы мен қызметі әлі де тың ізденістерге жол ашады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Өлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – Алматы, 2007. – 244 б.
2. Амирова Ж. Функциональные аспекты субстизации в казахском языке. – Алматы, 2009. – 232 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – 4-том. – Алматы, 2011. – 752 б.
4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – 14-том. – Алматы, 2011. – 800 б.
5. Жанұзақ Т. Қазақ есімдерінің анықтамалығы. – Алматы: Арыс, 2009. – 552 б.

Абитжанова Ж.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

**ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК ТҮЗУ
НЕГІЗДЕРІН ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Тіл – ұрпақтан ұрпаққа мирас болып келе жатқан, халықтың танымы мен мәдениетін, даналығы мен талғамын көрсететін баға жетпес қазына. Оның бойында сан ғасырлық аса бай ұжымдық тәжірибе көрінісі сөз байлығында сақталған. Бүгінгі таңда өз жалғасын тапқан сөздік жасау ісінде, тілдегі сөздерді толықтыру, сөз маржандарын сөздік қалпына түсіріп жинақтау, жүйеге салып, әрқайсысының мән-мағынасын ашып, халыққа ұсыну – қазақ тіл білімінде үздіксіз атқарыла беретін игілікті іс.

Түсіндірме сөздік бір тілдің негізгі сөз байлығын қамтып, сол тілдің әдеби тілінің нормасын түзеді. Түсіндірме сөздік жасаудың екі түрлі жолы бар: 1) тілдегі сөздер алфавит тәртібімен реестр түрінде беріледі; 2) сөздік ұя жүйесімен жасалады. Түсіндірме сөздіктің ұя жүйесімен жасалған түрі – В.И.Дальдің сөздігі [1]. Бұл сөздік кітаптың көлемін ықшамдау жағынан пайдалы (сөз саны аз, төркіндес топтастырылған сөздер, сөз төркіні). Көлем жағынан қарайлас, В.И.Дальдің сөздігінде 200 мыңнан астам сөз, ал Д.Н.Ушаковтың сөздігінде 85000 сөз қамтылған [2]. Сөзді ұялы сөздіктен іздеген қиын, сондықтан бүгінгі сөздіктерде ұя жүйесімен жасау кездеспейді. Түсіндірме сөздік түзуде сөздік құрамдағы сөздерді зерделеп, олардың стильдік айырмашылығын білу, тілдің лексикалық байлығын неғұрлым қамту өте маңызды болып келеді. Сөздікте күнделікті қарым-қатынаста жүрген сан алуан сөздер, олардың әртүрлі нұсқалары, жергілікті сөз байлығы, кәсіби лексика мен терминдер, көнерген және жаңа сөздер қамтылып, лексикалық, грамматикалық, стильдік мән-мағыналары біршама сипатталып, иллюстрациялық материалдар беріледі.

Қазақ тіліндегі сөздердің мән, мағынасын ұғындыратын, лексика-грамматикалық, мағыналық, стильдік үлгілерін көрсететін лұғаттық, анықтамалық құралды *қазақ тілінің түсіндірме сөздігі* дейміз. Бір томдық түсіндірме сөздік – күнделікті қарым-қатынас аясында жиі жұмсалатын, тілдің бүгінгі таңдағы нормасын көрсететін сөздіктің түрі. Ол қоғамдық өмірдің салаларында жиі қолданылатын сөздерді, лексикалық, стильдік нормаға сай жұмсауда тіл тұтынушыға бағыт-бағдар беруді көздейді. Бір томдық түсіндірме сөздіктің ықшам түрі тілдің тарихи өзгерістері мен қазіргі тіліміздегі жиі қолданылатын лексиканың жай-күйін зерделеуде таптырмас құрал екендігі айқын. Сөздік түзу ісі – отандық және әлемдік дәстүрлердің теориялық зерттеулеріне сүйенетін, адамзаттың даму жолын айғақтайтын рухани мәдениеттің жазба шежіресі. Тілдің даму барысында тілдік өзгешеліктер орын алады, яғни сөздер ескіреді, жаңарады, бұл өзгешеліктерді түсіндіру ісімен түсіндірме сөздіктердің арнаулы түрлері жасалады.

Елімізде бірнеше сөздік жарық көрген: 1) екі томдық түсіндірме сөздік (1959-1961, жалпы редакциясын басқарған – Исмет Кеңесбаев). Мұнда 18135 сөз, 3371 фразеологиялық тіркес қамтылған; 2) он томдық академиялық сөздік (1974-1986, жалпы редакциясын басқарған – А.Ысқақов). Мұнда 66994 атау сөз, 24508 фразеологиялық тіркес қамтылған, барлығы 91502 лексикалық бірлік алынып, оларға 103708 мағыналық сипаттама берілген. 3) Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (1999, 2008, жалпы редакциясын басқарған – Т. Жанұзақов). Мұнда 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі қамтылған. 4) Қазақ сөздігі (қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) (2013, жалпы редакциясын – басқарғандар – Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов).

Сөздердің уәжділігі, мағыналық ерекшелігі, жасалу сипаты, танымдық негізділігі – маңызды теориялық мәселе. Сөздердің мағыналық өрісі, оның тарихы, уәжділігі, көркем ойлау жүйесі – ең өзекті мәселелердің бірі. Ғалым Р. Сыздықова былай дейді: «Сөз мәдениеті» – тек тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормаларын бұлжытпай («сықытып») дәлмедәл сақтау ғана емес, айтпақ ойды тыңдаушыға (оқырманға) жүрекке жылы тиетін, «айналасы теп-тегіс жұмыр келген», әсерлі етіп жеткізу жайын да қамтуға тиіс [3, 2-б.]. Бұл – «тіл байлығы» деп аталатын коммуникациялық сапаның объективті құбылыс екендігін көрсетеді. Жоғарыда айтылған әңгімеге қарағанда, тіл байлығы тек лексикамен ұштасып жатады. Шынында, солай болғанмен, «тіл байлығы» деген ұғым сөздің лексика-фразеологиялық топтары ғана емес, ана тілінің синтаксистік, морфологиялық жүйелерін де қамтиды. Тек лексикасына қарап кез келген тексттің тілі бай деуге болмайды. Тілдің морфологиялық, синтаксистік амал-тәсілдері, лексикалық қазынасы бір-бірімен астаса, ынтымақтаса, тіл табыса келіп, тіл байлығын құрайды [2].

Тілдегі сөздер аспан әлеміндегі жұлдыздар тәрізді. Жарығы бар, көмескісі бар, қас-қағым сәтте пайда болып, қас пен көздің арасында ғайып болатын ғұмыры келтелері бар... Қазақ тіліндегі сөздердің саны қанша? Оның дәл санын ешкім айта алмайды. Ешбір тілде сөздің санын математикалық дәлдікпен айту мүмкін емес. Бірақ тіліміздегі сөздердің мыңдап, жүз мыңдап саналатыны белгілі. Әр түрлі заттар мен құбылыс атауларын білдіретін сөздерді мол қамтыған, жіпке тізгендей саралап берген сөздіктердің өзінде сөз саны жарты миллионға жетпейді, ерекшелігіне қарай толық сөздіктің өзінде кісі аттары, фамилиялары, жер-су атаулары, тым тар өрісті терминдердің қамтылмай, шеткері қалып қоятындығы белгілі. Оның үстіне кейбір сөздердің 20-30-дан астам мағынасы бар. Сөздің контекстегі мағыналық қырларын түп-түгел қамтыған сөздік лингвистика тарихында әлі жасала қойған жоқ. Кейде тілді теңіздей терең деу оның осындай сарқылмас байлығына байланысты айтылса керек. Егер ұшан-теңіз байлыққа ие тілден керегімізді алып, кәдемізге жарата білуге дағдыланбасақ, сөз жоқ, тіліміз (сөз қолданысымыз) жұтаң тартып тұрар еді [3, 30-31-б.].

Сөздік түзу барысында ауыспалы мағыналы сөздердің кейбір олқылықтары мен кемістіктерін жөндеу бойынша мына жолдарды атап көрсетуге болады:

1) ауыспалы мағыналы сөздердің анықтамалары мен түсіндірмелерін, стильдік мағынасы мен қолдану аясын нақтылай түсу;

2) сөз байлығын көрсететін тілдік бірліктердің жарыспалы қолданылуы немесе жаңа мен ескінің ығысу үдерістерін айқындау;

3) сөзге қатысты тұрақты сөз тіркестерінің қатарын көбейту;

4) екіншілік аталымдағы тілдік бірліктердің қабатын молайту;

5) тілдің лексикалық байлығын еселей түсу;

6) сөздіктің кейбір ертедегі идеологиялық цензуралық қысымдар мен тыйымдарға сәйкес шектелген иллюстративтік материалдарын кеңейту, жетілдіру, алмастыру;

7) тілтанымдық жаңартулар, стильдік белгілер, жан-жақты этимологиялық ақпараттар, мемлекеттік тілдегі заманауи жаңалықтарды қамту.

«Қазақ сөздігіне» [4] *далда, диуал, махир, мәдіга, мәулім, минат, нада, нажасат, назыл, сақы, сақыр, сенек, сер, сират, тамиг, тотия* т.б. сияқты біраз ескі кітаби тілдік бірліктерді енгізуге болады.

Далда – *қаға беріс немесе тасалап тұратын нәрсе*. Сандыққа жүкке жиған түсіп қалып, жүн-жұрқа қалған жатып *далдасында* (М.Ж. Көпейұлы «Бөгелген хат»).

Диуал – *үйдің қабырғасы*. Ықыласпен иманынды сақтаңыздар, Мешіт сал, намаз үшін, *диуал* ұрып (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың өсиеті»).

Махир (ар.) – *шебер*. Баяндайын қалаға медресе, мешіт салдырдың! Ғылымға *махир* молланы әрбір жайдан алдырдың (М.Ж. Көпейұлы «Мұса Шорманұлы»).

Мәдига, мәдіга – *тілек*. Біріміз ғалып болып өліп кетсек, Ұрыспай-ақ *мәдигамыз* бітеді тез (М.Ж. Көпейұлы «Абыраһа мен Мұғылаб»). – Ай, шаһариар, Көңілімде айтатұғын бір *мәдігам* бар (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың соңғы тілегі»). Естіңіз, ай, арабтар, Бұл жерге келмегімде *мәдігам* бар (М.Ж. Көпейұлы «Абыраһа мен Мұғылаб»).

Мәулім – *мата-кездеме атауы*. Парша менен мәулімді, боз, бояқтай жұмсаған, Жорға менен жүйрікті, Тай құнандай жұмсаған (М.Ж. Көпейұлы «Тәтиді жоқтау»).

Миннат, минат – *парыз, міндет*. Изет, қайыр; шүкірлік; міндет, борыш. Бес парыз мұсылманға *минат* болған, Ораза, намаз, зекет, қажы, – ол – нұр иман! (М.Ж. Көпейұлы «Жарапазан»).

Нада – *дауыс қылу, зарлау, шақыру*. Алладан майшақ күні *нада* келген, «Аруағың мүкімін мен!» – деп әуез берген (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың өсиеті»).

Нажасат – *лас, кір*. Біз жүрміз тазаланып, арыла алмай, *Нажасат* үстімізге жұққан боқтан (М.Ж. Көпейұлы «Қолыма қағаз, қалам алайын да»). Уа, дүние, әуреленіп, өте шыққан, *Нажасат* батпағына бізді тыққан (М.Ж. Көпейұлы «Табылар мергенге де бұқтырушы»).

Назыл – *түсіру, жіберу*. Алладан *назыл* болып қалам түсті, Білдірді халал, харам – әрбір істі (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың өсиеті»). Зекетті малыңыздан һәм ада қыл, Аятпен *назыл* болған «Құранда» бұл (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың өсиеті»).

Сақы, сахи – *қолы ашық, мырза, жомарт*. *Сақының* қылған қайыры сел болады, Решетке бізге қорған қайдан болсын?! (М.Ж. Көпейұлы «Күйеу Мағзұм мен Аруақтар»). Қылыңдар *сахилықты* жастан машық, Жомартқа сегіз ұжмақ есігі ашық. *Сахи* адам – бір Алланың сүйер құлы, Болса да бөгеті жоқ қандай пасық! (М.Ж. Көпейұлы «Ағашсыз жапырақ»).

Сақыр – *тозақ*. Тым *сақыр* тажа сыйды сенен көрдім, Мен-дағы ондай-мұндай айтып жүрдім (М.Ж. Көпейұлы «Мәшһүр-Жүсіп пен Ғалы Күзембайұлы айтысқаны»).

Сенек – *үйдегі кіре беріс бөлме, дәліз*. Қойған соң беріп Құдай тіл мен жақты. Қалқайған ол үйде бар екі *сенек* (М.Ж. Көпейұлы «Бір үйге»).

Сер (пар.) – *бас, тау басы*. Екі өсім: мал мен басқа бірдей келіп, Кеңітіп шалқып жатыр *сер* қоныстай (М.Ж. Көпейұлы «Хұсайын Боштайұлы»).

Сират (ар.) – *көпір, өткел, жол*. Күнәһар үмбетімді өткізгеймін, *Сиратқа* қарағайсың назар салып (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың өсиеті»).

Тамиг – *дәм ету, тілемсектік, ашкөздік*. Артқаным бәріне де *тамиг* еді, Біреуін тілеушілер талап кетті. Иініне ала қоржын салған алды, Қайыр сұрап жұрт тиышын алған алды (М.Ж. Көпейұлы «Шайтанның саудасы»).

Тотия – көзге жағатын дәрі, сұрмелейтін бояу. Табылмас көзге *тотия* ем дәрідей, Қолынан әр жақсылық келген кісі (М.Ж. Көпейұлы «Адам екі түрлі»).

Уасуаса – *шайтанның азғыруы, адамдарды арбауы*. Өз өлігін осынша өзі қорлап, *Уасуаса* бір жұмысты шайтан салған (М.Ж. Көпейұлы «Мәшһүр-Жүсіптің Шабдар атпен айтысқаны»).

Фарағат (ар.) – *бос, бос уақыт; тынығу, дем алу; тыныштық*. Келмейді тілім сақау, айтар сөзге, *Фарағат*, рақат жазған жоқ-ты бізге (М.Ж. Көпейұлы «Мәшһүр-Жүсіптің қарғамен айтысқаны»).

Хадден (ар.) – *шектен, шамадан тыс*. Бұл соғыс қатты болды *хадден* өтіп, Арабтарды Абыраһа жеңді күші жетіп (М.Ж. Көпейұлы «Абыраһа мен Мұғұлаб»). Расул һәм құжырасына қайтып келді. Кеселі *хадден* өтіп, қатты ауырды (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың өсиеті»). Өңмеңнен естіген сөз өткен екен, Қайраты *хадден* асып кеткен екен (М.Ж. Көпейұлы «Ханымбике»).

Хауыз (ар.) – *бассейн, су қоймасы*. Ол жерден, нұр дидарым, кез болмасаң, *Хауыз* кәусар кінарына барғыл және! (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың өсиеті»).

Шанаһ – *ешкі терісінен жасалған, ас құятын ыдыс*. Қуады, дүние, сені, барша халық, Сен деп жүріп өмірі өтер, ғапыл қалып. Сен иттің жаның ырза, жолдасың сол. Ішпей, жемей, *шанаһқа* қойса салып (М.Ж. Көпейұлы «Ит дүние»).

Шаңқау (жерг.сөз) – *шөлдеу*. Біледі шөлдеп, *шаңқап* ішкен ауыз, Ынтығы құрып соған анадайдан (М.Ж. Көпейұлы «Бір үйге»).

Шарпы – *жарты, жартылай*. Расулдың жасы *шарпы* қырыққа келіп, Айтайын пайғамбарлық келгенлерін (М.Ж. Көпейұлы «Абыраһа мен Мұғұлаб»). Ыдырыстан мұжыр болып туды бала, Расулдың нұр *шарпы* келді аңа (оған) (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың нұры»).

Шешма, шишма (пар.) – бұлақ, көл. Қанша білмес наданды жөнге салып, *Шешманың* толып жатқан көзін ашқан (М.Ж. Көпейұлы «Исабек Ишан»). Жеріне жүрген, тұрған үлгі шашқан, *Шишманың* тұнып жатқан көзін ашқан (М.Ж. Көпейұлы «Қамаралдин хазірет») [5].

Бір де бір сөздікке енбеген *дүрисат, зұрпат, лаулақ, ғымырақ, маһыр, мәсдар, нәксі, нәуе, некей-некей, немәрт, пакзе* т.б. сияқты тың сөздерді бір томдық түсіндірме сөздікке енгізген тиімді болады.

Дүрисат. Тозақта жанған оттан сақтаныңыз, Жәннатта отырарсыз һәм *дүрисат* (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың өсиеті»).

Зұрпат. Онан соң Жүсіп ишан шыққан заттан, Шұбар төс, шынжыр балақ *зұрпаттан* (М.Ж. Көпейұлы «Исабек Ишан»).

Лаулақ. Кигізді ғымырақ тәж, *лаулақ* тонын, Көрсетті тура өзіне барар жолын (М.Ж. Көпейұлы «Мәшһүр Жүсіп пен Жүніс Шалқарбайұлы»).

Маһыр – *әуес. Маһыры* насирасына зейіл (зайыл) болмай, Ері өлсе, өзінде қыл ықтиярын (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың өсиеті»). **Мәсдар** (пар.) – *бастау, қайнар көз*. Онда бар Хақ жаратқан екі *мәсдар*, Маседары наху сарыфтың болмайды астар (М.Ж. Көпейұлы «Бір үйге»). Миқан. Ұнатқан моллалығын тамам алаш, Сықылды іздеп таппас *миқан* ағаш (М.Ж. Көпейұлы «Қамаралдин хазірет»). **Нәксі**. Бұл күнде есек пенен ат та бірдей. Жарамай *нәксі* менен затта бірдей (М.Ж. Көпейұлы «Дүниеге көңілі қалғандықтан, сөйлеген сөзі»). **Нәуе**. Бұлбұлдай сайрап жүрген *нәуе* жуаны, Қапалы болып жатыр, жүзі сары.– **Өсиет**, жаранларым, құлаққа ал! – деп, – Бұлайша күйге түсті біздің хал! – деп (М.Ж. Көпейұлы «Шайхы Ысқақ»).

Некей-некей. Гүл жүзді (жүзлі), шырын сөзді, бал сілекей, Аяғын келер басып *некей-некей* (М.Ж. Көпейұлы «Хор қыздарының хикаясы»).

Немәрт. Кетеді *немәрт* адам сөзді жұтып, Бұл сөзді тірі жүрсен, кетпе ұмытып (М.Ж. Көпейұлы «Сыздық Мешімбайұлына»).

Пакзе. Тазалап *пакзелеп* алып келді, Көрсетті сандықты ашып барлық жанға (М.Ж. Көпейұлы «Өліп тірілген Шаһызада»).

Пітә – *қаракүйе*. Берген аста береке бар, бермеген аста *пітә* бар (М.Ж. Көпейұлы «Мұхаммед пен Әбужаһил»).

Рәсүр. Қатынның басын сонда алдырыпты «Сен мені жұртқа *рәсүр* қылдың, – деп, – мат!» (М.Ж. Көпейұлы «Сүлеймен мен Байғыз»).

Рида – *ихрамның екі кесек матасының белді орайтын бөлігі*. Ихрам киіп, *рида* біз байланып, Жүгірдік Байтолланы жеті айналып (М.Ж. Көпейұлы «Ізбас қажы»).

Сарқарда/сарғарда. Ұстады екі адамын пенде қылып. Хасымның *сарқардасы* Нәуфіл еді (М.Ж. Көпейұлы «Абыраһа мен Мұғылаб»). Меккенің сол кездегі *сарғардасы*, Мұғылаб Абиғашым еді басшысы (М.Ж. Көпейұлы «Абыраһа мен Мұғылаб»).

Сүлтік. Алғаным – бір мырзадан *сүлтік* торы, Жануар күрейсіге малдың зоры (М.Ж. Көпейұлы «Бердібек Қазанғап ұлына»).

Талас-бақас – *күндес, көре алмаушылық*. Келмеген *талас-бақас* біздің ойға, Тағылар мұндай мінез мін боп бойға (М.Ж. Көпейұлы «Мәшһүр Жүсіп пен Жүніс Шалқарбайұлы»).

Тамкүн – *шейіт болу*. Меккенің адамдары *тамкүн* болды, Лаж жоқ, тазартпасқа болмады, әні! (М.Ж. Көпейұлы «Абыраһа мен Мұғылаб»).

Тапиқа. Меккеден халықтың бәрі көшіп шығып, Малымен манхикүм *тапиқаға* барып кірді (М.Ж. Көпейұлы «Абыраһа мен Мұғылаб»).

Түпіл. Бір дарактан кеме қылған, *Түпіліден* топан қылған (М.Ж. Көпейұлы «Өлеңмен берілген аят»).

Хұмайын. Дәл отыз бес жасында, *хұмайын* қонып басына, Жасауылдық шен алып, екі медаль және алып, Бриллиант жүзік салған, баршасы бір жол алған (М.Ж. Көпейұлы «Мұса Шорманұлы»). Халыққа шопан құт болдың, *хұмайын* дәулет құсындай. Өзгеше туған ер едің, басқаға парың қосылмай (М.Ж. Көпейұлы «Мұса Шорманұлы») [5].

Ескі қазақ жазба тілінде белсенді қолданысқа түскен сөздердің бірі – *үшбу*. Бұл сөз «Қазақ сөздігінде» орын алған, алайда оның сөз тіркестерінде көрініс тапқан мағыналық реңктерін де сөздікте берсе, тарихи сипаты ашылар түсер еді. Мәселен, өз дәуірінде белсенді қолданылған сөз тіркестері: *үшбу пәле, үшбу күні, үшбу сөз, үшбу түні, үшбу заман, үшбу іс, үшбу жер, үшбу жай, үшбу жол* т.б. Мысалдар келтірейік: Она (андан) соң рұқсат (ұлықсат) берсе, дінге түс, Атаммен ақылдасып *үшбу түні* (М.Ж. Көпейұлы «Мұхаммедке пайғамбарлық келгені»). Пайғамбар оларға айтты: – Бергіл һаман, Достық – деп, – білдіргені – *үшбу заман!* (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың соңғы тілегі»). Қысас бірлан *үшбу істі* қылып едім, Көңілімде болған үшін болмады ғам (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың соңғы тілегі»); Және бар *үшбу жерде* бір нақлият, Әбулһайыс Самарканд атты (атлы) бір дат (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың өсиеті»). Не қылдың, сол алтынлар бүгін қайда? Ғайша айтты: Баршасы һәм *үшбу жайда* (М.Ж. Көпейұлы «Пайғамбардың өсиеті»). Құдайым несіп етсін *үшбу жолды*, Жеткізгей талап қылған мүмін құлды (М. Ж. Көпейұлы «Ізбас қажы») [5].

Сондай-ақ ескі қазақ жазба тілінде белсенді қолданылатын *дүр* сөзіне қатысты *дүр өлең, дүрдің тасы* т.б. сөз тіркестерін енгізуге болады: Әдетің: *дүр өлеңге* аят жазбақ, Тымшым қып (тамасын қор ғып) біреудің ғайыбын қазбақ (М.Ж. Көпейұлы «Мәшһүр-Жүсіп пен Ғалы Күзембайұлы айтысқаны»). Бұ сөзбен періштелер қосты басын, Көргелі тамаша етіп *дүрдің тасын*. Алдынан әдеппенен (әдеп бірлан) сәлем бер; Баршасы бірдей қойып шын ықыласын (М.Ж. Көпейұлы «Мәшһүр Жүсіп пен Жүніс Шалқарбайұлы»).

«Қадамжай» сөзін ешбір сөздіктен кездестіре алмадық, яғни бұл сөзді түсіндірме сөздікке ендірген тиімді әрі оны «аялдама» сөзін алмастыратын нұсқа ретінде де қарауға болады. *Қадамжай* – тоқтайтын, аялдайтын орын. Мәшһүр Жүсіп Көпеев «қадам» сөзінен (тоқтайтын, аялдайтын) орын, аялдама сөзінің баламасын *қадамжай* сөзін жасайды. Мысалы: *Қадамжайы* шат болған, Ол һыжыраға маһи болған (М.Ж. Көпейұлы «Өлеңмен берілген аят».).

Әрбір сөз – кодталған тарих, оның бойынан халықтың тыныс-тіршілігі, мәдениеті, салт-дәстүрі, танымы, сөз шеберлігін зерделейміз. Олай болса, түсіндірме сөздік – халықтың айнасы, жүріп өткен жолы, қатпарлы тарихы, оны айнытпай сол қалпында халыққа ұсыну – тіл жанашырларының міндеті.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Даль В.И. Толковый словарь. – М., Гослитиздат, 1935.
2. Толковый словарь русского языка. Под ред. проф. Д.Н.Ушакова. – М, 1935.
3. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. -75 б.
4. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртотымдық үлкен түсіндірме сөздігі). Құраст.: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков және т.б. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 бет.
5. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өлеңдері // <http://bilim-all.kz>

Ысқақ Б.

филология ғылымдарының кандидаты,
Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл – Қазына» орталығы

**М.ҚАШҚАРИДЫҢ «ДИУАНИ ЛУҒАТ АТ-ТҮРК» ЕҢБЕГІНДЕГІ
МӘСДАР ЕТІСТІК: ЖҰМСАЛЫМДЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ**

М.Қашқаридың «Түрік сөздігінде» етістік және оның категориялары, атап айтқанда, рай, жақ пен шақ, салт, сабақты етістік, етіс жан-жақты, нақты мысалдарымен сипатталады. Сонымен бірге сөздікте «мәсдар етістік» термині кездеседі. *Мәсдар* – етістіктің, етістіктің немесе етістік зат есім формасын білдіретін термин. Шығыс тілдерінің грамматикасында, негізінен араб, сондай-ақ иран, түркі, Солтүстік Кавказ тілдерінде қолданылады. Етістіктің бұл түрі V-VIII ғасыр аралығында өте сирек қолданылса, М.Қашқари заманында өнімді етістікке айналған. Оған дәлел – М.Қашқаридың оған үлкен мән беріп, талдау жасағаны. Бірақ осы уақытқа дейін түркологияда ғалымның мәсдар етістік туралы зерттеуіне көп көңіл бөлінген жоқ. Түрколог ғалымдар бірер сөйлем мөлшерінде аздаған пікір айтумен шектелген: А.Н.Кононов: «М.Кашгарский делит масдары на 1. сообсветственные масдары: *барды* – «он ушел», *келді* – «он пришел», *барыр* – «он уйдет», *келир* – «он придет»; 2. несобственные масдары, «представляющие собой словосочетание» *менинг барығым болса, манга тушғыл* – «если мне случится пойти, присоединяйся ко мне!» *кейик келиги болса, оқта* – «если сайғак подойдет, стреляй!». Этот же тип масдара представлен в следующих словосочетаниях: *барыг барды* – «он много ходил», *тепик тепти* – «он долго топтал ногами» деп пікір айтады [1, 3-б.].

«Мәсдар етістік» термині қазіргі қазақ тілінде жоқ екені белгілі. Оған «Сөздікті» аударушы ғалым А.Егеубаев «етістіктің тұйық райы» деген түсініктеме береді [2, 51-б.]. Қазақ тілі білімінде тұйық етістік 1963 жылы К. Неталиеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі қимыл есімі» еңбегінде зерттелді. Осы еңбекте автор бұған дейін рай категориясының ішінде қарастырылып келген етістіктің бұл түрін жеке тақырып ретінде ұсынады. Себебін тұйық етістікте жақтық, шақтық, шарттық белгілерінің болмауымен байланыстырады [3]. К.Неталиеваның зерттеуіне дейін профессор Н.Сауранбаев тұйық етістікке рай түрі ретінде анықтама бергенмен, қимыл атаулық белгісін атап көрсетті. «*Тұйық рай* деп жүргеніміз – етістікке ұқсап жіктелмейді, яғни жақпен өзгермейді. Атауыш сөз сияқты септеледі, көптеледі, тәуелденеді» [4, 23-24-б.]. Қазақ тіл білімінің кейінгі жылдардағы теориялық зерттеулерін басшылыққа ала отырып, ғалым А.Салқынбай қимыл атауының ерекшелігі мен қызметіне назар аударады [5].

Түркі тілінде қимыл есімінің қалыптасуы жайлы пікір айтушылар оны орта түркілік дәуірден бергі кезеңге жатқызады. Мысалы, А.Кононов: «Руникалық түркі ескерткіштерінде –**мақ/-мек** қимыл есімі көрсеткіші ретінде қолданылмайды», – дейді [1, 3-б.]. Олай болса, қимыл есімін көне грамматикалық форма қатарына жатқыза алмаймыз. Қазіргі түркі тіліндегі бұл форманың әркелкілігі, даму сатысындағы айырмашылықтар да осы ойға жетелейді. Қимыл есімінің баяу даму себебі: түркі тілінің өзіне тән ерекшелігін, оның әр түрлі көсемше формаларын, алуан түрлі семантикалы қимыл атауын беретін көптеген морфемалардың болуымен байланысты болса керек.

Қазіргі түркі тілінде қимыл атауының үш формасы бар: **-мақ/ -мек** жұрнағы; **-урга/-ірге** күрделі жұрнағы; **-й/-у** жұрнағы арқылы жасалған қимыл атаулары. Зерттеушілер **=мақ/ =мек**

тұлғасының даму сатысын көне түркілік барыс септігінің жалғауымен байланыстырады [6, 238-б.]. Л.С.Левитская чуваш грамматикасында қимыл атауын білдіретін **-ma**, **-maskәп** формалары барлығын айтады да: «При этом форму на **-ma** обычно возводят к более архаичной форме на **-мак/ -мек**, выступающей в качестве инфинитива во многих тюркских языках. Генетическая связь отлагательных имен на **-ma** и **-мак** несомненно», – дейді [7, 112-б.]. К.Мусаев та қарайым тілінде **-ma** тұлғасы қимыл атауы қызметімен бірге етістік әрекетінің ниеттілігін білдіретінін айтады. Мысалы: *бермит тиетме* (не дает кончать), *бислайт ирлама* (начинает петь и т. д.) [8, 295-б.]. Сондай-ақ ғалым **-max** тұлғасы жайлы былай дейді: «Форма на **-max** не имеет тех свойств, которые характерны для **-ma**. Мало того, оно как и всякая другая форма словообразования имени существительного, может принимать словоизменительные аффиксы. Поэтому аффикс **-max** рассмотрен нами в разделе «Имя существительное» поскольку в караимском языке форма на **-max/ -мак** образует только существительное и теряет признаки глагола» [8, 295-б.]. Бұл пікір қарайым тілінде **=ma** тұлғасының белсенді қолданыста екенін дәлелдейді.

Мұның барлығы, біріншіден, қимыл есімін тудырушы **-ma** тұлғасының болғанын жоққа шығармаса, екіншіден, **-мак** тұлғасының белсенділігін дәлелдей түседі. Мысалы, «Л.З.Будагов сөздігіндегі қазақ сөздері» атты диссертация жұмысында зерттеуші Б.Атабай сөздікте 1060 етістік **-мак/ -мек** жұрнағымен берілгендігін айта келе: «Л.Будагов заманындағы сөздік құрастырушылардың көбі **-мак/ -мек** жұрнағын тұйық етістіктің көрсеткіші, ал **-у** жұрнағын етістіктен есім жасайтын аффикс деп есептеген», – дейді [9, 20-б.].

-мак, -мек тұлғалы етістіктің қолданыс жиілігі бұл тұлғаның орта түркілік дәуірде таралғанын дәлелдей түседі. Мәсдар етістік түбірге **-мак/- мек** жұрнағы жалғану арқылы жасалған. Етістіктің осы түрін М. Қашқари түп (негізгі) *мәсдар* деп атаған. Бірақ келтірілген мысалдарда мәсдар сөздерден қимыл есімдік мағына айқын аңғарылмайды. Мысалы:

өнді – өтті, сүйді, өпер, өпмек – өбер, өптек
ерді – ерді, ерұр – ермек, ерір – ерімек
ұшды – ұшды, ұшар – ұшмақ, ұшар – ұшпақ
ұрды – ұрды, қойды, ұрұр – ұрмақ, ұрар – ұрмақ.

Тілтанушының айтуынша, іс-әрекетті тиянақтап, нақтылай түсу мәнінде келгенде, түп мәсдар етістіктің алдынан келеді. *Ол бармақ барды – Ол бармақ барды. Ол келмек келді – Ол келмек келді* [2, 79-б.]. Бұл мысалдарда **-мак/-мек** жұрнағы түбірге үндестік заңына орай жалғанған. Бірақ ол дәуірде қазіргі тіліміздегідей **-пак/-пек, -бак/-бек** тұлғалары болмағандықтан, түбірдің соңғы дыбысына қарай қосымшаның жалғану заңдылығы сақталмаған. Дегенмен түбір мен қосымша арасындағы дыбыстардың үндесуі ол кезде де еске алынған. М.Қашқари былай түсіндіреді: «Сөз өзегінде **қ** не **ғ** әріптері болса, яғни қатаң айтылатын сөздерде **-мак** қосылады, өзегінде **к** не **г** әрпі келген түбірге сөздерде яғни, жұмсақ, ұяң айтылатын сөздерде түбірге **-мәк** қосылады. ...Мысалы: *Ол иа құрды – Ол садақ құрды; ... мәсдары қигтақ – құрмақ*. Бұл сөз түбірінде **қ** әрпі болғандықтан **-мак** қосылып жасалған» [2, 57-б.]. Ғалым зерттеуінде түркі тілінің ерекшеліктерін өзі жақсы таныс араб тілімен салыстырады. «Араб тілінде етістіктердің барлығы бірдей өткен шақ, келер шақ, мәсдар түрлерінде бір-бірінен өзара ажыратылады. Өзара үйлеспейді. Түркі тілдерінде олай емес. Барлық етістік ортақ бір ережеге бағынады» – дейді [2, 52-б.].

«Грамматический очерк языка «Дивану М. Кашгари» еңбегінің авторы Л.Боровкова «Сөздіктегі» **-мак** тұлғалы етістік жайлы былай дейді: «Инфинитив (форма на **=maq**) является наиболее отвлеченной глагольной формой с минимальной грамматической нагрузкой, хотя он и не входит в состав глагольной парадигмы на равных правах, он характеризуется как наиболее «чистый носитель лексического значения» [10, 11-б.]. Бұл анықтама М.Қашқари сөздігіндегі мәсдар етістік XI ғасырда қимыл атауы – тұйық етістік болғанын нақтылай түседі. Бір айта кететін жай – «Диуанида» **-мак/-мек** тұлғалы етістік арқылы жасалған сөйлем, мақал-мәтел, жыр жолдары кездеспеді. М.Қашқари мәсдарды әрбір сөздің соңында беріп отырған. Ол туралы түсінік берген кезде сөз тіркесі, сөйлемдермен тіл деректерін келтірген. Мысалы:

тазарды – тазарды; тазданды; тазарды нең – нәрсе тазданды; тазарұр – тазармақ; тазданар – тазданбақ; құтұлды – құтылды; құтұлұр – құтылмақ – құтылар – құтылмақ [2, 166-б.].

Қазіргі қазақ тілінде **-мақ/-мек** тұлғалы қимыл атауы белсенді қолданыста жоқ. Бірақ ауыз әдебиеті үлгілерінде, кейбір жазушы стилінде қимыл атауы болып кездесуі – мәсдардың бір кезде тұйық етістік қызметін атқарғанын жоққа шығармайды.

Қашпақ, қумақ – ерге сын,

Көшпек, қонбақ – жерге сын (Қазақтың мақал-мәтелдері).

Алмақтың да салмағы бар (Қазақтың мақал-мәтелдері).

Өлмектің артынан өлмек жоқ, басың жас, бақытың алда, балаңның үстінен құс ұшырмай тәрбиелеймін... (О. Бөкеев).

Қазіргі түркі тілінің кейбіреуінде **-мақ** тұлғасы етістік инфинитив болып есептеледі. Әсіресе әзірбайжан тілінде бұл тұлға – инфинитив қызметін атқаратын өнімді жұрнақ. Әзірбайжан тілінің грамматикасында автор қимыл атауы тұлғасының қолданысына назар аударған. Сонда басқа түркі тілдерімен салыстырғанда көзге түскен елеулі айырмашылық – бұл тілдегі **-мақ/-мәк** тұлғасының белсенділігі. Мысалы, етіс категориясында қимыл атауы қоса қолданылады. Ырықсыз етіс **-ыл, -ил/-ул/-үл; -ын/-ин/- ун/-үн** жұрнақтары арқылы жасалады, оған қимыл атауы жұрнағы жалғанады. *жазмағ – жазылмағ; кәсмәк – кәсилмәк*. Өздік етіс **-ын/ -ун/ -ин/, -ун/-н** жұрнақтары; *ғашымағ- ғашынмағ, -ыл/- ил/- ул/- үл: ачмағ/ ачылмағ; жормағ/ жорулмағ*. Ортақ етіс **-аш/ -әш/ -ш/ -ыш/ -иш/ -уш; жазышмағ/ағламағ/ ағлашмағ**. Өзгелік етіс **-т, -дыр** жұрнақтары; *охутмағ – аздырмағ*.

Жатыс септігіндегі созылмалы өткен шақ инфинитиві де **-мақ/-мәк** тұлғасының әзірбайжан тіліндегі қолданыс аясын кеңейте түседі.

I жақ *жазмағда идим* – «я писал тогда»

II жақ *жазмағда идин* – «ты писал тогда»

III жақ *жазмағда иди* – «он писал тогда»

I жақ *жазмағда идик* – «мы писали»

II жақ *жазмағда идиниз* – «вы писали тогда»

III жақ *жазмағда идиләр* – «они писали тогда» [11].

XIII-XIV ғасырдағы түркі тілінің ескерткіші «Кесілген бас кітабын» зерттеуші Я.Ахметгалеева **-мақ/ -мәк; -мава/-мақа** тұлғалы инфинитивінің ескерткіш тілінде, ескі татар әдеби тілінде кең көлемде қолданылғанын, қазіргі татар ауызекі тілінде сақталғанын айтады [12, 100-б.]. Сондай-ақ ұйғыр тілі оқулығының авторы А.Боровков та ұйғыр тілінде **-мақ/-мәк** тұлғасының қимыл атауын жасайтынына тоқталды. Мысалы: *bolmaq* – «бытие»; *qilmaq* – «делать» [13, 185-б.].

Бұдан шығатын қорытынды: XI ғасырда түркі тілінде, XIII-XIV ғасырларда қыпшақ жазба тілдерінде **-мақ/-мек** жұрнағы арқылы жасалған етістік инфинитив қызметін атқарса, кейінгі уақытта қазіргі **-у** тұлғасы қимыл атауын білдіретін өнімді жұрнаққа айналған. Ал **-мақ/-мек** жұрнағы арқылы (әрине, бұл жерде кейбір түркі тілдерін еске алмағанда) жасалған етістіктің қолдануы басқаша сипат алған. А.Ысқақов: «Есімшенің келер шақ түрі етістік негізіне **-ар/-ер** жұрнағы мен **-мақ/ -мек, -бақ/ -бек, -пақ/ -пек** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. **-мақ/-мек** жұрнағы арқылы жасалатын есімше амал-әрекеттің алдағы уақытта жүзеге асуы анық, айқын (сенімді) екенін білдіреді», – дейді [14, 304-б.]. *Ордада туған байлауын Абай көпке шейін үй ішіне білдірмек емес еді* (М.Әуезов). *Оспанға Шәйзаны көрсетіп жібермекші болып жүрген қатындар гана жалақтап, айналсоқтап жүр* (Ғ. Мүсірепов).

М.Қашқари зерттеу еңбегінде түп мәсдармен бірге туынды мәсдарды да қарастырған: «...Изэфет жолымен сөз қосу арқылы жасалған жасанды мәсдарларға өрнек етіп мыналарды көрсетуге болады. *Менің барғым болса маңа тұшғыл – Мен барар болсам, маған жолық; Кейік келікі болса оқта – Киік келген болса, оқ ат деген үлгілердегі барығ – барғым, келік – келік* деген сөздер – жасанды мәсдарлар» [2, 52-б.]. Бұл жасанды мәсдарлардың өзіндік ерекшелігі

бар. Біріншіден, инфинитив қызметінен ажырап, сипаттық қызмет танытады. Екіншіден, жасанды мәсдар сол заманда сирек ұшырасатын күрделі етістіктен жасалады.

Енді қазіргі тіл тұрғысынан келетін болсақ, жоғарыдағы сөйлемдердегі жасанды мәсдарлар шартты райлық мән береді. Шартты рай басқа бір амалдың жүзеге асу, аспау шартын білдіретіні белгілі. Ол сөйлемнен және сөз тіркесінен тыс тұрып, тиянақты дербес форма бола алмайды. Олай болса, М.Қашқари сипаттаған жасанды мәсдарлар да сөздердің тіркесуі арқылы жасалады да қимыл атауы қызметінен мүлде алыстайды. Мәсдар етістікке терең талдау жасаған М.Қашқари мәсдардың басқа да ерекшеліктеріне тоқталған. Оның бірі – мәсдарға қосымша қосу арқылы осы шақтық мағынаны білдіруі. «Мәсдарлардың бұдан басқа тағы бір сипаты бар. Ол таза етістікке осы істеліп жатқан шақ мағынасын білдіретін қосымша қосу арқылы жасалады. Бұл сипаттағы мәсдар түрі есім сөздер табындағы сөздер секілді есім орнына қолданылады. ...Мәселен, *Ол барығ барды – Ол тіке (ештеңеге бұрылмай, тура) барды. Аның ыш қылығы белгүлүг – Оның іс құлқы белгілі* [2, 59-б.].

Қазіргі қазақ тілі білімінде бірінші сөйлемдегі мәсдар үстеулік мағына берсе, екінші сөйлемде заттық мағына беріп тұр, яғни қазір бұл мәсдарлар осы шақтық мағына бермейді. -**мақ/-мек** жұрнағымен жасалған қимыл атауын білдіретін түп мәсдарға -**ма/-ме** жұрнағының жалғануы қазір түркі тілдерінің санаулы тобында, мысалы, әзірбайжан тілінде кездесетіні айтылды. Ал қазіргі қазақ тілінде -**мақ** жұрнағы етістік негізінің болымсыз түріне қосылмайтыны белгілі.

Енді М.Қашқари атап өткен туынды мәсдардың тағы бір түріне назар аударайық. Зерттеуші ғалым былай дейді: «Бұл жерде негізінде мәсдар болмағанымен, басқа бір сөздермен байланыстылық, қатыстылық нәтижесінде мәсдарға айналатын жайды айтамын. Бұл сипаттағы мәсдарлар түбірдің соңына **г, к** не **ғ** әріптері қосылу арқылы жасалады. Мысалы:

Аның ет тұғрағы көр. – Оның ет турасын қара.

Аның оғрағы көр. – Оның барғанын көр.

Бұ ет тұғрағұ. – Бұл туралатын ет.

Бұ ет тұғұрағұ оғұр ол. – Бұл ет турайттын уақыт бұл. [2, 426-б.].

Осы туынды мәсдарлар есім орнына жұмсалады. Бастапқы екі сөйлемде мәсдар *нені?* деген сұраққа жауап беріп, қимыл атауының заттық ұғымын білдірсе, соңғы сөйлемдегі туынды мәсдарда сындық, сипаттық қасиет басым.

Сөздіктегі туынды мәсдар мен қазіргі қазақ тілі теориясын салыстыра келе айтарымыз:

1) туынды мәсдарларда қимыл атауынан гөрі сындық, сипаттылық, ниеттілік ұғымы басым;

2) есімше мағына жағынан етістік категориясына жатқанымен, қызмет жағынан сын есім, зат есімдерге ұқсас болып келуі – көне түркі дәуірінен бері қалыптасқан құбылыс. Оны М.Қашқаридың мәсдар етістікті терең зерттеп, талдауынан көруге болады.

Қимыл атауының қалыптасып даму процесін салыстырмалы-тарихи әдіспен көне түркі, орта түркі ескерткіштері, оның ішінде М.Қашқаридың «Сөздігі» негізінде қарастыру төмендегідей қорытынды жасауға жетелейді: ХІ ғасырдағы мәсдар етістікте қимыл атаулық белгіден гөрі есімшелік мағына басым болған. Қазіргі -**у** тұлғалы қимыл атауының элементі ол кезде де болған, бірақ еркін дамымаған. Туынды мәсдарлар шартты райлық, осы шақтық, мақсатты келер шарттық, ниеттілік, сипаттық қызметін атқарған.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Кононов А.Н. М.Кашгарский и его «Диуани лугат ит-турк» //Советская тюркология. -1973. – №2. – С 3-5.
2. Махмұт Қашқари Түрік сөздігі. Аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктемелерін жазған –Егеубаев А. – Алматы, 1997
3. Неталиева Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі қимыл есімі. – Алматы, 1963. – 221 б.
4. Сауранбаев Н. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1948. – 120 б.
5. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тіліндегі -у тұлғалы қимыл есімінің семантикасы мен функциясы. – Алматы, 1991. – 169 б.
6. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – М., 1986. – 302 с.

7. Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – М., 1976. – 208 с.
8. Мусаев К.М. Грамматика караимского языка. Фонетика и морфология. – М., 1964. – 344 с.
9. Атабай Будагов сөздігіндегі қазақ сөздері. – Алматы, 1997. – 134 б.
10. Боровкова Л. Грамматический очерк языка «Дивану лугат ит турк М.Кашкари. – Л., 1966.
11. Грамматика азербайджанского языка. Под ред. Э.В. Севортяна. – Баку, 1971. – 413 с.
12. Ахметгаллева Я.С. Исследования тюркоязычного памятника «Кисекбаш китабы». – М., 1979. – 191 с.
13. Боровков А. Учебник уйгурского языка. – Л., 1935. – 247 с.
14. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382 б.

Кушкимбаева А.

PhD, Қ.Жұбанов атындағы

Ақтөбе өңірлік университетінің доценті

ЖАЗУШЫ Б. САРЫБАЙ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЛИРИКАЛЫҚ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ САРЫНДАР

XX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында көрінген прозадағы лиризмнің негізі: тұлғаның суреттеуге келмейтін күрделі әсерлері, қандай да бір фактор – еске түсіру, елес, түйсіну, сезіну, детальдар әсерінен пайда болатын кейіпкердің көңіл – күйін беруге тырысу, шығармаларының сюжеттік – композициялық ерекшеліктері осыған сәйкес. Авторлық баяндау – кейіпкер ойының жалғасы, еске түсіруден, елестен туындаған оның ішкі монологын жеткізуші, кейіпкер ойының жалғасы, еске түсіруден, елестен туындаған оның ішкі монологын жеткізуші. Бұл – жазушы әңгімелерінің стилінің ерекшелігі екендігі байқалады. Сондай-ақ бір оқиғаға кейіпкердің көзқарасы мен автордың көзқарасы қатар беріліп, оқырманға ой сала отырып суреттеуі жас жазушының өзіндік шеберлігі екендігіне көз жеткіземіз.

Осы ретте жас жазушының бір топ әңгімелеріне тоқталсақ. Б.Сарыбай шығармаларын оқып отырып, оның тақырыптарының алуан түрлілігін байқаймыз. Балалық, жеткіншектік, жасөспірімдік шақтан бастап, жастық шақ, махаббат тақырыптарын қозғап, бүгінгі өмірдегі әділетсіздік, өмірдің мәні, қоғамдағы, саясатты былық секілді өзекті тақырыптарды шығармаға арқау еткенін көреміз. Жазушының ендігі топ шығармалары – лирикалық-философиялық бағытта жазылған әңгімелері. «Деканыңа сәлем айт» атты әңгімесінде әкесі мен баласының арасындағы ой-толғаныс, диалог сөз болады. Бұл диалогтың өзінен – әке мен бала, қала мен ауыл арасындағы риясыз көңіл, аңқылдаған ашық сезім, әкелік мейірім мен балалық көңілді байқаймыз. Әңгімеде сюжеттік-композициялық бүтіндік толық ашылмаса да, кейіпкерлер әлемі толық болмаса да, жазушының лиризмін, философиялық түйіні арқылы біз өзімізге керек ойды түйеміз және оқи отырып, әркім өз әкесін, өз ағасын, өз ауылын, өз балалық шағын, өзінің өмірінің бір бөлшегін көз алдынан өткізіп, үлкендердің бала секілді ойлайтын қазақтың аңғал әдемі қасиетіне қанық болады. Лирикалық қаһарман ауылдың бейнесін шығарманың басында ерекше әсермен бөліседі: «...Қалада жүріп әр ортаға түсіп, әр түрлі пішіндерге еніп әртістеніп жүріп, табиғи қалпымызды жоғалтып алдық па, қайдам... Ал ауыл адамдары о баста құдай қалай жаратса өле-өлгенше солай ғұмыр кешеді. Біздер құсап өтірік күлуді, өтірік қайғыруды олар мүлде меңгермеген. Мен ауылдың сонысына қызығамын...» [1, 107-б.]. Бұл жолдарды оқып отырған әр оқырман өзінің типтік өмірінің бір бөлшегін көреді. Қазіргі жұмысбасты, қағазбасты, қалабасты болып кеткен қала адамдарының тіршілігі шындығында, осы кейіпкер айтқандай еді. Ауылға жете алмаса да, кейіпкер ауылмен сөйлескісі келеді де тұрады. Бұл жерде кейіпкердің ауылды аңсауы, ата-ананы сағынуын қаланың қатаң тіршілігі бұзып, тыныштығын алғанын диалогтан байқаймыз. Ауылдың телефонына көрші арқылы шаққа шығып, әкесімен сөйлескенінің өзін ғанибетке балаған бала ауылдың барлық әңгімесіне қанық болады, бұл жерде оның бос мылжын, өсек қалап сөйлескенін емес, ауылдың, әкенің риясыз әңгімесіне қызықтап, сағынышқа толы мауқын осылай басуды қалағанын басты назарға алуымыз керек. Аңғал әке соңында «Деканыңа сәлем айт» деп баласымен қоштасады. Әңгіменің басты «фишкасы» да осында еді.

– Декан сізді танымайды ғой, не деп айтамын?

– Өй, танымаса, танымасын. Ел үшін жүрген азаматтар ғой, әкем сәлем айтты дей салсаң болмай ма. Деканыңа айт, жазда ауылға келіп бірер күн демалып қайтсын. Қой сойып, күтіп жіберейін» [1,110-б.] деген әке-көңілге еріксіз күлесің. Ауыл адамдарының ойы таза, жүрегі ақ, көңілі кіршіксіз екенін белгілі. Ойында еш арамдығы жоқ әкейдің бұл сөзі бір жағынан көз алдыға аңғалдық пен адалдықтың ең биік үлгісін, әке сезімінің ерекшелігін, жалпы әке сөзінің мәнділігін сездіреді. Бұл жерден ауыл адамдары мен қала адамдары арасындағы жер мен көктей байланысты, көңілді суреттейді. Ауыл адамдары шындығында, даладай кең, дархан, көңілі ашық, қолындағысын бере салатын, қонақ келсе алдына барын қоятын бекзат жандар. Ал қала адамдары, өзіміз күнде көріп жүргендей, өмірі уақыт тапшылығына ұшырап, тіпті өз жанұясына, туыстарына көңілді аз бөліп, жұмысқа ден қойып, жеке өмірінен ада болып, төрт қабырғаға телмірген «кірпішбасты», қалыпқа салынған, күнде сол қалыппен жүріп үйренген, сол қалыптан шыға алмайтын тіршілік иелері екенін, бұл ауыл мен қала адамдарының арасы ешқашан да үш қайнаса сорпасы қосылмайтын құбылыс екенін айтқысы келді. Адамдардың барлығы бірдей жаратылып, санасы, мінезі, физиологиялық қалпы бірдей болғанмен, ауылдық тәрбиенің қалалық өмірден әрқашан биік тұратынын көрдік. Бірақ, бұл – өмір заңдылығы.

Жазушының ауыл өміріне, ондағы аңғал адамдар, аңғал тіршілікке құрылған ерекше бір шығармасы – «Жанғалидың жазығы» әңгімесі. Кез келген ауылда аңғал, ешкімге жазығы жоқ, бірақ өзіндік принципі бар, қстанған бағыты дұрыс, оның жан-дүниесін түсіне бермейтін адамдар болады. Сол секілді осы ауылдың ерекше бір тұрғыны – Жанғали. Жанғали – типтік образ, онда ешқандай жасандылық жоқ, ол – реалистік образ, ешқандай романтика жоқ. Болмысы таза, сатира да, юмор да жоқ. Өйткені – Жанғали арамдықтан ада, ұятсыздықтан сақтанған ақ адал жан. Оның бейнесінің бір ерекше тұсы былай суреттелген: «...Егер сіз оны өзіңізден төмен сезініп, құл ретінде қарап жұмсағыңыз келсе, онда оған жерден бір ши алғыза алмайсыз. Ал, керісінше «Жәкелеп», «әкелеп-көкелеп» көндірсеніз, оның қолынан келмейтін бәлесі жоқ. Бүкіл тірлігіңізді бір демде бітіріп береді. Ол өзін біреудің керегіне жарағанын сезініп, шабыттанғанда бар ма, кәдімгі жас балаша елпілдеп кететіні бар...Өзі соншалық алып бола тұра, балада елгезек. Момындығын басынғысы келген кейбіреулер сөзбен қағытқандай болса, жынын қағып алатын мінезі бар» [1, 112-б.]. Жанғали – ешкімге зияны жоқ, қайта өзінің біреудің пайдасына жарағанына риза болып, өмірдің мәні адамдарға қуаныш сыйлау, адамдар бір-бірімен бірдей, тең, олардың бір-бірінен ешқандай артық емес екенін, тек адамдық арың мен абыройың үшін қызмет етіп, бір-біріне сыйластығын азайтпай, жалпы адам болып қалу идеясын қолдайтын азамат. Жоғарыда көргеніміздей, ол өзін төмен санаған, кемсіткен адамға қас жау, керісінше «адам» деп қабылдаған адамға басын иіп тұрып көмектесетін пенде екені анық көрініп тұр.

Осылайша, бұл шығармада оның осы аңғалдығын пайдаланатын небір ауыл адамдарын да көреміз, мұның да қырсық-қыңыр мінезін де көреміз. Жанғали қанша жынды, есерсоқ болып көрінсе де, өз есебіне түгел, кез келген қақпанға түсе қоймайтын, оңай шағыла қоятын жаңғақ емес екені де бар. Жанғалиды пайдаланғысы келіп, ауданнан келген бір топ тексерушілер арақ сататын үйлерді құрықтағысы келіп, өздерінше Жанғалиға ақша беріп, жұмсайды. Бұлардың арам пиғылдарын білген ол арақ алуға кіріп, сол үйдің басқа шетінен шығып, үйіне барып, ішіп, құрықтарына түспей, аса ірі сақтықпен, қырағылықпен алдап соғады. Оның бұл жерден – өз ауылдастарына адал, бір арақ үшін сатқындыққа бармайтын «адам» екенін байқаймыз.

Бір өкініштісі – әйелімен ажырасып, жалғыз анасымен күй кешіп жатқандығында. Осылайша, ешкімге зияны жоқ, арам пиғылы жоқ, жұртқа болсын дегеннен басқа адал ойы жоқ, таза да ақкөңіл Жанғали бір-ақ күнде ауылын жылатып, о дүниеге кете барады. Ауылдастарының бәрі жақсы адамның артынан қайғырып, жиналып, ақтық сапарға шығарып салады. Бірі қант, бірі май, бірі шай, бірі ұн әкеліп, көптеп көлемдеп, соңғы сапарға шығарып салады. Лирикалық-философиялық бағыттағы бұл әңгіменің нүктесін автор да былай қояды: «Ұлтын сүю деген, ел үшін өмір сүру деген осындай-ақ болар. Ешкімнің ала жібін аттамай, ақ жолмен жүрген жігіттің қазасы көпшіліктің қабырғасын қайыстырып-ақ кетті. Оның бар

жазығы – арақ ішетіндігі еді. Сол қу арақтың ғана кесірі ғой, әйелімен ажырасып кеткендігі де. Жерлеуіне әйелі Жанғалидың артында қалған жалғыз тұяғын алып келді. Бекер обалы не керек, байғұс әйел Жанғалидың қырқына дейін болды да, қырқын өткізгеннен кейін енесін өзімен бірге көшіріп алып кетті» [1, 119-б.]. Осылайша жазушы өмірдегі жаны таза, ешкімге зияны жоқ, осы өмірде адамдық атын сақтап жүрген азаматтар туралы жинақталған образға бар оқырманын тәнті етеді. Жанғали – еш байлыққа қызықпаған, өмірді шынайы қабылдаған, кез келген адамды адам ретінде түсініп, өз деңгейін іштей білетін, арамдықтың қара туынан аспай, адалдықпен өмір сүргісі келген қарапайым адам еді, шығарманың атауына сай, оның «жазығы» да, әлсіз жері де – осы бір ұрттамға үйір болғанында еді.

Алайда автор бұл жерде осындай қарапайым, адал адамдардың өмірде бақытсыз, бір дүниесі кем болатынын, төрт құбыласы тең болмайтынын да ескертетін де секілді, өйткені бұндай адамдардың ойлау жүйесі, пайымы өзгеше. Жанғали қанша реалистік образ болғанымен, біз бұл образдың автор тарапынан романтикалық бағытта өрбігенін көреміз. Қазіргі заманда Жанғали секілді адамдардың жоқ екені белгілі, өз қара басын күйттеп, біреудің шаруасы түгілі, өз шаруасын қарық қыла алмай жүрген адамдардың қасында, Жанғалидың айдаладағы бүкіл ауылды қарық қылуы, еш қабақ шытусыз шын көңілмен жүгіруі – автордың қиялға ерік беріп, осындай адамжанды, жалпы адамзатты сүйетін жандар болса екен арманынан да туындаған образ сияқты. Сайып келгенде, бұл әңгімеден біз ауылдың арқайым өмірі мен бұндағы жаңғыл ақ адал адамның бейнесін көреміз.

Жазушының келесі бір «Қазақы мінез» атты әңгімесі де сатира мен юморға толы. Жалпы алғанда, адамның мінезі – тұңғыық екені белгілі, бұл туралы да ғылым саласы бар екені тағы бар. Әсіресе, әр ұлт пен халықтың өзіне тән жақсы да, жаман да қасиеттері болады. Сондай бір қазақтың «жақсы» мінездері – барлығымызға тән десек, өтірік емес шығар. Қазақтың жыртықтығы, әсіреқызылдығы, жатыпшіерлігі, керенаулығы, жалбақтауы, адам алдарлығы секілді қасиеттері сонау ұлт болып қалыптасқаннан бар. Осы шығармада автор Б.Сарыбай 5 ағайындының бірінен-бірі өтіп, «пара беру», «бақталастық» атты мінезді «насихаттайды». Пара – ол тек бүгінгі күннің мәселесі емес. Тіпті, 19-ғасырда Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңінен де «қалмады елге тығындап, түйеде қом, атта жал» деген жолдардан билік үшін жұртты «сатып алу» процесінің болғанын көреміз. Одан басқа да қаншама мысал бар, оның бәрін тізіп отырса, бірнеше жұмыстардың басы анықталады. Енді, осы әңгімені талдасақ. 5 ағайындылар қатарынан жер алып, оған егін егіп, өздерінше шаруа жасағысы келеді, өздері жасайын десе, өмір бойы иіліп шаруа істеп көрмегендер, балаларына жасатайын десе, қалаға жіберіп, сол жақта тұрақтанып қалғандар.

Осылайша, олар жерлеріне жоңышқа егіп, алайда өздері күте алмағандықтан, күтетін адам іздейді. Сетай атты момын, жағдайы нашарлау тұратын, бірақ еңбекқор жігітті жалдайды, ол да 3 жылдан бері осы жұмысты атқарып жүргендіктен, осы жылы да оңайлықпен келісе қояды, осылайша егістіктің басына көшіп барады. Сетайдың обалына не керек, ол 5-еуінің жерін бірдей көріп, алалап-құлаламай, біркелкі суарып, барлығын бірыңғай деңгейде суарады. Және осылай жалғаса берер ме еді, егер әрқайсысы бақталастықты бастамаса. Барлығын құртатын, қолмен жасайтын, ақ адамды арамдыққа итеретін, дұрыс жолдан тайдыратын адамның пиғылы екені белгілі. Осы бір қайнаған тіршілікті, адал еңбекті, шынайы табысты ағайынның ең үлкені Дүйсенбек келіп бұзады. «Жасы үлкені ғана емес, іштеріндегі қулауы да осы кісі еді. Кезінде осы колхоз тарамай тұрғанда экономист болған. Қулығы ғой осындай дөй кісіні елден бұрын егістікке әкелген. Ол кісі Сетаймен бірге егістікті аралап көріп жүріп, қайтарында қулана жымыып, бір әңгіменің шетін шығарды.

– Сетай, сені түсінеміз ғой. Қолыңнан келгеніңді аямайсың. Бірақ, көңілің адал болғанымен, жалғыз өзің не істеп үлгересің? Саған өкпеміз жоқ. Шыққанынша көреміз. Дегенмен маған тиесілі жерге дұрыстап қарай жүрерсің. Мынаны келінге апарып бер, – деді де қолына үлкен бір дорба ұстатып кетті. Сөйтті де, арғы жағы түсінікті шығар несін созбақтай берейін дегендей атына мініп тартып отырды» [1, 122-б.]. Ең үлкені болып бақталастықты

Дүйсенбек бастап, Сетайдың аузын майлап кетеді. Міне, алалау осы «қазақы мінезден» басталды.

Сатиралық образ – ұнамсыз тип. Сатирамен суреттелер құбылыс – керексіз, кесір құбылыс. Сатира өмірдегі кеселді, келеңсіздікті, кері кеткен-дікті қаза қопарып, көптің көз алдына – көрініске шығарады, қағып-сілкілейді, мысқылмен түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түңілтеді. Күні өткеннің, тозып біткеннің кедергіге айналғанын аңғартып, оған адам бойынан жиреніш шақырады. Құлық пен сұмдықты, екі жүзділік пен мансап-қорлықты, усойқылық пен ұятсыздықты, әйтеуір өмірдегі зиянды жайттарды аяусыз әшкерелеп, адамдарды оны-мен ымырасыз күреске, кескілеске үндейді, сөйтіп, ілгері басуға, кедергіні жоқ етуге жұмылдырады. Сатираның юмордан өзгешелігі – мұнда қаламгердің өзі сықақпен сілейте сынап отырған адамына жаны ашымайды, оның мінін түзеу, өзін өнегелі өмірге қайта қосу мүддесі болмайды, керісінше, автор мұндай жексұрындық өмірде болмауы керек деген қатал үкімін шығарады; юморда түзеу мақсаты жатса, сатирада жою, жоқ қылу мақсаты жатады.

Сатиралық образ жасаудың тәсілдері әр түрлі; солардың бірі – ирония – кемшілікті, мін-мүлтікті астармен перделеп сынау, сықақтау, мысқылдау, кекету. Иә, бұл – біздің образдарымыздың негізгі сипаттамасы. Образдарда ешқандай күлкі болмаса да, ерекше мысқылды, бейшаралықты, адами болмысты жоғалтып, өз мүддесі, қарабасы үшін ақымақтыққа барғанын көреміз. Бұндай қатынас – Сетай мен оның әйелін әп-сітте өзгертіп шыға келеді, осылайша Сетай іштей келесі ағайындарының да қатарынан келетінін іштей сезеді, өйткені, бәріне жақсы өнім керек, ал Сетайға кішкентай болсын бірдеңені жырып, артық табыс тауып қалу керек. Алғашында Сетайдың адал, еңбекқор момын болғанын шығарманың басынан аңғарамыз, адамды адам бүлдіретіні, періштені де жолдан тайдыратын да осы «бірдеңенің» буы екені белгілі. Осы бу Сетайдың мінезін де өзгертіп, тіпті, келесі ағайынды күтіп жата береді. Айтқанындай, әйелін алдына салып, Сейсенбек те жетеді.

«Ә, Секе. Сенің еңбегің еңбек-ақ тегі. Қашанғы суғара бересің? Темір емессің ғой, бір уақ демалсаңшы. Бір күн су ішпесе қурап қалмас қурағырдың жері. Биыл жауын-шашын да жақсы ғой, – деп өзінше бастық болып, Сетайға демалыс жариялап берді. Сөйтіп сол күні екеуі жақсылап ішті. Ара-тұра аңғал жігітті арқасынан қағып отырып, өзінің жерінің дөнестеу жерге орналасқанын, сол себепті асықпай суғару керек екендігін түсіндіріп берді...Соның әкеліп берген темекісін тартып, егістікті суғарып жүре берді» [1, 122-б.] деген жолдардан келесі бір бақталастың бейнесін көреміз. Бұл образдар бала секілді күлкілі әрекетке барса да, бұл қазіргі заманның талабының бірі екендігін өзіміз де мойындаймыз. Тіпті қазіргі өміріміздің өзінде біреуге «бірдеңе қыстыру» мінез – қанымызға сіңгендей. Арада біршама уақыт өткеннен кейін, әкелінген қу кәкір-шүкірге мастанып, тіпті дәндеп алған Сетай мен келіншегі ренжіп, уайымдай бастайды да, Сетай келіншегін ауылға жұмсап, үшінші ағайынның үйіне жорта соғуын талап етеді. Көлденең пайдаға әбден үйренген Сетайдың әйелінің бейнесі де бұл жерде анық ашылады. Сол бір ұсақ-түйекке малданып, жанын беріп, сумандап, іші-бауырына кіріп, жұрттан бірдеңе жеп қалсам, пайда көріп қалсам деген пасық мінездің иесі екені ретінде көрінеді. Ұятты былай қойған, беруге міндетті деп ойлаған Сетайдың келіншегі Сәрсенбектің үйіне «амандасу» үшін келдім деген желеумен соға салып, өздеріне «тиесілі» базарлықты алып кетеді. «Сәрсенбектің бәйбішесі қаладан әкелген алмасы бар, қияры бар дегендей бір дорба ұстатты да, екінші дорбаны беріп тұрып:

– Мынау – сливаның вареньесі. Сынып қалмасын, байқап ұста, – деді. Әбден қоштасар кезде ереңсіздеу қып қана. – Қайныма сәлем айтып бар. Сәрсен ағасының жеріне бөлекше қарасын, – деп ескертіп шығарып салды [1,123-б.] – деп, Сетайлар өз «еншісінің» үшіншісін алады. Сол бір ұсақ-түйекке қарап қалған бейшаралардың күні-ай. Адамдықты былай қойып, тіпті, Сетай осы бастан 5 ағайындының жерін кәдімгідей бөліп суара бастайды. Әрине, келіп, тапсыратынын тапсырып кеткен 3 ағайындының жерін ерекше суарып, келмеген 2 ағайындыныкі жетім баланыкіндей, қараусыз, әшейін суды жүгіртіп өтеді. Адамдардың ұсақтығы – қазір тек әйелге ғана тән емес, тіпті еркек атаулыны жаулап алғаны өкінішті, әрине.

Осылайша Сетайдың бастапқы көзқарасы өзгере бастайды. Бұл авторлық сипаттама арқылы Сетай образының өзгеріске ұшырап, жаңа бір «қырымен» танылып суреттеледі. Ағайындылардың екеуінің келмегеніне Сетайдың олардың жеріне немқұрайлы қарап, адамның көңілінің соншалықты төмен дәрежеге түсіп, ақымақтықтың ең лас дәрежеге жеткенін көреміз. Осылайша, оның осы бір жаман пиғылын сезіп қойғандай, Бейсенбек атты енді бір ағайындының келгенінің өзі ерекше сатирамен беріледі. «О, Секем, жатысың жайлы болсын. Аспаның ала болса жерің құла болады дегендей суларың сай жыралы жерлерге үйіріліп, биіктеу жердегі біздің жерімізге жетер жол таппай аласұрып жатыр ғой» [1,124-б.] деген әзілінің астарында да ащы шындық бар еді. Бейсенбек бәлкім іштей сезді ме әлде өзі солай ойлағанға, адамдардың бәрі де өзіндей деп есептеді ме, бір бәлені сезгендей, жоғарыдағы бақталастықты бұл да алдыға салып келген болатын.

Бұл жолы Сетай да одан аса қуланып, «ұялған тек тұрмастың» амалымен, оңай жауап қайырды: «Ана кісілердікім бірер күнде бітіріп тастап, сіздікім асықпай суғарайын деп шештім. Қазірше күйіп кетпесін деп бір жүгіртіп өткем. Сіздің жерге ерекше күтім керек. Топырағы керіштеу» [1, 124-б.] – деп, Бейсекеңді бір жарылқатып, өтірік сөзбен бір бөстіріп жіберген болатын. Бейсекең де жұрттың бергенін беріп, ұсақ-түйекке мал болған Сетайлардың аузын «жауып» бұл да кете барады. Бұл шығарманы оқи отырып, еріксіз күлесің. Бала секілді б образдың қылықтары жүзіне күлкі идірсе, бір жағынан, аяныш, екінші жағынан, аяныш, үшінші жағынан, жиіркеніш тудыртады. Енді келмеген 5-інші ағайын бар, оны да Сетайлар құда күткендей есеппен, асыға күтті. Сөйтіп, күткен адамы да келіп, Жұмабек бұларды бір жарылқап, оларды өз аулына алып кетіп, моншаға түсіріп, ет асып, алдына бар тәттіні, арақты қойып, жақсылап тойдырып, адам қатарлы бұларға қызмет жасады. Бұларды жақсы күткеннен кейін үйіне әкеп тастап тұрып: «Менің саған келгенімді, аз-маз күтіп, тиын-тебен ұстатқанымды ешкім-ақ білмей-ақ қойсын» [1,125-б.] деген сөзінің өзінен аңғал Жұмабектің мына бір ісіне тіпті келеке етесің. Басқа ағайындыларының Сетайдың аузын майлап қойғанын қайдан білсін, бұл өзінше жалғыз өзім осы «ерлікке» бардым дегендей кейіп танытып, айды аспанға бір шығарғандай ерекше сезімде болады.

Бұл әңгімеден қазақы мінездің озығы мен тозығының жеткенін, осы бір адамды адам құртатын әрекеттің әшкереленгені сөзсіз. Алайда бұл мінездің қанмен сіңіп, сүйекпен бітіскені анық, қазақ қазақ болып тұрғандан, бұл мінез ешқайда ұшып кетпейтіні хақ. Қаламгер де өз түйінін былайша жеткізеді: «Адамды құртатын – адам. Болмаса мына жалдаушылар жалданушыға ешқандай да артық сый жасауға міндетті емес еді. Бұл да ешнәрсе алмай-ақ жақсылап күтуге міндетті-тұғын. Бастапқыда солайы солай еді. Кейін келе бұл да пенде емес пе, жаман үйренді. Жаман үйретті десек дұрыс болатын шығар. Және ана ағайындарды айтамын да. Бір-бірінен жасырынып келіп жүріп, жарамсақтанғандары несі! Түк татырмай-ақ нәтижелі еңбекті талап етулеріне болатын еді ғой. Ал, олар өйтпеді. Өйтпесе қазақ бола ма?» [1, 126-б.].

Шынында, бұл образдардың барлығы – юморлықтан гөрі сатиралыққа жақын. Әрқайсысы жеке-жеке бір әлем. Осылайша бір-бірін алдаған заманда жасандылықтың өртінен одан сайын өршітіп, Сетай келесі жылы да бұлардың егінін баптауға келісіп, қазақы «мінез» өз жалғасын табатындай мәмілемен аяқталады. Б.Сарыбай бұл әңгіме арқылы оқырманға ой салғысы келді, алайда ой салғаннан гөрі, шындықтың ешқашан беті ашылмай, осы күйінде мәңгілікке қалады, адам, соның ішінде қазақ ешқашан өзгермейді деген идеяны ұстанды. Өйткені, Сетайдың келесі жылы да бұл «дәстүрді» жалғастырмақ деп шығарманы аяқтауында да осы ой жатыр еді.

Б.Сарыбайдың лирикалық-философиялық бағытта жазылған шығармаларының бірі – «Өзіне сай дауыс керек әр әнге» атты шағын әңгімесі. Бұл әңгімеде де асып бара жатқан сюжет, керемет композиция болмағанмен, айтар ой түсінікті, оқырман жеткілікті. Шығарма құрылысшылардың айлық алып, сол айлықтарын бір дәмхана тойлап, бір масайрап, сол құрылысшылардың ішінде Елдар атты бір жігіттің достарына арнап ән айтуынан оқиға басталып кетеді. Құрылысшылар образы арқылы жазушы қазіргі қоғамдағы жастардың

амалсыздан өз сүймейтін ісімен күнкөріс үшін айналысатынын бір сездірсе керек. Елдар амалсыз құрылысшылықта жүргенмен, оны жаны музыкаға жақын, кішкентай кезінен түрлі аспаптарда ойнап, едәуір даусы да бар, сананы тұрмыс билейтін заманда өмірінің арнасы басқаға бұрылып кеткендігі сөз болады. Осылайша Елдардың ерекше даусы сол жерде отырған жұртты үйдіріп әкетіп, тағы да бірнеше ән айтқызыдыртып, оның осы ән әлеміне қайта келуіне жағдай жасалады. Құрылыстағы жұмысынан кейін осы жерге келіп қосымша табыс табады, уақыт өте келе, өзінің сүйікті ісімен айналысып, құрылысшылықты біржола тастап, осы салаға ауысып, жағдайын біршама жақсартып алады. Осылай күнделікті жұмысында жүргенде, оның әніне, өнеріне қызыққан бір бойжеткен күнде Елдар үшін келіп, жалғыз өзі ән тыңдап кететінін іштей байқайлы, бірақ байқамағанды. Өйткені Елдардың мінезі қызба, көрсеқызар емес еді, керісінше, өзін біртоға, салмақты ұстайтын қарапайым азамат ретінде көрінеді. Қызды көрсе де, көрмегендей кейіп танытқан қазақ қызы ашуға булығып, бір күні өзі Елдардың артынан жүгіріп, өз ренішін білдіреді. Осылайша, екеуі осы өнердің арқасында жандары бірікті, жандарын біріктірген, алғашқы қадамды жасаған – қыз болатын.

Жазушы бұндай қазақ қызына тән емес қылықты осы қыздағы табандылық, жігерлік арқылы дәріптегісі келді. Қазаққа да бір Татьяна керектей, қазақ қызы да өз бақыты үшін күресе алатын қайсар, өз махаббаты үшін тұра алатын адал, өжет болатынын аталған образ арқылы дәлелдегісі келді. Өзінің табандылығының арқасында қазақ қызы өз мақсатына жетті, махаббатын баянды етті. Мүмкін, бұл жерде Елдардың шамалы жігерсіздігі – қазіргі қазақ жігіттерінің типтік мәселесі көрінген шығар. Себебі қазіргі заманда қыздардан гөрі ер жігіттер өз-өзіне сенімсіздеу, жан-жағын түгендеп алмай, өз өмірін бастауға қорқатын намыссыздау қасиетке ие болып кеткені белгілі, Елдар да өз-өзіне сенбей, жаңа өмір бастауға батылы жетпегені де шығармадан байқалады.

Бұл жерде қазақ қызы – қазіргі заманның батыл, геройлық образдар қатарында екені байқалады. Шығарма екеуінің үйленіп, той жасап жатқан бақытты шақтарымен аяқталады. Тойға Елдардың бұрынғы жүрген қызы да қонаққа келеді. Жазушы бұрынғы жүрген қызы арқылы да қазіргі кейбір қыздардың да типтік бейнесін көрсетеді. Заманына қарай, қазіргі қыздар жігіттің ақшасына, үйіне, ата-анасына, жалпы жағдайына қарайтыны сөзсіз. Той болмай тұрып, Елдардың анасының қайтыс болғанын біліп, жетімдіктің зардабын тартар, бұдан кейін не жағдайы болар, тойды қалай жасар дерсің деп есептеген қызы оны тастап кеткен болатын. Осы тұста бұрынғы қызы қатты өкінеді. Бұл да – ой саларлық эпизод деуге болады.

Шындығында, бұл шығарманың идеясы – әркім өз өмірін жасаушы, әркімнің өз тағдыры өз ұолында, әркім өз бақыты үшін өзі күресу керек деген ой. Елдардың некелі жарының образы – қазіргі кездегі реалистік әрі геройлық образ деп атауға толық негіз бар. Ж. Дәдебаевтың: «Көркем әдебиет өмір шындығын образ, адам образы арқылы танытады. Көркем әдебиеттің басты пәні – адам өмірінің шындығы. Көпке белгілі осы қағидаға орай, шығармада адамның азаматтық-әлеуметтік өмірі ғана емес, от басы, ошақ қасы, тіпті түрлі «көз қысты», «бармақ басты» ұсақ-түйек істері де кеңінен суреттеледі. Жазушы бұл ретте де адам өмірінің шындығын суреттегендігінде сөз жоқ. Алайда, бұл шындық қаншалықты мән-мағына иеленді, қалай суреттеледі – көркемдіктің басты мәселесі осы төңіректе анықталуға тиісті» [2, 38-б.] деген пікірі ойымызды толықтыра түсетін тәрізді.

Сонымен, қазіргі қазақ прозасында өз шығармашылығымен көп нәрсе айта білген Б.Сарыбай әр кейіпкерлерінің өзіне тән лирикалық, философиялық кескін-келбеті бар. Олардың кейіпкерлері тап болған психологиялық жағдайын бейнелеу тәсілдері де өзгеше. Аталмыш кейіпкерлерінің ішкі психологиялық толғаныстарына бой ұрады да, өмір құбылыстарына байсалды ой парасат көзімен қарауға шақырып, өткен мен бүгіннің ажырамас, диалектикалық бірлігін тереңірек түсінуге көмектеседі.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Сарыбай Б. Мейірім. – Астана: Фолиант, 2014.
2. Дәдебаев Ж. Шымырлап бойға жайылған. – Алматы: Жазушы, 1988. – 187 б.

Рамазанов Т.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
2-курс докторанты

КОММУНИКАНТТЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ СИПАТЫН ТАНЫТУДА ДИАЛОГТЫҢ ОРНЫ

Лингвистикада диалогтың экстралингвистикалық негізі мен тілдік көрінісі әртүрлі қырынан зерттеліп келеді. Жазба мәтіндегі диалог, ауызша диалог, әдебиет жанрындағы диалог, публицистика мен ғылыми жанрдағы диалогтың ерекшеліктері барынша зерттеліп келді. Диалог өзінің лингвистикалық және экстралингвистикалық тұрғыда өте күрделі категория деп саналады. Дәл осы диалогта ғана тілдік бірліктердің семантикалық мағыналары біріге келіп ерекше прагматикалық құрылым құрады. Диалогты ұйымдастыру барысында сөйлеушілер тарапынан құрылған коммуникативтік-прагматикалық қағида, қарым-қатынас стратегия мен тілдік тактиканың нәтиже, сөзбен айтқанда, тілден өзге барлық сыртқы факторларды өз бойына жинақтаған коммуникативтік орта түзіледі.

Диалог теориясын орыс тіл білімінде Л.В. Щерба, Л.П. Якубинский, Е.Д. Поливанов, В.В. Виноградов, М.М. Бахтин тәрізді ғалымдар тобы негіздеген. Диалогты зерттеу өткен ғасырдың ортасынан бастап қызу талқыға түсті. Қазіргі күннің өзінде диалог тақырыбы лингвистикалық зерттеулерде басты назарда болып отыр. Өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұған себеп – диалог табиғатының тым күрделілігінде. Бүгінгі таңда диалогтық сөйленіс іс-әрекеттің (интеракция) түрі ретінде, ал диалог мәтін типі ретінде де, дискурс түрі ретінде қарастырылып келеді. Қазіргі тіл білімі ғылымында диалог құбылысы өз саласында жан – жақты зерттелуде.

Қазақ тіл білімінде диалог мәселесіне қатысты көркем диалогтың стильдік функционалдылығы жағынан біршама кең зерттеулер жүргізілді. Қазақ тіл білімінде диалогқа жеке шығармашылық тұрғысынан келу жағынан жақсы талдау жұмыстары жүргізілген. Бұл бағыттағы зерттеулерде жеке автор шығармаларындағы диалогтың түрі, қызметі, ерекшеліктері сараланып, талдау, салыстыру жүргізіледі. Бұл ретте В.В. Виноградов, В.В. Одинцов, қазақ тіл білімі бойынша Е. Жанпейісов, М. Серғалиев, Х. Кәрімов, Б. Шалабаев, әдебиетші Б. Майтанов зерттеулерін атауға болады. Диалогтың кейіпкер бейнесін, оның мінездемесін жасаушы қызметі М. Серғалиев, Х. Кәрімов, Б. Шалабаев еңбектерінде кеңінен баяндалады. Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап тіл білімінде коммуникация мәселесіне көңіл бөліне бастаған кезде, диалогтық сөйлесімнің семантикалық және құрылымдық ерекшеліктері біршама кең зерттелді. XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап та лингвистикалық прагматика мәселесі де кең зерттеу алаңына айналды. Бұлардың арасында Н.Д. Арутюнова, Ю.С. Степанов, А.Г. Баранов, Е.Н. Малюги, Н.А. Комина, Л.В. Лисоченко, В.Н. Телия, Г.Г. Матвеева, Е.В. Падучева, А.А. Мецлер, В.Л. Наер, А.Г. Поспелова, Г.Г. Почепцов, т.б. зерттеушілер көзге түседі.

Диалогтық сөйлесімді бірінші кезекте сөйлеуші субъектінің психикалық, интеллектуалдық және физикалық белсенділігімен байланысты себептер мен факторларды сараптауға көптеген зерттеу жұмыстары арналды. Диалогтық сөйлесім де белгілі бір қоғам мүшесінің тілдік шығарылым әрекеті болғандықтан, сол социумға тән ережелерге бағынады. Одан бөлек диалогтық сөйлесім субъектінің (сөйлеушінің, әлеуметтік топтың, гендерлік ерекшеліктің) диалогты құрудағы коммуникативті-прагматикалық ерекшеліктерін анықтауға, сөйлесім әрекетін бағыттау мен қадағалауға, сәтті коммуникативтік әрекетті аяқтауға мүмкіндік беретін стратегиялық заңдылықтарын зерттеуге мүмкіндік туғызады.

Соңғы жиырма жылдықта шетелдік тіл білімінде диалогтық сөйлесім мәселесі зерттеу нысанына айналды. Диалогта адамдардың күнделікті табиғи тілдік қарым-қатынасында байқалатын тілдің коммуникативтік функциясы жарқын көрінеді. Диалогтық сөйлесімнің өзі тілдік сөйлесімнің нағыз өзі болып табылады. Тілдік тұлға диалог арқылы сөйлеседі. Сондықтан диалогты сөйлесімнің табиғи формасы ретінде қарастыра отырып, оны белгілі бір социумның (біздің жағдайымызда, қазақ қоғамының) тілдік қарым-қатынас орнату

ерекшеліктерін, сол социумға тиісті әлеуметтік топтар мен гендерлік топтардың тілдік-прагматикалық болмысын тануға мүмкіндік беретін тілдік әрекет ретінде қарастыру үлкен ғылыми жетістіктерге жетелейді.

Одан бөлек диалог табиғи тілдік қарым-қатынас нәтижесі болғандықтан, сөйлеушінің қандай да бір коммуникативтік мақсатты орындауына қатысты қолданатын барлық прагматикалық мүмкіндіктерін ашып көрсетуге мүмкіндік беретін бірден-бір зерттеу нысаны бола алады. Диалогты прагматика жүзінде зерттеудің астарында сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы мәтінді қабылдауға негіз болатын барлық факторлар жинақталған. Сол себепті қазақ диалогының табиғатына, оның әртүрлі әлеуметтік және гендерлік топтарына тән коммуникативтік-прагматикалық ерекшеліктерді ашып көрсету бүгінгі таңда өзекті болып тұр.

Диалог тұлғалық ерекшеліктердің сыртқа шығуына мүмкіндік береді. Диалог коммуниканттардың пресуппозициялық прагматикасымен, яғни оның ауаны мен арнасын аңғара білу, түсіну жағдаятымен байланысты. Диалогтың варианттылығы қатысушылардың еркін бірін бірі ұғынуына мүмкіндік береді. Коммуниканттардың тілдік құрылымдарды еркін тандай алу мүмкіндігі олардың өзара оңай түсінісуіне әрі бір-біріне тиімді ықпал етуге бағытталған тілдік тәсілдерді жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады. Мұндағы пресуппозиция дегеніміз (лат. *prae* «алдын» + *suppositio* «жағдай» – алдын алу, жорамал) – сөйлесу рәсіміндегі сөйлеушіге сөйлесушінің көзқарасын, психикалық жағдайын, жалпы білімділігін бағалау. Сөйлеуші өзінің сөйлеушіге тек қана не айтарын біліп қана қоймай, оның бұл ақпаратты қалай қабылдайтынын бағдарлап және қаншалықты әңгіме жаңа тақырыпты енгізуге болатынын болжап отырады. Сөйлеу ситуацияларында сөйлемнің эксплицитті (анық) және имплицитті (жасырын) мағыналық компоненттерінің белгісі табылып отырады. Олай болса, пресуппозиция адресант пен адресаттың кез келген тілдік бірліктің мазмұнын түсінуге мүмкіндік беретін аялық білімімен тығыз байланысты.


Тілдің коммуникациялық-прагматикалық табиғатын ашуда диалогтың мақсатты бағытталу жағдайларын қарастыру қажет. Прагматикалық бағытқа көшкен диалогтың келесідей түрлерін атап көрсетуге болады: ақпарат беруші диалог, прескриптивті диалог, ақиқатты анықтау немесе шешім қабылдау мақсатындағы ой алмасулар, екі тұлғаның арасындағы қарым – қатынасты реттеу, эмоционалды, интеллектуалдылық т.б. Бұлар күнделікті шынайы сөйлеу барысында көп кездесе бермейді. Олар мақсаттарына қарай тура және жанама мағыналарында қолданылып пікірлесушілердің интенциялық жағдайларын, коммуникативтік қызығушылықтарын анықтайды.

Диалог адам қатынасының бір формасы болғандықтан, оның құрылыуы мен қолданысына адами факторлардың рөлі мол болады. Яғни, диалог – белгілі бір ережелер мен қағидаларға құрылатын адам әрекетінің жемісі. Бұл жайында С.Г. Агапова «Прагматический аспект английской диалогической речи» атты зерттеу жұмысында диалогтың сәтті жүзеге асуы келесідей 10 коммуникативтік-прагматикалық қағидаларына негізделетіндігін айтады: *ынтымақтастық қағидасы, сыйластық қағидасы, тілдік құралдарды үнемдеу қағидасы, ақиқаттылық қағидасы, релеванттылық қағидасы, еркін реакция таныту қағидасы, тілдік доминанттылық қағидасы, ықпал ету қағидасы, ирония қағидасы және тілдік ойын қағидасы* [1, 232-б.]. Бұған қоса автор аталмыш қағидалардың ішінде диалогтың сәтті құрылуына, жүзеге асуына Ынтымақтастық қағидасының атқарар рөлінің зор екендігін, ал өзге қағидалар аталмыш қағиданың орнаған сәтінде ғана жүзеге асатындығын айтады. Мұндағы ынтымақтастық қағидасы – диалог орын алып отырған коммуникативтік ситуация мен коммуникативтік ниеттің ортақ мүддеге тоғысуы. Жүргізілген диалог белгілі бір міндетті атқарып, мақсатқа жеткен болуы үшін, сөйленіс сәті үзіліп кетпеуі үшін қатысушылар белгілі бір коммуникативтік ынтымақтастыққа қол жеткізуі тиіс. Одан бөлек диалогтағы ой нақты әрі анық жеткізілуі тиіс.

Көркем шығарма мәтіндеріндегі диалог автордың көркемдік тәсілдерінің бірі бола отырып, әлеуметтік дискурстың да көрінісі болып табылады. Прагматиканың өзі тілдің күнделікті қатынастағы бейнесін, ауызекі сөйлеу табиғатын зерттеуге бағытталғанына қарамастан,

көркем мәтіндегі диалогтың прагматикалық қырын қарастыру прагмалингвистикада іргелі жолға қойылған. Көркем мәтін де өз кезегінде стилге құрылған көркем ойдың жемісі ғана емес, шынайы тілдік қатынастың да көрінісі бола алады, сондықтан көркем шығармадағы диалогты зерттеу оның прагматикалық ерекшеліктерін тануда маңызды дереккөз бола алады [2, 308-б.].

Диалог – көркем шығарманың, көркем мәтіннің ажырамас бір бөлігі, авторлық шығармашылықтың, ой мен қиялдың өнімі. Автор диалогтың шынайылығын арттыру мен нағыз табиғатын, жанды жаратылысын жандандыру үшін оны күнделікті ауызекі қатынас тіліне барынша жақындастырып жасауға ұмтылады. Сондықтан тірі көріністерге – кенеттен жауап беру, сөйлеуге мәжбүрсіз қатысуы, тікелей, көзбе-көз, сөзбе-сөз қатынасқа түсуі, қатысушылардың коннотациялық білімі мен тәжірибесіне сүйенуі тәрізді жанды қатынастарға ие келеді. Автор сонымен қатар, кейіпкердің вербальды амалдарын көрсетуге, оның вербальды емес амалдарды жасау әрекетін сипаттауға тырысады әрі прагматикалық әрекеттері толықтай көрініс тапқан шынайы диалогтық ситуацияны көз алдымызға әкеледі. Ал кейіпкер болса, шынайы тілдік тұлға ретінде көріне алады, ал оның тілдік бірліктері лингвистикалық зерттеу материалы бола алады [3, 121-б.].



Көркем шығармадағы кейіпкер сөзі ауызекі сөйлеу тіліне жақын. Диалогтың құрылымына қысқа мазмұн, ойдың нақтылығы, эллипсис, жай, толымсыз сөйлемдер, эмоционалды-экспрессивті сөздер, ауызша сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымы тән. Диалогты құрушы тұлғаның тілдік бірліктерді еркін таңдай отырып қолдануы мен жүзеге асыруы, оның ішінде саналы түрде (интуитивті) қолдануы диалогтың прагматикалық бейнесін сомдайды. Яғни, таңдаушы тұлға мен тыңдаушы тұлғаның арасында прагматикалық байланыс орнайды да белгілі бір мүдделес мақсаттың орындалуын жүзеге асырады.

Өртүрлі тілдік акті типтерін қарастыра отырып, диалогтың прагмалингвистикалық қырын қарастыруда сөйлеушінің коммуникативтік мақсатына сәйкес құрылған диалог мәтінінің келесідей типтерін атауға болады:

- 1) констативті (хабарлама, тұжырым жасау, түсіндіру, деректі анықтау, есеп беру, растау, сендіру);
- 2) директивті (бұйрық, талап ету, өтіну, нұсқау беру, кеңес қылу, әмір ету, жарлық жасау, қаулы қабылдау, ескерту);
- 3) комиссивті (уәде қылу, қоқан-лоқы жасау, ант беру, серттесу, ұсыныс жасау);
- 4) экспрессивті (кешірім сұрау, алғыс айту, қынжылу, аяушылық білдіру, көңіл айту, жазғыру);
- 5) эмотивті (өртүрлі эмоцияларды таныту);

- 6) декларативті (атау, анықтау, тағайындау, шешім қабылдау, қаулы);
- 7) вокативті (қарату, шақыру);
- 8) интеррогативті (сұрақ қою).

Аталмыш иллокутивті актілер диалог табиғатын түсінуде прагматикалық бағдар бола алады: мұндайда тілшінің міндеті диалогтың тілдік, лексика-стистикалық ерекшеліктерін анықтау емес, диалогтық қарым-қатынасқа түсуші коммуниканттардың сөйленіс мазмұнына мән беру болып табылады.

Кез келген диалогтық сөйлесім сөйлеушінің интенциясынан басталып, кейін тілдік операцияның жүзеге асырылу жүйесіне ене отырып, белгілі бір коммуникативтік мақсатты орындап болған соң, қандай да бір нәтижемен аяқталады. *Интенция* (лат. intention «діттем») – осы әңгіме барысында сөйлеушіге не хабарлау немесе одан не білу жайындағы сөйлеушінің коммуникативтік ниеті. Сонымен бірге кез келген тілдік акті сөйлеушінің тұлғалық қасиеттерімен тікелей байланыста болады. Оның алдыға қойған коммуникативтік мақсатына жету кезінде таңдап алған тілдік формалары мен амалдары оның тұлғалық сипаттамаларын да аңғаруға көмектеседі.

Сөйлеушінің тұлғалық сипаттамасы – белгілі бір тілдік акті кезіндегі индивидтің болмысына тән ішкі сезімі мен мінез-құлқы, қабілет-қасиетінің көрініс табуы. Сөйлеушінің тұлғалық сипаты сөйлеуге дейінгі, сөйлеу кезінде және сөйлеуден соңғы кезеңдердің барлығында жүзеге асады. Мұндайда көркем шығармадағы диалог тұлғаның жеке қасиеттері мен сипаттарын аңғаруға үлкен көмек көрсетеді. Тұлғаның қасиеттері кейіпкердің сөзінде нақты аңғарылып тұрады, ал автордың сөзі оның іс-әрекеті мен мінез-құлқын, эмоционалдық жай-күйін сипаттауға, бағалауға көп көңіл бөледі. Бір жағынан, автор кейіпкердің шынайы мінез-қасиетін сомдау барысында оған тән диалогты жасап, құрып шығарады. Ал, екінші жағынан, дәл осы сәйкес құрылған диалогтың өзі кейіпкердің қандай екендігін, оның мінез-құлқының, оған сай мақсат-мүддесінің қандай екендігін білдіріп тұрады.

Диалогтар кейіпкер болмысын танытатын тілдік амал ретінде орыс тіл білімінде Л.В. Щерба, Л.П. Якубинский, В.В. Виноградов, Г.О. Винокур, Т.Г. Винокур, А.Н. Гвоздев, М.М. Бахтин, В.М. Лагутин тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде жете зерттелді. Г.Сәрсек «Р.Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер» атты диссертациясында диалогтың кейіпкер мінез-құлқы танытушы амал ретінде сипаттайды: «Диалог – кейіпкердің түсінігін, ой-сезімін, көзқарасын, мінез-құлқын танытатын тілдік амал. Көркем туындыдағы диалог орынсыз, мақсатсыз қолданылмауы тиіс. Әр кейіпкердің өзіне тән сөз қолдану, сөз саптау ерекшелігі болады. Кейіпкердің өз көзінен мінезі танылатындай, ой-түсінігі айқындалатындай болу керек» [4, 17-б.]. Бұл жайында И.Р. Гальперин былай дейді: «...диалогтық контекст – кейіпкерлердің портреттелуі; сөйлеу сипаттамаларының ерекшелігі оның рухани, этикалық, моралды, дүниетанымдық сипаттарын аша түседі» [4, 27-б.].

Диалогтың кейіпкер бейнесін, оның мінзедемесін жасаушы қызметі М. Серғалиев, Х. Кәрімов, Б. Шалабаев еңбектерінде кеңінен баяндалады. Мәселен, Х. Кәрімов диалогтың «адам образын жасаудағы» қызметін оның басты қызметі ретінде қарастырады. «Себебі диалог адамдар арасындағы, өмірде кездесетін сан қилы қарым-қатынасты бейнелеп, кейіпкерлер репликалары арқылы бір-біріне әсер етіп, адам мінезінің нақты түрде, нанымды түрде ашылуына көмектеседі, соның тілдік амалына айналады» [5, 133-б.]. Сол тәрізді диалогтың кейіпкер мінезін беруші қызметін Б. Шалабаев та атап өтеді: «Жазушы кейіпкерлерді тілдік мінездеу арқылы сөз қолдану машықтарын, ішкі ой-өріс, дүние танымдарын ашады», – дейді [6, 89-б.]. Ал Б. Майтанов: «Адамның мінез қырларын, белгілі бір сәттердегі сезім-күйлерін тапқыр әрі ұтымды, қысқа да мағыналы бейнелеуде диалог ерекше тәсіл», – деп атап көрсетеді [7, 103-б.].

Ғалым М. Серғалиев: «Тегінде кейіпкер сөзі дегеніміз... қаһармандардың әйтеуір сөйлеу салуы үшін ғана емес, сол сөйлеуші (немесе сөйлесуші) адамдардың ішкі жай-күйін, тіпті болмағанда, қағаберіс бір мінез-қылығын аңдатарлық, сөйтіп геройдың толыққанды бейнесін айқындап, толықтырарлық мақсатта болғаны жөн», – дейді [8, 132-б.]. Мәселен, Р. Сейсенбаев

«Шайтанның тағы» шығармасындағы батыл, іскер, кішіпейіл, көпшіл кейіпкер ретінде сипатталған Айдар мен айлалы Сырымның арасындағы диалог-қақтығыстан олардың мінез-құлқын, соған сай сөйлеу мотивін анық байқаймыз:

– *Сен талант емессің, Сырым. Сен жұқалтым білім мен мол пысықтықтың арасын қуалап жүріп сына боп қадалған ортан қол адамсың.*

– *Жетер енді, жүр үйге.*

– *Жоқ, жеткен жоқ әлі, Сырым... Мен жаңалықтан бас тарттым. Оның иесі Ғаббас екеуің. Сендерге тарттым. Меніміше, жаман сый болмаса керек. Ғаббас Нұрқенович тірі болса, біраз ақша қойдырады білем.*

– *Мен ақша қуып жүргем жоқ.*

– *Ақша қумасаң, атақ, мансап қуып жүрсің. Ақшаға азғанды ғана сатып алуға болады. Атақ пен мансап кімнен қалмаған? Кімдерді орға жықпаған? Мен сені білген сайын жек көріп барамын... Сырым. Жек көріп барамын...*

Бұл диалог-талас түрінде берілген жауаптасуда Сырымның репликасы қысқа келген. Бұл Сырымның жалтақтығы, адамның бетіне емес сыртынан сөйлегенді жақсы көретін есепшіл мінезі көрінеді. Бұған қоса Сырым кейіпкер аталмыш сөз таласында ешқандай прагматикалық мақсатқа жетелемейтіндігін сезіп тұрғандықтан да, диалогты тез аяқтағысы келіп тұр. Ал есесіне диалогтың созылуы екінші кейіпкерге – Айдардың пайдасына шешіліп тұр. Айдардың диалогта мінезі оның өктемдігінде, өткір сөз мен батыл ой айта алу қасиеті анық байқалады. Әрбір Сырымның қысқа сөйлемінен кейін өзінің әу бастағы мақсатын, яғни, оған деген жек көрініш сезімін білдіру жолында сөйлемдерін нақты, байсалды құруға мән береді. Әрі диалогты тез аяқтағысы келген айлалы Сырымның әңгімені басқа арнаға прагматикалық түрде бағыттауына қарамастан өзінің коммуникативтік мақсатына тайсалмай, табанды жете білді.

Сол тәрізді қыңыр да қырсық шалдың мінезі келесідей көрсетілген:

Құдайберген төр алдына барып отырды.

– *Не ішесің, батыр? – деді Қисық.*

– *Не бар дайын?*

– *Қымыз, тары көже, саумал, айран...*

– *Әй, о несі? – деді Қисықтың кемпірі бұрыштан дауыс қатып.*

– *Оның бәрі күндіз бар болатын. Қазір қара су ғана қалыпты, – деді Қисық. Жайбарақат, салқын қабақ танытып отыр.*

Қыршаңқы, қушікеш, жатып атар мінезіне аты сай Қисық қиын-қыстау заманда да өзінің шөлкес мінезінен айнымаған, соған сәйкес диалог та юмор, мысқыл-әжуа түрінде берілген. Бір-біріне қарсы түсініктерді (қымыз, тары көже, саумал, айран – тоқшылық, қара су – жоқшылық) қатар қолдана отырып кейіпкер өз диалогын түзіп шығады. Әрі өзінің әу бастағы мақсаты – өзгені сыбап алу, сықақ ету мақсатын диалог соңына дейін орындап шығады. Аталмыш диалогтардың барлығы қарапайым тұрмыстық диалогтар болып табылады. Сондықтан бұл кейіпкер-тұлғалардың арасындағы қатынас еркін түрде құрылған, сондықтан да кейіпкерлер өз ойын толықтай жеткізу барысында еш сөз талғап жатпайды. Кейіпкерлер тепе-тең мәртебеде тілдік қатынас жасағанын аңғарамыз. Сондықтан да өз ойларын іркіп қалмайды, барынша кең көсілуге тырысып бағады.

Әрине, көркем диалогта авторлық стиль мен идея, көркемдік тәсілдер жүйесі іске қосылады. Дегенмен, әдеби шығармалардағы диалогтың қарапайым өмірдегі диалогтан ерекшелігі – оның өңделген мәтін бола алуы. Күнделікті диалог канондық диалог бола алмайтыны белгілі, оны белгілі бір мәтіндік өңдеуден өткізу керектігі түсінікті. Ал көркем шығарма толықтай, құйып қойғандай мәтін түрінде беріледі. Сонымен қатар көркем шығармалардағы диалогтың өзі белгілі бір даму баспалдағынан, кезеңі мен эволюциясынан өтті. Е. Жанпейісов кейіпкер сөзінің қалыптасу, даму мәселесін жалпы проза тілінің пайда болуымен, қалыптасуымен тығыз байланысты екендігін айтады. Мәселен, ғалым 1920-30 жылдардағы алғашқы прозалық шығармаларда «кейіпкер тілінің жасандылығы» анық байқалатынын айтады. Сондықтан,

біздің ойымызша, кейінгі жылдары жазылған диалог мәтіндері барынша тілдің өмір сүру, күнделікті қолданыс ерекшеліктеріне жақын жазылған.

Күнделікті диалогтық қатынасқа құрылған шығармалардың бірі ретінде, біздің ойымызша, Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» атты повесі жатады. Диалогтарының көпшілігі ауызекі тілге құралғаны оның жеңіл құрастырылғандығында болып отыр. Жазушы қырсық та қикар басты кейіпкердің образын жасауда диалогтың мүмкіндіктерін жақсы пайдаланған. Повестегі басты кейіпкердің – Қожаның қырсықтығы бүкіл диалогтардың өн бойынан табуға болады. Мәселен, Жанармен дойбы ойнап, жеңіліп жатқан сәттегі Қожаның диалогы, әсіресе, оның қырсықтығын таныта түседі:

– *Байыдың, байыдың! – деп, Жанар онан әрмен мәз бола түсті.*

Енді менің намысым келе бастады.

– *Қазір ұтамын, – дедім сенімді үнмен.*

– *Ұтпасаң, не боласың?*

– *Не бол десең, со болайын.*

– *Дүние жүзіндегі барып тұрған мақтаншақтың өзі боламысың?*

– *Жарайды.*

Ұтылып бара жатқанын сезген Қожа қулыққа басып, дойбы тақтасындағы ұзын жолға шығып алады. Ал Қожаның бұл пиғылын сезген Жанар оны одан әрі қайрай түседі:

– *О, қорқақ! – деп ызаландыра түсті. – Састың ба, бәлем. Сонан соң қайда барар екенсің.*

Бұл Жанар есімді кейіпкер-коммуниканттың қатынас ұстап отырған қарсылас-коммуниканттан басымдығын арттыру үшін оған прагматикалық қысым жасай түседі, яғни оны «мақтаншақ, қорқақ!» – деп келеке қылса, «Байыдың, байыдың!» – деу арқылы әжуа қылады. Бұл әрине, қайсар да қырсық мінезді, өзіне симпатия тудыратын коммуниканттың алдында да қыңырлығынан қайтпайтын басты кейіпкердің тұлғалық қасиетін одан әрі аша түседі. Бұл егес-диалогтан кейін Қожаның жеңілуге шақ келген шағында оның әлі берілмей, қайсарлық танытып отырған кезінде мынандай диалогтық бірлік өрбиді:

– *Бұның ойын емес, шық ұзын жолдан.*

– *Өз еркім. Шыққым келсе, шығам, шыққым келмесе, шықпаймын.*

– *Жоқ, шық ұзын жолдан.*

– *Шықпаймын.*

– *Ендеше, сен жеңілдің.*

– *Жоқ, жеңілгем жоқ.*

– *Жеңілдің.*

– *Жеңілгем жоқ.*

– *Жеңілдің. Бұдан былай мен сені «мақтаншақ Қожа» деп атаймын.*

Ал бұл диалогтық бірліктен кейін келесі сөз қағыстан соң диалогтық егес мәресіне жетеді:

– *Ойнамаймын сенімен, – деп, Жанар ұртын бұртитып, дойбыны жинап алды.*

– *Ойнамасаң қой, – дедім мен де есемді жібергім келмей.*

Байқағанымыздай, диалог өте сәтсіз аяқталған. Яғни, бірде-бір коммуниканттың прагматикалық мақсаты орындалмады. Алайда Қожаның қырсықтығы диалогтың созылуына, өршуіне, динамикалық үрдіс алуына мүмкіндік берді. Бұл жердегі коммуниканттардың прагматикалық мақсаты – бір-бірінен өктем тұруға ұмтылуы. Екі коммуникант да бірін бірі жеңгісі келді, сол тәрізді диалогтық сөйлесім кезінде де бірінен бірі өктем тұруға, басты позицияда болуға, жағдайды бақылауда ұстауға тырысты.

Әдетте мұндай диалогтық сөйлесім сәтті болу үшін ынтымақтастық қағидасы орнауы тиіс болатын, сонда ғана қос тараптың прагматикалық мақсаттары белгілі бір дәрежеде қанағаттандырылатын еді. Ал бұл диалогта комиссивті коммуникантивтік акті нәтижесіз аяқталды.

Коммуникативтік сәтсіздікке келесідей жайттар әсер етуі мүмкін:

- қатысушылардың әртүрлі мақсат мен мүддеге ие болуы, сәйкес келмеуі;
- қатысушылар сөйлесімі эмоционалдық жағынан жұтаң болуы, бір-біріне сәйкес келмеуі;

- коммуниканттардың тілдік бірліктерді әртүрлі, бір-біріне түсініксіз мағыналарды қолдануы;

- коммуникативтік әдет-амалдардың орындалмауы: шынайы сөйлеу, алғыс айту, жомарттық қылу, назар аудару, т.б.

Қожа мен Жанардың коммуникативтік мақсаты әртүрлі болғандықтан ортақ нәтижеге қол жеткізе алмады. Есесіне Қожаның қырсықтығы бұл жерде де диалогтың шешімді факторларының біріне айналды. Әдетте шығармада Қожаның диалогтық сөйлесімі қысқа, нақты, шешімді келеді. Бұл – оның қырсықтығының бір белгісі. Табиғаты қырсық болмаса да, айналасындағы көптеген жағдайлар, көңілі толмайтын, қанағаттандырмайтын, көңілі қаламайтын жайттар орын алып отырғандықтан аталмыш кейіпкердің ағысқа қарсы жүзуіне, қарсылық танытуына әкеледі. Нәтижесінде Қожаның барлық диалогына оның көңіл толмаушылық эмоциясы әсер етеді де қырсықтығы, қайсарлығы диалогты жүзеге асырушы механизмге айналады.

Келесі үзіндіде Қожа мен әжесінің арасындағы диалогтық сөйлесім орын алған:

– *Маған төсек салмаңыз, мен бүгін жайлауға кетемін, – дедім.*

– *Бүгінің қалай? Осы жеті қараңғы түнде ме?*

– *Иә, түнде. Күндіз ыссы зой. Салт атпен жол жүргенге түн тиімді емес пе?*

– *Көлікті қайдан таптың?*

– *Қайдан тапсам да, таптым. Көлік даяр, – дедім.*

– *Әй, сен оңбағыр, тағы бір пәле шығарғалы жүргеннен саумысың?*

– *Не пәле шығарушы едім? Осы сіз-ақ маған ылғи шүбәланып тұрады екенсіз.*

– *Шүбәланбай қайтейін, өзің тыныш жүрмейсің.*

Бұл жерде де Қожаның қырсықтығы диалогтың тағы үш репликаға созылуына себепші болды. «Қайдан тапсам да, таптым» деу арқылы жағдайды кішкене ушықтырғандай болады, ал бұл әжесінің ашулануына, бірден позициялы (ұрыс) қатынас жасауына әкеледі: *Әй, сен оңбағыр, тағы бір пәле шығарғалы жүргеннен саумысың?* Алайда Қожаның келесі репликасы әжесіне басу айтқандай болады да әжесі ендігі кезекте эмоционалды реплика жасап шарасыздығын білдіреді.

Аталмыш шығармадағы Қожаның диалогтарының шағын әрі қысқа келуі, бір жағынан, бала тілінің үлкендердің тіліне қарағанда әлдеқайда қысқа келетінімен байланысты болса, екінші жағынан, автордың айналасындағы жайттарға көңілі толмайтын әрі оған қарсылық білдіруші кейіпкер-тұлғаның бейнесін жасаумен байланысты. Әдетте өмірде де өзгенің ойын, мінез-құлқын, іс-әрекетін жақтырмаған адам да қысқа қайырып диалог құратыны белгілі. Мұндай типтік диалог та Қожаның сөйлесінен анық байқалады.

Драмалық шығармалардағы диалогтың да табиғаты ауызекі тілдің формасына жақын екені жайында көп айтылған болатын. Драмалық диалогтың зерттелуі оның табиғатына сәйкес таңдап алынған, атап айтқанда, көркем шығарма тілінде алуан түрлі болып көріне отырып, драмалық диалог ауызекі сөйлеу тілін жазбаша түрде сипаттайды. Драмалық диалогте сөйлеу тілі қалай бейнеленеді, қарапайым сөйлеу тілінен айырмашылық неде деген сұрақ туындайды. Әдеттегідей, сөйлеу тілі жазба әдеби тілден ауызекілігімен, өзіндік қарым-қатынас түрімен, диалогтығымен, бейресмилігімен т.б. паралингвистикалық ерекшеліктерімен өзгешеленеді.

Сөйлеу тілі бірқатар экстралингвистикалық факторлық өзгеріске ұшырайды. Сондықтан драмадағы диалог табиғи ауызекі диалогқа ең жақын. Бұлардың тегі бір, шамасы да бір, тек әшекей әркез бірдей емес. Драмадағы диалог жеңіл, әдемі болғандықтан оқырман оны тез ұғады, тез қайталайды. Драмалық шығармаларда кездесетін лексикалық-стистикалық ерекшеліктерінің әрі экстралингвистикалық факторларының ауызекі тіл формасына сәйкес келетіндігі – қысқа сөйлемдердің, қысқартылғын сөздердің, барлық функционалдық стиль ерекшеліктерінің көрсеткіш бірліктерінің, ым-ишараттың, экспрессия белгілерінің, кейіпкердің ішкі және сыртқы дүниелерін сипаттайтын ұтымды тіл бірліктерінің, сөйлесім сәтінің болуы, диалогқа қатысушы кейіпкерлердің бір-біріне деген көзқарастары – көркем диалогтың прагматикалық қырын қарастыру ауызекі диалогтың табиғатын түсінуге мүмкіндік

береді. Сөйлескен кейіпкерлердің сөздері шығармадаағы тартыс-қақтығыстардың шиеленісіп, шымыр, яки тартымды болмайды. Әсіресе кейіпкердің қиын, қысталаң жағдайда қандай әрекет жасайтынын көрсету үшін диалогтың, яғни олардың қайсысын қалай сөйлетудің мәні зор. Диалог кейіпкер сөзінің бір түрі болғандықтан ол арқылы кейіпкерлердің ішкі сыры аңғарылады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Агапова С.Г. Прагмалингвистический аспект английской диалогической речи: дис.... докт. филол. наук: 10.02.19. – Ростов-на-Дону, 2003. – С. 269.
2. Радбиль Т.Б. Лингвистическая прагматика и проблемы понимания текста (об одном рассказе Виктора Пелевина). – Ставрополь, 2001. – С. 307-311.
3. Изотова Н.В. О диалоге как фрагменте художественного текста // Предложение и Слово: Межвуз. сб. науч. тр. Саратов, 2002. – С. 121-123.
4. Сәрсекке Г. Р. Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкерді мінездеуші тілдік-стильдік тәсілдер: : фил. ғыл. канд.... дис.: 10.02.02. – Алматы, 1998. – 163 б.
5. Кәрімов Х. Әдеби тіл және жазушы шеберлігі // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1978. – №9. – 129-135-б.
6. Шалабаев Б. Көркем проза тілі. – Алматы: Білім, 1994. – 128 б.
7. Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 148 б.
8. Серғалиев М. Сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 200 б.

Әбсаттар Ә.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты

ЭМОТИВТІ-БАҒАЛАУЫШТЫҚ ЛЕКСИКАНЫ АНТРОПОӨЗЕКТІК ТҰРҒЫДАН ЗЕРТТЕУДЕГІ ҰСТАНЫМДАР

Қазіргі кезде антропоөзектік бағыттағы зерттеулер қарқынды дамып келеді. Тілді антропоөзектік тұрғыдан зерттеуде, бір жағынан, сөйлеушінің тілді қалай пайдаланатынын көрсетсе, екінші жағынан, тілді зерттеу арқылы оны қолданған адам да зерттеледі. Яғни антропоөзектік парадигмада тіл когнитивтік, прагматикалық, коммуникативтік тұрғыдан сипатталады. Бағалау, эмотивті бағалау, экспрессияны зерттеуде адам факторы басты орынға шығады. Себебі бұл сезімдер адамға ғана тән. Сөйлеу актілерін жаңаша танып, зерттеу нәтижесінде бүгінгі таңда А.Н. Леонтьев, Л.С. Выготский сияқты ғалымдардың еңбектері ерекше маңызға ие болып отыр. Мағжан Жұмабаев бала дүниеге келгеннен бастап айналасын танып, өзінше бағалайтынын, соған сәйкес ат қоятынын айтады: «Іңгәлау – баланың жанында болған жағымсыз әсерленулерді дыбыспен жарыққа, сыртқа шығарғаны. Екінші айдың аяғында, үшінші айда бала дауысты дыбыстарға бірте-бірте дауыссыз дыбыстар да қоса бастайды. Ең алғаш ерінмен айтылатын дауыссыз дыбыстарды қосады. Сол кезде баланың жанында суреттеулердің, һәм ұғымдардың ұшқындары да бола бастайды. Яғни, маңайындағы заттарға қарап, олардан әсер алып, әсіресе олардың күшті бір сынынан күшті әсер алады да, сол затқа сол баланың қарауында күшті сыны бойынша ат қояды... Ғалым бағалау, қандай да бір затқа қатысты өзіндік эмоциясын білдіру баланың саналы өмірге аяқ басуымен байланыстырады. Сол себепті баланың санасында сын есім зат есім, етістік сияқты сөз таптарынан кейінірек қалыптасатынын айтады: «Бала бастап заттардың атын (зат есімдерді), онан соң заттардың ісін (етістіктерді), онан соң заттардың сынын (сын есімдерді) айтып үйренеді т.с.с.» [1, 105-б.].

Сөйлеушінің тілді қолдану ерекшелігі сөйлеу әрекеттерінің теориясы (Остин, Серль, Вежбицкая, Кларк, Конрад, Карлсон және т.б.), семантикалық примитивтер теориясы (Лакофф, Вежбицкая, Рош), когнитивтік лингвистика (Филмор, Лакофф, Рош, Ван Дик, Мински, Джекендоф және т.б.), когнитивтік психология (Ортони, Клор, Коллинз, Рош және т.б.) бағытында зерттеулер жүргізген ғалымдардың еңбектерінде сөз болады. Сонымен қатар тіл мен ойлаудың байланысы туралы А.А. Потебня, сөйлеу жанрлары туралы М.М. Бахтин, тілдік тұлға туралы В.В. Виноградов, Ю.Н. Караулов, Т.Г. Винокур, Ю.Д. Апресян, В.Н. Те-

лии, Н.Д. Арутюнова, т.б. ғалымдардың еңбектерінде сабақтастық тапты. Эмотивті-бағалауыштық лексиканың ерекшелігі, денотативті, коннотативтік сипаты И.В.Арнольд, В.Н.Телия, И.А.Стернин, Н.А.Лукьянова, В.И.Шаховский, Л.А.Новиков, Е.М.Петрищева, Т.В.Г.В.Вольф, Е.М. Матвеева, В.Н.Гридин, Т.А.Графова, В.К.Харченко және т.б. еңбектерінде сөз болды. Эмотивті-бағалауыштық лексиканың ерекшелігі, денотативті, коннотативтік сипаты И.В.Арнольд, В.Н.Телия, И.А.Стернин, Н.А.Лукьянова, В.И.Шаховский, Л.А.Новиков, Е.М.Петрищева, Т.В.Г.В.Вольф, Е.М. Матвеева, В.Н.Гридин, Т.А.Графова, В.К.Харченко және т.б. еңбектерінде сөз болды. Эмотивті-бағалауыштық лексиканы зерттеу бірнеше ғылымның тоғысында зерттелуі тиіс. Мұнда адресант пен адресат факторы, сөйлеу акті, ниет, діттем, коммуникативтік жағдаят, т.с.с. ескерілуі керек. Сол себепті бүгінгі таңда бұл прагматика мен когнитивтік лингвистикамен сабақтастықта қарастырылуда.

Сөйлеушінің эмоциясын, шындыққа қатысын, өзіндік бағасын білдіретін эмотивті лексика коннотация арқылы көрінеді. Осыған байланысты экспрессивті лексиканы арнайы зерттеген М.И. Черемисина экспрессивті мағынаны сипаттауда сөйлеушінің қашан, қайда, кімге, не үшін көңіл күйін жеткізіп, ерекше сөздерді қолданғанын ескеру қажеттігін айтады. 1970 және 1980 жылдары зерттеушілер коннотативтік компоненттерге ерекше көңіл бөле бастады. Зерттеушілер коннотацияның табиғатына, коннотативтік макрокомпоненттің құрамына, құрылымына, сөз семантикасындағы коннотативтік элементтерді ерекшелеу тәсілдеріне көңіл бөле бастады.

Коннотацияны сипаттауда ғалымдар арасында екі түрлі ұстаным бар: Харченко, Матвеева, Лукьянова, Стернин сияқты ғалымдар тар шеңберде алып, «эмотивтілік», «эмотивтік бағалау», «ерекшеліктерін» табуға тырысса, Говердовский, Телия, Апресян сияқты ғалымдар кең шеңберде алып, коннотацияны денотативті (заттық-ұғымдық), грамматикалық мазмұнымен қатар сөйлеушілердің дүниетанымымен, ойлау жүйесімен, ұзақ уақыт қалыптасқан мәдени деңгейімен, құндылықтар туралы білімімен байланыстырды. Осыған байланысты Телия коннотацияны «любой компонент, который дополняет предметно-понятийное (или денотативное), а также грамматическое содержание языковой единицы и придает ей экспрессивную функцию на основе сведений, соотносимых с эмпирическим, культурноисторическим, мировоззренческим знанием говорящих на данном языке, с эмоциональным или ценностным отношением говорящего к обозначаемому или со стилистическими регистрами, характерными условиями речи... социальными отношениями участников речи и т.п.», – деп сипаттады [2, 236-б.].

Коннотацияны тар (дәстүрлі) шеңберде қарастырсақ, оның прагматикаға қатысы бүтін мен бөлшектің қатысы ретінде сипаттауға болады: коннотативтік компоненттер (эмотивтілік және эмотивті бағалау) мағынаның прагматикалық аймағының құрамдас бөлігі болады. Ал кең шеңберде қарастырсақ (прагматикалық макрокомпонентпен теңестірсек) коннотацияны лингвистикалық семантика аймағына, ал прагматикалық компонентті тілдік семантикаға еңсе, күрделі жиынтықтың әр элементі тілдік жүйеге жататын ретінде композициялық коннотация ретінде танылады да нақты сөйлеу әрекетінде жүзеге асатын прагматикалық компонентке айналады. Бұл жағдайда элементтердің коннотативтік немесе прагматикалық сипаты сөздің семантикалық белгілерін лексикалық мағынаны жүйелі-құрылымдық және коммуникативті тәсілдер тұрғысынан сипаттағандай болады.

Сонымен қатар денотативті, коннотативті макрокомпоненттерді ажырату мәселесі де тіл білімінде талас тудырып келеді. Н.А.Лукьянова, В.Н.Телия, В.И.Шаховский, В.К. Харченко, Н.Б.Лаврентьева, Л.С.Войтик, Э.А.Вайгла, А.В.Филиппов сияқты зерттеушілер рационалды бағалауды сөздің ұғымдық-логикалық мазмұнымен байланыстырды да эмотивті бағалауды коннотациялық белгі ретінде сипаттады. Рационалды баға мен эмотивті бағаны ажыратуда нақты ұстаным болмағандықтан, денотативті, коннотативті сипатын айыру да қиынға соқты.

Коннотативтік элементтерді прагматикамен байланыстырған ғалымдардың бірі Ю.Д. Апресян болды [3]. Прагматиканың мазмұнын сөйлеушілердің шындыққа, хабардың мазмұнына, тыңдаушыға (адресатқа) қатысы ретінде сипаттай отырып, ғалым сөздің эмотивті-

бағалауыштық мазмұнға құралуын прагматикалық тұрғыдан сипаттады. Н.Д. Арутюнова да бағалауды тілдік бірлікті прагматикалық тұрғыдан сипаттады [4].

Н.А. Лукьянова коннотация мен прагматиканы ажырата білу керектігін айта келіп: «В качестве разделяющей их демаркационной линии могло бы стать представление о двух типах субъектов (S): S-1 номинации и S-2 речи. Реально это два лица: тот, кто дает имя предмету, явлению, отражая и закрепляя в его ЛЗ субъективные аспекты восприятия объективной «картины мира» (S-1), и тот, кто использует в своей речи (в высказывании) готовую к употреблению номинацию, определенным образом семантически трансформируя ее в соответствии с целями данной речевой ситуации (S-2). Субъект номинации ... через эмоции, эмоциональные реакции и оценки отражает и «закрепляет» в КК ЛЗ номинации (коннотемы «эмотивность» и «эмотивная оценка»), а субъект речи представлен в речевой реализации системного значения номинации – в зоне прагматики» [5, 31-б.]. Ғалымның бұл тұжырымы Мағжан Жұмабаевтың «Бір заттың ұғымын ойлағанда, сол заттың сыны заттың өзімен бірге, яғни зат сынымен қосылып, бір зат болып ойланады. Ал енді сын заттан жеке ойланып, біз сол жеке сынды затқа алып барып не бекітеміз, болмаса заттан сол сынды алып тастаймыз. Мысалы, «қызыл сиыр» деген сөз ұғым болады. «Сиыр қызыл» деген сөз – хукім болады. Біріншіде *сиыр* деген заттың *қызыл* деген сынын затпен бірге ойлап отырмыз. Екіншіде *қызыл* сынын шеттен алып келіп бекітіп отырмыз» деген тұжырымына ұқсайды. Мағжан Жұмабаевтың ұғым мен хукімді өзара қарсы қойып сипаттауы мен Н.А. Лукьянованың аталым субъектісі мен сөйлеу субъектісін сипаттауы өзара ұқсас екенін пайымдаймыз.

Эмотивті бағалау біртекті бола бермейді: кейде эмотивті жағы басым болса, енді бірде бағалауыштық мәні басым түседі. Коннотацияны сипаттау критерийлерін анықтау өте қиын. Сөздің денотаттық, коннотаттық бағалау сипаттарын ажыратпақ болған И.А. Стернин орыс тіліндегі сөздердің мағыналарын былайша сипаттаған еді: **Врун** – *тот, кто говорит неправду, и это плохо. Маляр* – 2. перен. **Плохой**, *неумелый художник* [6]. Яғни мағынаның денотаттық және коннотативтік компоненттерін ажырату өте қиын.

Кез келген адам адалдықты, адамгершілікті, сұлулықты ұнататыны белгілі. Бағалаудың адамға тән, кез келген ұлт өкіліне тән ерекшеліктері болады. Осыған байланысты М.Жұмабаев: «Әсерленудің жұғымды яки жұғымсыз болуы әсерленудің тоны деп аталады. Мысалы, дыбыс әсерлеулерінің жұғымды һәм жұғымсызы бар. Бақырған дауыс – жұғымсыз. Қоңыр әуен – жұғымды. Әсерленудің тоны көбінесе біздің денеміздің қандай күйде екенін көрсетеді. Дене сау болса, әсерлену жұғымды болады. Дене ауру болса, әсерлену жұғымсыз болады. Мысалы, ауру адамға еш нәрсе ұнамайды. Нағыз жұғымды әсерленулер де оған ләззат бермейді. Кейбір аурулар тіліне бұрыш яки насыбай салғанда, хатта аяғын кескенде аурудың не екенін сезбейді. Есалаң адам өз денесін өзі тас-талқан жара қылса да, ауруды білмейді», – дейді [1]. *Жақсы туса – жер ырысы, Жаңбыр жауса – жер ырысы. Жігіт ел үшін туады, елі үшін өледі. Ел үмітін ер ақтар, Ар атағын ел сақтар. Ер туған жеріне, ит тойған жеріне; Нар тәуекел – ер ісі; Ер жолдасы – тәуекел; Елүінде ер дана. Ер мойнында қыл арқан шірімейді. Ер шекіспей (өліспей) бекіспейді. Ер тарықпай молықпас. Ат басына күн туса, ауыздығымен су ішер. Ер басына күн туса, етігімен су кешер.* т.с.с. нақыл сөздер қазаққа ғана емес, адамзат атаулыға ортақ.

Тілімізде көбінесе жағымсыз мәнде қолданылатын тілдік бірліктер де көп. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» көбінесе жағымсыз мәндегі бірліктер берілген [7]:

Текені әке [жезде], ешкіні шеше [апа] етіп отыр. Жарамсақтанды, жағымпазданды деген мағынада .

Алдына келгенін тістеп, артына келгенін тепті. *Маңына жолатпады (тым тентек, мінезі шадыр кісі, ат туралы айтылады). Барған кісіге Шалқұйрық ат ұстатпайды. Алдына келгенін тістеп, артына келгенін теуіп,* маңайына жан жуытпайды (Қаз. ертег.).

Ала өкпе тигір! қ а р ғ ы с. *Кеселге ұшырағыр! Мына ала өкпе тигірлеріңді кидірмелетіп қайда апарасың, үйге кіргізейін деп ең едің соншама?* (Х.Есенжанов, Ақ Жайық).

Аш бөрідей тиді. Қырғидай тиді, қырып-жойды. Маңына аш бөрідей тиді қатты, Талайды табанға сап зар жылатты. Бүйідей төңіректі бүрліктіріп, Қиратып қыстауларды отқа жақты (О.Шипин, Дастан.).

Басқа тепті. Бағаламады, қадірін білмеді; қорлады. Оқудың қадірін түсінбей басқа тебетіндер табылып қалады, мектепті тастайды, институттан қашады (Қ.Қазыбаев, Дәуір.). Доктор... профессор! Не керек, Зия, бақытыңды басқа тептің (М.Мағауин, Ақша қар).

Осы уақытқа дейін жарық көрген басқа сөздіктерден ерекшелігі – «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» тілдік бірліктердің жағымды-жағымсыз мәндері де көрсетіліп отырған. Сөздің денотаттық, коннотаттық мағыналарын мейлінше молынан қамтуға тырысқан. Мұнда да белгі көбінесе жағымсыз мәндегі бірліктерге қойылғаны байқалады.

Қазақ тілінде көбінесе жағымсыз мәнде қолданылатын сөздер кейде кереғар мәнде де жұмсалады. Мысалы, «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» *сұмдық* сөзінің мағынасы «1. Қара ниеттілік, арамзалық, сұмырайлық. 2. Жайсыздық, жайсыз жағдай, жаман хабар // Жайсыз, жаман, шошынарлық. 3. Қиындық, азап. 4. Масқара, адам айтқысыз жағдай. 5. Ерекше, тылсым» сияқты мағыналары көрсетілсе [8], профессор Б.Қалиев құрастырған «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «ауыс. экпср. Керемет, тамаша, өте жақсы. Ал енді өлеңдері *сұмдық*. Бірінен-бірі өтеді (Б.Омарұлы, 11- қаламұш, 144). «Тәңірім-ау, мына қызың *сұмдық* сұлу гой», – деді ішінен (Т.Әбдіков, Өліара, 111). ауыс. Қатты, өте, тым. Отынды таңертең түсіруге бел будық. Өйткені біз *сұмдық* шаршаған едік (Д.Амантай, Өңгім., 74). Әзірдің өзінде қарным *сұмдық* ашып тұр (С.Үсенұлы, Елік., 13)» түрінде жағымды, экспрессивті мәндері көрсетілген [8]. Сол сияқты Б.Қалиев, Ж. Түймебаев, Ш. Құрманбайұлы, С. Исакова құрастырған «Мұқағали тілі сөздігінде» де [9] *сұмдық* сөзінің «Ғажап» сөзімен мәндес одағай сөз ретінде де қолданылатыны, «Керемет, ерекше» мәнінде қолданылатыны көрсетілген. Байқап отырғанымыздай, профессор Б.Қалиевтің қатысуымен құрастырылған сөздіктерде *сұмдық* сөзінің жағымды, экспрессивті мәндері толығырақ берілген.

Мұндай ерекшелік орыс тілінде де байқалады. Мысалы, Е.Ю. Булыгина *ужасный* сын есімінің жағымсыз мәнін (вызывающий неприятное чувство связанный с отрицательными эмоциями) көрсетеді: *ужасная одежда, ужасный метод, ужасная начинка* // вызывающий ужас или неприятные ощущения в высокой степени своего проявления (*ужасный гнев, ужасная перестрелка, ужасная бедность*). Бұл сын есім сын-сипаттың ерекше көп екенін білдіру үшін де қолданылады: *ужасный трус, ужасный отличник*. Соның негізінде кейін *ужасная радость* тіркесі қалыптасқан [10].

Бүгінгі таңда газет, журнал бетінде көптеген орынсыз қолданыстар, қате тіркестер орын алып жүр, бұл басылым беттерімен қатар радио, теледидар тілінде де жиі кездеседі. Мысалы, *байланысты, орай, арқасында, кесірінен, салдарынан, қарай* т.с.с. қолданысын жатқызуға болады: *өкінішке орай, жауын-шашын салдарынан егін бітік шықты, жол апатының арқасында* т.с.с. қолданыстар радио, бұқаралық ақпарат құралдарының тілінде кездесіп қалады. *Орай, арқасында* септеулігінің дұрыс, оңтайлы іс-әрекетке, қимылға, орайлы іске байланысты қолданылатыны, керісінше, *салдарынан, кесірінен* сөздерінің жағымсыз құбылыстарды бейнелеуде қолданылатыны, эмоционалды-экспрессивті бояуы төмен сөздермен тіркесетіні, *тура келеді, мәжбүр болды* тіркестерінің амалсыздан, лажсыздан болған қимылды білдіретіні т.с.с. көп жағдайда ескеріле бермейді. Тіл заңдылықтарын белшеден басатын мұндай қолданыстарға бейжай қарауға болмайды. Себебі теледидар – дұрыс сөйлеу, сауатты сөйлеу әдебін танытатын, дұрыс сөйлеу нормаларын қалыптастыратын бірден-бір жол болуы тиіс. Бұл орайда академик Р.Сыздықова: «Радио, теледидар және баспасөз сияқты бұқаралық ақпарат құралдарының тіліне арнайы көңіл аудару да тіл мәдениеті шаруаларының бірінен саналады. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі деген, олардың сөз таңдап жұмсау әрекеттерінен бастап, орфографиялық, орфоэпиялық нормаларды дұрыс қолдануларына назар аударылады. Бұлар өзгелерден екі есе көп жүк арқалайды: бірі – күнделікті газет-журналдар, сахна өнерпаздары, радио мен теледидар қызметкерлері тіл

мәдениеті проблемаларын көтеру, тілдік нормаларды берік сақтау сияқты мәселелерді тікелей насихаттауы, түсіндіруі, пікірталастар ұйымдастыруы болса, екіншісі – сахна мен радио, теледидар қызметкерлері орфоэпиялық нормаларды қалың көпшілікке үйретуші ұстаз болуға міндетті. Ал баспасөз қалың оқырман қауымның тілін ұстартып, жазу сауаттылығын көтеруге мейлінше зор қызмет етуге міндетті, – деп жазған еді [11, 36-б.].

Сонымен қатар халықтың мекен еткен аймағына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына байланысты құндылықтар жүйесі де ерекшеленеді. Мәселен, ыстық аймақта тіршілік ететін адамдар үшін суық, салқын сөздері жанға жағымды, ұнамды мәнде қабылдануы мүмкін. Сол сияқты қысы ұзақ болатын аймақтар үшін ыстық, жылы сөздері жанға жайлы болады. Бұл сөздердің жағымды, жағымсыз мәнде қолданылуы адамдардың тіршілік ететін аймағындағы ауа райына байланысты.

«Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға» атты жұмысында [12] Г.Ерсұлтанова публицистикалық дискурстағы «Ер» концептісінің репрезентациясынан «Ер – ел тірегі» моделі, «Ер туған жерге» моделі, «Ер – елдің жанашыры» моделі, «Ер – тәрбиелеуші» моделі, «Ер – ұлттық тәрбиені жеткізуші» моделі, «Ер – парызын өтеуші» моделі, «Ер – қорған» моделі, «Ер – туған жерінің перзенті» моделі, «Ер – қайрат» моделі, «Ер – жігер» моделі, «Ер – жалын» моделі, «Ер – адамгершілік» моделі, «Ер – қамқоршы» моделі, «Ер – болашақ» моделі, «Ер – ұлт тірегі, ұлттық кодты сақтаушы» моделі, «Ер – өнерді насихаттаушы» моделі, «Ер – ұлттық өнерді сүюші» моделі, «Ер – өнерпаз» моделі, «Ер батагөй» моделі сияқты модельдерде жағымды мәнде, «Ер дәрменсіз», «Ер – заманның, қоғамның құрбаны» модельдерінде жағымсыз мәнде қолданылғанын көрсетеді. «Ел» концептісінің «Ынтымағы жарасқан ел», «Дәулетті, сән-салтанаты келіскен ел», «Ел – ер тірегі», «Ел – сыншы», «Ел – ұстаз», «Ел – өнерпаз», «Ел жомарт», «Тарихы терең ел», «Ел – қолдаушы», «Ел – зерттеуші», «Ел – ұлттық өнерді насихаттаушы», «Ел – өнерді қадірлеуші», «Өнерлісін қадірлей білген ел» түрінде жағымды мәнде репрезентацияланса, «Ел көнбіс», «Ел енжар», «Ел көнбіс», «Ел сорлы» модельдерінде жағымсыз мәнде қолданылғанын көрсетеді. Зерттеушінің «Қазақ халқы» концептісінің когнитивтік модельдеріндегі эмотивті-бағалауыштық сипатын, жағымды-жағымсыз мәндерін кесте түрінде былайша көрсетуге болады:

Жағымды	Жағымсыз
Рухты халық	Мақтаншақ халық
Тарихы терең халық	Тарихи санасынан айырылып қалған халық
Ұлттық-рухани тамыры бар ел	Озық дәстүрінен айырылып қалған халық
Жүздік құрылымында рулық үлес жоқ халық	Орыс рухында тәрбиеленген халық
Ынтымағы жарасқан халық	Тілінен айырылып қалған халық
Сыртқы жаудан қауымдасып қорғанған халық	Сабырынан айырылған халық
Ұлыстың бүтіндігін ойлаған халық	Аманатта адалдығын ұмытқан халық
Текті халық	Шүкірлік, қанағат ете алмай жүрген халық
Хандық құрылымда, ел басқаруда тегіне, хан тұқымынан болуына мән берген халық	Ысырапшыл халық
Қоғамдық жүйені шайқалтпай ұстап тұратын мызғымас рухани-мәдени ұстыны бар халық	Тойға шашылатын халық
Дәстүрін сақтаған халық	Тілімен зиян келтіріп жүрген халық
Сауатты халық	Бата бере алмай қалған халық
Шәкірттерін қазақы танымның терең қайнарынан сусындатқан халық	Ат тергемейтін болған халық
Ұрпағына дұрыс тәрбие бере білген халық	Артық мақтайтын халық
Бірлігін жоғалтпаған халық	
Мың өліп, мың тірілген халық	
Азайып кеткен халық	
Батагөй халық	
Шарифат жолымен жүруге тырысатын халық	
Сабырлы халық	
Үлкенін сыйлап, қадірлей білген халық	
Шүкіршілік ете білетін халық	
Аманатқа адал халық	
Сұңғыла, ұлттық жадысы мықты халық	
Тапқыр халық	

Когнитивтік модельдердің сипаттамасынан бір нысанды сипаттауда екі түрлі (жағымды-жағымсыз мәндегі) коннотациялар берілгенін көреміз. Осыдан да сөздің денотативті және коннотативті сипатын ажыратудағы қиындықтарды аңғаруға болады.

Сонымен, бұқаралық ақпарат құралдарындағы эмотивті-бағалауыштық лексиканы зерттеуде тілді когнитивтік, прагматикалық, коммуникативтік тұрғыдан қарастыру қажет. Эмотивті-бағалауыштық лексиканың денотативті және коннотативті сипаттарын талдау барысында сөздің қай кезде, кімге, қалай, не мақсатпен айтылғаны зерделеніп, журналистің, тілшінің тілдік тұлғасы да айқындалады. Сонымен қатар тілдің әлеуеті, сөз мағынасының кеңеюі мен тарылу фактілері нақтыланады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Жұмабаев Мағжан Шығармалар жинағы. – 3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 2008. – 97-187-б.
2. Телия В.Н. Механизмы экспрессивной окраски языковых единиц // Человеческий фактор в языке: Языковые механизмы экспрессивности. – М., 1991. – С.36-66.
3. Апресян Ю.Д. Коннотация как часть прагматики слова (лексикографический аспект) // Интегральное описание языка и системная лексикография. Избранные труды. – М., 1995. – Т.2. – С.156 -177.
4. Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений: Оценка. Событие. Факт. – М., 1988. – 338 с.
5. Лукьянова Н.А. Виды номинаций с точки зрения типов структур их лексических значений //Актуализация семантико-прагматического потенциала языкового знака. – Новосибирск, 1996. – С. 26-39.
6. Стернин И.А. Оценочность слова в языке и речи // Исследования по семантике. – Уфа, 1990. – С. 18 -26.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – 13-том. – Алматы, 2011. – 752 б.
8. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014. – 728 б.
9. Қалиев Б., Түймебаев Ж., Құрманбайұлы Ш., Исакова С. Мұқағали тілі сөздігі. – Алматы, 2017
10. Булыгина Е.Ю. Экспрессивные прилагательные современного русского языка (семантический, прагматический и лексикографический аспекты): дис. ... канд. филол. наук. – Новосибирск, 1991. – 204 с.
11. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана, Елорда, 2001. – 36-б.
12. Ерсұлтанова Г. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға: филос. докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2021. – 182 б.

Сәрсенбай Ж.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
2-курс докторанты

**ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КОММУНИКАТИВТІ ТӘЖІРІБЕ:
НОРМА МЕН УЗУС МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Әлем бойынша жүзеге асып жатқан жаһандану үдерісінің салдарынан жер бетіндегі тілдік қатынастар ерекше қарқынмен дамуда. Бұл өз кезегінде тіл білімінде тілдің әлеуетін зерттелуіне алып келді. Қазақ тілі жайлы сөз болғанда ең үлкен мәселе – қазақ тілінің әлеуметтік қызметі. Әлеуметтік лингвистика саласының терминдер жүйесі – сандық-сапалық тұрғыдан шапшаң өзгеріп отыратын тармақтардың бірі. Бұның бір алуан себептері бар: ең алдымен, әлеуметтік лингвистика ғылымының пәнаралық сипаты, осы сала терминдерінің шоғырлану табиғаты, сондай-ақ әлеуметтік лингвистиканың экстралингвистикалық факторларға тәуелді екендігі нақты бір ұғым-түсінік аталымдарының қатары жаңа, соны терминдермен ұдайы толығып отыратындығына себепкер болады. Бұл саланың қарқынды ілгерілеуіне байланысты концептуалды-ұғымдық аппаратқа саналы әрі байыпты қарау талабын да алға шығарады.

Әлеуметтік лингвистика – тілдің қоғамдық мәнін, дамуы мен қызмет етуін, қоғамның тілге және тілдің қоғамға әсер етуін зерттейтін тіл білімінің жеке бағыттарының бірі [1, 3-б.]. Жалпы әлеуметтік лингвистиканың терминдер жүйесі лингвистиканың өзге салаларына қарағанда өзгеріске өте бейімділігімен сипатталады. Бұл бірнеше себептерге байланысты, соның ішінде әлеуметтік лингвистиканың пәнаралық қасиетімен, терминдерінің өзіндік табиғатымен, қарастыратын мәселелерінің көбіне экстралингвистикалық жағдайларға тәуелділігімен

түсіндіріледі. Әлеуметтік лингвистика нысаны да бүгінгі қоғамдағы тіл немесе тілдердің қызмет ету тетіктері, олардың әлеуметтік-коммуникативтік жүйедегі өзара қарым-қатынасын зерттейді [2, 15-б.].

Қазіргі таңда әлеуметтік лингвистика саласында сөз етіліп жүрген мәселенің бірі – қоғамға қызмет ететін қазақ тілінің салаларын көбейту. Ол сала көп: «балабақшадан, мектептен, баспасөзден, көркем әдебиеттен бастап, іс қағаздарын жүргізейік, әскер қазақ тіліне көшеміз», – дейді. Бұның бәрі де – қазақ тілінің әлеуметтік қызметінің кеңеюі. Бүгінде әлеуметтік қызметі арта түскен, жазба да, ауызша да кеңінен қолданыла бастаған қазақтың мемлекеттік ұлттық әдеби тілінің әлеуетін көтеру, зерттеу, насихаттау алға қойылып отыр.

Біздің зерттеу жұмысымызда коммуникациядағы норма мен узус терминдеріне қатысты ғалымдардың пікіріне тоқталу болмақ. Норма (тілдік норма) – қоғамда байланыс жасау барысында іріктеліп тұрақталған тілдік жүйе [3, 104-б.]. Норма тұрақты тіл құралдары мен оларды қолдану дәрежелерінің жиынтығы ретінде ұлттық әдеби тілдің ерекше белгісі болып табылады. Узус – көп жағдайда сөйлем құрамында кездесетін, сөздің және оның айтылуының, сөз қолданудың тұрақты тұрақты қабылданған лингвистикалық мәні [3, 337-б.], – деп ғалым А.Салқынбай еңбегінде берілсе, зерттеуші Ғ.Қалиевтің сөздігінде «Узус – әдеби тілдегідей норма емес, бір тілде сөйлейтін адамдардың басым көпшілігі қабылдаған сөйлеу үлгісі, сөз қолданудағы әдет, дағды. Узус контекстерде не жеке адамдардың тілінде кездесетін, уақытша қолданылатын сөз формаларына қарама-қарсы құбылыс» деген анықтама беріледі [4, 370-б.].

Норма – тілдің «туа біткен» қасиеттерінің бірі іспетті. Ол белгілі бір реттілік, жүйелілік құбылыс ретінде ауызекі сөйлеу тіліне де, әдеби тілдің ауызша қолданысына да, жазба тілге де тән. Тілдік норманың табиғаты екі түрлі: бірі – тілдің өзінде қалыптасқан нормалар және ереже бойынша ұсынылған нормалар [5, 46-б.]. Соңғылары «ереже бойынша» деп атауымыз шартты. Бұл жердегі «ереже» дегеніміз – грамматика оқулықтары мен әр алуан сөздіктер, анықтағышар т.т. Мысалы, қазақ тіліндегі септеу, жіктеу парадигмалары, сын есім шырайлары, етістіктің етіс тұлғалары, шақтық мағыналары, жұрнақтар арқылы жаңа сөздің жасалуы сияқтылар «туа біткен» – яғни өте ертеден тілдің өзінде қалыптасқан, әбден орныққан, тілдің өз табиғатына тән жүйеге айналған заңдылықтар. Ал *мен (пен, бен)* шылауын қосымша ретінде танытып, 7-көмектес септіктің көрсеткіші ретінде ұсыну, оны септік парадигмасының өзге жалғаулары сияқты сөзге қосып жазу нормасы – «қолдан жасалған», яғни ережемен реттелген норма [5, 46-б.].

Сөздіктердегі берілген анықтамаларға сүйене отырып норма мен узус терминдеріне түсінік берелік. Норма – тілдің өзі ұсынған тәртіп. Ал узус әдеттегі мағынадан бөлек, тек сол контексте келтірілген мағынада жұмсалған сөздерден тұрады. Ал зерттеуші Н. Уәлиев «узус деп тілдік жүйеге қайшы келгенмен, тілдік дағдыға айналған қолданысты атағанды дұрыс санаймыз» [6, 12-б.], – деп, нақты мысалдармен келтіреді. Мысалы, қазақ тілінің жүйесі бойынша *ер* (атқа салатын) деген зат есімнен етістік тудырғанда *ерле* болуға тиіс, бірақ қолданыста *ертте* тұлғасы жиірек кездеседі, сол сияқты узустық құбылыс мақал-мәтелдерде тіпті көбірек кездеседі дейді. Мысалы, *ішкен асын жерге қояды* деген мәтелде мағыналық алогизм сезіледі, бұл мәтел «есі-дерті сонда болды, соншама қызықты» деген мағынаны береді, ондайда *ішкен* (ішіп болған) асты емес, енді ішейін деп отырған асын жерге қоюы керек қой, бірақ мәтел дәл осы тұлғада (ішкен асын) қалыптасқан. Бұл да – узустық құбылыс [6, 14-б.].

Тегінде, норма мен узусты айырып таныған жөн. Шығып жатқан кітаптар, оқулықтар, баспасөз бетіндегі қаулы-қарарлар, баспасөздің өзі – барлығы жазба тілдің дамуына, тілдің қызмет етуіне жатса, екінші бір үлкен саласы – ауызша түрі. Көпшілік алдында, шаршы топ алдында сөйлеу бар, ол да қазақ әдеби тілі болуы, дұрыс тіл болуы керек. Күнделікті анасы мен баласы, не екі бала, не екі-үш адам қатар отырып сөйлесе берсе, бұл да – сөйлеу. Бірақ бұл сөйлеу менен масс медиа алдында сөйлеудің үлкен мәні де бар, айырмашылығы да бар. Сондай топтың бірі – радио мен теледидар тілі.

Радио мен теледидар көбінесе ауызша сөйлейді. Қағазға қарамай, ойын айтып беретіндер бар. Теледидарға шыққанда көп адам, диктор, жүргізушілерден басқа сөйлейтіндер ауызша өз

ойын айтып береді. Осы жерде мәселелер болуы мүмкін. Мәселе дегенде, кемістіктер, яғни тілдік нормаға сәйкес қазақ тілін дұрыс пайдалану, дұрыс қолдану, дұрыс сөйлеу, дұрыс дыбыстау туралы. Айталық, *арақтың арқасында* болмайды, «арқасында» дейтін жағымды сәттерде қолданылады. «Денсаулықтың арқасында», «байлықтың арқасында», «мәдениеттіліктің арқасында» деуге болады. «Арақтың арқасында» демей, «арақтың салдарынан», «кесірінен» деген дұрыс.

Кейде қызыл сөзге қызығып кетеміз, ғылымда аллитерация, ассонанс дейді. Біркелкі дыбыстардан басталатын сөздердің үш-төртеуін қатарынан қойып, келіссін-келіспесін, бірге пайдаланып жіберудің өзі узустық қолданысқа әкеледі. «Халық айтса, қалт айтпайды» дегенді «жұрт айтса, қалт айтпайды» деп те айтады. Мақал-мәтелдің қолданысының бірнеше ғасырлық үрдісі, тәртібі бар. «Халық айтса, қалт айтпайды», *халық, қалт* сөздерінде **х, қ**-мен үйлесіп тұр.

«Шалқар» радиосында «Біз қалай сөйлейміз?» бағдарламасынан аудармаға қатысты сұхбаттарынан мысалдар келтірілік. «Күтілуде» орысша «*ожидается*» деген болу керек. *Жаңбыр жауады деп күтілуде*. Бір қарағанда, әуелі орысша ойлап алып, қазақша айтсақ, осы дұрыс сияқты. «*Ожидается дожди*» деген сияқты [7]. Ал енді тіпті қайткенде де күмәнділік болса, «*жаңбыр жаууы мүмкін*» деген сияқты етіп айту керек. «Күтілуде» деген сөз қазір екі күннің бірінде кездеседі: «*жаңбыр жауады деп күтілуде*», «*күн ашық болады деп күтілуде*». *Күн ашық болады* деп қолданғаны абзалырақ еді.

Ал жастарымыздың тілінде орын алып жүрген кемшіліктерді, қате сөз қолданыстарды топтап, санамалап айтсақ, біздің арамызда, әсіресе, жастардың арасында, бір жағымсыз әдет етек алып бара жатыр. Ол – әдеби тілімізде баламасы бар орыс сөздерін ретсіз кірістіріп, араластырып, қойыртпақтап сөйлеу әдеті. *Я думаю, жолдастар, все же қалай, откуда я знаю, почему, неужели, звонить еттім, привет, пока, уже, даже, пойдет* сияқты сөздермен сөйлеушілер аз емес. Ал енді *ок, yes, супер, класс, круто, базар жоқ, чики-чики* деген сөздер ертеңгі жігіт ағасының аузымен айтылмасына кім кепіл?

Лекторлар, үгітшілер, баяндамашылардың тілінде тағы бір байқап жүрген жағымсыз әдет, айтайын деген сөзін біле тұра «*сөйтіп, өйтіп, нетіп, жаңағы*» сияқты сөздерді сөйлем сайын ретсіз қайталап, жөнсіз қыстыра беру әдеті. Мысалы, *Мен хат жазып, суретімді поштаға нетіп жібердім, Мен кеше кешкісін жаңағы қонақта болдым*.

Газет беттерінде *қағазбастылықтан бас ашпай қойды* дейді, осында «бас ашпай қойды» дегеннен «*көз ашпай қойды*» деген дұрыс болар. Осындай қателіктерге мән бермесек, болашақта ұрпағымыз қалыпты жағдай ретінде қабылдап дұрыс сөйлемеуді әдетке айналдырып алады. Сонымен қатар домбыра «ойнаймыз» ба, «тартамыз» ба? *Домбыра ойнайды, қобыз ойнайды* деген сөз оралымдарынан тіпті аяқ алып жүре алмай қалдық. Қазақ *домбыра тартады, қобыз тартады*. Алайда Еуропадан келген музыкалық аспаптар жайында дауымыз жоқ. Оларды *ойнайды* дей берсін. Ал қазақтың халық аспаптарын ойнайды деген, мысалы, *қазақта асық ойнайды, домбыра ойнамайды*. Осындай қате қолданыстар медицина саласында да толып жүр. Мысалы, *жедел өкпе қабынуы, созылмалы өкпе қабынуы* деп жаза береді. Өкпе қалай қабынады? Өкпе жедел қабынады. Не қабынады? Өкпе қабынады. Сонда «*өкпенің жедел қабынуы*» немесе «*өкпенің созылмалы қабынуы*» болу керек.

Жақында «Аяғы ауыр әйелдерге» деген кеңес беретін мақала оқыдық. Сол мақаланың ішінде *жүктілік* деген сөз он шақты рет қолданылады. Орыс тіліндегі «беременность» сөзін калька аудармасын, яғни көшірінді аудармасы. Қазақ халқы қай заманда болсын *жүктілік* деп әйелге айтып пайдаланбаған. Оның өзі бірнеше мәнделес үлгілері бар, синонимдері бар, мысалға, *аяғы ауыр* дейді, сыпайы айтады, *екіқабат* дейді, тіптен болмағанда *жүкті* дейді.

«*Бүгін неге сенің көңіл күйің болмай тұр?*» – десе: «*Білмеймін, настроением жоқ*» – дейді. Тек қана жастар емес, ортаңғы буын болсын, тіпті ағартушылардың өзі, салалық мамандар да солай айтады. Күнделікті өмірде ақпарат алу көп қой. Ақпараттың түр-түрі бар. Соның бірі – қазіргі қалта телефондар. Жастар; «*Мен саған кешке телефон соғамын*», – деп айтпайды. «*Кешке маған звондасай*», – дейді. «*Кешке звондаймын, үйде боласың ба?*» – дейді. «*Мен саған*

телефон соғамын, телефон шаламын», – деп айтпайды, *«звондасай»* деп шұбарландырып алған.

Алматы қаласының көшелерінде жүріп-ақ жиі қолданатын бөтен сөздер: «повороттан тоқтатыңызшы», «Абая-Баумана көшелері», «Абаяға қалай жетуге болады?» т.б. Қандас бауырларымыз біреуден жол сұрағанда «қазір прямо жүресің, повороттан направо, сосын тағы прямо, одан кейін налево», – деп жауап алыпты. «Қазақша айтшы», – десе) : «Қазақша айтып тұрмын ғой», – депті. Қазақтың қазақшасы осы болды. Санамыз таза емес. Бөтен сөз сіңіп кеткен. Осындай күнделікті өмірде коммуникацияға түскендегі сөздерді дұрыс қолданбау жиілеп барады. Тілімізге қуат, шұрайлылық, иманды сөз айтуға, нұрлы сөз айтуға, сабырлылықпен ойлап, ақылды сөз айтуға жазса екен. Біз бидің ұрпағымыз, біз – ақын халық едік.

Емледе біраз қиындықтар бар. Әлі күнге бірнеше нұсқада қолданылатын сөздер бар. Бұны біз *босаң норма* дейміз. Одан кейін қалыпқа түскен, жұртшылық қолданып кеткен сөздер де бар. Осыларды *дәстүрлі норма* дейміз. Осы дәстүрлі норманы бұзбау керек [6, 64-б.]. Ал енді екі түрлі, үш түрлі нұсқадағы сөздерге келген кезде міндетті түрде сөздікті негізге алу керек.

А.Байтұрсынұлы тілдегі сөздердің нормалануы туралы «Тіл – құрал» атты еңбегінде «Тіл – құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл – қазақта бұрын болмаған нәрсе жаңа шыққан кезде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын» [8, 142-б.] деген пікір айтады. Тілдегі сөздердің нормалануы жиі қолданылу арқылы санада жатталып, сөздердің тұрақтануы ұғымға сіңісу арқылы жүзеге асатыны жөніндегі профессор Р.Сыздықтың пікіріне сүйенсек, «Қолдану жиілігі – нормаланудың ең пәрменді факторы» [5, 128-б.] болып шығады. Қоғамда күнделікті қарым-қатынас құралы ретінде қолданыста тұрақталмағандықтан, орыс тілінде дұрыс көрінетін сөздер қазақшалағанда бейнелеп айтсақ, «отырса – опак, тұрса – сопақ» болады да тұрады.

Ұлттық ұғымға жауапкершілікпен қарап, әдеби тілдің өз заңдылығы мен табиғатына үңіліп, даму ерекшелігі мен стильдік тармақтарын ескергенде ғана ана тіліміздің қадір-қасиетін кетірмей, ажарынан айырмай дәл аударма жасай аламыз. Сапалы аударма екі тілдің де қыр-сырына қанып, ұстана білетін біліктілікті, білімділікті, тәжірибе мен ізденісті қажет етпек. Аударманың сапалы болуы тіліміздің стильдік икем орнына илікпейтін тұстарды жете ескеруге көбірек байланысты. Мысал келтіре кетейік. Көшелердегі, дүкендердегі, басқа да мекемелердегі жарнамаларды оқып жүрміз. Сонда *билет және жүктерді тіркеу, сәнді және арзан, пайдалы және сенімді* деген тіркестерді оқығанымыз бар. Дұрысы: «Арзан әрі сапалы тауарлар», «Пайдалы да сенімді». Міне, осы мысалдардан көріп отырғанымыздай орыс тіліндегі «и» жалғаулығының түрлі мағыналық қолданысына сәйкес келетін қазақ тіліндегі *және, мен, бен, пен, әрі, да, де, та, те* секілді әлденеше айқын баламасы бар екенін біз ескере бермейтін сияқтымыз. Ал бұл біздің тілімізде қалыпты жайтқа айналып бара жатқаны қынжылтады.

Тіл тазалығын сақтау – көп уақыттан айтып келе жатқан мәселе. БАҚ-та сыналып жатыр. Сонда да жөнделмей келе жатыр. Болашақ үшін бірінші әліпбиді жөндеуіміз керек. Ең дұрысы – сол. Ал араластырып сөйлейтіндерге ескертуден басқа түк те демейміз. Тілді білу бар да, сол тілді дұрыс меңгеру, таза сөйлеу, ойды демі жеткізу бар. Тіл мәдениеті толық қалыптасуы үшін тұтас ел, халық болып, мемлекеттік тілде сауатты сөйлеп, жаза білуі керек. Сонда ғана тіл мәдениеті орнамақ, сонда ғана тіліміздің көсегесі көгермек!

Пайдаланылған еңбектер:

1. Сүлейменова Э., Шаймерденова Н., Смағұлова Ж., Ақанова Д. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – 2-басылым. – Алматы, 2020. – 400 б.
2. Роджер Т. Белл. Социалингвистика: цели, методы и проблемы. – М., 1980.
3. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 2002. – 304 б.
4. Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2005. – 440 б.
5. Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Алматы, 2014. – 292 б.
6. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984. – 75 б.
7. <https://qazradio.fm/shalqarfim/kz/news/8085/>
8. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – 142-б.

Анарбекова Ұ.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты

ҚАЗАҚ ГРАММАТОЛОГИЯСЫ: ИЛЬМИНСКИЙ ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ ЫБЫРАЙ ТАҒЫЛЫМЫ

Қазақ грамматологиясы саласында ерен еңбек етіп, құнды жазбалар қалдырған қазақ ғалымдары аз емес. *Грамматология ғылымы* деп жазу туралы ғылым танылады. Термин авторы – Игнес Джей Гельб алғаш 1952 жылы, кейіннен 1963 жылы қайта басылып шыққан «A study of writing» («Жазу жайлы зерттеу») деген кітабында былай деп жазады: «Бұл кітаптың мақсаты – әлі жазылуы керек жазу туралы толық ғылымның негізін қалау. Бірнеше жыл бұрын жазу туралы Англияда жарияланған кітаптың атауы ретінде қолданылған «грамматология» терминінің ізін жартылай жалғай отырып, жаңа ғылымға біз «грамматология» атауын берсек болады. Меніңше бұл термин түсінбеушілікке алып келетін «графология» немесе («филологияға» қарама-қарсы қалыптасқан) «филография» терминіне қарағанда жақсы сай келетін сияқты. Басқалары «грамматология» сияқты нақты емес» [1]. Жазу туралы ғылымды *грамматология* деп атау осы еңбектен бастау алады. Автордың жазып отырғаны Фредрих Балхорнның 1861 жылы Лондонда жарық көрген «Грамматология: Ежелгі және қазіргі тілдердің алфавиттері туралы анықтамалық нұсқаулық» [2] атты еңбек болатын. Еңбектің алғы сөзінде *грамматология* халыққа ең маңызды ежелгі және қазіргі тілдерді оқуға кіріспе ретінде ұсынылатындығы айтылады. 80 беттен тұратын бұл еңбекте 76 тілдің әліпбиі мен қысқаша емле ережелері берілген. Оның ішінде араб, түрік, ежелгі славян (кириллица) және орыс тілдері туралы да қысқаша ақпарат бар. Жазу туралы ғылымға *грамматология* атауы жақсырақ сай келгенімен, *грамматология* атауын қолдану, оны ресми түрде ұсыну бұл атаудың термин болып қалыптасуына негіз болса керек. Аталған терминнің қолданыс аясының кеңейе түсуіне 1967 жылы жарық көрген француз философы Жак Дериданың «Грамматология туралы» («Of Grammatology») еңбегі зор ықпал етті.

Ғылым атауы қолданысқа ХХ ғасырдың 50-жылдары енгенімен, жазуға қатысты зерттеулер бастауын одан әріден алады. Аристотель, бертін келе Әл-Фараби өз еңбектерінде жазу туралы мәлімет беріп өткен. Әл-Фараби «Ғылымдар классификациясы» [3] еңбегінде ғылымдарды маңызына қарай топтастырып, ғылымның алғашқы маңызды түріне тіл туралы ғылымды жатқызады да оның өзін тағы жеті бөлімшеге бөлді. Сол жетеудің бірі – дұрыс жазу, яғни *орфография* еді. Бұл термин сәйкесінше *әліпби*, *графика* ұғымдарымен бірге тіл білімінің грамматология саласының категорияларына жатады. Яғни, бұл ғылым тамыры тереңде жатқан сала екені сөзсіз.

Қазақ тіл ғылымында еңбектерін бұл салаға жатқызатын ғұламалар жетерлік. Бұл еңбекте сөз болатын тұлға – ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ халқы үшін, қазақ ғылымы үшін жан аямай еңбек еткен ағартушы-ғалым – Ыбырай (шын аты – Ибраһим) Алтынсарыұлы. Үстіміздегі жылдың 20 қазанында ғұламаның туғанына 180 жыл толды. Екі ғасырға жуық уақыт өтсе де, ғалымның атын еш өшірмейтін хаты әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Бұл мақалада ғалымның еңбектері грамматологиялық аспектіден қарастырылады. Ғалымның еңбектері орфография, тыныс белгілері ұғымдарымен қатар грамматология ғылымының негізгі категорияларына жататын әліпби мен графикаға қатысты болып келеді. Мақалада ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ жазуының жағдайы, Н. И. Ильминскийдің еңбегі сөз болып, Ыбырай Алтынсарыұлының халық ағарту ісінде жасаған еңбектері, соның ішінде қазақ тілінде жазылған алғашқы кітабы – «Қазақ хрестоматиясы» мен «Мұсылманшылық тұтқасы» еңбектері грамматологиялық аспектіден зерделеніп, баспа ісіндегі атқарған ісі де бағаланады.

Белгілі шығыстанушы, профессор Н.И.Ильминскийдің өмірінің соңғы уақытында жазған «Воспоминания об И.А. Алтынсарине» [4, 31-33-б.] атты еңбегінде берілген мәліметтерге сүйенсек, 1860 жылы Орынбор генералы В.В. Григорьев Н.И. Ильминскийге қазақ мектептеріне арналған орыс және қазақ тілінде оқулық дайындауды тапсырады. Ол кезде

ғалымның қолында материал аз болады, ол заманда орыс мектептеріндегі әдебиеттің өзі сирек еді. Нәтижесінде ғалым екі бөлімнен тұратын «Самоучитель русской грамоты для киргизов» (1861) деп аталатын оқулықты жазып шығады. Бахтияров деген қазақ жігіті ол кітапты қазақ тіліне аударады. В.В. Григорьев Н.И. Ильминскийге қазақ тіліндегі аудармасын татар емес, орыс әріптерімен жазуға кеңес береді (Сол кездегі еңбектерде араб жазуын татар жазуы деп атаған). Н.И. Ильминский бұл еңбекті қазақтарға түсінікті араб әрпімен басып шығарады. Жұмыс соңында В.В. Григорьевтің бұл іске көңілі толмаса да, кітапты қайта жаздыруға дәті бармайды. Н.И. Ильминский «Нужно сознаться, что я тогда не вполне понимал практическую важность русского алфавита для инородческих языков» [5], – деп жазады. Н.И. Ильминский бұл еңбекті Орынборда емес, ақысыз іссапармен Қазанға баруға ниет білдіріп, оқулықты сонда шығарады. Қазанға баруының басты себебі – бұл кітаптан бөлек өзінің Орынборда жүргенде жинаған қазақтарға арналған екі еңбегін басып шығаруға сонда қолайлы болды. Ол еңбектері «Ер Тарғын» мен қазақша-орысша сөздігі еді.

Бұл еңбектердің жазылу тарихына тоқталып өтейік. Н. И. Ильминский Орынборда жүрген сапарында қазақ балаларымен көп әңгімелеседі. Ғалымның өзі татар тілін жетік меңгерген болатын. Қазақ балаларының татар сөздерін жиі араластырып сөйлейтінін жазады. Сонда қазақтардан татар сөздерінен бөлек таза қазақ сөздерін жиі естіп, оларды бөлек дәптерге жазып алып жүреді. 1858-60 жылдары зерттеуші ондай сөздердің бірнеше жүзін жинайды. Десе де көбінің нақты мағынасын білмейді. 1860 жылдың жазында қазақтардың арасында бірге көшіп-қонып жүріп, сөздердің санын көбейтіп қана қоймай, бәрінің мағынасын анықтап алады. Осылайша қазақша-орысша сөздігі жазылады. Сөздіктің басында қазақ тілінің грамматикасына толықтай емес, тек татар тілінен айырмашылығы барына тоқталады.

Ал «Ер Тарғын» еңбегін 1859 жылдың басында қыста елдің батысынан шыққан атақты Марабай ақын жайлы естіп, В.В. Григорьевтен оны Орынборға шақыртуын өтінеді. Мұнда жылы пәтер, жақсы жағдай жасалынса да, дала әншісі өзін тордағы құстай сезініп, қаладан кетуге ұмтылады. «Ер Тарғынды» Марабайдың айтып отыруымен Ұлықбеков әрең жазып үлгерген екен. Бұл еңбек те татар (араб) әріптерімен жазылады. «Самоучитель» мен «Ер Тарғынды» бөлек кітапша етіп басып, қазақша-орысша сөздігін «Материалы к изучению киргизского наречия» (1860) деп атайды [5]. Осы кітаптар кейін қазақ мектептерінде оқу құралы ретінде қолданылады. Ескеретін жайт «қазақ» деген тарихи атауын қазақ халқы ресми түрде Сәкен Сейфуллиннің мақаласы негізінде 1925 жылы 19 сәуірде Қырғыз (Қазақ) АКСР Кеңестерінің бесінші бүкілқазақ съезінде қабылданған шешім бойынша қалпына келтірді. Оған дейін ресми құжаттарда, еңбектерде «қырғыз-қайсақ», кейін «қырғыз/киргиз» [4] деп аталып жүрді. Десе де қазақтар арасында, қазақ тілді еңбектерде «қазақ» деп қолданылды. Бұл еңбекте «қазақ» атауының *киргиз* деп жазылуы содан.

Аталған еңбекте автор қазақ тілінің түркі тілдерінің ішінде көне грамматикалық формалар жақсы сақталғанын, жазбашаға қарағанда ауызша сөз жақсы дамығанын әрі сөз саптаулары керемет екенін жазады. Автор бұл еңбекті жазу мақсаты қазақ тілінің сипаттамасы туралы жалпы мағлұмат беру және орыс тілінде білім алған қазақ оқығандарына өз тілін өз беттерінше зерттеуге алғышарт жасау екенін түсіндіреді. Бұл – қазақ тілі туралы жазылған алғашқы еңбектердің бірі. Қазақ тілі жайлы терең зерттелмесе де, автордың өзі жазғандай, қазақ тілін зерттеушілер үшін құнды еңбек болып табылады.

Аталған еңбек дыбыстар бөлімі, грамматика (есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, есімше, көсемше, рай, шақ) және сөздіктен тұрады. Ғалым қазақ тілі дыбыстарын төмендегідей бөліп көрсетеді (мәтінді оқу оқырманға қиындық туғызбайтыны себепті түпнұсқадағыдай берілді):

«Гласныя – а (ä), е; ы, і; о, ö; у, ү.

Согласныя – п, б, м, w; т, д, н; ж, з, ш, с; р, л, j; к, г (ескерту – акут белгісінің орнында нүкте болуы тиіс), к, г; ь [5].

Мұндағы ä – ә (қазіргі қолданыстағы кирил әліпбиі бойынша), ö – ө, у – ұ, ү – ү, w – у, j – й, к – қ, г – ғ, ь – ң. Автор орыс тілінде бар дыбыстарды орыс әріптерімен белгілеп, онда

жоқтарына жаңа белгі арнаған. Ол жаңа белгілерді латын таңбаларынан алды. Яғни, бір әліпбиде кирил және латын графикаларын қолданды. Ғалым қазақ тілінде 9 дауысты, 19 дауыссыз дыбыс бар екенін көрсетті. А мен ә-ні бірге көрсеткенімен, екеуі екі бөлек дыбысталатынын нақты жазды. Автор дауысты дыбыстарды жуан-жіңішкелігіне қарай жұп-жұппен береді. Жуан дауысты дыбыстар жуандық деңгейіне қарай орыс дыбыстарымен сәйкес келетіні, ал жіңішке дыбыстардың барлығы да орыс тіліне жат екені айтылады.

Дыбыстар бөлімінде автор әр дыбысқа жеке тоқталып, сипаттама береді. Дыбыстардың қай кезде түсіп, қосылып және өзгеретіні жайлы да ережелерді мысалдарымен келтіреді. Көріп отырғанымыздай ғалым қазақ тіліне тән дыбыстарды таза көрсетті, яғни басы артық орыс дыбыстарын қоспады. Сол үшін де бұл еңбек құнды болып табылады. Автордың кейінгі кезде миссионерлік мақсаты болып, қазақ халқын шоқындырып, жазуын орысшалап, орыстандыру жолында қызмет етсе де, бұл еңбекке қазақтар жайлы, қазақ тілі жайлы ғылымның туралық талабынан аттамай жазылған еңбек деп баға береміз. Еңбекті бұлай бағалауымыздың тағы бір себебі – қолда бар деректерге сүйенсек, қазақ тілін орыс әліпбиіне көшіру мәселесі 1870 жылдары белсенді түрде бастау алған. Ал аталған кітап он жыл бұрын яғни, 1860 жылы жарық көргені туралы әрі қысқаша тарихы жайлы жаздық. Сол себепті де орыстандыру саясаты ол кезде жоспарда болса да, еңбектің жазылуына үлкен әсерін тигізбеді деп білеміз.

Бұл еңбекке қазақтың ағартушы ғалымы Ыбырай Алтынсарыұлы да өз бағасын берді. Ғалымның 1862 жылы Н. Ильминскийге жазған хатында: «*Менің және ордалықтардың да ойынша бұл (материал) өте жақсы құрастырылған*» [4], – деп жазады ғалым. Сөздердің өзінен де, аудармаларынан да айтарлықтай қате таппағанын, егер кішкене қателер болып жатса сол жылдың тамыз айында Қазанға барғанда айтатынын жеткізеді. Және Ер Тарғын жайлы еңбекке қазақтардың тәнті болып жатқанын жеткізеді. Себебі бұл кезге дейін қазақ тілінде баспадан шыққан кітап болмаған еді. Сонымен қатар ғалым Н.И. Ильминскийдің қазақтарға шынайы дұрыс көзқараспен қарап, шындықты жазған алғашқы адам екенін де жазады. Оған дейінгі орыс жазбаларда қазақтарды «жабайы, долы» деп жағымсыз сөздермен сипаттап жазатын еді. Н.И. Ильминский аталған еңбегінде қазақтар жайлы дұрыс ақпарат бере білді. Осы хатында Ы. Алтынсарин Н.И. Ильминскийдің қазақтың таза тілін «татаризм» құртып жатқанын қолдамайтыны жайлы ойы өзінің ойымен сәйкес келетінін жеткізеді. Десе де сол кездегі қазақ тілінде табылмай жатқан кейбір сөздерді парсы, араб тілдерінен алуға қарсы емес екенін де, өзі кейде олардың сөздерін жазуларында қолданатынын жазады.

Н. И. Ильминскийдің естелігінде Ы. Алтынсарыұлымен 1870 жылдардан бастап қазақ тіліне арнап әліпби құрастыру мен басқа тілдердегі оқулықтарды қазақ тіліне аудару мәселесі бойынша хат алыса бастағаны жазылады. 1871 жылы 31 тамызда Торғай қаласынан Н.И. Ильминскийге жазған хатында Ыбырай Алтынсарыұлы Ордаға орыс әліпбиін енгізуге қатысты өз пікірін білдіреді. «(Бұл) ой сөзсіз пайдалы, десе де менің ойымша, оны жүзеге асыруда үлкен қиыншылықтар кезігеді» [4], – деп жазады ғалым. Ғалым қазақ балаларына арналған орыс мектептерінде орыс әліпбиін қолдану онда қазақтар балаларын онсыз да орыс тілі мен сауаттылықты оқу үшін беріп отырғандықтан, басқалар жорамалдап жатқандай шуға айналып, күмәнді іс болады деп ойламайды. Дегенмен орыс әріптерімен жазылған кітаптар қазақтарға жақын арада кірігіп, сіңе қоймайтынын жазады. Оған себеп ретінде төмендегілерді тізеді:

- (жартылай) фанатизм;
- (жартылай) орыс жазуының әдетке айналмағаны, таңсық болуы;
- татар сауаттылығының тікелей әсер етуі.

Осы көрсетілген себептердің жиынтығы орыс әріптерімен жазылған жалпыға арналған кітаптардың таралуына кедергі жасап, ол кітаптардың таралуы мектеп аясынан шыға алмайтын болады деп біледі. Ал курстарды жалпы училищені бітірген түлектер оқулықтар мазмұнын ордалықтарға таныстыруға тырысады деген үміт те аз екенін, оған себеп түлектер оқуды бітіре салып кітаптарын қайта көрместей лақтырып тастап, естеріне алмайтынын жазады. Ал араб әріптерімен жазылған кітаптарды оқитын, егер олар қызықты болса,

мектептен де тыс оқырмандар көптеп табылатынын, тіпті қазақтың балалық шағы мен болашақ білімін байланыстырушы құралына да айналуы мүмкін екенін жеткізеді. «Расында қазақ сөздері орыс әріптерімен дұрысырақ беріледі, бірақ та татар сауаттылығы қазақ тілінің тазалығы мен тұтастығына зиянын тигізуі мүмкін» [4], – деп жазады ғалым. Десек те татар сауаттылығын қазақтардан ажыратып алу жақын болашақта мүмкін болмайтынын, оған себеп ретінде төмендегілерді келтіреді:

- ол бойынша қазақтың діні жазылған;
- қазақтар арабша және татарша (Құдайға) жалбарынады;
- олар татарлар мен сарттармен бұрынғыға қарағанда қарым-қатынастары жақсара түскен;
- байланыс көбеюде;
- татар медреселеріндегі қазақ оқушылардың саны азайып жатқан жоқ, азаймайды да.

Себеп ретінде ғалым орыс тілді оқу орындарын бітіргендер мен медресе бітіргендерден материалдық заттарға қол жеткізуді молдалар көбірек қамтамасыз ететінін жаза отырып, орыс мекемелерінің татар сауаттылығынан әзірге басым түсетін жері жоқ екенін анық көрсетеді;

- ғалымның ойынша, таңсық әріптермен жазылған орыс кітаптары өте әлсіз.

Осы себептерді көрсете келе ғалым ең бастысы қазақтарға татарлық фанатизмнің әсерін тигізбей, оларды білім алуға деген жолын жаппайтын жолмен оқытуды жөн санайды. Бұл әсерден құтқару татар кітаптарына үлкен қуат болатын қазақтың халық тілінде, бірден түсініп, оқып кетулері үшін оларға таныс әріптермен пайдалы, дамытатын, қызықты мазмұндағы дұрыс кітап шығару арқылы баяу болса да мүмкін деп біледі. Мұнда әріптің араб не орыс болуы іске кедергісі шамалы, десе де зиян тигізетін тұстары бар. Оның алдын алуға болатынын жазып, өзінің шынайы пікірін білдіреді. Ғалым араб не орыс әріптерін қолдану мәселесін емес, қазақ халқының білімін арттыру мен таным көкжиегін кеңейтуді, өркениетті елдер қатарына қосылуды мақсат тұтқанын ұғамыз. Еңбектерін орыс әріптерімен де, араб әріптерімен де жазғанының себебі де сонда болса керек. Яғни, әліпби мәселесімен шектелмей, одан да кеңірек әрі маңыздырақ мәселені шешуді көздегені ғалым ойының тереңдігі мен ғылымның мәнін ұққандығында деп білеміз.

Н.И.Ильминскийдің хаттарының бірінде Қазан оқу округінің басшысы (попечитель) Шестаковтың Қазан оқу семинариясының директорына жазған хатында (1873 жыл, 15ақпан, №1067) оны қазақ тіліне орыс әрпімен әліпби жасау ісі бойынша құрылатын комиссияға мүше болуға шақырады. 1873 жылы министрлік Қазан қаласында орыс тілін жоғары деңгейде меңгерген, оқыған қазақтарды құрамына шақыру үшін комиссия құруға рұқсат берген екен. Орынбор генерал-губернаторы Орал облысынан «орыс тілін жазбаша да, ауызша да жақсы білетін» болыс басқарушысы Ирджан Чулаковты, Торғай облысынан Торғай уездік басқармасының іс жүргізушісі Ыбырай Алтынсарыұлын тағайындау жоспарлаған көрінеді. Комиссия қараша айына қарай құрылу керек болады. Бірақ та іс баяулап, сосын Орынбор оқу округі ашылады. Оның басшысы П.А. Лавровский қазақ кітаптарын шығаруды өз қолына алып, орыс әліпбиін өзге ұлт өкілдерінің дыбыстарына мүлде ыңғайластырмаған екен. Осылайша қазақ тіліне орыс әрпімен әліпби жасау ісі бойынша комиссияның құрамына Ыбырай Алтынсарыұлы кірмей қалады.

Ағартушы-ғалымның бар мақсаты – қазақты сауаттандырып, көзін ашу, білімін жетілдіру, мәдениетін жоғарылату болды, халықтың ғылымды меңгергенін қалады, елінің дамығанын көздеді әрі сол жолға бүкіл өмірін арнады. Қазақты ғылымға жақындатуға орыс тілінің пайдасы көбірек болар деген оймен «Қазақ хрестоматиясын» орыс әріптерімен жазды, ал халқының дінді дұрыс түсініп, «татаризмнің құрбаны» болмауын қалағандықтан, шарифат заңдары алып-қоспасыз жазылған «Мұсылманшылықтың тұтқасын» халыққа араб әрпінде ұсынды [6].

«Қазақ хрестоматиясының» жазылуы жөнінде Н.И. Ильминскийдің естелігінде қазақтарға білім беру бойынша пәндерден Петр Александрович Лавровскийге Н.И. Ильминский осы іске ең қабілетті қазақ ретінде Ы.Алтынсарыұлын ұсынғанын, Ы. Алтынсарыұлы П. Лавровскийдің тапсырысымен екі бөлімнен тұратын қазақ мектептеріне арналған оқу құралын

құрастырғанын жазады. Бірінші бөлімі орыс әріптерімен басылып, 1879 жылы «Киргизская хрестоматия. Книжка первая» деген атпен жарық көргенін жазады. «Қазақ хрестоматиясында» қазақтардың тұрмысынан алынған қысқа әңгімелер берілген. Ғалым бірінші кітабында Паульсонның кітабының құрылымын үлгі ретінде алып, оны қазақ балаларына ыңғайластыруды жоспарлайды. Қазақтардың табиғаты қатал өмірде қалыптасып, дамып жатқандықтан, ойдан шығарған мысалдарды (басня) енгізгісі келмей, салмақты тақырыпты қамтығысы келеді. Ғалым қазақ балаларының мұндай мысалдарды мысқылмен оқитынын, ата-аналары тіпті балаларына ақылға қонымсыз сауысқан мен қарғаның әңгімесі секілді дүниелерді үйрететіндеріне көңілдері толмай жататынын өз тәжірибесінен біледі.

Ғалымның ойынша, қазақ балаларына әзіл әңгімелердің өткір ойлыларын, жұмбақтар, фибратты мәні бар әңгімелер немесе мысалыға, жұлдызқұрттардың көбелекке айналуы, құндыздардың өздеріне қалай үй салатыны туралы және т.б. сол секілді олардың қызығушылықтарын оятатын дүниелерді үйреткен жөн. Екінші кітабына табиғат күші мен құбылыстары, тарихи, географиялық, бір сөзбен айтқанда, ғылыми әрі қызық әңгімелерді кіріктіргісі келеді. Ғалым қазақ халқының реалист болғанын, өмірге тіке қарап, құрғақ әңгімеге қызықпайтынын меңзей келе, оларға танымдық тағылым аларлық білім бергенді жөн санайды. Мұның өзі халқының дұрыс жаратылған табиғатын, болмысын ғылымға бағыттағысы келгенін нақ аңғартады.

Бұл іс сол заман үшін өте үлкен іс болды. Оған дәлел Дала уалаяты газетінің 1894 жылғы №27 санында басылған Асылқожа Құрманбаевтың «Қазақ тілі турасынан» атты мақаласында: «Қазақтың тілін мүлдем түгел білетұғын һәм өзге күншығыс халықтың да тілдерін көп артықша жақсы білетұғын, һәм бұл себептен бұл тілдерді теңестіріп байқап қарауға білім жеткен атақты Алтынсарин қазақ тілі турасынан бұлайша айтушы еді: «Қазақтың тілі соншалық мол, ләкин қазақтың тіліменен қандай кітап болса да жазуға болады», – дер еді» [7], – деп жаза келе, қазақ тілінің қаншалық бай екенін және Ы. Алтынсарыұлы дәлелдеп, тек қазақ сөздерімен бір кітап жазғанын жазады.

Ыбырай Алтынсарыұлының 1879 жылы «Начальное руководство к обучению киргизов к русскому языку» деп аталатын қысқаша орыс грамматикасы жайлы очеркі шығады. Бұл еңбекте ғалым Орынбор бекінісіндегі мектепте орыс тілін оқытуда қолданатын жазбаларын пайдаланған. Ғалым орыс тілінен мүлде хабары жоқ қазақ балаларын орыстарға арналған оқулықтармен оқытудың дұрыс емес екенін ұғып, орыс тілін үйреніп бастағанда пайдалану үшін жазды. Ғалым оқу құралдың алғы сөзінде өзінің «Қазақ хрестоматиясы» еңбегі осы оқу құралының жалғасы ретінде қызмет атқаруы қажет екенін жазады. Бұл – толық грамматикалық оқу құралы емес. Оқу құралы *нәрселердің аттары (зат есім), род, число, падеж; зат-мақұлықтың қасиетінің аттары (сын есім), есеп аттары (сан есім), местоимение деген сөздің бөлімі (есімдік), ақыры өзгерілмейтін сөздер (істеу, демеу), предлог деген сөздің бөлімі (жалғау), глагол деген сөздің бөлімі (етістік)* бөлімдерден, шақтардан және қазақшадан орысшаға көшіріп жазылатын сөздерден (Образцы для первоначальных переводов с киргизского на русский язык) [8] тұрды.

Сұлтанғали Садырбаевтың редакторлығымен 2007 жылы басылып шыққан «Қазақ хрестоматиясында» Ыбырай Алтынсарыұлының жазған сөз басында: «Бір ескертетін нәрсе – қазақ халқы азбаған, табиғаты таза халық. Оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды: ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр» [9], – деп, бұл мақсатқа жетуге арналған жетекші құрал жоқ екенін, жалпы білім беретін кітаптардың Азия елдерінде болмағандықтан, жақын тұрған орыс халқынан алуға тура келгенін жазады. Әрмен қарай ғалым: «Сондықтан бұл шығарғалы отырған кітабымыз көздеген мақсатына сәйкес болып, орыстың ғылыми және жалпы пайдалы кітаптарына тікелей жол салып беру үшін және сол орыс кітаптарына мағынасы жағынан да, әрпі жағынан да қайшы келмеуін көздеп, біз осы кітабымызды орыс әрпімен бастырғанды қолайлы деп таптық» [9], – деп, кітаптың орыс әріптерімен жазылу себебін көрсетеді.

Ағартушы-ғалымның кітапты орыс әріптерімен басып шығаруына баспа мәселесі де себеп болуы ықтимал. Сол замандағы баспа ісінің әлі дами қоймаған, сирек кездесетін іс екені белгілі. Ыбырай Алтынсарыұлының 1882 жылдың 12 қыркүйегінде Орынбор қаласынан жазылған хатында Н.И. Ильминскийге «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты төрт бөлімнен (иман; амал-захир; ахлақ; намаз, ораза, және басқа да діни істерде оқылатын дұғалардың қазақша мағынасылары) тұратын шарифат заңдарын қамтыған еңбегін жіберіп, сол еңбекті басып шығаруда көмек сұрайды. Ғалымның өз сөзімен жазсақ: «Представляя теперь настоящий учебник к Вам, добрейший Николай Иванович, по совету, между прочим и г. Попечителя Оренбургского учебного округа, осмеливаюсь почтительнее просить не отказать своим посредничеством в напечатании его, так как мне не известны пути, по которым печатаются такие татарские книги (кажется, цензором некто – Готвальд) и не знаю также, сколько может требоваться денег на напечатание одной и двух тысяч экземпляров подобной книги, что я намерен принять на свой счет» [6].

Хаттан ұққанымыздай, ғалым араб әріптерімен жазылған кітаптарды қалай басып шығаруға болатыны жайлы хабары жоқ болды. Сол себепті білетін белді адамнан сұрап, нәтижесінде бұл кітапты 1884 жылы араб әріптерімен басып шығарады. Қазақтардың дұрыс дін заңдары ұстануына қатты алаңдаған ғалым баспа қаржысын да өз қалтасынан төледі. Халқының қамын ойлаған нағыз азамат болды. Яғни, сол кезде араб әріптерімен жазылған кітаптарды басып шығару оңай шаруалар қатарынан болмаған. «1879 жылы жазылған «Қазақ хрестоматиясы» орыс әрпінде жазылмағанда 1884 жылы жазылған «Мұсылманшылықтың тұтқасын» араб әріптерімен басып шығару мүмкін болмас па еді» деп те ой түйеміз. Ал 1889 жылы еңбек Қазан қаласында араб әрпімен қайта басылып шыққанының бір жағы баспа мәселесі шешімін тапқаннан болар деп топшылаймыз. Аталған еңбектерді негізге ала отырып, сол замандағы әліпбиді көру мақсатында қолданылған әріптерді қазіргі қолданыстағы әліпби әріптерімен сәйкестендіріп көрдік.

1-кесте. «Қазақ хрестоматиясы» мен «Мұсылманшылықтың тұтқасы» еңбектерінде қолданылған әріптердің қазіргі қолданыстағы кирил-қазақ әліпбиімен сәйкестендірілген әліпби нұсқалары

№	кирилл	Араб	орыс	№	кирилл	араб	орыс
1	А а)абзысаб зөс(ا ا	А	22	П п	ب	Б; П
2	Ә ә	ا		23	Р р	ر	Р
3	Б б	ب	Б	24	С с	س	С
4	В в	-		25	Т т	ط تة	Т
5	Г г	گ	Г	26	У у	و	У
6	Ғ ғ	ع غ	Г	27	Ұ ұ	و	У
7	Д д	د ض	Д	28	Ү ү	و	У
8	Е е	ي	Е; Э	29	Ф ф		-
9	Ё ё	-	-	30	Х х	خ ح	
10	Ж ж	ج	Ж	31	Ц ц	-	-
11	З з	ذ	З	32	Ч ч	-	-
12	И и	-	И	33	Ш ш	ش چ	Ш
13	Й й	ي ي	Й	34	Щ щ	-	-
14	К к	ك	К	35	Һ һ	ه	
15	Қ қ	ق	К	36	Ъ	-	-
16	Л л	ل	Л	37	Ы ы	ى	Ы
17	М м	م	М	38	І і	ى	И; У
18	Н н	ن	Н	39	Ь	-	-
19	Ң ң	نك	нґ	40	Э э	-	-
20	О о)абзысаб зөс(او و	О	41	Ю ю	-	-
21	Ө ө	و	О; У	42	Я я	-	Я

Көріп отырғанымыздай, араб әріптерімен жазылған еңбекте бір таяқша белгісі 1) сөз басындағы тіреу қызметін атқарып; 2) «а» дыбысын; 3) «ә» дыбысын білдірді. «Ғ», «д», «й»,

«х», «ш» екі түрлі әріппен таңбаланса, «т» үш түрлі таңбамен белгіленіп, кездесті. «Ұ», «ү», «о», «ө», «у» әріптерінің барлығы да бір таңбамен жазылды. Ал орыс әріптерімен жазылған еңбекте де «ұ», «ү», «о», «ө», «у» әріптері бір «у» таңбасымен жазылды. Кей тұстарда «і» әріпін орнына да қолданылған. «Е» әрпі «е, э»-мен де берілген екен. «П» әрпін «б, п»-мен таңбалау да сол кезден болғанын көрсетеді.

Ғұлама қазақ сөздерін орыс әріптерін жазғанда араб әрпімен жазылған кездегі ұстанымнан алшақтамаған. Ғалым қазақ әліпбиін жасаған жоқ, қолданыстағы араб әріптерін орыс әріптеріне алмастырды. Бір әріппен бірнеше дыбысты таңбалау мәселесі шешілмеді. Бұдан ғалымның мақсаты – қазақ тіліне арнап әліпби құрастыру емес, араб әрпін болсын, орыс әрпін болсын пайдаланып, халқына білім беру болғаны нақтылана түседі. Ал ғалымның қазақ жазуын орыс әліпбиіне ауыстыруға қатысты көзқарасына мақаланың басында тоқталып өттік.

Ғалым танымдық әңгімелерден тұратын «Қазақ хрестоматиясы» мен «халықты діни фанатизмнен құтқаруға септігін тигізеді» деп үміттеніп жазған ислам дінін дұрыс түсіндіретін «Мұсылманшылықтың тұтқасы» және қазақ балаларына орыс тілін үйретуге арналған кітабынан бөлек баспа ісінде де еңбек етті. Б. Әбілқасымов, Х. Мадановтың «Ыбырай Алтынсариннің қазақша газет шығару жөніндегі ұсынысы» [7] атты мақаласынан ғалымның Орынборда қазақ жұртына таралып отыратын қазақ газетін шығаруды қалағанын әрі оның үлгісін жасағанынан хабардар боламыз. Бұл ұсынысты Орынбор генерал-губернаторы Н.А. Крижановский қолдап, 1879 жылы 11 желтоқсанда Ішкі істер министріне орыс графикасымен ана тілінде газет шығару қазақтар арасында сауаттылықты арттырып, ағарту ісі жөнге келіп, үкімет шаруаларын тез атқаруға мүмкіндік беретіні туралы хат жазады. Хатқа «господин Министр внутренних дел не изволил изъявить согласие на издание проектированной Вами газеты для киргизских степей» [7] деген жауап алған екен. Өкінішке қарай газет шығаруға рұқсат алмаса да, ғалымның жасаған жобасы ғалым еңбегінің көрсеткіші болып қалды.

Ғалым газетті «Қазақ газеті», орысшасы «Киргизская газета» деп атайды. Газет 4 бет қазақ тілінде және 4 бет орыс тіліндегі аудармасынан тұратын 45x35 форматта болған. Газет нөмірінде «1880 жыл. Ақпан айы. №1» деп көрсетіліп, төрт бөлімнен тұрған. Бірінші бөлімінде «Өнерлі өрге жүзеді» деген бұрынғылардан қалған сөз бар екен» деп бастап, қазақтың көшпенді халық болып келіп, өзге халықтан ісі кем тартып тұрғанын жазып, халқын білімді, сауатты, өнерлі болуға шықырып, мәдениеті жоғары елдерден болғанын қалайтынын білдіреді. Бұл да – ғалымның өз халқын даму жолына салуға аянбай ұмтылғанының айқын көрінісі.

Қазақ жазушысы Мұхтар Әуезовтың «Ыбырай Алтынсарин – қазақ мәдениетінің зор қайраткері» атты мақаласының атауының өзі ғалым атының мәдениет ұғымымен егіздей екенін көрсететіндей. Мақалада жазушы қазақтың алғашқы ғұлама-ғалымдары Шоқан, Ыбырай және Абай жайлы жаза келе, «Бұл үшеуі – заманында надандық түнегі басқан қараңғы сахарадан шыққан алғашқы елшілер, алғашқы ізденушілер еді» [7], – деп қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шыққан алғашқы күндерге жоғары баға береді. Жазушы Ыбырай Алтынсарыұлының жаңа үлгідегі ақын, «бұратана» елдер үшін мектеп ашқан, оқу құралдарын жазған ағартушы екенін жаза келе: «Қазақтың ең алғашқы мәдениетті мектебін жасаумен қатар, жазушылық пен оқытушылықты ол аса шебер өнерлі түрде қабыстырушы» [7], – деп ғұламаның ерен еңбегін жеткізеді.

Ыбырай Алтынсарыұлының, бір жағынан ақын, екінші жағынан, халық ағарту майданында қызметте болғанын айта келе Сәкен Сейфуллин: «Ең бірінші рет қазақтың ана тілінде оқу құралын жазған, және сол ана тілінде қазақ баласын оқытқан ең алғашқы тұңғыш оқытушысы болған» [9], – деп ғұламаның қазақ әдебиетін Еуропа жолына, яғни өнер жолына бұрып бастаған тұңғыш жаңашыл суретші ақын екенін жазады.

«Оренбургский листок» газетінің 1884 жылы 26 наурыздағы №15 санында жарық көрген «О значении Алтынсарина для киргизов в литературном отношении» деп аталатын Торғай облысының қазақтарының мақаласында Ыбырай Алтынсарыұлын қазақтардың аса құрметпен, еңбектерін жоғары бағалайтынын жазып, бір жағы рецензия ретінде қабылдауға болатынын ескертеді. Осы қысқа мақалада «В эго лице мы впервые находим героя, прямо восставшего

против фанатизма и невежества, заставляющего киргизов просвещаться, вступать в новую жизнь» [7], – деп, сол кездегі халықтың дінге деген фанатизмнің болғанын, ал халыққа жаһандануға өмірлік білім мен ғылым қажет екенін түсініп, осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген Ыбырай Алтынсарыұлын қаһарманға балайды.

Ағартушы-ғалым В.В. Григорьевке 1884 жылы 4 ақпанда жазған хатында ауырып жүргенін жаза отырып: «Желал бы послужить для дела еще хоть лет пять, но как разсудить Бог», [10] – деп жазғанынан денсаулығының тым нашарлағанын ұғамыз. Соған қарамастан халқына тым болмағанда тағы бес жыл қызмет еткісі келетінін білу халқы қойған *қаһарман* атағына әбден лайық екенінің айғағы болса керек. Айтқанындай ғалым халқына тағы 5 жыл қызметте болып, 1889 жылы 17 шілдеде мәңгілік өмірге аттанды.

Ағартушы-ғалым 1884 жылы 30 қыркүйекте жазған бір сөзінде «Трудна борьба со злом, путившим уже глубокие в киргизком (казахском) народе татарскими нашими профессорами, но еще труднее и опасно иметь дело с административными властями, готовыми из за простого даже каприза погубить честного человека...» [6] (30 қыркүйек, 1884), – деп жазады. Бұл бір сөйлемнен сол кездегі жағдайдың қандай болғанын көруге болады. Бір жағы, қазақ «қанына сіңіп» кеткен татар идеологиясы тұрса, екінші жақтан, орыс билігінің қыспағы тағы бар. Осындай қиын жағдайда жүріп, қазақты сауаттандыруда ерен еңбек етіп, кітаптар жазып, мектептер ашып, ақтық демі шыққанша осы жолда қызмет еткен Ыбырай Алтынсарыұлына қазіргі ұрпақ көп қарыздар.

«Білімге аз уақыт бөлсең, саған ештеңе бермейді, көп уақыт бөлсең, білім саған кішкене бөлігін береді» деген шығыс ғалымдарының сөзі бар. Ыбырай Алтынсарыұлы – білім мен халыққа қызмет етуге бүкіл ғұмырын арнаған ғұлама! «Хрестоматиясының» сөз басында жазғандай, кітаптары ізсіз қалмады. «Осы күні халқымыз өз тіліндегі ғылыми оқу құралына аса сусап отыр. Пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға шамамыз келгенінше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» [11], – деп жазып кеткен сөзі қазіргі таңның өзінде өзектілігі мен салмағын жоғалтпағаны анық. Ғалым қазақ халқын білімді, өркениетті елдер қатарына қосамын деген ұлы мақсатын орындау жолында грамматология саласы қарастыратын мәселелерден де осылайша алшақ қалып қоймады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Gelb I. J. A study of writing, revised edition, the University of Chicago Press, 1963. – 343 p.
2. Friedrich Ballhorn. Grammatography: A Manual of Reference to the Alphabets of Ancient and Modern Languages. – London, 1861.
3. Әл-Фараби Философиялық трактаттар. Қазақ ССР-нің «» баспасы, Алматы: Ғылым, 1973.
4. Ильминский Н. И. Воспоминания об И.А. Алтынсарине [Письма и бумаги И.А. Алтынсарина]. – Казань, 1891. – 396 с.
5. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1860. – С.130-211.
6. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. – Казан, 1884.
7. Құрманбаев Асылқожа Қазақ тілі турасынан // ДУГ. – 1894. №27. 10 июль // Әдеби нұсқалар. – Алматы, 1989. – 1-кітап. – 543-548-б.
8. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы: Білім, 2007. – 2-басылым. – 112 б.
9. Алтынсарыұлы Ыбырай Өлеңдер жинағы. Жинаған: Сайполлаұлы Сәкен. – Алматы, 1935.
10. Сәбит Шілдебай Қазақ атауы қалай қалпына келтірілді?
<https://egemen.kz/article/230707-qazaq-atauy-qalay-qalpyuna-keltirildi>
11. Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия. – Первая книга. – Оренбург, 1879.

Каспихан Б.
филология ғылымдарының магистрі,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗУЫНЫҢ ГЕНЕЗИСІ А. АМАНЖОЛОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

Көне түркі жазуының шығу тегі туралы алғашқы ойлар көне түркі ескерткіштері табыла бастаған кезден басталады. Көне түркі жазуының генезисі туралы түркітану ғылымының әрбір кезеңінде айтылған пікірлерді шартты түрде екі топқа топтастыруға болады: 1) экзогенді жолмен, өзге шет ел әліпбиілері негізінде пайда болған; 2) эндогенді жолмен, яғни пиктографиялық, идеографиялық таңбалар негізіндегі төл жазу. «Өзге халықтардың әліпбилерінің негізінде пайда болған» деген пікірді В.Томсен, О.Доннер, Ф.Альтхайм, Дж. Клосон және т.б. ғалымдар қолдаса, «эндогенді жолмен пайда болған» деген пікірді Н.А.Аристов, А. Дж. Эмре, И.А.Батманов және т.б. ғалымдар қолдайды.

И.Тасмағамбетов «Зримый образ великой культуры» атты баяндамасында көне түркі ескерткіштерін зерттеуді алты кезеңге бөледі: 1. руникалық мәтіндер зерттеле басталған XVII-XVIII ғасырлар; 2. руникалық жазудың оқылуын ашу үшін материалдар жинала басталған XIX ғасырдың басы; 3. руникалық жазудың оқылуын ашу 1889 жылда бастап; 4. 1909 жылдан басталады; 5. соғысқа дейінгі кезеңде Кеңес одағында көне түркі ескерткіштерін зерттеу; 6. соғыстан кейінгі кезеңдегі зерттелуі [1,19-б.]. Иманғали Тасмағамбетовтің хронологиялық тәртіпте шартты түрде бөлген осы алты кезеңде де көне түркі әліпбиінің шығу тегі басты тақырыптардың бірі болған. Руникалық ескерткіштер зерттеле бастаған XVII-XVIII ғасырлардағы алғашқы кезеңінде руналық жазудың кімдердікі екені туралы, қайдан шыққаны туралы алғашқы пікірлер айтылды. Сібірді алғашқы зерттеушілердің бірі – Д.Г.Мессершмидт Енисей бойынан кездестірген руникалық ескерткіштерді солтүстік-батыс Еуропадағы эпиграфикалық ескерткіштермен байланыстырып, жазбалардың шығу тегін кельт, готтармен байланыстырады. Бұл пікірге Т.Байер де қосылады. П.С.Паллас XVIII ғасырдың 70-жылдары Енисей бойындағы жазба ескерткіштерді осы өңірде көне заманда готтар мекендеген деп, ескерткіштерді готтармен байланыстырады [2, 6-б.].

1818 жылғы Г.Спасскийдің «Записки о сибирских древностях» еңбегінен басталатын екінші кезеңде Ж.П.Абель-Ремюза руникалық ескерткіштерді алғаш рет түркілермен байланыстырады, ғалым көне түркі жазуын үйсіндер ойлап тапқанын, ескерткіштердің түркілердікі, оның ішінде Енисей қырғыздарының екенін айтады. Г.И.Спасский руникалық жазуды «моңғол немесе қалмақ тектес» деп есептесе, Роммель грек-гот әліпбилерімен байланысын айтады. Ю.Клапрот жазудың түркі тілінде екенін есептеп, шығу тегін көне грек әліпбилерімен байланыстырады. 1857 жылы Г.И.Спасский руникалық жазулардың шығу тегін славяндармен байланыстырады, М.А.Кастрен де бұл пікірге қосылады. Кейін келе Спасский өзі ұсынған гипотезасына күмәнмен қарап, жекелеген таңбалардың «сібір тайпаларының» рулық таңбаларымен сәйкестігіне назар аударады. Бұл ұқсастыққа А.Вамбери де назар аударған. А.А.Шифнер руникалық жазудың шығу тегін рулық таңбалармен байланыстырады.

Үшінші кезең жаңалықтарға толы болады. 1887-1890 жылдары руникалық жазудың шығу тегін угор-финдердің эпиграфикаларымен байланыстырып, фин ғалымдары Оңтүстік Сібір мен Моңғолиядағы ескерткіштерді іздеп, зерттейді. Осы кезеңде үлкен ескерткіштердегі қытай мәтіндерінің оқылуының арқасында ескерткіштердің түркілерге тиесілі екені анықталады. 1893 жылы 15 желтоқсанда дат ғалымы В.Томсен көне түркі жазуының құпиясын ашып, *Тәңірі*, *түрк* сөздерін оқиды. 1894 жылы Радлов Күлтегін ескерткішінің алғашқы аудармасын жариялайды. В.Томсен көне түркі жазуы арамей (парсы-арамей және арамей-соғды) әріптік жазуынан шыққанын айтады. Төртінші кезеңде 1906 жылы А.Стейн тапқан соғды құжаттары негізінде Р.Готью «көне соғды жазуы көне түркі руникалық жазуының прототипі, моделі болған» деген соғдылық теорияны алғаш рет ұсынады. 1929 жылы

Е.Д.Поливановтың «Идеографический мотив в формации Орхонского алфавита» атты мақаласы жарық көреді. Бұл туралы Д.Д.Васильев «В 1929 г. появилась очень краткая статья Е.Д.Поливанова, которая содержала совершенно новую гипотезу о возможном происхождении нескольких знаков тюркской руники. Гипотеза его сводилась в основном к следующему: 1) алфавит был создан в тюркоязычной среде и поэтому, учитывает грамматический строй тюркских языков и принципы сингармонизма; 2) алфавит был создан значительно ранее того времени, когда функционировал язык, зафиксированный в памятниках; доказательством этому являются орфографические перебои; 3) письмо создано при сильном влиянии западных алфавитов – арамейского, согдийского, пехлевийского; 4) только в орхонских надписях Монголии можно проследить влияние китайской письменности[^]?. Кроме того, автор статьи предложил идеографическое решение для трех знаков алфавита, которые являлись местными пиктограммами, соответствовавшими в алфавите инициалу изображаемого предмета», – деп жазады [2, 8-б.].

Бесінші кезеңде Е.Д.Поливанов пікірімен қатар С.Е.Маловтың іргелі еңбектерімен жалғасқан соғдылық шығу тегі туралы пікірді қолдаушылар артады. Соғыстан кейінгі жылдардан басталатын алтыншы кезеңде С.Г.Кляшторный көне түркі ескерткіштерінің шығу тегін соғды жазуымен байланыстырады, 1970 жылы ағылшын ғалымы Дж.Клосон «түркі жазуының түпнегізі ирантекес», – дейді, 1978 жылы В.А.Лившиц те көне түркі жазуының генезисін иран тілдерімен байланыстырады. Осы жылы А.С.Аманжолов «К генезису тюркских рун» мақаласында қазақ даласындағы эпиграфикалық материалдарды негізге ала отырып, көне түркі әліпбиінің шығу тегін Жерорта теңізінің бойындағы көне әліпбилерімен байланыстарын ескере отырып, б.з.д. III-II мыңжылдықтардағы логографиялық немесе әліпбилік жазудан шыққанын айтады.

Көне түркі жазуының шығу тегі туралы пікірлердің әр кезеңдегі жағдайына шолу жасадық. Ендігі кезекте экзогенді және эндогенді бағыттағы пікірлерді жүйелеп, талдау жасап көрейік. Көне түркі жазуының экзогенді шығу тегі туралы бағытты ұстанған ғалымдардың кельт, готтармен байланыстырған, ескі славян жазуларымен байланыстырған пікірлері баянсыз болды, тек иран-соғдылық шығу тегі туралы пікірі В.Томсеннен бастап бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Көне түркі жазуының «кілтін» тапқан ғалым В.Томсен арамей әліпбиіне, оның ішінде пехлеви (парсы-арамей) әліпбиімен байланыстырады. В.Томсеннің бұл пікірі туралы Алтай Сәрсенұлы «Гипотеза В.Томсена об арамейской (арамейско-пехлевийской и арамейско-согдийской) основе тюркского рунического алфавита построена на весьма далеких аналогиях для некоторых (около половины) знаков орхонского алфавита. Заметим сразу, что тюркские руны обнаруживают гораздо большее сходство с древними финикийско-арамейскими буквами, отнюдь не с пехлевийскими и согдийскими К сожалению, не критическое отношение к гипотезе В. Томсена наблюдается и поныне», – деп жазады [3, 293-б.].

Ағылшын ғалымы Джерард Клосон «The Origin of the Turkish «Runic» alphabet» атты еңбегінде көне түркі жазуының шығу тегі туралы өз болжамдарын ұсынады. Ғалымның ойынша, көне түркі әліпбиі Истеми қағанның бұйрығымен VI ғасырда жасалған. Дж. Клосон: «То, что было сделано по приказу Истеми, было, конечно, более значительным, чем просто создание способа тюркского письма. Он приказал секретарю, который должен был вести его корреспонденцию, обучить, что было наиболее важным, его чиновников читать и писать», – деп жазады [4, 139-б.]. Ғалымның гипотезасы «Түрік қағаны 567 жылы соғдылық Маниах есімімен аталған елшіні Византияға жіберген, алыс елге елші жіберсе, хат-хабар алысу үшін жазу болған, яғни осы тұста ғана қаған жарлығымен жазу шыққан» деген дүдәмал жорамалға ғана құрылған. Алайда көне түркі әліпбиінің Естеми қағанның бұйрығымен жасалғаны туралы көне түркі ескерткіштерінің мәтіндерінде де, қытай жазбаларында да дерек кездеспейді. Дж. Клосон: «Я полагаю, что у создателя алфавита, когда он оказался в этом затруднительном положении, возникла блестящая идея дополнить несовершенный иранский алфавит путем введения нескольких добавочных букв, взятых из греческого алфавита в одной из двух его форм – эфталитской или византийской. Ему пришлось бы иметь дело не только с той

трудностью, о которой только что шла речь, но и добавить в алфавит существенный криптографический элемент», – деп, әліпби жасаушыға өзге халықтар оқи алмайтындай криптографиялық элементтер қосуды бұйырғандығын айтады. Сонымен қатар ғалым кейбір грек әліпбиінің таңбаларын оңнан солға қарай аударған, әліпби таңбалары симметриялы болу үшін әрі криптографиялық мақсатта кейбір әріптердің түрін өзгерткен дейді [4, 142-143-б.].

Ағылшын ғалымы көне түркі әліпбиі иран әліпбиінің негізінде жасалған, грек әліпбиінен таңбаларды қосқан және түріктер «Кроме того, алфавит был реконструирован полностью с целью придать ему симметрию и, тем самым, избежать опасности сделать его похожим на оригиналы», – деп таңбаларға өзгерістер енгізген», – дейді [4, 152-б.]. Дж. Клосонның бұл пікірінен еуропалық ғалымдарға тән «түркілер немесе «варварлардың» өздігінен әліпби жасауға шамасы келмеген, ираннан, гректен ұрлаған» деген еуроцентристік көзқарасын байқау қиын емес. Бұл туралы Алтай Сәрсенұлы «Ссылка на вымышленного «изобретателя» свидетельствует о несерьезном подходе Дж. Клосона к нерешенной проблеме. В сущности, это – попытка отстраниться от изучения исторического развития и естественных генетических связей тюркского рунического алфавита, неоднородного в своих локальных разновидностях», – деп жазады [3, 295-б.].

А.М. Щербак 2001 жылы шыққан «Тюркская руника» еңбегінде көне түркі жазуының шығу тегі туралы нақты пікір ұсынбағанмен, Дж.Клосон ұсынған бағыт бойынша түркі руникасын кімнің, қашан жасағанына мән беру керектігін айтады, сонымен қатар көне түркі жазуының шығу тегін соғды жазуымен байланыстырады [5, 41-52-б.]. Иранист ғалым В.А.Лившиц көне түркі жазуының шығу тегін соғды жазуымен байланыстыратын Р.Готьюдің пікірін толықтырады. В.А. Лившиц көне түркі жазуының пайда болған уақыты туралы Дж.Клосон ұсынған «VI ғасырдың ортасы» деген пікірге қосылмай: «В любом случае отсутствие древнетюркской версии на Бугутской стеле логичнее всего объяснить тем, что в последней четверти VI века рунического письма еще не существовало», –деп жазады [6, 93-б.]. Ғалым соғды алфавитінің көне түркі жазуына прототип болғанын, әліпбидің ұзақ кезеңдердегі өзгерістен емес, біруақытта жасалғандығын айтады: «Исходными прототипами для подавляющего большинства рун послужили скорее всего буквы согдийского курсивного письма, известного по памятникам уже с V-VI веков – именно такое письмо выступает в Бугутской надписи. Согдийский алфавит, использованный при создании руники, содержал 22 буквы – 19 букв, известных по «Старым письмам» и другим памятникам, и еще 3, впервые представленные в согдийской азбуке, обнаруженной при раскопках городища Пенджикент, – **d, t, q**; эти буквы могли употребляться в согдийском письме только в арамейских идеограммах, однако ничто не препятствовало их использованию, наряду с другими согдийскими буквами, в качестве прототипов для создания рунических знаков. Творцы руники могли использовать и зеркальные изображения графических прототипов, а также изменения направлений составляющих их линий; в нескольких случаях разные рунические знаки могли быть созданы из позиционных вариантов одних и тех же согдийских букв» [6, 93-б.].

Көне түркі жазуының соғдылық шығу тегі туралы бағытты тарихшы ғалым С.Г.Кляшторный да қолдап: «Таким образом, установлено, что сама идея буквенного письма и его образец, послуживший моделью древнетюркского рунического алфавита, заимствованы тюрками у своих западных соседей – ираноязычных народов Средней Азии, пользовавшихся алфавитами арамейского происхождения. Наиболее вероятным источником заимствования является согдийский алфавит, точнее, та разновидность согдийского письма, которой написаны «старые согдийские письма» из Дуньхуана», – деп жазады [7, 47-б.]. Осы пікірде «Орта Азияны мекендеген ежелгі тайпалар ирантілдес болды» деп есептейтін еуроцентристік көзқарасты кездестіреміз. С.Г.Кляшторный соғды әліпбиі көне түркі әліпбиін жасауда бірнеше өзгерістерге ұшырағанын айтып, оны санамалап көрсетеді: «а) курсивное написание отдельных знаков было заменено отдельным написанием; б) под влиянием форм существовавших у тюрков родовых знаков (тамг), и идеографических символов, а также, возможно, под воздействием фактуры (камень, дерево, металл) плавные закругленные

начертания согдийских букв были заменены геометризованными начертаниями; в) поскольку фонетические системы согдийского и тюркского языков различны, не все знаки согдийского алфавита были восприняты, а фонетическая символика рунических знаков не всегда совпадает с фонематической символикой сходных согдийских букв; вместе с тем рунический алфавит был обогащен новыми, отсутствующими в согдийском письме знаками, частью идеографического, частью буквенного характера» [7, 47-б.].

Тарихшы ғалым соңғы жылдары шыққан еңбектерінде: «Таким образом, рисуночный фонд, который в последующем был использован тюрками для создания собственной письменной системы (если удастся установить преемственность между знаками сако-юэчжийского письма, отраженного обоими названными памятниками (Есік қорғанынан табылған жазу мен Ауғанстанның Дашт-е Навур жерінен табылған жазу – К.Б.), и дономативными вариантами тюркской руники) может оказаться достаточно древним (порядка тысячелетия или несколько более)» деп, Есік қорғанынан табылған күміс тостағандағы жазудың көне түркі жазуымен байланысы толық дәлелденетін болса, жазудың пайда болған кезеңі мыңжылдықтарға одан бұрынға баратынын айтады [8, 235-б.].

Көне түркі ескерткіштерінің эндогенді шығу тегі туралы пікір білдірген ғалымдар жергілікті ру-тайпаларының таңбаларынан, пиктографиялық, идеографиялық таңбалардан шықты деген ұстанымды ұстайды. Тарихшы ғалым Н.А.Аристов қазақ халқының көптеген ру-тайпаларының таңбаларының көне түркі әліпбиіндегі таңбалармен ұқсастығы жөнінде: «Сличение тюркского алфавита орхонских надписей не оставляет, кажется, сомнения, что большая часть его букв суть тамги, поныне существующие в киргиз-казацких родах. Так, если ограничиться даже теми формами, какие имеют употребленные В.В.Радловым для напечатания надписи на памятнике Кюль-тегина знаки тюркского алфавита, то окажется, что 29 из 38 знаков тюрко-орхонского алфавита сходны с ныне существующими родовыми тамгами или близки к ним, причем некоторые знаки представляют собою одну и ту же тамгу, только в разных положениях; остальные 9 знаков, по формам своим, могли иметь происхождение также от тамг, хотя именно таких изображений в числе ныне известных тюркских и вообще урало-алтайских родовых тамг пока не встречается», – деп жазады [9, 33-б.]. Сонымен қатар ғалым: «Во всяком случае, если названия некоторых тамг (как, напр., кульджа-тамга для одной из форм буквы к) или имена родов, которым они принадлежали, соответствовали своими начальными звуками звуковому значению вошедших в алфавит знаков – тамг, это отнюдь не было общим правилом, ибо некоторые тамги употреблены в этом алфавите для означения нескольких звуков, отличаясь только своим положением, тогда как тамга, в каком бы положении на животное не накладывалась, названия и значения своего не изменяла», – деп, кейбір таңбалардың өз тиесілі ру атауының бастапқы дыбысы әліпбиде сол дыбысқа сәйкес келетініне назар аударады [9, 36-б.].

«Көне түркі әліпбиіндегі кейбір таңбалардың идеографиялық негізі бар», – деп В.Томсен мен Е.Д.Поливанов та есептегенін айта кеткен жөн. Алтай Сәрсенұлы екі дыбыс тіркесіп келіп, бір таңба арқылы берілетін **lt**, **rt**, **nt** таңбалары туралы: «Пока трудно сказать, в какой степени тюркские руны обязаны своим происхождением идеограммам (точнее, изобразительным логограммам), ибо их палеография все еще недостаточно изучена. Тем не менее, есть достаточные основания предполагать, что специфичные рунические знаки w_{lt} , V_{rt} , O_{nt} непосредственно восходят к добуквенному письму», – деп жазады [3, 295-б.].

Алтай Сәрсенұлы көне түркі жазуының Жерорта теңізінің бойындағы көне әліпбилерге ұқсастығы туралы: «Богатый арсенал графических знаков тюркской руники мог быть выработан только за длительный период развития. Эти буквенные знаки, конечно, не собирались по-отдельности из ранних алфавитов Средиземноморья. Вряд ли можно считать ранние семитские, древнегреческие, италийские и матазпийские аналогии в этом алфавите прямыми заимствованиями, ибо существовал, по-видимому, древнейший общин источник алфавитного письма», – дей келе «бұл жазулардың ортақ түпнегізі б.з.д. III-II мың-

жылдықтарда ежелгі логографикалық немесе әліпбилік жүйе болған» деген пікір білдіреді [3, 303-б.].

Алтай Аманжолов кейбір таңбалардың таза түркілік логограммалардан шыққанын айтып, олардың прототиптері туралы: «Предполагаемые прототипы изобразительные логограммы *alt* «низ. нижняя часть», *art* «нагорье, гора; горный перевал», *ant~and* «клятва, присяга» (изображение черепа) или *andiŋ* «обод (сита, решета)», *enč* «часть имущества, личная доля отделяемых сыновей» (изображение унин, вогнутых жердей куполы юрты). Генетическая связь орхонского знака для *ñ (nj)* с орхоно-енисейскими знаками для *nč* подтверждается древним фонетическим соответствием *ñ (nj)~nč*», – дейді [3, 307-б.].

Алтай Сәрсенұлының ғылымдағы ғұмырындағы барлық зерттеулері фонетика саласынан бастап, көне түркі ескерткіштеріндегі синтаксистік байланыстар, қазақ даласындағы эпиграфикалық ескерткіштер, еліміздің түкпір-түкпіріндегі жартастағы бабалар қашап кеткен петроглифтерді, пиктографикалық, идеографикалық суреттерді зерттеуі көне түркі жазуының генезисі туралы батыл пікір білдіруіне алып келді. Ғалым қазақ даласында өмір сүрген ежелгі ғұндардан бастап, сақ, үйсін тайпаларының түркі тілінде сөйлегенін жазды, оны табылған археологиялық материалдармен дәлелдеді. Кезінде ғұлама ғалым Ә.Марғұлан да Сиратори, Хирт сияқты белгілі ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасай отырып, ғұндардың түрік тілінде сөйлегенін жазған еді. Атақты ғалым көне түркі жазуының төл жазу екенін, оларды тасқа түсіріп жазатындарды халықтың *бітікші* деп атайтынын, көне заманнан бастап қазақ хандығына дейінгі аралықта тасқа таңба қашап, жазу түсіріп жүретін бітікші абыз-бақыслар болғанын айтады.

Әлкей Хақанұлы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының қолжазбаларына сілтеме жасай отырып: «Қазақ шежіресінің көрсетуінше, XVI-XVII ғасырдағы ұлы бітікшілердің ең атақтысының бірі – Мәстек абыз, Аққозының баласы Сапақ абыз, екеуі де Сүйіндіктен, Сапақ – үлкен бақсы, екі тұлымын белінен салбыратып, тау-тасты кезіп, тасқа жазу түсіріп жүрген. Жаяу жүруге еш уақытта шаршамайды, ат пен түйенің жүгіруінен қалыспай, боздатып отыратын болған. Сондай атақты бітікшілер Алтайда, Ертіс бойында қоныстайтын Қыпшақ, Бәсентиин, Найман, Керей, Уақ (Үңгіт) ортасында көп болған, олардың ішінен ел аузында сақталып қалғандары – бәсентиин Өтеміс абыз, Танаш абыз, Мұрат Баубек абыз, уақтардың көп абыздары», – деп, А. фон Габэнге сілтеме жасай отырып: «Жетісу бақысларының (бітікші) сүйген ісі тасқа, ағашқа, сүйекке, теріге, киізге (киіз кітап) жазу түсіріп отыруды өзгеше әдет қылған – Жетісу, Тарбағатай, Алтай тауларының ортасында Сары бақсы, Сыншы бақсы, Шашты бақсы, Қызыл бақсы», – деп жазады [10, 224-225-б.].

Алтай Сәрсенұлы «Для решения проблемы происхождения тюркского рунического алфавита важное значение приобретает гипотеза о древнейшей генетической общности тюркских языков с индоевропейскими» деген пікір білдіреді [3, 312-б.]. Ғалымның бұл пікірін өз кезегімізде жалпы тіл білімі тарихындағы В.М.Иллич-Свитычтың ностратикалық теория бойынша жазған құнды еңбегімен сабақтастыра аламыз. Сондай-ақ соңғы кезде А.К.Нарымбаева-Уалиева «Письмо и религия тюрков» атты кітабында Алтай Аманжолов ұсынған пікірді дамытып, Алтайдан шыққан көне көшпенділердің арқасында бүкіл әлемдегі өркениеттің дамығанын, ат үстінде көшіп жүріп, өзге жерді барып паналап, әліпбиін қалдырып, өзі бөлек дамығанын, осылай жүріп әлемдегі көне әліпбилердің түркі әліпбиінен шыққанын, әлемдік дәстүрлі діндердің тәңірлік діннің бұтақтары екенін жазады.

Қалай десек те әлемдік өркениетке өлшеусіз үлес қосқан көне түркілерді этногенез, мәдени байланыс, тіл білімі тұрғысынан еуропацентристік көзқараспен өзгелерден өздерін биік қойып, тіл мен тарихты бұрмалағысы келген еуропа халықтарымен жан-жақты салыстырып зерттеу – А.Сәрсенұлы айтқандай, адамзат баласының алғашқы жазуының қайдан, қалай шыққанын анықтауға әкелетін жол. Осы тұста әлем ғалымдары «адамзат жазуының көне түрлерінің бірі» деп есептейтін Қос өзен бойындағы шумерлердің таңбаларын көне түркі тілімен салыстыра зерттеп, Ф.Хоммел ұсынған теорияны дамытып, алғаш рет 1974 жылы Берлиндегі халықаралық конференцияда баяндама жасаған Алтай Сәрсенұлы екенін айта кету керек.

Ғалым көне шумерліктер мен көне түркі тілінің арасында жиырмадан астам лексикалық сәйкестікті тауып, шумерліктердің ол жаққа қоныс аудармай тұрғандағы тілдік жағдайынан хабардар етеді. Ғалым *DINGIR – täñri*, *DUMU – tun (тұңғыш)*, *DUG – iduq*, *UTU – üti*, *EGIR – edär (ep, ep-тұрман)*, *BARAG – barq*, *TAG – teg* сияқты жиырмадан астам сәйкестіктерді көрсетіп, дәлелдейді. Сонымен қатар ғалымның *шумер-кемер* сөздерінің сәйкестіктері туралы ойлары да құнды.

Алтай Сәрсенұлы шумерлік-түркілік сәйкестіктерді көрсете отырып: «Принципиальные фонетические закономерности тюркских языков, благодаря этим соответствиям, предстают в исключительно сложной панораме развития от прототюркского языка или языкового состояния (некоторым образом письменные памятники рубежа IV-III тысячелетий до н. э. из Шумера, исключая памятники мертвого шумерского языка – священного языка семитов-вавилонян и ассирийцев вплоть до н. э.) – через древнетюркские диалекты к современным тюркским языкам. Систематический характер древнейших шумерских совпадений позволяет предположить, что какая-то часть прототюрков Центральной Азии продвинулась в Двуречье, обосновалась там и существенно повлияла на язык и, соответственно, на изобразительные логограммы протошумерских письменных памятников» деген қорытынды жасайды [3, 286-б.].

Алтай Аманжоловтың ұзақ жылдар бойы еткен еңбегінің нәтижесі болған көне түркі жазуының генезисі туралы теориясына белгілі ғалымдар жоғары баға береді. Белгілі ғалым, т.ғ.д. Л.Н.Гумилев: «Наиболее острым сюжетом является протест автора против общепринятого мнения о дате происхождения древнетюркского рунического алфавита – ок. V-VI вв. н.э. А.С.Аманжолов относит эту дату на 1000 лет назад, в эпоху, предшествовавшую образованию хуннской державы. Собственно, ради этого он и интерпретирует резы на бляхе как руны. Прав ли он? – сказать трудно, но пересмотр рабочих гипотез XIX в., укоренившихся в научной традиции на основании привычки, производить время от времени необходимо, иначе развитие науки остановится. В пользу мнения А.С. Аманжолова можно добавить, что у хуннов бытовала алфавитная письменность, которая до нас не дошла. так как хунны писали на нестойких материалах (коже, бересте и т.п.). Но судить каков был характер алфавита: прототюркский или какой-либо другой пока трудно. Во всяком случае гипотеза А.С. Аманжолова заслуживает внимания», – десе, С.А.Соколов: «В целом фундаментальное исследование А.С. Аманжолова является ценным вкладом в тюркскую эпиграфику, отличается творческой оригинальностью и является результатом многолетней плодотворной работы автора над избранной темой», – деп, іргелі зерттеу екенін баса көрсетеді [3, 346-б.].

Алтай Сәрсенұлы өмірлік көзқарасының қалыптасуына әсер еткен екі үлкен тұлғаның бірі ретінде есептеген ғұлама ғалым, академик Ә.Х.Марғұлан да А.Аманжоловтың еңбегіне «Исследование А. С. Аманжолова, подкрепляемое новейшим эпиграфическим материалом, объективно направлено против старой «арийской» (индоиранской) теории, отрицавшей автохтонность тюркоязычного населения Южной Сибири и Казахстана и всячески принижавшей культурные достижения древних тюркоязычных племен... Работа является образцом непредубежденного и творческого подхода к решению проблем истории древнетюркской письменности» деген баға береді [3, 347-б.].

Алтай Аманжоловтың көне түркі жазуының генезисі туралы теориясы – ғалымның ұзақ жылдар бойындағы ғылыми еңбегінің нәтижесі, бай ғылыми мұрасының дінгегі.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Тасмагамбетов И. Зримый образ великой культуры // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2001. – 17-26-б.
2. Васильев Д. Графический фонд памятников тюркской рунической письменности азиатского ареала. – М.: Наука, 1983. – 160 с.
3. Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2010. – 368 с.
4. Клосон Дж. Происхождение тюркского «рунического» письма // В кн.: Зарубежная тюркология. – Вып. 1. – М.: Наука, 1986. – С. 135-158.
5. Щербак А.М. Тюркская руника. – Санкт-Петербург: Наука, 2001. – 147 с.

6. Лившиц В.А. О происхождении древнетюркской рунической письменности // Советская тюркология. – 1978. – № 4. – С. 84-98.
7. Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М.: Наука, 1964.
8. Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятники рунического письма. – СПб.: Филологический факультет СПбГУ, 2003. – 560 с.
9. Аристов Н.А. Труды по истории и этническому составу тюркских племен. – Бишкек: Илим, 2003. – 460 с.
10. Марғұлан Ә. Шығармалары. – 13-том. – Алматы: Алатау, 2012. – 446 б.

Жандалиева Н., Абдрахманова Д.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің
2-курс магистранттары

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ СӨЙЛЕНІСТЕРІНДЕГІ А/Ы ДЫБЫС АЛМАСУЫНЫҢ СИПАТЫ

Қазақ халқының ауызекі сөйлеу тілінде дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке болып алмасуы жиі ұшырасатын болса, дауыстылардың өзара ашық, қысаң болып алмасуы да едәуір орын алады. Бұл құбылыс та халықтық тіліміздің дыбыс жүйесіндегі елеулі заңдылық. Ашық/қысаң болып алмасатын дыбыстар қазақ тілінде бірнеше жұпты (**а-ы, е-і, о-ұ, ө-ү**) құрайды. Бұлардың жалпы түркі тілдерінде кезігетін кездері де бар. Қазақ тілінің сөйленістерінде ашық, қысаң дауыстылардың алмасуы ішіндегі **а** мен **ы** дауыстыларының бірінің орнына бірі қолданылуына келейік. Қазақ тілінің ауызекі тілінде бұл құбылыстың **а/ы** мен **ы/а** түрлері бар. Тіліміздің сөйленістерінде жалпылай таралған құбылыс. Алмасудың бұл түрі қатысқан сөздер қай өңір қазағының тілінде болсын бар. Бұрынырақта бұл дыбыс алмасуы туралы ғалым С.Аманжолов оның оңтүстіктегі халық тіліне кең таралғанын айтқан болатын [1, 237-б.]. Алайда кейіннен жарияланған мәліметтерге қарағанда **а** орнына қысаң **ы**-ның айтылуы белгілі бір аумақты ғана мекендеген жергілікті халықтың тілінен басқа біраз аумақты қамтитыны байқалады. Диалектологиялық деректерге сүйенсек, құрамында **а/ы** алмасқан сөздер қай жердің қазағының тілінде де айтылады. Оңтүстік өңірге қарасты Шу бойы қазақтарының тілінде *тытын – топан, қысап – қасап, сынамыққа – сынамаққа, турысын айту – турасын айту, тайыз – таяз (тайаз), айырмысы – айырмасы, аз-мыз – аз-маз* сөздері кездеседі [2, 23-б.].

Қазақ тілінің шығыс сөйленістерінде осы алмасу мына сөздерге тән. Олар: *сыйықты – сияқты (сыйақты), арбы – арба, шонжыр – шонжар, сарқыншық – сарқыншақ, қажыма – қажама, қанжығы – қанжыға, дағдыр – дағдар, ажырыма – ажырама, қылжыңбас – қалжыңбас* тағы басқалар. Дыбыс алмасуының бұл түрі батыс өңір қазағының тілінде төмендегі сөздерде жиі әрі тұрақты қолданылады: *дыбыл – дабыл, қыпас – қапас, омақыс – омақас, туры – тура, ықтысын – ықтасын, ықпыл – ықпал, айқыра – айқара, сақыра – сақара, тыстау – тастау, жыназа – жаназа, мырдымсыз – мардымсыз* т.б. [3, 20-б.]. Бұл дыбыс алмасуы жоғарыда берілген сөздермен шектелмей, өзге сөздерді қамтуы әбден мүмкін. Мысалдарда **а/ы** алмасқан сөздердің таралу кеңістігі сөйленістердің осы үш тобымен байланысты. Жекелеп қарағанда ол елді мекендердің тізімі мынадай: Орал облысының Орда, Жәнібек аудандары (Орда сөйленісі), Ақтөбе облысының Байғанин және басқа аудандары, Маңғыстау, Қостанай облысы, Жамбыл облысы Қордай, Мойынқұм, Шу, Мерке, Рысқұлбеков (Луговой) ауданы, Шығыс Қазақстан облысының Семей, Өскемен өңірлері, Талдықорған маңының аудандары, Қазақстаннан тыс жерлердегі Қошағаш, Шыңжаң және Орынбор облысы, Өзбекстанның Тамды ауданындағы қазақтардың тілінде арагідік осы құбылыс ұшырасады.

Жоғарыдағы **а/ы** дыбыстары алмасқан сөздер сияқты бұл құбылыстың керісінше алмасуын бейнелейтін сөздер де әр жердің тұрғылықты халқының тілінде әр басқа. Яғни бұндай сөздердің әрқайсысының таралу географиясы бар. Бірақ осындай сөздердің ішінде кейбірінің тұтас бір өңірді қамтымағанымен, шашыраңқы түрде әр өңір қазақтарының тілінде кезігетін кезі де бар.

Мысалы, *айырмышы* вариантының Баянөлги, Аягөз, Күршім, Зайсан, Тарбағатай қазақтарымен бірге Шу алқабындағы тұрғындар тілінде, *тыстау* вариантының шығыс сөйленістеріне жататын Қошағаш, Большенарым, Ақсуат, Көкпекті, Аягөз аудандары мен Орда сөйленісінде, Қостанайда, Алматының Кеген, Нарынқол аудандарында қолданылуы байқалады. Және де Шу бойы мен Күршім, Зайсан, Тарбағатай, Моңғолия қазақтарының тілінде *аз-мыз – аз-маз* сөзінің, *туры – тура* Адамов, Бөрте аудандары (Орынбор облысы) және Шу сөйленісінде айтылуында сәйкестік барын көруге болады. Айтылған сөздердің ішінен кең көлемді қамтитыны – *таста* етістігінің қысаң нұсқасы. Мұның изоглоссасы қазақ жерінің шығысын, солтүстік, орталық, батыс өлкелерін түгелдей қамтиды. Ал керісінше бірқатар сөздердің географиясында мұндай ауқымдылық тіпті бола бермейді. Дәлірек айтқанда, құрамында **а/ы** дыбыстары алмасқан кейбір сөздер бірқатар қоныстармен шектеліп, өзге өңірлерде мүлдем айтылмайды десе болады. Жалпы халықтың сөйлеу тілінен келтірілген сөздердің бәрінде ашық **а** абсолют **ы**-ға айнала ма әлде **а** редуцияланып, көмескіленген **ы**-ға айнала ма?

Ертеректе жарияланған Ж.Досқараевтың Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандарындағы қазақтардың тіл өзгешеліктері жайындағы мақаласында «дыбыстық өзгешеліктердің ішінде де **а**-ның **ы** дыбысына ауысуы, **о**, **а** дыбыстарының алмасуы қазақтың әдеби тілінде, әсіресе төл сөздерінде байқалмайды», – деп баяндалады. Өз ойын автор бурят-моңғол тілінде, оның диалектісінде **а**, **і** дыбыстары бір-бірімен алмасатынын, ұйғыр тіліндегі **і** қазақ тілінің кейбір сөздеріндегі **а** дыбысына сәйкес келетінін дәлел ретінде ұстана отырып: «Диалектілік ерекшеліктердің жұмсалыуына көп заманнан бері көршілес тілдердің әсері де болуы мүмкін», – деп жорамалдайды [4, 41-42-б.].

Осыған қатысты дерек: көне моңғол тіліндегі «а» дыбысы сөздің кейінгі буындарында келгенде қазақ тіліндегі ашық «а» дыбысымен бірдей айтылып, сәйкесетінін келтіре кетуге болады. Алайда XIII ғасырдан кейінгі моңғол тілінде **а** көмескіленіп кеткен. Қазіргі моңғол тілінің жазу емлесінде «а» сақталып жазылғанымен, біріншіден кейінгі буындардағы көмескі «а» қазақ тіліндегі қысаң **ы** дыбысы секілді айтылады. Мысалы, қазақ тілімен ортақ сөздерде:

моңғол тілінде жазылуы:	айтылуы:	қазақша айтылуы:
<i>ажырақу</i> > <i>ажырах</i>	(<i>ажырық</i>)	<i>ажырау</i>
<i>асарақу</i> > <i>асрах</i>	(<i>асрық</i>)	<i>асырау</i>
<i>нагану</i> > <i>нагац</i>	(<i>нағыц</i>)	<i>нағашы</i>
<i>чолма</i> > <i>цолам</i>	(<i>цалым</i>)	<i>шалма</i>

Моңғол тілінің жазу емлесіндегі бұл дәстүрлі принцип Баянөлги қазақтарының тіліне болмаса да, ішкері жақтағы (Улан-Батор, Увсы, Налайх т.б.) қазақтардың тіліне біраз әсерін тигізген. Бұлардың тілінде моңғол тіліндегідей кейбір сөздердегі **а** дыбысының алғашқы буыннан кейінгі буындарда қысанданып дыбысталуы ептеп байқалады.

Моңғол тобына жататын өзге тілдерде де **а/ы** алмасуына ұқсас құбылыстар бар. Мәселен, қалмақ тілінде ашық **а** дыбысы мүлде түсіріліп қолданады. Тіліміздегі *көкқұтан*, *таяқ*, *арал* сияқты сөздер аталмыш тілде *көк хутн*, *тайг*, *арл* болып дыбысталып, екі дауыссыз арасына **ы** дыбысының қажет екені білініп тұрады. Қазақ, моңғол тілдеріндегідей алмасудың бұл түрінің өте әріден келе жатқан белгі екендігін корсету үшін М.Рясянен түрік тілдерінің дерегін орал-алтай тілдерінің дерегімен салыстырған еді [5, 55-б.].

Қазақ тілінің кейбір шығыс сөйленістеріндегі **а/ы** алмасуы жайында Ә.Нұрмағамбетов еңбегінен төмендегідей ой топшылауына кезігіміз: «Қазақстанның шығысы мен онымен шекаралас аудандардағы қазақтардың жергілікті тіл ерекшеліктеріндегі кездесетін бұл құбылысты екі түрлі себеппен түсіндіруге болады. Біріншіден, ертеректе пайда болған дыбыс сәйкестіктерінің ізі. Екіншіден, ол реликтілердің сақталуы – көрші отырған алтай халықтарының тілдік әсері. Мұны сол тілдің диалектілерінен немесе хакас тілдерінен көптеген мысалдар ұсына отырып дәлелдеу қиын емес» [3, 89-б.].

Әдеби тіліміздегі *қамшы*, *қарын*, *сап* сияқты сөздер алтай халықтарының бірқатарында *қымцы*, *қырын*, *сын* түрінде қолданылса, *арашала*, *қашар* сөздері хакас тілінде *арачылы*, *хазыра*

болып айтылады. **а/ы** сәйкестігі өзге түркі тілдерінде де байқалады. Ашық **а** орнына қысаң **ы**-ны шуаш, якут, тува тілдерінде жиі қолданылады. Тіліміздегі *алтын, бал, қанат* сөздері шуаш тілінде *ылттан, пыл, қынат* болып, *тарт, жат, қарын* сөздері тува тілінде *тырт, чыт, хырын* болып, *ай, ал* сөздері якут тілінде *ый, ыл* болып қысаң үлгіде айтылады. Сол сияқты шор тілінің өз ішінде белгілі бір сөздердің құрамында бұл дыбыстар бірде **а**, бірде **ы** болып айтылып өзара кезектесе қолданылады. Осы тәріздес **а, ы** дыбыстары арасындағы қарым-қатынасқа сүйеніп, Ф.Исхаков түркі тілдеріндегі **ы** дыбысы **а** фонемасынан редукциялану жолымен дамыған дыбыс болуы мүмкін деген жорамал жасайды [6, 98-б.].

Ашық **а** дыбысының қысаң **ы** дыбысына ауысуы аталған тілдерден басқа қарашай-балқар тілінің малқар диалектісінде, бірін-саран сөйленістерінде бар. Мысалы: *джайа* > *зыйа* (жебе, садақ жебесі), *тайакъ* > *тыйакъ* (таяқ), *тайан* > *тыйан* (таян, сүйен), *джайау* – *зыйау* (жаяу) т.б. Бұл жердегі **а**-ның **ы**-ға ауысып, қысаңдануы өзінен кейінгі (**а**-дан) келген **й** дыбысының ықпалынан. Осыған ұқсас заңдылық эзербайжан тілінде де кездеседі. Оны эзербайжан тілінің маманы М.Ш.Ширалиев былай түсіндіреді: «Нужно отметить, что явления **а>ы** в корнях слов встречается очень редко. Это явление наблюдается в основном при присоединении аффиксов, начинающихся с **й, к** словам с конечным гласным. Таким образом, широкий гласный (**а**) чередуется с узким (**ы**) под влиянием звука **й**» [7, 50-б.]. Өзгеріс (**а-ы**) қырғыз тілінің диалектілерінде (*азгъана/азгъына 'азган', чакъыр/чыкъыр 'шақыр', таишта/тыишта 'таишта'*), татар тілінің диалектілерінде (*алай/алый 'олай', болай/былай 'былай', шулай/шолый 'солай'*) кездесіп қалады.

Қазақ тілінің сөйленістерінде, керісінше, **ы** дыбысының орнына **а** қолданылатын (**ы/а** алмасуы) сөздердің көлемі алдыңғы құбылыспен салыстырғанда аздаған сөздерді қамтиды. Оның ішінде бүкіл бір аймаққа таралып, тұрақты қолданылып жүргендері онша көп емес. Дей тұрғанмен аз да болса құрамына осы фонетикалық белгі тән деген біраз сөздердің географиялық таралу шегін анықтауға әбден болады. **ы/а** алмасуы батыс, шығыс облыстардағы, республикамыздан тысқары Қошағаштағы, Шыңжаңдағы қазақтардың тілінде байқалады. Бірақ осы құбылысқа икем деген сөздердің өзі әр өлкенің тұрғындардың тілінде әртүрлі. Бұл құбылыс батыс сөйленістері тобында *аңарып – аңырып, аңазақ – аңызақ, арқалы – арқылы, баула – баулы, ақар – ақыр, жалпалама – жалпылама, жөн-жосақ – жөн-жосық, құдағай – құдағый, қажарлы – қажырлы, омбала – омбыла, салқам – сылқым, салбыр – сылбыр, таным – тыным, шамырқан – шымырқан* секілді сөздердің құрамында кездесе, шығыс өңірлерде басқа сөздерде кездеседі. Мысалы, Абай, Шұбартау аудандарында *жұпана – жұпыны, топшалады – топшылады, шынжар – шынжыр*, Аягөз ауданында *шаңға – шаңғы, отырақты – отырықты, Большенарым ауданында шаңға – шаңғы*, Таулы Алтай өлкесіндегі Қошағаш ауданында *тармысты – тырмысты, саржан – саржын, санамақ – сынамақ* секілді сөздерде және Шыңжаңдағы қазақтардың тілінде *арық-тұрақ – арық-тұрық, даңғара – даңғыра, шылқамай – шылқымай, малта – малты, дардай – дырдай* тәрізді сөздерде кездеседі. Арагидік бұл өңірлерден басқа елді мекендерде, мәселен, Тамды ауданында *тыржың, тырма* сөздерінің *тыржаң, тарма*, Жамбыл облысы Жуалы ауданында *ырылда* сөзінің *арылда*, Сарысу ауданында *тауып ал* сөзінің *тауап ал*, Қостанай облысы Тобыл бойының қазақтары тілінде сөздердің *құдағай, сандалау, қатас* болып айтылу деректері бар.

Қай жер қазағының тілінен болмасын кездесіп қалатын осы фонетикалық ерекшелік Монғолия қазақтарының тілінен де бой көрсетеді. Қазақ әдеби тіліндегі *арқылы, шаңғы, дыбыс, қылжақта, мызғы, малтиды (малтыйды), быламық, ызалан* сөздерін тұрғын халық *арқалы, шаңға, дабыс, қалжақта, мызға, малтайды, быламақ, азалан* түрінде қолданады. Мысалы: *Шаңқылдап шығар дабысы, Балалар ойнап жыласа* (А.Бапиұлы, 214-б.). *Ел Алтайға үріккенде күзгө джақын джағаштай арқалы асып кеттік* (Б.Б.101-б.). *Байқұс-ау, маған қалжақтағаннан не шығады* (М.Қ. 44-б.). *Қанша қасірет тартқанмен, адам баласы болған соң амалсыз таңға жақын мызғап,..* (Д.Н., Шығ., 171-б.). *Судан өткенде жылқының бір тал құмағын тістеп малтайды* (М.Қ, 122-б.). Келтірілген сөздердің ішінен *арқалы, шаңға* нұсқалары батыс, шығыс сөйленістерінде дәл осы түрде айтылады. Диалектолог ғалымдар С.Аманжолов, Ж.Досқараев, С.Омарбеков

еңбектерінде *арқалы*, *аңазғақ*, *қажсар*, *қажсарлы*, *құдағай* болып айтылатын фонетикалық нұсқалар тұтас бір батыс аймаққа таралған тұрақты құбылыс деп танылады.

Батыс өңірден байқалған *арқалы* варианты сирек болса да, оңтүстік сөйленістерімізде дыбысталады. Осы септеулік шылаудың екінші буынындағы **а**-ның ашық айтылуы өзбек тілінде (*арқали*), қырғыз тілінде (*арқалұу*), ноғай тілінде (*арқалы*), түрікпен тілінде (*арқалы*), қарақалпақ тілінде (*арқалы*) болса, қысаң айтылуы башқұрт тілінде (*арқыры*), ұйғыр тілінде (*арқилиқ*) бар. Проф. А.Ысқақовтың пайымдауынша, септеуліктердің көбі негізгі тұлғаға **-лы** қосымшасын үстемелеп барып (*арқа+лы*, *шақ+ты*, *тура+лы*, *сияқ+ты*) көнелену арқылы қалыптасқан [8]. Бұдан біз қазіргі әдеби тіліміздегі *арқылы* септеулігінің көне дыбыстық түрі *арқалы* болғандығына және оның халықтық ауызекі сөйлеу тілінде әртүрлі аймақта әлі күнге дейін сақталып келе жатқандығына көз жеткіземіз. Қазіргі қазақ ауызекі тіліндегі дыбыстық ерекшеліктерге ұқсас дерек сонау көнедегі Орхон ескерткіштеріне жататын VIII ғасырлардағы «Тоныкөк» жазбасында байқалады. Ескерткіште басқа да дыбыстар алмасуымен бірге (**а-о**, **у-ү**, **ү-і**, **і-е**) **а/ы** құбылысына қатысты *ығач – ағаш* сөзін кездестіреміз [9, 77-б.]. Қазақстанның батыс өңірлерінде тұратын қазақтардың тіліне тән *арқалы* сөзінен кейінгі **ы/а** байқалатын *аңазғақ – аңызақ* сөзі.

Енді осылардың арасында едәуір кең көлемде ұшырайтын *құдағай* сөзі Қазақстанның батыс аймағының барлық жерінде дерлік осы фонетикалық вариантта айтылады. «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» [10, 432-б.] бұл фонетикалық құбылыстың ареалы (Қ.орда: Арал, Сыр, Жал.; Гур.: Маңғ, Есб.; Орал: Чап, Жымп, Жән, Қара.; Ақт.: Қараб, Ойыл, Ырғ.; Қост, Жітік.: Рес, Орын.; Қарак.; Ауғ.; Ир.) көрсетіліп, сол өңірден шыққан жазушы тілінен иллюстрациялық материалмен толықтырылған (*Оның үстіне бұл кезде оны қ ұ д а д а г а й тұтып, Мәңке ірі балық әкелген қиңі асқа шақыра қояды* (Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер», 270-б.). Сөйленістеріміздің батыс тобынан өзгелерінің бәрінде ол кейінгі буыны қысаң *құдағый* нұсқасы қолданылады. Кейбір батыс өңірлерден тыс жерлердегі (Қостанай, Орынбордағы тіпті Шымкент облысы Жетісай ауданы) халықтың тілінде *құдағай* нұсқаның жұмсалуды, сол мекендерге батыстан Кіші жүз қазақтарының көшіп қоныстануымен түсіндіруге болады. Бұл негізгі себеп болса, екіншіден бір сөйленістерге тән құбылыстардың ендігі бір сөйленістен табылуы аралық (ортадағы) сөйленістер арқылы өту барысында жүзеге асады. Дәл осы тұста батыс сөйленістердегі *құдағай* және *айқыра* сөзі оңтүстік сөйленістерге ортадағы Қызылорда сөйленісі арқылы жеткен. Мұндай дыбыстық ерекшеліктер аралық қызмет атқаратын сөйленістер арқылы керісінше оңтүстіктен батыс сөйленістеріне де ауыса береді.

Изоглостардың таралу аймағы, қамтитын аумағы бірдей болып келе бермейді. Кей құбылыстар көптеген аудан, облыстарды қамтыса, қалған ерекшеліктер одан аз жерлерді, ал кейбіреуі аудан, ауыл көлемімен шектеліп қалуы мүмкін. Осындай тілдік ерекшеліктер таралу кеңістігіне қарай кейбір еңбектерде кең аумақты, шағын аумақты, тар аумақты изоглостар деп үш түрге бөлініп қаралып жүр. Кең аумақты сипаттағы изоглостарға – Қазақстан территориясын қолдану жағынан екіге бөліп тұратын немесе оның үштен екі бөлігін қамтитындай құбылыстарды жатқызады. Ал *құдағи*, *құдағай* дегендерін алсақ, алғашқысы Қазақстан территориясының үштен екі бөлігін қамтиды. Тек Ақтөбе, Орал, Атырау облыстары мен Қызылорда облысының батыс жағындағы аудандарда сөздің *құдағай* түрі қолданылады [3, 85-б.]. Түркі-моңғол тілдеріне ортақ бұл сөз бірқатар түркі тілдерінде осы нұсқада орныққан. Батыс сөйленістеріндегідей ашық нұсқада алтай, шор, хақас (*хұдағай*), тува (*кудағай*), якут (*ходогой*) тілдерінде айтылатынын ескерте кеткен артық болмас. Түркі тілдерінің қыпшақ тобына кіретін ноғай тілінде де *қажыр*, *құдағый* сөздері *қажар*, *құдағай* қалпында қолданылады. Әйтсе де сөйленістерде кездесетін *арқалы*, *құдағай*, *қажарлы* нұсқаларының туыстас түркі тілдеріндегі нұсқаларымен ұқсастығын көрші халықтар тілінен көруге болады. Өйткені осындай дерек моңғол тілдерінде бар. Тіліміздің сөйленістерінде *gu//ғай* (*құдағи/құдағай*) түрінде ұшырасатын қосымшалар моңғол тілдерінде *gu//гуй* (*худағи/худағуй*) болып сақталған.

Сөздердегі қысаң **ы** ашық **а**-ға өзгеруінің белгілі заңдылығы жөнінде мынадай көзқарас бар. Онда дауысты дыбыстың үндестігіне байланысты сөз құрамының алғашқы буынындағы **а**

дыбысы кейінгі буындағы **ы**-ға ықпал етіп, оны өзіндей дыбысқа айналдырады. Екіншіден, мұндай ықпал сөз құрамындағы буындарға біркелкі тарап, ыдырап түскенде ғана мүмкін бола алады. Осы екеуінің нәтижесінде жаңағы сөздердің неғұрлым көне, алғашқы формалары сақталып қалған делінеді [1, 308-б.].

Қазақ жерінің шығысындағы тұрғындардың тілінде **ы/а** алмасуын Ә.Нұрмағамбетов алтай тілінің, оның диалектілерінің әсерімен байланыста қарастырады. Тілімізде *қалтқы*, *толы*, *тысқары* секілді сөздер алтай тілінің туба-кижи диалектісінде *калаткы*, сол тілдің куманды диалектісінде *тола*, *таишқары* болып дыбысталатынын баяндайды. Әрі қарай автор якут, хакас, сібір татарлары, ұйғыр тілдерінің диалектілерінен және басқа тілдерден деректер келтіріп, өз ойын осы тілдерде көрінген **ы/а** сәйкестігінің молдығы республика шығысындағы қазақтардың тіліне бұрын да, кейін де әсерін тигізбеу мүмкін емес деп бітіреді. Сөйленістердегі **а/ы** алмасуының қорытындысында әңгіме болып отырған дыбыстық құбылыстың алғашқысы (**а/ы**) редукция нәтижесі болса, ал соңғысы (**ы/а**) ертеректегі **а** фонемасымен дыбысталған сөздердің сақталып қалған ізі болар делінген [3, 91-б.]. Мысалға берілген алтай тіліндегі *калаткы* демекші, Баянөлгі сөйленісінде *қалтқы* сөзімен мағыналас мына лексикалық ерекшелікті келтіре кетсек. Моңғолиядағы қазақтардың тілінде әдеби тілдегі *қалтқы* (қармақтың) сөзінің орнына *қонақ* атауы қолданылады екен. Б.Базылхан, Ж.Болатов зерттеулерінен бұл сөзді кездестіре алмадық. Қазақтар тіліндегі атаудың пайда болуын қозғалу мәніндегі *қонақ* (*қонақ-қонақ етті* – «орнынан оқыс көтеріліп барып, қайта отырды») етістігінен туындаған болу керек. Ал *қалтқы* дегенді жергілікті қазақтар көбіне аң аулауда «қалқан» мағынасында қолданады.

Шығыс өңір қазағының тіліндегідей, шығыс сөйленістер тобын құрайтын Баянөлгі сөйленісіндегі **ы**, **а** дыбыстыларының алмасуларын бір тілдің ықпалымен байланыстырып қарауға келмейді. Өйткені бұл фонетикалық ерекшеліктер қазақ тілі сөйленістерінің бірталайында арагидік байқалып отырады әрі мұндай өзгеріске түскен белгілі бір сөздердің варианттары сөйленістердің көпшілігінде қолданылады. Осы тұрғыдан алғанда, «мұны сөз болып отырған дауыстылардың ашық, қысаң боп бір-бірінен ажырасқан (дифференциацияланған), жіктелген дәуірінен әр өлкенің қазағының тілінде сақталып қалған көненің ізі деп топшылауымызға болады» [11, 40-б.], – деп тұжырымдауды жөн санаймыз.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алма-Ата, 1959. – 450 с.
2. Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говоры. – Алматы: Ғылым, 1972. – 174 б.
3. Нұрмағамбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. – Алматы: Ғылым, 1978. – 215 б.
4. Досқараев Ж., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. – Алматы: Қаз ССР ҒА баспасы, 1951. – 111 б.
5. Ряснен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. – М., 1955. – 220 с.
6. Исхаков Ф. Характеристика отдельных гласных современных тюркских языках// Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Фонетика, – М., 1955.
7. Ширәлиев М. Өзирбайжан диалектологиясының әсаптары. – Баку, 1962. – 422 б.
8. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп, 1964. – 398 б.
9. Айдаров Ғ. Тоньюкук ескерткіштеріндегі қазақ тіліне қатысты материалдар // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 5-шығ. – Алматы: Ғылым, 1963. – 64-141-б.
10. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.
11. Омарбеков С., Жүнісов Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 205 б.

Жүзбаева А.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ докторанты

ТЫНЫС АЛУ ҚЫЗМЕТІН АТҚАРАТЫН ДЕНЕ МҮШЕЛЕРІНІҢ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕ ВАРИАНТТАЛУЫ

Тіл – динамикалық құбылыс. Ол үнемі өзгеріп, дамып, жетіліп отырады. Түркі тілдеріне ортақ бір түбірден тараған кейбір байырғы сөздердің басым бөлігі қазіргі түркі тілдерінде түрліше дыбысталып, фонетикалық өзгерістерге ұшыраған. Сонымен қатар семантикалық жағынан жаңа реңк алып, тіпті, терминдік дәрежеге көтерілген сөздер бар. Бірақ олар саусақпен санарлықтай. Біз оған этимологиялық реконструкцияның үш аспектісін (фонетикалық, морфологиялық, семантикалық) басшылық ете отырып, зерттеу барысында көз жеткіземіз. Сөзіміз дәлелді болуы үшін адамның тыныс алу мүшелерін зерттеу нысаны ретінде алып отырмыз. Атап айтсақ, тамақ, кеңірдек және өңеш атаулары. Аталған сөздердің түркі тілдерінде дыбысталуы мен жасалу жолдары туралы айтып, этимологиясын ашуға тырыстық.

Түркі тілдерінің барлығында (ноғай тілінен басқа) *boğaz* атауы «тамақ», «жұтқыншақ» мағынасында жұмсалады. Ғалымдардың көпшілігі (В.Банг, Д.Немет, М.Рясэнен) *boğaz* сөзі **boğ*, яғни, «тұншықтыру, қылқындыру» мағынасын беретін етістікке *-az/-as* жұрнағының қосылуы арқылы жасалғанын айтады. Көне түркі тілдерінің сөздігінде *-üs/-uz, is/is* етістіктен зат есім жасайтын жұрнақ ретінде саналады. Оған мынандай мысалдар келтірілген: *toqu – ұру, toquis – соққы; baq – көру/қарау, baqis – көзқарас, ur – ұру, urus – ұрыс, küsa – мілеу, küsius – мілек* [1, 663-б.]. Алайда ғалым Э. Севортян бұл пікірді қолдамайды. Оның айтуынша, «*boğaz* сөзі *boğ* етістігінен пайда болды» деу шындыққа жанаспайды. Себебі көне жазба ескерткіштерінде *boğaz* сөзімен қатар *boğak* сөзі жарыса қолданылған. Екеуінің беретін мағынасы бір. Бұл жердегі (**a**)**z** – фонетикалық емес, морфонологиялық элемент екендігі айдан анық көрініп тұр [2, 168-б.], – дейді.

Тарихқа көз салсақ, 1969 жылы СССР Ғылым Академиясы жариялаған «Көне түркі тілдерінің сөздігінде» *тамақ – горло, глотка, задняя часть неба* [1, 529-б.], – деп жазылған. Одан әрірек, орта ғасыр еңбектеріне үңілсек, М.Қашқари сөздігінде мынадай сөйлем кездеседі: *Suv boğuzda tyglyndi – «су тамаққа түйілді, яғни су тамаққа тығылып қалды»* [3, 351-б.].

Boğ атауы көне жазба ескерткіштер мен оғыз, қарлұқ топтарына қарасты тілдердің барлығында «адамның тамағы» мағынасын береді. Уақыт өте келе, *boğ* өзіне үстеме мағына жамап, метафораға айналған. Метафоралану арқылы пайда болған жаңа сөздерді екі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншісі – артефакт, яғни табиғилықтан тыс қолдан жасалған нәрсе, мәдениеттің, өркениеттің жемісі. XIII-XIV ғасырда Хорезм дәуіріне жататын түркі тілінде жазылған ескерткіштерде *boğ* сөзі шекті аспаптың мойын жағы мағынасында жұмсалса, түрік, гагауз, әзірбайжан, өзбек тілдерінде «ыдыстың мойны» (горлышко сосуда) мағынасында қолданылған екен. Екінші метафора – табиғи құбылыс, географиялық атау. Ғалым Ә.Қайдар қырғыз тілінде диірмен шанағының жіңішкеріп бітетін жеріндегі бидай төгілетін жерін *боғуз* десе, ұйғыр тілінде жер ошақтың түтіні қабырғамен жоғары көтерілетін жеріндегі иінін қаңниң *боғузи* деп атайды дейді [4, 59-б.]. Мысалы, *бұғаз* – екі мұхиттың не теңіздің бір-бірімен жіңішкеріп келіп қосылған жері [5, 148-б.]. Бұдан өзге серб тілінде *боғаз* сөзі «өте тар жер», «жіңішке» мағынасында жұмсалады. Сондықтан жоғарыда келтірілген мысалдардағы «екі метафора да зат пен құбылыстың сыртқы ұқсас белгілерін алу арқылы жасалған» деп есептеуге толық негіз бар.

Сонымен қатар *boğ* сөзін түркі тілдерінің кейбірінде метонимия ретінде қолданылғанын байқауға болады. Шағатай, түрік тілдерінде, ұйғыр диалектілерінде «жылқыға берілетін жем» (*biyüz*) мағынасында қолданылған [2, 168-б.]. Яғни, малдың жейтін тамағы, азығы. Әсіресе ұйғыр тілі диалектілерінде малға, жылқыға беретін жүгері және т.б. дақылдардың жармасынан жасалған жемді *боғуз* деп атау жиі қолданылады.

Түркі тілдерінде *boğaz* сөзі дыбысталуының кестесі:

Қазақ	<i>тамақ</i>
Қырғыз	<i>тамақ, боғуздок/боғуздов</i>
Өзбек	<i>Томоқ</i>
Ұйғыр	<i>тамақ, боғаз</i>
Түркімен	<i>Бұғақ</i>
Әзірбайжан	<i>Боғаз</i>
Түрік	<i>Боғаз</i>
Башқұрт	<i>Боғаз</i>
Тува	<i>боостaa</i>

1-кестедегі мысалдардан басқа өзбек тілінде «томоқ» сөзімен «һалкум» жарыса қолданылса, ұйғыр тілінде «гекитәк», «тамақ» және «боғуз» сөздері синонимдес болып келеді. Сондай-ақ қырғыз тілінде «кекиртек» атауы «тамақ» сөзінің орнына қолданыла береді. Алайда барлығының беретін мағыналары ортақ: адамның дене мүшесі.

«Тамақ» ұғымын беретін сөздердің морфологиялық, семантикалық өзгеру заңдылықтарына тоқталмас бұрын, фонетикалық өзгерістерді анықтап алайық. «Тамақ – томоқ» сөздеріндегі **а-о** сәйкестігі – түркологияда бар құбылыс. Өзбек тілінде **а** дыбысы көп жағдайда **о** болып дыбысталады. Әсіресе сөздің екінші және үшінші буындарында бұл заңдылық күшейе түседі. Мысалы «бармақ» өзбекше «бармоқ», «сайламақ» өзбекше «сайламоқ», «сақтамақ» өзбекше «сақламоқ», «қарамақ» өзбекше «қарамоқ», «кітап» өзбекше «китоп», т.б. Өзбек тілінде жарыса қолданылатын «һалкум» сөзіндегі бірінші тұрған **һ** фонемасы – протезалық дыбыс. **һ** сына дыбысы башқұрт тілінен өзге түркі тілдерінде өте сирек қолданылады. Мысалы: әзірбайжан тілінде *һүрк – үрік, һис – ыс, һөргүш – өркеш, һармут – алмұрт*, гагауыз тілінде *һайғыр – айғыр, һалма – алма*, түрікмен тілінде *һалда – алдау, һін – ін, һәң – ең, һүр – үр*, ұйғыр тілінде *һара – ара һасал – әсел* (бал), өзбек тілінде *һүкіз – өгіз*, т.б. [6, 182-б.].

Тамақ сөзі «дәм ағатын өңеш» дегенді білдіреді. Проф. Б. Сағындықұлының айтуынша, ежелгі бес түрлі ұғым беретін *-ақ* омоним түбірінің бір мағынасы – төмен қарай жылжу, бір орында тұрмай ілгері қарай қозғалып отыру. *Там+ақ* тұлғасына зер салсақ, ол там (яғни дәм) ағатын өңеш екенін өзі айтып тұр. Қазір бұл аталған формант түбірге сіңіскен өлі жұрнақ ретінде танылады [7, 210-б.]. Әр тілдегі фактілерді жинай келе, *боғуз* сөзі түркі тілдерінде өз алдына дамып, дыбыстық өзгерістерге ғана ұшырап, семантикалық жаңа мағына алғанын байқаймыз.

Қазақ тіліндегі *бауыздау* сөзі осы *боғаз* атауынан келіп шыққанын ешкім біле бермейді. Бауыздау – малдың тамақ тұсын өткір құралмен кесіп, қанын ағызатын процесс. Бұл жерден алмастыруды, метонимия құбылысын, байқау қиынға соқпайды. Қазақ тіліндегі *бауыздау* ұйғыр тілінде «боғузлимақ», қырғыз тілінде «муузда/мууздоо», қарақалпақ тілінде «бауызла» болып қолданылады. Бұл жерде барлық тілге ортақ түбір – *бауыз* сөзі болып тұр. Мұндағы **б-м, о-а, г-у-ү, оғ-ау, ү-о** сияқты дыбыс алмасулары – түркі тілдеріне тән құбылыс. Ә.Қайдар: «*Бауыз* сөзі басқа туысқан тілдердегі сияқты, қазақ тілінде де бір заманда дербес сөз болған болуы керек», – деп есептейді. Ол тіліміздегі *мойын – мойын +дау, алқым – алқым+дау* тәрізді сөз жасау үлгісі бойынша *бауыз+дау* формасында қалыптасқан, бірақ бірте-бірте өзінің дербестігінен айырылып, оның заттық мағынасы ұмыт болған дейді [4, 58-б.]. Қазіргі қазақ тілінде бұл сөзден *буу (байлау, таңу), буындыру (сығу, қысу, қылқындыру), буындау (жіктеу, бөлу)* секілді көптеген туынды түбірлер жасалған.

Қазіргі уақытта медицинада қалқанша (тамақ) бездерінің ұлғайып, қызметінің бұзылуынан пайда болатын ауруды *бұғақ* (зоб) *ауруы* деп айтады. Ауру кезінде қалқанша без шамадан тыс үлкейіп, науқастың тыныс алуы қиындайды, мойын қан тамырлары мен жүйке талшықтары қысылады. М. Қашқари сөздігінде «*бұқұқ* – тамақтың екі жағында, ет пен терінің арасында пайда болатын ет бездерінің бір түрі. Бұл тұқым қуалайтын дерт. Кейбіреуі дерті асқынғанда өзінің көкірегін көре алмай қалады» деген жолдар бар [3, 414-б.]. Тіпті аурудың пайда болу тарихы да берілген. «Біздің бабаларымыз аса жоғары, ащы дауысты кәпірлер екен. Тәңір жарылқаушы пайғамбарлардың сахабаларымен жанжалдасып, соғысыпты. Аталарымыз

ұрандап, айқай-күрең салып, басқыншылық жасап шабуылдапты. Мұсылмандар олардың бұл айғай-сүрең кикіуінен түршігіп, аласапыранға түсіпті. Бұл хабар Тәңірі рахымы, ризашылығы түскен Омарға жеткен. Омар оларды қарғаған екен. Содан барып олардың тамағында осындай дерт пайда болған. Әрі оларға мирас болып қалған [3, 414-б.]. Олай болса, *бұқақ* сөзінің қазіргі уақытта терминдік дәрежеге көтерілгеніне көз жеткіздік.

Тілімізде *тамақ*, *кеңірдек*, *бауырдақ*, *бұғырдақ*, *өңеш* сөздері жарыса қолданылады. Сайып келгенде, барлығының беретін мағынасы бір. Өңеш – жұтқыншақ пен асқазан арасындағы ас жүретін жол. Ұйғыр тілінде «өңгәч», өзбекше «өңгөч/қизилунгач», қырғызша «өңгөч», құмық тілінде «үңеч», башқұрт тілінде «үңәс», якут тілінде «өңүс», татар диалектілерінде «үмәч» болып түрлі формада дыбысталады. С. Малов «өңгөч/өңүч» атауын «өңмен», «өмілдірік», «омырау» сөздерімен байланыстырады. Бұл жерде **ө** дыбысының әсерінен мұрын жолды **ң** дыбысы **м** дыбысына айналып кеткенін көреміз. Э. Севортянның пікірін қолдай отырып, түрік тілі диалектілерінде қолданылатын «өмүк» және «өмірдек» сөздерін осы қатарға қосады («өмік» түрік тілінен аударғанда «өңеш» мағынасын береді) де *өң+кеч* немесе *өң+(а)ч* құрамдарына бөліп, қару-жарақ атауын білдереді деген болжам жасайды. Бір қызығы: ғалым Ә. Қайдар функционалдық семантиканың заңы бойынша *өңеш* сөзіндегі *өң* формасы «түтік, іші қуыс, көрней» мағынасында жұмсалатын *ұңғы* сөзімен байланыстырып, олардың сыртқы ұқсастықтарын алға тартады. Қазақ тіліндегі *өңе* формасы *ұңғы* сөзінің мынадай даму сатыларынан өткенін көрсетеді: *өңе* < *өңгә*//*онка*//*ұңқа*//*ұңғу*//*ұңғу*//*унга*//*унги* [4, 157-б.]. *Ұңғы* деп қазақ тілінде мылтықтың оқ шығатын жерін, аузын атайды. Бұл атау түркі тілдерінің көпшілігінде «қуыс, бір заттың іші, шұңқыр» мағыналарында жұмсалады. *Ұңғы* сөзінен *ұңғылау*, *ұңгір*, *үңірею*, *шұңқыр* секілді туынды түбірлер пайда болған. Демек, *ұңғы* және *өңеш* сөздерінің арасында семантикалық байланыс бар.

«Екі атаудың қайсысы алғашқы болуы мүмкін?» деген мәселеге келетін болсақ, *өңгөч* формасынан *ұңғы* атауы пайда болғанын аңғару қиын емес. Ғалым Ә. Қайдар «бұл арада *өңге* түбірінен *өңеш* туынды түбірін жасап тұрған **-ша/ -ше** кішірейткіш жұрнақ», – дейді. Мұндағы **-ша/ -ше** жұрнағы кішірейту мағынасын беретін **-шак/-шек** (*шына+шак*, *ойын+шық*, *көл+шік*, *шемір+шек*) жұрнағының бірте-бірте аяғындағы **к/қ** дыбыстарының түсіп қалуына байланысты **-ша/ -ше** түріне ауысқан. Содан кейін оның тек **ш** дыбысы ғана қалған (сонда *өңгөшек* – *өңгөше* – *өңгөш*). Ал енді *өңгөш* формасынан *өңеш* формасының келіп шығуы қазақ тілінде **ң** мен **ғ** дыбысы қатар келгенде **ғ** дыбысының түсіп қалу жағдайларынан (*деңгиз* – *теңіз*, *ялаңғаш* – *жалаңаш*) *өңгөш* формасы *өңеш* формасына ауысқан деп түсіндіреді Ә. Қайдар.

Диалектологиялық сөздікте *бұғырдақ* – Түркіменстан Республикасының Красноводск ауданында қолданылады, беретін мағынасы – «кеңірдек» [8, 186-б.]. Кеңірдек – көмейден басталып, өкпемен ұштасатын тыныс түтігі [5, 385-б.]. Атқаратын негізі функциясы – өкпеге ауа жеткізу. Түркі тілдерінде *кеңірдек* атауы кеңінен таралған:

қазақ	<i>Кеңірдек</i>
қырғыз	<i>Гекитәк</i>
өзбек	<i>Кекирдәк</i>
ұйғыр	<i>Гекитәк</i>
түркімен	<i>Кекирдек</i>
татар	<i>Кикіртәк</i>
қарақалпақ	<i>Кегирдек</i>

2-кестедегі сөздерден **к-г**, **д-т** дыбыс сәйкестіктерін байқауға болады. Аталған сәйкестіктер – түркі тілдерінде және оның диалектілерінде кең жайылған құбылыс. Мысалы: *кір* – *гир* (әзірбайжан, түрік), *кел* – *гәл* (әзірбайжан, түрік), *көз* – *гөз* (әзірбайжан, түрік), *көл* – *гөл* (әзірбайжан), *бұтақ* – *пудак* (түркімен), *отын* – *одун* (түркімен), т.б.

Р дыбысы тұрақсыз, түсіп қалуға бейім келеді. Ұйғыр тіліндегі **р** фонемасының түсіріліп *гекитәк* болып айтылуы – заңды құбылыс. Олай деуге екі түрлі себеп бар. Біріншіден, ұйғыр тілінде **р** дыбысы **т**, **д**, **қ**, **к**, **г**, **з**, **с**, **з**, **п**, **б**, **ч**, **ж**, **м**, **н**, **р**, **л** дауысыздарының алдынан келсе,

элизияға ұшырайды. Екіншіден, сөздің соңғы буынында келсе, **p** дыбысы әлсіреп, кейде түсіп қалуы да мүмкін. Мысалы: *мәлдүр – мәлдү* (бұршақ), *ямғур – ямғу* (жаңбыр) [9, 146-б.]. Бұл сөз көне түркі тілдерінде «кекіру» мағынасын беретін *kakır, kekır* етістігіне **-дек** аффиксінің жалғануы арқылы жасалған болу керек. Э.Севортян *кеңірдек* және *кекір* сөздерін генетикалық жағынан талдай келе былай дейді: «Кажется правдоподобным, если учесть, например, такой факт, как турецкий *girtalak* «гортань», *girt etmek* «рыгать». Возможно, что в *кекірдек*, *кеңірдек*, и *кекір* представлена одна и та же первичная имитативная основа **кек*, **кег*, **кең* [2, 26-б.].

Қорытындылай келе, бір кездері «қылқындыру», «түншықтыру», «буындыру» мағынасында жұмсалған *боғ* сөзі тілдің дамуы барысында субстантивтеніп, жаңа атаулар (*боғаз* – адамның тамағы, *буыз* – малдың жейтін тамағы, ыдыстың мойны, музыкалық аспаптың мойны, географиялық атау) мен мағыналарға ие болғанын анықтадық. Тіпті, *боғаз*-дың актив сөз болғаны соншалық, терминдік дәрежеге көтерілгеніне зерттеу барысында көз жеткіздік. *Өңеш*, *кеңірдек* сөздері де әр тілдің қосымша жалғану ерекшеліктеріне байланысты түрлі дыбысталып, формалық өзгеріске түсіп отырғанын анықтадық. Этимологиялық реконструкция критерийлерінің көмегімен тіл фактілерінің статикалық та, динамикалық та күйін, диахрондық та, синхрондық та тұрғыдан зертеуге болатынына көз жеткіздік.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 с.
2. Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. -II том. – М.: Наука, 1978. – 349 с.
3. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. – II том. Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған – А. Егеубай. – Алматы: Хант, 1997. – 526 б.
4. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған – Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
6. Щербак А. М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград: Наука, 1970. – 203 с.
7. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 258 б.
8. Диалектологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 800 б.
9. Строй уйгурского языка. Отв. редактор – Г.С. Садвакасов. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 476
10. Этимологический словарь тюркских языков. – V том. – М.: Языки русской культуры, 1997. – 368 с.

Кажығалиева С.

Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің
2-курс магистранты

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МОДАЛЬДІЛІК КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Тіл – күрделі құбылыс. Мұнда түрлі құбылыстар пісіп-жетіліп жатады. Лингвистиканың өзінің заңдылықтары түсіндіре алмайтын құбылыстарға толы. Академиялық не нормативті грамматика түсіндіре алмайтын ұғымдар мен құбылыстарды функционалдық грамматика мен семантикалық аспекті, одан бөлек, басқа бір арнада тенденция алған антропоэлектік бағыт тұрғысынан түсіндіріп, ортақ заңдылықтарын табуға тырысады.

Лингвистика ғылымында әлі де зерттеуі түбіне жетпеген, әртүрлі бағытта қарастыруға лайық әрі сәтүрлі құбылыстарды бойына бұғып жатқан категориялардың бірі – модальділік. Тіл біліміне логика мен философиядан келген бұл саналық ұғым лингвистикадағы көптеген заңдылықтарды түсіндіруге, белгілі бір түсінік аясында жинақтауға мүмкіндік беруде. Егер тіл – жанды құбылыс, тірі ағза деп танысақ, оның бойында қайнап жатқан үрдістерді тәртіп не формаға салып емес, табиғи жаратылысы тұрғысынан қарастырған абзал. Модальділік категориясы – тілдің коммуникативтік-функционалды аспектісіне де, нормативті ержелеріне де жауап беруге қауқарлы, тілдің түрлі қабаттарында ортақ функционалдық ерекшеліктерді табу мен жинастыруға мүмкіндік беретін ұғымдық категория.

Модальділіктің ұғымдық категория болатын себебі: бұл – ең алдымен тілден емес, санадан бастау алатын құбылыс. Модальділіктің басты үш сипаты бар:

- 1) сөйлеушінің айтылған пікірге (сөйлем мен сөзге) деген қатынасы;
- 2) айтылған пікірдің (сөз бен сөйлемнің) шындық ортамен байланысы;
- 3) иллюкутивті жағдаят, яғни сөйлеушінің коммуникативті мақсаты, прагматикалық ықпалы.

Модальділік – объективті шындыққа қатысты сөйлеушінің қарым-қатынасын білдіретін грамматикалық-семантикалық категория. Тілдегі модальділік құбылысын қарастырғандардың бірі орыс ғалымы В.Виноградов: «Модальділік – өмірдегі шындық пен шындық емес жағдаяттың өзара қатынасы әрі сөйлеушінің айтылымға қатысты көзқарасын білдіру», – дейді. Лингвист модальділікті екіге бөледі: субъективті модальділік және объективті модальділік. **Объективті модальділіктің** тілдік құралдарына шақ, жақ және интонация арқылы берілсе, **субъективті модальділік** рай, интонация, екпін, тілдік қайталау, модаль сөздер, одағай және қыстырма сөздер, көмекші сөз таптары, шылау сынды тілдік құралдармен беріледі. Көркемдік мәтінде модальділікті білдіру сан түрлі әдіс-тәсілдері, тілдік құралдары қолданылады. Сарказм мен ирония, тұрақты сөз тіркестері, қайталау, лексика-стистикалық құралдары жиі пайдаланылады.

«Модальділік» ұғымын грамматика шеңберінде де, прагмалингвистика, когнитивті лингвистика сынды антропоэлектің пәнаралық байланыстар тұрғысынан да қарастыруға болады. Біздің қарастыруымызда модальділік – грамматикалық-ұғымдық категория. Себебі модальділік бұл ең алдымен тілдік бірліктерде, соның ішінде сөз бен сөйлемнің ішінде білінеді. 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасы» академиялық еңбегінде «модаль сөздер» мен «модальділік» ұғымына біршама тұжырымды, ғылыми салмақты сипаттама берілген. Ұжымдық еңбектің бұл бөлігін жазған профессор Е.Жанпейісов «Модаль сөздер тілдегі модальділік пен предикаттылық құбылыспен тығыз байланысты. Предикаттылық сөйлем мазмұнының ақиқат-шындықпен жалпы арақатынасын («соотнесенность») білдіреді. Ал сөйлемде айтылған хабардың ақиқат шындыққа қатынасы модальдік қатынас болып табылады. Яғни сөйлеуші өзінің бұл хабарын қалай түсінеді, өз тарапынан оған қандай сипаттама береді, ақиқат шындыққа қалай қарайды – модальдік қатынастың мәні міне осында», – дейді [1, 567-б.]. Профессор Е.Жанпейісов – бұған дейін тілдегі модальділікті біршама зерттеген, оны жолға қойған ғалым. 1958 жылы «Модальные слова в современном казахском языке» атты кандидаттық зерттеу жұмысын қорғаған. Бұдан ары қарай ғалым модальдық пен предикаттылық ұғымдарының ұқсастығы мен арасында айырмашылықты атауға тырысады. Ғалым қос категорияның ұқсастығы ретінде сөйлемді аяқтау, тиянақтау сынды сипаттарын алға тартады. Ал айырмашылығы ретінде модальділіктің сөйлемді интонациямен аяқтауын, яғни хабардың айтылу ырғағы мен сөйлеушінің қандай да бір қатынасын білдіріп аяқтауын, ал предикаттылықтың тілдік бірліктердің грамматикалық жағынан ұйымдастысып барып аяқталуын көрсетеді.

Сондай-ақ модальділікті коммуникативтік-синтаксистік категория екенін, ал предикаттың логикалық-синтаксистік категория екенін айтады. Егер предикаттылық тілмен байланысты құбылыс (формасы бар, тіпті формасы көрініп тұрмаса да, нөлдік форма күйінде тұрады) болса, модальділік сөйлеумен, оның ішінде сөйлеу актісімен байланысты көрініс дегенді тұжырымдайды. «Модальділік – тіл мен сөйлеудің әр түрлі деңгейлерінде көрінетін грамматикалық мағыналардың өз алдына бір тұтас саласы, жүйесі болып табылады. Сонымен, сөйлемде айтылған хабардың ақиқат-шындыққа қатынасының көрінісі объективті модальділік те, ал ол хабарға деген сөйлеушінің қатынасының көрінісі субъективті модальділік болып табылады», – дейді Е.Жанпейісов.

Синтаксистегі модальділік мәселесін алғашқылардың бірі болып қарастырған Т.Сайрамбаев предикаттық пен модальділіктің қатар жүретін құбылыс екенін айтқан. Егер сөйлемнің аяқталуы предикаттық мағына болса, оған үстелген қосымша семантикалық белгілер модальділік болатынын алға тартады. «Сөйлемнің ең негізгі қаңқасынан кейінгі мәселе сол

сөйлем арқылы адамның қуану, шаттану, еркелету, шошу, ашу-ыза, күдіктену, күшейту, есерлеу, құптау-құптамау, жақтырмау, сену, мүмкінділік, қажеттілік, болжалдық, т.б. қасиеттерді, яғни, осылардың семантикалық белгілерін айқындау – екінші орындағы үлкен мәселе... Сөйлемнің бойындағы мұндай қасиеттердің барлығы да модальдік белгісі арқылы беріледі», – дейді ғалым [2, 18-б.].

Т.Сайрамбаев сөйлемнің негізгі белгісі ретінде «предикативтілік, модальділік пен интонация» үшеуін жатқызуға болады дегенді алға тартады. Сөйлемдегі предикативтілік пен модальділікті айырудың бірден бір жолы ретінде: «Егер жақ пен шақ категориясы болса, бұл – предикативтілік, ал рай категориясы, модаль сөздер мен демеуліктер және интонация – модальділік мағынаны береді», – дейді.

Қазіргі ғалымдардың арасында модальділікті функционалды-семантикалық аспекті негізінде зерттеп, оның морфологиялық көрінісіне тоқталған – О.Жұбаева. «Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы» монографиясында: «Модальділік – әлі де сыры ашыла қоймаған, көп талас тудырып жүрген салалардың бірі. Ғалымдар модальділік мәндерін түрліше сипаттайды. В.Виноградовтың сөйлесім мазмұнының шындыққа қатысы туралы тұжырымдарын басшылыққа алса, екінші бағыт функционалды бағыттағы еңбектерге негіз болған», – дейді ғалым [3,156-б.]. О.Жұбаева қазақ тіліндегі модальділік категориясының морфологиялық репрезентациялары ретінде негізінен райды (ашық, бұйрық, шартты, қалау) алып қарастырған.

Қазақ тіліндегі модальділік категориясының көрініс табар бірліктерін ең алдымен грамматикадан, соның ішінде морфологиядан іздейміз. Оның коммуникациялық сипатын синтаксистен (сөз бен сөйлем) байқаймыз. Е.Жанпейісов «Тілдік модальділік – грамматикалық құбылыс» екенін айтады. Осы тұжырымнан шығып біз модальділік құбылыстың репрезентатив үлгілерін грамматикалық бірліктерден іздеуге тырысамыз. Тілде модальдік мағынаны білдіретін амалдар көп – тілдік конструкция, қыстырма сөздер, модальды етістіктер, предикаттық бірліктер және шылаулар. Одағай да модальдықты білдіруге қатысады.

Модальділік категориясын көрсететін анық тілдік бірліктердің бірі – модаль сөздер. Бұл ұғым – грамматикаға сөз табы ретінде кірген. Е.Жанпейісов «Қазақ грамматикасын» жазарда модаль сөздердің морфологияға, оның ішінде сөз таптарының қатарына енгізіп, ғылымға біршама жаңалық кіргізгендей болды. Бұған дейін 9 сөз табы болған қазақ тілінің грамматикасына «модаль сөздер» атты 10-сөз табы қосылды. Ғалым тарапынан бұл біршама батыл жаңалық болды. Ғалым модаль сөздер де семантикалық-құрылымдық белгілері бар сөз табы деген тұжырым жасайды. Осыған дейін модаль сөздерді сөз табына қосу әрекетін С.Исаев та жасаған. Профессор С.Исаев шылау, одағай және модаль сөздер жеке семантикалық мағына бермегенімен, өзіне қатысты сөз бен сөйлемге қосымша грамматикалық мән үстейтінін алға тартып, бұл бірліктерді грамматикалық категория санатына қосады. Ал Т.Ерғалиев шылауларды көмекші сөздер қатарына қосады да, модаль сөздер мен одағайларды азат сөздер табына жатқызады.

Модаль сөздер – материалдық мағынасы жоқ, сөйлеушінің айтылған сөзге (әңгіме, дерек, ақпарат, пікір) деген қатынасын немесе қосымша лебізін білдіруге арналған тілдік бірліктер. Тілдік бірліктер дейтін себебіміз модаль сөздер бір сөз немесе сөз тіркесі, тіпті сөйлем болуы да мүмкін. Кейбір модаль сөздер тек экспрессивті көңіл-күйді ғана білдіреді. Сондықтан модаль сөз ұғымы шартты түрде қабылдау қажет [4, 175-б.]. Модаль сөздер семантика-синтаксистік функциясы жағынан демеулік шылауларға жақын, алайда лексикалық формасы бар тілдік тұлға саналады. Морфологиялық сипатына келсек, модаль сөздердің жұрнақ не қосымша жалғауға қабілетті емес. Сөз тудырушы не сөз жасаушы жұрнақтар жалғанбайды.

Модаль сөздер түркі тілдерінде негізінен көмекші сөздер қатарына жатады. Қазақ тілінде де көмекші сөздер ретінде қарастырылады. Модаль сөздердің заттық-дербестік мағынасы болмайды. Олардың семантикалық сапасы модальділікті білдіретін грамматикалық мағынамен сабақтасып жатады. Түркі тілдерінің көпшілігіндегі модаль сөздер бастапқы лексикалық мағынасын жоғалтудан қалыптасқан. Модаль сөздердің кейбірі шет тілінен, әсіресе, араб пен парсы тілдерінен енген.

Қазақ тіліндегі модаль сөздердің жасалу жолдары:

1. Таза модальды және есім модальды сөздердің, сондай-ақ модальды тіркестердің қатарындағы тәуелді формада тұрақтанып қалған лексемалар: *қысқасы, ыңғайы*;

2. Кейбір үстеулер мен үстеу мәнде қолданылатын зат есімдердің заттық мәнінен айырылу нәтижесінде пайда болады: *шын, рас*;

3. Предикаттық функциясынан айырылған бағыныңқы сөйлемнің баяндауышынан жасалады: *көрінеді, дейді, деседі, білем*;

4. Модаль тіркестің бір компонентінің түсіп қалуы арқылы да жасалады: *мүмкін, ықтимал*;

5. «бет, бейне, пішін, порым, түрі» мағынасын білдіретін түбірлерден жасалады: *сияқты, секілді, сықылды, тәрізді, тақылетті, рәуішті, іспетті, әлпетті*;

6. Араб-парсы тілдерінен ауысып келген сөздер: *балки, бәлкі, бәлкім, әлбетте, зайырлы, лазым, ықтимал, мүмкін, рас*.

Ж.Түймебаев түркі тілдері мен қазақ тіліне салыстырмалы зерттеу жүргізуші ретінде қазақ тіліндегі модаль сөздердің мағыналық топтарын былай бөледі:

1. Болжал мәнді модаль сөздер: *сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, сыңайы, аңғары, әлпеті, жобасы, қисыны, тәрізі, сиқы, нәті, бәлки (бәлкім, бәлкі), ықтималы, кәдік, болар, шығар, білем, -ды білем, -қан (-ген) білем, -са (-се) керек, -у керек, -ға (-ге) ұқсайды, -уы мүмкін, тәрізі (түрі) бар*;

2. Міндеттілік мағына білдіретін модаль сөздер: *керек, қажет, тиіс, лазым* сөздерінің қатысуымен *-у керек, -у қажет, -у лазым, -мақ керек, -маққа керек, -уға тиіс, -уы тиіс* аналитикалық форманттар;

3. Біреудің сөзі не дерек негізінде айтылатын модаль сөздер: *дейді*;

4. Қостау (растау) мағынасында қолданылатын модаль сөздер: *рас, расында, шынында, анығында*;

5. Қалау (тілек) мәнді модаль сөздер: *-са (-се) екен, -са (-се) дейм (деймін)*;

6. Ккүмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер: *кім біледі, -ар ма екен, -са неғылсын*;

7. Сөйлемде айтылған хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер: *екен*;

8. Нық сенімділікті білдіретін модаль сөздер: *әрине, әлбетте*.

Н.Баскаков түркімен тіліндегі модаль сөздерді семантикалық мағынасына қарай былай топтастырады:

1. Күшейтпелі мағыналы модаль сөздері. Бұған күшейтпелі демеулік шылаулар жатады: *нағыз, кем, қас, ең*;

2. Сілтеу мағыналы модаль сөздер: *сол, анау, ана, мынау*;

3. Шектеу мағыналы модаль сөздер: *тек, ғана*;

4. Мақұлдау мағыналы модаль сөздер: *иә, солай*;

5. Қарсылық мағыналы модаль сөздер: *десе де*;

6. Сенімділікті білдіру мағынасындағы модаль сөздер: *әлбетте, міндетті түрде*;

7. Ниеттестік мағыналы модаль сөздер: *қанекей, қане*;

8. Болжалды мағыналы модаль сөздер: *бәлкім, ықтимал, мүмкін*;

9. Жалпылау мағыналы модаль сөздер: *жалпы, былай, демек*,

10. Эмоционалды-экспрессивті мағына беруші модаль сөздер: *әттең*.

Модаль сөздерді арнайы зерттеген профессор Е.Жанпейісов бұл сөздерді болжал, міндеттілік, сенімділік пен күмәнділік, қалау мағыналарында қолданылатынын айтып, мағыналық топтарын да осы шамада бөледі.

Ал Н.Оралбаева, Т.Қордабаевтың еңбектерінде модальділік мағынаның келесідей топтары бары айтылады:

1. Міндеттілік мағына білдіретін модаль сөздер

2. Болжал мәнді модаль сөздер

3. Мүмкінділік мағына білдіретін модаль сөздер

4. Қостау мен растау мәнді модаль сөздер

5. Қалау пен тілек мәнді модаль сөздер

6. Күмән пен күдік мәнді модаль сөздер.

Түркі тілдеріндегі модаль сөздер бір-бірінің ішінде бір мағыналық топқа ене бермейді. Мәселен, қарақалпақ тіліндегі модаль сөздерді мынандай мағыналық топтарға бөлуге болады:

1. Айтылған ой-пікірдің анықтығын, дұрыстығын нақтылап, сенімділікті білдіретін модаль сөздер: *әлбетте, хақыйқатында, дұрысында, шынында, расында, анығында, хаслында, сөзсиз, шубхасы;*

2. Күмәнді, сенімсіздікті, дұдамалдықты, болжамды білдіретін модаль сөздер: *бәлким, бәлки, мүмкин, шамасы, қәйдем;*

3. Айтылған пікірге эмоционалды қатынасты үстеуші модаль сөздер: *бахтымызға, тилекке қарсы, биресаптан, ықтыяры т.б.*

4. Пікірдің тосыннан айтылғанын немесе аяқ астынан еске түскенін білдіретін модаль сөздер: *айтпақшы, айтқандай, айтпашақ, айтайын дегенім;*

5. Бір пікірді екінші пікірге жалғастыруды негіздейтін модаль сөздер: *мысалы, мәселен, айтайық;*

6. Пікірдің айтылу тәртібін, ізбе-ізділігін, сабақтастығын білдіруші модаль сөздер: *бириншиден, екиншиден, биринши гезекте.*

7. Пікір иесінің кім екенін білдіруші модаль сөздер: *мениңше, сениңше, айтыұынша, сезиұимше т.б.*

8. Бір пікірдің екінші пікірге қарама-қарсылығын білдіретін модаль сөздер: *керисинше, қайтама, қырсығына т.б.*

9. Нәтижені, тұжырымды, қорытындыны білдіретін модаль сөздер: *демек, сөйттип, құлласы, улыұма, қысқасы, ақыры, нәтийжеде т.б.*

10. Модальлық мәнге өткен фразеологиялық сөз тізбектері: *құдайға шүкір, садаған кетейин, құда биледи, жеме-жемеге келгенде [5, 202-б.].*

Модаль сөздер негізгі лексикалық мағынаны білдірумен бірге өзге тілдік бірліктермен тіркесіп, күрделі мүшенің құрамында көмекші қызметін атқара отырып, қосымша модальділік мағыналарды білдіреді [6, 115-б.].

Жоғарыда тілдегі модальдіктің ең типтік репрезентациясын қарастырдық. Модаль сөздерден бөлек қазақ тіліндегі модальділік мағынасын етістіктер, оның ішінде рай категориясы дәл береді. Мәселен, грамматист А.Ысқақов модальділікті ең алдымен райлық мағынамен қабаттас қараған. Міндеттілік, қажеттілік, өтініш мағыналарын беретін модальдік формаларды райлық мағынаға жатқызған. А.Байтұрсынұлы етістіктің рай категориясының 15 түрі бар екенін айтқан: *ашық, билік, тұйық, шартты, реніш, ереуіл, қалау, сенімді, сенімсіз, мұң, көніс, ызалы, теріс және қайрау.*

Рай категориясының бір ерекшелігі – модальдік мағынаны жеке тұрып білдіргенге қарағанда, тіркесіп формалы түрде келіп бергені жиірек ұшырасады [7, 50-б.]. Н.Оралбаева етістік білдіретін іс-қимылдың шындық өмірге қатысына байланысты екіге бөледі: егер шындық өмірді білдірсе, объективті модальділікті білдіретін етістік болады да етістік білдіретін қимыл шындық өмірге қатысты болмаса, субъективті модальдік мағына білдіретінін айтады. Соған байланысты райдың модальділік сипатын қарай екіге жіктейді: 1) реалды қимылды білдіретін, объективті модальділік сипаты басым – ашық рай; 2) неғайбыл, субъективті мағына беретін модаль сипатты білдіретін райлар – шартты, бұйрық және қалау райлар [8, 271-б.]. Сондай-ақ ашық райдың ерекшелігі жайында, оның ақиқат шындықты білдіретін сипатын алға тартқан С.Құлманов: «Ашық рай осы, өткен және келер шақтағы болымды немесе болымсыз іс-әрекетті жай ғана баяндауды білдіреді. Мұнда іс-әрекет туралы хабар ақиқат шындықтың тура көрінісі ретінде беріледі. Сондықтан ашық рай тұлғалары объективті модальдік мағыналарды білдіреді», – дейді [9].

Ашық райдан басқа рай түрлері модальділік мағынаны қал-қадірінше білдіріп, белгілі бір функционалдық мағынаны актуалдып көрсетеді. Мәселен, шартты рай сөйлеушінің ақиқат шындыққа қатысын білдіріп, іс-әрекеттің болу-болмау, орындалу мүмкіндігін, шартын көрсетіп, істің ықтималдық реңкін үстейді. Шартты рай формасы **-ca/-ce** қосымшасының

жалғануы арқылы жасалады. Одан бөлек, сөйлесім ішінде синтаксистік және контекстік сынды қосымша факторлардың көмегімен үстеме мағыналарға ие болады. *«Шүйінші берсең, бәт құндыз бастатқан тоғыз, – деген соң таласып отырған үшеуі біріне-бірі ернін шығарды»* (Ж.Аймауытұлы. Шығ).

Шартты рай өзінің функционалдық қызметінде модальділік мағынасын білдірмеуі мүмкін. *«Оянса – жоқ»* (Ж.Аймауытұлы. Шығ). Бұл сөйлемде модальдік мағынадан бөлек шындық іс әрекет айтылған. Яғни, адамның оянған кезде жоғы көрсетілген. Мұнда шарттылық сипаттан өзге, мезгілдік-мекендік сипат басым.

Шартты рай кейде **-са/-се** тұлғасына **-шы/-ші** қосымшасы жалғанып, кейін жіктеледі. Мысалы: *«Ал сен дұрыстап жасауа бер. Бұл жерде не істеп отырсыңдар? Айтсаңшы»* («Дама в шоколаде»).

Бұйрық рай морфологиялық жолмен берілгенде сөйлеушінің сөзі шындықпен сәйкес келмеу сипатымен тығыз байланысты. Райдың бұл түрі I және II жақта бұйрық мағынаға ие болады да III жақта бұйрықтық мағына біршама солғындап, өтініш, тілек мағыналарын береді. Мысалы: *«Иә, шынында да. Тек қуанышты нәрселерді ғана айтайықшы»* («Дама в шоколаде»).

О. Жұбаева бұйрық райдың шындықпен сәйкес келмеуі мен ерік сипатын тоғыстырып, іс-әрекетке түрткі болу, қозғау салу мәнін түзетінін айтады. Бұйрық райдың модальдік мағынасын сөйлемде нақтыланады. Іске түрткі болу, қозғау салу, тілек пен рұқсат беру, тыйым салу, өтініш, т.б. мағыналарын беруі мүмкін. Және мұның сөйлемдегі көрінісі *іс-әрекетті орындауды бұйыру, іс-әрекетті орындауға рұқсат беру, ақыл-кеңес беру, тілек, ұрсу (зеку), іс-әрекетті тыйым салу, қозғау салу, түрткі болу, іс-әрекетті орындауға шақыру (үндеу), келісу мен мақұлдау, іс-әрекетті орындауды өтіну* сынды мәндерді беретінін айтады.

Қалау рай – сөйлеушінің қимыл іс-әрекетті орындауға я орындамауға қалау, тілек, ниет, ынтасын білдіретін рай түрі. Қалау рай модальділік мағынада актив қолданылып, бұйыру, өтіну мен қалау мәндерінде жұмсалады. Е.Жанпейісов модальділік реңктері етістіктің райлары, интонация, қыстырма сөздер, модаль сөздер мен демеулік шылаулар (*ғой, -ау, -ақ, -мыс*), синтаксистік құрылымдармен де берілетінін айтады. Сондай-ақ, *қашан, қандай, қайда, сонша* сөздері мен *қай заман* сынды сөз тіркестері сөйлемнің ішінде сөйлеушінің пікірі мен қатынасын білдіріп, модальдік мағыналарға ие болуы мүмкін. Бұл сөздер сөйлемде интонация арқылы айтылуы ықтимал. Рай концептісі ақиқат шындықпен сәйкес келмеу мәні мен модальділік негізгі концептінің қажеттілік, қалау, мүмкіндік мәні синтаксистік және мәнмәтін факторларының көмегімен концептуалды мазмұн құрап, қажетті, қалайтын, мүмкін іс-әрекет грамматикалық мәнін түзеді.

Қазақ тіліндегі етістіктердің аспектуалды-модальдық сипатын қарастырған З.Ахметжанова іс-қимылдың басталу, болу және аяқталу сынды амал түрлерін бөліп, оның ішінен бірнеше аспектуалды мағыналарды жіктеп шығарған. Ғалым бөлген аспектуалды етістіктердің ішінде ретардатовті іс-қимылдың модальділікке қатысы бар. Ретардатовті іс-қимыл – **«а+жатыр»** құрылымы түрінде келетін, істің ақырындап, бірақ интенсивті жүретінін білдіру. Мәселен, *«үйрене жатар», «біле жатар», «айта жатар»,* т.б. Бұл форма бір жағынан істің болашақта болу процесін білдірсе, екінші жағынан айтушының болжалдық мағынада айтылған пікірі жатқанын байқауға болады. Істің бұл түрі қазақ тілінде көп қолданыла бермейді [10, 61-б.].

Қорытындылай келе, тілдегі модальділік мәселесі түбі тереңде жатқан, аспектісі сан-қилы мәселе екенін аңғарамыз. Тілдегі модальділікті білдіретін, жарыққа шығаратын құралдармен әдіс-тәсілдердің де көптігін байқаймыз. Модальділікті грамматикалық қабатта қарағанымызбен, лексикалық және синтаксистік тұстары да бір-бірімен қабаттасып жатқаны аңғарылады. Модаль құбылысты зерттеу тіл біліміндегі біршама функционалды-семантикалық өрістердің танымдық болмысын да тануға көмектесері анық.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.
2. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі және жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Рауан, 1991.

3. Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. – Алматы: Қазығұрт, 2014. – 392 б.
4. Грамматика туркменского языка. – Часть I. Фонетика и морфология. Под ред. Н.А.Баскаков, М.Я.Хамзаева. – Ашхабад, 1970. – 463 с
5. Түймебаев Ж. Қазақ және қарақалпақ тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазығұрт, 2018. – 248 б.
6. Иманқұлова С. Модальділік мағыналарының білдірілуі // ҚазҰУ Хабаршысы. – Филология сериясы. – 2012. – №1 (135). – 113-115-б.
7. Ажарбекова Э. Белгісіздік мәннің модаль сөздер арқылы берілуі // Қарағанды университетінің хабаршысы. – Филология сериясы. – 2011. – №2. – 49-51-б.
8. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 390 б
9. Құлманов С. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальділігінің функционалды-семантикалық өрісі. – Алматы, 2007. – 153 б
10. Ахметжанова З. Орыс және қазақ тілдеріндегі функционалды-семантикалық өріс. – Алма-Ата, 1989. – 108 с.

Садуова Г.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2-курс магистранты

АҚУШТАП БАҚТЫГЕРЕЕВА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ЛИНГВОПОЭТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Қазақ поэзиясына ХХ ғасырдың 60-жылдары келген Ақұштап Бақтыгереева сезімге толы нәзік лирикасымен өз оқырмандарын алғаш күннен-ақ баурап алды. Ақынның лирикалық өлеңдері 60-90-жылдардағы оқырмандардың ең сүйіп оқитын шығармаларына айналды. Ұлттық поэзиямызбен бірге дамып, жетіле отырып ақын қазақ әдебиетіне кесек-кесек туындылар әкелді. Зерттеп қарағанда, лириканың өзегінде әрқашан эмоция жататынын көреміз. Бірақ кез келген толқу, кез келген әсер лирикалық шығарма тудыра алмаса керек. «Дүниеге лирика әкелетін – әлеуметтік, моральдық, философиялық, гуманистік мәні бар толғаныстар, көңіл күйі, сезім бұрқағы» [1, 211-б.], – деуі де лирикалық жанрдың өзіндік ерекшелігін және аталған жанрдың тақырып беру даралығын көрсетсе керек. Қалай болғанда да лирикалық поэзия басқа әдеби жанрлардан тақырыпты ашу, бейнелеу кезінде де ерекшеленетіндігі даусыз. «Өйткені поэзия дегеніміз – өмір құбылыстарын тізбейді, дайынды қайталай да бермейді. Әр кезеңнің өз міндетіне сай өмірге тереңірек үңіліп, сол адамдардың психологиясына, ойына актив түрде әсер етеді әрі солардың актив ісін бірде қуаныш, бірде ашу, бірде күлкімен жебеп, түзеп сабақ береді, толғайды. Поэзиядағы ойлылықтың, жаңаны жаратушы, динамикалық арқаудың сыры осында» [2, 151-б.].

Осы тұрғыдан келгенде, «Ақұштап Бақтыгереева әдебиетте өз тақырыбын тапқан және оны өрелі жырлай алған ақын», – деп айта аламыз. Енді ақын шығармаларын дәстүрлі тақырыптық жүйелей отырып, ой білдірсек.

Ақұштап Бақтыгерееваның табиғат лирикасында кішкене ғана көріністің өзінде үлкен ой жататынын «Өрімтал» атты 7 буынды төрт шумақ өлеңінен көреміз.

*Ақ боранын даланың
Сен де бастан кештің бе?
Ерке назды самалдың
Әнін тыңдап өстің бе?
Долы дауыл, күн аптап,
Дақ салмай ма әріңе?
Сүйгендіктен бірақта
Көнесің бе бәріне? [3, 14-б.].*

Өлеңнің алғашқы жолынан-ақ табиғат құбылысының сыртын емес, сырын беріп отырғаны байқалады. «Боранды бастан кешкен», «Ән тыңдап өскен» талда тіршілік қана емес, сана мен

сезім бардай әсер қалдырады. Сондықтан да ол «сүйгендіктен бәріне көнеді». «Өрімталда» Абайдың «Үсті-басы ақ қырау, түсі суық» қысы сияқты портрет бар.

*Жұлқыса жел есіріп,
Майысқанмен сынбадың.
Сыр айтпадың шешіліп,
Неше келіп тыңдадым.
Қысты жеңіп, шуаққа
Жайраңдаған кезіңде,
Бойыңдағы қуатқа
Қайран қалам өзім де [3,14-б.].*

Осы өлеңде ақын бір сәтті ғана айтып отыр. Онда жақсы көру, таңдану сезімі бар. Айналадағы құбылысты ақын өз көңіл күйімен қабылдайды. «Рас, лирикадағы әрбір сөз (мотив) – ақынның бір сәтте жалт еткен нұрлы ойы, сол бойда жарқ етіп тұтас көрінген ішкі сырлы дүниесі» [4, 310-б.]. Онда аяу немесе жек көру сезімі болса, өлең басқаша жазылар еді. Әрине, бұл жерде автордың дүниетанымы, құбылыс пен оқиғаға деген көзқарасы, ақыл-парасаты мен пейіл-мінезі, тіпті ішкі түйсігі де, сол объект арқылы басқа дүниеге деген махаббаты да әсер етеді. Осы өлеңдегі «даланың ақ боранын бастан кешіп, самалдың әнін тыңдап өскен» өрімтал дауылдан дірілдеп тұрған жоқ. Ақын оған қайран қала отырып туған жерге деген сүйіспеншілігін білдіреді.

Ақұштап Бақтыгерееваның «Ақтүтек» деп аталатын өлеңі табиғаты бөлек, кесек туынды. Ақын ақтүтек басқан қыстың ызғарлы күнімен тілдеседі. Жалпы қазақ үшін табиғатпен тілдесу, сырласу, тіптен түсінісіп, ұғынысу жат емес. Бүкіл ғұмырын табиғат аясында өткізген ата-бабаларымыз табиғаттың әрбір тылсымын меңгерген, одан өмір сүруді үйренген. Тіптен, сол табиғат анамен мінездес, рухтас десек те болады. Осы халықтың ұрпағы ақын Ақұштап Бақтыгерееваның табиғатпен тілдеспеуі, сырласпауы, тіпті кейде мұңын шақпауы мүмкін де емес.

*Ысылдай соғып желің де,
Әзірсің бәрін көмуге.
Далада туған адамдар
Ықтасын іздер дедің бе?
Аспанға қарды көтерме,
Әуреге түспе бекерге.
Бәрібір жершіл ұрпақтар
Мекенін тастап кетер ме [3, 53-б.].*

Бізге көптеген лирикалық өлеңдерінде нәзік, ұяң, сезімтал көрінетін Ақұштап Бақтыгереева «Ақтүтекте» қыстың қатал күніне қасқая қарсы тұра алатын жігерлі, қайсар болып көрінеді. Лирикалық кейіпкер тұтас ұлттың мінезін танытады. Қиындықтан қашпайтын, жігерлі, өр халықтың мінезі менмұндалайды. Өлең астарында тек табиғаттың қатал мінезі емес, қазақтың басынан өткізген «тар жол тайғақ кешуі» бар десек қателеспесіміз анық. Рухы мықты, сағы сынбайтын, мойымас «еменнің иір бұтағындай» өр халықтың тағдыр талайы, жүріп жолы жолы, көрген азапты күндері мен жылдары, күрес-жорықтары бәрі-бәрін тарының қауызына сыйғызғандай осы аз ғана өлең жолына сыйғыза алған. Табиғат құбылысы мен аумалы-төкпелі заманның ауыр күндерін астастыра, байланыстыра суреттеуі шеберлік. Өлең астарындағы жасырын жатқан сырды ашу да оңай емес. Бірақ сол сыр ашылған сәтте өлеңде тек табиғат суреті ғана емес, саяси-азаматтық ой-мұраттың бар екендігіне көз жеткіземіз. Өлеңді біздің «кесек туынды» деп бағалауымыз да осыдан.

Ақұштап Бақтыгерееваның өлеңдері мазмұнындағы ұлттық сипатты ондағы көрінетін бай салт-дәстүрден, қатар келетін қазақтың жыраулар поэзиясындағы өршілдік пен ақынның өзіне тән нәзіктіктен, қазақ қызының махаббаттағы ұяңдығынан, әке мен бала, ана мен қыз, қыз бен жеңге арасындағы қарым-қатынастың берілуінен, т.б. көреміз. М.Әуезов әдебиет тарихы жайлы айтқанда: «...Әрбір ақын жеке-дара адам емес: оны туғызған елі бар. Өзінің үлгісі, салты, жақсылық, жаманшылығы бар. Сондықтан ақын өмірін соны туғызған елін алмай, барлық сал мен ақынды туғызған елінің өмірімен қоса қарастырады», – деген еді [5, 16-б.]. Ұлы суреткердің айтып отырғаны туындыгер шығармашылығын оның туған ұлтынан бөле-жара қарастуыдың мүмкін емес екендігі. Адам неғұрлым білімді, талантты, мәдениетті болған сайын өзінің түпкі бастауына қайта орала береді. Себебі ондағы бұрын «көрмеген» ерекшеліктерді, артықшылықты таланты толыса, біліктілігі арта келе таниды.

Ақұштап Бақтыгереева өлеңдерінің бояуы табиғи, бұл жерде оның салт-дәстүрді жақсы білетіні көрінеді. «Сен есіме түскендені» алып көрейік. Ер-азамат қайтыс болып, күңіренген шаңырақты суреттеген ақын:

*Бар демін тартып ішіне
Егіліп тұрды келінің [3, 23-б.], –*

дейді. Сырттай қараған адамға келін қайғылы көптің бірі болып көрінуі мүмкін. Шындығында олай емес, көптің бірі көзге түсе қоймайды. Ол «ойбайлап» отырған жоқ, үнсіз егіледі. Көзге түсетін себебі салтқа байланысты. Келін шаңыраққа түскенде енесі маңдайынан сүйіп, босағадан аттайды. Ал атасы не енесі қайтыс болғанда, өлікті үйден шығарарда келін оң босағада сәлем беріп тұрады. Көріністі қызылды-жасылды етіп бере бермейтін ақын шығарып бара жатқан мәйітке босағада сәлем беріп тұрған келінді көрсетіп отыр. Осы өлеңдегі:

*Кетті деп жақсы арадан,
Жоқтады барлық жас-кәрің
Атынан құлап даладан
Жылады қанша достарың [3, 23-б.], –*

деген жолдарға назар аударайық. Жоқтау – қазақтың салты. Бірте-бірте өзгеріс тапқанмен, «дәстүр кей жағдайда өнер табиғатына тән интуициямен берілуі мүмкін» [6, 51-б.]. Бұрын өлікке көңіл айтып келген адам қазалы үйге жақындағанда аттан құлап түсіп, «ой, бауырымдап» жылаған. Бұл жай қазір сирек кездеседі. Бұл жолдардан өлеңнің ұлттық сипаты ондағы мінезбен қатар дәстүрден көрінетінін байқадық.

Ақынның тағы бір ерекшелігі өзі жақсы білетін жайды жазады. Онда тәптіштеп түсіндірмейді, өлеңі өз биігінде тұрады. Қайта оқырманды ойлантып барып сол биікке көтереді:

*Ерке өстім, көргенім жоқ азап кешіп,
Тіршілік, өмір заңы гажсап нешік.
Бір кезде маған жайлы орын болды-ау
Бір қолмен тербететін қазақ бесік [3, 36-б.].*

Лирикалық кейіпкер өзінің бақытты өмірінің бастауы бесік екенін білдіреді және бұл «қазақ бесік» бүкіл өлеңнің болмағанмен, шумақтың түпқазығы болып тұр. Бесіктің қасиетін көшпенді тіршілік кешкендер ғана түсіне алады. Қазақ баласын бесікке салып өсіреді. Сонымен қатар ағаш бесік көшпелі өмірге қолайлы. Бесік иіп кептірілген талдан жасалады. Екі басы қайың ағаштан шауып жасайды, астына тақтай салып дәрет жүретін жерін тесіп қояды, оған киізден түбек жасап кигізеді, баланы орайтын кеудеше, аяқ жақты қымтайтын көрпеше (жөргек) орап, таңып қояды, басына жастық салады. Баланың бесікте кіші дәретіне

қолайлы етіп қойдың асық жілігінен шүмек жасалады. Түбекке күл салынады, себебі баланың бойы жылы жатуы керек. Бала қырқынан шыққан соң атасы мен әжесі баланың қарын шашын алып, бесікке салу тойын жасайды. Баланы байсалды, үлгілі бәйбіше бесікке салады. Бесікке салғандарға білезік, сақина тағы басқа қолайлы заттар таратылады. Бала жылауық болмас үшін үндемей салып, тілеуін содан кейін айтады. Ұлт бейнесі ұлттық рухта. Лирикалық кейіпкер үшін өзінің өсіп ер жетуінде, қала берді өмірдегі бүкіл қол жеткізген табыстарында, адам болып қалыптасуында бесіктің алар орны ерекше. Өлең жолында тағы бір назар аударатын нәрсе – ақынның «бір қолмен тербететін қазақ бесік» деуі. Ұлттық дүниетаным, оның өнердегі көрінісі дегеніміз – осы. Қазақта «бесікті екі қолыңмен тербетпе» деген тыйым сөз бар. Жастайынан санаға сіңген осы тыйым өлең өрімінде де ойдан шықпайды.

Ақұштап Бақтыгерееваның өлеңдерінде *жөргек* сөзі де көп кездеседі. «Шынымды айтсам да» «Жыр жазар жылдар өтіпті жөргек жуумен...», «Қыздардан келген хаттарда» «Отырсам жөргек сығымдап», «Көз жұмдың үміт толы әнің бітті де» «Жөргекте сәби жылап, өлең жаздым...», «Ризашылықта» «Жудым сәби жөргегін, қуыршағын да...» деген жолдар бар. Қазір әйелдер босанғанда бір рет берілеті әлеуметтік көмекті *жөргекпұл* деп айтқаны болмаса, осынау атаудың мағынасын көпшілік біле бермейді. *Жөргек* дегеніміз не? Бала шыр етіп түскенде табиғи нәрселерге орап алушы едік. Мақтаға, жібекке, теріге, жабағыға, т.б. дегендей. Табиғи дүниеге оралған нәресте бүкіл 18 мың ғаламмен табиғи түрде байланысып жатады. Қытай мен Үндістан арасында қазақтар *Бұланай* деп атаған, тек мал шаруашылығымен айналысатын халық бар екенін айтады. Түрік тілінде сөйлейтін осы халық қойдың құмалағын келіге түйіп, електен өткізіп, соның ұлпасына туған нәрестені орайды екен. Мүмкін қазақтың жөргегі де сол шығар? Жөргек бірте-бірте бесік жабдығы ұғымына айналып кетті.

*Сүйдім қырдың гүлін де, жусанын да,
Жудым сәби жөргегін, қуыршағын да.
Ана болдым кәдімгі мейірленіп,
Тытырлатқан тірлікті құрсағымда [3, 103-б.].*

Ақұштап Бақтыгереева та *жөргек* ұғымын жаялықтан бала өсіруге дейін көтереді. Бесік пен жөргекті ақын философиялық деңгейге көтереді. Бірі – тәрбиенің, адамшылықтың, отаншылдықтың бастауы болса, бірі – аналық мейірімнің, аналықтың махаббаттың негізі. Ал оның астарында тағы да ұлттық ойлау мен ұлттық дүниетанымның әсері жатқандығын түсіну қиын емес.

Енді мына бір өлең жолдарына көз жүгіртелікші:

*Алғаш мені шешіп алып жөргектен,
Алғаш сенде анам мені тербеткен.
Сенде қалып бақытты шақ, балалық,
Сенде менің ақыл ойым ержеткен [7, 36-б.].*

Қырғыз ақын Гүлсайра Момынованың «Туған үйге барғанда» атты өлеңі. Төсекте басы, төскейде малы қосылған қырғыз ағайынның өкілі. Ұлттық салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, мәдениеті мен этнографиясында соншалықты жақындық бар екі ұлттың бала тәрбиелеу ісінде де айырмашылық жоқтың қасы. Олар да баланы бесікте өсірді, бесік тәрбиесін берді. Ендеше, қырғыз халқы үшін де бесіктен қасиетті, одан киелі еш нәрсе жоқ. Ақынның бүкіл тағдыр-талайын бесікпен байланыстыруы да – осындай дүниетанымның, ұлттық ойлаудың нәтижесі.

Басқа халықтарда кездеспейтін құбылыс – қазақтың сал-серілігі. Сері атағын алу оңай емес, ол үшін сегіз қырлы, бір сырлы, өнерлі ғана емес, жомарт мінезді болу керек. Дүние жинауды ойламайтын, «алдағы күнім не болады?» деп қиналмайтын сері – қазақтың еркесі. Онда ұлттық мінездің дархандығы бар. «Ақан мал жинап, мүлік жинап дүниеқоңыз болмаған, бірақ барынша әдемі, таза киінген, бәйгеге қосып кілең оздырып отырмаса да, аттың тәуірін мінген,

өзінің жас шақтағы салтанатын төсек тартқанынша бұзбаған адам» [8, 714-б.]. Бұл – Әбділда Тәжібаевтың Ақан Серіге берген мінездемесі. Жалпы мұндай тазалық, кірпияздық, атбегілік пен құсбегілік – қазақтың сал-серілеріне ортақ қасиет. Осындай өнерпаз жанның бірі – Мұхит (Мұхаммедкерей) Мерәліұлы. Ол қазіргі Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданына қарасты Жақсыбай өзенінің бойындағы Ақбақай деген жерде 1841 жылы дүниеге келген. Әкесі Мерәлі сол өңірдегі ауқатты адамдардың бірі болған. Мұхит жастайынан ән мен жырға құмар болып өседі. Кейінірек өзі де ән салып, домбыра шертеді. Сонымен бірге ол скрипадада шебер ойнайды. Ол кезде қазақ даласында мұндай аспаптарда ойнайтын адамдар өте сирек болған.

Ақұштап Бақтыгерееваның осы тарихи тұлғаның өмірі мен шығармашылығына арнаған бірқатар топтама өлеңдері мен хикаяттары – ұлттық сипатымен ерекшеленетін туындылар. «Боздәурен» Мерәлі байдың баласы Мұхиттың өнер қуып, серілік құруын, сол үшін ауылнайлықты да тастағанын ағайындары түсінбейді.

*Әкесі айтқанмен бар ақылын,
Алатын көрінбеді бала тілін.
Тон тозып, уақыт озып қайдан білсін
Мұхиттың әні мәңгі қалатынын [3, 324-б.].*

Бұл жерде өнерді бәріне биік қоятын, билікке-байлыққа ұмтылмаған мінезді көреміз. Ол – бір Мұхитқа, сал-серіге ғана емес, қазаққа тән мінез. Оны басқа халық түсінбеуі де мүмкін. Ақынның «Жеңеше» атты өлеңін алып көрейікші:

*Аға үшін сұлу, көркемім,
Бір кезде сен де өрт едің.
«Еркежан» дедің япырмай,
Дара өскен, рас, ерке едім.
Қалсам ба тыңдап сырыңды,
Бөлісем бе екен мұңымды.
Бір күндік ерке наз күлкі
Ұзартар ма екен гұмырды? [3, 62-б.]*

Сенің де жеңгең дәл осындай ақжарқын, сұлу, әдемі. Сенің де жеңгең саған «еркежан» немесе «еркебала» деп ат қойған. Сен де онымен талай сырыңды бөлісіп, оның талай мұңына ортақтасқансың. Ата-анаңның азан шақырып қойған есімін өзгерткеніне де ренжімейсің. Тіптен «Маған болашақ жеңешем қандай ат қояр екен?» деп күтіп жүргенің де есінде. Ал осы сурет, осы сезім басқа ұлт өкілдеріне жақын, таныс бола алар ма еді? Әрине, олар осы бір түсіністікке, сыйластыққа, жарасымдылыққа сүйсіне, қызыға қарары сөзсіз. Бірақ мұндай «жеңеше» тек қазақ қыздары мен жігіттеріне ғана «бұйырған».

Ақұштап Бақтыгерееваның өлеңдері мазмұнындағы ұлттық сипатты ондағы көрінетін бай салт-дәстүрден, қатар келетін қазақтың жыраулар поэзиясындағы өршілдік пен ақынның өзіне тән нәзіктіктен, қазақ қызының махаббаттағы ұяңдығынан, әке мен бала, ана мен қыз, қыз бен жеңге арасындағы қарым-қатынастың берілуінен, т.б. көреміз. Ақынның қай өлеңін алып қарасаңыз да, қазақтың күнделікті тірлігінің, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің, этнографиясының суреті бар. Тек қазақ әдебиеті емес, әлем халықтарының әдеби мұраларында ұлттық-этнографиялық ерекшеліктердің көрінуі – табиғи заңдылық. Кез келген халықтың әуелгі пайда болуынан бастап қалыптасуы, дамуы кезеңінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан ата-бабалық ұстанымдар болады. Этнография – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи салт-дәстүрлерін, қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынастарындағы ұстанымдарын, әуелгі пайда болуынан бастап ғасырлар белестерінен өткен ататек-әулет жүйелерін және т.б. сан тараулы халықтың болмыс әлемін қамтитындығымен ерекшеленеді.

Қорыта айтқанда, Ақұштап Бақтыгереева лирикасы – ұлттық бояуы қанық, өміршен дүниелер. Оның өміршендігі ақын өлеңдерінің ұлттық сипатында жатыр. Сондай-ақ ақын өлеңдерінің эстетикалық негізі, бастау бұлағы да ұлттық ойлауда, ұлттық санада, ұлттық дүниетанымда.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Нұрғалиев Р. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: Елорда, 2003.- 420 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Көп томдық шығармалар жинағы. – 4-том. – Алматы, 2004. – 510 б.
3. Бақтыгереева А. Ақ шағала. – Алматы: Өлке. 2001. – 424 б.
4. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
5. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
6. Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ лирикасының поэтикасы. – Алматы: Жазушы, 1988. – 152 б.
7. Жүректер тілдескенде. Аударған: Ф.Оңғарсынова. – Алматы: Жазушы, 1990. – 344 б.
8. Тәжібаев Ә. Бес томдық шығармалар жинағы. – 4-том. Өмір және поэзия. – Алматы: Жазушы, 1981. – 760 б.

Мұханбетқали А.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің
2-курс магистранты

3.СӘНІК КӨРКЕМ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ТІЛДІК ҚОЛДАНЫСТАР: МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР МЕН ТҰРАҚТЫ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ БЕРІЛУІ

Қазақ фольклорының әр саласы өзінше дамыған. Даму сатысында көшпелі халықтың тұрмыс-тіршілігі, қоғам ретіндегі бейнесі, өмір сүрген кезеңіндегі көріністер анық бейнеленген. Солардың ішінде мақал-мәтелдік, қанатты сөздердің, тұрақты сөз тіркестерінің алатын орны ерекше. Дана халықтың артында би-шешендерден қалған аталы сөздер бар. Осылардың бәрінде мән мен мазмұн бар. Аталған құндылықтардың ғылыми негізін жасап, олардың қолдану аясының кеңдігін, мағынасы мен мәнін іздеген ғалым, тарихшы, жазушы әрі фольклоршы Зейнолла Сәніктің көркем публицистикасында көрініс тапқан тілдік қолданыстардың ішінде мақал-мәтелдердің, тұрақты сөз тіркестерінің орны бөлек. Бұл мақалада ғалым шығармашылығындағы, соның ішінде көркем публицистикасындағы тілдік қолданыстардың қолдану ерекшелігін зерделейміз.

«Мақал-мәтел дегеніміз – халықтың нақыл сөздері, белгілі бір ойды ықшамды түрде, ұтымды, өткір етіп, айтып беретін кестелі сөзі» [1, 12-б.], – деп анықтама беріледі. Иә, бұл турасында жоғарыда атап өтіп, мақал-мәтелдердің халық өміріндегі маңызды рөлін атадық. З.Сәнік шығармашылығымен танысқанға дейін мақал-мәтелдерді тақырыптық тұрғыда талдап келген болсақ, ғалым бұл дана сөздерді, халық фольклорын ғылыми жақтан дәлелдеуге тырысты. Бұл туралы Д. Советқызы былай дейді: «Зейнолла Сәнік әрбір мақалдың ғылыми астарына үңіліп, жан-жақты талдаулар жасау арқылы қазақтың ой-өріс тереңдігін, бір ауыз сөзге салмақты ой мен сезім сиғызған шешендігін баса көрсеткісі келген» [2, 114-б.].

З.Сәніктің көп томдық шығармалар жинағының жарыққа шығып, қалың оқырманға жол тартқаны мәлім. Осы томдықтардың бәрінде дерлік жазушының жазу стилінің, сөздерді құбылтып қолдану ерекшелігінің бар екенін аңғаруға болады. Солардың ішінде «Очерктер, портреттер, естеліктер» деп аталатын 14-томдығында жазушының көркем публицистикасының, ондағы тілдік қолданыстарының негізгі мәні анық көрсетілген. Аталған еңбекте мақал-мәтелдердің, тұрақты сөз тіркестерінің берілуі кеңінен көрініс береді. Мәселен, «*Омарғазының рухына тағзым*» еңбегінде мынандай ерекше сөз қолданысын байқауға болады: «*Жалпы қаламгерлердің екі өмірі болады, бірі – тіріхани өмір, ол шекті болады, енді бірі – рухани өмір, оның шегі болмайды*», – дейді [3,15-б.]. Осындағы «тіріхани» сөзіне келсек. Рухани өмір жайында естіп, біліп, оқып таныстық. Алайда «тіріхани» сөзінің қолдануы ерекше

көзге түседі. Тіпті бұл сөз туралы интернет желісінен, электронды БАҚ беттерінен де көре алмаймыз. Ендеше, бұл сөзді З.Сәнік не үшін пайдаланды? Осыған ой жүгіртіп, саралап көрсек.

«Тіріхани» сөзіндегі «тірі» сөзінің тіршілік, тірі адам екенін аңғаруға болады. Оған «хани» сөзі жалғанып, өз алдына бөлек бір мағынаға ие болды. Ғалымның көркем публицистикасындағы берілген жолдар арқылы сараласак: *«Омыкеңнің тіріхани өмірі аяқталып, рухани өмірі басталғаннан бері әр жылы дерлік еске алынып, аталып келеді»* [3,15-б.]. Яғни «тіріхани» деп отырғанымыз – тірі адамның өзі. Оның тірі күндегі тіршілігі, мінезі, болмысы мен жүріс-тұрысы. Ал оның тіріхани өмірдің шекті болатынын жазған З.Сәнікше түсінсек, бұл сөздің қазақ тілінде бұрыннан бар екенін немесе қолдану аясының тар екенін аңғаруға болады. Дәл осы тұста айта кету керек, маңызды бір дерек, ғалым Зейнолла Сәнік Қытай Халық Республикасында дүниеге келген, Қытайдағы қазақ тілінің диалектісін, тілдік бірлігін сақтаған жазушы. Ендеше, бұл сөзді қолданудың, қолданып қана қоймай, жеке-дара бір мән беруі бекер емес. Қытайда тұратын қазақтардың сақтаған тілдік қолданыстарында қазіргі кезде біз үшін көмескі тартқан, көнерген сөз ретінде көрініс тапқан сөздерді күнделікті өмірде тұрақты қолданатынын ескеру керек. Осы жағынан алғанда, Зейнолла Сәнік көркем публицистикасындағы тілдік қолданыстың ерекшелігі тағы да айқындала түспек.

Дәл осы еңбегінде жазушы «Әкім бір ұлттікі, ақын бар жұрттікі» деген мақалды «Әкім бір жұрттікі, ақын бір жұрттікі» деп береді. Осы нақыл «Әкім – бір үйдікі, ақын – бар жұрттікі» түрінде де кездеседі. Жазушының көркем публицистикасындағы тілдік қолданыстар ішіндегі мақал-мәтелдердің кейбірі өзгеріске түсіп, кейбірі толықтырылған нұсқада беріліп жатады. Мысалы, мына бір мақал-мәтелдің толық нұсқасын біз күнделікті өмірде, жалпы әдеби еңбектерде жиі қолдана да бермейміз. «Ашу қысса, ақылың ғайып болады», «Шыдаған іс тындырар, шыдамаған аяғын сындырар», «Ауру», – деп ыңырансаң, есіктен қарайды, «жаным-ай!» – десең, жаныңа келеді. «Ойбай-ай!» – десең, қойыңа кіріп алады», «Үлкейіп барып, сыпайыны көргенше, кішірейіп барып, шынайыны көр», «Жылқыны сақау бүлдіреді, елді жақау бүлдіреді». Бұл мақал-мәтелдерді З.Сәніктің көркем публицистикасынан жиі кездестіресіз. Автор аталған мақал-мәтелдерді топтастырып беріп, олардың ғылыми мәнін де ашып отырған. Денсаулыққа қатысты бұл мақал-мәтелдерді қазіргі күні жиі қолданбайды. Алайда аталған дана сөздердің мәні мен мазмұны өте тереңде екенін ғалым түсінген және соларды түсіну арқылы көркем публицистикасында нақты беріп отырған.

«Бұл сөзге жігіттер жымыңдасып алды да *абың-күбің* дастарханның ортасын аша бастады. Ал әлгі шай құюға оңтайланған әйел Күкеңге көзінің астымен бір қарады да, кебезесіне қарай жамбастай жөнелді. *Зайыры* түйреп қойған майын салатын ойы жоқ болса керек, әйел ары қарап отырып үш *тәлеңке* май дайындап алдыға қойды» [3, 29-б.]. Дәл осы мәтіндегі *«абың-күбің»*, *«зайыры»*, *«тәлеңке»* сөздерінің де қолдану аясы бөлек. «Абың-күбің» деп отырғаны «у-шу, шуласып отырған» деген мәнде берілген. Ал «зайыры» дегені «зайыбы» немесе «жолдасы» дегенді білдіреді. Бұдан бөлек таңсық кездескен «тәлеңке» сөзінің түпкі мағынасы орыстың «тарелка» дегенінен шыққан. Қытайдағы қазақ тілінде мұндай үндестік заңына қарай бұрмалап, аударып, қазақшалап алған сөздерді жиі кездестіруге болады. «Тәлеңке» атауын әлі күнге дейін сол жақта тұратын, күн кешіп жатқан қазақтар қолданады.

- *Еңбектеніп жерден же, ебін тауып елден же» дейтініміз, осы шығар.*
- *Әй, мынау ебін тауып жегеннен гөрі тартып жегенге жақынырақ қой.*
- *Сұрауы жетсе, бермейтін сараң жоқ деген сол...*
- *Сұрау болғанда да бұл сұраудың майпаз жолы болғаны зой* [3, 29-б.].

З.Сәнік көркем публицистикасының көркемдігін, ерекшелігін келтіріп тұрған да – осы мақал-мәтелдердің жиі берілуі және олардың өте сәтті қолданылуы. Қарапайым, сөз арасындағы, дастархан үстіндегі диалогтың өзінен осындай бірнеше күнделікті ести бермейтін мақал-мәтелді көріп отырмыз. Тіпті әр мақалдың соңынан жалғап, келесі бір мәндес мақал-мәтелді пайдалануы жазушының мықтылығы ғана емес, шешен әрі зерттеуші ғалым ретінде шебер екенін дәйектей түседі. Осы диалогтағы «майпаз» сөзі «сыпайы», «бизя түрде» деген мағынаға жақын келеді.

«Зейнолла Сәнік Қазақстанға көшіп келмей тұрып-ақ, елге оралған әр сапарында Қазақ даласын, ата-бабаларының жүрген жерлерін арлы-берлі аралап, көріп, жүрек түкпірінде бала күнінен сақталған сағынышын басуға тырысатын. Жыр-аңыздарда, бабалар туралы ескі естелік әңгімелерде айтылатын жер-су аттары мен олар туралы аңыздар бала Зейнолланың жадында елес болып сақталғанымен, сол жерлерді көрсем-ау деген арман ешқашан да көкейінен бір еткен емес. Сөз зергерінің барлық саналы ғұмыры Қытай Халық Республикасында өтті. Ол кейбіреулер ойлағандай басқа елде, бөтен жерде емес, ата-бабасы сонау сақтар мен ғұндар дәуірінен бері жайлаған, беріде Түркілер мен Найман хандығы құтты мекен еткен, Қытай мен Ресей шекара бөліскенге дейін қазақтың жерұйық тұрағы болған қасиетті өлкеде өмір сүрді» [4, 3-б.]. Иә, З.Сәніктің атажұртқа оралғанға дейінгі ғұмырының Қытай елінде өткенін, сонда дүниеге келгені туралы мақала барысында атап өтіп, тілдік қолданыстарының ерекшеленетінін баса айтқан едік. Бұл айтылған ой да соның дәлелі әрі нақты өзі болмақ. Туған жерден алыстап, өз отанына оралған ғалымның сөздік қорындағы қазақтың ескіден келе жатқан сөздерінің қайта жаңғыруы, мақал-мәтелдердің, нақты сөздердің қайта алдымыздан бұлай шығуы үлкен нығымет.

Жазушы әрі ғалым З. Сәніктің тұрақты сөз тіркестерін шебер пайдаланып, оны сөз арасында сөйлеушінің ауызына салып беретінін байқауға болады. Бұл тұжырым нақтырақ болу үшін мына бір мәтінге мән берсек: *«О, жарандар, жағаң барып жағаңды ұста, жағаң жоғың кеңірдегіңді ұста, заманақыр боларда су тартылар деуші еді, бұқа болып, жігітке қыз артылар деуші еді, ана сорақылықты қараңдаршы!»* [3, 37-б.]. Осындағы келтірілген тұрақты тіркестердің мәтін ішінде өз алдына сөйлем құрап, сөйлеушінің шешендігін нақтылап тұр.

З. Сәнік көркем публицистикасында кездесетін тағы бір ерекше құбылыс – Қытайдағы қазақтар арасындағы даналық сөздердің ғана емес, ұйғырлардың да сөз қолданысындағы сөздерді сөзбе-сөз беруі және оның мәнін ашуға тырысуы. Бұған мысал ретінде «Халқына кенші болған кемел ғалым» мақаласынан бір үзік келтірсек: *Заманға бақмай немұндақ иоганлап алған адам бұ, – деп жатты жанындағылар, – дегенде біз бәріміз ду күлістік* [3, 41-б.]. Осы сөзді ғалым былай деп түсіндіріп береді: *Әрине, бұл жердегі заман үлкендердің көңіліндегі бұрынғы заман. Өйткені, үлкендердің айтуынша, бұрынғы заманның адамдары толағай тұлғалы дәу болады екен де, қазіргі заманның адамдарды барған сайын шөжіп, кішірейіп барады екен. Қазындылардан шыққан бұрынғы адамдардың сүйектері бұл күнде үлкендердің айтқанының дұрыстығын дәлелдеп отыр* [3, 42-б.].

З. Сәніктің әр сөзінде, әр сөйлемінде қарабайыр сөздің жетегі жоқ. Шындығында, жазушының жазу стилі мүлде бөлек. Қазақтың тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйінін дөп басып жеткізуіне де оның осы мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін орнымен жиі пайдалануында болар. Оған мысалды әр томнан, әр шығармасынан көруге болады. Мәселен мына сөздерге мән берсек: *Оның көз шанағына ыстық жас іркіліп, дауысы дірілдеңкіреп шықты», «дәл осы сәтте менің де ой дүнием теңіздей теңселіп, көңілім қобырып кетті* деген сөз қолданысынан, тілдік бірліктерінен жазушының қазақ асыл сөзін өте терең зерттеп қана қоймай, оны бойына толық сіңіріп алғанын анық аңғаруға болады. Тіпті авторы белгісіз еңбекті оқып отырып, дәл осындай стилде жазылса, оның осы Зейнолла Сәніктің еңбегі екенін жазбай тануға болар еді: *Өкініші көп өткен дәурен туралы сөз қозғалғанда оның «шіркін» дерлік несі бар еді дейтін шығар кейбір жандар. Рас, біздің жастық шағымыз солақай Лушияның сойылы қоқаңдап тұрған сол бір сүркейлі күндерде жауаңкөз болып өткені хақ. Оның үстіне адамдарды бірін-біріне айдап салып, арадан жем іздейтін, біреуді біреуге аңдытып, ауызға қақпақ, аяққа тұсау салатын, сонан барып бірін-біріне төпеіштететін күндерді де бастан кештік...* [3, 68-б.].

Қазақта «сойылын соғып» дейтін тіркес бар. Дәл осы тіркесті З.Сәнік «сойылын қоқаңдатып» деп береді. Бұл жерде автордың, яғни жазушының бейнелеу, жеткізу шеберлігіне қарай тұрақты сөз де құбылып отырады. «Қоқаңдатып» деген сөзді де ауызекі тілде айтып жатпасақ, нақты шығарма беттерінде көп пайдаланып жүрген жоқпыз. Ал жазушының

еңбегінде бұл сол кездеі Лушияанның озбырлығын, оның саясатының қатаң екенін анық бейнелеу үшін беріп отырғанын байқауға болады.

Кез келген жазушының міндеті – көркем дүниені көркем сөзбен жеткізе отырып, оқырманның ыстық ықыласына бөлену. Осы ықыласты алған жанның бірі де – Зейнолла Сәнік. Тарихшы әрі фольклоршы, этнограф ретінде ғылым соңын қуып жүріп, сөзге шорқақтық танытпай, әр жазған сөзінен, сөйлемінен мән мен нәр іздейтінін көре алдық. Бұл турасында өзінің айтары да бар: *Адам тіліне аспандағы бұлт айналады» деп сөз құдіретін айрықша бағалайтын біздің халқымыз үшін айтқанда кімнің кім екенін бір ауыз сөзінен аңғарып жататыны рас. Адамның қуанышы, қайғысы да сол бір ауыз сөзге барып тиянақ табады. Сөз қадірін жақсы білген қаламгер жарасымды әзіл арқылы «адам жүзіндегі қысты айдап» күнделікті өмірді күлкі ішінде өткізуді көп ойлайтын [3, 71-б.].* Осындағы жазушының қолданып отырған «адам тіліне аспандағы бұлт айналады» тіркесі адам баласының тілі арқылы кез келген мәселені шеше алатынын, жақсы сөзден жақсы ой туып, адамдар өзара тату-тәтті, ынтымақ пен бірлікте өмір сүре алатынын жеткізуге тырысады.

Қазақ халқының би-шешенге бай, асыл мұрасының ішінде сөздің құдіретін, алатын орны бөлек екенін айтпасақ та белгілі. Жиренше шешен, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Сырым Датұлы даналығы секілді белгілі деген аттарды атап көрсетсек те, олардың әр айтқан сөзінде, ойында, даналығында шек жоқ еді. Міне, осы құндылықтарды бойына сіндіріп қана қоймай, келесі ұрпаққа қалдырып, қазақ сөз қадірінің болмысы мен табиғатын ғылыми түрде тұжырымдап кеткен ғалым әрі жазушы, тарихшы, этнограф, фольклоршы Зейнолла Сәніктің қолтаңбасы, оның еңбегінің жемісі ұшан-теңіз.

Дәл осы тұста З.Сәніктің әр сөздің бойына терең бойлайтынын тағы да нақтылауға тырысамыз: *Иә, сенің жүрегің үлкеймей қайтеді, қайта жүрегіңнің кеудеңнің ішінде тұрғанына шүкірлік қыл! Кезінде «қызыл батырлардың» «адамның жүрегіне шабуыл жасаймыз» дейтін ұраны болушы еді ғой. Сол ұранмен сені он жыл алдыға сап, айдағанда ол жүректің жарылып кетпей, бүтін күйінде кеудеңде қалғанына тәуба деп, жақсы емделсең болғандай... [3, 73-б.].*

Сөз шебері болу үшін жазушыға не қаламгерге әр сөздің мәнін білу абзал. Бұл тұрғыдан келгенде, Зейнолла Сәнік көркем публицистикасының жөні бөлек. Әр ойдың нақты берілуі, әр сөздің мәні арқылы келесі ойдың көлеңкесін көрсетіп, оқыған сайын сананың дамуына, сөз арқылы адам жанын емдеуге бағытталған шығармаларының бойында қазақ сөзінің тұмары жатыр. Бұл турасында біздің зерделеуімізден бұрын, ғалым турасында айтылған мына бір ойға тоқталсақ. «Мақалдардың мәнін ашатыны осындай салмақты мысалдарда қазақ сөзінің қасиетін ашу үшін көз майын тауысқан Зейнолла Сәніктің қаншама күнгі өзге ғылым мәліметтерін ақтарған, жинақтаған, саралаған еңбегі жатыр. Сонымен бірге бабалар қалдырған фольклор үлгілерінің жалаң сөз ғана емес, оның өмірдің өзінен ойып алынған шындық, кейде тіпті алдағыны көрсете білген ғылыми болжам екенін көрсеткендей. Қаламгер әрбір мақалдың мәніне өзі де таңырқай, тамсанып, талдаудан жалықпайды» [3, 116-б.].

3. Сәнік көркем публицистикасымен танысып, оны зерттей отырып, осы айтылған ой тұжырымдарына толықтай қосылуға болады. Әр сөздің мәйегін, әр сөздің мәнін ашуда ғалымның ізденісі бөлек: *Жасаған жөніндегі осы бір ежелгі қазақы хикаяттарға бізден гөрі Қытай оқымыстылары, сондай-ақ еуропалықтар ерекше қызығады. Айталық, біздің халқымыз «адам – топырақтан, түйе – сордан, жылқы – желден, қой – бейіштен, сиыр – судан, сайтан – оттан жаралған», – деп мақал-мәтелдеп, соның әрбірін өздерінше әңгімелеп түсіндіреді [3, 194-б.].* Бұл жазушының «Ежелгі тарихтың...» деп аталатын көркем публицистикасынан келтірілген мысал. Нақтыласақ, «жасаған» жөніндегі мифология турасында. Қытай мен Еуропа ғалымдарының ізденісін, олардың қызығушылығын айта келіп, қазақтың оған материалистік тұрғыда да, рухани жақтан да баға беріп тастағанын бір ауыз мақал-мәтелмен ғана дәйектеп береді. Расында, қазақтың қай аталы сөзін, нақыл сөзін, мақал-мәтелін алмаңыз, бәрінде белгілі бір қоғамдағы ойдың жетістігі, тұрмыста болған оқиғаның көрініс жатады. Осы арқылы ғалым З.Сәнік қазақ халқының сөзді қолданарда оған жай қарамайтынын, оның

астарында үлкен ғылымның, мәннің жатуы керек екенін баса айтады. Айта келіп, өзі де зерделеу жасап, оған баға береді.

«Жаратылыстың негізін рухтан емес, заттық материядан іздейтін мұндай қарапайым материалистік, көзқарастың ежелгі шығыс, грек философтарының от, ауа, су, топырақ – осыларды әлемнің тегі деп қарайтын байырғы философиялық көзқарастарымен *барандас* жатқандығы оларды қайран қалдырады. Айталық, сол хикаяттардың бірінде «Адам топырақтан жаралған, сол себепті өлген соң тал бесіктен жер бесікке барып жатады. Алдымен Хауа ана Адам атаның өзі топырақтан жаралған. Ал, Хауа ана сол Адам атаның қабырғасынан жаралған», – деп әңгімелейді», деп келеді де, ойдың өзегін былай жалғастырады: *Үйге барып қабырғаммен ақылдасайын» дегені – сүйген жарыммен, әйеліммен ақылдасайын дегенді білдіреді. Дәл сол сияқты түйенің – сорымен, жылқының – желмен, сиырдың – сумен, сайтанның – отпен қатынасы жөніндегі қазақ хикаяттардың нанымдылығы мен қызықтылығы таңғаларлық тамаша сыр шертіп, жаратылыстың арғы тегі туралы айтылатын мифологияны арғы заманға қарай жетектеп, сол бір қызықты хикаяттарды бір белестен екінші белеске самғатып отырады [3, 195-б.].*

3. Сәнік шығармашылығының, оның көркем публицистикасының көркемдік әлемінен бөлек, әр затқа, құбылысқа мән беретінін, оларды сөзбен суреттеуде ерекше баға беретінін байқау қиын емес. Мәселен, ғалымның көптомдық шығармалар жинағының 12-томдығында ғалым қазақтың мақал-мәтелдерін топтастырып, оларды сала-салаға бөле қарастырып, әрбіріне ғылыми негіз береді. Атап айтқанда, білім, ғылым, денсаулық саласы секілді мәселені көтергенде мақал-мәтелдердің бойына етене еніп, олардың болмысын, табиғатын сөзбен емес, ғылыми тұжырыммен ашады. Сол еңбектерінде жазушының көрсеткен кей мақал-мәтелдерінің қазір қолданыстан жоқ екенін, болса да, көп пайдаланбайтынын зерттеу нәтижесінде көре алдық. Зейнолла Сәнік көркем публицистикасының ішінде дәл осы мақал-мәтелдердің, тұрақты сөз тіркестерінің, нақыл сөздердің жиі кездесуі де, сол публицистиканың көркемдік қырын көрсетеді. Қазақ тілінің бай, көркем, әсем әрі құлаққа жағымды естілетінін Алаш зиялылары айтып кеткенін ескерсек, жазушы сол жолды, сол ізденісті тоқтатпаған. Өзінің көркемдік әлемі арқылы бәріне жауап береді.

Бұл мақалада зерттеуге алған, нақты тұжырымдауға бағытталған жол – Зейнолла Сәнік көркем публицистикасындағы қолданылған тілдік бірліктердің өзгешелігі, ерекшелігі болатын. Зерттеу, зерделеу, бақылау әдістерінің нәтижесінде, ғалымның көптомдық еңбектерін қарастыра отырып, біз нақты бір тұжырымға иек арта аламыз. Жазушы әрі ғалым З.Сәніктің шығармашылық әлемі қазақ әдебиетінде тек біржақты сөз сарасын, қазақ фольклорын, этнографиясын, тарихы мен мифологиясын зерделеумен шектелмейді. Оған қоса, қазақ сөз өнерінің биіктігін, оның қасиеті мен құдіретін көрсетуге бағытталған тұжырымдары, ойлары, ғылыми топшалауы, болжауы, пайымдауы, бәрі де үлкен ізденістің болуымен ерекшеленеді.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Керім Ш. Мақал-мәтел. Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклорлық кезең. – Алматы: 2008. – 780 б.
2. Жақан Д. Халық мұрасының жанашыры (Зейнолла Сәніктің фольклорлық-этнографиялық мұрасы негізіндегі ғылыми-танымдық эссе). – Алматы: Мерей, 2021. – 344 б.
3. Сәнік З. Көп томдық шығармалар жинағы. – 14-том. Очерктер, портреттер, естеліктер. – Алматы: Ан Арыс, 2017. – 320 б.
4. Мәңгілік жол. Құраст.: Жолдасбек Ормаханұлы, Сержан Тоқтасынұлы. – Алматы, 2019. – 296 б.

Бақытбекова З.

Әл-Фараби атындағы арнаулы гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҰЛТ АҚЫНЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ – ҰРПАҚТАР ТАНЫМЫ

XX ғасырдың алғашқы кезеңіндегі саясиланған сананың сарынымен айтылған, жазылған солақай сындар төреші уақыт өте келе салынып тасталды. Абайтану тарихы, ақындық мектебі, мұрасының поэтикалық, философиялық, педагогикалық-психологиялық мән-маңызы әр ғылым саласынан тереңдей талданып, зерттеліп келеді. Елбасымыз Н.Назарбаев «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласында «Рухани жаңғыру – адам баласының, оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана сезімі өткенді бағалай отырып, жаңа өзгерісті қабылдай білуі», – дегеніндей, өткенді қастерлемей, болашаққа нық басу мүмкін емес. Шындығында, төл тарихымыздағы ұлы жетістіктердің дені Ұлы дала кемеңгерлерінің шығармаларын, соның ішінде ұлы Абайдың шығармаларын және Абайдың ойшылдық, ақындық мәртебесін жас ұрпаққа жеткізуде дүбірлеп өткен бабалар жолын, аласартып алмай жеткізу міндеттілігі мектептегі оқу мен тәрбие жұмыстарына арнайы оқытуға беріледі.

1995 жылы 9 тамызда Абай Құнанбайұлының 150 жылдығына орай Алматыда өткен салтанатты жиында Елбасы: «Абайдың терең ойы мен пікірі тек айта жүрер әңгіме болмай, күнбе-күнгі тірлігімізге бір кірпіш болып қаланып жататын нақты іске айналса, тіптен құба-құп. Ол үйреткен тағылым мен көкसेген мұраттарды шын қастерлей білгеніміздің, әділет пен абзалдық ұстазы алдындағы перзенттік қарызымызды терең түсініп, өтей алғандығымыздың бірден-бір белгісі – осы...», – деген еді. Ұлы тұлғамыздың өсиетінің өзекті мәні, рухымызға сарқылмас қуат, санамызға өмірлік нәр берер баға жетпес құндылығы да – даналық мұрасы. Халқымыздың сан ғасыр ерінбей-жалықпай тәрбиелеген ұлы ұстаздардың санамызға құйған нұры, данышпан абыз-әулиелердің табанының ізі даламыздың қай өңірінде болсын әлі сайрап жатыр. Сөйтіп, көрегенді ел болдық, «қарға тамырлы қазақ» атанып, өнегелі өркениет құрдық. Осындай болып қалыптасуымызға ұлы ақынымыздың шексіз кең рухани әлем мұрасы ықпал етті. Бүгінгі ұрпаққа адамзатқа тән құндылықтардың тұтқасын осы ұлы тұлғаның шығармалары арқылы қабылдауы керек.

Абай мұрасы – адамтану мен ақиқаттану айнасы. Демек, ақынның шығармаларын білім алушылар үйреніп жаттауды немесе зерттеуді ғана емес, ұлттық идеологиямызды танытатын ұстаным ретінде тәрбиелеп көрсеткен дұрыс. Ұлы гуманист ақынның адамгершілікті, әділеттілікті жырлаған асқақ мұраттарымен біте қайнасып жатқан ғұмырлы ойлары бүгінгі күн талабымен ұштасып, жас ұрпақтың сусындай берер рухани асыл қазынасы екені сөзсіз. Сонау бастауыш сатыдан басталатын «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі білімі- ғылымды игермейінше мақтанбауды, адал істі болуға кеңес береді. Жасөспірімдерге білімнің барлығы кітапта екенін айтып, «бес асыл істі» әрдайым қасиет тұтуға, «бес дұшпаннан» бойды аулақ салуды, «пайда ойламай, ар ойлауды» өсиет еткен өлеңдері жас бүлдіршіндердің санасына сіңіп саналы болып қалыптасып өсуіне ықпал етеді.

Ақынның ел болу мұратынан туындаған «Бірінді, қазақ, бірін дос көрмесең, істің бәрі бос» деген тарихи-саяси талабы да Абай атамыз өмір сүрген қазақ қоғамының бодандық жағдайында ұлы ойшылдың азаматтық ақындық, қайраткерлік миссиясының өзегіне айналды. «Бірлік жоқ жерде тірлік, береке, шын пейіл жоқ», – деп, ел дертінің дауасын дөп басып көрсетіп кеткен шығармаларын да көп уақыт талдауға болады.

*Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда.
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,
Жалғыз жарым болмаса анда-санда, –*

деген өлең үзіндісінен де ақын өзінің көңілінің дос пен дұшпаннан қалғанын айтып, біреудің пайда үшін жолдас болатынын немесе бастан бағы тайғанда тайып тұратынын осы өлеңдері арқылы көрсетеді.

*Күшік асырап, ит еттім
Ол балтырымды қанатты.
Біреуге мылтық үйреттім,
Ол мерген болды, мені атты.*

Үзіндіде ақын тағы да өзі кезінде оқытып, тәлім-тәрбиесін берген кейбір ағайындардың өзіне қарсы шыққанына, зұлымдық пен жауыздық қимылдарына қапаланып, осындай жаман қасиетті істемеуге шақыруы да – даналығының үлкен көрінісі. Абайдың көзқарастарына ақыл-ой адамның сезімдерін, эмоциясын, еркін қадағалауға қабілетті деген тұжырым тән және сонымен бірге адам «өз жаратылысының» тұтқынында қалып қоймауы тиіс, ол адам тысқа шығып, өз табиғатынан жоғары тұруы керек. Тәрбиенің, мәдениеттің, білімді молайтудың арқасында адам өзінің табиғи нышандарын жетілдіруі керек. Бұл – ақынның ағартушылық-философиялық тұжырымдамасының күре жолы, тәрбиелеудің қайнар көзі.

Адамгершілікке тәрбиелеу идеясы Абайдың тұлғасына қатысты оның ар-ожданының ішкі дауысы одан өзінің туған қазақ халқының тағдырын шынайы пайымдауды талап етті, ащы да болса халыққа шындықты айтуға шақырды. Өйткені оның іліміне сәйкес, ұлы мақсаты немесе ортақ ақиқаты болмаған халық рухани сырқат күйде болады. Ал өмір болмаған жерде жетілу де болмайды. «Адам бол!» ұстанымына негізделген адамгершілік талабы ұлы ақынымыздың өмірлік ұстанымын біз бүгінде жүрекпен сезініп, ақылмен саралап ойлана алатын адамның қабілетін қалыптастыру қажеттілігін түсінгендейміз.

Сонымен, Абай шығармашылығы – қазақ халқының бай руханиятының шоғырланған көрінісі. Абай – қазақ халқының ар-ожданы! Халқының кемшіліктері туралы өткір тілмен жазған кім бар? Қазақ қоғамының қараңғылықтан құтылудың жолдарын көрсетіп, кемелдіктің биігіне жетуге мүмкіндігі бар екенін көрсетіп берген тұлғамыз. Абайдың көркем істері, ойшылдық еңбегі, шешендік, әңгімешілдік, ақындық өнері, бастамашылдық, көсемдік жырлары кез келген адамды қанаттандырып, ойы мен қиялын байытып, рухани әлемін жаңғыртады. Ендеше, мол мұраны оқудан, үйренуден жалықпалық! Ұлы тұлғамыздың мұраларын жас ұрпақ жадына жандандырып, жаңғыртып жеткізу – педагог мамандардың қоғам алдындығы парызы.

Сманова Ә.

Әл-Фараби атындағы арнаулы гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

М. ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ҚҰНАНБАЙ БЕЙНЕСІ

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы – қазақ әдебиетіндегі аса көрнекті тұңғыш тарихи шығарма. Тарихи шындықты көркем сөзбен бейнелейтін тарихи романның негізгі ерекшеліктерін айта келіп, В.Г. Белинский: «*Тарихи роман* – тарихтың ғылым ретінде өнермен ұшталып кететін нүктесі тәрізді, тарихқа қосымша, оның екінші жағы», – деп тұжырым жасайды. «Абай жолы» роман-эпопеясы – тарих пен әдебиетті өзара байланыстыратын ерекше бір форма. Әлем әдебиетінде мұндай ұлы туындылардың алатын орны ерекше.

Романдағы басты тұлға – ұлы Абаймен қатар сипатталатын Құнанбай бейнесі. Құнанбай – эпикалық бейне; кескін-кейпі, мінез-құлқы, іс-әрекеттерімен тұтас көрінетін әрі толық жинақталған дара тип. Құнанбай сөзі, ол істеген іс – тек Құнанбайға тән, қай жағынан алғанда

да Құнанбай бейнесін ашатын көрініс. Эпопея фабуласы – әуелі Құнанбай образын жасау арқылы қаланса, одан кейін, бір жағынан, генетикалық, бір жағынан, көркемдік байланысы бар Абай образын жасауға құрылған фабула. Жазушы Құнанбайдың тарихи тұлғасын көркем образға айналдыру барысында оның «мемлекет адамы» екендігіне ерекше мән беріп, аса күрделі тарихи бейне жасауға ұмтылған. Сондықтан да Абай мен Құнанбай арасындағы қатынасты қоғамдық қайшылықтар дәрежесінде көрсетеді.

Жазушы «Абайдың өмірбаяны» атты еңбегінде: «Құнанбайдың кім екенін білмесек, Абайдың кім екенін білу де қиын болар еді», – деп көрсетеді. Құнанбайдың көркем бейнесін жасауда жазушы тарихтағы болған оқиғалар мен адамдарды дәл сол күйінде шығармада пайдалана бермеген. Оған бір мысал – Қодарды жазалау көрінісі. Бұл оқиға – шығармадағы қақтығыстардың ең жоғарғы эмоциялық сәті. Бұл Құнанбайдың жаңа бейнесін ашады. Құнанбай ел билеуші ғана емес, салт-дәстүрді сақтаушы, ислам дінін ұстаған, іскер де әрекетшіл адам болған. Роман барысында жазушының терең ойын байқай білген оқырманға Құнанбай бейнесі аса жағымсыз емес екенін байқай алады. Құнанбай – үлкен тартыстарда әбден шындалған адам. Ел билеудің қыр-сырын ерте бастан түсіне беру үшін ол Абайды жас кезінен сол тартыстарға жетелеп, ірі оқиғаларға араластырып отырады. Әке кимылын зерек бала да қадағалап ұғып, өз бойына дарыта білді.

Романда Абай оқудан оралған көрініс Құнанбай бейнесімен қатар әйел-ана бейнесін де даралай түседі. Анасын құшақтағалы барған балаға: «Әй, шырағым балам, әуелі ар жағында әкең тұр... Сәлем бер!» деген ана сөзінде ата дәстүрге тәң үлкен мән жатыр. Жазушы Құнанбайдың сұсты образының бояуын қанықтыра түсу үшін оны Абайға емес, алыста келе жатқан төрт-бес жолаушыға қаратып қояды. Бұл көрініс алдағы болатын оқиғаның маңыздылығын қоюлата түскендей. Бұл – жазушының оқиғаны шиеленістірудегі және образ жасаудағы шебер әдісі. Әрі ата-әкені жоғары ұстау, ер адамның жолы үлкен деп құрметтеу дәстүрінің керемет көрінісі.

Құнанбайдың ұнамды жақтары роман-эпопеяның өн бойынан үнемі көрініп отырады. Оның мырзалығы халық арасында құрметке ие болуы жөнінде «қарадан хан болдың», «қырғынға қырау салмай шықтың», «қоңыраулы бұйдалы нардай болдың» деген сияқты тіркестерді көптеп кездестіруге болады. Құнанбай – «анадан ұл туса, сондай болсын» дерлік биік тұлға, көңілі жүйрік, тілі орамды шешен, алдырмас ел билеуші. Ол туралы ғалым Т. Нұртазин «Өзімен иіндестерден Құнанбайдың еңсесі әлдеқайда биік жатыр», – дейді. Құнанбай қаншалық қатал болса да, әйел мен ана алдында төмен. Шығармада Кәмшат жайын айтқанда анасы Зеренің алдында Құнанбай жуаси түседі. Оның сөзін орындауға уәде береді. Қажылыққа аттанар алдындағы Ұлжанмен әңгімесі де – осыған дәлел. Романдағы Құнанбайға қатысты оқиғалардың барлығы дерлік шындыққа сәйкес келеді. Өз кезінде Құнанбайға қарсы ел билеуге араласып жүрген атқамінерлердің де ірі іс-әрекеттері, теріс мінездері болған. Бөжей, Байдалы сияқты мықтылардың Құнанбайға жасаған қастандықтары кейде шектен шығып отырған. Бұндай ел билеудегі әрекеттер қандай қоғам, қандай кезеңге болса да тән.

«Жас Абай әкесінің бойынан қандай ізгі де ұлы қасиеттер көрді?» – десек, алдымен, Құнанбай – ақылды, сабырлы, алысты болжағыш, көреген, ерекше тұлғалы жан.

Екіншіден, көпті көрген, қабілет-дарыны мол ел билеуші. Үшіншіден, әділ би, сөзге жүйрік, елді аузына қаратқан шешен. Төртіншіден, көкірегі ояу, көзі ашық білімді жоғары бағалаған парасатты кісі. Бесіншіден, рухани салауаттылық жолында дінді, салт-дәстүрді берік ұстаған, жұртты өз өнегесімен де, күшімен де дұрыс жолмен жүруге бағыттаған қоғам қайраткері. Алтыншыдан, өз отбасына ерекше қамқор, мейірімді әке. Жетіншіден, елді уысында ұстай білген, қарсыластарына ымырасыз, өз идеясын батыл іске асыратын күрескер. Бұлар – Құнанбайдың бойынан табылатын ерекше қасиеттер. Осылар арқылы көз алдымызға аз сөзбен көп мағына ұқтыратын Құнанбай келеді. Абайдың бойынан да Құнанбайдың кейбір мінездерін байқауға болады. Жазушы романда Құнанбай бейнесін өмірдегі болмысымен де, кей жерлерінде көркемдікпен өмірдегі қалпынан өзгертіп те бейнелеген. Романдан Абайдың жас кезінен бастап өсу жолындағы әрбір қадамына өзінің «әке» атты үлкен ұлағатының барлық

қасиетін екен – Құнанбай әке. Жазушы романда Құнанбайдың жеке мінезін түрлі қоғамдық қайшылықтар мен тартыстар арқылы аша отырып, сол замандағы аса маңызды қоғамдық заңдылықтарды көрсетеді. Тұтас алғанда, Құнанбай бейнесін толық көрсететін болғандықтан, сол замандағы қай мәселеге болсын жазушы жоғары көзқарас тұрғысынан қарайды және оны романда айтылып отырған шындық өмірдегі жағдайларға байланыстырып бейнелейді. Романда Құнанбайдың типтік образының айналасында типті тартыстарға қатысты жағдайлар беріліп, оның бейнесі ашыла түседі.

Ұлы Абайдың өзі де әкесі – Құнанбай жайлы «Мұқым қазақ баласы ақыл сұрапты», – деп, әкесі жайлы зор ілтипатпен, аса құрметпен сөйлейді. Құнанбай– ұлттық әдебиетімізде бұрын-сонды болып көрмеген қыры да, сыры да сан алуан, алып тау секілді аса күрделі тұлға. Құнанбайдың біреуге ұнамайтын, біреу түсінсе, біреу түсіне бермейтін, кейде теріс көрінетін де іс- әрекеті аз емес. Осындай жайттар әрі сол кездегі қоғамдық көзқарастар Құнанбайды жағымсыз кейіпкер ретінде қарауға себеп болды.

Қазіргі жаһандану заманында, ХХІ ғасырда, салт-дәстүрімізді, дінімізді сақтауда құнанбайшылық іс-әрекет, мінез-құлық қажет сияқты. Құнанбай тәрізді заманның біртума азаматынан үлгі етер жайт көп. Роман-эпопеяны оқи отырып, келер ұрпақ Құнанбай бейнесі арқылы ұлтының қадір-қасиетін тани білер еді. Абайдың дүниетанымы әкесі Құнанбай жасаған сол кездегі қазақ қауымының ортасында қалыптасты. Романдағы көркем тілмен суреттеген қазақ елінің тұрмыс-тіршілігі, жұпар иісі анқыған даламыздың әсем көрінісі – тарихимыздың өшпес бір беттері деп білеміз. Абай әкесі Құнанбайдың әсерімен көршаған ортаға көзқарасты жаңа биіктерге өрлетіп отыруды оның бойындағы қадір-қасиетімен өз бойына сіңірді. Ұлы Абай халықтық мұраға бабалар салт-дәстүріне, ежелгі әдет-ғұрыпқа, тарихқа, шешендікке көзқарастарын қалыптастыруда әкесі Құнанбай арқылы байып, биіктеп отырды.

Ұлы жазушы танытқан Абай мен Құнанбай сияқты ұлы тұлғалардың бойындағы ерекше қасиеттер – рухани жаңғырумыздың қайнар көзі. Заман жаңарып, еліміз жаһандануға бет бұрып жатқан кезеңде қазақ елін әлемге танытқан «Абай жолы» роман-эпопеясы – халқымыздың өткен тарихын танытқан ұлы туынды. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов жасап кеткен бұл образдың бойынан теңіздей терең асыл қасиеттерді байқай отырып, ұрпақ тәрбиесіне алар үлгі, қадір-қасиет мол екенін байқаймыз. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы – қазақ халқы үшін мәңгілік рухани байлық, өшпес қазына.

Джазқбаева Ш.

Әл-Фараби атындағы арнаулы гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

М.ӘУЕЗОВТІҢ «АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ӘДЕТ-ҒҰРЫП, САЛТ-ДӘСТҮР КӨРІНІСТЕРІ

Ұлы жазушы М.Әуезовтің әлемге танымал «Абай жолы» романы қазақ қоғамының жарты ғасырлық әлеуметтік, тұрмыстық, отбасылық ғұмырын мейлінше дәл, айқын, адал бейнелейді. Оқиғалар жыл маусымдарының төрт мезгіліне бірдей, тәуліктің әртүрлі сәттерінде, күн демей, түн демей, толассыз өтіп жатады. Аталар буыны Құнанбайлар мірінің соңғы кезеңі, орта буын Абайлар өмірі түгелдей дерлік, жаңа буын Әзімбайлар өмірінің тал түсі, жас төл Рахымдар өмірінің басы – бірімен-бірі жалғас, үзілмейтін тіршілік көшінің керуені іспеттес, бірін-бірі қуалай жосыған дария толқындары секілді сабақтас, жалғас қалпында көрініс табады. Бұл бір мәңгілік толас таппас жақсылық пен жамандық, махаббат пен ғадауат, әділет пен зұлымдық шайқасы ретінде бейнеленеді. Жазушы өмірдің табиғи ағымын, уақыттың ілгері жылжу құбылысын көрсетеді. Абайдың он үш жасынан бастап дүние салғанына дейінгі қырық алты жылда оны қоршаған ортада өткен басты оқиғалар тізбекті сабақтастықта, бірінен-бірі туып,

өрістеп, тарамданып, асқынып, шорт сынып, тағы бастау алып, шығандап, қатарласа дамып, лаулап барып өшіп, қайта жанып, құбылып, өзгеріп, осы арнада ондаған, жүздеген, мыңдаған адамдар тағдыры шешіліп жатады: жас шынар гүл шашады, кәрі бәйтерек құлайды.

Кейіпкерлердің қазіргі өміріне тікелей қатысы жоқ, бұрын өткен бірен-саран оқиғалар ғана еске түсіру арқылы белгілі болады. Жарты ғасыр уақытты қамтитын кең тынысты, сан арналы ұлы шығарманың барлық тарау, бөлімдерінде көшпелі қазақ тұрмысына етене көрініс, сурет, тартыстармен астарлас жалпы адам баласына тән қайшылық күрес, қасиеттер мол қамтылып, кең көлемде терең де сенімді бейнеленген. Мұхтар Әуезовтің қаламынан туған ру басылары, билер, мансап ұстаған адамдар кескін-келбеттерімен, мінез-қалыптарымен, сөйлеген сөздерімен арғы-бергі замандардағы небір ілгері елдердің басшыларынан патшалардан, корольдерден, хандардан, дипломаттардан асып түспесе, кем соқпайды. Аспан, зәулім, биіктік, шыңырау, тереңдік. Іштерінде алтын ер-тоқымды арғымақ жатса да титтей сыр бермейтін беріктікке, бір ауыз әділ сөзге тоқтайтын мәрттікті, қажет жерінде руымен у ішетін ынтымақты қосыңыз. Қас-қабак, ым-жым, емеурін, жүріс-тұрыс, киім киіс, сөз саптау, билік айту, ел басқару – мұның бәрінде мыңжылдық көшпелі мәдениет қалыптастырған тапжылмайтын, әбден орныққан берік салт-дәстүр бар.

Мұхтар Әуезов осындай әлемдік мән-мағынаға ие, қауымдар, мәдениеттер ауысуы тұсындағы сан-алуан отбасылық, әулеттік, ру-тайпалық, халықтық қақтығыс, шайқас, тартыстар үстінде адамдық мінез қалыптарымен ашылатын исі түркілік, шынайы қазақылық исі аңқыған әрі тың, әрі ғажап көркем қаһармандары бар тұтас сұлулық әлемін алып келді. Бұл жұлдызды аспанның қақ төрінде Темірқазықтай болып, бойына халқының ізгі қасиеттерін сұрыптады, барлық асыл қасиеттерін жиған, әрі ақын, әрі дана, әрі қайраткер, әрі ойшыл Абай тұлғасы тұр. Абайдың аналарына (Зере, Ұлжан), бауырларына (Оспан, Шәке, Кәкітай), достарына (Ербол, Базаралы, Дәркембай), балаларына (Әбіш, Мағауия) деген ыстық ықылас, қымбат пейілін биік адамгершілік тұрғысынан өмірдің сан қилы кезеңіне лайық қалыпта суреттеген жазушының ерекше ден қойып, зор шабытпен, ақындық ғаламат қуатпен бейнелеген психологиялық сезімі – ғашықтық сырлар, махаббат әуездері. Бұл күй, бұл қалып ең алдымен Абай басына тән.

Көшпелі мәдениетке тән этнографиялық, тұрмыс-салттық, сенім-нанымдық, құқықтық, әскери-саяси, адамгершілік-моральдық көріністердің барлық белгілерін толық та кең, терең де дәл қамтыған шығармада ерекше ықшамдылық бар. Қазақ елінің ежелгі бар дәстүрі, арғы замандарда басталған, тіпті шарифаттың өзі де мұртын бұза алмаған белгілі адамға ас беру, жылы өткенше өліктің артын күту, азалы үй тігіп, ат тұлдап, қаралы көш жүргізу, дауыс айтып, көріск дәстүрі Бөжей өлімі тұсында кеңінен бейнеленеді. Екінші қайтара мұндай ситуацияға оралу жоқ.

Әр халықтың өзіне тән салт-дәстүр, әдет-ғұрпы болады. Оларды халықтың келбеті, тәрбиелік ережесі деуге болады. Осындай салт-дәстүрлер романның кез келген бөлімінде жиі кездеседі:

Бесікке салу (салт). Кәрі әже күндегі машығы бойынша бесік жырын айтады: «Әлди-әлди ақ бөпем, Ақ бесікте жат бөпем» (бесік жыры). Бесік қасиетті киелі, құтты мүлік, сәбидің, алтын ұясы есептеледі. «Ел іші алтын бесік» деген сөз бесіктің құдіретін көрсетеді. Жаңа туған баланың, бесікке салу да халқымыз үшін елеулі дәстүрдің бірі. Бесікке жолы үлкен елдің, тәрбиелі, өнегелі әжелеріне, әйелдерге тапсырылды. Ол бесікті отпен аластап «тыштырма» жасап алып, баланы бесікке бөлейді. Бесік үстіне 7 түрлі қадірлі таза заттар қойылады. Бесікке салған адамға «бесікке салар», яғни кәделі сый беріледі. Осындай қуаныш үстінде «бесік жыры» айтылады.

Бауырына салу (ғұрып). Оспан мен Еркежан, Әубәкір мен Пәкизатты жөргегінен алып бауырларына салып өсірген. Ақылбайды Ұлжан өз бауырына салып, өз баласы қылып алды. Кейде ата, әже қзінің бірінші немересін «бауырына салып» алады. Бірақ ол асырап алғанға жатпайды.

Базарлық (дәстүр). Базарға ертіп бар да, шешелеріңе, інілеріңе алатын базарлығың болса, өзің таңдап алып бер! – деген. Алыс сапарға, саяхатқа, сауда жолына шыққан адамдар жерлестеріңе, көрші-көлемдеріңе, сыйлас адамдарыңа, жас балаларға ірілі-ұсақты сыйлықтар әкеледі. Оны «базарлық» деп атайды. Бұл жақсы көрудің, сыйластықтың белгісі және ескерткіш ретінде қабылданады.

Ұйқыашар (дәстүр). Ұйқыашар болсын, деп ойнап ем айыпқа бұйырмаңыз, Жүмеке! – деді. Ұйқыашар дайындап өздеріңе құрмет көрсетіп, қызмет етіп жүрген жігіттер сақина, сырға, білезік сияқты ескерткіш ретінде сый-сыяпат ұсынады. Ол жігіттің «жаман» ойын сезген сезімтал қыздар, әрине, «селк» ете қалады. Сондықтан да бұл сый «селт еткізер» деп те аталады.

Сүндет той (салт). Сүндетке отырғызғында ауырсынып жылап жатып, «кұдай-ай, бұл қорлықты көргенше қыз қып неге жаратпадың!...» – депті. Еркек баланы тақ жасында, яғни, 3, 5, 7 жасында сүндетке отырғызады. Бұл мұсылман елдерінде ғана емес, басқа діндегі елдерде де бар. Сүндеттеудің денсаулыққа, тазалыққа да пайдасы зор. Баланы сүндеттеу – үлкен рәсім. Ол – әр ата-ананың борышы. Бұл рәсімнің «сүндет тойы» деген сияқты жөн-жоралары болады. «Қайырлы, құтты болсын» айтылып шашу шашылады. Сүндет міндетін бұрын қожа, молдаларға ғана тапсырылса, қазір оны дәрігерлер жасай береді. Бұрынғы кезде ауқатты адамдар бала сүндеттегенде үлкен той жасаған. Оны «сүндет тойы» деп атаған.

Қарғыбау (кәде). Соның, артынан жанағы Оспан малы қарғыбау, әрі қалың, есебінде шөк беріп еді. Қыз сұрап құда түсетін адам көздеген жерге алдымен «жаушы», яғни құдалық жолын сөйлеуші беделді адам жібереді. Екі жақ келіскен жағдайда алдағы той, қалың мөлшері анықталады. Жаушы қыз әкесіне «қарғыбау» ұсынады. Ол жорға не жүйрік ат болады. Бұдан кейін бұл ауылға жігіт әкесі келіп өткізеді.

Қазақ халқының тұрмыс салтын, әдет-ғұрпын, т.б. рухани салт-санасын, содан туындаған материалдық мәдениетінде мейлінше кеңінен көрсететін саласы үйлендіру, құда болу т.б. салтқа қатысты.

Қалың мал (дәстүр, кәде). Абайға әперетін келіннің қалың малы да бұлдырдан... Қалың мал – қыз алатын жақтың қыз беретін жаққа төлейтін мал мөлшері 5-6 малмен тынса, ірі байлар арасында екі жүз, бес жүз мың жылқыға дейін жеткен.

Кит кию. Ділдәні Абай айттырған уақытта бас құда Құнанбайға кит деп, Алшынбай аулы күміс тартқан.

Ұрын бару (ұрын келу) (дәстүр). Абайдың бұл келуін *ұрын келу* деп, *жырттыс сала келу* деп, кейде *есік көре келу*, *қол ұстау* деп те аталады. Ең алғашқы келу сөзі т.т. Туркологияда *ұрын* сөзінің семантикасы *ұрын бару*, *ұрын келу* «жасырын, жасырын келу» деген мағынамен үйлесім келеді. Қалың малы төленсе, үйленуге дейін күйеу қалыңдығына бара алады.

Өмір сахнасына бір буын келіп, өсіп, жетіліп, күресіп, шайқасып, жақсылы-жаманды тіршілік кешіп, мерзімді уақыт өткен соң, ажал тармағына ілінді. Көшті келесі ұрпақ жалғастырады. Тағы да қуаныш, тағы да қайғы. Тағы да талас, тағы да күрес. Сол мәңгілік майданның әлеуметтік психологиялық-философиялық роман беттеріне түскен ақиқаты, шындығы оқырманды эстетикалық ләззатқа бөлеп, сан тарау тебіреністе ойға жетелейді. Әуелде алғашқы екі кітап «Абай», үшінші кітап – «Абай аға», кейін төрт кітап «Абай жолы» аталуында мегзеулік мән бар. Жеке тарау аттарының символдық мағынасын алғаш көрсеткен Ғабит Мүсірепов болатын. Шығарманы орыс тіліне аудару кезінде тарау аттарын өзгерту ұсынысына автордың мүлде келіспейтінінде үлкен негіз бар еді. Бір қарағанда, орасан зор көлемді болып көрінетін шығармаға жітірек назар салсаңыз, ықшамдылық, келісім, салт-дәстүр, әдет-ғұрып заңдылықтарына ерекше мән берілгеніне көз жеткізесіз.

Бірінші кітапта жеті тарау (*Қайтқанда*, *Қат-қабатта*, *Жолда*, *Штырманда*, *Бел-белесте*, *Өрде*, *Қияда*), екінші кітапта жеті тарау (*Тайғақта*, *Жайлауда*, *Еңісте*, *Оқапта*, *Асуда*, *Тарауда*, *Биікте*), бір эпилог, үшінші кітапта алты тарау (*Абай аға*, *Кек жолында*, *Қарашығын*, *Өкініште*, *Қақтығыста*, *Қоршауда*), төртінші кітапта алты тарау (*Түн-түнекте*, *Құз-қияда*, *Қапада*, *Қастықта*, *Шайқаста*, *Жұтта*), бір эпилог – эпопеяда барлығы жиырма тараушаға

бөлінген. Әр тарауда салт дәстүр, әдет ғұрып кейіпкер өмірі мен қоғамды байланыстырып тұрады. Әрбір тараудың аты бөлімде өтетін басты оқиғаның психологиялық қалпын дәл береді. Романда екі тарау аты екі эпилогтан қзге жиырма төрт тарау аты түгелдей бір бірімен ұйқасып, сабақтасып, жалғасып тұр.

Басты кейіпкердің бақытты, сәулелі сәттері ел өмірімен біте қайнасып жатады. Халық қамын ойлаған жас шынар ағаштай Абай бейнесі халық саялайтын зәлуім бәтерекке айналады. Бұл данышпан ақын ғұмырының символы. Романда теңіз кейіпіне айналатын дала бейнесі ондағы болашаққа тартақан кеме, тарих белестері іспеттес боп көрінетейін таулар тізбегі де келешектің символы тәрізді. Бұның бәрі ел өмірімен, мәңгі халқымен жасайтын салт-дәстүрімен ұштасып жатады.

Қорытындылай келе, әдет-ғұрып, салт-сана деген не: оның тууы мен қалыптасуы және қамтитын аймағы жөнінде мәселелерге ғалымдар пікіріне сүйене отырып, қысқаша тоқтала кетейік. В.Г.Белинский салт-дәстүрдің өміршеңдігі жөнінде: «Әдет-ғұрып замандар бойы сыннан өтеді. Өз дәуірінде ардақталып, ата-бабадан әулетке мұра ауысып, рудан-руға, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді. Олар халықтың сыртқы бейнесі болып табылады. Онсыз халық бет әлпетсіз бейне, болымсыз тас мүсін тәрізді,» – дейді. Салт-дәстүр дегеніміз не? – деген сұраққа ғалым У.Шәлекенов «жинақтаушы атауы ретінде «тұрмыс» деп бір сөзбен жауап беруге болады» дейді. Ұлттық салт-дәстүрлер – тарихи көне процесс. Ол белгілі бір топтың (ру, тайпа, ұлт) өзіне тән өмір сүру жүйесі негізінде туып қалыптасады.

М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында да ұлттық салт-дәстүрлер тарих көшімен ілесіп, кейіпкерлер өмірімен байланысып, уақытпен бірге алға жылжиды. Қазақ әдебиетінің тарихында дала тағдырын мұхит тектес тереңдікпен толғаған ұлы жазушының шығармасы тек ұлы Абайдың ғана емес, қазақ халқының сол ғасырдағы тұтастай өмірін оқырманның көз алдына тізбектеп әкелді. Бұл шығарма – халқымен бірге жасайтын ұлы туынды.

Молдабаева А.

Школа-гимназия №123 им. Кожа Ахмета Ясауи

ПРОБЛЕМЫ ОЦЕНОЧНОЙ ЛЕКСИКИ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКОЗНАНИИ

Очевидно, что смысл экспрессивности заключается в четком определении образности, впечатлительности эмоциональных слов и оценочных слов, выражающих эмоции и психическое состояние, в установлении интенсивности эмоций. В различных лингвистических, философских, логических работах возникает оценка ценностного состояния между объектом и субъектом. Термин «ценность» используется в широком и узком понятии связи человека с окружающей средой. Рассмотрение человеком ценности с социальной, культурной точки зрения заключается в том, что он может распознать положительную и отрицательную сторону вещи и дать ей какую-то ценность, качество посредством оценки. Оценочное слово, вошедшее в контекст для оценки таким образом, образует особую структуру. А. А. Ивин выделяет четыре компонента оценки. Это субъект, предмет, характер, основание) [1, 21-с.].

Публицистика призвана знакомить читателей, зрителей и слушателей с самыми актуальными и острыми моментами времени. Он также стремится воздействовать на сознание граждан путем убеждения и формировать определенное общественное мнение. Эти две функции публицистики находятся в тесной взаимосвязи друг с другом, и они осуществляются вместе. В целом в газете сосуществуют оба качества оценочности, которые подчиняются информационной, пропагандистской деятельности газеты, целям и интересам, вытекающим из этой деятельности. Содержание публицистических материалов всегда включает в себя функции информирования и оценки. Деятельность публицистического стиля в обществе

определяется его основными чертами, и они формируют индивидуальный характер публицистического стиля. Это: действительность, высокая эмоциональность, открытое оценочное отношение к сообщаемому факту, явлению, событию.

Эмоциональная лексика тесно связана с оценочной лексикой. Значения эмоциональных слов часто перекрываются оценочным значением. Это правда, что в аспекте значения слова часто наблюдается тесная связь категорий оценки, выразительности и эмоциональности. Но это не во всех случаях. Так что в некоторых союзных словах оценочное значение вообще отсутствует. Оценка эстетической специфики предмета или явления происходит на разных уровнях. От демонстрации положительной, отрицательной стороны объекта до выбора. Эстетическая оценка тесно связана с внутренним миром человека, условиями жизни и отношением к явлениям природы. Особенно часто в газетном языке используется эстетическая оценка человеческого лица, внешнего облика, в одежде. Например: образ золотого парня, его благородные поступки, остроумные, красноречивые слова, вежливый, добродушный характер, черные очи, его вежливый нрав превращаются в легенду. Более бдительный, обстоятельный, уверенный в себе и находчивый, зажигательный, образцовый Толеген.

Б. Момынова в своем исследовании об оценочной лексике утверждает: «Оценка социальной группы, индивида, при употреблении которой дополнительно к слову прибавляется, одним словом, оценка субъекта за действие к предмету и явлению составляет ряд оценочной лексики» [2, 134-с.]. Оценка наблюдается в лексике внутри языковых уровней. Возможности оценки слов в языке разнообразны. Любая вещь, явление в мире получает свою номинальную оценку. Любая оценка доказывает наличие оценщика в языковом инструменте. Основа значения, подлежащего оценке, основана на признаках» хорошо/плохо». Существует два типа оценок в зависимости от этих признаков: 1) рациональная цена, 2) эмоциональная оценка. Эмоциональная и рациональная оценка считаются двумя сторонами отношения субъекта к объекту: первая – его эмоции и чувства, вторая – его мнение, опирающееся на известные факты. Эмоциональная оценка часто дается союзными, аффективными (особая острота) словами и преобладает ее выразительность. Например: *шокирующая новость, великолепный художник! Прекрасно! Ах! Негодяй! (отвратительный, сволочь)! и т.д.* Цель рациональной оценки – величина оценки объекта с точки зрения субъекта. Рациональная оценка требует оценочных суждений и подходов, аксиологических предикатов, предупреждающих их оценочный характер. Например, я считаю это дело хорошим началом. По мнению всех, он совершил плохой поступок. Для рациональной оценки не характерна экспрессивность. Эмоциональная и рациональная оценка тесно связаны друг с другом.

Оценочность (хорошая, плохая оценка, положительная, отрицательная), эмоциональность и экспрессивность в словах наряду с тем, что эмоционально-экспрессивные, экспрессивно-оценочные, эмоционально-экспрессивно-оценочные значения находятся во внахлест, параллельном употреблении, в некоторых случаях встречаются и самостоятельные. Одним из исследователей, рассматривающих оценочность как отдельную семантическую категорию, хотя оценочность связана с эмоциональностью, выразительностью, является Ш. Нургожина. Она об оценочности «... под оценочностью, следовательно, нужно понимать имеющееся в слове отрицательное или положительное отношение говорящего к объекту речи» [3, 38-с.]. Автор отмечает, что оценочные свойства слов расходятся через структуру А – В в двух значениях – хорошее/плохое. Оценка приходит к выводу, что симпатия выражает эмоции субъекта посредством таких слов, как *симпатия/нелюбовь, восторг/обида* [3, 42-с.].

Все оценочные категории в языке делятся на положительные//позитивные и неприятные//отрицательные. Но в дополнение к этим категориям существует нейтральный тип оценки. Поскольку оценка и оценивание (баға және бағалау) реализуются через языковые средства, то три различных подхода к построению оценки, которыми следует руководствоваться, Д. Бикертон демонстрирует через следующие языковые конструкции:

* Человек + артефакт: *сквозь игольное ушко пролезет. Изворотливый, ловкий сквозь сито проскочит, ни капли вреда,* и т. д.

* Животное + человек: *парень-волк, девушка красива – как лебедь белая, парень-орел* и т. д.

* Абстракт + живая вещь, деятельность: *быт меняется, время идет* и т. д. [4, 297-с.].

Социальная природа оценочности газетной лексики имеет свои грани. Одна из них – в связи с разнообразием социального состава лиц, направляющих материал в издание: специальные корреспонденты, читательские письма, участие в работе газеты общественных организаций различного уровня и коллективов различных отраслей придает ее лексике настоящий социальный характер. Второй аспект-различный уровень читательской аудитории, касающийся особенностей принимающей аудитории. С учетом этих двух аспектов деятельность социальной оценочности в газетном языке активизируется и приобретает полноценный характер.

Оценочную лексику в газетном языке Г. Я. Солганик разделяет на три вида:

- слова, выражающие положительную или позитивную оценку;
- слова, выражающие отрицательную или критическую оценку;
- модальные слова, обозначающие оценочность [5, 37-с.].

Оценочность встречается в разных размерах в разных стилевых формах. Так, в художественной литературе эта категория (оценочность) широко используется в изображении, раскрытии характеров персонажей, оценке их поступков и действий, величина оценочности в научном стиле незначительна. Дело в том, что специфику научного стиля оценивают скорее по конкретному названию, чем по описанию вида, свойства понятия, явления, т. е. оценочность не считается ее органическим, естественным качеством. А в публицистике, наоборот, эта категория с самого начала участвует в формировании стилевых структур и выполняет интенсивную функцию. Оценка на газетном языке не может быть только в одном направлении – либо только в положительном, либо только в отрицательном. Поэтому грань между позитивной и негативной лексикой в газете становится все более открытой и четкой. Такие контрастные краски «впитываются» в определенные слова, постоянно и вновь употребляются в различных газетных жанрах, где пишутся о сходных ситуациях и схожих ситуациях, тем самым проявляясь в публицистике с оценочной палитрой. Оценочная лексика – одно из языковых явлений, не ставшее предметом специального исследования в казахском языкознании. Поэтому оценка, оценочная категория, ее природа, языковые средства – это вопросы, которые в дальнейшем требуют кардинального изучения.

Языковые явления имеют разный языковой характер и выражаются в виде речевых единиц. Язык-система символов. Языковой символ – это не предмет и его название, а явление, объясняемое маркировкой понятия и акустического образа в психике, соотношением органов чувств. Языковые особенности оценки человека в целом, эстетическая оценка внешности человека наиболее полно отражаются в языке. О том, как оценивается интеллект человека с языковой точки зрения и актуальность данной темы, а также о том, как оценивается эмоциональное состояние и чувство внутренней души человека через оценочную лексику, насколько он отвечает нормам языка и канонам языковой культуры, рассматривается в знании казахского языка. К структурным моментам оценочной лексики следует отнести необходимые опорные слова, ценность, оценочные слова, природные виды оценочности, эстетическая и эпическая оценка, оценочность фразеологически структурированных предложений должна быть объектом и субъектом оценки, актом оценки, типом оценки. Оценка осуществляется через видение, мировоззрение субъекта. Объект, подлежащий оценке (человек, вещь, явление, событие и оцениваемый предмет).

Семантическая связь между оценочными словами начинается с аспекта признаков объекта, который является основой для оценки и должен быть оценен. В состав оценки входят оценочный мотив, критерий оценки, классификатор и деинсификатор. Состав оценочности сложный. Когда одно вещество оценивается в сравнении с другим, сравниваемое вещество, или один из его признаков, может быть определенным элементом оценочной способности. Например: «Зима в этом году была холодная, снежная, с метелями». Поскольку объективная оценка зимы характеризуется данной природной спецификой, в такой момент нет свободы в

оценке. Но «зима холодная, снежная, с метелями «в большинстве случаев причиняет трудности путникам, пастухам, вообще всем. Поэтому дается свобода оценивать субъективно со стороны людей. Оценочность-оценка, отношение, отношение говорящего к явлению и предмету со своей стороны, к названию действия. Возможности для оценки слов в языке разнообразны и разнообразны.

Все оценочные категории делятся на положительные и отрицательные. Например, приятные оценочные слова: *красивая как ангелочек – красивая, как лебедь белая – непорочно чистая, глазам – радость, душе – отрада*. К негативной или отрицательной оценке относятся такие слова, как «грубый нрав», «безликий», «мошенник», «кровожадный». Слова, выражающие отрицательную или отрицательную оценочность, создаются с участием различных лексических слоев. Оценочность характерна для общей языковой системы, поэтому охватывает всю имеющуюся структуру лексики-группы, слою. Оценочность встречается в разных размерах в разных стилевых формах. В то время как в художественной литературе оценка широко используется в изображении, раскрытии характеров персонажей, оценке их действий и поступков, величина оценочности в научном стиле лишь незначительна. Научный стиль ценится не столько описанием вида, свойства понятия, явления, а конкретным названием.

А в публицистическом стиле эта категория с самого начала участвует в формировании стилевых структур и выполняет интенсивную функцию. Структура слов, выражающих оценочность это качество слов, выражающих оценочность, содержится в семах единиц древнейших, языковых словообразовательных единиц языка: *героизм, слава, честь, достоинство* и т.д. названия драгоценных металлов: *золото, серебро, бронза* (медали); драгоценные наименования: *жемчуг* (мысль), *бриллиант* (поэма), *благородная* (мысль), *драгоценный* (слово) и т.д. В словах, выражающих принадлежность к учебе, знаниям: *эрудит, ученый, гений, мудрец* и т.д. В словах, выражающих принадлежность к социальной среде, встречается оценочность: *аристократ, богатые, бедные* и т.д. Слова, обозначающие возраст: *молодой, старый, старший, младший, старец, юноша, девушка, подросток, младенец, дитя*. Отмечается, что в лексике все части речи, особенно прилагательные встречаются чаще.

Нечеткость соотношения видов оценочности объясняется движением и эволюцией оценочного компонента. Изменение элементов оценочности в смысловом объеме слова-закономерное явление. Еще один из видов оценочности-модальная оценка-передается через слова. Модальная оценочность-это прямое недооценивание положительных, отрицательных явлений, в той или иной степени в зависимости от семантики обязательно присутствует компонент оценочности. Например: слово оправдание означает модальную оценочность. Его позитивное использование-это оправдание невиновных репрессированных, качество, проявляющее негатив, необоснованное оправдание виновного, преступника. Оценочная лексика – одно из языковых явлений, не ставшее предметом специального исследования в казахском языкознании. Оценочная категория, ее природа языковые средства в дальнейшем требуют кардинального изучения.

В начале XIX века В. фон Гумбольдт говорил, что человеческая речь полна чувств. В настоящее время лингвистика вновь опирается на оставленное им учение, то есть он призвал изучать язык в тесной связи с человеческой природой. Все мы всегда испытываем разные эмоции: радость, горе, грусть и т. д. эмоции помогают нам лучше понять друг друга. Разные народы хорошо находят выражение лица друг друга и вербальные жесты. Разные культуры по-разному воспринимают разные эмоции, придавая социальным узлам те или иные личностные эмоции, что влияет на воспитание и социализацию, а это, в свою очередь, влияет на понимание мира, социальную организацию и реализацию определенных элементов в рамках структуры смысловой эмоциональной лексики.

Эмоциональная сфера – самая сложная система человека. Поэтому сфера эмоций требует глубокого и детального изучения не только с точки зрения физиологов и психологов, но и с точки зрения лингвистов. Языковеды интересуются языковыми средствами, используемыми

для выражения чувств говорящего и воздействия на эмоциональную сферу слушателей. Тексты художественной литературы в первую очередь напрямую связаны с человеческими эмоциями и чувствами. Изучение эмоциональной лексики очень интересно, так как истинная природа человеческих чувств, страстей, эмоций и их силы познается в той форме, которая возникает, когда они выходят из внутреннего мира, то есть между словами. Эмоции героев произведений художественной литературы-особая психологическая реальность. Филологи единодушно обращают внимание на отсутствие способа полной и адекватной передачи эмоционального содержания слова и текстов на иностранный язык. Последнее обстоятельство свидетельствует о том, что чаще всего перевод произведений художественной литературы является наиболее сложным, наиболее часто используется способ «пропустить слово». Что касается современной ситуации в области художественного перевода, то, в частности, перевод на русский язык многих произведений современных английских и американских писателей – характерен для качественных переводов, то есть правильное обращение с двумя языками требует поиска закономерностей. Всестороннее рассмотрение названий эмоций, их семантических и прагматических свойств необходимо для полного понимания эмоционального словаря, который является частью лексико-семантической системы языка.

Характерной функцией оценки является рассуждение о том или ином предмете. В нашем языке часто встречаются языковые структуры оценочного значения. Оценочная лексика часто используется для описания ассортимента, поведения, поведения внешности конкретного человека. Классификация типов оценок была предложена в 1963 г. финским исследователем Г. Фонн Райтом. Он называет оценки «формами блага, ценности» и выделяет инструментальные, технические, медицинские, утилитарные, связанные с поведением человека («доброта человека»), гедонистические.

Ученый-лингвист Е. И. Дибров выделяет следующие типы личностных оценочных значений:

1. Эмотивная оценка
2. Этическая оценка
3. Интеллектуальная оценка
4. Нормативная оценка
5. Квалификационная (качественная/количественная) оценка.

Н.Д. Арутюнова разделяет личностные оценки на следующие категории:

I. Сенсорная оценка:

1. сенсорная оценка или гедонистическая / вкусно-невкусно/.
2. Психологическая оценка:
 - а. интеллектуальный / образованный, интересный/;
 - б. эмоциональный / веселый, радостный/.

II. Сублимированный оценщик:

1. эстетическая оценка, полученная от сенсорной и психологической оценки / красивая, некрасивая/.

2. этическая оценка / добрый, жестокий/.

III. Рациональный оценщик:

1. Утилитарная оценка / полезная, вредная/.
2. Нормативная оценка / правильная, неправильная, отрицательная/.
3. Телеологическая оценка / успешная, неудачная [6, 196-с.].

В статье основоположника казахского языкознания А. Байтурсынова в своем труде «Әдебиет танытқыш» в разделе «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» («Система простых слов и талантливых (одаренных, высокопарных) слов») рассматривается природа слова, понятия, значения. Исследователь указывает на два типа мышления: «Мышление имеет два разных характера. В то время как одни из этих характеристик являются природным, другие приобретенными характеристиками человека. Например, мы говорим, что что-то теплое, что-то холодное, что-то негативное, что-то плохое, что-то твердое, что-то мягкое. Это свойства,

которые существуют внутри вещи. Кто-то из этих описаний мог бы понравиться человеку, а кто-то-нет» [7, 61-с.].

Таким образом, значение слова также является сложной категорией. Следовательно, в состав значения слова наряду с обобщенным, абстрактным образом, созданным на основе образа предметов в объективном мире, деятельности человеческой мысли (мозга), входят и сформированные смысловые оттенки, связанные с законами языка. Поэтому, когда звук или последовательность звуков связываются с определенным значением, он также учитывает легитимность языка. Хотя законы языка не влияют на слова в отдельности, они выполняют решающую функцию, когда они входят в состав предложения. После непрерывного повторения в повседневной жизни и в истории развития языка эти языковые закономерности проникают и во внутренний состав смысла.

Использованная литература:

1. Ивин А.А. Основания логики оценок. – М., 1970. – С.230.
2. Момынова Б. Бағалауыштық құрылымы жайында //ҚазҰУ хабаршысы. – Филология сериясы. – 2001. – №11.
3. Нұрғожина Ш. Эмоциональность и экспрессивность высказывании устной речи // Вестник КазГУ. – Серия филологическая. – 2001. – № 48. – С.38-42
4. Бикертон Д. Введение в лингвистическую теорию метафоры // Теория метафоры. – М.: Прогресс, 1990.
5. Момынова Б. Газет лексикасы: жүйесі мен құрылымы. – Алматы: Арыс, 1999.
6. Шаховский В.И. Категоризация эмоций в лексико-семантической системе языка. – М., 2008. – 208 с.
7. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Қызылорда – Ташкент, 1926.

Айбекқызы С.

Ясауи атындағы №123 мектеп-гимназияның мұғалімі

COGNITIVE LINGUISTICS AS A SUB-BRANCH OF COGNITIVE SCIENCE

Cognitive component includes perception of language as a result of social phenomenon, its functions, and linguistic system of foreign languages as historically settled formations, interconnection of the language and culture, communicative nature of the language and the role of foreign language in modern political-cultural life. Therefore in teaching or learning a foreign language especially for intercultural communicative competence, all the information, supplied and provided by cognitive science, cognitive psychology and cognitive linguistics, should be taken into considerations. There are specific ways of existence and survival for all beings as well as their development which is done by following and applying some certain rules and principles of nature. Nothing is arbitrary and everything is connected to each other by complex and inseparable ties. The major duty of the human being is to search and understand the existence, rules of the world, universe and its unique nature too. This problem can be solved only if we can transfer those rules and principles of beings into humans' way of thinking.

Human beings always get inputs throughout their lives by senses, experiences and instructions. The capacity of interpreting and transforming these inputs into meaningful information, as a result understanding and revealing the rules and complex relations in the nature are humans' two of the most important features. «Ability of humans to understand and explain is almost unlimited because of many things: cognitive thinking of a person, cognitive infrastructure of human beings, ability to transfer this cognition by inheritance and ability of a person to develop intuitively in thinking and exploring.» [1, 250-p.]. Capability of a person to understand complex issues, to go into the deep structure of nature, finding connections and mutual interrelations between events are all done by specific feature of human beings: «thinking». Human beings put things, creatures and beings in to groups and classify them according to their features. Therefore, categorization is important form of understanding the world by a person.

Thinking and consciousness reflect the world, connections and relations not only in the mental or ideal form but also in general form. If the human beings do not use this capacity, they may lose the understanding the full meaning and completeness of idea about the world and nature. This capability and potential is called «cognition».

Cognition is a set of mental processes characterized by attention, learning, recognizing, knowing, reasoning and understanding things. It is a capacity of perception and deduction. Because of its complexness and wideness various disciplines, such as psychology, philosophy, linguistics, science and computer science all study cognition. However, the term's usage varies across disciplines; for example, «in psychology and cognitive science, «cognition» usually refers to an information processing view of an individual's psychological functions. It is also used in a branch of social psychology called social cognition to explain attitudes, attribution and group dynamics [2]. In cognitive psychology and cognitive engineering, «cognition is typically assumed to be Information processing in a participant's or operator's mind or brain» [3, 85-p.]. Philosophers have long been interested in relationship between knowing, mind and external reality. Psychologists took up the study of cognition in the 20th century. Some disciplines like «cognitive science» and «cognitive linguistics» were founded to do researches and provide satisfactory explanation about how people cognate and perceive external world and express this perception by using a language,

«Cognitive science or cognitive psychology is interested in thinking or psychological processes that take place in person's cognitions at the time of discovering, thinking and speaking activities.» [1, 260-p.]. It deals with cognitive process which humans percept, represent and reproduce in their minds. The special level of mental representation exists beyond biological, social and cultural specifications says that «this is not enough, the influence and input of environment should also be taken into consideration too» [4].

Language is the main issue of Cognitive Linguistics as a sub branch of cognitive science. In Cognitive Linguistics and Psycho-Linguistics there is a major role given to communicative attitudes and abilities of speaker no matter what language he speaks. The genre of Cognitive Linguistics and cognitive science is to search and try to explain the nature and mechanism of cognition, the way of expressing this cognition meaningfully by using a language and relationship between language, communication, mind and culture. According to William Croft and D. Alan Cruse (2004) «there are four broad cognitive abilities that play an active part in the construction of construal. They are: attention/salience, judgment/comparison, situatedness and constitution/gestalt» [5, 39-p.]. Each general category contains a number of sub processes of which helps to explain the ways that humans encode cognitions into meaningful language patterns in some unique ways. Cognitive component includes perception of language as a result of social phenomenon, its functions, and linguistic system of foreign languages as historically settled formations, interconnection of the language and culture, communicative nature of the language and the role of foreign language in modern political-cultural life. Therefore in teaching or learning a foreign language especially for intercultural communicative competence, all the information, supplied and provided by cognitive science, cognitive psychology and cognitive linguistics, should be taken into considerations.

The process of foreign language teaching is supposed to reach up to foreign language 'acquisition'. Foreign language acquisition also refers to the scientific discipline devoted to studying that process, here foreign language refers to any language that studied and acquired in addition to one's native language. Language acquisition refers to the process by which human beings acquire the capacity to perceive and comprehend language, as well as to produce speech patterns in a language to communicate. Therefore, by acquisition of foreign language result is emphasized more than process in general. As various branches of linguistics, foreign language acquisition is also closely related to psychology, cognitive linguistics and education. The term 'acquisition' is originally used to emphasize the subconscious nature of the learning process. Mostly, «subconscious leaning process' is represented by cognition'. Much modern research in foreign language acquisition has taken a cognitive approach.» [6]. Cognitive Linguistics research is concerned with the mental processes involved in language acquisition and how they can explain the nature of learners' language knowledge.

Cognitive theories view foreign language acquisition as a special case of more general learning mechanisms in the brain.

The dominant model in cognitive approaches to foreign language acquisition and indeed in all second-language acquisition research is the «computational model» [7]. The computational model involves three stages. In the first stage, learners cognate or acquire certain features of the language input in short-term memory. Then, learners convert some of this gained input into second-language knowledge, which is stored in long-term memory. Finally, learners use this second-language knowledge to produce spoken-communication output. Cognitive theories or aspects try to explain all these processes in language acquisition. Once we acquired or cognate a foreign language by the process of language studying we get foreign language knowledge. Depending on various characteristics of using, understanding and providing this second language knowledge it is nominated by different terms such as, implicit and explicit language knowledge, declarative and procedural language knowledge. Therefore as it has been mentioned above language acquisition is more than language learning activities, it is represented in general as a result of language learning process, the ability and capability of use of that language depending on cognition and understanding of it.

The mental processes on foreign language acquisition can be divided mainly into two: micro-processes and macro-processes. While micro-processes include attention, working memory, integration and restructuring, and monitoring (Leveridge N.A.), macro-processes include the distinction between intentional learning and incidental learning; and also the distinction between explicit and implicit learning and acquisition.

What people do with a language, ones they have acquired is mostly communicating with others in that language. In communication process humans produce speech patterns in the foreign language that they have acquired.

It is widely known that foreign language acquisition occurs in natural settings and environment the best. So, majority of foreign language acquisition research has been devoted to language learning in natural settings. But a few of the students have the chance of going abroad where the target language is spoken. Therefore, it is inevitable that language acquisition takes place through language education in the classroom settings and environment. Consequently there have also been investigations to find out the ways of conducting foreign language acquisition in the classroom environment more successfully. These kinds of researches are mostly on language education, but always empirical, based on data and statistics, and mainly concerned with the effect that Instruction has on the learner, rather than what the teacher does.

There have been attempts made to systematically measure and check the effectiveness of language teaching practices for all levels of language, from phonetics to pragmatics and for almost every current teaching methodology. It has been revealed that using many traditional language-teaching methods and techniques, including teaching grammar rules and vocabulary lists is inefficient in foreign language teaching for the requirements of globalizing modern world» [8, 272-p.]. They do not culminate communicating in target language effectively, fluently and appropriately. Therefore, «to become proficient and competent in a foreign language, students must be given opportunities to use it for cross-cultural and intercultural communicative purposes» [9, 25-p.].

The role of the language it plays in peoples' lives cannot be denied. In the globalizing world people need not only their mother languages but also a foreign language to communicate with others in the international space. As it has been discussed above, learning or in broader sense acquiring a foreign language does not consist of just memorizing grammatical rules, vocabulary lists or performing some drills. This process is much more complicated including cognition, representing some mental process and activities, understanding mechanism of language and production of speech in target language. Because the students, after given instructions, learn some grammar rules, speech patterns and chunks, some vocabulary and so on. But in real life, it is extremely possible that the students will face the language use and speech patterns that they have never heard, met or studied in the process of language education in classroom atmosphere. But once they cognate the essence, mechanism and mentality of foreign language they can produce language use and speech patterns, they have never heard or studied

in the process of language education, for communication in general, intercultural communication in special. Cognition in foreign language acquisition includes understanding the socio-cultural and lingua-cultural background of foreign language too. We think unless the students get the cognition of the target language: do not acquire that language with its socio-cultural and lingua-cultural background; they cannot produce that language appropriately according to its mentality, culture and situation for especially intercultural interaction and communication. In brief, the place and importance of cognition in foreign language teaching and also in mechanism and nature of foreign language acquisition should be taken into consideration.

It is known and seen that among all the creatures, just human species was able to create and develop capacity for language. This language is rather complex having linguistics (grammatical) system, special speech patterns (syntax), sound system (phonetics), system of word and word building (lexicology) and so on. There have been many attempts to answer the questions such as; how did human beings develop this capacity of language? How do they acquire linguistic input about a language and perceive it? How do they convert this linguistic input into meaningful patterns and produce a language for intentional communication? In what ways human beings are different from other species in developing the capacity for language?

According to Chomsky] there is spontaneous process specific for just human beings crucial for language learning. The other animals can learn by tightly controlled conditions and explicit training. In the other mechanism namely statistical mechanism offered by Newport and Houser adults compute statistics for words on phonetics segments and can put these segments into syllables and then develop words having meanings that human cannot use this mechanism. General learning mechanism implies that the needs of humans force them to create a language patterns for communication.

Consequently, it can be said that the language, and language use for communication, with all subcomponents and complex structure, are specific just for human beings. There are some approaches and theories on how human beings get the capability of cognition, understanding, acquisition and use of language. One of them is social interactionism» theory advocated by Lev Vygotsky, a Soviet psychologist and made widely known by Jerome Bruner in the western world. It is based on mainly socio-cultural facts and events, roughly claiming that people acquire a language by being lead, given some information and feedback, reinforcement and having interactions by their elders. The other one is «relational frame» theory offered by Hayes, Barnes-Holmes and Roche in 2001. It is based on Skinnerian behaviorism and says that children learn a language throughout interacting with environment by predicting and influencing psychological events such as thoughts, feelings and behaviors and developing rational responses to these changes in his environment. It has been claimed in this theory that this feature is specific just for human beings, saying that «language acquisition is based on innate, language-specific cognitive capacities» [10]. The following one is «emergentism» theory. One of the providers of this theory as a model is MacWhinney. It is posited in this model that language acquisition is a cognitive process emerges from the biological pressure and environment. MacWhinney advocates in his model that neither nature nor nurture is enough itself for acquiring a language. The prominent scholars of this theory argue that cognition can serve language acquisition additionally and they also claim that «language acquisition is more complex than many believes» [11]. As far as we see in these three theories, a frame has been tried to be drawn, dedicated to identify mostly the native language acquisition by developing children. These theories can supply us a general understanding and give some leading ideas and thoughts how we can benefit from the principles of them and emerge some models in teaching students a second or foreign languages.

We think it is possible to categorize the models, devoted to define and explain the process of foreign language acquisition, roughly into three groups: «innatist model» provided by Krashen, «cognitive model» offered by McLaughlin&Bialystok and constructivist model» advocated by Michael Long. Krashen, in innatist model, briefly argues that, in foreign language acquisition, «subconscious acquisition» is superior to «learning and monitoring», students should have low «affective filter» and «natural order of acquisition» is highly important. He hasn't paid attention to «grammar instruction» ; however he emphasized the importance of «comprehensible input». In

cognitive model, McLaughlin and Bialystok claim that «control automatic processing», focal/peripheral attention» and «implicit/explicit learning» play very important role in foreign language acquisition. The «knowledge of language» and «form-focused instruction» has also been emphasized in this model. According to constructivist model which was proposed by Michael Long, getting «input» through social interaction and «output» in foreign language acquisition are quite important. «Authenticity» in language learning has also been given attention.

It can be said that, under the lights of the theories, models and ideas posited above, foreign language acquisition is rather complex and they all have given effort to define and explain the nature, essence and process of foreign language acquisition or as our abjective foreign language teaching. Beside these theories and models, there are many separated but interrelated factors such as: cognitive, socio-cultural and linguistic, play role and have affects on foreign language teaching and acquisition too.

If we are to propose an ideal model for the students in Kazakhstan to foreign language teaching or acquisition, we can say that it gets rather difficult. In fact, foreign language would be not the second but the third, for some of them even the fourth, language for Kazakhstan origin students. The great majority of Kazakhstan community is bilingual (Kazakh-Russian, because both of them are official languages in Kazakhstan); some of them are even trilingual (Kazakh, Russian and a language rooted from his/her ethnic community, such as Uyгур, Uzbek, local Turk, etc.). Each of the theories, models and factors given above, offers some ways and solutions from its points of views but not including all aspects of foreign language teaching and acquisition and also mainly focused on native or second language acquisition but not the third (foreign) one. But we think that it is quite possible to benefit from them all to prepare a combination by taking some ways, methods, models and sub-models of each of them which we think are more useful for the specific environment of Kazakhstan.

We think, what we can take from Krashen's innatist model are; «comprehensible input», «low affective filter» and «natural order of acquisition» supposing that these ones are corner stones and do not chance accordingly in native or foreign language acquisition. We can supply «comprehensible input» by applying culture based (socio-cultural and lingua-cultural) tasks, exercises and activities and some brief explanations for grammar and use of language. We think, when the students comprehend the mechanism and logic of foreign language they can produce that language for communication more successful. According to this idea the lower affective filter the students have the less anxiety they will have and the better leaning takes place. In nature of teaching or acquisition any subject, language is not an exception, students learn in natural order: from easier to more difficult or from the more to less often used patterns in the use of language. Additionally, we apply «control automatic processing» from cognitive model believing that Kazakhstan origin students have already learned two languages, they are conscious about the process of language education and, to some extent; they can control their foreign language learning process by comparing their revious acquisitions. We also believe that «focal and peripheral attentions» and both «implicit and explicit instructions» or learning cannot be ignored.

By peripheral and focal attention students attentions are attracted to both consciously and unconsciously to the linguistic and lingua-cultural structure and logic of foreign language. Implicit and explicit instructions are both important in foreign language teaching. Because mental and behaviorist processes and skills should be used together to get the cognition of the foreign language and automatic use of that language.

We assume that in Long's constructivist model «intaking» through social interactions, output and authenticity are quite possible and convenient for the students in Kazakhstan. The students got used to learning languages through interactions because they have already learned two languages mostly by social interactions. The society and students in Kazakhstan are rather open to learning and acquiring foreign languages. The spread of foreign languages is very high according to requirements and demands of business and alizing world in the country. The boom of English, Turkish and Chinese languages could be examples proving this fact. The «output» in this model could be used for Kazakhstan origin students rather actively and beneficially, because students and people in

Kazakhstan already use two or three languages in their daily lives to meet their necessities. There is an assumption that for more adult learners' second language acquisition stops and even gets diminished if the learners do not get native-like level for interactions with others especially in globalizing world.

Among many factors affecting and manipulating foreign language teaching and acquisition, the culture also deserves to be investigated. Whether foreign language teaching through its culture reinforces acquiring it or not is one of the main debates in this area. Our main objective is that the use of culture in foreign language teaching reinforces foreign language acquisition or if we can design and develop right lingua-cultural and socio-cultural (culture-based) tasks, activities and exercises, foreign language teaching will end with better and more successful results: outputs that the main of foreign language teaching for intercultural interactions. So we will discuss the role, place and importance of culture in foreign language teaching in detail in the following section.

References:

1. Isabekov C.Y. Modern Cognitive Linguistics. – Astana, 2010. – P. 250-260
2. Sternberg R. J., Sternberg K. Cognitive psychology (6th Ed.). – Belmont: Cengage Learning, 2009.
3. Blomberg O. Concepts of cognition for cognitive engineering // The International journal of aviation psychology. – 2011. – Vol. 21. №1. – P. 85-104.
4. Islam A. Unpublished Lecture notes. – Suleyman Demirel University, 2011.
5. Croft William., Alan Cruse D. Cognitive Linguistics. – Cambridge: Cambridge University Press, 2004. – P. 1; 7-15; 33-39; 105.
6. Van P.B., Benati A.G. Key Terms in Second Language Acquisition. – London: Continuum, 2010.
7. Ellis Rod The Study of Second Language Acquisition. – Oxford University Press, 2008.
8. Полат Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Издательский центр Академия, 2002. – 272 с.
9. Нарымбетова Ж. Формирование лингвокультурологической компетенции будущего учителя иностранных языков в контексте его подготовки к межкультурной коммуникации: автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2009. – 25 с.
10. Hayes S.C. Dermot Barnes-Holmes. – Brian Roche, 2001.
11. Whinney Brian Mac. Department of Psychology Carnegie Mellon University, 1999.

Садыкова А.

Ясауи атындағы №123 мектеп-гимназияның мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қазақ фразеологиясы – қазақ тіл білімінде өзіндік зерттеу нысаны айқындалған, дербес ғылыми салаға айналған пән. Фразеологиялық зерттеулер әр жылдары түрлі ғылыми зерттеу тақырыптарының нысаны ретінде жан-жақты қарастырылып келеді. Демек, фразеологиялық зерттеулер қай кезде болмасын, мейлі өткен ғасырдағы, мейлі қазіргі ізденістер болсын, қандай бағытта, қандай деңгейде екендігін ғылыми сарапқа салудың қажеттігі бар.

Тілімізде көкейге қонымды, көркем, орамды алуан түрлі тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Тіл қазынасына жататын қат-қабат тіркес, тізбектерді халық орынды пайдаланады. Мақал-мәтелдер мен бара-бар жоғары бағалап, оларды қастерлей сақтап келеді. Тіл байлығын сөз өткенде, сөз байлығы деген топқа осы сөздікте қамтылған алуан түрлі фразеологизмдерді жай, жалпылай жатқыза салуға болмайды. Басқаша айтқанда, сөз байлығын тексеретін тіл білімі саласын *лексикология* дейтін болсақ, фразеологизм байлығын тексеретін саланы *фразеология* деп атау әбден орынды. Бұл саладағы ғылыми топшылаулар 1944 жылдан бері айқын. Елімізге есімдері мәлім ориенталист ғалымдар – М.Әуезов, С.Малов, Н.Юшманов кезінде осы мәселе жөнінде өте құнды пікірлер білдірген еді. Әр тілдің заңдары, өзіне лайық ерекшеліктері бар. Оларды зерттейтін фонетика, морфология, синтаксис, лексика, семасиология тәрізді, яғни тараулары бар. Фразеологизмдер бұрынғы соңғы еңбектерде, көбіне, осы лексика тұрғысынан зерттеліп келген.

Фразеологизмдер – сөйлеу тілінде де, жазу тілінде де көп қолданылатын құрылыс материалы. Фразеологиялық тіркестер қай-қайсысы болмасын бәрі де алғаш халықтың сөйлеу тілі негізінде қолданылған. Сондықтан олар өмірдің барлық саласын қамтып, ішкі мазмұны жағынан өте бай болады. Фразеологизмдер халықтың тұрмыс-тіршілігінің, салт-санасының, дүниетанымының айнасы болып табылады, олар-тақырыптық және семантикалық тұрғыда көп аспектілі, ойлау мен танымның ерекше бейнелі, эмоционалды-экспрессивтік реңкке ие және тіл қабаттарының ішіндегі құрылымдық типтері мен синтаксистік модельдері қалыптасқан тілдік бірліктер. Фразеологизмдер сөйлем ішінде қолданылғанда стильдік ерекшелікті, эмоциялық реңкті айқын көрсетуге қызмет етеді. Мысалы, *қуанды* деген сөз бен *екі езуі екі құлағына жетті* фразеологизмінің, *қорықты* деген сөз бен *жүрегі тас төбесіне шықты* фразеологизмінің, арасында мағыналық сәйкестік болғанымен, бұл сәйкестік толық балама бола алмайды. Себебі *қуанды*, *қорықты* сөздерінде фразеологизмдердегідей экспрессивті реңк жоқ. Бұл жөнінде І. Кеңесбаев өз ойын былай тұжырымдайды: «Жеке сөз өздігінен барлық жағдайда ауыс, бейнелі мағынада жұмсалуды міндетті емес» [1].

Тілде сақталған әдет-ғұрыптар мен салт-саналардың іздері де фразеологизмдерде айрықша байқалады. Халықтың бүгінгі күнге дейін жеткен, ұрпақтан ұрпаққа сақталып келген әдет-ғұрыптары да фразеологизм уәждерінде айқын көрінеді. Фразеология жеке лингвистикалық пән ретінде ХХ ғасырдың 40-жылдары қалыптасты. Фразеологияның теориялық негізін қалаушылар ретінде француз ғалымы Ш. Балли, Ресей академигі В.В. Виноградовты атауға болады. Ә.Болғанбайұлы мен Ғ. Қалиев «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» атты еңбегінде: «Фразеологизмдердің өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін және оны танытатын негізінен үш белгісі бар. Олар: 1) даяр қалпында жұмсалуды белгісі, 2) мағына тұтастығы, 3) тіркес тиянақтылығы», – деп жазды [2]. Сондықтан фразеологизмдерді топтастыру тіл біліміндегі күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Олай болса, фразеологизмдерді меңгертуді көркем сөйлеуге үйретудің құралы, тілді орынды жұмсауға төселдірудің жолы деп санауға болады. Тұрақты тіркестер студенттің сөздік қорын байытып, оның сөйлеу әрекетін жетілдіруге де оң ықпал ететіні сөзсіз.

Қазақ халқы өзінің өткен тарихында талай көрші елдермен, шет жұрттармен экономикалық әрі мәдени қарым-қатынасты басынан кешіргені мәлім. Тілімізде осыған орай туған толып жатқан тіркестер бар. Олардың бірқатары жазба әдебиет, хиссалар арқылы, екіншілері – саудасаттыққа байланысты, үшіншілері таратушылардың уағызымен, тағы біреулері екі елдің күн көріс тіршілігіндегі ортақ ой-сана, дәстүр тауқыметімен, түрліше ықпалдар жасай, туып орнығады. Мәселен, қазақ арасына таралған *Атымтайдай жомарт бол; Наушаруандай әділ бол; Аплатондай ақылды; бұланнан үлкен аң болмас; Бұланайдай үлкен тау болмас; барар жерің Балқан тау, о да біздің көрген тау; ұлың ұрымға, қызың қырымға* т.б. фразаларда өңге жұрттардың өткендегі мәшһүр адамдары, шет елдің топоним, этноним атаулары сақталып қалған. Сол бөгде жұрттардың салт-сана, әдет-ғұрпын, ел билеу, әкімшілік қалпын қабылдауға байланысты енген толып жатқан фразеологизмдер бар.

Фразеологизмдер өз мағынасында қолданыла келе, өзін көмкеріп тұрған әр қилы субъективтік, ситуативтік контекст қоршауында мағына-мазмұны жағынан жетіле, шыңдала түседі. Фразеологизмдерді осылайша орнын тауып қолдану үлкен суреткердің ғана қолынан келеді. Фольклор мен қазіргі бай, көп жанрлы көркем әдебиетінің фразеологизмдерді кәдеге жаратудағы кереғар айырмасы да осы кең тынысты творчестволық қолданысқа байланысты. Ауыз әдебиеті, көбіне, жыр, өлең түрінде келіп, тиянақты сөз тіркестері қыспақта қалады, шектеулі бір қоршауда ғана жұмсалады, немесе ауызекі тілдің ықшам сөйлемдерімен тұйықталып қалады. Осы алуан түрлі тіркестер суреткердің қаламына іліккенде кең өріс алып, стиль жағынан ширатыла түседі. Бұл ретте көркем қара сөз саласында С.Сейфуллин, М.Әуезов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов т.б. ерекше атауға болады. Көркем сөз шеберлерінің, жалпы алғанда қалам иелерінің, оның ішінде кейінгі жылдары қаулап өсіп, әдебиет әлемінде бой көрсетіп жүрген жас жазушылардың, өзіміз сүйсініп оқитын шығармалары, «жазба әдебиетіміздің

атасы» – Абай туындылары біз үшін тұрақты сөз тіркестерін күреп алатын кеннің көзіндей болды.

Қазіргі кезеңдегі шарықтаған мәдени қарым-қатынастарға, ғылыми техникалық прогреске байланысты аударма проблемасы өріс алып отырғаны мәлім. Халықтар арасындағы осындай тілдік байланыстардың нәтижесінде фразеологизмдер де сөзбе-сөз, немесе калька жолымен аударылып, бір тілден екінші тілге өну үстінде. Жаңа қоғамдық қатынастардан туған тиянақты сөз тіркестері-фразеология ғана емес, фразеология тұрғысынан да игерілетін объектінің бірі. Бұл істі біз келешектің кезек күттірмейтін зерттеу тақырыбы деп білеміз. Фразеологиялық бірлік саласында әрі практикалық, әрі теориялық мақсаттарды ұштастыра зерттеуді керек ететін қомақты да зәру проблема стилистика үшін де маңызы зор. Біз сөз етіп отырған пән мен стилистиканың қауышар проблемалары аз емес. Басқасын былай қойғанның өзінде фразема, лексема ұғымдарының ара қатынасын ажырата білуде де мән жатыр. Көп жағдайда стилистика мен фразеология сөздің тікелей мағынасынан гөрі бейнелі мәндеріне басым көңіл бөледі. Сондықтан осы екеуінің межесін ажырату әбден қажет.

Сөздің тура немесе негізгі мағынасы фразеологизмнің семантикасын ашып бере алмайды. Мәселен, фразеологиялық бірлікті зерттеу үшін ат үсті деген тіркестің «ненің үсті?» деген негізгі мағынасы емес, «қалай?» деген сұраққа жауап болатын туынды мағынасы керек. Осы тұрғыдан келгенде біздің алдымызда фразеологизмдерді танып, білудің әрі синхронды (қазіргі калпында), әрі диахронды (тарихи қалыпта) зерттеу мақсаттары тұрғаны байқалады. Сол сияқты стилистика мәселесімен орайласа өз шешімін табуға тиісті міндеттер қатарына фразеологизм ішіндегі сөздердің өзара тіркесу заңдылықтары, тұтас тіркестің сөйлем жүйесіндегі үйлесімі, нақты бір контексте фразеологизмнің бір орамды, екі орамды болып не одан да көп орам қоршауында келуі, осыған сай фразеологиялық бірліктің қолданылу тәсілдері контекст ыңғайына сәйкес фразеологизмнің стильдік реңкінде болатын нәзік құбылыстар жатады.

Фразеологизмдерге тән белгілердің сөзге ойысар жағы да, одан оқшау кетер жағы да бар. Тілдегі әр түрлі типтес құбылыстардың өзара бұндай жалпылық айырма жақтарын қысқаша жоғарыда аталып өтті. Фразеология теориясында осы жөнінде, негізінде, екі түрлі пайымдау бар: кейбір зерттеушілер «фразеологиялық бірлік пен сөз мағына жағынан бір-біріне балама (эквивалент) бола алады» дегенді айтады; енді бірі «фразеологиялық бірлік пен сөздің екеуі – екі бөлек дүние. Кей ретте мағына жуықтығы болғанымен, бұлардың арасына теңдестік белгісін қоюға болмайтынын» ескертеді. Фразеологиялық бірлікке тиісті белгілердің ешқайсысы да сөз категориясынан толық түрде ұшырамайды. Сөз бойындағы қасиеттердің ешбірі де толығынан фразеологиялық бірлік саласынан кездеспейді. Басқаша айтқанда, мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, қолдану тиянақтылығы тәрізділер фразеологиялық бірліктің еншісіндегі белгілер. Олай болса, «лезде» *көзді ашып-жұмғанша*, «қорықты» деген *жүрегі ұшты* болып, фразеологиялық бірлік пен сөз іліктес келуін қалай түсінеміз? Көп жағдайда осы іспеттес мағына «сәйкестігі» байқалып отырады. Солай бола тұра бұл «сәйкестік» толық бала ма? – бола алмайды: «лезде», «қорықты» сөздерінде фразеологиялық бірліктерге тән экспрессив өң жоқ.

Тілдегі мақал-мәтелдер де тұрақты сөз тіркесіне жатады. Бірақ барынша тар ұғымда алынатын фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдердің арасында үлкен айырым бар. Мақал мен мәтел фразеологиялық бірлікте өзінің сөз қолданыс, мағыналық жағынан ерекшеленіп тұрады. Ішкі мазмұны сыртқы түрі жағынан, яғни, өздерінің семантикасы, грамматикалық құрылысы жағынан мақал-мәтелдің фразеологиялық бірліктерден елеулі айырмашылығы бар. Фразеологиялық бірліктерден кейбір ұқсастықтары болса да, мақал-мәтел сөз саптаудың дербес түрі болып есептеледі. Демек, олардың өздеріне тән лексика-семантикалық, грамматика-стильдік ерекше (релеванттық) белгілері бар.

Фразеологизмдерді меңгертуде оның лексикалық және грамматикалық мағыналары өзара сабақтастықта болады. Бұл мәтіндерді лексикалық және грамматикалық талдау кезінде, жаттығу жұмыстарында фразеологизмдердің мағынасын сөздік арқылы түсіндіру нәтижесінде

жүзеге асады. Мысалы, *Ат құйрығын кесіп кету; Айна қатесі жоқ; Айтқанына көндіріп, айдауына жүргізу* деген фразеологизмдердің мағыналарын түсіндіру үшін олардың біртұтас лексикалық мағынаға ие екендігі, бір ғана сұраққа жауап беріп, бір сөйлем мүшесі болатыны меңгертіледі. Сөздік қордағы әрбір фразеологизмдерді қатысым әрекетінде қолдану үшін студенттердің сөйлеу қабілетін дамыту студенттердің сөздік қорындағы фразеологизмдерді мағыналарына қарай іріктеп, оларды басқа сөздермен орынды байланыстырып, өз ойын дұрыс, толық жеткізе алуына көмектеседі.

Қорыта айтқанда, фразеологияның теориялық, практикалық мәселелерін зерттеуді бұл күндері тілшілер қауымы мықтап қолға алып отыр. Бұл салада, әсіресе, ресейлік ғалымдар елеулі де нәтижелі табыстарға жетті. Түркі тілді республикалардағы лингвист ғалымдардың фразеология пәнін өрістетуге талабының өзі – бір төбе. Бұл орайда «Самарқан мектебі» атанып жүрген ғалымдар тобының алымды еңбегін, өнімді істерін ерекше атамақпыз. Самарқан университетінің жанынан Л. И. Ройзензонның т.б. басқаруымен «Фразеология мәселелері» атты көп сериялы жинақ үздіксіз шығып тұрады. Фразеологизмдерді оқыту барысында сөздік қорын, тіл байлығын, сөздікпен жұмыс жасау тәсілдерін меңгеруі фразеологияның түрлері мен оның құрамын саналы түсінуіне, сөздік қордағы фразеологизмдерді күнделікті қарым-қатынаста жұмсауға дағдылануға әсер етіп, пәнге деген оқу мотивацияларын арттырады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1997.
2. Болғанбаев Ә., Қалиев Ф. Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997.

3

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖЕТІЛДІРУ: ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Сатбекова А.

педагогика ғылымдарының докторы,
ҚазҰҚПУ профессоры

Абилдаева Қ.

ҚазҰҚПУ докторанты

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ БІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ (қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы негізінде)

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы қоғам өмірінің қай саласында да іштей жаңғыру мен серпіліс туындатып, мүдделі мақсаттар мен болашаққа бағыт-бағдар белгілеген бағдаршам болғаны анық. Мақалада «...Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» [1] деген жауапкершілігі үлкен жолдар бар.

Оқытудың қай түрі болмасын барлығының көздейтін мақсаты – адамды жан-жақты тәрбиелеу, сапалы білім беру. Қазіргі таңдағы білім берудің түпкі нәтижесі жай ғана білім, білік, дағды қалыптастыру емес, студенттің оларды өзінің өміріндегі кездескен түрлі жағдаяттарды дұрыс, саналы қолдана білуін талап ететін құзыреттіліктер түрінде қалыптастыру болып отыр. Сонда болашақ мұғалімдерге педагогикалық институттарда, университеттерде білім беру деген көптеген пәндер мазмұнындағы білім қорын меңгерту ғана емес, алынған білімді өз қызметінде пайдалана білу жолдарын үйрету деп түсінген абзал. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі (профессиональная компетентность) мен шеберлігі, әсіресе қазіргі нарықтық жүйеде ерекше қажеттілікке ие болып отырғаны белгілі. Өйткені жаңартылған білім беру мазмұны жүйесін енгізуде және дәстүрлі педагогикалық жүйенің өзінде мемлекетіміздің мектепке беріп отырған тапсырысы немесе сұранымы – ойлауы жан-жақты дамыған, тілге шебер және мемлекеттік тілдегі іс-қағаздарына жауап беріп, бейресми және ресми жағдаяттардан жол тауып шыға алатын, өзінің өмірдегі мәнін түсінетін, өз ісіне жауап беретін азамат тәрбиелеу. Ал мемлекеттің осы қойып отырған тапсырысының сапалы орындалуы, сөзсіз, мұғалімдердің кісілік қасиеттері мен кәсіби шеберлігіне көп байланысты. Кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігі жетілген маман даярлауда да, білім беру саласына қойылып отырған ортақ міндетті шешуде де «Қазақ тілі» пәнінің орны ерекше екені дау тудырмайды. Өйткені бұл пән әрбір азаматтың өзі өмір сүріп отырған елінің, мемлекетінің тілін, мәдениеті мен дәстүрін сыйлауын қалыптастырады. Осындай адами болмысқа, өзгелермен қарым-қатынас мәдениетіне баулитын «Қазақ тілі» пәнінің маңызы да сондықтан уақыт өткен сайын арта түспек.

Жобалай оқыту технологиясы тілді оқыту үрдісінде тіл үйренуші мен оқытушының өзара бірлесе атқаратын жұмыстарының нәтижесінде белгілі бір межеге мақсатты түрде жетеді. Осы үрдісте оның тірек ететін нәрсесі қазақ тілінен жинақталған қор болады. Сол қорды пайдалана алу мүмкіндіктері студенттің соңғы нәтижеге жету деңгейін өлшеуге тірек етіп алынады. Осы жердегі «субъект-субъектілік» қатынас білім сапасын арттырудың жолы болып танылады.

Ынтымақтастық педагогикасының қағидалары басшылыққа алынып, екі жақтың да көздеген межеге жетуіне кепіл болады. Қазақ тілін гуманитарлық бөлімде оқытудың тиімді нәтижеге жетуі негізінен оқытушы мен студенттің өзара қарым-қатынасымен тығыз байланысты. Оның үстіне қазақ тілін оқытудың басты әдісі ретінде жобалай оқыту технологиясы қолданылатын болса, онда бұл жерде оқытушы мен студенттің қарым-қатынасындағы түрлі байланыстар, қатынастар мен эмоционалдық сезімдері айқын байқалып, оның жағымды қырдан танылуына екі жақтан да ықылас болуы және бақыланып отырылуы аса маңызды шарт болмақ.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде оқытушы мен студенттің қарым-қатынасы «оқытушы – әрдайым талап етуші», ал «студент – әрдайым бағынышты, талапты орындаушы» моделінде келетін болса, жобалай оқыту технологиясы жүйесінде оқытушы мен студент көбінесе серіктестік қатынаста бірігетіндей болып ұйымдастырылады. Әрине, мұндай жағдайда оқытушы мен студенттің арасындағы педагогикалық қарым-қатынас та дәстүрдегіден өзгеше болады. Сондықтан жаңа оқыту жүйесін қолданудың оқытушы мен студентке тигізетін педагогикалық қана емес, психологиялық мәселелері бар екені анықталды. Жобалай оқыту технологиясы тұрақты түрде студенттің өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын нық қалыптастыруға бағытталады. Оның өз бетімен жұмыс жасау барысы индивидуалды түрде де, жұптық немесе топтық жұмыс түрінде де орындалады. Белгілі бір мерзім шегін алдын ала белгілеп алған соң, сол уақыт ішінде бір тақырып бойынша орындалатын студенттің ізденімдік жұмысы белгілі бір ғылыми мәселенің шешілу логикасын анықтауымен, сол жолды студенттің өзі дәлелдеуімен аяқталады.

Жобалай оқыту технологиясы бойынша орындалатын студенттің ізденімдік жұмысы – ізденушіге тек қазақ тілінен ғана емес, сол тақырыпты ашуға қатысатын түрлі ғылым, шығармашылық, техника салаларынан хабардар болуына, соның негізінде ғылыми білімін интеграциялай алуына негіз қалайтын сенімді жол болып табылады. Студент орындаған жұмыстың нәтижесі нақты әрі көрнекі болуы міндетті. Егер студент белгілі бір теориялық мәселені зерттейтін болса, сол мәселені шешудің өзіндік ғылыми ұсыныстары түрінде көрнекіленеді де, ал егер студенттің зерттеу тақырыбы практикалық мәселе болса, сол мәселенің өмірде қолдануға болатын нәтижесі көрсетілуі қажет. Жобалай оқыту технологиясын студент жете меңгеруі үшін, сол әдісті қолдануға үйрететін оқытушыға үлкен талаптар қойылады. Өйткені жобалай оқыту технологиясын қолдану үшін оқытушының үлкен біліктілік, жоғары оқу орындарында оқытушылық практикасындағы шеберлік, жаңа технологияларды игеруге деген прогрессивтік көзқарасы болуы керек.

Студенттердің танымдық қызығушылығының тұрақты түрде болуы мен оның үзілмей дамытылып отыруы арқылы заман талаптарына студенттің тез және қиналмай бейімделе алу қабілеті ұшталады. Жобалай оқыту технологиясын қолдану әрдайым біркелкі бола бермейді, түрлі жағдайда оны шешу жолдары түрліше көріністе келеді. Жобалай оқыту технологиясын қолдану жүйесінде ғылыми білім және оның сапалылығы басты орында қарастырылады. Өйткені білім мазмұнының сапалылығы дегеннің өзі «ғылыми білім мазмұнының терең әрі нақты және қазіргі заманның келбетімен ғана емес, заман дамуының бағдарына қарай арнасын бұру» дегенді білдіреді.

Жоғары мектепте білім алушы адам – белгілі бір мамандыққа ие болатын болашақ маман. Жоғары педагогикалық білім беру үдерісінде студенттердің түрлі пәннен көптеген ғылыми ұғымдар жүйесін меңгеріп, академиялық білім «жүгін» алып кетуі ғана көзделмейтіндігі белгілі. Егер мұғалім оқушысына тек қана теориялық ұғымдар мен ғылыми терминдерді меңгертуді негізгі міндетім деп санайтын болса, сол мұғалімнің өзі студент кезінде жеке тұлға деңгейіне толық шыға алмаған, бойында адамдықтың игі қасиеттерін оята алмаған адам болып саналады. Осы тұрғыдан келгенде, студенттерге өздері таңдаған мамандығы, яғни мұғалімдік мамандық туралы азаматтық, елжандылық бағыттағы түсініктер қоса сіңірілуі қажет. Бірақ бұл азаматтық парыз туралы мәселелер жасанды декларациядан аулақ болуы – басты шарт. Егер студент мұғалімдік қызметке барған кезде дәстүрлі педагогика шеңберінен аса алмайтын болса, оның азаматтық парызын дұрыс атқара алмағаны болып табылатынын терең

дәлелдермен ұғындыру керек. Оқушы – дамып жатқан заманның, қалай дегенде де жаңа заманның өкілі. Ал мұғалім білім беру және тәрбиелеу үдерісін заманы озған жолмен ұйымдастыратын болса, дамушы субъектінің жолына кедергі келтіретінін саналы түсінуі керек.

Қазақ тілін педагогикалық жоғары оқу орындарында оқыту үдерісінде ұстанылатын басты стратегиялардың бірі – студенттің қазақша кәсіби лексикасын қалыптастырып дамыту арқылы мамандыққа даярлау. Бұл білім беру стандартынан бастап қазақ тілінің оқулықтарына дейінгі барлық кешен құрамында айқын көрсетілуі керек. Бұл үдерістің екі жағы бар: бірі – студенттің тілін дамыту; екіншісі – сол тілді тез әрі сапалы игертудің жолын үйрету. Сондықтан студентке тіл мен технологияны тең үйрету басшылыққа алынады. Олай болса, болашақ мұғалімдердің технологиялық мәдениеті және оны қалыптастыру мәселелері де үлкен тәрбиелік маңызға ие болып отыр.

Қазіргі студенттер ХХІ ғасырдың жаңа технологиясымен қызмет ететін мұғалімдер ретінде қалыптасуы керек. Сондықтан студенттердің технологиялық мәдениетін қалыптастыру және дамыту мәселесі аса өзекті болып табылады. Қазақстандағы педагогика теориясы мен практикасында философияның, әлеуметтанудың, этика мен эстетиканың интеграциялық түйіскен тұстары анық байқалады. Осы интеграциялық үдеріс негізінде педагогикалық мәдениеттің трансформацияланған жаңа бейнесі де анықталып келеді. Қоғамның негізін құрайтын бастау көздері ретінде ғылым, техника, эстетика, моральдың педагогикалық мәдениетті қалыптастыруда да атқаратын қызметі орасан зор. Өйткені педагогикалық мәдениет қоғамдық мәдениеттен туындайтыны белгілі. Осы тұрғыдан қарастырғанда студенттердің технологиялық мәдениетін қалыптастыруда технологиялық процедураларды меңгерудің маңызы зор.

Студенттерге технологияны меңгерту барысында мынадай шарттар ескерілуі қажет:

- оқушылардың білімділік және тәрбиелілік деңгейін ескеру шарты;
- оқыту үдерісінің тәртіптелген және үйлесімділік шарты;
- оқыту және тәрбиелеу үдерісінде қолданылған құралдардың алға қойылған мақсат-міндеттерге адекватты болу шарты;
- оқыту үдерісінің ақпараттық өлшемі болуы шарты.

Осындай шарттардың орындалу барысы студенттердің кәсіби білігін қалыптастыруға негіз болады. Студенттердің технологиялық мәдениетін қалыптастыру ісі технологиялық нормативтерді меңгеруден басталатын болса, осының барлығы біріге келе, студенттердің мұғалімдік кәсіби іс-әрекеттер жүйесін қалыптастыруға тірек болады [2, 112-б.].

Педагогикалық мамандықта оқып жатқан студенттерге қандай пәнді оқыту барысында да олардың технологиялық білік-дағдыларын қалыптастыруға, оқу әрекетін ұйымдастыру шеберлігін ұштауға бағытталған оқу жағдайларын қолданып, сол мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін әдістер қолдану қажет.

Студенттерге қазақ тілін оқыту жүйесінде төмендегідей технологиялық білік-дағдыларды қалыптастыру көзделеді:

- операциялдық-әдістемелік білік-дағдылар;
- психологиялық-педагогикалық білік-дағдылар;
- диагностикалық білік-дағдылар;
- бағалаушылық білік-дағдылар;
- сараптамалық білік-дағдылар;
- ғылыми-зерттеушілік білік-дағдылар.

Бұл орайда студенттердің болашақ мұғалім ретінде шығармашылыққа бастайтын дағдыларды меңгеруі негізгі талап ретінде қойылады. Шығармашылық – продуктивті ойлаудың маңызды бір құраушысы, студенттердің алға қойылған міндеттерді шешуі барысында ізденімнің эвристикалық элементтерінің қолданылуын қажет ететін әрекеттің ерекше түрі. Студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуда ойлаудың икемділігін, қарастырылып отырған бірнеше оқу нысанасының арасындағы бұрын таныс болмаған байланыстарды тез және дәл тани алу, бір нысаннан екінші нысанға тез көше алу, ұқсастықтар табу мен

айырмашылықтарды анықтау қабілеттерін шындаудың маңызы зор. Жаңа педагогикалық технологияларды танып-меңгеруде студенттердің эвристикалық әдістерді қолдануы аса қажет. Өйткені эвристикалық әдістер студенттердің логикалық ойлау қабілеттерін ұштап, өз бетімен іздеу, өз бетімен белгілі бір шешімдер қабылдау және оның дұрыстығын тексерудің бірнеше жолдарын үйрену белсенділігін арттыру мүмкіндігі молая түседі.

Қазіргі Қазақстандағы педагогика ғылымында рефлексияға жете мән беру маңызды болуы тиіс. Педагогикалық рефлексия – қазіргі Қазақстандағы педагогикада жаңа технологиялардың қандай деңгейде, қандай дәрежеде танылып жатқандығына, қаншалықты және қандай жолмен қолданылып жатқандығына толық талдау жасау, белгілі бір ой тұжырымдарын бекіту, түйіндеу. Жобалай оқыту технологиясының өз бойында әрі білімдік, әрі тәрбиелік, әрі шығармашылыққа бастайтын табиғи мүмкіндіктер бар деп айтуға болады. Себебі жобалай оқыту технологиясы негізінде, біріншіден, оқытушының студентке деген сенімі, екіншіден, студентке қойған талабы, үшіншіден, студентті нәтижелі жұмыс жасауға мәжбүрлеуі, төртіншіден, ізденімге баулу арқылы оқуға деген ішкі мүдделілігін оятуы қатар жүреді. Ал тәрбиенің тіні – құрғақ ақыл айту емес, әрекеттенуге мүдделілігін арттыру екені аян [3, 73-б.].

Жобалай оқыту технологиясының ұйымдастырылу, жүзеге асырылу үдерісінің барлық сатысында білім мен тәрбие қатар жүреді. Біріншіден, жоба жұмысының тақырыбын студенттер өздері таңдайды. Яғни тақырыпты таңдау – студенттің білім игеруге ешкімнің мәжбүрлеуінсіз, өз еркімен әрекетке ұмтылысының алғашқы басқышы. Екіншіден, жұмыс тобын өздері құруына еркіндік берілуі – студенттің жеке шешімімен жасайтын келесі қадамы. Мұнда студенттер дара, жұп, топ болып та жоба қорғауға рұқсат етіледі. Бірақ қандай құрамда орындаса да, жоба жұмысының талаптары да, нәтижені бағалау критерийлері де ортақ болады. Үшіншіден, ортақ форма болғанмен, тұсаукесерді жасаудың барынша шығармашылыққа құрылуын талап ету – студенттің ойлау, қиялдау, өзіндік жаңашылдық табу жолындағы ізденістеріне де еркіндік беру деген сөз. Төртіншіден, тұсаукесер кезіндегі жұмысты бірлесе талдау, бірін-бірі бағалау жүйесінің енгізілуі де әрі құқын сыйлау, әрі жауапкершілік арту арқылы олардың өзара бәсекелестікке бейімділігін дамыту мақсатын көздейді. Бұл ертеңгі студенттің еңбек ететін нарықтық заманында, бәсекелестік өмір сүрудің шартына айналған өзгермелі қоғамда өз орнын берік табуына пайдасын тигізетіні даусыз. Оған қоса осы жүйеде жұмыс жасауға төселу студенттің топта жұмыс істеу, өзгелермен тіл табыса білу, өз пікірі мен шешімін қорғау, дәйектеу секілді құзыреттіліктерін де жетілдіреді.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017, 12 сәуір. – № 70 (29051).
2. Сатбекова А. Рухани жаңғыру: қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясы (гуманитарлық бөлім). – Монография. – Алматы, 2019. – 220 бет.
3. Сатбекова А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы. – Оқу құралы. – Алматы, 2013.

Искакова Г.

докторант 3-курса НАО «Кокшетауский университет
имени Ш.Уалиханова»

Шалабай Б.

доктор филологических наук, профессор

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ ИЗУЧЕНИЯ МОДАЛЬНОСТИ: ЭПИСТЕМИЧЕСКАЯ МОДАЛЬНОСТЬ И ЭВИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ

Искусство обладает огромным формирующим потенциалом по отношению к ценностной сфере личности. Восприятие объектов художественной культуры актуализирует нравственные и эстетические ценности личности. Идеи, отраженные в образной художественной форме,

находят отклик в индивидуальном сознании. Художественная культура играет роль катализатора личных смыслов для воспринимающего. Это уникальное по своей мощи воздействие является опосредованным личностью автора. Современная лингвистика все чаще обращается к изучению антропоцентрического характера языка. Антропоцентризм как основной принцип исследования заключается в том, что человек является точкой отсчета при анализе тех или иных языковых явлений. Яркими примерами категорий с антропоцентрическим содержанием являются эпистемическая модальность и категория эвиденциальности. Интерес представляет не только изучение видов этих категорий, особенностей их функционирования и средств выражения, но и вопрос о соотношении данных категорий.

Эпистемическая модальность выражает оценку говорящим степени познанный объективных связей, степень достоверности мысли и включает проблематическую, простую и категорическую достоверности. Значение простой достоверности выражается формой изъявительного наклонения глагола, немаркированным утверждением. Проблематическая и категорическая формы эпистемической модальности неоднородны по своему содержанию и имеют своего рода шкалу значений. Оказалось, что изучение эпистемической модальности невозможно вне связи с другой категорией – эвиденциальностью. Первые попытки дать определение категории «эвиденциальность» находят отражение в работе Ф. Боаса [1], где он указывает на необходимость указания источника сведений говорящего в индейских языках в том случае, если говорящий не имел возможности самолично наблюдать ситуацию.

Р.О. Якобсон полагает, что в русском языке данная категория принадлежит исключительно глаголу и определяет её следующим образом: «эвиденциальность – глагольная категория, учитывающая три факта: сообщаемый факт, факт сообщения и, кроме того, представляемый факт сообщения, то есть указываемый источник сведений о сообщаемом факте» [2]; У. Чейф дает широкую трактовку данного понятия, согласно которой эвиденциальность является любым выражением отношения к переживаемому знанию [3]. В более поздних работах, посвященных данной теме, можно обнаружить такие трактовки: «эвиденциальность – языковая кодировка источника информации о передаваемом событии» [4, 8-с.]; «обозначает источник знания или дает свидетельство тому, о чем повествуется» [5, 18-с.]; «является маркированным источником информации» [6, 52-с.].

Существует два основных определения эвиденциальности – широкое и узкое. Широкое определение эвиденциальности включает в рассматриваемую категорию не только указание на источник информации (как при узком определении), но также и разные виды отношения, говорящего к пропозиции. Таким образом, широкое понимание эвиденциальности предполагает, что эпистемическая модальность входит в поле эвиденциальности в качестве ее подкатегории [7, 106-с.]. Независимый статус и узкую трактовку эвиденциальности отстаивает и А. У. Aikhenvald [8]. Исследователь пишет, что первичное значение, присущее эвиденциальности – указание на источник информации. Несмотря на то, что иногда средства выражения эвиденциальности могут передавать дополнительное значение оценки говорящим степени достоверности пропозиции, приписываемые, как правило, эпистемической модальности, категория эвиденциальности считается лингвистом независимой категорией, которая не должна считаться видом модальности. В нашем понимании, эвиденциальность – категория, маркирующая в языке источник сведения говорящего. Как правило, грамматикализована, однако в некоторых языках также выражается лексико-семантическими средствами (например, эвиденциальными наречиями, отдельными словами или целыми предложениями). Актуализация категории эвиденциальности напрямую зависит от типа источника информации, на которую ссылается тот или иной коммуникант. Источником может быть как сам говорящий, так и другой носитель информации.

Говоря о том, какую роль эвиденциальность играет в коммуникации, хотелось бы вспомнить, что любой язык является инструментом говорящего для реализации определенных его коммуникативных целей. То, какими могут быть пути в достижении целей занимается прагмалингвистика, в задачи которой входит поиск «наиболее оптимальных из имеющихся в

языке средств для наиболее успешного воздействия на слушающего или читающего, для эффективного достижения намеченной цели в конкретных обстоятельствах речевого общения» [9]. Так, указание на источник предоставленных говорящим сведений можно рассмотреть как один из таких инструментов. Целей может быть несколько: утверждение истинности своей точки зрения путем намеренного указания на то, что говорящий самолично наблюдал ситуацию; убеждение говорящим адресата или же самого себя в не/достоверности предоставленной ему новой или ранее имеющейся информации. Причины, по которым людям необходим такой источник, и почему зачастую люди не доверяют друг другу, а порой и самим себе, своим ощущениям и интуиции. Однако факт того, что мышление сформировано так, что предоставление источника сведений людям необходимо, даёт основной аргумент полагать, что подобная категория в том или ином виде может встретиться в любом языке мира, а, соответственно, и быть причисленной к универсальному грамматическому набору.

В силу того, что категория эвиденциальности относится к разряду относительно новых проблем лингвистической науки, многие аспекты данного понятия (в т.ч. связанные с модальностью предположения) находятся ещё на стадии осмысления и потому являются весьма дискуссионными. Известно, что для обозначения эпистемической модальной категории в лингвистике используется, помимо прочего, и термин модальность предположения [7, 72-с.]. Учёные считают, что «в основу модуса предположения может быть положено логическое умозаключение, или информация третьего лица, или чувственное начало» [7, 75-с.].

Для тюркологии, в частности для казахского и кыргызского языковедения вообще не свойственно оперирование термином «эпистемическая модальность». Интересующие нас значения рассматриваются в рамках модальности предположения, а также значений вероятности, достоверности, уверенности или неуверенности, сомнения применительно к отдельным семантическим разрядам тех или иных языковых единиц. Ключевыми понятиями в семантике эпистемической модальности мы признаем понятия достоверности и вероятности. Под эпистемической модальностью мы понимаем квалификацию говорящим своего отношения к высказываемой пропозиции с точки зрения ее достоверности. При этом оценка достоверности сообщаемого представляет собой оценку вероятности того, что высказываемое содержание соответствует реальности. Решая для себя, насколько достоверно его высказывание, субъект речи определяет, насколько возможно фактическое существование сообщаемой им связи между предметом и признаком. В зависимости от того, как говорящий оценивает степень подобной вероятности, эпистемическая модальность принимает вид эпистемической необходимости или эпистемической возможности.

Специфичность данного типа модальных значений заключается в том, что указанные отношения не только устанавливаются говорящим, но и осознаются им как результат ограниченности своих знаний касательно анализируемой ситуации. Что касается значений уверенности/неуверенности, сомнения, то они представляются нам вторичными и связанными скорее с эмоциональным, чем с эпистемическим состоянием говорящего. Степень уверенности субъекта речи зависит от оцениваемой им степени достоверности сообщения. Чем выше говорящий оценивает вероятность соответствия сообщаемого содержания реальности, тем выше его уверенность, и наоборот. В иллюкутивном аспекте высказывание с эпистемической модальностью представляет собой акт предположения.

Лексико-грамматический способ выражения предположения казахского и кыргызского языка исследованы и проанализированы такие модальные слова, как в казахском языке: *бәлкім, бәлки, сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, ықтимал, болар, шығар, білем, -ды білем, -қан/-кен білем, -са/-се керек, -у керек, -ға/-ге ұқсайды, -уы мүмкін* т. б. Например: *Пенделік бақыт деген де сол шығар. Адамға лайық аз гана тіршіліктің де, бәлкім, бар мән, бар мағынасы тек сонда тұрған шығар* (Ә.Кекілбаев). *Бәлкім, жас шеберді алғаш көргенде ханым да тап осылай сенделген шығар* (Ә.Кекілбаев). *Мүмкін, күпірлік болса болар, бірақ мұның әлгіндей асқақ дәмесіне атау бола алмайды* (Ә.Кекілбаев). В кыргызском языке *ыктымал, мүмкүн, балким, чыгаар, экен, имиш; послелогии: сымал, сымак, сыңары, окшош;*

частицы: *го, белем, бейм, беле, эле*. Например: **Балким**, ал сен жокто чабандардын бири менен үлөт куруп жаткандыр, кой, жолтоо болбо! (Ч.Айтматов). **Балким**, кийин сен да мугалим болуп, балдарды окутуп калсаң, биздин жаман мектепти эстеп кулөрсүң (Ч.Айтматов). А также вводные слова и обороты: в казахском языке: *рас, шынында, шамасы, меніңше*; в кыргызском языке *менимче, менин оюмча, сыягы, калыбы, кейпи и т.д.*, а также их сочетания друг с другом и с аффиксами, включая формы времени глагола.

В русском языке данный тип модальности выражается с помощью различных морфологических средств:

1. Инфинитива, употребляющегося для выражения субъективного оттенка нерешительности, сомнения, недоумения, эмоциональных колебаний или для выражения сознания бесцельности действия (Виноградов 1975: 605). Например: *И к чему же, за что себя убивать?* (Чехов).

2. Глаголов *казаться, сомневаться, колебаться и др.*: *Года два колебалась, а потом, наконец, сделала выбор* (Достоевский).

3. Модальных слов *возможно, вероятно, вряд ли, видимо, видно, видать, знать, право, повидимому, наверно, наверняка, может быть, должно, должно быть, авось, небось, чай, будто, просто, пожалуй, повидимому, вроде, едва (ли), навряд ли, неужели, разве и др.*: *И она, повидимому, рассуждала подобным же образом* (Чехов). **Возможно, что завтра я не буду верить и самому себе – вот этой своей записи** (Замятин). По вышеуказанном примерам, можно сделать вывод, что сомнительная оценка в трех языках выражается с помощью глаголов и модальных слов, объединенных семей предположения.

Ч.Айтматов и писатель-билингв, и писатель билингвальный, владеющий двумя языками и писавший свои произведения на двух языках (на кыргызском и русском). Произведения Ч. Айтматова в бывшем СССР переводились на русский с кыргызского языка или они писались автором на двух языках – кыргызском и русском, или же на одном – русском языке. В данной статье представляется интересным проанализировать средства выражения модальности предположения и привести примеры с произведений (см. таблица 1), которых он писал на двух языках:

Таблица 1

Примеры на кыргызском языке	Примеры на русском языке
<i>Чоро жумушка чыккандай болду</i> (Ч.Айтматов, Гүлсарат, 166-с.).	<i>Чоро, говорят, вышел</i> (Ч.Айтматов, Прощай Гүлсары, 298-с.).
<i>Айтып жүрүшпөйбү, окумал тотукуштар да бар имиши</i> (Ч.Айтматов, Эрте жаздагы турналар, 245-с.).	<i>Говорят, есть попугаи, которые умеют читать</i> (Ч.Айтматов, Ранние журавли, 269-с.).
<i>Агар ман додари асли медоштам ҳам, эҳтимол, омадани ўро монанди омадани Дуйшен ин қадар бесаброна интизорӣ намекашидам</i> (Ч.Айтматов, тарч. Ҳ. Ахрорӣ, Нахустин устод, 29-с.).	<i>Будь у меня родной брат, я и его, пожалуй, не ждала бы с таким не терпением, как ждала возвращения Дуйшена</i> (Ч.Айтматов, Первый учитель, 366-с.).
<i>Балки шумо, рафиқ Үркунчиев, дигар ҳама корро як сў гузошта, болои ин галаи гургҳои худро ривоч доданӣ ҳастед?</i> (Ч.Айтматов, Қиямат, 433-с.).	<i>Может быть, товарищ Уркунчиев, ко всему прочему вы хотите завести ещё и своих личных волков?</i> (Ч.Айтматов, Плаха, 553-с.).
<i>Баары тиги кагаздан коркуп отурган сыяктуу</i> (Ч.Айтматов, Гүлсарат, 191-с.).	<i>Казалось, все были в страхе от этой бумаги</i> (Ч.Айтматов, Прощай Гүлсары, 314-с.).
<i>Кыргызын өмүр курч кези ошол колхоз деген күрөштө калгандай сезилет азыр</i> (Ч.Айтматов, Гүлсарат, 172-с.).	<i>Словно бы вся жизнь его осталась там, в той удивительной поре, когда колхозы набирали силу</i> (Ч.Айтматов, Прощай Гүлсары, 302-с.).
<i>Баарын чечмелеп отуруу артыкбаи го дейм...</i> (Ч.Айтматов, Гүлсарат, 192-с.).	<i>Думаю, комментарии излишни...</i> (Ч.Айтматов, Прощай Гүлсары, 315-с.).
<i>Мындан кийин, мүмкүн, малчлардын тиричилигине көңүл буруп, алахбалына көз сала жүрүшөр, муңзарыбызды угушар</i> (Ч.Айтматов, Гүлсарат, 188-с.).	<i>Быть может, после этого оглянутся на чабанов, на житеё наше, на наши беды</i> (Ч.Айтматов, Прощай Гүлсары, 312-с.).

Вышеизложенное указывает на то, что модальность предположения в кыргызском языке актуализируется главным образом благодаря дистрибуции (широкой и разносторонней сочетаемости морфологических и лексико-грамматических средств), а в русском языке в основном благодаря функционированию гибкой системы высоковалентных лексических средств (модальных слов и модальных частиц).

Таким образом, мы рассмотрели, как связаны эвиденциальность (кодирующая источник информации) и эпистемическая модальность (кодирующая степень речательства говорящего за содержание высказывания). Также особенности передачи данных значений в тюркских языках (казахского и кыргызского языках). Близость этих двух категорий очевидна. Семантически существует разница между маркировкой источника информации и степенью речательства говорящего за высказывание. Основная же разница в том, что эвиденциалы указывают на наличие основания для высказывания, но никак не интерпретируют высказывание. Эпистемическая модальность даёт конфиденциальную оценку высказывания говорящего.

Список использованной литературы:

1. Boas F. Handbook of American Indian languages. – Washington: G.P.O, 1911. – P. 43.
2. Якобсон Р.О. Шифтеры, глагольные категории и русский глагол // Принципы типологического анализа языков различного строя. – М., 1972. – С. 95-113.
3. Chafe W. Evidentiality in English Conversation and Academic Writing. – Chafe/ Nichols (eds.), 1986. – P. 261-272.
4. Эйюп Б. Категория эвиденциальности в турецком языке в функционально-семантическом аспекте. – М 2005. – С. 8.
5. Кобрин О. А. Категория эвиденциальности в современном английском языке // Семантика и средства выражения. – М., 2005. – С. 18.
6. Willett T. A cross-linguistic survey of the grammaticalization of evidentiality // Studies in Language. -1988. №12. – P. 51-97.
7. Тойчиев М.Т. О виртуальной модели движения мыслительной энергии в теории модальности // Известия АН Республики Таджикистан. Отд. обществ. наук. – 2019. – №2 (256). – С. 226-230.
8. Aikhenvald A. Y. Evidentiality. – Oxford, 2004. – 452 p.
9. Степанов Ю.С. В поисках прагматики (Проблема субъекта) // Известия АН СССР. – Серия литературы и языка. – Т. 40. – 1981. – №47- С. 325-326.

Иманалиева Ғ.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессор м.а.

Сагиева А.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2-курс магистранты

ТІЛДІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУДАҒЫ ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫНЫҢ РӨЛІ

Қазіргі кезде «табыс» пен «тандау» деген ұғымды оқушы санасына құю «білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет» деген оймен астасады. Бұл – оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әр түрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Қазақ тілі қазақстандық қоғам мен қазақ тілін ана тілі ретінде қолданатын әрбір жеке тұлға өмірінде бірегей қызмет атқарады. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік және қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту тілдің қоғамдағы маңызды қызметі мен рөлін саналы түрде түсінуге, тілдің табиғатын ғылыми танымдық тұрғысынан түсініп меңгеруге, коммуникативтік тілдесім әрекетіндегі тілдік бірліктердің функционалдық қасиеттерін саналы түрде қолдануға, әрбір тілдік бірліктің ішкі мағыналық иірімдерін түсініп қолдануға дағдыландырады.

Тыңдалым – төрт тілдік дағдының ең алғашқысы. *Тыңдалым* – ақпаратты есту арқылы қабылдау. Ғалым Ф. Оразбаеваның айтуы бойынша, түсіну – сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне тән ең басты көрсеткіш. Бір адам екінші адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, пікірлесу мен сөйлесу жүзеге аспайды. Сөйлесім әрекетіне қатысты айту да, оқу да, жазу да, есту де, тілдесу де белгілі бір хабарланған, баяндалған ойды түсінуге негізделеді. Тілді үйренушілер мен ата-аналарда жиі кездесетін қателіктердің бірі – тыңдау мен естуді бір нәрсе деп қабылдау. Оған бір дәлел: адамның миы әрбір секунд сайын 20000 аудиториялық ақпаратты қабылдай алады екен. Есту – белсенділігі төмен іс-әрекет. Бір бөлмеде сөйлесіп отырған бірнеше адамның ортасында отырмын деп елестетіп көріңізші. Барлық адам өзара сөйлесіп жатқанымен, сіз барлық адамның не туралы сөйлесіп жатқанын қадағалай алмайсыз. Сіз барлығын да естіп отырсыз, алайда болып жатқан әңгімелер сіздің жадыңызда тіркеліп жатқан жоқ, тек оларды естіп отырсыз.

Екінші жағынан, тыңдау – естігенімізден мағыналы қажетті ақпарат алудың саналы үдерісі, яғни тыңдалым сөйлеуші мен оның айтып отырған ақпаратына тыңдаушының зейін қойып белсенді қатысып отыруын талап етеді. Дағдыға бағытталған тыңдалым ақпаратқа назардың шоғырлануын, басқаға алаңдамауды және беріліп отырған ақпараттың мазмұнымен мағыналы байланыс орнатуды да талап етеді. Жақсы тыңдалым көп тәжірибені қажет етеді, және, әрине, үлкен еңбекпен келеді. Тыңдалым арқылы оқушы ақпаратты дұрыс қабылдап, тапсырмалар орындау арқылы тілдік құзиреттілігі артып, ана тілінде жүйрік ойлайды. Сыныпта оқушылардың мінезі сан қырлы, біреуі тыңдау арқылы жұмыс жасағанды ұнатса, енді біреуі ешкіммен араласпай, жазып бергенді жөн санайды. Дегенмен тыңдалым жұмысында сынып жамырсақан сәтте де ақпаратты тыңдап, соған өзіндік пікірін айтып, аргументімен қоса келтіруі үлкен жетістікті көрсетеді.

Тыңдалым нәтижелі болу үшін акустикалық ережелерді дұрыс меңгеру де аз рөл атқармайды:

- а) сөйлемнің фонетикалық норманы сақтап айтылуы
- ә) сөз бен дауыстың ырғағы
- б) екпін мен дауыс ырғағын дұрыс қою
- в) сөйлем мен сөйлем аралығындағы үзіліс [1, 118-б.]

Тыңдалымға арналған сабақ жүйесі:

1. тыңдалым алдындағы тапсырма: тақырыпты таныстыру; тыңдалымдағы маңызды сөздерді үйрету; тақырыпқа қатысты сұрақтар құрастыра отырып, сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау;

2. тыңдалым тапсырмасы: әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобы; олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады;

3. тыңдалымнан кейінгі тапсырма: тыңдалымдағы тақырып туралы сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға өз көзқарастарын білдіре отырып, тәжірибелерімен байланыстыра отырып жауап берулері тиіс. Сонымен қатар сұрақтар жауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді пайдалана алатындай құрылуы қажет.

Тыңдалым процесінде мәтінді қаншалық меңгергенін білу үшін оқушыларға тест өткізуге де болады:

• **баламалық тесте** жауаптың үлгілері *ия, жоқ; дұрыс, бұрыс* түрінде беріліп, оқушы осылардың біреуін ғана тандап алады;

• **тандамалық тесте** бір сұраққа бірнеше жауап беріліп, біреуі дұрыс, басқалары қайшы болып келеді, тіл үйренуші соның ішінен ең дұрысын тауып, дәлелдеп, тандап алуы керек;

• **қосымшалық тест** «Қазақ тілінің жалғамалы ерекшелігін оқушы меңгере алды ма, жоқ па?» деген сұраққа жауап іздегенде өткізіледі. Сөйлемдер, текстер беріліп, оның сыртында нөмірленген бірнеше жұрнақтар, жалғаулар тізбегі көрсетіледі. Сөйлемдегі қай сөздің қосымшасы түсіп қалған /көп нүктенің орнына т.б. – соны оқушы нөмірлеп тауып, цифрмен белгілейді;

• **толықтырмалық тест** бойынша жаттығу құрамындағы сөйлемдердің кейбір сөздері не тіркестері түсіп қалады. Түсіп қалған сөздер нөмірмен соңынан беріледі. Оқушы сөйлемнің мазмұнына қарай сөзді тауып, сөйлемді толықтырады. Бұл жұмысты ауызша да жүргізуге болады. Оқытушы мәтінді оқып тұрып, сөйлемдегі түсіп қалған сөздерді байқату үшін пауза жасайды. Осы сәтте оқушы сол сөзді тауып, қағазына жазып қояды да сөйлемнің нөмірімен белгілейді. Мәтін оқылып біткен соң әр оқушы өзінің тапқан сөзін сөйлемнің арасына қосып оқып, тіл үйренушілер бір-бірімен салыстырып, дұрыс не қате екенін анықтайды;

• **сөзжұмбақтық тест** тілдегі сөздерді, олардың мағынасын, қолданылу аясын жете білумен байланысты оқушының мүмкіндігін білдіреді. Тестің жауабын шешемін деп отырып, оқушы жұмбақтың мазмұнына, оның құрамындағы сөздердің ішкі мағынасына ерекше ден қояды, әрқайсысына мән береді. Бұл тест бойынша санмен белгіленген бірнеше жұмбақ пен нөмірленген бірнеше жауаптары, яғни жұмбақтың шешімі беріледі. Оқушы шешімі дұрыс жауапты тауып, олардың сандық белгілерін сәйкестендіреді. Жауаптың дұрыс шешімін оқытушы өзіндегі тестпен салыстырып, тексереді. Бұдан басқа өлшемдік тест деп аталатын тестің тағы бір түрін бөліп шығаруға болады;

• **өлшемдік тест** – оқушының білім дәрежесінің тексеру үшін де жүргізіледі. Бұл тест бойынша бір сұрақтың бірнеше жауабы беріледі: бірі толық әрі дұрыс, екіншісі жартылай дұрыс, үшіншісінің жартысына жуығы дұрыс, төртіншісі дұрыс емес т.б. Оқушы осылардың ішінен ең дұрыс жауабын тауып, көрсету керек. Ізденіп, ойлана білсе, сөз үйретудің де, жауапты қадағалаудың да, білімді бағалаудың да амалдары әр түрлі. Оны оқытушы өз тарапынан қажетіне қарай қолданады [1,123-124-б.]

Тыңдалымға ұйымдастырылған сабақ түрі:

- тыңдалым алдындағы тапсырма
- мәтінді тыңдап, жоспар құрындар.
- «Атаулар туралы үш сұрақ»

Мұғалім сабақ басында жаңа тақырып бойынша үш терминді тақтаға жазып, оқушыларға осы атауларға қатысты мынандай сұрақтарға жазбаша жауап беруді тапсырады:

1. *Қайда?* Бұл терминдерді сіз бұрынырақта қайда және қандай мағынада кездестіріп едіңіз?
2. *Қалай?* Өз тәжірибеңізбен осы атауларды қолданудың мысалдарын келтіре аласыз ба?
3. *Қандай?* Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады?

Әдеттегідей бұл жұмысты оқушылардың жеке, жұппен (шағын топ ішінде) ауызша немесе жазбаша орындауы ықтимал. Содан кейін мұғалім бірнеше оқушының пікірін тыңдайды. Одан кейін тыңдалым жүргізіледі.

Мұғалімнің сұрақтарды шығармашылық тұрғысынан әр сабақта тақырыпқа байланысты өзгертіп отыруы керек:

а) Мәтіннің үш азатжолындағы негізгі ойды үш сөйлемге сыйдырып беріндер.

ә) Мәтін мазмұнын саралай отырып, төмендегі кесте бойынша сұрақтар құрастырындар.

Мәтінді тыңдап, «Төрт сөйлем» әдісі арқылы мәтін мазмұны бойынша өз ойларыңды дәлелдендер.

Пікір (бір сөйлеммен)

Дәлел (пікірді бір сөйлеммен дәлелдеу)

Мысал (пікірді өмірмен байланыстырып мысал келтіру)

Қорытынды (бір сөйлеммен қорытынды шығару) [3].

Бұл тапсырмаларды инновациялық технологиялар көмегімен де жүзеге асыруға болады. Мысалы, LearningApps.org, kahoot, quizizz секілді платформалармен оқушылардың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыруға болады.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 8-бабында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», – деп көрсеткен. «Қазақ тілі» сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты

игеруге мүмкіндік береді. Ақпараттық технологияны қолдануда әдетте шынайы өмірлік жағдайлар келтіріліп, бірігіп шешу мәселелері ұсынылады, рөлдік ойындар пайдаланылады, білгірлігінің қалыптасуы барысында жеке белсенді позициясын қалыптастыруға жағдай тудырады, қарым-қатынас дағдыларын орнықтырады, сыни тұрғыдан ойлауға үйретеді. Демек, ақпараттық технологияны оқу үрдісіне енгізу тіл үйретуде тиімді. *Тыңдап түсіну, көріп байқау* құралдарының концепциясында оқыту былайша орналасады: *тыңдау – сөйлеу – оқу – жазу*. Оның ішінде ауызша қабылдау (тыңдау мен сөйлеу) әрдайым ілгері шығып отырады. *Тыңдап түсіну, көріп байқау* құралдарының ішінде сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі – аудио құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, сұхбаттар жазылған ұнтаспа, т.б. [4,104-105-б.].

Қорыта келе, білім алушыға заманауи дағдыларды үйрету барысында бәсекеге қабілетті ана тілінде еркін ойын жеткізетін, кез келген тақырыпта ойын кідірмей жеткізетін шәкірттерді тәрбиелеу – басты міндет. Сол міндет ішінде мұғалімнің кәсіби шеберлігі басты назарда болады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас теориясы мен әдістемесі. – Алматы, 2000. – 208-б.
2. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқыту тапсырмалары. – Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2014. – 122 б.
3. Қапалбек Б., Омарова А., Закиряева Г., Абнасарова Г. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық.-Алматы: Мектеп, 2018. – 200 б.
4. Мейірмамал А. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында оқушылардың тілдік құзыреттілігін қалыптастыру. – Алматы, 2021. – 100 б.

Саткенова Ж.

филология ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті

Бекжан А.

«қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының магистранты

САН-МӨЛШЕР МӘНДІ ГРАММАТИКАЛЫҚ КАТЕГОРИЯЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК СИПАТЫ

Қазіргі қазақ тіліндегі құрылымдық грамматика негізінде қалыптасып, түсіндірілетін ережелердің кемшіл тұстары байқалуда. Осы негізде қалыптасқан ұстанымдар мектеп бағдарламасына енгізіліп, оқытылып жүр. Осы еңбегімізде қазақ тіліндегі сан-мөлшер категориясы туралы сөз қозғаймыз. Д.Әлкебаева «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы» еңбегінде сан-мөлшер категориясына мынадай анықтама беріп, мысалдар көрсетеді: «Сан-мөлшер категориясы, оның басты қарастыратыны – ақиқат шама туралы. *Шама* дегеніміз – бір заттың сапалық өзгерісінің сақталуы мен белгілі шегі туралы нақты тұжырым болып саналады. Сан – заттар мен құбылыс өлшемдерінің жиынтығы. Бір заттың сапа айырмашлығы сандық өзгерістерді тудырады. Мысалы, қазақ тілінің сан-мөлшер таным түсінігінің санға байланысты ақиқаттығы, өзіндік ерекшелігі танылады. *Оның екі көзі төмендегі бір-біріне іргелес орын теуіп, жарты шеңбер жасап жатқан қорғандарда еді* (Ә.Әлімжанов). *Сәлден соң үшеу болады, ширек сағат өткенде қаңғалақтап тағы біреуі келеді* (Д.Исабеков). *Абай мынау ыстық үйде, мынадай ашушаң, тырысқақ адамның үйінде ет асым уақыт отыруды өз басына жазадай көрді* (М.Әуезов)» [1, 17-б.].

Сан-мөлшер категориясы – адам ойлауының көп қырлы категорияларының бірі. Сондықтан да сан есімнің квантитативтік қызметі тілшілердің назарын көптеп аударуда. Ә.Хасенов (1957), А.Ысқақов (1964), Панфилов (1982), Чеснокова (1992), Қазақ грамматикасы (2002) сияқты жүйелік, функционалды бағытта зерттелген еңбектер бар.

Сан-мөлшер категориясы мектеп оқушыларына сан есім тақырыбында және мөлшер үстеулерді өткенде ғана түсіндіріледі. Оқушылардың санасында «сандық мағынаны білдіретін тек цифрлар екен» деген түсінік қалыптасады. Сонымен қатар сөйлемдерге морфологиялық, синтаксистік талдаулар жасаған кезде шатастырып алу сияқты дүдәмал тұстар орын алуы мүмкін. Сөздердің лексикалық мағыналары мен грамматикалық мағыналарының қабыспай қалатын тұстарының бар екенін сан есімнің осындай ерекшеліктерінен көруге болады. Сан есім сөз табы заттың санын, мөлшерін, өлшемін білдіріп, *Қанша? Неше? Нешінші?* Сұрақтарына жауап береді. «*Сан есім* дегеніміз – тек цифрлар» деп түсінеміз. Ал сөйлемде цифр емес, бірақ *қанша?* деген сұраққа жауап беріп тұрса, *қайтпек керек? Жалғыз, жарым* сөздері бірде сын есім бірде сан есім, бірде үстеу болып талданып жүруі мәселенің екіұшты екенін көрсетеді. Мысалы:

1) *Мақсат отбасындағы жалғыз бала. Жалғыз* сөзіне қандай? деген сұрақ қойылып, сын есім болады.

2) *Мен көшеде жалғыз келе жатырмын. Қалай?* сұрағына жауап беріп, үстеу болады.

3) *Оның сатып алғаны жалғыз қалам.* Сөйлемінде бір қалам мағынасында тұрып, *неше?* деген сұраққа жауап беріп, сан есім болады. Көп сауал, жауап жоқ.

Шамамен сөзіне қатысты. *Шамамен, жуық, шақты, қаралы* сөздері мектеп бағдарламасында сан есіммен тіркесіп келіп, құрамына қарай *күрделі сан есім* делініп, мағынасына қарай *болжалдық* деп талданады. Мысалы: *Оның онға жуық малы бар. Шамамен алтыларда келемін. Қашан?* сұрағы қойылып, күрделі болжалдық сан есім болады.

Мақсат – шамамен сен қатарлас бала. Осындай сөйлемдерде *шамамен* сөзі қай сөз табы, қандай сөйлем мүшесі екенін анықтау да қиындық туғызады. Сөйлем мүшесі ретінде анықтауыш деп алсақ та, «шамамен сен қатарлас» деген күрделі анықтауышқа сай келмейді.

Міне, орын алған осындай мәселелерді шешу үшін «мектепте қазақ тілін функционалды семантикалық өріс негізінде оқыту дұрыс» деп топшылаймыз. Осы үлкен ұсынымызды сан-мөлшер грамматикалық категориясы арқылы түсіндіріп көрсек.

Профессор Д.Әлкебаева ұғымды ФСҚ нысаны ретінде былай түсіндіреді: «Сан-мөлшер ұғымы да – семантикалық категория. Сондықтан, функционалды грамматиканың басқа ұғымдарының ғылыми жүйелік заңдылықтары мен ұстанымдарының негізгі қағидалары басшылыққа алынды. Бұл категорияның семантикасын беруде ФСӨ және категориялық жағдаятқа тікелей тәуелді, соның нәтижесінде әр алуан тілдік құралдар осы ұғымның функциясын атқаруға жұмсалады. Сандық мөлшер функционалды семантикалық өріс аясында заттың, іс-әрекеттің, белгілерінің санын, мөлшерін анықтайтын категориялардың бірі болып саналады» [1, 81-б.].

Сан-мөлшер мағынасын білдіретін сөздерді *квантор сөздер* деп атауды ұсынып, өрістер тұрғысынан зерттеген – З.Күзекова болды. Өз мақаласында: «Квантор сөздердің семантикасы мен прагматикасы арнайы зерттеуді қажет етеді. Квантитатив құрылымы функционалды семантикалық өріс құрылымына негізделген. Функционалды семантикалық құрылым дегеніміз – «семантикалық функциясы, семантикалық белгілері бірдей, тілдің әр түрлі деңгейіндегі аталған функцияның берілуін білдіретін тілдік құралдардың тобы немесе тағы бір қырынан нақтылайтын болсақ, ФСҚ дегеніміз – тілдегі құралдар жүйесі мен оның берілуін бірге қарастыратын семантикалық «категория» [2, 47-б.].

Квантитатив немесе сан-мөлшер грамматикалық категориясы – функционалды семантикалық өріс ретінде көп орталықты құрылым, бір жағынан, бұл құрылым сан грамматикалық категориясына сүйенеді (зат есімнің), екінші жағынан, сан есімге, квантитативтік қатынастың адъективтілігі, адвербиалды көрсеткіштерге сүйенеді.

Сан-мөлшер өрісі мынадай кіші өрістерден тұрады:

1. жекелік-көптік.
2. белгілі-белгісіздік
3. даралаушы-жинақтық
4. бүтін-бөлшектік [1, 84-б.].

1. Жекелік-көптік микроөрісі. Жекелік мағына мен көптік мағына ерекшеліктері грамматикалық формалар арқылы жасалады. Заттың немесе құбылыстың санының тек біреу немесе бірнеше екенін білдіру үшін көптік жалғауын қолданамыз. Көптік жалғау семантикасы заттың санының нақты қанша екенін көрсетпесе де, белгілі бір өлшемге сай келетінін байқатады. Мысалы: *үй – үйлер, кітап – кітаптар, қыз – қыздар*. Көптік жалғаудың ерекшелігі коммуникативтік талаптарға сәйкес болады. Көптік жалғау жағдаятқа байланысты, субъектінің немесе заттың санын білдіруі мүмкін. Мысалы, *Құдайларыңды ұмытқан екенсіңдер* (М.Әуезов) сөйлемде Құдайдың көп екендігі емес, Құдайын ұмытқан адамның көп екендігі айтылады. Сол сияқты басқа тілдерде жоқ *біз, сендер, сіздер* жіктеу есімдіктері де көптік мағына жүктейді.

2. Белгілі-белгісіздік микроөрісі. Белгілі-белгісіздік өрісі өзара іштей де бөлінеді. Белгілі өріс іштей үшке бөлінеді: а) нумералдық; ә) жекелік; б) нөлдік сандар [1, 83-б.].

Нумералдық өлшемдер. Қазақ тіліндегі нумералды өлшемдер туралы Ж.Саткенова мен Б.Момынова «Қазақ тілінің морфологиясы» деген еңбегінде былай түсіндірген: «Сан есімдер сияқты жұмсалатын сөздер бар. Олар салмақ өлшемдерін, мөлшерді, уақытты, мерзімді, көлемді, аралық өлшемдерді білдіріп, сан есімдерге ұқсас қызмет атқарады, бірақ сан есімдер қатарына жатпайды. Бұлар дара және күрделі түрде келіп әр түрлі мөлшерлік мағынада қолданылады: жарым, жарты, сынар, жалқы – сын есім; адым, шақырым, батпан, қарыс, кез, сүйем – зат есімдер, қас қаққанша, қас пен көздің арасында – фразеологиялық тіркестер, мұндай сөздерді нумеративті сөздер деп атаймыз. Олардың қатарына өзге тілден енген центнер, гектар, килограмм, тонна т.б. жатады» [3, 131-б.].

Сан-мөлшер грамматикалық категориясын жасайтын нумеративтік сандар мағынасы бөлшек сандар арқылы да беріледі. Сондай-ақ *жарым-жартылай, жарты, бір әшмөшке* (орыс тіліндегі *восемьмушка* сөзінен), *ширек* сөздері де тілде жиі кездесіп, нақты сандар ұғымын береді. Мысалы: *жарты жыл, жарты өмірі зая кетті, жарты сағат, жарымжан, екі жарты бір бүтін*. Аталмыш категорияға *егіз, қос* деген мағынаны білдіретін сөздер де жатады. Мысалы: *көз, құлақ, ерін, жақ, қол, аяқ, қанат, туфли, шаңғы*.

Мөлшер категориясы ұзындық, салмақ, жылдамдық, температура өлшем бірліктерімен де беріледі. Мысалы: *кюри* физикада, *рентген* физика, *микрон* техникада қолданылады. Бұлар – көбіне техникалық ғылым салаларында қолданылатын, сол сала мамандарына түсінікті мөлшерді білдіретін тілдік бірліктер.

Әлемде арнайы бекітіліп, қолданылатын өлшем бірліктерден басқа күнделікті өмірде қолданылатын, әр халықтың танымына сай, сол сөздер арқылы қанша екені түсінікті болатын сөздер де бар. Олар: *бір шымшым, бір уыс, бір шөкім, қарыс, сүйем, бір елі, екі елі, табан*. Осы сөздерге ғалым Ә.Хасенов те назар аударған. Бұл сөздерді ғалым екі топқа бөліп қарастырған: бірінші – сан есімнің тура мағынасындағы, яғни дәл сан мағынасын білдіретін және солар арқылы жасалған сөздер: *егіз, қос, жарты, жарым, жеке, жалқы, сыңар, жалғыз, некен-саяқ* сөздердің грамматикалық және мағыналық ерекшеліктерін қарастырған. Автор сан есімнің екінші түрін іштей тағы екі түрге бөліп қарастырған:

1. абстарктілік ұғымды білдіретін тіркестер;
2. нумеративтік сөздер мен сан мағыналы есімдер [4].

Қазақ тілінде мөлшер мағынасын білдіретін фразеологиялық тіркестер де жиі кездеседі. Мысалы: *ат төбеліндей, саусақпен санарлық, төбесі көкке екі елі жетпеді, таяқ тастам жер, көзді ашып-жұмғанша, ат шаптырым жер, қасқалдақтың қанындай, теңіздегі тамшыдай* және т.б.

Қазақ-түрік тілдеріндегі нумеративті тіркестерді қарастырған О.Караджа мөлшер, өлшем бірліктерді:

- 1) салмақ;
- 2) сұйықтық;
- 3) жер көлемі, ұзындық, биіктік, қашықтық;
- 4) уақыт-мерзім;

- 5) құн, ақша;
- 6) дүркіндік;
- 7) дана;
- 8) түрлі.

Түрлі сөздер қатарына *бір ауыз сөз, том, намаз, бас, рекәт, аткүші, біржолата* деп қарастырады [5, 23-б.]. Мысалы, *Сенің салмағың шамамен бойыңа сәйкес емес. Келесі қыстақ қозы көш жерде орналасқан. Айшылық алыс жерлерден көзді ашып-жұмғанша жылдам хабар алғызды. Күніне бес уақыт намаз қаза қалдырмау керек.*

Ә) *Жекелік өріс.* Сан-мөлшер категориясын беруде қолданылатын жалқылық ұғымы да сан есімге жатпайтын сөздер арқылы жасалады. *Жалқы, жалғыз* сөздері сөйлемде *бір* санының мағынасын береді. Мысалы: *жалғыз, жапандағы жалғыз үй, жалғыз адам, жалғыздаың жары – Құдай* және т.б.

Болымсыздық есімдігі ретінде қаралатын *ешкім, ештеңе* сөздері де сандық грамматикалық мағынаға ие. Мысалы: *Ол Сәкеннен басқа ешкімді көрмейді. Ол жұмыстан басқа ештеңені уайымдамайды. Маған басқа ешкім керек емес.*

Б) *Нөлдік сандар.* Нөл – тек математикалық өлшем емес, табиғи тілде нөлдік ұғымды болымсыздық есімдіктері арқылы білдіретін құралдар бар: *ешкім, ештеңе, ешқандай*. Қазақ тілінде болымсыз мағынаны беретін туынды сын есімдер: *сусыз, сөзсіз, жаңбырсыз, бізсіз, сенсіз* және т.б. Нөлдік ұғымның микроөрісі болымсыздықты білдіретін есімдіктер мен *нөл* сөзі.

3. Даралаушы-жинақтық микроөрісі. Сан есімдердің даралық және жинақтық өрістерінің де жасалу жолдары ерекше. Даралық өріс есім сөздерден, есім сөз тіркестерінен де жасалады. Даралық және жинақтық тақырыбы қозғалып жатқанда, «бір» сөзінің аксиологиялық, мағыналық ерекшелігіне тоқталмай болмас. К.Күркебаев «бір» сөзінің танымдық ерекшелігін былайша көрсетеді: *бір үйір жылқы, бір отар қой, бір арқа отын, бір саба қымыз, бір табақ ет, бір қап ұн, бір асым ет, бір тілім нан, бір жұтым су* және т.б. Ғалымның бұлайша жіктеп бергені тіліміздегі бір сөзінің актив қолданыс екенін дәлелдейді. Мысалдарда *литр, килограмм, тонна* деген өлшем бірліктердің орнына *табақ, саба, асым, жұтым* сөздері қолданылған. Бір табақ етте нақты қанша килограмм ет болатыны есептеліп, шығарылған жоқ. Оның қажеті де жоқ, Себебі қазақ танымында бір табақ еттің қаншалық болатыны анық. Осылайша *бір* сөзінің этнолингвистикалық қыры ашылады. Жоғарыда аталған тіркестерде *бір* сөзінің орнына *екі, үш* сандарын қою логикалық тұрғыдан дұрыс. *Қонақтарға үш табақ ет тартылды, екі саба қымыз құйылды* деген қолданыстар бар болса да, *екі арқа отын, үш жұтым су* тіркестері қолданылмайды. Себебі *жұту, асу* етістіктері мен адамның дене мүшесі – арқа саналмайды. Тек бір сөзімен ғана қолданылады.

Жинақтық өрістері жіктік, өздік, сілтеу есімдіктерінен, сөз тіркестерден (*сен ғана*), (*өзім дегенде өгіз күшім бар*) т.б. Жинақтықты білдіретін квантитативтердің өрісі де белгісіз үлкен сандардың және жалқылықтың түйісуінде көрінеді. Жинақтау мәні бар қос сөздер: *киім-кешек, бала-шаға* сияқты сөздер осы өрісті құрайды. Жинақтау мәнді зат есімге *халық, отбасы, армия, полк, топ* сияқты сөздер жатады. Кейбір сөздер сөйлеу жағдаятына байланысты жинақтау мәнін де білдіреді. Мысалы: *Алма биыл жақсы гүлдеді. Егін биыл бітік берді.*

4. Бүтіндік-бөлшектік микроөріс. Қазақ тілінде мөлшер, сан, өлшем ұғымын білдіретін сөздер тек сан есімдерден ғана емес, зат есім, сын есім, есімдік, үстеулерден де жасалатынын байқадық. Бұл атаулар зат есім сөз табы шеңберінде қарастырылып, сан есімдер мен зат есімдер көбінесе тіркесіп келгенімен, аталған ерекшелік мұнда да кездеседі: *үйір* сөзі жылқы малына, *табын* сөзі сиыр малына, *отар* сөзі қой малына қатысты қолданылады. Оның үстіне қазақ тіліндегі *рет, есе, дүркін, мәрте, қайтара* мөлшер сөздері етістіктермен тіркесіп келіп, *бір рет келді, екі есе алды, үш дүркін барды, екі мәрте сұрады, төрт қайтара жазды* деген қолданыстарда дүркіндік мағынаны беретіні анық. Мысалы: *Есеней батырдың үйір-үйір жылқысы жеткілікті* (Ғ.Мүсірепов). *Ақтөбе облысында бұршақ астында қалған бір отар қой қырылып қалды* (БАҚ). *Жеті рет өліп, бір рет кес* (Мақал). *Алматы облысында жоғалған бір табын сиыр табылды* (БАҚ).

Аталмыш микроөрістерді жасау белгілі бір құралдар арқылы жүзеге асады. Микроөрістер семантикалық ядроның айналасында жүреді. Тілдегі квантитативтілікті білдіретін құралдар фонетикадан синтаксиске дейінгі тіл деңгейлерінің бәріне тән. Әрқайсысының сан категориясымен байланысы бар.

Фонетикалық деңгейде дауысты дыбыстардың созылып немесе қысқартылып айтылуы. Мысалы: *Ұза-аақ жүрдіңіз зой, Мен мұны бұ-ұұрыннан білетінмін, со-оонау кездерде бала секілді ойнайтынбыз.*

Лексикалық деңгейде белсенді қолданылатын лексикалық құралдарды айтамыз:

– *жарты-жартылай, алғашқы (бастапқы) бөлігі болатын күрделі сөздер (жарты күн), бір бөлігі т.б.*

– *сан есімнен жасалған әр түрлі сөз таптарындағы сөздер: еселеу, екі есе, т.б.*

– *өлішеу бірліктері: метр, литр*

– *анықталмаған көп немесе аз мөлшерді атайтын сөздер: шым-шымдап, бір уыстап, тамшыдай т.б. [1, 86].*

Морфологиялық деңгейде морфологиялық құралдар қолданылады:

– *есімдік-сан есімдер және олардың туындылары: нешеу, бірнешеу, барлығы, кез-келген, кейбірі, әлдекім, әлдене;*

– *сын есімдер: үлкен, кішкентай, биік, аласа, терең, ұсақ, жұқа, жалғыз, сыңар;*

– *үстеулер: арқашан, кейде, жиі, сирек, сонша, мұнша.*

Осы тұста мәселелі сұрақ туындаған. Тілімізде *мөлшер үстеулер* аталып, оқушыларға оқытып жүрген *сонша, мұнша* тілдік бірліктерді үстеу қатарынан шығару туралы ұсыныстар түскен. Бұл мәселені көтерген Маралбек Ермұхамет болды. Ол «құрылымдық грамматикада мөлшер үстеу құрамында қарастырылатын кейбір сөздер, шын мәнінде *мөлшер есім* деп аталуы керек» деген ұсыныс білдірген. Тіл бірліктерінің көпмағыналы, көпфункционалы болуы қазақ тіліне ғана тән құбылыс емес екенін айта келіп, құрылымдық грамматикадағы олқылықтардың орнын толтыру керектігін айтады. «Қазақ грамматикасында» оған «қимыл, іс-әрекет, амалдың немесе сынның көлемдік дәрежесін, мөлшерін, шама-шарқын білдіреді» деп анықтама берілген. Алайда мөлшер үстеулерінің мағыналарына терең үңіліп, оны тілдік қолданыс барысында, мәтін ішінде, функционалды грамматика қағидаттарына, сөз мағынасының парадигмалық-синтагмалық қатынастар теориясына сүйене отырып талдау жасағанда аталмыш сөздердің үстеме мағына тудырумен қатар басқа да мағыналары бар екені байқалады. Мысалы, «*қанша тіл білсең, сонша адамсың*» деген сөйлемде *қанша* сөзі сұрау есімдігі екені белгілі. Ол *бір, екі, үш* басқа да сандардың орнын ауыстырып қолданыла береді. Ал *сонша* сөзі қазіргі құрылымдық грамматикада мөлшер үстеуге жатқызылады. Осы сөздің мәніне терең үңілсек, синтаксистік қатарда *қанша* сөзімен бір деңгейде тұрып, құрмалас сөйлемді байланыстырып тұр. Айталық, бұл сөйлемді «*бес тіл білсең, бес адамсың*» деп қолдансақ, ешқандай айырмашылық көрмейміз. Ал *сонша* сөзінен кейін тұрған адамға сөзіне үстеп тұрған, үстеуіштік мағына жоқ. Тек адамның нақты сандық мөлшерінің белгісіз мәнін нұсқап тұр. Сондықтан да *қанша, сонша* сөздері – ұқсас тілдік сападағы, ұқсас мәнді сөздер. Яғни, екеуі де – есімдік. «Қазіргі кезде *мөлшер үстеу* деп танылып жүрген сөздер мөлшер мәнді есім сөздер сияқты», – деп өз болжамын ұсынады зерттеуші.

Сөйлемдерде жиі қолданылатын *мұнша, мұншалық* үстеулерін де «мөлшер мәнді есімдер» деп атауды ұсынады. Мысалы.

*Махаббат! Неткен алып, қайратты едің,
Мен сені мұншалық деп ойлап па едім.
Тұсаулап, табандатып, тағдырымды,
Қолына қара көздің байлап бердің (Т. Айбергенов), –*

деген өлең жолдарында мөлшер мәнінде қолданылып тұрған *мұншалық* сөзі – мөлшер мәнді есім. Мұнда мөлшер ұғымы – дерексіз заттық ұғым. Өлеңде махаббат дерексіз ұғым болса да,

автор адам кейпіне енгізіп, образды сөздерді қолданған. Бұл – поэзия тіліндегі сөз өткірлігін арттыру мақсатты жасалатын тәсіл [6, 60-б.]. Е. Маралбектің ұсынысы – *мұнша, мұншалық, қанша, сонша, соншалық* сөздерінің үстеуіштік мағынасы болмағандықтан, «мөлшер үстеу» деп емес, «мөлшер мәнді есім сөз» деп есімдіктің сегізінші түрі ретінде енгізу.

Синтаксистік деңгейде мөлшер мағыналы сөздердің семантикасы мен орын тәртібі арқылы көрінеді. Синтаксистік амалдардың бірі сөздердің қосарлануы не қайталануы арқылы беріледі. Мысалы: *күн артынан күн, ай артынан ай өтті, ерте, ерте, ертеде; күте, күте көзі талды; сөйлей-сөйлей шешен боласың, көре-көре көсем боласың және т.б.*

Сан-мөлшер грамматикалық категориясының функционалды грамматика негізінде функционалды семантикалық өріс теориясы бойынша қалай жіктелетінін, құралдарын анықтадық. Енді осы жіктелімді мектеп бағдарламасына енгізудің әдістемелік негіздерін ұсынсақ. Мектептегі «Қазақ тілі» оқулықтарындағы ережелер құрылымдық лингвистика принциптеріне сай жазылған. Мектеп бағдарламасында сан есімнің ережесі беріліп, құрамына, тұлғасына, мағынасына қарай түрлері берілген.

Сан есімді мағыналық түрлерге жіктегенде *есептік, реттік, жинақтық, топтау, болжалдық, бөлшектік* деп алты түрге жіктеген. *Шақты, қаралы, жуық* сөздері сан есімдермен тіркесіп келіп, болжалдық күрделі сан есімді құрайды. Сан-мөлшерлік мағынаны сан есімнен басқа да сөз таптары бере алатыны айтылмаған.

Біз мәселелерді зерттей келе, мектеп оқулықтарына қазақ тілді оқытуда өріс теориясын енгізуді ұсынамыз. Өріс теориясы тіл білімінде көптеген көзқарастармен ХХ ғасырда пайда болды. Тіл білімінде *өріс* терминін ең алғаш қолдаған Г.Ипсен болса, лексиканы семантикалық өріс арқылы зерттеудің теориялық негізін салушы – Й.Трир.

Семантикалық өріске енетін сөздерге тән белгілерді Ю.Н.Караулов былайша атап көрсетеді:

1. Өріс ішіндегі сөздер бір-бірімен жүйелі байланыста болады;
2. Өрісті құрайтын элементтердің жалпы мағынасы бірдей болып келеді;
3. Өріске біртектес және әртектес элементтер ене алады;
4. Өріс кемінде екі микроөріске бөлінеді;
5. Өріс құрамында орталық және шеткері аймақтар болады;
6. Бір өрісте орталық аймаққа жататын элемент басқа өрісте шеткі аймаққа жатуы мүмкін [7, 123-б.].

Семантикалық өрістің осындай ерекшеліктерін ескере отырып, оқулықтарда осылай берген дұрыс. Бұл өзгеріс бірден бола қоймаса анық. Мектеп бағдарламасы құрылымдық лингвистика негізінде оқушылардың жас ерекшелік психологиясын ескеріп жасалғаны анық. Бұл ақпарат оларға қиын көрінуі мүмкін. Дегенмен оқушылар мағыналық топтарын жаттап жүргенге қарағанда, ереженің мәнін түсініп, есте сақтағандары абзал. Қазіргі бағдарламадағы *негізгі, туынды, дара, күрделі сан есімдер* деген терминді қалдырып, сол тақырыпты өте берген дұрыс. Ал мағыналық топты талдағанда, сан есімді *сан-мөлшер категориясы* деп қарастырып, *өріс* деп түсіндіріп, микроөрістерін түсіндіру балаларға әлдеқайда қызық болатын еді. Оқушылар түсінігінде тек цифрлар ғана емес, *сүт қайнатым, ет пісірім, ат шаптырым* деген сөздер де сандық грамматикалық мағына береді десек, сабақтың қызық өтуінің, оқушылардың қызығушылығын арттырудың таптырмас тәсілі деуге болады.

Н.Букетова функционалды-семантикалық өріс теориясының тиімділігін былайша көрсетеді:

1. *Тұтастық;*
2. *Реттеу, ретке келтіру;*
3. *Өзара анықтау;*
4. *Шекараның еркінділігі* [8, 123-б.].

Семантикалық өріс теориясының осындай тиімді тұстарын сан есім саласында да қолдануға болады. Тіл өзгермелі құбылыс болғандықтан, субъектінің коммуникативтік талаптарына сәйкес тілдегі ережелер де уақыт тезіне сай өзгеріп отырады. Оқушыларға түсіндіргенде, әлбетте қиын терминдерді қолданбай түсіндіру керек. Өрісті түсіндіргенде

– тақтаға ядро мен өріс суретін салып, сөздерді жазып, иллюстративті тәсілді қолдануға болады;

– оқушы санасында сөздердің тобын галактикалармен ассоциация құруға болады.

Мектептегі «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндері оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттерді, адами құндылықтарлы үйрететін негізгі пән екені белгілі. Қазақ тілін де заман талаптарына сай өзгертіп, бейімдеп түсіндіруге болады. Мектеп бағдарламасында сөздің лексикалық мағынасын оқытып, оның грамматикалық мағынасы туралы сөз қозғалмайды. Ал функционалды-семантикалық өріс – сөздің лексикалық мағынасын да, грамматикалық мағынасын да тоғыстыратын тәсіл. Сан-мөлшер категориясын функционалды тұрғыда оқыту арқылы білім алушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыра аламыз.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. Оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 200 б.
2. Күзекова З. Сан есім категориясы: синтаксистік құрылымдары мен өрістері. – Алматы, 2014.
3. Момынова Б., Саткенова Ж. Қазақ тілінің морфологиясы. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 279б.
4. Хасенова А. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. – Алматы, 1957.
5. Қабылдина Л. Мөлшер, өлшем мағыналарының функционалды, семантикалық өрісі: фил. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Астана, 2007. – 117 б.
6. Маралбек Е. Мөлшер категориясының тарихи парадигмасы (лингвистикалық аспектіде): филос. докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2016.
7. Караулов Ю.Н. Общая и русская идеография. – М.: Наука, 1976. – 355 с.
8. Букетова Н.И. Реликтовая корневая морфема как языковая универсалия. – Алматы, 1994. – 296 с.
9. Дәулетбекова Ж., Қосымова Г. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра. 2017. -192б.

Муратбаева И.

кандидат филологических наук, доцент

Абдрахманова Ж.

кандидат филологических наук, старший преподаватель
КазНУ имени аль-Фараби

К ВОПРОСУ ОБ ИСПОЛЬЗОВАНИИ ПЕРЕВОДЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ НА ЛАБОРАТОРНО-ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЯХ ПО ЯЗЫКОВЫМ ДИСЦИПЛИНАМ

Как известно, переводческая работа является одним из главных способов овладения языком и одним из основных и потому часто применяемых методов обучения языку на практических занятиях в вузе. Данной теме посвящено множество исследовательских работ, в которых раскрывается суть данного вида работы с различных точек зрения. В трудах многих ученых переводческая работа рассматривается как одно из средств развития речевой культуры обучающегося, которое дает возможность на различных уровнях овладеть богатством литературного языка. Актуальность темы заключается в том, что переводческая работа в иноязычной аудитории имеет неоднозначную оценку со стороны практикующих преподавателей, вызывает споры и требует более детального ее изучения. Об актуальности и сложности данного вида работы в условиях мультилингвизма свидетельствует и необходимость учета как лингвистических, так и экстралингвистических факторов. Целью данной работы является обобщение опыта по проведению переводческой работы в русскоязычной аудитории при изучении казахского языка, формулирование собственных выводов об эффективности этого вида работы.

На занятиях казахского языка в русскоязычной аудитории переводческая работа проводится регулярно. Трудность такой работы заключается в довольно низком уровне владения русскоговорящими студентами казахским языком и ограниченным словарным запасом. Здесь можно назвать как объективные, так и субъективные причины. К объективным причинам можно отнести нехватку учителей в школах, вследствие чего зачастую не проводятся занятия, а также недостаточную методическую подготовленность учителей. Как показывает практика, на развитие коммуникативных компетенций отводится мало времени, либо такие компетенции вовсе не формируются. Кроме этого, к отрицательным моментам можно также отнести длительную подготовку к тестам по ЕНТ, когда учащиеся затрачивают время и направляют все свое внимание на решение задач, не соответствующих целям языковой подготовки в целом. Результат – в большинстве своем студенты-первокурсники не владеют устной речью, их активный словарь невелик. К субъективным факторам следует отнести отсутствие у учащегося личного интереса к изучению языка, недостаточная мотивация в изучении казахского языка по причине отсутствия языкового окружения и языковой потребности, непонимание важности знания государственного языка для успешной будущей профессиональной деятельности.

Обратимся к характеристике особенностей переводческой работы при изучении казахского языка в русскоговорящей аудитории. Переводческая работа, являясь одним из главных составляющих словарной работы и эффективным методом изучения языка, используется на всех этапах языкового обучения. Как известно, она активно применяется на начальном и среднем этапе обучения языку, а по мере увеличения словарного запаса изучающего язык и последующего повышения его языкового уровня имеет тенденцию к снижению. Хотя значение переводческой работы не уменьшается на занятиях по изучению профессионального языка, т.к. термины, терминосочетания и другие профессиональные языковые формулы и синтаксические конструкции требуют особого внимания. Опыт показывает, что не каждый студент, владеющий казахским языком на высоком уровне, умеет переводить, т.к. перевод наряду с лингвистическими знаниями требует от переводчика владения переводческими навыками. Кроме этого, качественный перевод с одного языка на другой осуществим при наличии не только языкового образования, но и знания культурных и ментальных особенностей народов и носителей языков [1, 148-с.].

Конкретная преподавательская деятельность доказывает, что умение переводить с одного языка на другой может быть качественным показателем владения обоими языками. Переводческая работа четко и ярко показывает контраст между языками, дает возможность обучающемуся глубже осознавать особенности своего родного языка или того языка, с которого он переводит. Кроме этого, этот вид работы требует больших мыслительных и энергетических затрат, т.к. в процессе перевода идет параллельное сопоставление двух, а иногда и более языков, что требует сильных эмоциональных переживаний, мыслительного напряжения и больших усилий. И лишь когда человек свободно и всесторонне владеет языками, идет плавный переход от одного языка к другому без особых усилий, хотя и здесь может возникать такая проблема, как смешение языков.

Безусловно, свободный перевод с одного языка на другой возможен только при свободном владении обоими языками, когда у обучающегося накоплен достаточно активный лексический запас, выработаны навыки грамотного употребления языка. В связи с этим переводческая работа требует тщательного изучения коннотативного и денотативного значений слов, словосочетаний, терминов и строгого контроля при переводе с одного языка на другой. Некачественный перевод слов и текстов в последующем может привести к искажению содержания текста, неуместному употреблению слов в различных ситуациях. Сравнительно-сопоставительный анализ слов показывает, что их денотативное значение в большинстве случаев может быть общим и совпадать с друг другом, тогда как коннотативное значение может быть различным и применяться в самых разных сферах. Как следует из практики, изучение денотативного и коннотативного значения слов способствует выработке языкового

чутья, формированию языковой компетенции, развитию долговременной памяти у студентов, т.к. контрастное изучение этих значений слов дает возможность глубже осознавать общие признаки и различия [2, 112-с.].

Значение наличия навыков перевода усиливается в условиях полиязычия, при котором не всегда приходится переводить с родного языка надругой, чаще бывает, что оба языка являются приобретенными, «чужими». И в этом случае ярко демонстрируется не только уровень владения языком, но и те недостатки и упущения, которые имели место быть в процессе обучения языку. Часто такие казусы возникают при омонимии, подборе синонимов, построении синтаксических конструкций. При проведении переводческой работы преподавателю следует учитывать особенности разных видов перевода. Так, прямой и обратный переводы преследуют разные цели, в связи с чем и приводят к разным результатам. Как показывает опыт, перевод на русский язык может быть использован для выявления общего понимания содержания текста, для контроля общего восприятия неизвестного материала, тогда как перевод на казахский язык помогает студентам более детально изучать значение слов, развивает навыки практического применения грамматических правил. Обратный перевод с родного языка на казахский язык требует от обучающихся наибольшей концентрации внимания, более четких осознанных целенаправленных действий при подборе значения слова либо грамматических показателей. Поэтому перевод на русский язык происходит более успешно, чем перевод на казахский язык.

Использование различных способов перевода на занятиях также будет способствовать усилению мотивации к изучению неродного языка. Выбор способа перевода: прямого или обратного перевода; перевода слов, словосочетаний, предложений или контекстуального перевода; синхронного перевода, устного или письменного перевода – зависит от целей занятия и приоритетов преподавателя [3, 48-с.]. Хотя и многократно доказывалась эффективность этого вида работы, опыт показывает, что он не всегда приносит пользу. Неэффективна переводческая работа при низком уровне владения языком: как казахским, так и русским. Невладение языковыми тонкостями и нюансами переводимого языка приводит к некорректным и вовсе непонятным переводам. Известно, что даже близкородственные языки имеют значительные различия и полны языковых противоречий, не говоря уже языках, принадлежащих к разным языковым семьям, подтверждением чему являются казахский и русский языки. Кроме того, переводческая работа не приносит результата в ситуациях незнания или непонимания культурно-этнических особенностей народа. Язык, как известно, не только передает культуру определенного этноса, но и выражает мировоззрение этого народа. Студент, переводящий текст, обязан учитывать эти моменты и, если не владеет такой информацией, вынужден также затрачивать время на его поиски. К сожалению, не всегда имеется такое количество времени на перевод во время занятий, и преподавателю необходимо заменить его другими методическими приемами. Также и со стороны обучающихся не всегда наблюдается стремление к глубокому поиску альтернативных вариантов перевода, что в итоге приводит к снижению мотивации для продолжения работы. По этой причине повторение подобных ситуаций зачастую приводит к отрицательным результатам и ошибкам.

Переводческая работа, проводимая на занятиях по языковым дисциплинам, должна быть целенаправленной, т.е. в контексте с другими методическими приемами должна быть результативной и соответствовать целям и задачам проводимого урока. Спонтанный перевод без дальнейшего анализа итогов перевода в конечном счете приводит к отрицательному результату, т.к. работа будет считаться незавершенной, неоконченной. Как правило, студент не видит конечной цели, теряет мотивацию, и не желает дальше работать, что приводит бессмысленной трате времени. Хотя в некоторых случаях спонтанный перевод может проводиться по завершении определенного модуля лексических тем, что дает возможность оценить уровень подготовки студента, степень владения им грамматических правил и словарного запаса. Как известно, спонтанный перевод проводится без использования словарей,

заранее подготовленный текст должен соответствовать по тематике ранее пройденным темам, что дает в итоге возможность объективно оценивать конечный результат [4, 13-с.].

Переводческая работа на практических занятиях, как известно, предполагает использование словаря. На сегодняшний день существует большое количество словарей, как на бумажных носителях, так и электронных либо онлайн-переводчиков. Как следует из практики, словари на бумажных носителях используется студентами все меньше и меньше, тогда как электронные словари и онлайн-переводчики пользуются большим спросом. На наш взгляд, следует проанализировать ситуацию с использованием словарей, т.к. каждый из вариантов имеет свои преимущества, так и недостатки [5, 34-с.]. Словарей на бумажных носителях насчитывается множество видов, но, как правило, студенты используют только переводные словари, предназначенные для студентов и учеников школ с общим объемом 2500-3000 слов. Такие словари, как правило, грамотно составлены, содержат слова по всем лексическим темам, изучаемых на начальном и среднем уровне и, в целом, удовлетворяют потребность студентов в переводе слов по указанным темам. Однако работа с таким словарем не всегда эффективна, т.к. на поиски нужных слов затрачивается много времени, что в условиях ограниченного времени на занятиях не допустимо. Использование данных словарей может быть полезным в условиях выполнения домашних заданий, когда ограничения во времени отсутствуют [6, 17-с.].

Электронные словари, как известно, представлены на электронных носителях, и их использование возможно только при наличии компьютеров, ноутбуков и других технических средств. По количеству слов они представлены шире и по сравнению со словарями на бумажных носителях в более выигрышном положении. Электронные словари дают возможность быстрому поиску нужных слов, словосочетаний и их переводу, что является их преимущественным достоинством [7, 6-с.]. Однако, как следует из вышеуказанного, не всегда имеется возможность использование данного вида словаря в аудиторных условиях. Как и в случае работы со словарями на бумажных носителях, использование электронных словарей имеют ограничения.

Самыми востребованными на сегодняшний день являются онлайн-переводчики. Студенты часто пользуются приложениями google-переводчиков. Характеризуя положительные стороны данных приложений, следует указать в первую очередь их мобильность, когда студент за короткий промежуток времени может перевести наибольшее количество слов и выражений [8, 68-с.]. Во-вторых, можно указать их доступность, т.к. смартфоны с выходом в internet на сегодняшний день имеется у каждого [9]. Однако отрицательных факторов, на наш взгляд, намного больше. Во-первых, сам перевод слов и выражений в большинстве случаев очень искажен, т.е. не соответствует по смыслу. Говоря другими словами, значения слов не совпадают, а также невозможно определить авторов перевода. Во-вторых, изначально идет искажение содержания текста, а иногда полная потеря его смысла. В-третьих, следует указать потерю времени выполнение такой работы, что однозначно не приемлемо в условиях аудиторной работы. Конечно, можно рекомендовать онлайн-переводчики, которые уже дополнены, грамматически выправлены, прошли апробацию. Однако, как следует из практики, работа с онлайн-переводчиками не всегда результативна, т.к. быстрый и машинальный (механический) перевод не способствуют долговременному запоминанию смысла слов и содержания текстов [8]. Как следует из анализа, работа по переводу с использованием словарей требует более тщательного подхода. На наш взгляд, комбинированное использование различных видов словарей может влиять на качество переводимого текста.

Таким образом, переводческая работа на практических занятиях по изучению неродного языка является одним из наиболее активных методов овладения языком, пополнения лексического запаса, развития языковых, в том числе переводческих навыков. Переводческая работа, проводимая на занятиях регулярно, целенаправленно, имеет свои преимущества и недостатки, но в целом, при умелой организации дает возможность не только осваивать другой

язык, но и приобретать новые знания, расширять кругозор, знакомиться с новыми реалиями действительности, формировать научное мировоззрение.

Использованная литература:

1. Аюшева Д.П. Методы и приёмы словарной работы на уроках делового русского как иностранного // Вестник БГУ. – 2010. – №15. – С. 147-151.
2. Дидактика перевода. Хрестоматия и учебные задания. Учебное пособие. Сост. В.Н. Базылев, В.Г. Красильникова. – М., 2010. – 128 с.
3. Дидактика перевода. Материалы научной конференции / под ред. проф. В.Н. Базылева. – М., 2010. – 96 с.
4. Теория и практика преподавания русского языка как иностранного. -Вроцлав, 2012. – 181 с.
5. Гарбовский Н.К. Теория перевода. Учебник. -М., 2004. – 544 с.
6. Зимняя И.А. Психологический анализ говорения как вида речевой деятельности // Методика преподавания иностранных языков в вузе. – Т. 3. – Ч. 1. – М., 1973. – С. 54-84.
7. Казакова Т.А. Практические основы перевода. – СПб.: Союз, 2001. – 320 с.
8. Латышев Л.К. Технология перевода. – М.: НВИ-Тезаурус, 2000. – 280 с.
9. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. – М., 2002. – 424 с.

Шәрібжанова Ғ.

филология ғылымдарының кандидаты

Молдабаева Қ.

Ғ. Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің аға оқытушысы

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДАҒЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

XXI ғасырда тіл саласын адам болмысы мен қызметімен тығыз байланысты психологиямен, философиямен, дінмен, тарихпен, мәдениетпен, қоғаммен және т. б. салалармен байланыстырып, кешенді зерттеу қолға алына бастады. Яғни ондағы тіл бірліктері жұмсалымдық қасиетіне қарай сипатталып, топтастырылатын болды. Сөйтіп, бүгінгі таңда функционалды тіл білімі тілді зерттеудің басты бағыттарының біріне айналды. Соның негізінде тілді басқа ғылым салаларымен, қоршаған ортамен, адамның ішкі жай-күйімен, көзқарасымен байланыстыра зерттейтін антропоэзектік бағыт қалыптаса бастады [1, 12-б.].

Постиндустриалды қоғам – экономикасында жоғары өнімді өнеркәсібі, білім индустриясы, жоғары сапалы және инновациялық қызметтердің жалпы ішкі өнімдегі үлесі жоғары, экономикалық және өзге де қызметтің барлық түрлерінде бәсекелестігі бар инновациялық сектор, сондай-ақ өнеркәсіп өндірісіне қарағанда қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін халықтың үлесі неғұрлым жоғары қоғам. Постиндустриалды қоғамның мәні – халықтың өмір сүру сапасының өсуі және білім саласын қоса алғанда, инновациялық экономиканың дамуы. Ғылыми әзірлемелер экономиканың басты қозғаушы күші – білім индустриясының негізіне айналуға. Ең құнды қасиеттер – бұл қызметкердің білім деңгейі, кәсібилігі, оқуы және шығармашылық көзқарасы.

Қазіргі қоғамға постиндустриалды әлемде болып жатқан өзгерістерге тез бейімделе алатын адамдар қажет. Қазіргі уақытта ақпараттық қоғамдағы объективті тарихи заңдылық – бұл адамның білім деңгейіне қойылатын талаптардың заңды түрде артуы. Жаңа жағдайларда техникалық ЖОО-да оқу үдерісі «өмір бойы білім беру» тұжырымдамасын іске асыруға ықпал ететін құзыреттерді дамытуға бағытталуы тиіс. Кез келген құзыреттілікті дамытудың міндетті шарты адамның функционалды сауаттылығының белгілі бір деңгейінің бастапқы болуы. Адамның функционалды сауаттылық компоненттерін игеруінің хронологиялық шекарасының кеңеюі салдарынан функционалды сауаттылық шегі үнемі жоғарылап отырады. Қазіргі уақытта жоғары оқу орны студенттерінің құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін

функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесі педагогикалық ғылым мен практикада толық шешімін таба алмады деуге болады.

Функционалдық сауаттылық халықтың және жалпы қазіргі мемлекеттің әл-ауқатымен байланысты әлеуметтік-экономикалық құбылыс болып табылады [2]. XX ғасырдың ортасынан бастап функционалдық сауаттылық проблемасы халықаралық ұйымдардың назарына түскен, 1990 жылды ЮНЕСКО Халықаралық сауаттылық жылы деп жариялады, БҰҰ 2003-2012 жылды осы ұғымды кеңінен түсіндіруде «сауаттылықтың онжылдығы» деп жариялады. Бұл мәселені алғаш рет онжылдықтың проблемасы ретінде анықтаған БҰҰ-ның негізгі тұжырымдамалық ережелеріне сәйкес, сауаттылықтың төмендігі адамдардың мүмкіндігін әлсіретеді, олардың әлеуетін шектейді, саяси және экономикалық белсенділікті азайтады.

Сауаттылық қазіргі қоғамның маңызды бөлігіне, өмірдің барлық аспектілерін байланыстыратын және қазіргі әлемде өмір сүретін адамға айналды. Қарапайым тілмен айтқанда, сауаттылық – бұл өз идеяларын жеткізу және адамдарға әсер ету мүмкіндігі [3]. Ал күнделікті өмірде «жастар қарым-қатынасы қысқартылған коммуникативтік қашықтықты, қарым-қатынастағы шынайылық пен риясыздықты, жаргон лексикасын және тіл стандарттарының грамматикалық бұрмалануын, инновациялар мен сөзжұмбақты, әңгімелесудің белгілі бір тақырыбын қамтиды. ... Бейресми қарым-қатынас жастарға тән» [4, 88-б.]. Дегенмен сауаттылық өмірдің көптеген басқа салаларында да маңызды рөл атқарады. Сауаттылық білім беру мүмкіндіктеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді, жақсы жұмыс табуға және жоғары қаржылық нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді [3; 5-б.]. Сондай-ақ функционалдық сауаттылық – адамның қоғаммен өзара қарым-қатынасы жағдайында оқу және жазу дағдыларын пайдалану қабілеті (банкте шот ресімдеу, нұсқаулықты оқу, кері байланыс сауалнамасын толтыру және т.б.), яғни бұл сауаттылық деңгейі, бұл адамға сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсуге және онда мүмкіндігінше тез бейімделуге және жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, бұған мәтіннен ақпарат алу үшін оқу және жазу дағдыларын еркін пайдалану және осындай ақпаратты нақты қарым-қатынаста, мәтіндер мен басқа хабарламалар арқылы сөйлесу мүмкіндігі кіреді. В. Хуторской атап өткендей, білім беру құзыреттеріне оқушының функционалдық сауаттылығының компоненттері кіреді, бірақ олармен ғана шектелмейді [6, 115-б.].

Қазіргі білім беру жағдайында құзыреттілікті зерттеумен айналысатын ғалымдардың теориялық және практикалық жұмыстарын талдау (А. В. Хуторский, И. А. Зимняя, О. Епишева, В. Майер, О. С. Советова, В. Н. Куницынова, В. Д. Шадрикова, Г. Ключарева, Е. И. Огарев және т. б.) қазіргі заманғы кәсіптік білім берудің қажетті құрамдас бөлігі болып табылатын, пәндік, пәнаралық, интегративті білім, білік, дағдылар мен функционалдық мәселелерді шешу тәсілдерінің жиынтығын білдіретін, білім алушылардың ақпаратты қабылдау, түрлендіру, типтік оқу және кәсіби міндеттерді шешу, сондай-ақ қоғаммен өзара іс-қимыл жасау үдерістерімен байланысты қызмет барысында қолданатын білім деңгейі ретінде жоғары оқу орны студентінің функционалдық сауаттылығын қарастыру контекстінде келесі тұжырымға келуге болады: функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөліктері көбінесе оқу-танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік (әлеуметтік-еңбек) құзыреттілік компоненті ретінде қарастырылады.

Коммуникативтік құзыреттілік – басқа адамдармен қарым-қатынас жасау қабілеті (А. В. Хуторской, О. Епишева, В. Майер), өзін көрсете білу, хат, сауалнама, өтініш жазу, сұрақ қою, пікірталас жүргізу (А. В. Хуторской), жұмыс нәтижелерін көпшілік алдында сөйлеп, ұсына білу (оның ішінде «презентацияның» сүйемелдеуімен), өз сөздерінің мағынасын басқаларға түсінікті етіп жеткізу (сөйлеу дағдылары) (О. Епишева, В. Майер) жазбаша ақпаратпен жұмыс істей білу, ақпаратты оқу және талдау (О. Епишева, В. Майер). Әлеуметтік құзыреттілік (әлеуметтік және еңбек құзыреттілігі) – мәлімдемелердің орындылығы, жазбаша сөйлеудегі қиындықтардың болмауы, ақпаратты түсіндірудің өзгермелілігі (В. Н. Куницына), ана тілінде және шет тілдерінде ауызша және жазбаша түрде сөйлесу (И. А. Зимняя), қарым-қатынастағы нормалар мен шектеулерді білу, қарым-қатынас саласындағы әдет-ғұрыптар, дәстүрлер,

этикет, әдептілікті сақтау, тәрбиелеу (В. Н. Куницына, И. А. Зимняя), еңбек және азаматтық қарым-қатынас этикасы (А. В. Хуторский), еңбек нарығындағы мінез-құлықты қамтитын экономикалық идеялар (В. Д. Шадриков), әртүрлі әлеуметтік ортаға тән коммуникативті құралдардағы бағдарлау (В. Н. Куницына), әлеуметтік-еңбек саласындағы білім мен тәжірибе (тұтынушының, сатып алушының, клиенттің, өндірушінің құқықтары) (А. В. Хуторский), қазіргі қоғамдағы өмір үшін ең аз қажетті әлеуметтік белсенділік және функционалдық сауаттылық дағдылары (А. В. Хуторский), ақпаратты қабылдау, сақтау, өңдеу, тарату және түрлендіру (кітапханалық каталогтар, ақпараттық жүйелер, интернет, электрондық пошта) (И. А. Зимняя, В. Д. Шадриков), жүйелік пәнаралық, құрылымдалған білімге, көптеген көп деңгейлі дағдыларға, оларды практикада қолдану бойынша өзін өзі реттейтін, мысалы, жобалау, диагностикалау, зерттеу, есептеу, құрастыру дағдыларына негізделген іс-әрекеттің құрамдас бөлігі (И. А. Зимняя), пайдалану іскерліктері (В. Д. Шадриков).

«Функционалдық сауаттылық» және «құзыреттілік» деген өзара байланысты екі ұғымды қарастыра отырып, техникалық жоғары оқу орны студенттерінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үдерісінде қандай құзыреттілік жетекші (негізгі) болуы мүмкін екендігіне қатысты зерттеушілер арасында бірыңғай пікір жоқ. Бірақ қаралған әрбір құзыреттіліктің функционалдық сауаттылықтың белгілі бір компоненттері бар екені анық, бұл ретте құзыреттіліктің әртүрлі түрлерінде функционалдық сауаттылықтың ұқсас компоненттерінің болуы сияқты фактіні ерекше атап өту қажет [7]. Оқу кезеңіндегі оқу іс-әрекетінің сәттілігі болашақта маманның кәсіби қызметінің тиімділігін анықтайды, сондықтан өмірде өзін-өзі жүзеге асырудың жоғары деңгейіне қол жеткізеді [8]. Демек, оқу-танымдық құзыреттілікті дамытудың негізі ретінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру қазіргі уақытта жоғары білім берудің өзекті мәселелерінің біріне айналууда.

Бүгінгі таңда ЖОО-да қазақ тілі, кәсіби қазақ тілдері бойынша білім беру академиялық мақсаттармен шектелмейді, оған күнделікті өмір мен жұмысқа байланысты функционалды және операциялық мақсаттар кіруі керек. Қазіргі лингвистиканың басты ерекшелігі – тіл иесінің қолданысындағы тілдің жүйелік және құрылымдық жағына емес, қатынас құралы ретіндегі қызметіне бағытталуымен сипатталады. Осымен байланысты қазақ тіл білімінде де тілдік қатысымның субъектісіне баса назар аударылып, тілдің нақты қарым-қатынас жағдайындағы жұмсалымын адресанттың ойы мен адресатқа қарым-қатынасын жеткізуші экспрессивті құралдар жүйесін және коммуникацияны тіл арқылы өзара әрекеттесу тәсілі ретінде қарастыратын ғылым ретінде прагматикаға қызығушылықтың артуы байқалады [1, б-б.]. Нордин Абд. Разак пен Марлина Джамалдың пайымдауынша Оқу сауаттылығы көбінесе негізгі дағды ретінде түсініледі және ол білім алу мен жеке дамудың ең функционалды құралы ретінде танылады. Ол – ақпарат алу құралы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың еңбек өнімділігі мен білімді меңгерудегі кейбір олқы тұстарының көрсеткіші [8].

Функционалды мақсаттарды шешу бойынша оқу үдерісінде студенттер келесі міндеттерді жасауы тиіс:

- әртүрлі типтегі мәтіндерді (ақпараттық және қолданбалы сипаттағы, әдеби мәтіндер) саналы түрде оқу, есту арқылы қабылдау, сондай-ақ шығару;
- әртүрлі көздерден ақпарат ала білу;
- БАҚ пен интернеттен ақпаратты табуды, сыни бағалауды үйрену;
- дереккөздерді қолдана білу, оларға сілтеме жасау;
- кестелерді, диаграммаларды, шартты белгілерді оқи білу, оларды өз мәтіндерін дайындауда қолдана білу.

Функционалдық сауаттылықтың болуы туралы біз көбінесе оның болмауына тап болғанда ғана білеміз. Функционалды сауатсыздық жағдай, өмір салты немесе кәсіби қызмет түрі өзгерген кезде өзін көрсетеді. Көбінесе адамның өзі үшін жаңа технологиялармен қақтығысы жағдайында анықталады. Сонымен, адам сұлбаларды, нұсқаулықтарды талдай алмайды, кез келген құрылғыны, мысалы, ұтқыр телефонды, банкоматты және т. б. пайдалана алмайды.

Қоғамда өз іс-әрекетін сәтті жүзеге асыру үшін сабақта проблемалық жағдайларды шешуге, функционалды сауаттылық дамуына ықпал ететін тапсырмалар жасауға мүмкіндік беру керек.

Дүниетанымы жаңа, өз дамуының және жалпы қоғам дамуының болашағын көре алатын құзыретті кадрлардың болуы қазіргі қоғамның тиімді дамуының негізгі факторы болып табылады. ХХІ ғасырдың білім беру жүйесі қатаң прагматизмге бағынып, мамандықты кәсіби бағыттап оқытуға қарай жақындауда. Қазір мемлекетіміз био және нанотехнологиялар, ғарыштық және ақпараттық-коммуникациялық, энергетика мен жылуэнергетика салаларының жоғары білікті мамандарына мұқтаж болып отырған жағдайда және «Үш тұғырлы тіл» мәдени жобасын жүзеге асыру мақсатында орыс және шетел тілдерімен қатар мемлекеттік тілді де кәсіби тілі ретінде оқытып, мемлекеттік тілді толыққанды игерген тілдік тұлғаны дайындау басты міндеттердің бірі болып табылады. Бениати Лестярины, Дви Хантс Раюдың пікірінше функционалды сауаттылық құзыреттілігін адамның қоғамдағы әлеуметтік өмірдің әр түрлі функцияларын жүзеге асыруда, сонымен қатар күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі мәселелерді басынан өткеру, олармен күресу және шешудегі қабілетінің көрінісі ретінде қарастыруға болады. Бұл құзыреттілік адамнан объектіні жазбаша немесе іс-әрекеттер түрде түсіндірумен қатар объектінің құрылымын да түсіндіре алуы талап етеді Себебі функционалды сауаттылық құзыреттілігі әлеуметтік-мәдени өмірінің «ережелерін» дұрыс түсінуді қажет етеді [9].

Осыған байланысты тілдерді кәсіби бағыттап үйрету білім беру жүйесін жаңартудағы басым бағыттардың бірі болып танылуда және техникалық жоғары оқу орындары студенттерінің нақты кәсіби, іскерлік, ғылыми салалар мен жағдайларда мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасау қабілетін қалыптастыру өзекті болып отыр. Л.Изза, М.С. Хадидың пайымдауынша оқу теориясы тек декодтау және ақпарат алумен ғана шектелмейді деп айтуға болады. Қазіргі уақытта оқу контексін әлеуметтік-кәсіби, әлеуметтік-танымдық және әлеуметтік-мәдени бағытта қарастырған неғұрлым тиімді болмақ [10]. Осы міндетті шешу мақсатында кәсіби тілді меңгерту үшін университетімізде «Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша техникалық мамандықтарда оқитын студенттерге арналған бірнеше оқу құралы құрастырылды. Оқу құралдарының басты мақсаты – студенттердің ғылыми және кәсіби салада ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасауы үшін қажетті тілдік дағдыларын кешенді түрде жетілдіру, цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастыру, қазақ тілін кәсіби қызметтерінің әртүрлі салаларында, ғылыми және практикалық жұмыстарында пайдалануына және өз бетімен білім алуға мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыретке ие болуын қамтамасыз ету, салыстырмалы аспектіде арнайы лексика мен терминологияны ұсыну, кәсіби аударма дағдыларын қалыптастыру.

Оқу құралында негізгі қалыптасқан құрылымдарды ұстана отырып, студенттер өз мамандығына сәйкес осы салада кездесетін ғылыми-техникалық мәтіндерді тереңірек түсіне алып, ауызша және жазбаша кәсіби-іскери бағытта қолдана алуы керек. Мамандыққа қатысты мәтіндер, коммуникативтік қарым-қатынасқа түсуге арналған дидактикалық жаттығулар, кәсіби-іскерлік сөйлеу құзыреттілігін дамытуға арналған тапсырмалар беріледі. Шығармашылық тапсырмалар мен іскерлік ойын түріндегі тапсырмаларды орындау барысында білім алушылар креативті ойлау қабілетін дамыту, кәсіби қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру, ауызша және жазбаша ғылыми қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырумен қатар желі этикетін меңгеру мүмкіндіктеріне қол жеткізе алады. Термин, терминжасам жолдары және аударма, оның түрлері жайлы теориялық білімдеріне негізделген, мамандықтарына қатысты қазақшадан орысшаға аударуға арналған және мәтіндермен жұмысты қарастыратын түрлі сипаттағы тапсырмалар келтірілген.

Сөздіктермен, салалық сөздіктермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, лексикалық, синтаксистік оралымдарды танып, дұрыс аударма білу дағдыларын меңгерту, техникалық мәтіндерді қазақшадан орысшаға және орысшадан қазақшаға аудару тәсілдерін нақты мәтіндер үлгісін қолдана отырып игертудің тиімді жақтары қарастырылады. Тапсырмалар Блум таксономиясы принципі бойынша таным мен ойлаудың деңгейлеріне байланысты

құрастырылған: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау және бағалау. Олар білім алушылардың құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін проблемалық жағдайларды шешуге бағытталған.

Оқу сауаттылығын бағалау оның келесі бес аспектісін ескеруі керек, оны игеру мәтінді толық түсінуді көрсетеді:

- мәтін мазмұнындағы жалпы бағдар және оның тұтас мағынасын түсіну;
- ақпаратты анықтау;
- мәтінді түсіндіру;
- мәтін мазмұны бойынша рефлексия;
- мәтін формасы бойынша рефлексия (ауызша немесе жазбаша).

Рефлексия – өз жұмысына талдау жасау. Рефлексиялық мәдениеті қалыптасқан адам өзінің тұлғалық және кәсіби стереотиптерін шығармашылықпен өзгерте алады. Бұл – өзіндік сана, өзін өзі ұйымдастыру, өзін өзі талдау, өзін өзі іске қосу, өзін өзі бағалау сияқты кәсіби мәнді сапалармен сипатталады. Өзін өзі дамытумен қатар индивидтің жан мен тән үйлесіміне сәйкес өз ойын жинақтау қабілетін бейнелейтін рефлексия ұғымы пайда болды (Р. Декарт, Д. Локк). Жаңа дәуір философиялық идеялары «өзіндік» және «мен» ұғымдарына бағытталады. Жаңа құндылық – адамның өзіндік «мен» құндылығы пайда болды. Рефлексия – адамды, білімді дамытудың шарттарының бірі. Соңдықтан бұл қазіргі кездегі білім саласындағы көкейтесті мәселелер қатарына жатады. Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, білімінің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтау. Рефлексивтік іс-әрекет білім алушыға өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады. Білімді саналы түрде өзіндік қорыту, яғни рефлексия нәтижесінде ғана жүзеге асады. Рефлексия нәтижесі дегеніміз – міндеттерді шешу тәсілдерін түсіну. Рефлексияның қай түрі болмасын мақсатпен тікелей байланысты.

Мәтіннің мазмұны мен формасын бағалау бойынша рефлексияда төмендегідей жұмыс түрлері жүргізіледі:

- мәтін мазмұнын өз пікірімен салыстыру;
- мәтін ақпаратын өз тәжірибесімен байланыстыру;
- мәтін кейіпкерлерінің әрекеттерін (әрекеттерін) бағалау;
- бұрын белгілі болған ақпарат және мәтіннен алынған мәліметтер негізінде өз көзқарасын негіздеу;
- өз білімі мен құндылықтар жүйесін ескере отырып, мәтіндегі мәлімдемелерді бағалау;
- иллюстрациялардың мақсатын, рөлін анықтау;
- мәтін кейіпкерлерінің мінез-құлқын (іс-әрекетін), оқиғалар тізбегін «болжау»;
- ондағы ақпаратқа сүйене отырып, мәтіннен тыс оқиғаларды «болжау»;
- мәтіннің жанры мен стилін анықтау;
- сөйлеу түрін анықтау (сипаттау, баяндау, пайымдау);
- көркем экспрессивтілік құралдарын табу және олардың функцияларын анықтау.

Мәтінді толық түсіну әр аспект бойынша білім алушының құзыреттілігінің белгілі бір деңгейін қамтиды. Бұл деңгей тапсырмаларды орындау үшін сұрақтар мен нұсқаулардың көмегімен анықталады. Сонымен қатар, сабақтың грамматикалық тақырыбына байланысты өзгертуге болатын грамматикалық тапсырмалар бар. Мария Мартениз Лироланың пікірінше студенттер жоғарыда сипатталған дағдылар мен қатар әр түрлі деңгейдегі мәтіндердің құрылымынан хабардар болып, талдау жасауға қабілетті болулары керек. Мысалы: тақырып / рема үлгілері; ақпарат құрылымы (берілген / жаңа). Талдаудың ұсынылған түрлері мәтіндердегі тақырыптардың әсерін және мәтіндегі ақпаратты жүйелеу үшін тақырыптық прогрестің маңыздылығын зерттеу мүмкіндігін ұсынады. Студенттер номинализацияны жазбаша тілде абстрактілі және техникалық терминдерді құрудың және мәтіндердегі ақпаратты жинақтаудың маңызды ресурсы ретінде оқуы керек [11]. Осылайша, қазіргі жағдайда функционалдық сауаттылық компоненттерін игеру процесі өмір бойы дерлік жалғасуда. «Функционалдық сауаттылық» ұғымы педагогикалық ғылымда қарастырылып отырған мәселенің маңызын анықтайтын құзыреттілік тәсіл аясында қарастырылады.

Студенттердің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру болашақ инженерлердің оқу-танымдық құзыреттілігін одан әрі дамыту үшін негіз болып табылады [6].

Қорыта келгенде, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – логикалық ойлау қабілеттерін дамытудың үйлесімді жолы. Олай болса, функционалдық сауаттылық білім алушының белгілі ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және білім, білік дағдыларының жиынтығы. Ол тек білім мен білік әлемі берудің жолы ғана емес, ұлттық әлеуметтік дамуының өлшемі.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Аккузова А. Антропоэзектік парадигма: көркем мәтіннің коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті (Д. Исабеков шығармаларының негізінде): филос. докт. (PhD) ... дис. – Алматы, 2020. – 164 б.
2. Тангян С. А. «Новая грамотность» в развитых странах // Советская педагогика. – 1990. – № 1. – С. 3-17.
3. Literacy and the New Work Order, National Institute of Adult Continuing Education. – London, 1998, P. 1-8.
4. Бекжанова Ж. Функционально-прагматические особенности молодежного дискурса: дис. ... д-ра филос. (PhD). – Алматы, 2016. -196 с.
5. Daniel Boothby, Literacy Skills, Occupational Assignment and the Returns to Over- and Under-Education, Statistics Canada and HRDC. – January, 2002.
6. Хуторской А. В. Дидактическая эвристика. Теория и технология креативного обучения. – М.: Изд-во МГУ, 2003. – 416 с.
7. Фролова П. И. Формирование функциональной грамотности как основа развития учебно-познавательной компетентности студентов технического вуза в процессе изучения гуманитарных дисциплин: монография. – Омск: СибАДИ, 2012. – 196 с.
8. Marcia Jane Ganasan, Nordin Abd. Razak, and Marlina Jamal. Malaysian high schoolers' reading literacy performance: Trends and patterns across states. – Indonesian journal of applied linguistics. – Vol. 10. – №1, May 2020. – P. 161-172
9. Burhan Nurgiyantoro, Beniati Lestiyarini, Dwi Hanti Rahayu. Mapping junior high school students' functional literacy competence. – Cakrawala Pendidikan. – Vol. 39. -№3. – October 2020
10. Izzah L., & Hadi, M. S. (2018). Systemic Functional Genre on Students' Reading Literacy. English Language in Focus (ELIF), 1(1), 35-44
11. Maria Marteniz Lirola. The importance of teaching Systemic Functional

Рахман Н.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
2-курс магистранты

ШЕТ ТІЛДІ МЕНГЕРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИСКУРСЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

Бүгінгі таңда тіл білімінде де, тілді оқыту, яғни әдістеме саласында да антропоэзектік бағыттағы зерттеулер қарқынды дамып келеді. Себебі тілді үйретуде білім алушыларға жалаң ережелерді ғана жаттатпай, сол тілдің ерекшелігін прагматикалық тұрғыдан түсіндіре білу қажет. Тілді үйретуде оқушының ережелерді меңгеріп қана қоймай, дұрыс сөйлей білуіне, норманы сақтай білуіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Себебі сөздерді қатесіз оқып, ережелерді білгенмен, оқушы қарым-қатынас жасай алмайтын болса, ойын дұрыс жеткізе алмайтын болса, үйретуші өз мақсатына жете алмайды. Ахмет Байтұрсынұлы тілді халықтың дүниетанымын, болмысын танытатын құрал ретінде бейнелей отырып, қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалаған еңбектерін «Тіл – құрал» деп атаған. Әрі оның себебін былай деп көрсетеді: «Тіл – құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қиысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп бір өте үлкен машина секілді құрал. Қандай құрал болса да, оны жұмсаушысы екі түрлі болмақ. Біреуі құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Екіншісі олардың бәрін білмей-ақ құралдың жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жұмсау әдісін үйреніп алып жұмсаушы. Ішкі бөлшектері мен тетіктерін бұл таныс құралды жұмсап

жүріп, онымен көп істес болып барып, тәжірибе арқылы таниды. Солай танығаннан кейін ананың да, мынаның да құрал жұмсауы, оны тануы бірдей сияқты болып шығады. Бірақ асылында олай болмайды. Мәселен: машина бөлшектері жасалған заттардың қасиеттерін, олар үйлесуінен шығатын тетік заңдарының жайын жақсы білетін жұмсаушының машина тануы мен тек өз тәжірибесі арқылы машинамен танысқан адамның машина тануы – екеуі бірдей болмайды. Машина жүрісінде кемшілік біліне бастаса, оның неден екенін анау бірден білгенде, мынау тіпті білмеуі мүмкін.

Жалпақ жұрттың құрал тұтынуы көбінесе екінші жолды болады. Тігін машиналарын, пішен, егін машиналарын қолданушылар солардың ішкі, сыртқы бөлшектерін, тетіктерін біліп отырып жұмсамайды, жүргізетін, тоқтататын сияқты жұмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін біліп қана жұмсайды. Бұлардың да машина біліп алатындары болады, бірақ оны құрал жұмсау жүзінде көп тәжірибе көргеннен кейін білінеді» [1].

Яғни шет тілді оқытуда тіл мен сөйлеуді (язык и речь) ажырата білуіміз қажет. Мақсат – тілдегі заңдылықтарды ғана түсіндіру емес, сол тілдің өзге тілдерден ерекшелігін, дұрыс сөйлей білу заңдылықтарын, тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білу тетіктерін түсіндіре білуіміз қажет. Ғалым Ә.Хасенов: «Тіл дегеніміз – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау, пікір алысу құралы болса, **сөйлеу** дегеніміз – сол тілді қарым-қатынас жасау, пікір алысу құралын пайдалана білудің әртүрлі амалдары мен жолдары, тәсілдері», – деп анықтама бере отырып, әрқайсысының ерекшеліктерін көрсетеді: «Сөйлеудің екі жағы бар: сөйлеу процесінің нақ өзі және сөйлеу іс-әрекеті процесінде жасалынған нәтиже, яғни сөйлемдер, мәтіндер. Сөйлеу екі түрлі формада: ішкі және сыртқы формада жүзеге асады. Сөйлеу ауызша түрде жүзеге асырылғанда, оны айтумен, екінші біреудің қабылдауы бір мезетте болады, ал жазбаша түрде сөйлеудің ғұмыры аса ұзақ. Тіл – бірліктер жүйесі. Тілдегі қалыптасқан белгілі бір жүйе арқылы адам өзінің алуан түрлі ойын сөйлеу арқылы басқаларға жеткізеді [2, 5-6.].

Оқыту барысында мұғалімге (оқытушыға/лекторға) қойылатын талап көп:

- материалдың ақпараттық-танымдылығының жоғары болуы;
- айтылғандарды мысалдармен дәйектей алуы;
- баяндалып отырған мәселенің көзделетін басты мақсатқа негізделуі;
- материалдың методикалық тұрғыдан қамтылуы;
- көрнекілік (аудио және визуалды) құралдарын пайдалануы;
- баяндауда бірізділік қағидатының сақталуы;
- оқытушының баяндауда шығармашылық қабілетін қолдана білуі [3, 67-6.].

Яғни шет тілді оқытуда прагматикаға ерекше мән беріп, дискурс – педагогикалық дискурсқа ерекше мән беру қажет. «Дискурс» сөзі француз тілінен енген, яғни «discours» «сөйлеу» дегенді білдіреді. «Дискурс» мәселесі П.Сериот, Р.Бартес, Д.Шиффрин, Л.Васильев, М.Бахтин, В.Карасик, Н.Арутюнова, Э.Бенвенист, Т.Дейк, Е.Кубрякова, В.Демьянков, О.Иссерс, З.Ахметжанова, З.Ерназарова, Х.Ордабекова, Қ.Мұхамеди, Г.Смағұлова, К.Күркебаев, Ә.Жұмағұлова т.б. зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде сипатталған. Н.Д. Арутюнова: «Дискурс (франц. discours – сөйлеу) – экстралингвистік-прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және т.б. факторлармен байланыстырылған мәтін, оқиғалық аспектіде алынған мәтін; адамдардың өзара әрекетіне, сана механизмдеріне (когнитивтік процестерге) қатысатын компонент, мақсатты әлеуметтік әрекет ретінде қарастырылатын сөз. Дискурс – «өмірге қаныққан» сөз [4, 136-137-б.] деген анықтама берсе, Т.М.Николаева: «Дискурс – мәтін лингвистикасындағы көп мағыналы термин, әртүрлі авторлар оны өзара омонимдес деуге болатын, ұқсас мәндерде қолданады. Соның ішіндегі ең маңыздылары ретінде мыналарды атауға болады: 1) байланысты мәтін; 2) мәтіннің ауызекі сөйлеу формасы; 3) диалог; 4) мән-мағынасы бойынша өзара байланысты сөйленімдер (айтылымдар) тобы; 5) ауызша немесе жазбаша берілген сөйлеу туындысы» [5, 467-б.].

Г. Смағұлова, К. Күркебаев, Ә. Жұмағұлова «Шешендік сөздердің дискурсы» атты еңбектерінде аталған дискурс пен мәтінді өзара салыстырып, бірнеше ерекшелігін көрсетеді [6, 16-б.]:

Дискурс	Мәтін
қарым-қатынас акустикалық тұрғыда жүзеге асырылады;	қарым-қатынас визуалды түрде жүзеге асырылады;
қарым-қатынас тілдік және тілдік емес амалдар арқылы жүзеге асырылады;	қалыпқа түскен сөйлеу әрекеті;
қарым-қатынасқа түсушілердің бір-бірімен жеке түрде сөйлесе алу мүмкіндігі болады;	қарым-қатынасқа түсушілердің арасында жекелеген байланыс болмайды;
қарым-қатынастың жүзеге асуы мен оны қабылдау бір мезетте, кеңістік пен уақыт жағдайында жүзеге асырылады;	қарым-қатынастың тууы мен оны қабылдау әр кезеңде, түрлі кеңістік пен уақыт жағдайында жүзеге асырыла береді;
дискурс белгілі бір уақыт аралығында өтеді;	қарым-қатынастың жүзеге асуында жанды байланыс жоқ;
қарым-қатынастың жүзеге асуы үнемі екі адамның (сөйлесуші мен тыңдаушы) бетпе-бет, кезек-кезек алмасып отыруы, жанды байланыс арқылы жүзеге асырылады;	мәтін – когнитивтік әрекеттің жемісі;
дискурста ағымдылық сипат тән, ол коммуниканттар арасындағы үздіксіз үдеріс.	мәтін – тілдік материалдың статикалық қалпы, көрсеткіші;

Педагогикалық дискурстың жанрлық түрлері ретінде сабақ, дәріс, семинар, емтихан, мұғалім мен оқушының диалогы, мұғалімнің түсіндіруі, оқу-педагогикалық диалог, түрлі тақырыптардағы нұсқаулықтар, т.б. жатады. Педагогикалық дискурс жүзеге асуы үшін коммуникативтік стратегия мен тактикалар қолданылады. **Стратегия** (көне грек. *Стратηγία*, «әскербасы өнері») – белгілі бір мақсатқа қол жеткізуге бағытталған қарым-қатынастың түрлерін пайдалану бағыты. Коммуникативтік стратегия – белгілі бір тілдік құралдар арқылы берілетін коммуникативтік мақсат пен міндеттерге жетуге бағытталған сөйлеу әрекеті. **Тактика** (көне грек. *такτικός*) – стратегияны жүзеге асыру құралы, стратегияның негізгі мақсатына тәуелді. Ал коммуникативтік тактика стратегияны жүзеге асыру үшін қолданылатын құрал. Осыған байланысты Б.Н.Головин: «Стремление (коммуникативное намерение) говорящего, его задача и сверхзадача, – то, к чему он идет в своей речи, чего он пытается достичь посредством нее. Это может реализоваться или нет – в зависимости от того, насколько его речь целесообразна, то есть соответствует ситуации, ее условиям и особенностям. Можно говорить и о таком атрибуте речи, как ее эффективность. Речь эффективна и целесообразна, если поставленная цель (пусть даже она не прозвучала, а может, и специально была изменена) достигнута во всей ее полноте. Это возможно лишь в том случае, если осуществилось главное условие продуктивного взаимодействия – понимание, то есть речь оказалась ясной и точной. Диалог не возможен и без таких качеств речи, как логичность, чистота, краткость, действенность, выразительность» [7], – дейді.

Педагогикалық дискурста Г.Грайс принципіндегі 4 постулатты да ескеру қажет:

1. сан максимасы (қажетті ақпараттың мөлшерін қатаң сақтау, мөлшерден артық не кем болмауы);
2. сапа максимасы (анық көзі жеткен шындық айтылуы, жалған мәліметтерге жүгінбеу);
3. тақырыптан ауытқымау (сөз болып отырған мәселенің мән-жайына қанық болып, осы төңіректе ой қозғау);
4. сөйлеу мәнерінің максимасы (ойды айқын жеткізу, көпсөзділіктен, ойының дүдәмал, сенімсіз болуынан қашып, шешендік өнерінің, тіл мәдениетінің қағидаларын басшылыққа алуы, сөйлемдерінің логикалық байланысы айқын, нақты, сөйлемдері қысқа болуы) [8, 43-б.].

Сөйлеу стратегиялары ынтымақты және қақтығысты болып бөлінеді. Ынтымақты стратегияларға ниеттестіктен туындайтын хабарлау және түсіндіру диалогтарының түрлі типтері (ақпаратты хабарлау, ақиқат жайлардың күйін анықтау және т.б.) жатса, қақтығысты стратегияларға сөйлеу қатынасының ережелерін бұзу негізінде жасалған ымырасыз диалогтар, (мысалы, ұрыс-керіс, дау-дамай, қоқан-лоққы, агрессияның көрінуі және т.б.) кіреді. Белгілі ғалым О.Иссерс өзінің «Коммуникативные стратегии и тактики» атты еңбегінде стратегияны

когнитивтік және лингвистикалық тұрғыдан қарастыру керектігін ескертіп, коммуникативті стратегияларды шартты түрде **негізгі** (семантикалық, когнитивтік) және **көмекші** деп бөледі. Көмекші стратегиялардың өзін іштей прагматикалық, диалогқа негізделген және риторикалық деп жіктейді [9, 106-б.]. Ал Н.Ипполитова О.Иссерстің ойын дамыта келе, педагогикалық дискурста қолданылатын басты үш стратегияны атап айтады, олар: *ақпараттық, императивті және коммуникативті-реттеуіштік* стратегиялар. Ғалымның айтуынша, аталмыш стратегиялар оқытушының сабақтағы әрекетіне қойылатын педагогикалық талаптардан туындайды. Осылайша, мұғалім жаңа материалды білім алушыларға меңгерту кезінде көбінесе ақпараттық; сабақ сұрау, өтілгенді қорытындылау, бекіту кезінде императивті стратегияны; ал коммуникативті-реттеуіштік стратегияны сабақтың ұйымдастырушылық кезеңдерінде қолдана алады. Сонымен қатар Н.Ипполитова педагогикалық дискурстағы императивті стратегияны доминант стратегия ретінде көрсетеді [10, 13-б.].

Қазіргі кезде қазақ тіл білімінде коммуникативтік тактиканың *абырой, беделді алға тарту, коммуникантты өзімсіну (интимизация) және фактілерді қарама-қарсы қою* секілді үш түрі жиі айтылып жүр [3, 67-б.].

Зерттеушілер педагогикалық дискурста қатысушылар арасында айқын теңсіздік болатынын ескертеді. Яғни манипулятивтік ұстанымды басшылыққа алған мұғалім оқушыларға өзінің көзқарасын, ұстанымын таңып, мәтінде баяндалатын оқиғаларға қатысты оқырман көзқарасын қалыптастыруды мақсат етеді. Сол арқылы берілген мәтіндегі ақпаратты оқушылардың дұрыс қабылдауына ықпал етіп, сабақта көзделген мақсатқа қол жеткізуге ұмтылады.

Педагогикалық дискурстың негізгі қызметі: 1) гносеологиялық (пәндік, мәдени, әлеуметтік т.б. білімдерді алуы); 2) коммуникативтік-реттеуіштік (мақсатқа жету үшін қолданатын стратегия мен тактикалар); 3) коммуникативтік-тәрбиелілік (білім алушының тұлға ретінде қалыптасуы) [3, 73-б.]. Ж.Дүйсебекова педагогикалық дискурста қолданылатын коммуникативтік стратегиялар мен тактикалардың қолданысын былайша сипаттайды:

Педагогикалық дискурс тактикалары	Императивті стратегия	Ақпараттық стратегия	Коммуникативті-реттеуіштік стратегия
1. тілдік қарым-қатынас құру тактикасы	жоқ	жоқ	иә
2. тілдік қарым-қатынасты қолдау тактикасы	иә	иә	иә
3. жұмысқа ынталандыру тактикасы	иә	иә	иә
4. зейінді шоғырландыру тактикасы	иә	иә	иә
5. физикалық белсенділікті арттыру тактикасы	иә	иә	иә
6. сыни тұрғыдан ойлауды дамыту тактикасы	иә	иә	жоқ
7. бағалауыштық тактика	иә	иә	иә

Сонымен, шет тілді оқыту барысында оқушылардың жас ерекшелігін, психологиясын ескере отырып, оқытылатын тілді оқушылардың ана тілімен салғастыра түсіндіру арқылы ғаламның тілдік бейнесі, тілдік тұлға, ұлттық діл, концептосфера, мәдени-ұлттық құндылық т.с.с. категориялар туралы да ақпарат берілуі тиіс. Себебі тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың мәдени коды, бірден-бір белгісі. Сонда ғана оқушының пәнге деген қызығушылығы артып, өз бетінше ізденетін болады.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2017. – 740 б.
2. Хасенов Ә. Тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері. – Алматы: Мектеп, 1985. – 152 б.
3. Дүйсебекова Ж. Ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын меңгерту арқылы филолог-студенттердің сөз мәдениетін қалыптастыру әдістемесі: филос. докторы (PhD) ... дис. – Қаскелең, 2019
4. Арутюнова Н.Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – С.136- 137.
5. Николаева Т.М. Лингвистика текста. Современное состояние и перспективы // Новое в зарубежной лингвистике. – Вып. 8: Лингвистика текста. – М., 1978. – 479 с.

6. Смағұлова Г., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы. Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 169 б.
7. Ерсұлтанова Г. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға: филос. докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2021. – 182 б.
8. Грайс Г.П. Логика и речевое общение //Новое в зарубежной лингвистике. – Выпуск XVI. Лингвистическая прагматика. – М., 1985. – С.42-49.
9. Иссерс О. С. Речевое воздействие. Учебное пособие. – 6-е изд. – М.: Флинта, 2020. -240 с.
10. Ипполитова Н. Педагогическая риторика. – М., 2001. – 293 с.

Мұханбетқали А.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің
2-курс магистранты

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ ҰҒЫМДАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазақ елінің бүгінгі таңдағы басты мақсаты – дамыған отыз елдің қатарына қосылу. Бұл мақсатқа қол жеткізудің төте жолы – қай салада болса да, қазақтың материалдық, рухани байлықтарын әлемге танытуға әрекет жасау. Білім беруде этномәдени тілдік бірліктер, ұғымдар, деректер арқылы оқыту, қазақ тілін үйрету барысындағы оның маңыздылығы зор. Тұңғыш Президентіміз Н. Назарбаев ұлттық код хақында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Бірақ ұлттық кодыңды сақтаймын деп бойындағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық», – деп жазды [1].

Мәдениетті тілсіз оқып-үйрену, байыптау мүмкін емес. Тіл арқылы ұлттың қазіргі менталитетін, байырғы тілдік ұжымның қоғамға деген көзқарасын, сана-сезімін айқындауға болады. Мұндайда әсіресе фразеологизмдер, метафора, мақал-мәтел, символ т.б. тілдік таңбаларға, олардың мазмұнындағы ақпараттарға сүйенеміз. Профессор Н.Уәлидің пікіріне көз жүгіртсек, белгілі бір тілдік таңбада екі түрлі мағына (білім) кодқа салынуы, соған сәйкес екі түрлі код болуы мүмкін. Біріншісі – тілдік код, екіншісі – мәдени код. Тілдік таңбалардың мәдени семантикасын зерттеуде осы екі түрлі мәнділікті ажырата білу қажет [2]. Қай оқу орындарында болмасын түрлі сала мамандарын даярлау барысында қазақ тілін оқыту мәселесі маңызды орынға ие болуы керек. Өйткені бүгінгі білім алушы – ертеңгі маман. Олар келешекте елімізде қазақ тілінің әр саладағы білім, ғылымының дамуына тікелей өз үлестерін қосулары керек. Қазақ тілін оқытуда тіл дамытуды жалпы мақсат етіп қойсақ, сонымен бірге қазақ тілін оның сөздік қорында сақталған тілдік бірліктері арқылы қазақ халқын танып-білуге бағыттап оқытуды дамытқанымыз жөн. Студенттерді түрлі этномәдени лексикамен таныстырып, оларға профессор Н.Уәлидің ұсынған тілдік бірліктердің тілдік коды мен мәдени кодына талдау жасауды үйретуге болады. Мұндай өздері жасаған талдаулар арқылы студенттер қазақ халқының танымы, психологиясы, мінезі, талғамы туралы түсініктерін терендетеді. Ұлттық-мәдени лексиканың қалыптасуына әсер еткен экстралингвистикалық факторларды анықтап, оларға талдау жасау нәтижесінде студенттер ұлттық лексиканың сол ұлт туралы ақпарат бере алатынын, оған қалай талдау жасаудың жолдарын біліп шығады.

Қазақ тілін оқытуда оның сөздік қорында жинақталған этномәдени мұраны деңгей бойынша бейімдеп, оларды студентке ұлттық құндылықтар мен ұлттың тарихи даму кезеңдерін танытатын құрал ретінде қабылдауын үйлестіру қажет. Профессор Анар Салқынбай «Ұлттық код ең алдымен, тілде, сосын дәстүріміз бен салтымызды, мінезімізді айқындайтын ділде, ұлттық мәдениетте», – деп, тілдің ұлттық коды сақтаудағы маңыздылығы туралы пікір білдірді [3]. Қазіргі таңда ұлттық код мәселесі үлкен маңызға ие. Ұлттық код дегеніміз не, оған нені жатқызуға болады деген сияқты пікірлер қызу талқылануда, оған зиялы

қауым өкілдері, түрлі сала мамандары өз көзқарастарын білдіруде. Ұлттық код тілмен тікелей байланыста қаралатыны айтпаса да түсінікті. Ұлттық кодты сақтаудағы тілдің алатын орны айрықша. Тілімізде ұлттық сананы, ұлттың болмысын, танымын, салт-дәстүрін танытатын этномәдени ұғымдарымыз жетерлік. «Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, тіл – ұлттың мәдени коды» [2]. Профессор Н.Уәлидің осы пікірінен қазақ тілін оқытуда коммуникативтік құзыреттілікті дамыту мақсатымен қатар тілдің кумулятивтік қызметін ескеруіміз қажеттігін түсінуге болады.

Тәуелсіздік алған жылдан бастап жан-жақты жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанда этномәдени білім беру мен осы саланы зерттейтін ғылым қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық-теориялық негіздері қалыптасты. Елімізде оқушыларға этностық-мәдени білім берудің әдіснамалық, теориялық және практикалық мәселелерін шешуде Елбасымыз Н.Назарбаевтың өкімімен мақұлданған «Қазақстан Республикасында мәдени-этникалық білім беру» тұжырымдамасының маңызы зор болды. Атап айтар болсақ, Н.Уәли, Ж.Манкеева, Р.Шойбеков, т.б. ғалымдардың қазақ халқының этномәдени лексикасын зерттеуге арнаған еңбектерін де негізге алсақ, қазақ тілінің мәдени лексикасын меңгерудегі студенттердің академиялық білімінің өсуіне берер ықпалы едәуір болатыны анық. Қай халықтың болса да, қоршаған ортадағы қажеттіліктерге байланысты санасындағы ойы, ұғымы тілі арқылы жарыққа шығатыны қазіргі тіл білімінде антропоцентрилік бағыт арқылы дәлелденуде. Антропоцентристік бағыт тіл білімінде кейіннен қалыптасқан, жаңа бағыт болып табылады. Профессор Е.Жанпейісов: «Тіл – этностың ең тұрақты, ең бір басы ашық негізгі көрсеткіші. Ал тұрақтылығы бұған қарағанда осалдау, өзгеруге бейім территориялық бірлік, экономикалық-шаруашылық және мәдениет тұтастығы т.б. этностың қосалқы белгілеріне жатады. Демек, тіл тағдыры мен этнос тағдыры қашанда бір-бірімен тығыз байланысты» [4, 7-б.], – дейді. Бұл пікір ойымызды қуаттай түседі.

С.Қалиевтің «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы» [5] еңбегінде көне заманнан бергі көрнекті ойшылдардың еңбектеріне сүйене отырып, тәлім-тәрбиенің ұлттық сипаты, қазақ этнопедагогикасының туып, қалыптасу тарихы туралы айтылады. Еңбектің «Этностар мәдениетін зерттеудің ғылыми методологиялық негіздері және қазақ этносы тәлімі тарихының даму кезеңдері» атты бірінші тарауында этнопедагогика, этнолингвистика, этнос ұғымдарына сараптамалық түсініктер берген. Халық тәлімінің тарихи кезеңдерін алғашқы қауымдық құрылыстан бастап бүгінгі күнге дейін дамуын 8-ге бөліп көрсетіп берген. Қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық теориялық мәселелерін терең қарастырған ғалым – К.Қожахметова. Бұл зерттеулер автордың «Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика», «Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика», т.б. еңбектерінде жан-жақты келтірілген. Ғалым «Қазақ этнопедагогикасы (әдіснамалық аспект)» оқу құралында этнопедагогиканың бағыттау негізі – педагогиканың әдіснамасы екенін анық көрсетеді. Этнос теориясының этнопедагогика мазмұнын терминологиялық негіздеудегі мәнін ашады. Этнопсихологияның этнопедагогикадағы және этнос ерекшеліктерін танудағы орны, этнопедагогикалық дүниетанымдағы этникалық философияның мәні мен маңызы, этнопедагогиканың мазмұнын анықтаудағы мәдениет теориясының орны, т.б. мәселелер қарастырылған.

С.Ұзақбаева қазақ этнопедагогикасының ғылыми-теориялық, әдіснамалық негіздерін қалаушылардың бірі. Ғалым өз зерттеуінде халықтық педагогиканы халық бұқарасы білімінің, іскерліктері мен дағдыларының жиынтығы ретінде мектептегі оқу-тәрбие процесінің әдіснамалық негізі тұрғысынан қарастырған. Олардың негізінде ұрпақтан ұрпаққа ауысып, рухани бай жеке адамды тәрбиелеуге мүмкіндік беретін белгілі бір әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қалыптасқандығын тұжырымдайды. «Ұлттық психология» және «Дәуір тынысы: қазақ ұлтының психологиясы» атты монографиясында философия ғылымдарының докторы, профессор Н.Елікбаев қазақ халқының ұлттық психологиясының қалыптасуы мен заңдылықтары, оның өзіндік табиғаты, құрылымы, тарихы мен әлеуметтік мәдени негіздері туралы ой өрбітеді. Сонымен бірге, тарихи сана мен ұлттық мәдениет – ұлт рухының өзегі,

қазақстандық патриотизм мен ұлттық тәрбие – рухани топтасудың тірек екені, Қазақстан Республикасында этникалық қарым-қатынас мәдениеті мен келісімін жетілдіру арналары анықталады.

Қазіргі таңда этнопедагогика жеке оқу ретінде әдіснамалық, теориялық және практикалық жағынан негізделіп отыр. Одан соң білім стандарттары жасалып, бағдарламалары әзірленіп, оқулықтары жазылды. Ол жеке оқу пәні ретінде оқу орындарына ендірілді. Бұл мәселені жан-жақты зерттеген ғалым Ш.Джанзақованың «Этнопедагогиканы жеке пән ретінде құрудың ғылыми негіздері» атты ғылыми еңбегінде философия мен ғылым әдіснамасындағы ғылыми және оқу пәндері арақатынасының әдіснамалық негіздерін анықтаған, этнопедагогиканың ғылыми пәндік моделі компоненттерінің мазмұны нақтыланған, жеке оқу пәні мәртебесіндегі этнопедагогиканың болжамдық моделі қарастырылған, этнопедагогиканың құрылымдық-мазмұндық-қызметтік компоненттерінің сипаттамасын береді.

1990 жылдардың басынан бастап қазақ этнопедагогикасы зерттеу ерекшеліктеріне байланысты жеке салалар бойынша: қазақ этнопедагогикасының ғылыми-методологиялық және теориялық негіздері, қазақ этнопедагогикасындағы ұлттық тәлім-тәрбие мәселелері, қазақ этнопедагогикасының тарихы, халық педагогикасындағы экологиялық тәрбие халық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие, қазақ этнопедагогикасы материалдарын мектеп практикасына ендіру, қазақ халқының этномәдени мұралары негізінде ұлттық тәрбие беру халық педагогикасындағы дене тәрбиесі, шет елдердегі қазақ диаспораларындағы ұлттық тәрбие мәселелері, халық педагогикасы материалдары негізінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру, жоғарғы және арнаулы оқу орындарындағы студент жастарға қазақ этнопедагогикасы мұралары негізінде білім мен тәрбие беру мәселелері, халық педагогикасындағы патриоттық тәрбие, халық педагогикасындағы адамгершілік тәрбиесі және басқа ғалымдардың зерттеулері қазақ этнопедагогикасының ғылыми саласының күрделілігін айқындады.

Н.Сәрсембаев қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерінің негізгі компоненттеріне жататын әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері жөнінде зерттеу жүргізді. Оның ойынша ұлттың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі – талай ғасырлардан бері қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген өмір сүру мен тұрмыс әрекеттерінің ережелері болмақ. Оның қалыптасуы – адамдар арасындағы қарым-қатынас пен өзара ынтымақтастықтың кепілі. Ол әдет-ғұрып жөнінде: «Обычай есть исторически сложившиеся, более или менее устойчивые нормы общественных отношений людей, их образа жизни и быта, которые передаются от поколения к поколению и охраняются силой общественного мнения..», – деп, ал салт-дәстүр жөнінде «Традиции – это исторически сложившиеся устойчивые и наиболее обобщенные нормы общественных отношений, передаваемые из поколения в поколение и охраняемые силой общественного мнения» деген тұжырымдары арқылы екі атаудың ерекшеліктеріне анықтама береді.

Этнопедагогика ғылымының бүгінгі таңда қоғам қажеттіліктерінен туындаған басқа ғылым саласы сияқты өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Оның қажеттілігі мен өзектілігі жайлы аталмыш сала бойынша өткізілген ғылыми-практикалық конференциялар материалдары мен зерттеушілердің еңбектері дәлелдейді. Көптеген ғалымдар Г. Волковтың «Этнопедагогика – это совокупность и взаимозависимость целей, задач, путей и средств воспитания и обучения, педагогических навыков и приемов, принимаемых трудящимися в целях привития личности, качеств желательных народу» деген тұжырымына сүйенетіні байқалады. Бұл жөнінде Қ.Жарықбаевтың «Этнопедагогика – ұлттар мен ұлыстардың атадан балаға мирас болып қалған, тәлім-тәрбиелік тәжірибелерінің: дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып, тағы басқа қыры мен сыры туралы ғылым» деген тұжырымы да көптеген ғалымдардың зерттеулерінде көрініс табуда.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. – 2017. 26 сәуір.

2. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.
3. Салқынбай А. Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды (qamshy.kz)
4. Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. – 1994, 20 қаңтар.
5. Қалиев С. Қазақ этнопедагогикасының тарихы (кеңестік дәуір: 1920-1990). -Алматы.: Білім, 1999. – 160 б.

Кенжесары А.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистранты

ОТАНДЫҚ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Білім беру қоғамның дамуына әсер ететін ең алғашқы алғышарттардың бірі екені айқын. Осы тұста еліміздегі білім беру саласының іргетасы мықты болуы қажет. Соңғы бес жылдықта білім беру саласында айтарлықтай өзгерістер болып, сол өзгерістер жаңа көзқарастар мен бет-бұрыстар қалыптастыруымызға ықпалын тигізді. Аталған өзгерістер еліміздің территориясында ғана емес, дүниежүзілік ауқымда жүріп жатқанына куәміз. Осы өзгерістер бойынша білім беру мекемелерінде (мектептер, колледждер, жоғарғы оқу орындары, т.б.), онымен қоса тұтас алғандағы еліміздің білім беру жүйесіне тың жаңалықтар келіп жатыр. Бұл бастамалардың барлығы білім алушылар үшін сапалы әрі жайлы оқу процесіне қол жеткізуге бағытталған.

«Инновация» термині латынның *inovati* (жаңалық енгізу) сөзінен шыққан. Ғалымдар инновация ұғымын екі мәнде қарастырады. Алғашқылары инновацияны «тұтас бір жүйе» деп есептесе, енді біреулері инновацияны «жаңашылдық» деп танып жүр. Айтылған анықтамалардың қай-қайсысы болмасын өзіндік негізге ие. Білім беру саласындағы инновация үш аспект тұрғысынан қарастырылады: *әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық*. Жаңа инновациялық технологияларды қарастырып, талдағанда аталған аспектілердің үдесінен шығу керек. Жаһандану үрдісінен артта қалмау үшін озық инновациялық технологияларды пайдаланып, сол арқылы білім беру сапасын арттыру және дамыту қажет. Білім беру саласындағы инновация осы тұста шешуші рөл атқарады. Себебі білімді ұрпақ мызғымас болашақтың іргетасын қалайды. «Мутация – түрлердің өмір сүруіне жағдай жасайтын биологиялық процесс. Түрлер осы өзгерісі ақылы ортада тіршілік етуін жалғастыра алады. Инновация болса дәл осы мутация процесін есімізге салады» [1]. Сондықтан инновация мен инновациялық технологияларды білім беру жүйесінің одан әрі дамуына әсер ететін негізгі құрал ретінде қарастыра аламыз. Адамзат меңгерген қай кәсіп түрі болмасын, әр уақытта жаңашылдақты қажет етеді.

Бүгінде біз білім беруді талдай отырып, инновациялық технологиялар осы үдерістің айырылмас бөлшегіне айналғанына көз жеткізе аламыз. Оған дәлел – білім алушылардың қашықтықтан немесе онлайн білім алып жатқандығы. Осы тұста техникалар (ноутбуктар, ұялы телефондар, интербелсенді тақталар, планшеттер) және технологиялық жүйелер (оқытуды онлайн басқару жүйесі, kundelik.kz, әр түрлі платформалар) маңызды рөл атқарады. Мектептерде ең алғаш интербелсенді тақталар, презентациялар, сабақтардың аудиожазба нұсқалары пайда болғанда оқыту үдерісіне жаңашылдық алып келумен қатар оқушылар мен студенттердің де білім алуға деген мотивациясын оятқаны анық. Араға көп жыл салмай-ақ онлайн оқыту, қашықтықтан оқыту, виртуалды зертханалар пайда бола бастады. Қазір білім алушылар өздеріне қажетті ақпаратты еш қиындықсыз электронды кітапханалардан таба алады. Бұл атқарылған жұмыстың барлығы білім сапасын арттыру мен ұстаздардың еңбек өнімділігін ұлғайту мақсатында жүзеге асырылып жатыр.

Қазіргі уақыттағы білім беру саласына енді еніп келе жатқан озық инновациялық технологияларға тоқтала өтсек.

1. Виртуалды шындық технологиясы (VR) осы сәттің өзінде танымал технологияға айналып жатқанын байқаймыз. Бұл технология бойынша адам бақылаушы ғана емес, процеске

қатысушы да бола алады. Сол арқылы білім алушылар виртуалды зертханаларда тәжірибе жасай алады. Аудиторияда қол жеткізе алмайтын практикалық жұмыстармен айналысуға мүмкіндік туады.

2. Жасанды интеллект және машиналық оқыту. Жасанды интеллект технологиянық барлық деңгейінде қолданылады. Жасанды интеллект пәндерді бағалап, жетілдіруді қажет ететін салалар бойынша кері байланыс беру сияқты негізгі әрекеттерді автоматтандыру үшін қолданылады. Сонымен қатар оқушылардың, әсіресе ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқуын жақсарту үшін де қолданылады. Ал машиналық оқытудың арқасында, оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеретін бейімдеу бағдарламалары жасалады. Жасанды интеллект орнатылған репититорлар білім алушыларға әртүрлі пәндерді оқыту мақсатында ойлап табылған.

3. Бұлтты есептеу. Білім беру ресурстарын бұлтты есептеу технологиясының арқасында әлемнің кез келген нүктесінен қол жеткізуге болады. Жазу тапсырмалары, аудиосабақтар, бейнежазбалар мен бейнетапсырмалар сияқты маңызды ресурстарды мектептің бұлт терминалында сақтауға болады. Білім алушылар бұл ақпараттарға үйден шықпай-ақ қол жеткізе алады. Бұл технологияның көмегімен оқушылар өздерімен бірге ауыр кітаптарды да алып жүрмей-ақ, онлайн түрде оқуға мүмкіндіктері болады.

Интернетке қол жеткізу – білім беру саласындағы технологиялық инновацияларды енгізуді жеңілдеткен фактордың бірі. Бұның көмегімен идеялар тез таралады және адамдар білім беруде технологияны қолданудың ең жақсы әдістерін зерттей алады. Ең ұтымды деген жаңалықтарды оқу процесіне енгізуге мүмкіндігіміз туды. Осы тұста инновациялық технологиялар тек адамның мүмкіндіктерін кеңейту үшін, білім сапасын арттыру үшін қызмет ететінін айта кеткеніміз жөн. Ескеретін жайт – ешбір озық технология білікті ұстаздың орнын алмастыра алмайды. Технологияны білімге интеграциялау адам факторын ескере отырып қана сәтті бола алады.

Қорыта келе, Қазақстандағы білім беру жүйесін, білім алушылар үшін сапалы оқу нәтижесін қамтамасыз етуге көмектесетін жаңалықтарды қажет етеді. Осылайша, тиімді білім беру технологияларын қолдана отырып, біз бұл құралдарды осы салаға кең көлемде енгізуіміз қажет. Осы тұста инновациялық технологиялармен жұмыс жасау, оны оқыту процесіне енгізу педагогикаға негізделген берік теорияларды қажет етеді. Жаңа технологияларды білім беру жүйесіне енгізгенде алдымен олардың тиімді қолдану мүмкіндігін, күтілетін нәтижелерін ескеруіміз қажет. Содан кейін ғана табысты білім беру тәжірибесін жоспарлай аламыз. Аталған іс-әрекеттердің барлығы өнімді болуы үшін білім беру қоғамның бірлесіп атқаратын жұмысына негізделуі қажет.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Хоффман А. и Хольжутер Дж. Эволюция высшего образования: инновации как естественный отбор //Хоффман А. и Спангель С. Инновации в высшем образовании: зажигаая искру успеха., Американский совет по образованию, Rowman & Littlefield Publishers Inc. – Лэнхэм, Мэриленд. – 3-15-с.

2. Сердюки П. *Модель дистанционного высшего образования: полностью автоматизирована или частично люди?* // Обзор образовательных технологий. Международный журнал по проблемам и применению образовательных технологий. – Vol. 9. – №1. – 15-25-с.

Бекмырза Қ.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
1-курс магистранты

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕ ЕСІМДІКТІ КОММУНИКАТИВТІК-КОГНИТИВТІК ТҰРҒЫДАН ОҚИТУ

Қазіргі қазақ тіл білімі әлемдік лингвистикада орын алып жатқан өзгерістерден тыс қалмай дамып келе жатыр. Тілді динамикалық құбылыс ретінде қарастыру, оның қоршаған әлеммен әрі адамдық факторлармен сабақтастығын зерттеу – қазіргі қазақ лингвистикасының сипаты. Құрылымдық лингвистикада уақыт өте қол үзіп, тіл табиғатын адам болмысымен сабақтастыра қарастыру тіл теориясында дүдәмалдық тудырып жүрген сұрақтарға жауап беруде негіз болып жүр. Тілдегі қалыптасқан ғылыми ережелер мен емлеге ғылыми негізделген өзгерістер енгізіп қана қоймай, өзгерістің дұрыс екеніне көз жеткізіп, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан жүйелеп, мектеп бағдарламасына енгізу де – тілді тек қалыптасқан мызғымас жүйе емес, адам болмысына, санасына, тілдік субъективтілікке бағынатын жүйе екенін мойындап, қолдану.

Қазақ тіл білімінде коммуникативтік және когнитивтік лингвистиканың даму тарихы ХХ ғасырдың I жартысынан басталған. Сол кезден бастап зерттеу еңбектері, мақалалар жазылды. Дегенмен аталмыш принциптермен оқыту мектеп бағдарламасына ене қоймады. Бұл – әрине, лезде шешімін табатын әрекет емес. Мақаламызда осы ұстанымдар бойынша есімдіктерді қалай оқыту керектегін зерделеп, талдаймыз.

Коммуникативтік лингвистика – нақты адамдардың ақпарат алмасу үдерісінде тіл бірліктері мен ережелерінің өзара әрекеттесуін шынайы қарым- қатынас кезіндегі барлық факторды есепке ала отырып зерттейтін сала. Ондай факторларға ниет, пиғыл, жағдаят (ситуация), адамдардың мінез-құлқы, көзқарасы, сөз саптауы, вербалды немесе вербалды емес әдістерді қолдануы жатады. Осы коммуникативті лингвистика аясында соңғы уақыттарда маңызы артып келе жатқан *тілдік қатынас* ұғымын қарастырамыз. Осы тұста Ф.Оразбаева мен Р.Рахметова «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты еңбегінде: «Тілдік қатынас – сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым- қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді», – дейді [1, 12-б.].


Күнделікті адамдар өмірде тек тіл арқылы ғана түсініспейді. Ишарат, белгі, жесттермен де жағдаятқа байланысты бір-бірімен ұғынысып, хабар алмасып жатады. Осындай бейвербалды қарым-қатынас та коммуникативтік лингвистика шегінде қарастырылады. Мысалы: *Ты – холоп! – дейді Петр саусағын шошайтып. Саусақ емес, найза сияқты. Ораз Мұхаммедтің жүрегі зу ете түсті* [2, 266-б.]. М.Мағауиннің «Аласапыран» романынан үзіндіде коммуникативтік жағдаятқа байланысты вербалды және бейвербалды құралдар қолданылған. Автор Петрдің мінез-құлқын беруде *холоп* сөзін және саусақ шошайту әрекетін пайдаланған. Осындай автордың коммуникативтік талаптарына сай өзгерістерді *тілдік қатынас негізіндегі коммуникация* дейміз.

Тілдік қатынас – тілсіз қатынастан әлдеқайда күрделі әрі бөлек. Тіл білімі – адамдардың қарым-қатынас құралы тіл туралы және сол қарым-қатынасқа негіз болатын тілдік қатынас туралы ғылым [1,14-б.]. Қатынастың тілдік түрінің ерекше әрі күрделі екенін түсіндік. Қазір тілімізде *адресат* және *адресант* деп атап жүрген сөйлеуші мен тыңдаушы коммуникацияда *баяншы, хабар, қабылдаушы* ретінде қарастырылады. Коммуникативті лингвистика жаңа тілді үйренуде өте жиі қолданылады. Тіл игеруде коммуникативті- когнитивті тәсіл деп аталып, коммуникация когниция қосылып қолданылады. Қазақстан Республикасы орта білім берудің мемлекеттік стандарттарында коммуникативті дағдылар бөлімінде айтылым, оқылым, тыңдалым, жазылым бөлімдері туралы айтылған және мектеп бағдарламасында белсенді

қолданысқа ие. Ағылшын, орыс және басқа тілдерді осы пункттер арқылы үйрену, орта құру, таным негізде оқу үлкен нәтижеге әкелуде.

Ф.Оразбаева оқу құралында мынадай кесте келтіреді:

1-кесте



Кестеден байқағанымыздай, тілдік қатынас ауызша және жазбаша болып бөлініп, құралдары әртүрлі болады [1, 21]. Бұл мәселе коммуникативті лингвистикада дискурс тақырыбында да қарастырылады. Коммуникативтік лингвистика шеңберінде қаралатын *коммуникативтік тәсіл* дегеніміз – айтушы мен қабылдаушылардың коммуникативтік талаптарына сәйкес, тілдік және тілдік емес бірліктердің қолданылу ерекшелігі. Мектеп бағдарламасында тек орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды түсіндірумен шектелеміз. Осы олқылық та – құрылымдық лингвистиканың нәтижесі.

Когнитивтік лингвистика – антропоэзеттік парадигма негізінде пайда болып, құлаш жая бастаған тіл білімінің жаңа саласы. «Когнитивтік лингвистик сана, ойлау, білім және білімнің табиғаты мен мәнін, ақиқат дүниенің санада қабылдауының нәтижесін, адамдардың танымдық қызметін, белгілі бір білімнің адам санасында жинақталып, ой елегінен өтіп, байыпталып, ақпараттық жүйеге түскен білімін қалыптастырады» [3, 42-б.].

Ғ.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі» бойынша, когнитивтік тіл білімі (лат. *cognito* – білім, түсінік) – табиғи тілді сана әрекетінің көрінісі, ойдың тікелей шындығы ретінде зерттейтін тіл білімінің саласы. Когнитивті тіл білімі табиғи тілдің игерілуін, қолданылу механизмін түсіндіруді және соған лайық оның моделін жасауды мақсат етеді. Ол үшін ниет, ес, еске сақтау, түсінік, жоспарлау, басқару сияқты сөйлеуге қатысты тілдік, психологиялық, физиологиялық т.б. ақпараттардың басын біріктіретін когнитивтік категориялар пайдаланылады. Когнитивті тіл білімі тілдің көмегімен ақпараттың берілу, сақталу тәсілдері мен құрылымы жайында түсінікті кеңейтеді және машиналық аударма, ақпараттық ізденіс, есептеу жүйесімен т.б. байланысты бірқатар қолданбалы міндеттерді шешуге мүмкіндік береді [4, 154-б.].

Тіл ғалымдарының тарапынан осындай әр түрлі пікірге, көзқарасқа ие болып келе жатқан когнитивтік лингвистика – біздің көтеріп отырған тақырыбымыздың да негізгі іргесі. Коммуникативті-когнитивті тәсілдің не екеніне көз жеткізу үшін коммуникативтік лингвистика мен когнитивтік лингвистиканы қарастыру керек. Когнитивтік лингвистика саласы төмендегі мәселелерді қарастырады:

- тілдік білімнің табиғатын; тілдік таңба арқылы берілген өзге де білімнің түрлері мен типтерін; тілдік таңбадан білімді «ала білудің» тетігін; яғни, интерпретация жасау (когнитивтік семантика мен прагматика);

- тілдік таңбаның игерілуі мен қолданылуын; тілдік таңбалардың пайда болуы мен дамуы.

- тілдік таңба мен мәдени реалийлердің арақатынасы т.б. мәселелерді айқындау тілдік коммуникацияның астарында жатқан тетіктері туралы түсінікті тереңдете түседі [3, 48-б.].


Демек, бұл тәсіл арқылы біз есімдіктерді тек ана тілдің бірінші қызметі қарым-қатынас қызметін атқаратын сөздер тобы ретінде ғана емес, адамның санасында орын алатын, белгілі бір мәдени реалийге тән, логикалық, танымдық, тәрбиелік қасиеті бар тілдік бірлік ретінде қарастырамыз. «Есімдік» жай ғана есім сөздердің орнына қолданылатын сөз табы» деп топшылаудың қате екенін осы тұста байқаймыз. «Есімдіктер қалай танымдық, символикалық

қызмет атқара алады?» деген сұрақ туындауы әбден мүмкін. Бұл турасында сөздердің танымдық қызметі жөнінде ғалым, лингвист Ж.Манкеева былайша ой өрбітеді: «1) қоғамдық тәжірибеге негізделу, яғни дәстүр жалғастығы, танымның қазыналық сипаты; 2) таным модельдерінің символикалық түрлері, яғни тілдің қызметі- ақпарат беру емес, бейнелеуге мүмкіншілік жасау... Басқаша айтқанда, тіл арқылы бейнелілік пен дүниедегі шындықты субъективті түрде, яғни символдар арқылы беру; 3) таным модельдерінің жүйелі сипаты, сабақтастығы, яғни ол таным моделінің құрылымдарының тұтасуы» [5, 41-б.]. Байқағанымыздай, құрылымдық лингвистикада «тілдің басты қызметі қарым-қатынас», – десек, когнитивті лингвистика «тілдің басты қызметі – бейнелеуге мүмкіншілік жасау», – деп қорытады екен. Бұл психологиядағы ассоциация теориясына жақын.

Соңғы кездері тілді үйренуде ассоциация теориясы кеңінен қолданылып жүр. Себебі адамдарға қабылдайтын ақпарат қаншалық көп әрі ауқымды болған сайын қызығушылық төмендей береді. Ассоциация әдісі тілді тез әрі қызық үйренуге мүмкіндік береді. Мысалы, орыс тілді аудитория «перде» деген қазақ сөзін жақсы естерінде сақтайды. Әр адамда ассоциация әртүрлі қалыптасады. Когнитивтік аспект тілді осы тұстарынан қарастырады.

Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектебіне арналған қазақ тілі оқулықтарында «Есімдік» тақырыбы 4-сыныптан бастап кездеседі. Мектеп оқушысы психологиялық ерекшелігіне сәйкес «Сөз таптары» тақырыбы орта сыныптарда толықтай игеріліп, жоғары сыныптарда қажеттілік болса қайталап өтіп, тест сұрақтарында кездеседі.

Жалпы орта білім беретін мектептің 6 – сыныбына арналған Әрінова Б., Раева Г., Кәрімова Г., Жүмекенова Л. авторлар ұжымы жазып, жарық көрген оқулықта «Есімдік» тақырыбы «Тілдік бағдар» айдарында ережесі, мысалдарда былайша көрсетілген [6, 104]:



1- сурет

Суретте көрсетілгендей, есімдіктерді құрылымдық лингвистика бойынша тұлғасына қарай *негізгі, туынды* және құрамына қарай *дара, күрделі* болып бөлген. Қазақ тіліндегі ереже бойынша барлық сөз табы осылайша жіктеледі. Сонан соң мағыналық топтарына ойысамыз. Әрине, құрылымдық лингвистикадан біржола қол ұзу мүмкін емес. Сол үшін *негізгі, туынды, дара, күрделі* деген терминдердің лингвистикадан алыстауына көп уақыт керек сықылды. Ал, мағыналық түрлерін жіктеуде бірнеше келіспейтін тұстарымыз бар. «Есімдік» деген сөз табының пайда болуы турасында Б.Момынова: «Зат есімнің, сан есімнің, сын есімнің, үстеудің есімдік түрлері бола алатындығы арнайы көрсетілген. Есімдік жеке сөз табы ретінде қарастырылмайды. Мысалы, есімдіктен болған зат есімдерге *мен, сен, кім, әлдекім* т.б. жатқызылса, есімдіктен болған сын есімге *әлдеқандай, сондай* т.б. сөздер жатқызылады. Бір арнайы сөз табы деп қарастырып жүрген кейбір сөз таптары өзге бір сөз таптарының жасалу жолына айналып кеткен. Мұндай көзқарастардың ұшығын Ә.Төлеуовтің кейбір пікірлерінен

байқайтынымыз рас, өйткені зерттеуші есімдіктердің зат немесе сын текті болатындығына тоқталады» [7, 43-б.].

Мектеп бағдарламасында 7-сынып оқулығында да «Есімдік» тақырыбы берілген. Оқулықта қазақ тіліндегі 4 жалғауға түсінік берген. Жіктік жалғауына мынадай анықтама берілген: «Жіктік жалғауы адамға қатысты зат есімдерге ғана жалғанып, жіктеу есімдіктерімен тіркеседі, үш жақта жіктеледі: *мен ұшқышып, сен агрономсың, сіз дәрігерсіз, біз оқушымыз, сіздер мұғалімсіздер*», – дей келе: «Жіктік жалғаулары көбінесе етістіктерге жалғанып, іс-қимылдың қай шақта өтіп жатқандығын білдіреді: *мен келемін, ол барады, біз әкеле жатырмыз, сендер үйге келерсіңдер, сен оқырсың, сіздер ауылға бармақшысыздар, ол барады, мен ерте барамын*. Мысалдарда берілген есімдіктер *мен, сен, ол, біз, сендер, сіздер* және *ол*. Оқулықта көпше және жекеше түрі анық аталып көрсетілмеген. Дегенмен мысалдардан байқауымызға болады. Жекеше түрі: *мен, сен, сіз, ол*. Көпше түр: *біз, сендер, сіздер, олар*. Бұл жердегі негізгі тоқталғымыз келіп отырған есімдіктер жағдайы болғандықтан, ұлттық таным түсінікке бой ұсынбасақ болмас. Алдымен *біз* жіктеу есімдігі тек қана көпше түрде қолданылмайды, ол жекеше түрде де қолданылады. Ұлттық таным, әдебімізге сәйкес *біз* есімдігі сыпайы түрдің жекеше тұлғасын білдіреді. Жеке адам өзін сыпайы түрде *біз* деп атаған. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы: «Сыпайылап сөйлегенде сөйлеуші өзін *мен* деудің орнына *біз* дейді, тыңдаушыға *сен* деудің орнына *сіз* дейді, бөгде кісіні *ол* деудің орнына *ол кісі* дейді. Сондықтан *біз* – I жақ, *сіз* – II жақ, *ол кісі* – III жақ болады», – дейді [8, 56-б.]. Жіктеу есімдіктерін оқытқанда қазақтың дүниетанымын, ділін (менталитетін), әдебін ескере отырып, анайы, сыпайы парадигмаға жіктеу қажет. Соған сәйкес жіктеу есімдіктерінің анайы түрін *мен, сен, ол* түрінде, сыпайы түрін, Ахмет Байтұрсынұлы көрсеткендей, *біз, сіз, ол кісі* түрінде жіктеуіміз қажет. Сонда ғана парадигма толық болады.

Есімдіктер нақты сұрағы жоқ, басқа сөз таптарының сұрағына жауап беретін, есім сөздердің орнына қолданылатын «орынбасар» сөз табы ретінде қарастырылады. Қазақ тіліндегі есімдіктердің қалыптануы, ережесінің жасалуына орыс тілінің тікелей әсері болған.

Мектеп қабырғасында бір оқиғаны не құбылысты әңгімелегенде, бір сөзді қайталай бермеу үшін қолданатын сөздерді *есімдік* дейміз деп үйретіледі. Қаншалық дұрыс? Сөз табы басқа сөз таптарының жасалу жолының қызметін ғана атқарып тұрғанын байқаймыз. Мысал: *Арман – ақылды бала, ол анасына көмектеседі*. Осы сөйлемде «Арман» сөзін қайталамас үшін «ол» жіктеу есімдігімен алмастырылған. Жақтық мағына беретін жіктеу есімдігі салалас құрмалас сөйлемнің екінші сыңарының субъектісі қызметін атқарып, субъект предикаттық қатынасқа түсіп тұр. *Кім?* деген сұраққа жауап беріп, сөйлемде бастауыш болады. Есімдік сөз табының өзіне тән ешқандай ерекшелігі байқалмайды, зат есімнің қызметтерін толықтай атқарып тұр.

Болымсыздық, болымсыздық есімдіктері есім сөздердің орнына қолданылады. Болымсыздық есімдіктерге *ештеңе, ешқайда, ешқандай, дәнеңе, ешқашан, ешбір, ешкім* сөздері жатады. *Біреу, әлдекім, әлдебіреу, әркім* сөздері кім? деген сұраққа жауап беріп, бастауыш болса, *бірнеше, әлденеше* сұрақтары сандық, мөлшерлік мағына беріп, қанша? деген сұраққа жауап береді. Ауыспалы осы шақты өткен кезде ағылшын тіліндегі сияқты негізгі тірек сөздер болады. Олар: *әрқашан, үнемі, күнде, сирек, жиі, ешқашан* сөздері. Бұлардың бәрі ағылшын тілінде үстеу ретінде қарастырылады. Ал қазақ тілінде *әлде, әр* сөздерінің қатысуымен жасалған *әрқалай, әрқашан, әлденеше, әлдеқайда, әлдеқалай, әлдеқашан* т.с.с. әрі есімдік, әрі үстеу қатарында аталып жүр. Дұрысында, оларды үстеу ретінде ғана танып, есімдік қатарынан шығару керек сияқты. Себебі бір сөздің екі түрлі категория аясында қарастырылғаны, яғни екі түрлі сөз табы ретінде танылуы дұрыс болмайды. Осыған байланысты *әр, әлде, еш* сияқты сөздердің қандай есімдіктерге тіркесуін, мәні мен қызметін нақтылап отырған жөн.

Есімдік сөз табына жататын сөздерді коммуникативті, когнитивті тәсілмен зерттеп, жіктеген кезде сөздің қай сұраққа жауап беретіндігіне, қандай категорияға жататынына қарай бөлу керек. Біз, мынадай жіктеуді ұсынамыз:

1. атауыштық категория: *мен, сен, ол, сіз, біз, олар, өзім, өзің, біреу, әлдекім, ешкім, қайсыбір, ешқайсысы*, т.б.

2. сындық мағына беретін категория: *бұл, анау, мынау, өзімдікі*, т.б.

3. мезгіл мәнді категория: *ешқашан, кейде, кей кезде, әлдеқашан*, т.б.

4. сан-мөлшер категориясы: *бірнеше, біраз, бәрі, барлық, бүкіл, күллі*, т.б.

Сонымен, есімдікті атқаратын негізгі қызметіне қарай төрт түрге бөліп, коммуникативті-когнитивті тәсілмен қарастыру түсіндірілуі де, логикалық тұрғыдан оңай болады. Әдістемелік тәсілдері ретінде әдеттегі тәсілдері пайдалану да нәтижелі болмақ.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Оразбаева Ф., Рахметова Р. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: Print-S, 2005. – 170 б.
2. Мағауин М. Аласапыран. – Алматы: Жазушы, 1988.- 832 б.
3. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2007. – 328 б.
4. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-словарь, 2005. – 440 б.
5. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. – Алматы, 1998.- 140 б.
6. Әрінова Б., Раева Г. Кәрімова Г., Жүмекенова Л.К. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018. -224 б.
7. Момынова Б. Қазақ тілінің морфологиясы. Есімдер. – Алматы: Арыс, 2007
8. Қосымова Г., Рахметова Р. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2018.- 321б.

Рахманова Н.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
2-курс магистранты

**ОҚУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ КЕЗІНДЕ
5-9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗ БЕТІНШЕ
ЖҰМЫС ЖАСАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

5-9-сынып оқушылары – бастауышты аяқтаған, жасөспірім шаққа аяқ басқан жас жеткіншектер. Н.Берікұлының айтуы ойынша, жасөспірімділік шақтың маңыздылығы – тұлғаның бойында әлеуметтік және моральдық құндылықтары қалыптастырудың негізі қаланады және жалпы бағыттары белгіленеді. «Жасөспірімдік кезең – мінез-құлық сипаттарын қалайтын шақ. Қайсарлық, мақсатқа жетуде табандылық, сол жолдағы кедергілер мен қиыншылықтарды жеңе білу дамиды. Дегенмен ерік процесінің дамуында әлі де кемшілік болады. Сөйтсе де жасөспірімде ақыл-ой құмарлығы, танымға қызыға ұмтылушылығы күшейеді, бұл жас қайнаған күш-жігердің, екпінді шабыттылықтың, іс-әрекетке құмарлығының кезеңі екендігіне ешқандай шүбә келтіруге болмайды. Олардың эстетикалық, порттық, ұйымшылдық қасиеттері дамиды. Мұғалімдер осы қасиеттердің дамуына және қалыптасуына ықпал етуі тиіс», – дейді [1] зерттеуші Н.Берікұлы. Сонымен қатар бұл жастағы оқушылардың іс-әрекеті түгелімен өзгеріске ұшырайтыны, оқу мотиві күрделі өзгеріске түсетіні анықталған. Оқу кезінде тек баға алу үшін сабаққа қатысатыны да – осы кез. Бұндай жағдайды болдырмау үшін мұғалім ізденімпаз болуы шарт. Сонымен қатар мұғалім шығармашыл тұлға [2]. Мұғалім шығармашылықпен айналысқандықтан да, ол – еркін тұлға, рухани толысқан, ізгілікті, жаңашыл, мәдениет адамы. Оның ішінде қазақ әдебиетінің мұғалімі – бүтін болмысымен тұрған мәдениет, сөйлегені, айтқанының бәрі – эстетика. Қазіргі күні мықты оқушыларды даярлау, оның ішінде өзіндік ойы бар, критикалық ойлай алатын, шешім шығара алатын тұлға даярлау мәселесі алдыда тұр. Бұл мәселені шығармашыл мұғалім атқара алады. Мұғалім мықты болса, оның алдынан өткен оқушы да мықты болады. Халқымызда «ұстаздан шәкірт озар», – деп мықты шәкірттің озғанын емес, ұстаздың мықтылығын біліп айтқанын көреміз. Әсіресе жасөспірім кезде оқушының негізі қаланатындықтан, оқушылардың өз бетінше жұмыс жасауына мүмкіндік бере білсек, өзіндік пікірі бар, білімге құштар оқушылар боп қалыптасатыны анық. Өз бетінше жұмыс

жұмыс жасауды қалыптастыруда педагогикадағы «ізігілік» философиясы да өзіндік рөл ойнайды.

Ш.Амонашвилидің ізгілендіру технологиясында оқушылардың жеке қасиетін ашу, баланың жаны мен жүрегіне жылулық ұялату, танымдық күші мен білімін кеңейту, тереңдету сынды мақсаттарды көздейді. Бұл технологияның ерекшелігі: оқушыларды рухани жетілдіруге, ізгілікті қарым-қатынас жасауға, оқыту мен тәрбиенің бірлігі қатар жүреді.

Ш.Амонашвилидің ізгілік педагогикасы үш негізгі принциптен тұрады:

1. Баланы жақсы көру;
2. Ол өмір сүріп отырған органы адамдандыру;
3. Баланың бойында өзінің балалығын бастан өткізу [3].

Көріп отырғанымыздай, шығармашыл мұғалім ең алдымен баланы жақсы көруі керек. Шын жақсы көргенін, әрине, оқушы да сезеді. Әсіресе жасөспірім кезде баланың психикасы өзгеріске түсетін кезде мұғалімнің қолдауы қажет болады. Бұл технология оқушы мен мұғалім арасын жақындастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл технологияда сандық бағалау жасалынбайды. Оның орнына сапалық бағалау: мінездеме беру, қорытынды жасау, талдау жасауға үйрету, өз ісін бағалау сынды бағалау түрлері қолданылады [4]. 5-сыныптың қазақ әдебиетінде [5] әдебиеттің сюжет, пролог, эпилог, әдебиет тектері, троп, толғау, риторикалық сұрау, мысал, аллегория, хикаят, әңгіме, ертегі, жыр, толғау сынды теориялармен танысады. 5-сынып бастауышпен жаңа келген сынып, сондықтан оларға бірден әдебиеттің теорияларымен танысу қиынға соғып, түсінбеуі де мүмкін. «Қобыланды жыры» тақырыбын өткенде оқушылар жырдан көркемдегіш құралдарды іздеп, тоқтала бастайды. Сол уақытта семантикалық картаны толтыру арқылы оқушылар теорияны еске сақтай бастайды.

Жырдан үзінді	Ауыспалы мағына	Тура мағына	Көркемдегіш құрал
<i>Қара үйлі кедейлер қарқ болыпты да қалыпты</i>	Қарық болыпты	Бай болыпты	Гипербола
<i>Жылқы біткеннен тігерге тұяқ қалдырмай айдап кетіпті</i>	Тігерге тұяқ қалдырмау	Дым қалдырмай	Литота
<i>Арыстанның апандай аузын көреді</i>	Апандай ауыз	Үлкен ауыз	Теңеу
<i>Қараңғылық серпіліп жүре бергенде</i>	Қараңғылық серпілді	Таң ата бастады	Метафора

Осы семантикалық картаны толтыру арқылы оқушылар жырдан үзіндіні тауып, оның ауыспалы мағынасын, тура мағынасын, көркемдегіш құралды табады. Бағалау оқушының өз ісін бағалауымен жүзеге асады. Сондай-ақ бұл тапсырманы 9-сыныпқа дейінгі оқушыларға теория жағынан негіз болатыдай етіп орындатуға болады. Семантикалық картаны басқаша етіп түрлендіруге де болады:

№	Кейіпкерлер	Шығармадан үзінді				
		Ғали	Жамал	Байжан	Шолпан	Сәрсенбай
1	<i>Құданың құдіреті, әуелде сен тіл алмай, баланы мұнша қайғы-қасіретке салдың, міне, көрмеймісің, Жамалжан өзінен-өзі азып, жүдеп кетті.</i>				+	
2	<i>Сөйтіп жүр ме, жүр ме?</i>					+
3	<i>Енді өстің Жамалды сүймеген кісісіне бересің бе?</i>				+	
4	<i>Малымыздан құрық, басымыздан сырық түсіре ме?</i>					+
5	<i>Түлкіні тазы алады табындағы</i>	+				
6	<i>Қыз байғұс та жұртына келген қонақ...</i>		+			
7	<i>Олай болса, мұнан үш шақырым жерде атамның нағашысы бар, сонда барайын.</i>	+				

8	<i>Құдай сақтасын, жаным сенің жолыңда құрбан, сенен тірі айырылғаннан өлім маған көп артық.</i>		+			
9	<i>Тұла бойым қызып, сүйектерім сырқыраған секілді болып тұр.</i>	+				
10	<i>Биыл баламды ұрын жіберемін</i>			+		

«Мәңгілік бала бейне» тақырыбында «Ядролық қару: зардап па, дәреже ма?» тақырыбында конференция өткізіп, ядролық қару сынды ғаламдық тақырып жайлы ізденіп, Невада-Семей қозғалысы, Хирасима-Нагасаки оқиғасы жайлы айтады. Конференцияға қойылатын талап оқушылар ізденіп келген тақырыбын көпшілік алдында келіп қорғап, маңыздылығын дәлелдейді. Сонымен қатар оқушылардың өз бетінше тапсырмаларын орындауда ТРИЗ технологиясын көмектеседі. ТРИЗ (өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы) технологиясының негізгі мақсаты – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қалыптан тыс ойлайға үйрету. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек.

Шығармашылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы қалыптасады. Шығармашылық ойлау деп ойдың жылдамдығы, икемділігі, тапқырлығы, дәлдігі алынады. Осы технологиямен жұмыс істеу барысында тез ойлап, жылдам шешім қабылдауға шорқақ балалар жыл аяғында шапшаң жауап беруге үйреніп, тапқыр, қызықты шешімдер құруда жетістіктерге жете бастайды. Дамытушылық мақсаттағы ойындар. 1. «Ол не?» (сипаттама бере білуге үйрету) оқушы өзінің әкелген затына ауызша сипаттама береді. Мысалы: *Менің затым дөңгелек. Ол секіреді. Резеңкеден жасалған. Үлкені, кішісі болады. Оны балалар өте жақсы көреді.* 2. «Қарама-қарсылықты шешу». Бір қарағанда жағымсыз болып көрінетін кейбір оқиғалардың пайдалы жағын көруге тырысу. Мысалы: «Төбелес». Жақсы жақтары: *өзімді қорғадым; әлсіз досымды қорғадым; күшті екендігімді дәлелдедім; шындық үшін күрестім.* Жаман жақтары: *киімімді жыртытым; бетім көгерді; ата-анам ұрысты; жыладым; досыммен араздастым.* 3. Шығармашылық деңгейді көтеруге берілетін тапсырмалар. Бір-біріне қосылмайтын, жалғаспайтын заттармен объектілерді байланыстыруға берілетін тапсырмалар. 1. *Сиқырлы дәрі ішіп, көзге көрінбейтін болып қалған тышқанды мысық ұстау үшін не істеуі керек?* Жауап үлгісі: *Ол үшін мысық еденге ұн сеуіп қоюы керек, сонда ізі түсіп қалады. Төбеден ұнды себелеп тұруы керек. Үлкен-үлкен дәндермен тамақтандыру керек. Сонда үлкейіп көрінеді,* т.б. 4. Ой шабуылы («Дүниетануда»). – *Жаңбыр, қар, кемпірқосақ – шын табиғи құбылыстар. Енді фантастикалық табиғи құбылыс ойла* [3, 76-б.].

7-сыныпта қазақ әдебиетінен «Балалар мен үлкендер» [6] тарауын қорытындылау мақсатында ТРИЗ технологиясын қолданып, оқушыларды кретивті ойлауға көмектеседі. Мәселен, былайша қорытындылауға болады:

1. Ол не? дегенге *кітап* деп аламыз.

2. Қарама-қарсылықты шешуге «Воровка книг» деп алып, оның білуге деген пайдасын, ол ұрлаудың зияны жоқтығын, оқылмай тұрғаннан кітаптың оқылғаны жақсы деген сияқты.

3. Оқып отырған кітаптың ішіне кіріп кетсең, өзінді қалай ұстар едің?

4. Көксерек дәл алдында тұр. Сен қандай әрекет жасар едің? Осындай мысалмен бұл тапсырманы оқушылармен орындау барысында жылы қарым-қатынас орындайды. Негізінен қарым-қатынас сенімге құрылады. Ал сол сенімнің қалыптасуына әрекеттер септігін тигізеді. Мұғалім өзін оқушылармен еркін ұстап, кретивті түрде ойларымен бөліссе, оқушыларда өзінің ойларын бөлісе бастайды.

«Оқиға желісін талдау» тәсілі [7] оқушылардың шығарманы қалай түсінгенін, кейіпкер әрекеттерін талдауға көмек береді. Бұл тәсілді 5-сыныптағы Ыбырай Алтынсарин әңгімелерінде қолдансақ, тәрбиелік мәні көрінеді. Соның ішінде «Қыпшақ Сейіткүл» әңгімесін былайша талдауға болады:

№	Оқиғалар	Кейіпкерлер	
		Қыпшақ Сейітқұл	Ағасы
1	Қабырға өзеніне көшіп келеді	Қайтсем, халықты байытам, жағдайын жақсартам деген оймен көшеді.	Түркістан жақта қалады.
2	Егіншілікпен айналысып, табыс тауып, малын көбейтеді.	Адал кәсіппен айналысады.	Ұрлық-қарлықпен айналысып жүргенде қаза табады.

«Болжау» әдісі [7, 25-б.] арқылы оқиғаның қалай басталғанына қарай оқиғаның қалай өрбитінін болжайды. Оралхан Бөкейдің 6-сыныпта «Тортай мінер ақ боз ат» шығармасы берілген. Шығарманың басын оқып, оқушылар өздерінің ой толғауын жазады.

Шығарманың басталуы	Ой толғау
Біздің ауыл Салықсалғанның иығында отырған. Шілденің дәл ортасы болса да, бұл жерде қоңырсалқын, бұлтсыз күндері тамылжыған тамаша мезгіл асталушы еді. Не ыстық емес, не суық емес жайлаудың жайма-шуақ сәтінде төбеңнен көкпеңбек болып төңкеріліп тұрар аспанға қарағайдың бүршігін лактырып ойнайсың. Қанша құласаң, ауырсынбайтын, қанша аунасаң, жапырылмайтын күлтеленген күреңсе балапан табанымызға кілемдей тиюші еді-ау...	Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ бозаты» ерекше бір хикаяның басталуынан хабар береді. Жазушының оқырманды психологиялық тұрғыдан дайындап, аса бір қызық оқиғаның басталуына алып келе жатыр.

«Негізгі оқиғаларды сұрыптап алу» әдісі [7, 24-б.] арқылы «Аққулар ұйықтағанда» шығармасының сюжетін анықтап алады оқушы.

Шығармадағы негізгі оқиға	Сұрыптап алуғағы мақсат
<i>Бала жатыр төсекте, албыраған, Әке жатыр еденде, қалжыраған.</i>	Оқиғаның басталуы
<i>Мана, күндіз, тәуіп шал не деп кетті?! Әлде өтірік, әлде шын демеп кетті... Аққуменен баланы аластаңдар, Деді дағы жайымен жөнеп кетті.</i>	Ауырып жатқан баланың емі ретінде айтқан тәуіптің сөзін ойланып, осы әрекетке қадам жасайды.
<i>Жалғыз ұлдан артық па, жалған бәрі</i>	Ананың шешімі
<i>Көл бетінде көлбеңдеп, жаралы аққу, Ұша алмады – ұшпақ боп күш қылады.</i>	Кінәсі жоқ аққудың көл бетінде аласұруы

Қорытындылайтын болсақ, 5-9-сынып оқушылары жасөсірім кез болғандықтан мұғалімнен әрі қолдау, әрі нұсқау күтеді. Осы орайда Ш.Амонашвилидің «ізгілік» теориясы мұғалімге көмектеседі. Оқу процесі кезінде өз бетінше жұмыс жасауын қамтамасыз ететін технология негізі ізгілік педагогикасы деп қарап, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың өз көзқарасы, пікірін қалыптастыратын тапсырмалар өз бетінше жұмыс жасауына көмектеседі.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Берікұлы Н. Жас ерекшелік және педагогикалық психология: оқу құралы. – Ақтөбе, 2018. – 243 бет
2. Жас ұстазға 100 бағдар: зерттеу мақалалар. Дайындағандар: Аяшев О., Қадірбаева Е., Тілеуова С. – Астана: Фолиант; 2016. – 376 б.
3. Бөрібекова Ф., Жанатбекова Н. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Оқулық. – Алматы, 2014. – 360 б.
4. Ботамқұлова А. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары. Оқу-әдістемелік құрал. – Тараз, 2015. – 90 б.
5. Ақтанова А., Жүндібаева А., Жүмекенова Л. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 160 б.
6. Ақтанова А., Жүндібаева А., Жүмекенова Л. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 176 б.
7. Жоламанова Т. Көркем шығарманы талдау жолдары. Оқу құралы. – Қарағанды: Ақнұр, 2018. – 178 б.

Жаманбалаева А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің
2-курс магистранты

«ӘДЕБИЕТ» САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕМНІҢ ҰЛТТЫҚ СУРЕТІН ДАМУЫ

Мектепте оқытылатын оқу пәндерінің барлығы да оқушыларға ғылымның әр саласынан білім негізін меңгертеді. Солардың ішінде әдебиет пәнінің оқушыларға өмірді таныту, адамтану ғылымы тұрғысынан орны ерекше [1]. Адам баласының ғасырлар бойы жасаған мұрасының ұшан-теңіз екендігі, оқушылар олармен танысып, білімі жан-жақты артып, өзіндік көзқарасы қалыптасып, дүниетанымы кеңейтіні туралы айтады. Көркем шығармадағы адам өмірінің сан салалығы, түрлі құбылыстар оқушының логикалық қабілетін дамытатын айтады. Дүниетаным – адамның білімі мен танымы, ар-ұждан мұраттары, әлеуметтік, ұлттақ реттеушісі, саяси бағыт-бағдар, қоршаған ортаға деген психологиялық және эстетикалық көзқарасы [1, 18-б.]. Жастардың, оқушылардың дүниетанымын қазақ жазушылары мен ақындарының шығармашылығы негізінде дамытуға болатынын айтады. Сондай-ақ көркем шығармалардағы адамгершіліктің асқақ асуларына қаншалықты бойлаған сайын жасөспірімнің дүниетанымы, ойлау жүйесі биіктей береді [1, 19-б.]. «Дүниетанымның негізі – білім болса, әдеби білім негізінде оқушыларда оқиғалар мен өмірлік құбылыстарды ой елегінен өткізіп, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеу сезімі біртіндеп қалыптасады», – дейді зерттеуші Т.Жұмажанова. Ал психолог ғалымдардың айтуы бойынша, бала төрт түрлі жағдайда білім алады екен: дайын білімді қабылдап алу, зерттеу барысында жаңалық ашу, әр түрлі жағдайда әсерді сезіну және синтез арқылы бұйым құрастыру немесе өнім жазу [2]. Сонымен, әдебиеттің оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, ой қалыптастыраны белгілі болды, ал оқушыларға әлемнің ұлттық суретін қалай дамытамыз?

Сабақ – 40 минутқа шақталған материалдың бір бөлшегінің балалармен жұмыс істеуге лайықталған оқу жұмысының негізгі формасы. Әдебиеттік оқудың міндеттерін сабақ арқылы ғана нақтылап, сатылап орындауға болады. Сабақта оқыту, үйрету, тәрбиелеу, дамыту шарттары жүзеге асырылады. Негізінен сабақтың дұрыс ұйымдастырылуы алдымен білім берушіге байланысты. Сондықтан сабақта жақсы нәтижелерге қол жеткізетін бірнеше жағдайлар бар. Олар:

- білімді тексерудің жаппай, жеке түрлерін қолдану;
- білімнің беріктігін, тереңдігін тексеру үшін қосымша сұрақтар беру;
- білімді қолдандыру үшін балаға таныс емес жағдаяттарды айту;
- жолдастарының жауабын тыңдап, дәлірек жауап беруге әзірлену үшін кластың оқушыларына тапсырмалар беру;
- үй тапсырмаларын барлық оқушылардың қалай орындағанын анықтауға мүмкіндік беретін тәсілдердің жүйесін қолдану;
- ұйымдастыру бөлімінің қысқалығы;
- көп сөйлем, жігерлілік;
- талап қойғыштық және оқушылардың жағдайына зейінін аудару және сабаққа кешікпей келу;
- жылы жүзділік және кең жүректілік;
- талапты тұрақты және жүйелі қою;

Әдебиет – заманалар тарихының, ұлы оқиғалардың, адамзат тіршілігінің, таным-нанымдарының көркем шежіресі. Әдебиет адам баласымен бірге жасап, оларға рухани күш-дем беріп, бірге дамып, өсіп келе жатқан өнердің бір түрі. Өнермен тығыз байланысыбар бұл пәнді шығармашыл ұстаз қалай түрлендіріп өткіземін десе де өз еркінде [2, 109-110-б.].

Негізінен орта мектептердегі әдебиет сабақтарында жасалатын жұмыстардың күрделісі – көркем тестпен жұмыс істеу. Ортаңғы класс оқушыларына қойылатын талаптардың бірі –

көркем мәтін (текст) құрылысын талдай білу. Сонымен, әдебиет сабағында көркем шығармамен жұмыс істеу кезеңдері мен жолдарына тоқталып өтсек. Жазушы көркем туындының болымысын танытатындай, ондағы оқиғаларды бір-бірімен байланыстырады. Ондағы кейіпкерлер тіршілік кешеді, еңбек етеді, бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, тартысқа да барады. Соңында уақыт пен кеңістікке сіңісіп орнығады. Осы кезде ең бірінші көзге түсетіні – автор баяндайтын оқиға. Ол жекелеген эпизодтардан құралып, шығарманың тақырыбын, идеясын, жанрлық ерекшелігін ашады. Автор өз шығармасында өмірдің әлеуметтік-қоғамдық жағдайын, бір кездегі адамардың өмірін суреттейді. Көркем шығармада адам, адамгершілік, моральдық жағын ашып, көркем бейнелейді. Көркем мәтіннің осындай ерекшеліктері әдебиет сабақтарында игертіледі. Оқушы көркем шығарманы тек өтілген материалды баға алу үшін қажет, мінетті оқу деп түсінеуі керек. Көркем шығарманы оқушы жан дүниесімен ұғып, алған әсерін, көркем танымын одан әрі қолдана алуы керек. Яғни, көркем дүние оқушы жанына эстетикалық жарасымды ықпал тудырып, таным көкжиегін кеңейтуі, мінез қасиетін қалыптастыруға жәрдем етуі, ойға шақыруы тиіс [2, 33-б.].

11-сыныптың қазақ әдебиетінде [4] Оралхан Бөкейдің «Атау кере» шығармасы оқытылады. 11-сынып жаңа өмірге қадам басатын кездегі жасөспірімдер болғандықтан да, бұл шығарманы жетер жеріне жеткізіп талдау керек болады. Әрі әдеби білімін арттыру мақсатында Блум таксономиясына салып, талдап көрсек дейміз. Қазіргі кезде технологияда білімді меңгертудің шығармашылық деңгейіне жету үшін Блум жүйесі қолданылады [3].

Рет тәртібі	Білім алушы іс-әрекеті
Білу	Тыңдайды, қабылдайды, есте сақтайды, түсінеді, ойлайды.
Түсіну	Түсіндіреді, айтады, көрсетеді, жазады.
Қолдану	Ойланады, салыстырады, табады, талқылайды, ашады, іздейді.
Талдау	Бұрынғы білім негізін пайдалана отырып, жаңа мәселені шешеді.
Топтау	Ойлап табады, құрастырады, шығарады, байланыстырады.
Бағалау	Бағалайды, талқылайды, өз талабын айтады.

Ең алдымен, сабақта таксономияның екі деңгейі бір сабақта орындалатынын ескерсек. Білу, түсіну деңгейлерінде автормен, шығармамен танысамыз. Ең алдымен ББҮ кестесін толығарды. Үйрендім бағанын сабақтың аяғында толтырады.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім
Оралхан Бөкейдің Шығыс Қазақстанның тумасы. Кезіндегі мықты журналистердің бірі. Ш.Мұртазамен қарым-қатынасы ағалық-інілік деңгейде. Ең алғашында тракторшы боп жұмыс жасаған.	<i>Атау кере</i> – адамның дүниеден өтер сәгінде сұрап ішетін асы. Неліктен жазушы бұл сөзді тақырып етіп алғанын білгім келеді.	Оралхан Бөкейдің <i>Атау кере</i> шығармасы повесть екенін, аралар шаруашылығы, Ерік пен Таған сынды екі кейіпкері бар екенін, «неге біз осы...» дейтін философиялық сұрағы, Нүрке әже мен Айна сияқты кейіпкерлері барын үйрендім.

Қолдану, талдау деңгейлерінде «Ерік пен Тағанның қарама-қарсылығы», «Айна образының бір қыры» тақырыбында эссе жазады. Эссеге қойылатын талап – ойдың жаңашылдығы, 150 сөзден кем болмауы керек. Бұдан оқушылардың оқығандығы негізінде талдауы көрінеді, көтеріліп тұрған екі мәселені шешудің жолын көрсетеді. Топтау, бағалау деңгейлерінде оқушылар жазушы тіліне талдау жасайды [5].

Кейіпкердің сөйлеу тілі	Қай оқиғада айтылады?	Жазушы стилі, шығарманың идеясын ашудағы рөлі
– <i>Танымай тұрмысың, Қарабауыр? Баяғы кезім болса, аяғыңды аспаннан келтірер едім, – деді.</i>	Бек-Алқаға, Үлкен Жерге қатынаған кезі.	...Қайран қалмасқа амалы жоқ еді, өйткені ол «Қарабауыр» деген намысын шабақтар сөзді жалғыз-ақ адамнан еститін және кек қайтаруға шамасы жетпей, бейамал күй кешіп, іштей кектенетін және де анау иілген құс қанат қастың астындағы аялы қара көзде өмбе жылт еткен ұшқынды да бір-ақ жігіттен көрген,

		көрген сәтте ғана бас бермес асау мінезі пас тартып, мысы басылатын. «Сол, – деп дауыстап жіберді. – Соның өзі. Таған ғой мынау!» Біз осы жерден бұрынғы екі таныстың кездейсоқ кездесуіне, әрі қарай шытырман оқиғалардың басталуына куә боламыз.
<i>Айтып беріңізші, апатай. Сіздердің өмір тарихтарыңызды мен білмеймін! Еріктен қанша рет қадалып сұрасам да... айтпай қойды.</i>	Тіршіліктің бір уақытында, дастархан үстінде	Айнаның енесі Нүрке кемпірдің ұлты – орыс. Нүркенің отбасысы шешімін қолдады ма, «Еріктің әкесінің отбасы қарсы болмады» деген ойлар қазақ пен орыс арасындағы қатынасты көрсетеді.

Оралхан Бөкейдің «Атау кере» шығармасы оқушылардың көз алдына әлемнің ұлттық суретін келтіреді. Шығыс Қазақстанның географиялық жағдайын, интернационалдық неке, аралар шаруашылығы, қазақтың басынан өткен небір оқиғалар. Сонымен қатар, шығарманы педагогикалық технологиялар арқылы талдасақ [5, 69-б.]. Мұғалімдердің алдында тұрған ең басты міндет – өз жұмыс орнына және бүкіл техникалық еңбекте технологияның үздіксіз өзгерістеріне бейімделе алатын орындаушының тұлғасын қалыптастыру екені анық. Біліміне, біліктілігіне, парасатына пайымы сай ұстаз бүгінгі таңда жас ұрпаққа білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістерге байыппен қарап, оның заман талабына сай мән-маңызын түсінеді. Ол өзгерістерді сабақ процесіне енгізуге тырысады. Сондай оң өзгерістердің бірі – білім беру үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу. Көркем шығаларды талдау барысында Ресейлік педагог-ғалымдардың авторлығымен тәжірибеге енгізілген «Педагогикалық шеберхана» технологиясының маңызы зор. Бұл технология негізінде оқушы жеті кезеңде жұмыс істейді.

1-кезең – индукция кезеңінде оқушылар оқу тақырыбын өздері шығарып алып, осы тақырыпқа деген қызығушылықпен жұмыс жасайды.

2-кезең – деконструкция кезеңінде оқушылар сызбаға немесе тірек схемаға сүйеніп, жұмыстарын жалғастырады. Оқушылар кластер құрап, ойларын жинақтайды.

3-кезең – реконструкция кезеңінде балалар дайын сызбамен немесе мәтінмен жұмыс жасайды.

4-кезең – әлеуметтендіру кезеңінде ақпаратты талдау, толықтыру, алмастыру, іздестіру, бір жүйеге жинақтау, бөлісу жатады. Оқушылар қай топтың нұсқасы сәйкес келгенін ажыратады.

5-кезең – үзіліс кезеңінде оқушыға ойлануға мүмкіндік беріліп, шеберхана барысындағы іс-әрекетті сезінуге жағдай жасайды.

6-кезең – афишалау кезеңінде әр бала немесе топ өздерінің жұмысын қорғайды, көпшілікке таныстырады, хабарлайды, жеткізеді. Осы кезеңді ұжым мүшелерін біріктіретін, ынтымақтандыратын кезең деуге де болады.


Соңғы кезең – рефлексия кезеңі. Рефлексия кезеңі әр оқушыға шеберхана барысындағы ішкі сезімін, ойын ашық айтуға мүмкіндік береді. Қатысушылардың жан дүниесінде болған өзгеріс, ұсыныс, пікірлерін айтып, сұрақтарына жауап алып, қорытынды жасайды [5, 69-70-б.].

«Атау кере» шығармасы негізіндегі педагогикалық технологиялық сабағын қорытынды сабақ ретінде өткізуге болады. Индукция кезеңінде оқушылар алдын ала оқып танысқан мәтінді қайталап оқып, жеке жұмыс жасайды. Мәтін негізінде сұрақтар құрастырады. Таған неліктен Ерікті «Қарабауыр» деп атайды? Айна неліктен күйеуі Ерікке деген көзқарасы өзгерді? «Қауіпті будан» не себептен қауіпті? Екінші кезең деконструкцияда оқушылар топқа бірігеді. Семантикалық картаны толтырады. Еріктің, Айнаның, Нүрке кемпірдің бейнесін дәл осылай ашады.

Тағанның портреті	Тағанға мінездеме	Тағанның киім киісі, өзін ұстауы
<i>Көтерем сиырдай орнынан әрең көтерілген. Иә, оның алдында адам сиқынан айырылып, ербиіп тұрған маскүнем мектепте он жыл</i>	Таған маскүнем, алайда уақыт өте келе бұл қасиетін тастайды. Ойлана бастайды. Нүрке	Тағанның сырт келбетін суретіне қарағанда киім киісі

<i>бойы бір партада отырған, Алматыда бес жыл қатар оқыған, аспирантураны тауысқан, ешкім жауырынын жерге тигізіп көрмеген жігіттің сұлтаны, қыз-келіншектің сырттаны – Таған еді!</i>	кемпірдің қамқорлығынан соң ес жинай бастайды. Сөйтсе өзі текті тұқымның ұрпағы екен.	оңып тұрмағаны белгілі. Ал өзін солай ұстауы әбден ашынғандықтан деуге болады.
--	---	--

Образдарға «кластер» әдісі арқылы мінездеме береді.



Қамқор, Нүрке кемпірдің бар жағдайын жасайды.

Реконструкция кезеңінде оқушылар Ерік пен Таған бейнелерін аша түседі. Әлеуметтендіру кезеңінде оқушылар шығарма желісі бойынша суреттер салады. Үзіліс кезеңінде ойларны жинақтап, жобасын қорғауға дайындалады. Афишалар кезеңінде әр топ өз жұмыстарын қорғайды, көпшілікке таныстырады. Рефлексия кезеңінде оқушылар бүгінгі сабақтан алған әсерін, жасаған жұмыстарының нәтижесі жайлы айтады.

Оралхан Бөкейдің «Атау кере» шығармасы негізінде оқушылардың әлем жайлы, оның ұлттық суреті жайында ойлары дамиды. Интернационалдық неке жайлы, қауіпті будан жайлы, маскүнемдіктің зияны сияқты тақырыптармен танысады. Айна сияқты әйел әлемнің әр түкпірінде болатынын, Ерік сияқты кейіпкер әлемнің әр бұрышында өмір сүріп жатқанын, Таған сияқты адамдар күнделікті кездесіп қалып жататыны бар. Оқушылар осынау шығарма арқылы өзінің ойларын дамытып, дүниетанымдық, кең, глобалды ойлауға дағдыланады.

Қорытындыласақ, сабақ – тек 40 минутқа созылатын процесс. Ол бітеді, ал өмірдің сабағы аяқталмайды. Оқушыларға 40 минутта әдебиет сабағында өмір тақырыптарын қозғай берсек, оларда ой қалатынын анық. Болашақта саналы таңдау жасай білсе, сол 40 минут сабақ өткізуге тырысқан мұғалімнің еңбегінің ақталғаны.

Пайдаланылған еңбектер:

1. Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2009. – 288 б.
2. Тлеуова А. Қазақ әдебиетін оқыту технологиялары: әдістемелік оқу құралы. – Алматы, 2020. – 236 б.
3. Жанатбекова Н., Борибекова Ф. Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар. – Оқу құралы. – Алматы, 2019. – 248 б.
4. Ақтанова А., Жундибаева А., Нұрлыбаева Ж. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2020. – 224 б.
5. Жоламанова Т. Көркем шығарманы талдау жолдары. – Оқу құралы. Қарағанды: Ақнұр, 2018. – 178 б.

Алдиярова А.

Жалпы білім беретін №77 орта мектептің мұғалімі

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ – БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ ШАРТЫ

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен

білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

«Инновация» латынның «novus» *жаңалық* және «in» *енгізу* деген сөздерінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы – «жаңару, жаңалық, өзгеру». «Инновация» ұғымы – педагогикалық сөздік қорына ежелден енген термин. «Инновация» ұғымына ғалымдар әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея», – десе, Майлс: «Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді. Т.И.Шамова, П.И.Третьяковалардың еңбегінде: «*Инновация* – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу – қалыптастыру, яғни, инновация үрдісі мазмұнды дамытуды, жаңаны ұйымдастыруды, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз» делінген. Энциклопедиялық сөздіктерде «инновация» әр түрлі анықталады. Үлкен энциклопедиялық сөздікте бұл ұғым «жаңаша білім беру» деп түсіндіріледі.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Қазақстанда «инновация» ұғымына қазақ тілінде ең алғаш анықтама берген ғалым – Н.Нұрахметов. Зерттеуші: «*Инновация, инновациялық үрдіс* деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деген анықтаманы ұсынады. Н.Нұрахметов инновация білімнің мазмұнында, әдістеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табатынын ескертіп, инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: жеке түрі (жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған); модульдік түрі (жеке-дара кешені, бір-бірімен байланысқан); жүйелі түрі (мектепті толық қамтитын).

Әдіскер С.Көшімбетова оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

– дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үрдісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілін арттыруы;

– қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

– оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет;

– саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталуы;

– ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

– иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптастыру;

– ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала-субъект», «бала-объект» тұрғысынан енгізіліп, ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырылу.

Инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады. *Модификациялық инновация* – бұрын қолда барды дамыту, түрін өзгерту. Бұған В.Ф. Шаталовтың математикаға жазған тірек конспектісі және оны көптеген мұғалімдердің пайдалануы мысал бола алады. *Комбинаторлық модификация* – бұрын пайдаланылмаған, белгілі әдістеме элементтерін жаңаша құрастыру. Бұған пәндерді оқытудың қазіргі кездегі әдістемесі дәлел. *Радикалдық инновация* – білімге мемлекеттік стандарттарды енгізу. Мемлекеттік стандарт білім беруде, негізінен, мөлшерлерді, параметрлерді, деңгейлік және сапалы оқытудың көрсеткіштерін қалыптастырады.

Қазір республика оқу орындары ұсынып отырған көп нұсқалыққа байланысты өздерінің қалауына сәйкес кез келген үлгі бойынша қызмет етуіне мүмкіндік алды. Бұл бағытта білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын, оқу мазмұны әрбір білім алушының жас және жеке дара психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көретін әдіс-тәсілдері, түрлері көбіне жаңашыл, инновациялық болып табылады. Инновациялық процестерді ендіру үш өзара байланысты күштер анықталады: енгізілген технологияның ерекшеліктері; жаңашылдардың инновациялық әлеуеті; жаңалықты енгізу жолдары.

Инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін өзі дамытады және өзін өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Сондықтан біз болашақ педагог-психологтардың жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасадық. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мына көрсеткіштерді қамтиды:

Мотивациялық өлшемдеріне танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады. Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді. Мазмұндық өлшемдеріне болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен мәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үрдістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы кіреді. Оған біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін және жеке тұлға теориясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады.

Бейімділік өлшемдерін болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті атады: бейімділік жағдаятына бағдарлана алуы, микроорта өзгерістеріне сай қолайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдай алуы. Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана алуларымен ерекшеленеді. Танымдық өлшемдері болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны

жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерін пайдалануымен, инновациялық педагогикалық технологияларға қызығу танытумен ерекшеленеді. Оған болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдана білуі, инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі, үйренуі жатады. Іс-әрекеттік өлшемдері болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үрдісті тиімді жүзеге асыра алуымен өлшенеді. Оған болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен өлшенеді.

Технологияның өлшемдері оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үрдісі, оның міндеттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгерумен анықталады. Оған болашақ маманның біртұтас оқу-тәрбие үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет. Шығармашылық өлшемдеріне шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ маманның шығармашылық-ізденушілік дамыту кіреді. Оған болашақ маманның ғылыми – зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Осы көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Іс-әрекет әрекеттен, операция, қимыл-қозғалыстан тұрады. Барлық үрдіс байланыса орындалғаннан соң нәтиже көрсеткіші пайда болады. Әрбір педагогтің инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі; инновацияны жан-жақты меңгеру; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны практикада дұрыс қолдану.

Әрбір білім беру ордаларында бүгінгі таңда белең алып отырған кемшіліктері баршылық, атап айтатын болсақ: білім сапасының төмендігі; білім саласына мемлекет тарапынан реформалар жүргізілгенімен оқудың нәтижесінің болмауы; құжаттар көптеп шығарылғанымен мардымсыздығы; білім алушылардың өздігінен білім алу дағдысының болмауы; білім алушылар мен оқытушылардың бірлескен шығармашылық еңбектерінің болмауы. Бұл тығырықтан шығудың бірден-бір жолы оқу-тәрбие процесінде инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу, әрбір білім алушылардың білімге деген қызығушылықтарын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол ашу. Инновациялық процестің негізі – жаңалықтарды қалыптастырып жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады.

Білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды оқып, үйреніп, сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

– білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже оқытушының кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;

– жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;

– жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай еместігі, әрі жетіспеуі, кадрлық әлеуметтің төмендігі көп кедергі жасайды.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады. Біздің ойымызша, оқу орындарында инновациялық басқару жүйесін енгізіп, оны жүзеге асыру міндет.

Инновациялық педагогикалық технологияның негізгі, басты міндеттері:

- әрбір білім алушының білім алу, даму, басқа да іс-әрекеттерін мақсатты түрде ұйымдастыра білу;
- білім мен білігіне сай келетін бағдар таңдап алатындай дәрежеде тәрбиелеу;
- өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, дамыту;
- аналитикалық ойлау қабілетін дамыту.

Инновацияның даму сатылары: жаңа идеяның пайда болуы; мақсат қоюшылық; тарату және жойылу. Инновациялық процестерді ендіру үш өзара байланысты күштер енгізілген технологияның ерекшеліктерімен, жаңашылдардың инновациялық әлеуетімен, жаңалықты енгізу жолдарымен анықталады. Инновациялық технологияларды енгізудің жөні осы деп түрлі технологиялар мен халықаралық бағдарламаларды сабақта қолдану көпшілігімізге тән құбылыс болып кетті. Кейбір әріптестеріміз жаңа технологиялардың философиялық мазмұнын, тұтастығы мен жүйелілігін меңгеріп алмай, таза еліктеушілікпен сыртқы формасын ғана қолдануда. Кез- келген педагогикалық технология философиялық негізде қаралады. Міне сондықтан, бірінші кезекте, білім әлеміне еніп жатқан сан алуан инновациялық технологияларды реттеу, жүйелеу, сұрыптау, нәтижелерін талдау үшін арнайы ақпараттық-әдістемелік орталық құрылуы қажет.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары:

1. Олар оқытудағы тақырып шеңберіндегі немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.
2. Білімге бір-бірінен үлкен арақашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады.
3. Оқытудың жүйесі көп деңгейлі жетілдіруі олардың таралымдалуы мен оқу сапасын арттырады.
4. Компьютердің көмегімен оқушы өз бетінше немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.
5. Компьютерлер көрнекі, бейнелі ойлауды, қозғалыстың ауызша қарым-қатынас машықтары мен әрекеттерді және әлеуметтенуді дамыту үшін мүмкіндіктер туғызатыны туралы дәлелдеп көрсетеді.
6. Компьютер оқытуда қолданудың екі негізгі бағытын көрсете кетелік: Оқу курсындағы жаттығуларды арнайы жасалған ортада орындау.
7. Ақпараттық технологияларды пайдалану, компьютерлік оқыту бағдарламаларын құру және қолдануды білдіреді. Ол бағдарламаларда дәстүрлі оқытудан ерекше педагогикалық үйретушілік логикасы жүзеге асырылады. Мектептегі сабақтар жаңаша ұйымдастырылады және мұғалімнің қызметі мен рөлі өзгереді.

Білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне үлкен мән береміз. Өйткені, оқытудың әр түрлі технологиялары зерттелініп, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп мектеп өміріне енуде. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда оқытудың жаңа әдіс – тәсілдерін тиімді пайдаланып жетуге болады.

Ол үшін білім алуды қамтамасыз етуге даярлауы тиіс; оқушыларға үздіксіз білім алуды үйрету керек; мұғалім оқушылардың білімге деген құштарлығын дамытуға көңіл бөлу керек;

оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оқытудың мазмұны шектелмеуі тиіс; оқытудың өз тәжірибесі, оқытудың негізі, оқыту барысында болжам, қиял, ойлап табу пайдалануы қажет.

Білім беруді ақпараттандырудың қағидалары:

- қоғамның әрбір мүшесі үшін алынатын білімдер мен мәліметтердің түсініктілігі;
- жеке тұлғаның интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- білім мен тәрбиенің бірізділігі;
- жалпы компьютерлік сауаттылық;
- оқыту мен тәрбиелеудің жылдамдығы.

Күтілетін нәтижелері:

– инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;

– инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;

– инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;

– мультимедиялық электрондық оқулықтарды, виртуалдық лабораторияларды және бақылау программаларын жасақтап, қамтамасыз ету;

– отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру;

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану өз білімін көтеру тиімділігін де арттырады. Бұл бірінші кезекте сандық түрде жазылған ақпараттарды пайдалану кезінде қажетті мәліметтерді оңай табуға мүмкіндік береді. Инновациялық әдістер мен оқытудың ақпараттық технологияларын тарих сабағында қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын дамыту.

Қорыта келе, педагогикалық инновациялық технологиялар мен идеялар арқылы оқу сапасын арттыруға болады. Сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлау бағдарламасы бойынша жүргізілген сабақтар іздеудің мән-жайына қаныға, білімді тереңінен айтуға төселеді, дәлелдер келтіру, дәлелдеу тәсілдеріне жаттығады, теория мен практиканың бірлігін игереді, жеке және топпен бірлесіп мәселе түйінін шешу жолдарын табуға жаттығады, өз жолдастарының пікірімен санасуға, өткір сындарды тыңдап одан тиісті қорытындылар жасай білуге машықтанады. Бұл бағдарламаны өз сабақтарында әдіс-тәсілдерін қолдану барысында оқушылар бірін бірі тыңдап, құрметтейді, бұрын үндемей отыратын балалардың белсенділігі артады; оқушылар сабақта еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізеді. Мұндай әрекет сабақтың барлық үш кезеңінде байқалып отыратындығы сөзсіз. Сыни тұрғыдан ойлау – педагогиканың заманауи білім беру ісінде тиімді инновациялық идеялардың бірі.

Тухтарова А.

учитель русского языка средней школы имени
М.Ауэзова Атырауская область

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТРАДИЦИЙ ЭТНОПЕДАГОГИКИ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ СОЦИОКУЛЬТУРНЫХ ЦЕННОСТЕЙ МОЛОДЕЖИ

Образование является одной из ключевых сфер реализации этнокультурных интересов населения. Основной идеей является модель образования, ориентированная на сохранение самобытности этнических групп и одновременно освоение ценностей и стандартов других культур. Здесь важно обратить внимание на то, что при этом не утрачивается этническая идентичность. Стратегия этнокультурного образования направлена на осуществление двух взаимосвязанных целей: этнокультурная идентичность и государственная интеграция. Состояние этнической идентичности, т.е. самосознание как представитель своей культуры, своего народа, носителя духовных ценностей своих предков достигается, прежде всего, через

созданную народом социокультурную сферу, в которой одной из ключевых позиций, после семьи, занимает учебное заведение, вуз [1].

Государственная интеграция – это достижение единого интегративного поля успешного взаимодействия представителей всех этносов в государстве. Этническая идентификация народа, населяющего Казахстан, способствует утверждению единого поликультурного пространства, где образование является средством формирования национального самосознания, реализации культурно-языковых интересов. Ведь именно образованный человек является частью исторической и культурной традиции. Он осознает принадлежность к определенному этносу, у него сформированы культурные характеристики, стремление к осмыслению своей деятельности, высшим духовным ценностям. В первую очередь человек осознает себя как представитель этноса, носитель культурных ценностей народа, преемник национальных традиций родной культуры.

Продуктом этнокультурного образования является поликультурная личность. Знание родного и государственного языков, изучение иностранного языка расширяют кругозор личности, содействуют ее многогранному развитию, способствуют формированию установки на толерантность и всестороннее видение мира. Гуманизация личности предусматривает поликультурное образование, через сознание истории своего народа, осмысление этнической принадлежности, национальный менталитет, преемственность поколений, изучение народов, символов, традиций, стереотипов. Знание истории родного народа порождает чувство общности судеб народа, живущих вместе многие века.

Духовность народа – это его культура. Гуманизация личности через этнокультурное образование означает духовное начало, дающее предпосылки для всестороннего, поликультурного развития личности. Преподавание географии, страноведения, этнографии, экологических дисциплин способствует географическому сознанию, т.е. сознанию родного края, родного очага, чувство Земли как общего дома, Казахстана, как общей родины, чувства ответственности за общий дом и за природу страны. Экологическое образование лучше всего воспитывает в детях чувство патриотизма, уважение к родной земле, народу. Ощущение личной причастности к культуре народа происходит через художественно-эстетическое сознание: тягой к прекрасному, способностью ценить красоту, художественный вкус, изучение лучших образцов родной и мировой литературы, музыки, живописи, театрального искусства.

Новые знания человек способен усвоить только тогда, когда он в полной мере познал культуру, духовный потенциал, наследие своего родного народа, умеет успешно взаимодействовать на иностранном языке, и осведомлен о некоторых важных культурных реалиях этого народа, его духовных ценностях. И чтобы выйти на такой уровень общения ему необходимо, в первую очередь, постичь культурные, духовные ценности своего народа. Выход на межкультурный уровень общения возможен только через призму родной культуры, а именно в рамках изучения этнопедагогических воззрений, исследование этнопедагогических проблем в условиях гуманизации образования.

Концепция народной педагогики включает множество проблем воспитания и обучения, сохранивших свою актуальность до наших дней. Научно-педагогический интерес в этнопедагогике вызывает также вопросы, использование средств, методов и приемов воспитательного воздействия на детей и молодежь. Культура – это всеобъемлющий компонент педагогического процесса и неотъемлемый атрибут любого языка мира, т.е. другая сторона одной медали. Как фактор преемственности накопленного человечеством опыта, социальных и нравственных ценностей, культура оперирует понятием «справедливость», «красота», «добро» и т.д. Она определяет ведущие ценностные категории для всех поколений и не может существовать вне и помимо человека. Богатство его способностей, форм общения и видов деятельности направлено на создание различных ценностей. Одна из особенностей культуры в том, что обладая множеством ценностей, она объективно дает возможность человеку при их приятии сделать самостоятельный выбор [3].

В современном образовании происходит ориентация на индивида, на развитие личности, что превращает культуру в важнейший фактор духовного обновления как общества в целом, так и отдельной личности. Именно культура выступает связующим фактором между социальным и генетическим в личности, делает человека членом цивилизованного общества. Пренебрежение национальным, мировым, историческим и культурным наследием, законами общественного развития, развития природы приводит к снижению уровня образованности и культуры, а также социальной зрелости специалистов, вследствие чего возникают социальная напряженность, экономические осложнения, конфликты на национальной почве. В результате дестабилизации общества ухудшается его морально-нравственное состояние, и оно становится менее гуманистичным.

Гуманитарные знания – это все то лучшее, что было когда-то задумано, сказано, написано об опыте человечества. Знания облагораживают человека, расширяют его кругозор, развивают в нем чувство долга перед своим народом и человечеством в целом, направляют его на истинный путь, помогают разбираться в сути вещей. Понятие «ценность» стало одним из наиболее употребляемых в сфере гуманитарного знания. Нынешний момент в истории нашей страны представляет собой некий переходный этап к новому состоянию общества. С точки зрения педагогики, этот переход означает наличие установки на перемены, провозглашающие в качестве одного из главных приоритетов образования гуманизацию, ставящую в центр педагогических усилий личность ребенка [4].

Во все времена, у всех народов накопленные духовные ценности передавались из поколения в поколение. В современной полиэтнической образовательной среде также доминирует необходимость решения важнейшей задачи – воспитание личности, признающей общечеловеческие, этнокультурные ценности и культурные достижения других народов. Одним из подходов, способствующих воспитанию молодежи в условиях поликультурной среды, является привлечение лучших традиций народной педагогики. Именно в ее недрах формировались, оттачивались базовые духовные ценности и идеалы: бескорыстие, совесть, трудолюбие, любовь к Родине, к матери и семье. Народную педагогику принято рассматривать как исторически сложившуюся совокупность сведений и воспитательного опыта, сохранившихся в системе этических и эстетических идеалов, норм, в национальных традициях, устном народном творчестве, языке, своде правил поведения и воспитания, обычаях, обрядах, детских играх и игрушках. Основанные на принципах народного воспитания, эти социальные ценности, заложенные в многовековом сознании народа, располагают неограниченными воспитательными возможностями для обогащения собственной внутренней культуры личности.

Народная педагогика социальна по своей природе. Процесс социализации ребенка предполагает активное взаимодействие его с окружающим миром и включение его в образ жизни общества, на двух уровнях: семейном и общественном. Эти традиции, в свою очередь, затрагивают отношение ребенка к самому себе как личности, к другим людям (к родителям, к ближайшему окружению, сверстникам и пр.) и к миру (к стране, культуре, к природе, к окружающим предметам). Являясь основополагающими элементами в процессе нравственного воспитания подрастающего поколения, семейные и общественные традиции определяют человеку желательный идеал личности, жизненную программу «каким следует быть», а также те ценности и цели, исходя из которых, он будет руководствоваться при совершении определенных действий и поступков.

В народной педагогике раскрываются исторические и природные особенности условий жизни, быта, традиций, взаимоотношения людей, воспитательные ценности которых выражаются в обычаях, обрядах, поверьях нравах, в многочисленных произведениях народного искусства. Смысл существования многих старых обрядов и обычаев невозможно объяснить, так как они не имеют видимой связи с сегодняшней действительностью. Тем не менее, они прочно сохраняются, переходят от поколения к поколению, оказывая влияние на современный образ жизни людей. Традиции, семейный уклад жизни воспитывает в молодом

человеке лучшие человеческие качества подлинно народного характера: заботливое отношение к детям, больным, слабым, сиротам, терпение, скромность, гостеприимство и другие. Традиции народной педагогики и этнокультурных ценностей этноса тесно взаимосвязаны и взаимообусловлены в своей сущности, специфике и общественной значимости. Народная педагогика и этнокультурные ценности является разновидностью этнических ценностей, отражением этнического самосознания, связанного с самоопределением этнической принадлежности и осознанием своего места среди других общностей

В современных условиях поликультурной среды интеграция традиций народной педагогики в процесс формирования этнокультурных ценностей молодежи имеет важную социальную значимость, так как не только способствует возрождению национальных культур, но и является условием преодоления многочисленных проблем в области межэтнического взаимодействия народов. Так использование различных сравнительно-сопоставительных методов при изучении школьниками народно-педагогических традиций разных народов помогает избежать межнациональной нетерпимости, способствует выявлению общности духовных истоков разных этносов и их гуманистических ценностей. Проблема приобщения подрастающего поколения к этнокультурным ценностям средствами традиционной народной педагогики поднималась лучшими отечественными просветителями. В кругах русских философов и просветителей вынашивалась мечта о создании школы, в которой в полной мере могла быть представлена традиционная культура патриотического, художественно-эстетического и национального воспитания.

Современная образовательная практика выявила необходимость разработки концептуально-теоретических подходов к изучению проблем развития региональной образовательной системы, которая должна являться составной частью образовательного пространства Республики Казахстан. В основе ее определяются цели и задачи в обеспечении исторической преемственности поколений. Однако перед педагогической наукой и системой образования возникает целый ряд теоретических и практических проблем. Одна из них связана с изучением механизма трансляций умений, знаний и навыков в средство формирования этнокультурных ценностей личности. По мнению Белогурова А.Ю., «содержание одной из проблем заключается в нарушении баланса единого образовательного пространства, связанное с введением общероссийских образовательных стандартов и отсутствие четких требований к реализации этнокультурного компонента. С одной стороны, в рамках обязательных дисциплин идет процесс приобщения к общецивилизированным ценностям и знаниям, с другой стороны, в рамках этнокультурных курсов реализуется стремление к самоидентификации личности. Таким образом, в структуре образования нарушается связь между целым и составляющими его частями, между спецификой этнокультурного образования и его неспособностью интегрироваться в образовательном пространстве» [1, 100-с.].

В результате данных противоречивой тенденции возникают проблемы и в практической плоскости реализации этнокультурного компонента. Как показала школьная практика, этот процесс осуществляется, чаще всего, в произвольной форме. В большинстве случаев затрагиваются фрагменты чужой культуры, взятые из общего контекста. В результате изучаемый материал воспринимаются без осмысления и теряется комплексное представление о данной культуре. Часто возникает проблема культурологической подготовки учителя, связанная с использованием местного материала в узких рамках только своего региона. Остается дискуссионным вопрос о месте этнокультурного компонента в учебных планах и рабочих образовательных программах. Отсутствует необходимое учебно-методическое обеспечение, нет методических рекомендаций по проведению данных занятий, недостаточно подготовлены педагоги, способные осуществлять полноценный образовательный процесс. Эти факторы стали причиной возникновения ситуации, при которой приобщение детей к традиционной культуре в образовательных учреждениях не ведется или носит локальный, несистемный характер.

Внедрение инноваций в область этнокультурного образования невозможны без подготовки педагогов в области этнокультурного образования. Наше общество нуждается в педагоге, принявшем и усвоившем систему общечеловеческих и духовно-нравственных ценностей отечественной культуры, знающем основы традиций народной педагогики, национальной и мировой культуры. Этнокультурная компетентность педагога предполагает умение транслировать этнокультурное содержание (систему знаний, понятий, представлений о традиционной культуре), в конкретные воспитательные задачи.

В современных условиях составляющими элементами образовательных технологий в подготовке компетентных специалистов этнокультурной направленности являются:

- этнокультурная грамотность;
- межкультурная компетенция;
- навыки этнокультурного диалога.

При этом от педагогов требуются инициативность и ответственность, умение творчески решать профессиональные задачи. Исходя из вышеизложенного, можно утверждать, что актуализация лучших традиций народной педагогики в образовании при эффективной организации образовательного процесса обеспечивает формирование этнокультурных ценностей на когнитивном уровне, а также поведенческих установок личности школьника на решение задачи познания национальной культуры и ее самобытности.

Итак, роль и значение этнопедагогической подготовки специалистов иностранных языков, мы считаем, является очевидной и бесспорной. Изучение культурного наследия родного народа – это ключ к лингвострановедческим знаниям. Гуманизация образования – это, несомненно, одна из основ демократии, стабильности, всестороннего развития нашего общества и республики в целом. Идея диалога культур жизненно важна для Казахстана, который в течение многих веков находился в поле перекрещивающихся влияний Востока и Запада. В образовании данная идея способствует улучшению качества образования и ставит личность как основополагающий компонент в процессе обучения

Использованная литература:

1. Белагуров А.Ю. Сравнительная педагогика. Проблемы развития этнорегиональных образовательных систем // Педагогика. – 2003. – №1. – С.100.
2. Педагогический поиск. Сост. – И.Н.Баженова. – М.: Педагогика, 1988.
3. Кожаметова К. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы, 1998. – 316с.
4. Этнопедагогика. Сост. – Ш.М.Мухтарова. – Караганда, 2001. – 2001. – 236 с.

Баубекова Ж.

Ясауи атындағы №123 мектеп-гимназияның мұғалімі

ОҚУ ӘРЕКЕТІНДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

2011-2020 жылдарға арналған жалпы білім беруді дамыту бағдарламасында интеллектісі жоғары, дене бітімі түзу, рухани жағынан дамыған Қазақстан Республикасының азаматын қалыптастыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту мәселесі қарастырылды. Бағдарламада «мектепке дейінгі оқыту бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, жеке қабілетін ашуға және дамытуға бағытталып, оның қарапайым тілдік қарым-қатынас тәжірибесін, шығармашылықпен өзін өзі көрсетуін қалыптастыру қажеттігі» көрсетілген [1]. Осы міндетті жүзеге асыруда балабақшада оқу әрекетінде интербелсенді әдістер арқылы балалардың тілін дамыту негізінде қарапайым тілдік қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыруға болады.

Тәрбиенің негізі мектепке дейінгі кезеңде қаланады. Сол тәрбиенің бір түрі – тілдік тәрбие. Тіл – адам өміріндегі ең күшті құрал. Осыған байланысты Т.Тәжібаев: «Адамның санасы да,

тілі де қажеттіліктен пайда болған. Егер адамдарда мұқтаждық болмаса, тіл де, сана да болмас еді», – дейді [2]. Тілді мектеп жасына дейін және мектептің алғашқы сатысында меңгерту арқылы бала келешек өмірге жолдама алады, мектепте білім алуға дайындалады. Мектеп жасына дейін тілі дамымаған бала мектепте жақсы оқи алмайды. Ол баланың келешегіне жағымсыз әсер етеді. Әрбір адамның тілді меңгеруі қалай жүзеге асатыны еске түсіріп көрейік. Тұрмысқа аса қажетті сөздерді әркім нәресте кезден бастап, ата-анасынан, айналасынан үйрене бастайды. Балабақшаға келген кезде сөздік қорды байытып қана қоймай, тілдерін де дамытамыз. Бала тілін дамыту туралы сөз қозғағанда ең алдымен тілдің туындайтын негізін, тіл туралы теориялық қағидаларды меңгеруге тиіспіз. М.Мұқанов: «Психика үнемі өзгеріске ұшырайды, бірақ оның құрамы бәрі бірдей өзгермейді, оның көп және аз мөлшерінде дамуға ұшырайтын қасиеті бар. Сонымен қатар аз өзгерілетін қасиеттері (инвариант) психикалық дамудың тірегі және негізгі шарты болып есептеледі», – деп тұжырымдайды [3].

Адамның қажеттіліктері *материалдық, рухани және қоғамдық* қажеттіліктер болып бөлінеді. Материалдық қажеттіліктер адамның өмір тіршілігінің негізіне байланысты. Рухани қажеттіліктерге танымдағы және эстетикалық қажеттіліктер жатса, қоғамдық қажеттіліктерге еңбекке, адамдармен қарым-қатынасқа деген қажеттіліктер жатады. Қарым-қатынас жасау қажеттілігі адамды тіл ұстартуға, байланыстырып сөйлеуге итермелейтін негізгі қозғаушы мотив болып табылады.

«Қарым-қатынас» ұғымының мәнін ашуда, тарихи тұлғалардың ой-пікірлеріне сүйенеміз. Әл-Фараби адамдардың қарым-қатынас жасау мәселесіне баса назар аудара отырып, олардың сөйлеу мәнерлігіне, тіл байлығына, көп мән берген: «Кез келген тілді тасымалдаушыда сөздер мен әріптердің формалары олардың (сөзжасау ережелерімен) байланысты. Егер олардың сөздері белгілі бір дыбысталу арқылы айтылатын болса немесе белгілі бір әріптермен байланысты болса, онда олар «қатынастықты» білдіреді. Ал ол сөздер өздерінен өздері сол сөздердің арқасында, дәл сол бір дыбысталулар арқасында немесе сол бір әріптермен байланыстырылуы арқасында соларды жеткізуші болып табылады. Егер сол сөздермен көрсетілгендердің әр идеясын бөлек қарастырсаң, онда олардың біреулерінің «қарым-қатынас» категориясына бағыныштылығын, ал кейбіреулерінің қалғандарына, яғни ең сәйкес категорияларға бағыныштылығын табасың. «Байланыс» идеясы осындай және онда «қарым-қатынас» идеясынан басқа идея жоқ» [4, 94-б.].

Қатынастың коммуникативтік жағы өзара қатынастағы индивидтердің ақпаратпен алмасуынан тұрады. Интербелсенді жағы қатынастағы индивидтердің өзара әрекеттесуін ұйымдастыруды қамтиды. Қатынастың перцептивтік жағы өзара түсінушілікті құрайтын серіктестіктердің бір-бірін қабылдау үдерісін білдіреді. С. Жақыпов бірлескен танымдық өнімді іс-әрекеттің төрт формасын ұсынған: жеке дара іс-әрекет; псевдо бірлескен іс-әрекет; бірлескен танымдық іс-әрекет; бірлескен диалогтық-танымдық іс-әрекет [5]. Біз автордың ұсынған төрт формасында мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері білуі тиіс және оны ұйымдастырылатын оқу іс-әрекетінде пайдалана отырып, бірлескен диалогтық-танымдық іс-әрекетке жетуге болады, деп санаймыз. Өйткені оқыту үдерісінде қолданылатын интербелсенді әдістердің негізі бірлескен әрекеттен тұратындықтан, әрбір тәрбиеші педагогикалық үдерісті бүгінгі талапқа сәйкес ұйымдастыру үшін автордың ұсынған төрт формасын жетік біліп, тапсырманы соған үйлестіруі тиіс, – деп есептейміз.

А.Амирова «Тіл дамыту – балалардың сөздік қорын байытуға, мағынасын түсініп, сол сөздерді дәл қолдана білуге, өз ойларын, пікірлерін екінші біреуге жеке сөйлемдер арқылы логикалық, композициялық тұтастығын сақтай отырып, жүйелі түрде әңгімелеу арқылы ауызша, жазуша дұрыс білдіруге, яғни «нәрсенің жайын-күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айтып беруге» үйрету жұмыстарын айтамыз» деген қорытынды жасаған. Автор мектепте дейінгі ұйымдарда жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының мақсаты:

– балалардың бақылағыштық, ойлау қабілеттері мен тілін, дүниетанымын дамыту, әр нәрсені салыстыра талдап, жинақтап, жалпылап, нақтылап, салыстыру негізінде балаларды өз беттерімен қорытынды шығара білуге үйрету;

– бала бойында қазақ тілі нормасына сай, өз сезімін, ойын дұрыс айтып, жазып бере алатындай дағдылар қалыптастыру;

- балаларды ана тілін сүйеге, оның алтын қорын, тамаша сырлы, көркем де нәзік сөз байлығын қолдана білуге, оны сезініп құрметтей білуге баулу;

- балалардың ауызша және жазбаша тілін дамытуға септігі тиетін жұмыстардың оңай да тиімді түрлерін іріктеп алып, ұсыну» болуы тиіс екенін атап көрсеткен [6].

Автордың ұсынған анықтамасы мен әдістемелік ой-тұжырымы, тіл дамытудан республика көлемінде мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешені бүгінде іс-тәжірибесде басшылыққа алынуда.

Қ. Атыманова мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас жасау дағдыларының жиынтығы олардың коммуникативтік біліктерін құрайтынын анықтап: «Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік біліктері – баланың әлеуметтік ортадағы коммуникативтік қарым-қатынасқа түсе білу дағдылары» деген тұжырым жасаған. Ол төмендегідей дағдылардан тұрады:

- баланың үлкендермен, құрдастырамен ауызша, бейвербалды амалдарды қолдана отырып, қарым-қатынасқа еркін түсе білуі;

- бірлескен іс-әрекетте жағымды мінез құлық таныта білуі;

- қарым-қатынас барысында өз ойларын еркін жеткізіп, жағымды, жағымсыз әдеттерді бағалай білуі.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың құрдастарына көмек көрсетуі, олардың ойын тыңдауға, заттарын олармен бөлісуге деген тілектері ерекше байқала бастайды. Бірлесіп жұмыс істеу, мұндай іс-әрекетті біртіндеп дамыту, балалардың әртүрлі әсіресе оқу іс-әрекеттерінде туындайтынын, дәлелдеген [7, 12-б.].

Е. Тихеева: «Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысы ана тілінде жүргізілсе, баланың тілін дамыту, ойын, еңбек, мереке және т.б. құбылыстар үстінде жүзеге асырылады», – дей келе, мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту үшін

- біріншіден, бала міндетті түрде үлкен адамдармен сөйлесуі, қарым-қатынаста болуы шарт. Балалардың сөздік қорының баюына үлкендердің сөздік қоры – жақсы стимул;

- екіншіден, үлкендердің сөйлегенін түсіну баланың ауызша сөйлеуінен бұрын туады. Бұл кезде біреудің сөзіне бөбектің реакциясы эмоциялық түрде сөйлемнің интонациясын қабылдаумен байланысты болады;

- үшіншіден, басқа адамдардың сөзін түсінуден баланың өзінің сөйлеу үдерісі кеш қалыптасады.

- төртіншіден, балалардың өздерінің сөйлеуінде тілдің грамматикалық және синтаксистік түрлерін дұрыс қолдана бастауы керек. Бұл кезең екі-үш жастан басталады да мектепке дейінгі кезеңнің өзінде едәуір сатыға көтерілетінін айтады [8, 20-б.].

Яғни сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мағынасындағы тіл үйрету, өз ойларын сөзбен жеткізе білу, балалардың тілдік ұғым шеңберін кеңейту қажет екенін көрсетеді. Жоғарыда талданған зерттеулердің барлығы дерлік мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың әдістемесін өз зерттеу мәселелері тұрғысынан ұсынған теориялық және әдістемелік ой-тұжырымдарын жалпы басшылыққа алуға болады. Ғылыми-әдістемелік талдаулар бүгінгі ақпараттық қоғамда мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тілін дамытуда интербелсенді әдістер мен педагогикалық технологияларды қолдану қажеттігін туындатып отыр. Бұл, әрине, өз кезегінде интербелсенді әдістердің тиімділігін айқындайды.

Инновациялық әдістердің негізгісінің бірі – интербелсенді оқыту әдісі. Бұл әдістің негізгі қағидасы – педагогикалық қарым-қатынас пен қарым-қатынас диалогі арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Оқытудың интербелсенді формасы әрбір тыңдаушыға және әдістемелік іс-шараға қатысушыға жеке көзқарас табуға мүмкіндік береді, сонымен қатар балабақша тәрбиешілері арасында ғана емес, сонымен қатар педагогтар мен олардың тәрбиеленушілері арасында да пәндік субъективті қарым-қатынастарды құруға мүмкіндік береді. Интербелсенді оқытуға негізделген оқу-тәрбие процесі балалардың барлығы дерлік оқу процесіне

тартылатындай етіп ұйымдастырылған, олар өз білгенін, ойлайтынын түсініп, ой елегінен өткізуге мүмкіндік алады. Оқу материалын меңгеру барысында мектеп жасына дейінгі балалар бірлескен іс-әрекетті жүзеге асырады, яғни бұл жұмысқа әрбір адам өз үлесін қосады, тәжірибе, білім, дағды алмасу жүреді. Оның үстіне, бұл достық атмосферада және бір-бірінің қолдауымен болады. Интербелсенді оқытуда бала жетістігін, интеллектуалдық құзыреттілігін сезінетіндей қолайлы жағдай жасалады. Бұл бүкіл оқу процесін өнімді әрі нәтижелі етеді. Интербелсенді әрекет диалогтық қарым-қатынасты болжайды, өйткені ол өзара көмекті, өзара түсіністікті талап етеді және мәселелерді бірлескен тәсілдермен шешуге тырысады.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің оқу-тәрбие процесінде интербелсенді технологияларды қолданудың артықшылықтары:

– компьютер экранында немесе проекциялық экранда ақпаратты ойын түрінде көрсету балалардың үлкен қызығушылығын тудырады;

– мектеп жасына дейінгі балаларға түсінікті бейнелі ақпарат түрін алып жүреді;

– қозғалыстар, дыбыс, анимация баланың назарын ұзақ уақыт бойына аударады;

– балалардың танымдық белсенділігін арттырады;

– оқытуды дараландыруға мүмкіндік береді;

– компьютерде жұмыс істеу барысында мектеп жасына дейінгі баланың өзіне деген сенімі артады;

– күнделікті өмірде көрінбейтін жағдайларды имитациялауға мүмкіндік береді.

Балалармен жұмыс жасауда қолданылатын әдістер топтардағы балалармен кездесуден танысудан басталады. Міндеттері: топта сенім мен өзара қолдау атмосферасын құру; өзін өзі таныстыру, белгісіздік пен көпшілік алдында сөйлеу қорқынышын жеңу дағдыларын қалыптастыру. Әдетте танысқан кезде балалардан өз есімдерін айтып беруін сұраймын: «Сендерді кім және неге олай атаған?». Барлық бала өздерін таныстырып болған соң балалардан: «Өз есіміңіздің тарихын білу нәліктен маңызды?» – деп сұраймын. Әрі қарай танысу тақырыбы дамып келеді. Мұның бәрі мұғалімнің алдына қойған мақсатына байланысты.

Интербелсенді оқытудың мәні: оқу процесі іс жүзінде барлық бала таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, осыған байланысты не білетінін, не ойлайтынын анықтау керек, балалардың түсінуге, рефлекскеуге мүмкіндігі болуы тиіс. Қытайдың «Айтылған нәрсе ұмытылады; көрсеткен нәрсе есте қалады; өзі істеген нәрсесін түсінеді» деген нақылды бар. Интербелсенді оқытуда осы нақылды есте ұстау керек.

Сонымен, интербелсенді оқыту коммуникативті дағдыны дамытады, балалар арасында эмоционалдық байланыс орнатуға көмектеседі, бірқатар білім беру мәселелерінің шешімін қамтамасыз етеді, өйткені ол ұжымдық жұмысты үйретеді, баланың тілін, сонымен қатар шығармашылық пен қиялды дамытады. Интербелсенді әдіс арқылы балалардың тілін дамыту жұмысы бір ғана сөйлеушінің басым болуы жағдайын болдырмайды. Белгілі бір мәтінді талдау негізінде күрделі мәселелерді шешуді, ақылды шешімдер қабылдауды, басқа адамдармен тиімді қарым-қатынас жасауды үйренеді. Ол үшін балабақшадағы балалардың оқу әрекетін ұйымдастыру әдістемесінде интербелсенді әдістерді қолдана отырып, түрлі ойындар, жекелей, жұптық, топтық және шығармашылық тапсырмалар орындату керек.

Пайдаланылған еңбектер:

1. 2011-2020 жылдарға арналған жалпы білім беруді дамыту бағдарламасы. – Астана, 2004
2. Тәжібаев Т. Жалпы психология. – Алматы, 1993. – 238 б.
3. Мұқанов М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 1981. – 63 б.
4. Әл-Фараби Әлеуметтік этикалық трактаттар. – Алматы, 1975. – 318 б.
5. Жақыпов С. Управление познавательной деятельностью студентов в процессе обучения. – Алматы, 2002. – 117 с.
6. Амирова А. Балаларды қазақ әдебиеті арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Монография. – Алматы, 1998.
7. Атыманова Қ. Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың коммуникативтік біліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары -Алматы, 2010.
8. Тихеева Е.И. Развитие речи детей. – М., 1981. – 187 с.

МАЗМҰНЫ

1. ТӘУЕЛСІЗДІК, ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ, ҰЛТТЫҚ КОД

<i>Сағындықұлы Б., Құнанбай А.</i> Тіл тарихының архетиптік құрылымын реконструкциялау бағыттары мен сөз төркінін ашудағы әдіс-тәсілдер -----	3
<i>Манкеева Ж.</i> Ұлы Дала құндылығының тілдік бейнесі -----	9
<i>Әбжанов Х.</i> Ұлттық тарих және ана тілі: ықпалдастығы мен коды -----	11
<i>Ісімақова А.</i> Түркология мен қазақ тілтану ғылымының реформаторы: қазіргі дискурс -----	16
<i>Смағұлова Г.</i> Тәуелсіз Қазақстан кеңістігіндегі мемлекеттік тіл-----	21
<i>Салқынбай А.</i> Ұлттық кодтағы таным мен тағылым-----	27
<i>Тымболова А.</i> Ұлы дала құндылықтарындағы тіл мен діл -----	32
<i>Әбділәшімұлы Д.</i> Ақбалық ханым туралы жазылған Ғаббас сұлтанның хаты -----	37
<i>Әбдуәлиұлы Б.</i> Рухани жаңғыру және діни таным сабақтастығы -----	41
<i>Жұбай О.</i> Қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесімі және кірме сөздерді игерудегі ұстанымдар -----	45
<i>Рамазанова Ш., Айсултанова Қ., Саякова Б.</i> Қазақ тіліне басымдық берілуі керек -----	54
<i>Иманқұлова С.</i> Қазақ тілінің виртуалды кеңістігін құру идеясы -----	57
<i>Әлімтаева Л., Төлеу Ж.</i> Қазақ тіліндегі «сән» ұғымы -----	59
<i>Ерхожина Ш.</i> Қазақстандағы ғылым мен білім беру тоғысындағы идеялар-----	69
<i>Әлімтаева Л., Қадыржанова Ж.</i> Эксплицитті, имплицитті мәннің коммуникативті және прагматикалық сипаты -----	72
<i>Аширова А.</i> Мемлекеттік тіліміз – ұлтымыздың күретамыры -----	77
<i>Өтемісова Г.</i> Көнерген аталымдарды жаңғырту – қазақ терминқорын молайтудың бір көзі -----	81
<i>Аитова Н.</i> Тілдегі модельдер және қазақы/түркілік сөзтаным -----	85

<i>Игілік М., Игілікова С.</i> Мифтік танымның символдық мәні-----	88
<i>Хамитова М.</i> «Тілдік тұлға» ұғымының қалыптасу және даму бағыттары -----	92
<i>Матжанова І.</i> «Құндылық» ұғымын танып-танытудағы ұстанымдар -----	95
<i>Ахметұлы Ә.</i> Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» туралы -----	99
<i>Барменқұлова А., Тлегенова Г.</i> Мәтіндер корпусына морфологиялық аннотация жасаудағы статистикалық мәліметтер алу мүмкіндіктері-----	102
<i>Нұрбеков Т.</i> Қазақ ертегілеріндегі дүниетанымдық сипат -----	105
<i>Барменқұлова А.</i> Қазақ тіліндегі этномәдени бірліктердің берілуі -----	108
<i>Копеева А.</i> Арнайы мақсатта қолданылатын тіл мәселесі -----	111
2. ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ	
<i>Жаңабекова А., Қожасметова А.</i> Қарсылық модальдылығының түрлері -----	116
<i>Әлімтаева Л., Тарихова Қ.</i> Қазіргі қазақ прозасындағы заттанудың қызметі-----	125
<i>Абитжанова Ж.</i> Қазақ тілінің түсіндірме сөздік түзу негіздерін жетілдіру мәселелері -----	131
<i>Ысқақ Б.</i> М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегіндегі мәсдар етістік: жұмсалымдық ерекшелігі -----	136
<i>Қушқимбаева А.</i> Жазушы Б.Сарыбай әңгімелеріндегі лирикалық-философиялық сарындар -----	140
<i>Рамазанов Т.</i> Коммуниканттың тұлғалық сипатын танытуда диалогтың орны -----	146
<i>Әбсаттар Ә.</i> Эмотивті-бағалауыштық лексиканы антропоэзектік тұрғыдан зерттеудегі ұстанымдар -----	153
<i>Сәрсенбай Ж.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі коммуникативті тәжірибе: норма мен узус мәселелері-----	158
<i>Анарбекова Ұ.</i> Қазақ грамматологиясы: Ильминский еңбегі және Ыбырай тағылымы -----	162
<i>Қаспихан Б.</i> Көне түркі жазуының генезисі А. Аманжолов зерттеулерінде -----	170
<i>Жандалиева Н., Абдрахманова Д.</i> Қазақ тілінің сөйленістеріндегі <i>а/ы</i> дыбыс алмасуының сипаты-----	176

<i>Жүзбаева А.</i> Тыныс алу қызметін атқаратын дене мүшелерінің түркі тілдерінде вариантталуы -----	181
<i>Кажығалиева С.</i> Қазақ тіліндегі модальділік категориясының грамматикалық репрезентациясы -----	184
<i>Садуова Г.</i> Ақұштап Бақтыгереева шығармаларының лингвопоэтикалық сипаты -----	190
<i>Мұханбетқали А.</i> 3.Сәнік көркем публицистикасындағы тілдік қолданыстар: мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерінің берілуі-----	195
<i>Бақытбекова З.</i> Ұлт ақынының тағылымы – ұрпақтар танымы -----	200
<i>Сманова Ә.</i> М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы Құнанбай бейнесі -----	201
<i>Джасқбаева Ш.</i> М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр көріністері -----	203
<i>Молдабаева А.</i> Проблемы оценочной лексики в казахском языкознании -----	206
<i>Айбекқызы С.</i> Cognitive linguistics as a sub-branch of cognitive science -----	211
<i>Садыкова А.</i> Қазақ тілінде фразеологизмдердің қолданылуы-----	216
3. БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖЕТІЛДІРУ: ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ	
<i>Сатбекова А., Абилдаева Қ.</i> Студенттердің кәсіби білігін қалыптастыру (қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы негізінде)-----	220
<i>Искакова Г., Шалабай Б.</i> Современные тенденции изучения модальности: эпистемическая модальность и эвиденциальность -----	223
<i>Иманалиева Ф., Сагиева А.</i> Тілдік құзіреттілікті дамытудағы тыңдалым дағдысының рөлі-----	227
<i>Саткенова Ж., Бекжан А.</i> Сан-мөлшер мәнді грамматикалық категорияларды оқытудың әдістемелік сипаты-----	230
<i>Муратбаева И., Абдрахманова Ж.</i> К вопросу об использовании переводческих технологий обучения на лабораторно-практических занятиях по языковым дисциплинам -----	236
<i>Шәрібжанова Ф., Молдабаева Қ.</i> Студенттердің оқу-танымдық құзыреттілігін дамытудағы функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру-----	240
<i>Рахман Н.</i> Шет тілді меңгеруге бағытталған педагогикалық дискурстың ұстанымдары -----	245
<i>Мұханбетқали А.</i> Қазақ тілін оқытудағы этномәдени ұғымдардың маңыздылығы-----	249

<i>Кенжесары А.</i> Отандық білім жүйесінде инновациялық технология арқылы оқытудың маңызы -----	252
<i>Бекмырза Қ.</i> Жалпы білім беретін мектепте есімдікті коммуникативтік-когнитивтік тұрғыдан оқыту-----	254
<i>Рахманова Н.</i> Оқу тапсырмаларын орындау кезінде 5-9-сынып оқушыларының өз бетінше жұмыс жасауын қалыптастыру технологиясы -----	258
<i>Жаманбалаева А.</i> «Әдебиет» сабағында оқушылардың әлемнің ұлттық суретін дамытуы -----	262
<i>Алдиярова А.</i> Инновациялық оқыту технологиясы – білім мазмұнын жетілдірудің негізгі шарты -----	265
<i>Тухтарова А.</i> Использование традиций этнопедагогике как средства формирования социокультурных ценностей молодежи -----	270
<i>Баубекова Ж.</i> Оқу іс-әрекетінде интербелсенді әдістер арқылы балалардың тілін дамытудың әдістемесі -----	274

Ғылыми басылым

**Қазақстан Республикасының
тәуелсіздігіне 30 жыл толуына арналған
«ҰЛЫ ДАЛА ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:
ТІЛ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІК» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік
онлайн-конференцияның
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Компьютерде беттеген А. Алдашева
Мұқабасын көркемдеген Р. Скаков

ИБ № 15270

Басуға 26.01.2022 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84/8.
Көлемі 23,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 13763.

Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды

ISBN 978-601-7504-59-5



9|786017|504595|